

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«Қазіргі заман жағдайындағы ғылым мен білім»  
тақырыбындағы Халықаралық  
ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ**

**Международной научно-практической конференции  
на тему  
«Наука и образование в современных реалиях»**

**V том**

**Шымкент, 2021**

ӘОЖ 378 (075.8)  
ББК 78.58  
Қ 22

**Ұйымдастыру алқасы  
Организационная коллегия**

**Ұйымдастыру алқасының төрағасы: Ғ.С. Пралиев** – э.ғ.д., Шымкент  
университетінің Басқарма Төрағасы

**Председатель организационной коллегии: Ғ.С. Пралиев** – д.э.н.,  
Председатель Правления Шымкентского университета

**Қ 22 «Қазіргі заман жағдайындағы ғылым мен білім» тақырыбындағы  
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ. V том.**  
*-Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2021. -359 бет.*

**СБОРНИК ТРУДОВ Международной научно-практической  
конференции на тему «Наука и образование в современных  
реалиях» том V. -Шымкент: Издательство «Нурлы Бейне», 2021.  
-359 стр.**

**ISBN 978-9965-554-38-2**

Жинаққа «Қазіргі заман жағдайындағы ғылым мен білім» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектері енді. Еңбектер жинағын республиканың ЖОО студенттері, магистранттары мен жас ғалымдардың баяндамалары құрайды.

Баяндамалардың мазмұны ғылымның педагогика және психология, жаратылыстану, филология, математика және информатика, әлеуметтік ғылымдар, дене шынықтыру және спорт салалары бойынша жан-жақты мәселелерді қамтиды.

ӘОЖ 378 (075.8)  
ББК 78.58

**ISBN 978-9965-554-38-2**

© Шымкент университеті, 2021

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылы 5 қаңтарда жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» атты мақаласы негізінде болашаққа нық қадам басуға бағытталған, патриоттық рухы биік қазақстандық қоғам құру және 2021 жылы республика Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеумен қатарлас, Президент мақаласындағы «Таным мен тағылым» бөлімінде атап өтілген «...Ел тарихын, ұлт шежіресі мен құндылықтарын сақтау мен дәріптеу» бағытын іске асыру үшін мерейлі іс-шаралардың ішінде халқымыздың батырларын ұлықтауда бар. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Шымкент университеті **«Қазіргі заман жағдайындағы білім және ғылым»** атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырды.



Бүгін Шымкент университеті үшін дәстүрлі жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференция екінші рет онлайн өтіп жатыр. Пандемия барлығымызды мәжбүрлеп оқшаулануымызға қарамастан, жас ғалымдар мен тәжірибелі мамандар арасында пікір және тәжірибе алмасуды тоқтатпады.

Конференцияның мақсаты: студенттер мен оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талқылау; жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді тарту; тәжірибе алмасу және білім беру мекемелерінің ынтымақтастығын орнату.

Біздің конференция ғылымның қазіргі даму кезеңіндегі көптеген өзекті мәселелерін қозғайды, атап айтқанда:

- Жаратылыстану ғылымдары (биология, экология, география, физика, химия);
- Педагогика және психология;
- Филология (шет тілдері, қазақ және орыс тілдері және әдебиеті);
- Математика. Информатика. Бағдарламалау;
- Әлеуметтік ғылымдар (тарих, құқықтану, экономика, саясаттану);
- Дене тәрбиесі.

Конференция маңызды оқиға болып табылады және сөзсіз ғылыми зерттеу үдерісін жақсартуға ықпал етеді және одан әрі жемісті жұмыс істеуге ынталандырады.

Сіздерге зор денсаулық, ғылыми және практикалық қызметіңізде сәттілік тілеймін!

*Сейтқұлов Н.А.  
- Шымкент университетінің ректоры,  
п.ғ.д., профессор*

## **5-СЕКЦИЯ.**

### **«ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ»**

#### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Шымкент Университеті «Бастауышта оқыту  
педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенті  
Рахманбердиева Айдана Оспанәліқызы  
Ғылыми жетекшісі: магистр  
аға оқытушы Бектаева Н.Т.*

#### ***Аннотация***

*Бастауыш сыныпта жаңартылған бағдарлама бойынша қазақ тілі пәнінде белсенді әдістерді пайдаланудың маңыздылығы туралы мәлімет берілген.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан-2050 стратегиялық бағдарлама-сымен барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі немесе әл ауқатының артуы туралы Қазақстан халқына жолдауында айқындалған негізгі бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін, білім мазмұнын жаңартумен қатар, Білім берудің әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігіне арттыру қажет деп атап көрсетілген. Сондықтан қазіргі кезде математика негіздерін меңгерту жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің негізі болып табылатындығы туралы Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандартында көңіл аударылған. Көптеген елдерде математикадан жүйелі де сапалы білім беруге аса назар аударылып отырғаны белгілі. Осы жөнінде дүниежүзілік тәжірибеде үш тенденция байқалады: барлық оқушыларға математикадан бір дәрежеде білім берудің қажеттілігі немесе оған сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарды кеңінен жүргізу; математиканы негізгі курс ретінде жалпы білім беретін мектептердің барлық сатысының оқу жоспарларына енгізу[1].

Зерттеу мәселесі өткеннің идеологиялық көзқарастарынан құтылуға, оқытудағы ең озық дәстүрлер мен үрдістерді нығайтуға, Қазақстанның жазушыларының шығармаларында бейнеленген қазақтардың тарихи дамыған рухани мәдениеті туралы объективті ақиқатты қорғауға мүмкіндік беретін өзгерген әлеуметтік-саяси жағдайлар кезінде туындаған қайшылықтарды еңсеру қажеттілігін туындатты.

Әлемдік деңгейде өз орнын алған білім стандартына жету мақсатында, еліміздегі орта білім жүйесі жылдан жылға өзгеріске ұшырап, әрбір оқушының болашаққа деген қадамын шешіп отыр десек те болады. Уақытпен санауға келмейтін әлемдегі сансыз жаңа өзгерістер білім саласындағы стандарттың қалыптасуы мен дифференциацияға ұшырауына алып келді. Ал жаһандану үрдісінің қарқынды, әрі ықпалды болуына байланысты қазіргі таңда Қазақстан көптеген дамушы елдер секілді бүкіл адамзатпен қабылданған білім сферасындағы нормаларға ұмтылып келуде[1].

Өзіміз білетіндей, еліміз тәуелсіздігін алған уақыттан бері білім саласына өте көп назар аударып келе жатыр. Соның арқасында, қазіргі таңда мектептер мен оқу орындарының саны біршама артып, білім деңгейі айтарлықтай көтерілді. Ал оқу бағдарламасында көптеген өзгерістердің енгізілуіне байланысты, орта білім жүйесінде қолданылатын оқу методикасы мен білім сапасы көтеріліп келуде. Солардың ішінде маңызды көрініс тапқандарының бірі - электронды журнал мен кітаптардың қолданысқа ие болуы. Сонымен қатар, жоғарғы сынып оқушыларының химия, қазақ тілі, информатика, қазақ тілі пәндерін ағылшын тілінде өтеді деген мақсаттардың да орындалып келуі. Бұл біздің жастарымыздың шет тілдерін жақсы меңгеруіне және сол сабақтардан алатын ақпараттардың аясы кеңеюіне көмектеседі. Себебі, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы шет елдермен тығыз қарым - қатынас ұстап, солардың тәжірибесін өзінің даму жолында қолдануға тырысуда[4]. Нәтижесінде, Қазақстан әлемдегі дамыған және дамушы елдермен жақсы қарым-қатынас орнатып, ғылым және білім сферасында бірнеше жетістіктерге ие болу арқылы көптеген мақсатқа жетті. Мәселен, 2008-2009 жылдардан бастап алғашқы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің пайда болуы мен қазіргі таңда еліміздің көптеген қалаларында ашылып, жұмысқа кірісуі. Айта кетерлік, көптеген мектептерге осы жылдан бастап енгізілген кіріктірілген бағдарлама алғаш рет осы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде орын алды. Сонымен қатар, үш тұғырлы тіл саясаты да осы мектептерде бірінші болып енгізілген болатын, бұл зияткер оқушылардың 3 тілде де білім алып, оқуын басқа тілдерде еркін жалғастыра алуына алып келді. Бұл да біз үшін білім саласындағы бір жетістік болып табылады, сондықтан да, бұл саясат соңғы жылдары Қазақстандағы көптеген мектептерге бірінші сыныптан бастап енгізіліп, іске қосылды. Осылайша, еліміздің өзінің білім сапасы мен деңгейіне өте үлкен көңіл аударатынын көре аламыз. Білім- өмір шырағы демекші, Қазақстанның даму және көптеген үлкен мақсаттарға жету жолында білім қаншалықты маңызды рөл ойнайтынын айта аламыз, міне сондықтан қазіргі білім саласында енгізілген әрбір өзгерістердің бізге және оқу жүйесінде айтарлықтай өзіндік маңызы бар[7].

Елімізде орта білімнің мазмұнын жаңарту бойынша шараларда қазіргі заманғы өмірде қолданылатын кең ауқымды қосымшаларға ие дағдыларға баса назар аударылуда - білімнің шығармашылық қолданылуы; сыни ойлау; ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ-ны пайдалану; тілдік дағдыларды қоса алғанда коммуникативтік қарым-қатынас тәсілдерін қолдану; топта немесе жеке жұмыс істеу мүмкіндігі. Жалпы адамгершілік немесе этномәдени құндылықтарға негізделген осы дағдылар студентке білім беру мен өмірлік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Жаңару жағдайындағы мектеп оқу жетістіктерінің жемісті болу сипатымен ерекшеленеді, ал оқу процесі әр сабақта білім "жинау" бойынша оқушылардың өздерінің бнлсенді шығармашылығымен сипатталады. Мұндай жағдайларда студент - таным субъектісі, ал мұғалім студенттердің танымдық белсенділігін ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді.

Осы жетістікке жету үшін әр мұғалім өзінен бастайды, ол жаңару процесінің элеуметтік аспектісін көрсетеді. Мұғалім педагогикалық ойлаудың инерциясын еңсеріп, студентпен бірге оқуға тиіс.

Оқушылардың дамуына ықпал ететін достық қарым-қатынастағы ортаны құру маңызды.

Мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде:

- энциклопедиялық сипаттағы нақты материалды беріп оқытудан, ақпарат алу жолдарын үйренуге бағытталған оқытуға баса назар аударылды;
- ынтымақтастық пен тәуелсіздікке қабілетті жеке тұлғаны әлеуметтендіру;
- ақпарат алу, талдау немесе тиімді пайдалану мүмкіндігін қалыптастыру;
- білім беру процесінің дәстүрлі ұйымдастырылуынан, оқу жоспарларында көрсетілген білім мазмұнын анықтағаннан кейін, ең алдымен, білім беру бағыттары бойынша анықталған немесе қызмет бағытын көрсету күтілетін нәтижелерге назар аудару, яғни студенттер «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «синтездейді», «бағалайды».

Жаңартылған оқу бағдарламалары арасындағы айтарлықтай айырмашылық:

- пәннің мазмұнын құрастырудағы спиралдылық принципі, яғни білім мен дағдыларды біртіндеп тік немесе горизонтальды түрде қалыптастыру (тақырыптар мен сыныптар бойынша дағдылардың күрделілігі);

- пәндік операциялардың маңызды түрлері бойынша жіктелетін таным заңдылықтарына негізделген, Bloom таксономиясының оқу мақсаттарының иерархиясы;

- оқыту деңгейінде педагогикалық мақсаттарды белгілеу немесе тренинг барысында мүмкіндігінше ішкі модульдік байланыстарды ескеруге мүмкіндік береді;

- бір білім беру аймағындағы пәндердің арасында, сонымен қатар пән аралық байланыстарды жүзеге асыру кезінде де «кросс тақырыбының» бар болуы;

- секциялардың мазмұны мен уақыт талабына сәйкес ұсынылған тақырыптар, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;

- ұзақ мерзімді, орта мерзімді немесе қысқа мерзімді жоспарлар түріндегі оқу үдерісін технологиялық дамыту.

Оқу жоспары

Білім берудің күтілетін нәтижелері әрбір бөлім үшін нақты пәндерді оқыту, ұзақ мерзімді немесе орта мерзімді оқыту мақсаттарын қалыптастыру мақсатында нақтыланады.

Оқу бағдарламасына бекітілген пәндер бойынша оқу жоспары ұсыныс сипатына ие. Ұзақ мерзімді немесе орта мерзімді жоспарларда ұстаздарға сабақтарда тақырыптар мен секцияларға сәйкес сабақ өткізу бойынша ұсынымдар беріліп, ұсынылған білім беру ресурстары (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне немесе аудио материалдар немесе т.б.) берілген.

Ұзақ мерзімді жоспар оқу жоспарының элементі ретінде оқу материалдарының бір жыл ішінде аяқталатын бөлімдері мен тақырыптарын анықтайды. Ұзақ мерзімді жоспарда белгілі бір бөлім / бөлімнің тармақтары / тақырыбы бойынша оқуға болатын оқу мақсаттары қамтылған.

Орта мерзімді жоспарлауды әдетте мұғалімдер тобы немесе жеке мұғалім жүзеге асырады, оқу жоспарын бірнеше сабақтарға айналдырады. Орта мерзімді жоспарлау ұзақ мерзімді жоспармен анықталған эталондарды анықтайды немесе қысқа мерзімге енгізіледі. Орта мерзімді жоспарларда белгілі бір кезеңге арналған негізгі міндеттер тұжырымдалады, ол әр тоқсанға немесе бөлімге арналған Білім берудің тақырыптарын көрсетеді. Бөлімдер бойынша сағаттардың үлестірілуі мұғалімнің қалауы бойынша өзгеруі мүмкін [1].

Орта мерзімді жоспарларда мұғалімге тақырыптар мен секциялар бойынша сабақ жүргізуге, студенттердің аудиториядағы қызметін ұйымдастыруға, сондай-ақ сабақ барысында ресурстарды (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне немесе

аудио материалдар немесе т.б.) пайдаланады. Мұғалім сабақ түрлерін алмастыру немесе өзгерту мүмкіндігіне ие, осы сыныптың оқушыларының жеке қасиеттерін немесе жетістік деңгейін ескере отырып жүргізіледі. Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспары мұғалімнің орташа мерзімді жоспардың соңында ұсынылған үлгілік жоспар бойынша дербес түрде жасалады. Қысқа мерзімді жоспар жасаған кезде мұғалімге оқуға дифференцияланған тәсілге назар аудару немесе балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру ұсынылады. Қысқа мерзімді сабақ жоспарлау мұғалімге оқу мақсаттарына тиімді түрде жетуге көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалын мұқият таңдайды немесе дұрыс әрекеттерді жасайды. Әрбір сабақтан кейін мұғалім оқу материалын оқу барысында туындаған қиындықтарды анықтау үшін сабақты (рефлексия) талдауға тиіс.

Қысқа мерзімді жоспар жасаған кезде мұғалім мынадай ұсыныстарды басшылыққа алады:

- сабақты ұйымдастырғанда, оқу жоспарында немесе оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу керек;
- сабақтың мақсаттарын тұжырымдау қажет (С.М.А.Р.Т. принципі бойынша), яғни нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын мақсаттарды белгілеу;
- орта мерзімді жоспарға енгізілген барлық іс-шаралар сабақта ұйымдастырылуы тиіс;
- Қажет болған жағдайда мұғалімнің өз қалауы бойынша іс-шаралар тізімі толықтырылуы тиіс.

Мұғалім білімнің жалғыз көзі ретінде емес, студенттердің белсенді білім беру немесе танымдық белсенділігін ұйымдастырушы ретінде әрекет етуі керек.

#### Ресурстар

Мұғалімдерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының МЖББС-2015, білім беру бағдарламалары немесе оқу бағдарламалары (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді немесе орта мерзімді жоспарлардың үлгісі), критериалды бағалау жүйесіндегі оқу-әдістемелік материалдар, цифрлық білім беру сияқты ресурстар ұсынылады. Мұғалімдерді оқытумен қатар Зияткерлік мектептердің ресурстық орталықтары арқылы қолдау жүргізіледі, онлайн кеңес беру жүйесі енгізілетін болады. Академия мұғалімдерге әдістемелік қолдау немесе көмек көрсету мақсатында «Тіл немесе әдебиет» пәніне сәйкес қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу, «Математика», «Әлемді тану», «Жаратылыстану» пәндері бойынша интеграцияланған пәндерді оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстарды немесе басқа да материалдарды дайындады[2].

Осы нұсқаулықтар Академияның сайтында ([www.nao.kz](http://www.nao.kz)) бар. [Http://nis.edu.kz](http://nis.edu.kz) Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ресми сайтында білім берудің мазмұнын жаңартуға немесе барлық орталықтардың [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz), [www.cer.kz](http://www.cer.kz), [www.erc.kz](http://www.erc.kz), [www.cpi.kz](http://www.cpi.kz) сайттарына сілтемелері бар барлық ақпаратты біріктіретін жаңартылған білім мазмұнын таратудың бірыңғай онлайн платформасы құрылды.

#### Педагогикалық тәсілдер мен ынтымақтастық

Білім мазмұнын жаңартып отыру мұғалімге аудиторияда осындай іс-әрекеттерді ұйымдастыруды талап етеді, ол әр адамның өміріне шығармашылық қабілеттерін дамытуды немесе белсенді технологияларды енгізумен, балаларға гуманистік көзқарас енгізуді қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманғы мұғалім әртүрлі педагогикалық тәсілдерді біріктіру кезінде барлық мүмкіндіктерді пайдалану үшін әр түрлі арсеналды оқыту стратегиясына ие болуы керек. Білім беру стратегиялары барлық сыныппен, топпен, жеке

жұмысымен, оқушылардың кері реакциясымен жұмыс істейді. Мұғалімдер бастауыш сыныптағы әріптестерімен, кәсіптік қауымдастық желісінде оқытылатын пәндермен, коучинг немесе тәлімгерлік процестерінде ынтымақтасу үшін өздерінің кәсіби қабілеттерін жетілдіруі керек[3].

Қолданыстағы оқу жоспарларынан айырмашылығы, «Оқу үрдісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер» бөлімі мұғалімге оқыту мақсаттарына табысты жетудің әр түрлі тәсілдерін, технологияларын немесе стратегияларын қолдану бойынша пайдалануға ұсынылған білім беру мазмұнын жаңартылған оқу бағдарламаларына қосады.

Мысалы:

1) стратегиялар: өзін-өзі басқаратын, эксперименталды, сыни, коммуникативті, контекстік;

2) технология: шағын топтарда (командамен), кейс-сатылармен (нақты жағдайларды талдау), рөлдік ойындарда немесе іскерлік ойындарда, модульдік оқытуда.

3) әдістер: проблемалық оқыту, жеке оқыту, пәнаралық оқыту, тәжірибеге негізделген оқыту, жобалау әдісі.

Мұғалім педагогикалық тапсырмаларды оқытуда немесе шешуде, жеке немесе кәсіби қасиеттерін жақсартуда стереотиптерді жеңуге тырысуы керек. Ол үшін белсенді қарым-қатынас жасау немесе әріптестерімен тәжірибе алмасу, онлайн немесе дербес режимдерде талқылау немесе ынтымақтастық, жалпы мәселелерді шешу немесе инновацияларды енгізу арқылы кәсіби желілік қоғамдастықтарды пайдалану ұсынылады[5].

Бағалау жүйесі

Қазақстандық жалпы білім беру мектептері үшін критерийлік бағалаудың жаңа жүйесі оқушыны дамытуға, оның қызығушылығын арттыруға немесе оқуға ынталандыруға бағытталған болады. Бұған әрбір оқушы мен оның ата-анасы үшін түсінікті немесе өлшемді бағалау критерийлерін құру арқылы қол жеткізуге болады.





## 1-сурет - критериалды бағалау жүйесінің ерекшеліктері

Критерийлік бағалау жүйесінің мазмұны стандарттармен, процестермен, құралдармен немесе бағалау нәтижелерімен анықталады немесе бірқатар нормативтік немесе нұсқаулық-әдістемелік құжаттармен реттеледі. Критерийлік бағалау ережесі Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының бастауыш білім беру мектептерінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру немесе өткізу тәртібін анықтайды, онда бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары бекітілген немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Құжатпен реттеледі: қалыптастырушы немесе жиынтық бағалауды ұйымдастыру немесе өткізу тәртібі; тоқсанға арналған сандық бағалауды модерациялау рәсімдері; тоқсан немесе оқу жылына арналған бағаларды беру тәртібі; тыңдаушының портфолиосын сақтау бойынша ұсыныстар.

### Критериалды бағалау құрылымы

Оқу жылы барысында оқудағы жетістіктер мен жетістіктер туралы мәліметтер жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы бағалау немесе жиынтық бағалау. Кумулятивтік бағалау, өз кезегінде, секцияны / кросс-тақырыпты, тоқсандық немесе орта білім деңгейін қысқаша бағалау рәсімдерін қамтиды.

Бағалаудың тәсілдері пәннің мазмұнына немесе критерийлік бағалау түріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады немесе мұғалім тарапынан тоқсан сайын жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау оқушылар мен мұғалім арасындағы баллдар мен бағалар қоюсыз үздіксіз кері байланыспен қамтамасыз етеді. Формативтік бағалау кезінде стажер қатеге немесе оны түзетуге құқылы. Осы тыңдаушының мүмкіндіктерін анықтауға, қиындықтарды анықтауға, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге немесе оқу үдерісін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау - осы оқу жетістіктерінің өсуіне немесе дамуына тікелей әсер ететін процесс немесе мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс қамтамасыз етіледі.

Қалыптастырушы бағалау қосымша жаттығулар немесе тесттер ретінде қаралмастан, Білім берудің ажырамас бөлігі болуы керек. Оқудың мақсаттары немесе оқу жоспарының әрбір бөліміне күтілетін нәтижелер формативті бағалау тәжірибесінің мазмұнын анықтайды[7].

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми пән ретіндегі мазмұнының негіздерін анықтау аса қажетті емес. Басқа пәндерді оқыту әдістемелері сияқты қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі де белгілі бір жүйеге негізделіп дамиды. Осы орайда әдістемеліктің бай мазмұны мен оның сан тәуелділігін ашатын пікірлердің де әр алуан екендігін айту қажеттігі туындайды.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-. 2020 годы / [www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo)
2. Программа повышения квалификации учителей. – Второе издание. – Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2015

3. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» – 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2012 жылғы 28 қаңтар.

### **ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ**

*Азатова Динора Икрамовна.  
Шымкент Университеті  
«Педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

*Атемова Калина Турсуновна- д.п.н., доцент*

#### **Аннотация**

*Мемлекет – халықтың мемлекеттік өміріндегі елеулі орын алатын тарихи пішін.*

Әлеуметтік саясаттағы мемлекеттің рөлі:

Әр түрдегі мемлекет адамды қоғамға біріктіреді, оның өмір жолын қоғам мүлкіне айналдырады (мысалға, еңбек жолын, отбасылық өмірін, қолының бос кезіндегі уақыт және қоғамдық саяси өмірі). Қоғамдағы тәуір өмір сүру шарттары осы қоғам мүлкіне айналдыру жолдары арқылы жүзеге асады. Нормадан жағымсыз ауытқу, әлеуметтік жаман халге түсу болып қабылданады және оны тұрақты ету үшін қоғамдық және мемлекеттік іс - әрекеттер талап етіледі.

Демократиялық мемлекет қоғамдық топтар мен азаматтардың әлеуметтік белсенділігін күшейту және кластық қоғамның жақсаруын қамтамасыз етеді. Демократиялық мемлекет кезінде азаматтардың ешқайсысы қоғамнан жоюға, қанауға жол берілмейді

Демократиялық мемлекет әлеуметтік топтың және азаматтардың әлеуметтік ортадағы субъектіге құқығын ала алмайды және әлеуметтік мемлекеттік саясат пішініне өсіре алмайды. Әйтсе де демократиялық мемлекет қандай да бір әлеуметтік топтардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына тосқауыл қоймайды.

Демократиялық мемлекет әлеуметтік мүмкіндіктер кеңістігін жеке күштерден қорғалуын құрайды.

Әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың негізгі субъектісі болып мемлекет табылады. Әрбір мемлекет өзінің даму перспективасын анықтайды. Сонымен қатар глобалды әлеуметтік-экономикалық саясаттың орталықтандырылған проблемалары да бар:

экономиканың экологиялық және әлеуметтік бағыты;

халықаралық және ұлттық қауіпсіздікті нығайту;

елдердің даму саясатын тұрақтандыру;

болашақ ұрпақ пен қазіргі ұрпақтың мүдделерінің теңділігін орналастыру.

Экономика болса әрқашан әлеуметтік проблемалардың шешімінің негізі болып табылады, бірақ әлеуметтік сфераның міндеті экономикалық дамудың алдында өсіп отырады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың негізгі қызметі:

Құқық беруші органдардың заңдылық іс-әрекеті  
Атқарушы органдардың ұйымдық – басқарушылық, қаржылық – экономикалық, болжамдық және т.б. қызметі.

Конституция бойынша Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет.

Әлеуметтік мемлекеттің мінездемесі:

Әлеуметтік жүйелердің дамыған жүйесі, салықтың жоғары деңгейі, әлеуметтік сфераға бөлінген қаржының жоғары деңгейі;

Қазақстанның барлық топтарына көрсетілген әлеуметтік қызметтің дамыған жүйесі;

Құқықтық жүйенің дамыған түрі, мұнда биліктің бөлінуі, әрбір билік салсының қызметін бөлу, әлеуметтік өмірдің нормативті – құқықтық жүйесінің қызметі.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаты әлеуметтік сұрақтармен айналысытан билік органдарының қызметіне жатпайды. Мемлекеттің әлеуметтік саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру кезінде үш жақ қатысады:

билік (заң шығарушы, атқарушы және сот органдары);

қоғам (саяси институттар);

көпшілік (азаматтардың әлеуметтік профессионалды және т.б. топтары, жеке инвалидтер).

Әлеуметтік саясат – қоғамдық өзара іс-әрекеттер механизмі ретінде мемлекетсіз даму түріне жету мүмкін емес, сондықтан да мемлекет әлеуметтік саясатты біртұтас қоғамдық кеңістікте біріктіру кепілі ретінде танылады.

Мемлекеттің кепілдігін беру рөлі әлеуметтік саясаттың тең құқылы субъектісі болып табылады.

Мемлекет - өз қызметінде өркениетті әлеуметтік саясатты жалпы ұлттық масштабта кепілдік береді.

Кепілдік – бұл қамтамасыз етуші шартты қамтамасыз етуші жүйе. Өркениетті әлеуметтік саясаттың жеткілікті кепілдік мүмкіндіктері тек қана мемлекеттегі ұлттық қауіпсіздігін үміттендіретін қана емес сонымен қатар сыртқы факторлардан да әлеуметтік әсер ету арқылы қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік топтардың өздері мемлекеттің қатысуынсыз белгілі бір дәрежеге жете алмайды, сондықтан мемлекет әлеуметтік проблемаларға қатысып оны шешуі қажет.

Қоғам барлық халықтың формасы сияқты проблемаларға кездеседі, яғни жалпы қоғамға қатысты проблемалар бар, ол проблемаларды тек қана халық шешеді, бірақ ол топтарға бөлінген болғандықтан белгілі бір міндетке негізделіп соны шешу қажет. Халықтың айтуы бойынша мемлекет сол ережені орындау қажетті. Жалпы қоғамдық проблемаларды шешу арқылы мемлекет әлеуметтік саясаттың ресурсы рөлін атқарады.

Бұл қандай проблемалар төртеуін атап өтейік:

әлеуметтік перспективалар проблемасы

әлеуметтік мақсат проблемасы

әлеуметтік мүмкіндік проблемасы

әлеуметтік қауіп проблемасы

Мемлекет әлеуметтік саясатына байланысты «Мықты әлеуметтік саясат» түсінігі қолданылады, яғни толық әлеуметтік саясат азаматтардың әлеуметтік сферадағы құқығы, бостандығы және міндеттемесін қамтамасыз ету қызметін

орындайды. Ал тотаритарлы мемлекет өзінің демократиялық емес, антигумандық әлеуметтік мәнін көрсетеді.

Жалпы елдің дамуы үшін, сондай – ақ әр адамның әлеуметтік мүмкіндіктерін іске асыру үшін де жағдайлар жасау арқылы қоғамдағы кедейшілік деңгейін азайтуға қол жеткізуге болады. Басқаша айтқанда, кедейшілік проблемасынан арылу үшін бірқатар жағдайларды қамтамасыз ету қажет, атап айтқанда, оған орнықты экономикалық өсу, халықтың өнімді жұмыспен қамтылулары үшін мүмкіндіктерді ұлғайту, мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігі, мемлекетті ұтымды басқару мен қоғамның демократиялық институттарын дамыту жатады. Соның ішінде, бірінші кезекте кедей тұрмысты адамдардың мүдделерін ескеретін кедейшілікпен күресудің ұлттық стратегияларын әзірлеу мен іске асыру – әлемдегі кедейшілік ауқымдарын азайту міндетіне қол жеткізудегі маңызды қадам болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы 2003 жылғы күнкөріс минимумының құрылымын айта кетейін. Оның ішінде ақылы қызметтерге 29 пайыз; қант, шайға 5 пайыз; картоп және көкөніске 12 пайыз; ет және балық өніміне 22 пайыз; сүт, жұмыртқа, май өнімдеріне 20 пайыз; нан және нан өнімдеріне 12 пайыз үлесінен келіп отыр.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күнкөріс минимумы ең төменгі тұтыну себеті құнының шамасы бойынша бір адамға шаққандағы қажет ең аз ақшалай табысты көрсетеді және ол аталмыш даму кезеңінде қоғамда қабылданған деңгейде адамның ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыруын қамтамасыз етеді.

Ең төменгі тұтыну себеті денсаулықты ұстап отыруға қажет азық – түлік жиынтығының (азық – түлік себеті) қоректік заттарының ең аз құрамы бойынша құнын және азық – түліктен бөлек тауарлар мен қызмет көрсетуге жұмсайтын шығындарын қамтиды. Азық – түлік және азық – түліктен бөлек шығындар арасындағы арақатынас (ара салмақ) ұзақ мерзімге нормативтік актілер арқылы белгіленді.

Қазақстанда күнкөріс минимумы 1996 жылдан бері нормативтік – статистикалық әдіс арқылы есептеледі, сол әдіске сәйкес азық – түлік себетінің құны нормативтік әдіс арқылы белгіленеді және күнкөріс минимумының 70% болып қабылданады, ал азық – түліктен бөтен тауарлар мен қызметтердің күнкөріс минимумындағы жалпы көлемі 30% деңгейінде қабылданады. Ең аз азық – түлік себетінің құны ай сайын тамақ өнімдерін тұтыну нормаларын айдың ортасына қарай облыстарда қалыптасқан орташа бағаларға көбейту жолымен есптеледі, мұндай есептеу әр аймақ бойынша инфляция деңгейін есепке алуға мүмкіндік туғызады. Халық үшін тамақ өнімдерін тұтынудың бірыңғай нормаларын «Қазақтың тамақ академиясы» ЖАҚ энергетикалық құндылықты қамтамасыздандыру мен физиологиялық деңгейде негізгі тамақ заттарын тұтыну тұжырымдамаларына сүйене отырып әзірледі.

Мемлекеттік әлеуметтік саясат – бұл мемлекеттің әлеуметтік сферадағы белгілі бір әлеуметтік кезеңге есептелген қаржылық ресурстар мен ұйымдық – насихаттаушы күштермен нығайтылған, нақты – тарихи жағдай мен мақсаттарға негізделген қызметі болып табылады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатында негізгі орынды халықтың табысын қалыптастыру саясаты алады. Табыс ұғымы экономикалық қызмет нәтижесінің көрсеткіші болып табылады. Басқаша айтқанда – табыс өндіріске қатысушының

оған қатысу деңгейіне байланысты алған, шығарған өнімнің бір бөлігі. Экономикалық әдебиеттерде табыс ұғымы өнімді шығаруда құнның шығыннан жоғары болуын сипаттайды.

Қазақстанның әлеуметтік саясатының стратегиялық мақсаты болып әлеуметтік бағдарланған экономиканың қалыптасуы болып табылады. Экономиканың әлеуметтік бағдары ең алдымен (тұтынушының) өндірістің тұтынушыға бағынуын, халықтың көптеген қажеттіліктерін қамтамасыз етуді білдіреді, дәл осы дамыған нарықтық механизмі бар экономикаға тән. Сондықтан адам үшін экономиканы құрудың қажетті шарты нарықтық реформаны жалғастыру болып табылады. Мемлекет халықтың материалды жағдайы үшін жүргізілген реформалардың кері әсерлерін азайтуға және позитивті әсерлерін күшейтуге ұмтылуы керек, ал бұл үшін реформалар жүйелі, әрбір кезеңнің жүзеге асырылуынан алдын – ала саналған нәтижемен жүргізілуі қажет.

Әлеуметтік саясатта халықты әлеуметтік қорғау механизмінің орны ерекше. Өтпелі кезеңде экономика дағдарысқа ұшырап, қоғамда жұмыссыздық пен кедейшілік қалыптасқан кезде халықты мемлекет тарапынан жаппай қаржыландыру мүмкіншілігі қысқарды. Сондықтан әлеуметтік қамсыздандыру механизмін нарық жағдайына икемдеу және оны реформалау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бүгінгі күндері тұрғындардың көбі әлеуметтік қорғау мен қамсыздандыруды қажет етеді. ҚР-ның статистика және талдау комитеті ай сайын қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін анықтау мақсатында арнайы статистикалық бақылау және зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Қазақстан – 2030 ұзақ мерзімдік даму стратегиясында халықты әлеуметтік қорғау, жұмыссыздық пен кедейшілікті жою бірінші кезекте тұрған негізгі әлеуметтік мәселе ретінде аталып көрсетілген.

Әлеуметтік мәселелерді шешу жөніндегі басты шаралардың бірі – жаңа жұмыс орындарын жасау. Мәселен, өткен жылы 10 мыңдай жұмыс орындары жасалса, биыл тек қаланың бір ғана бизнес – инкубаторының аумағында 358 жұмыс орны жасалды және олар бір жарым есе көбейеді деп күтілуде. Табысты рыноктық бөлудің бір ғана әділетті жолы бар, ол өндіріс факторлары иелерінің табыстары сұраныс пен ұсыныс заңының шекті пайдалылық негізінде анықталады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, мысалы, жоғары маманданған еңбек иелерінің егер оған сұранысы болмаса, табыстары төмен болуы әбден мүмкін. Ал астық бағасының динамикасын дәл болжап көрсете білген брокердің табысының жоғары болуы да әділетті. Рыноктық механизм әл-ауқаттың дәрежесіне кепілдеме бере алмайды. Дегенмен, ХХ ғасырда Батыстың өнеркәсібі дамыған елдерінде мемлекеттен адамдар үшін әл-ауқат стандартын талап ететін тұжырымдамалар мен доктриналар кеңінен тарай бастады. Әсіресе теория мен тәжірибеде “берек елі мемлекет” (welfare state) деген ұғым, яғни ауқымды әлеуметтік шараларды, ең алдымен, әлеуметтік қамтамасыздандыру шараларын жүзеге асыратын мемлекет деген ұғым қалыптасты. Рыноктық экономикасы қалыптасқан елдерде табысты бөлу тек рыноктық күштердің еркін ойынының нәтижесінде ғана емес, түрлі табыстар ағындарын мемлекеттік реттеу, қайта бөлу негізінде де бөлінетінін байқадық.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты – оның қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын реттеу жөніндегі қызметінің бір бағыты. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мәні қоғамдағы әділеттілік қатынастарды қолдау немесе қоғамдағы әлеуметтік таптардың арасындағы қатынастарды реттеу, қоғам мүшелерінің тұрмыс дәрежесін, әл-ауқатын көтерудің жағдайларын қамтамасыз

ету, қоғамдық өндіріске қатысу үшін экономикалық ынталандырудың әлеуметтік кепілдіктерін жасау. Мемлекеттің қоғамдық өндірісті реттеу мақсатында жүргізетін шаралардың құрамды бөлігі ретінде мемлекеттің әлеуметтік саясаты елдегі бүкіл экономикалық ахуалмен тығыз байланысты болады.

Б) Халықтың табыстары және оның құрылу көздері.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты тізбегіндегі басты буын халық табысын құру саясаты. “Табыс” деген түсінік экономикалық жұмыс нәтижесінің көрсеткіші. Экономикалық әдебиетте “табыс” дегенді жаңадан жасалған құнның мөлшерін анықтауға қолданып, өндірілген құнның оны өндіруге жұмсалған шығындардан артық болуы, әр таптың, әлеуметтік топтың немесе жекелеген адамның өндірілген өнімдегі үлесі, оны иемденуі мағынасында түсінеді.

Қоғам мөлшерінің табыс дәрежесі, деңгейі олардың әл-ауқатының басты көрсеткіші, өйткені ол жеке адамның материалдық және рухани өмірін анықтап, демалуына, білім алуына, денсаулығын сақтауға, күнделікті тұтыну қажеттілігін өтеуге мүмкіндік береді.

Халық табысының мөлшеріне тікелей әсер ететін факторлардың ішінде, жалақының көлемінен басқа бөлшек сауда бағасының динамикасы, тұтыну рыногын тауарлармен толтыру және т.б. бар.

Халық табысының деңгейі мен динамикасын сараптау үшін номиналды қолдағы және нақтылы кірістерінің көрсеткіштері қолданылады.

Номиналды табыс (ИІ) – жекелеген адамдардың белгілі уақытта алған ақшасының саны.

Қолдағы табыс (ДІ) – жеке тұтынуға және жеке жинақтауға болатын табыс. Қолдағы бар табыс номиналды табыстан салық пен міндетті төлемдер сомасына кем болады.

Нақтылы табыс (ВІ) – белгілі бір уақытта қолдағы бар табысқа сатып алған қызмет пен тауарлардың саны, ол баға деңгейінің өзгеруімен түзетіліп отырады.

Халықтың нақтылы ақшалай табыстарының құрылуының бірнеше қайнар көздері бар, олардың негізгілері: факторлық табыстар, қоғамдық тұтыну қорларынан берілетін төлемдер мен жеңілдіктер; финанс жүйесі арқылы келетін (банктерден, жинақ қассаларынан, сақтандыру мекемелерінен және т.б.) және басқа түсімдер. Жалақы, кәсіпорындардағы, кооперативтердегі жалақы тектес табыстар; өз шаруашылығының табыстары және басқалар. Еңбек факторына ақы төлеудің тенденциясын талдау, бұл табыс түрінің болашақта да жалпы ақша табыстарының көлемін құруда жетекші роль атқаратынын көрсетеді.

Халық табысының құрылуына айтарлықтай әсер ететін жай қоғамдық тұтыну қорынан (ҚТК) берілетін төлемдер мен жеңілдіктер немесе мемлекеттік көмектің бағдарламасы. Осылардан зейнеткерлерді қамтамассыздандыруға, уақытша жұмысқа жарамсыздарды қолдауға әр түрлі жәрдем ақыға (балаларды күтуге, дәрігерлік қамту, табысы аз отбасыларының балаларына, жұмыссыздарға жәрдем беру) қаржы бөлінеді.

Халық табысында трансферттік төлемдер мен жалақы үлестерінің ара қатынасы жеке адамның экономикалық мүдделілігі мен еңбекке ықыласын қалыптастыруда ерекше роль атқарады. Жалпы табыстар сомасындағы жалақының басым болуы кәсіпкерлік, жаңашылдық, іскерлік сияқты жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Қоғамдық тұтыну қорынан берілетін төлемдерді күшейту (немесе мемлекеттің көмек бағдарламасын) өндірістік қызметке қатысу

деңгейін төмендетіп, біреуге арқа сүйеушілік, масылдық психологияны тәрбиелейді.

Қаржы – несие жүйесі арқылы алатын халықтың ақшалай табыстары мынадай түрде көрінеді:

1. Мемлекеттік сақтандыру төлемдері;
2. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін, жас отбасыларына шаруашылық заттарын алуға, бау-бақша серіктестіктеріне және т.б. техника, инвентарь сатып алуға берілетін қарыз;
3. Жинақ кассаларындағы салымдарға жыл аяғында қосылатын процент тер;
4. Акция құндарының өсуінен, облигация мен заемдардан түсетін табыстар;
5. Лотерея ұтыстары;
6. Тауарларды несиеге сатып алудан құралатын уақытша бос қаржылар;
7. Әр түрлі қайтарымдар (компенсация).

Басқаша ақша түсімдеріне комиссиялық және сату дүкендерінен, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудан түскен кірістер жатады. Халықтың номиналды табысына атап өткеніміздей олардың таза табыстарымен қатар міндетті төлемдері де жатады. Төлемдер мен алымдарды жинақтай отырып, мемлекет өзінің ресурстарын құрайды, әлеуметтік саясатты жүзеге асырады, ақша қаржыларын қайта бөледі, табысы аз азаматтарға көмек көрсетеді. Табысы аз азаматтардың мүддесін қорғау мақсатында және әл-ауқат дәрежесін белгілі деңгейден төмендетпеу үшін мемлекет табыстың ең төменгі табалдырығын анықтап, одан салық алмайды. Сонымен қатар жоғары табысқа үдемелі салық ставкасын тағайындайды. Экономикалық теория салықтың екі тобын көрсетеді: тікелей және жанама. Тікелей салықтар негізінен табыс салықтары, жанама салықтар көбінесе тұтыну салықтары ретінде көрінеді. Тікелей салықтар тек жалақыдан және басқа факторлық табыстардан алынып, мемлекет қазынасына түседі. Жанама салықтар (акциздер) тауар бағасында \*жасырылады\*, бірақ жекелеген елдерде оны дүкенде тауар сатып алғанда ашық мәлімдеу тәжірибесі қолданылып жүр.

Сонымен халыққа салық салу – табысты бөлудің дербес тұтқасы, әлеуметтік саясаттың бір бағыты. Халықтан алынатын салық пен төлемдердің көлемі табыстың өсуімен көбейіп отырады. Салық түсімдерінің ішінде шешуші рольді табыс салығы алады, сонымен қатар жеке табыстан, мұрагерліктен, ауыл шаруашылығынан, отбасы шағын азаматтардан, сатудан және т.б. салық алынады.

В) Табыстар теңсіздігі. Әлеуметтік қорғау жүйесі және оның дамуы.

Үкімет бағдарламасы бойынша берілетін және “жұмыспен тапқан табыстар” құрылуының жалпы принциптеріне қарамастан табыстар теңсіздігін тудыратын жағдайлар сақталады, демек халықтың әр түрлі топтарының өмір сүру деңгейлері де түрліше болады.

Еліміздің тұтыну рыногының бірінғайлығын қамтамасыз ету керек, яғни қорлардың бұл бөлігін тұтынушылар барлық еңбекшілер емес, тек осыны тұтынуға тиістілер.

Мысалы, дәрігерлік көмекті жұрттың барлығы емес, тек ауыратын адамдар ғана сұрайды, мектеп мекемелерінің қызметі тек мектеп жасындағы балаларға ғана керек. Басқаша айтқанда, қоғамдық тұтыну қорлары еңбекке байланысты емес табыстар айырмашылығын жұмсартуға тиіс. Сонымен қатар олар еңбек қабілетін қалыптастыру, жоғары білім алу мен мәдениетті қолдау, денсаулықты сақтау, зейнеткерлерді қамсыздандыру сияқты маңызды қажеттіліктерді қанағаттандырулары тиіс.

Елдің экономикалық даму деңгейі тұтынудың көлемі мен дәрежесін анықтайды. Әлеуметтік қорғау жүйесі тек халықтың табыссыз топтары мен өндіріске қатыспағандарды (оқушылар, зейнеткерлер, мүгедектер) ғана қамтымайды, ол сонымен қатар қоғамдық өндіріске қатысушыларды да, ең алдымен жалданып істейтіндерді де қорғайды. Мұны еңбекті заңдастырудан (жұмыс аптасының ұзақтығы, демалыстың мерзімі, еңбекті қорғау және т.б.) және оған ақы төлеуден (жалақының төменгі ставкасын тағайындау) жұмысшыларды жұмысқа алу мен босату жөніндегі ережелерден көреміз.

Кедейшілік сияқты өткір әлеуметтік проблемаларды шешу – мемлекет жұмысының басты бір бағыты. Бұл әл-ауқатты өмірді қамтамасыз ете алмағанымен экономикалық тұтқалар арқылы ең төменгі тіршілік деңгейін жасап, тұрмысы нашар адамдардың санын азайтуға көмектеседі. Кедейленген топты азайту – рыноктық экономикаға көшкен мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі міндеті. Тұтынудың әр түрлі деңгейінің еңбек пен жұмысшы күші факторларымен байланыстығын атап өту керек. Ондай факторлар: отбасының көлемі, ондағы жұмыс істейтіндер мен масылдардың ара қатынасы, денсаулық жайы, географиялық, табиғат жағдайлары және т.б. Мемлекеттің ұлттық табысты қайта бөлу қызметінің негізгі мақсаты – осы айырмашылықтарды азайтып, қоғамның барлық мүшелерінің өмір сүруіне қолайлы материалдық негіз жасау. Мұндай мақсатты жүзеге асырудың түрлеріне қызмет пен өнімдерді трансферттік төлемдер арқылы бөлу немесе табысты тұрақтандырудың мемлекеттік бағдарламасы жатады.

Біздің елімізде қоғамдық тұтыну қорлары экономикалық категория ретінде бүкіл қоғам мен еңбек ұжымдарының, оның мүшелерінің арасындағы өмір сүру қорының бөлінуі жөніндегі қатынасты білдіреді. Олар белгілі дәрежеде бұрынғы немесе қазіргі еңбекті есепке ала отырып бөлінеді.

Қоғамдық тұтыну қорларының бір бөлігі мемлекеттік бюджет арқылы құралып, орталықтан бөлінеді. Оның басқа бөлігі кәсіпорындардың, кооперативтердің пайдасынан және қоғамдық ұйымдардың есебінен жиналды (бұрынғы мемлекеттік социализм елдерінде ҚТҚ 70 процентке дейін мемлекеттік бюджеттен, тек 25-30%-і ғана кәсіпорындар пайдасынан құралатын). Мемлекеттік көмек бағдарламасы бойынша қоғамның жаңа мүшелерін тәрбиелеу, қарттарды және еңбекке жарамсыздарды қолдау, білім алу, денсаулық сақтау қажеттіліктері өтеледі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.



4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## **ЖАСТАРҒА ДІНИ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ АТҚАРАТЫН РОЛІ**

*Азбек А.С. –магистрант,  
Ғылыми жетекшісі -Кенжебекова Р.И. -п.ғ.д., проф.*

### **Аннотация**

*Жастардың оқуға түсуі, жаңа ортадағы қарым-қатынас ықпалы, ата-анадан алысқа кетуі, бақылаусыз қалуы күмәнді діни ұйымдарға кіруінің басты себептері екендігі және жастармен дұрыс жұмыс жүргізу қажеттілігі айтылған.*

Дін дегеніміз – қоғамдық сана формасының бірі, онда әлеуметтік шындық бейнесі деп түсінген. Сондықтан да дін адамзаттың санасы мен мәдениетінің дамуының кезеңі болып табылады.

Діннің пайда болуының қайнар көзі алғашқы қауымдық адамдардың қатынастарынан, дүниені тану картинасынан бастау алады. Мысалы, алғашқы адамның өлген адамды жеп қоюы (каннибализм) - өлген адамның күш-қуатын, тәжірибесін, білімін өз бойына сіңіру деп түсіну; жерлеу рәсімдерінің пайда болуы және т.б. Өлім, қайта тірілу идеясы біздің заманымыздан жүз мың жыл бұрын адамға белгілі болғандығына куә боламыз.

Бұл мәселе туралы ежелгі үнді діндеріндегі сансара (адам жанының қайта тірілуі, оның басқа тәнге көшуі идеясы) ұғымын айтуымызға болады.

Ш.Уәлиханов ежелгі сақтарда адам жаны: рух - жан, шыбын - жан, ет – жан болып үшке бөлінетіндігін атап өткен. Осыған сәйкес, адам қайтыс болғанда оның шыбын – жаны көкке, ет-жаны жерге, рух – жаны өз туған үйінде қалатындығына сенген , сондықтан қайтыс болған адамның артында қалған балалары мен туыстары рух – жанға құрмет ретінде иіс шығару, оған құран бағыштау рәсімдерін қалыптастырған, бұл үрдіс әлі күнге дейін сақталып қалған [3].

Сондай-ақ, қазіргі кездегі осы түсініктерді кері, теріс түсініп жүрген адамдар қатары баршылық. Әруақ аралау, оларға табыну, әруақтар жерленген мазарларға түнеу, оған қоса әртүрлі рәсімдік әрекеттерді орындау Аллаға серік қосу, ата-бабамыз қабылдаған ислам дінінің сунниттік Әбу Ханифа ұстанған бағытымен сәйкес келе бермейді. Адамдардың діни сенімдерінің әлсіздігі мен діни сауатының төмендігін пайдаланып, жекелеген топтар өз мүдделеріне оларды біріктіруге әрекет етеді.

Қай дін болса да олардың ортақ мақсаты бейбітшілікті сақтау, сабырлылық, өзара құрмет, өзгенің сеніміне төзімді болуды тәрбиелеу болып табылады. Адам өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін оның жүрегінде сенім ұя салуы тиіс, адам біреуден қорықпаса, біреуді құрмет тұтпаса одан игілікті, ізгілікті мақсат

тумайды. Өзін құдай дәрежесіне қоятын адам үшін басты нәрселер: дүниеқоңыздық, мансапқорлық, тәкәппарлық болмақ. Ал тарихқа үңілер болсақ, адамдар өздерін құдайдан жоғары қойған дәуірлер ғұмыры ұзаққа созылмаған. Мысалы, ертедегі гректер өздерінің ақыл-парасаты мен күш-қуаты құдайлардан асып түскендігін дәлелдеу үшін адам бейнесіндегі құдайларды өмірге келтірген. (Зевс, «құдайлар отбасы» және т.б.)

Ал, Қайта Өрлеу гуманистері адамды тіптен көктегі құдайларлар қатарындағы жұлдыздарға теңеген болатын. Бірақ, бір нәрсені ұмыт қалдырды, ол адам өмірінің өлшеулі екендігі, сол ғұмырда адамның өзгені емес, өзінің ішкі жан-дүниесін толық тани алмай өмірден өтетіндігі.

Кеңестік дәуірдегі құдайсыздық мемлекетті басқарудың қуатты идеологиясына айналуы адамның өмірлік ұстанымдарына ықпал етті. Жеке басқа табыну, жағымпаздық ақыр соңында мәңгүрттікке алып келді.

Өзінің рухани тамырынан қол үзген ұрпақ қазіргі қоғамдағы еркін ойшылдық, діндердің еркін насихатталуы мен мәдениетті, дінді таңдау еркіндігінің қалыптасуы нәтижесінде салт-дәстүрден қол үзуі, өзгенің жетегінде кетуі, адасушылық сияқты құбылыстарды басынан өткеріп отырғандығы өткір мәселе ретінде қарауды қажет етеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде болмай қоймайтын өзара қарым-қатынас, байланыстар үрдісі қарқыны арта түседі, әртүрлі діндер арасындағы конфессияаралық үнқатысулар мен мәдени диалогтар кезінде діни сенімдерге деген көзқарастар мазмұны өзгерістерге ұшырағанымен, мүлдем жойыла қоймайды. А.Тойнбидің болашақта әлемдік діндердің бірігуі мүмкіндігі идеясынан сақтап қалатын ұлттық дүниетанымға негізделген діни сенім болмақ [3].

Қазіргі кезеңдегі діннің өркениетаралық қатынастардағы маңыздылығына мән берген С.Хантингтонның пікірі қазіргі таңда өзекті болып табылады, қазіргі халықаралық аренадағы діннің саясаттың құралына айналуы осы пікірді растайды [4].

Дегенменен, адамзат өзінің даму болашағын тек аса қуатты державалардың қақтығыстары арқылы түсіндіретін болса, онда сөзсіз өзін құртуға бағыт алады деген сөз, бірақ одан шығар жолды іздестіру арқылы қантөгіссіз, бейбітшілік орнату шараларын қарастыру мүмкіндіктері бар екендіктерін естен шығармауымыз қажет.

Қазіргі кезеңдегі діни мәселені зерттеуші ғалымдар оны үшке бөліп қарастырады[4]:

- дін қоғамды құрайтын мәдени бөлігі ретінде;
- дін әлеуметтік институт ретінде;
- дін дара тұлғаның таңдауы ретінде.

Қазіргі қоғамдағы жастардың діни мәдениетін зерттеу өзектілігі күнделікті өмірде орын алып отырған шындықпен сәйкес келеді, жастардың діни мәдениетінің дамуы деңгейін анықтауда арнайы бақылау, сауалнама, әңгімелесу әдістерін қолдана отырып, анықтауды мақсат етіп қойдық.

Ол үшін қазіргі жастардың өмірінде діннің алатын орны мен ролі қандай, олардың алдарына қойған мақсаттары мен қызығушылықтарына дін қалай жауап бере алады, дін мен жастар арасындағы жанұяның, қоғамның, мемлекеттің атқаратын ролі мен орны қандай екендіктерін айқындау міндетін алға қойылды.

Зерттеу нәтижелерін талдауда келесі міндеттерді шешуді алға қойдық: ұлттық салт-дәстүр негізіндегі жастар мен дін арасындағы өзара ықпалының ерекшелігін анықтау; әңгімелесу барысында жастардың діни мәдениетінің тәжірибесін және сан-сапалық көрсеткішіне талдау жасау; сауалнама барысындағы жастардың дінге деген көзқарасының өзгеруіне талдау жасау болды.

Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени тұрғыда жаңарған қарым-қатынастары кезеңіндегі діни сенім бостандығын пайдаланған азаматтар, оның ішінде жастар әртүрлі діни қауымдастықтарға, ағымдарға, ұйымдар мен бірлестіктерге бара алатын жағдайда.

Мектеп жасындағы балалар, колледж, университет және т.б. арнаулы оқу орындары мен жұмысшы жастар мешіттерге, шіркеулерге т.б. орындарға баруға мүмкіндіктері бар.

Осы тұста атап өтетін мәселе діни уағыз, насихат үздіксіз жүргізіліп жатқандығы. Жастардың оқуға түсуі, жаңа ортадағы қарым-қатынас ықпалы, ата-анадан алысқа кетуі, бақылаусыз қалуы күмәнді діни ұйымдарға кіруінің басты себептері болып табылады.

Жеке тұлғаның ақпараттық, психологиялық және әлеуметтік-мәдени оқшаулығы немесе жалғыздығының орнын толтыру үшін, өздерін көрсету, лидерлік қасиетін ашу үшін, әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында осындай қадамға баратындар құрамында жастар басымдық алады.

Тұлға мәдениетіндегі жеке шешім қабылдауы, таңдау жасауы осындай әрекеттері арқылы көрініс береді, ондағы таңдау критерийлері: тұлғаарлық қатынас арқылы, насихаттың ықпалы, қауымға мүше ретіндегі белсенділігі немесе лидерге айналуы арқылы жүзеге асады[5].

Жастар жоғары, орта арнаулы және жұмыс орындарында алғаш түскен сәттен бастап өздерінің мәдени өмірінің қандай болатынын жоспарлай алмайды, бос уақыттың көптігі, мәдени тынығу мазмұнының болмауы, бос сенделу мен текке уақытын өткізуін діни миссионерлер тиімді пайдалана отырып, өздерінің құрығына түсіру қаупі арта түседі.

Миссионерлер жастардың қызығушылықтарын, талап-тілектерін өте жақсы меңгергендер. Міне осындай жағдайда мешіттерде және басқа да дәстүрлі діндерде жастардың теріс ағымдардың құрығына түспеу, алдап-арбауға ермеу туралы жастармен жұмыс істеу бағдарламасының қажеттілігі байқалады.

Шетелдік діни орындардың тәжірибесіне сүйенер болсақ, оларда жан-жақты мәдени іс-шаралардың жүргізілуі, мысалы АҚШ-ғы католиктік шіркеулерде арнайы жастармен жұмыс істеу бөлімі қалыптасқан, онда жағдайы нашарларға тегін тамақ ұйымдастыру, табиғат аясында тынығу іс-шараларын ұйымдастыру

арқылы әлеуметтік белсенділіктерін арттыру, үлкендерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу сияқты т.б. жұмыстарды атқарып отырады.

Ал, Қазақстан жағдайындағы мешіттердің жастармен жұмыс жүргізу деңгейінің әлі де болса әлсіздігі байқалады немесе тіпті жоқ деуге болады. Жастар арасында мәдени іс-шаралар тек дөңгелек үстел, кездесулер мен пікірталастар арқылы ғана емес, нақты тәжірибеде өздерін қатыстыра отырып, дұрыс бағытта имандылық тәрбиесін берсе сөз жүзінде емес, ісі арқылы оң нәтижесін беретіндігі анық.

Мысалы, жетімдерді жебеу акцияларын мешіт пен тікелей жастарды қатыстыра отырып жүргізу, спорттық сауықтыру шараларын өткізуге дін қызметкерлерінің де атсалысуы т.с.с. Сонымен қатар, дін ғылымның, білімнің көзі.

Жаңа технологияларды ойлап табуда жастардың табандылығын, шығармашылығын, ізденімпаздығын қалыптастыратын діннің тәрбиелік маңыздылығын түсіндіру сияқты ағартушылық жұмыстарын толық мазмұнда жүргізу әлі де болса жетілдіруді қажет етеді.

Жастармен жұмыс істеу үшін үшін арнайы діни сауаты бар мешіттегі имамдарды даярлау курстарын ашу мәселесі өзекті болып тұрғандығы шындық. Жастардың бос уақытындағы кеңістікті діни мәдениетпен, имандылық тәрбиесімен толықтырудың механизмдерін жетілдіре түсу мәселесі де шешімін табуды қажет етеді.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Естеміров М. «Ислам діні мен қазақтың салт-дәстүрлерінің сабақтастығы», Шымкент, 2011.-120 б.
2. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы: Оқулық. – Алматы:Қазақ университеті, 2009. – 216 б.
3. Борбасова Қ.М. Жаңа діни ағымдарды классификациялау мәселесі // Саясат-ПОЛСҮ. №5, 2010. – 75-77 б.
4. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заң. Астана, Ақорда, 2011 жылғы қазанның 11-і. №483-IV ҚРЗ

## **ОЙЫН - ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕҢ ТИІМДІ АМАЛДАРЫНЫҢ БІРІ**

*Артықбаева Еркебала Сапарқызы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Молдахмет Құлахмет - д.п.н., профессор*

### **Аннотация**

*Егеменді еліміздің тәуелсіз Мемлекет мәртебесін алғаннан кейінгі негізгі мақсаттарының бірі жан-жақты дамыған, парасатты бүлдіршін тәрбиелеу. Ел Президентінің «Қазақстан – 2030» бағдарламасында біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденді, біздің балаларымызбен немерелеріміз онымен бірге ержетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да, жігерлі, білім өрісі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады – деген сенімді сөз бекер айтылмаған.*

Бала тәрбиесі – күн сайын жүргізілетін тынымсыз процесс. Республикамызда қазіргі таңда бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөлініп келеді. Еліме, жеріме деген сүйіспеншілік балабақшадан бастап қаланады. Қоғам талабына сай балабақшадағы тәрбиеші ой-өрісі жаңашыл, шығармашыл деңгейде қызмет атқара алатын, мәдениеті жоғары, ізденімпаз, нәзік психолог, тынымсыз еңбекқор, терең білімпаз, шеберліктің шыңына шыққан тәрбиеші болуы керек. Әрбір тәрбиеші бүгінгі күн талабына сай тәрбиенің мазмұнын, мақсатын, ғылымилығын, міндеттері мен қағидаларын қайта қарас-тырып, әр түрлі пайда беретін тәсілдерді пайдаланудың мәні жеке тұлға ретінде дамуына, жалпы азаматтық, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға міндеттіміз. Ал мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеудің басты құралы – ойын. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын-балаларға ақыл-ой, дене шынықтыру және сұлулық тәрбие берудің маңызды құралы. Ойын айналадағыны танудың тәсілі. Балалардың өмірінде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады, логикалық ойлауын дамытады.

Ойынды ұйымдастыру тәрбиешіден көп ізденісті талап етеді, себебі бала білімді игереді, ақыл-ой қызметі дамиды, өзара қарым-қатынас жасайды, белгілі бір нәтижеге жетеді. Дұрыс ұйымдастырылған ойын үлкен жетіс-тіктер есігін ашады, бала еркін, қызығушылықпен ойнап қана қоймай ізденімпаздық, тапқырлық т.б. сезім қабілеттерін қалыптастырады.

Әр түрлі және мазмұнды ойын әрекеті баланың қоршаған өмірдің жаңалығын ашуға, зерттеуге түсінуге деген құлшынысын оятады. Ойын әрекеті баланың :

- Әлемді тануда, ой өрісінің, тілінің дамуына;
- Адами тәртіптердің тәжірибесін игеруге;
- Ұжымдық тебіреністердің тәжірибесінің жинақталуында ;
- Әлеуметтік қарым-қатынас қалыптастыруда ;
- Дене дамуында ерекше рөл атқарады;

Мағжан Жұмабаев «Адам денесі қозғалуды тілейді. Адам неғұрлым жас болса, соғұрлым қозғалуды көп тілейді. Екі жастағы дені сау бала бір минут тыныш отыра алмайды. Күні бойы шаршау білмейді, ойнайды да жүгіреді» - деп бекер айтпаса керек. Бала-ларға алғашқы жеті жыл – денсаулықтың, ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық дамудың негіздері қаланатын өте маңызды кезең. Ойын балаларға тән алуан әрекеттер сынды бір текті емес және оның әрбір түрі бала дамуында өзінің қызметін орындайды. Ойынды қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып, педагог ойынның көмегімен баланың қоршаған әлеммен, үлкендермен, құр-дастарымен қарым-қатынас жасауына көмектеседі.

Қозғалыс және ойын – бала ағзасы үшін биологиялық қажеттілік. Баланың денесін, денсаулығын ойын арқылы шынықтыруға да әбден болатыны белгілі. Дене тәрбиесінің бас-ты міндеттері: балалардың денсаулығын сақтау және

нығайту дене бітімін дұрыс дамыту, организмдерін шынықтыру, қимыл және мәдени гигиеналық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру. Баланың денесін шынықтыру үшін қимылды ойындарды пайдалану керек.

Дене шынықтыру құрал-жабдықтардың дұрыс іріктеп және қозғалыс әрекет түрлерінде орынды қолдануы балалардың:

-шығармашылық қабілеттері және дене сапаларын дамытуға;

-түрлі қимыл-қозғалыс дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыруға;

-дене және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеуге;

-дене шынықтыру жаттығулары мен спорттық ойындарға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді;

Сонымен қатар баланың толыққанды психофизиологиялық дамуы мен олардың денсаулығын нығайту міндеттерін шешеді; Жаттығу кешенін орындау үшін баланың дербестігі, өзіне сенімділігі және қиындықты еңсеру үдерістеріне жеткен нәтижесіне қанағаттанарлық сезімі жақсы стимул болып табылады. Түрлі сипатта туындаған қиындықты (кездескен түрлі кедергілер, жасқаншақ, тол-қу, қимыл-қозғалысты орындау тәсілін білмейтіні және т.с.с.) жеңу нәтижесінде алған қанағаттанарлық ерік күшінің дамуына ықпалын тигізіп, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытады. Ойындық жаттығулар апталық тақырыпқа сай жинақталып, шығарма мазмұнымен тығыз өзара байланымда болады. Педагог оларды түрлендіріп, мазмұнын басқа да ойын тәсілдермен толықтырып қолданады. Қимылды ойындар баланың нервтік- психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды сапаларының қалыптасуына үлкен әсер етеді. Бұл ойындардан баланың еркі, тапқырлығы, батылдығы, шапшаңдығы, мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасып дамиды. Бұндай ойындарға: «Ханталапай», «Жасырынбақ», «Соқыр теке», «Сиқырлы таяқ», «Атқаума» т.б. көптеген ойындарды жатқызуға болады.

Қоршаған өмірдің қарапайым құбылыстары жайлы дұрыс ұғымдарды қалыптастыру, танымдық - психикалық процестерді, түйсікті, қабылдауды, қиялдауды, ойлауды, сөйлеуді дамыту, интеллектуалдық іскерлікпен дағдыны дамыту, ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін ойын арқылы дамытуға болады. Ақыл-ойды дамыту ойындарына: «Не өзгерді?», «Артық затты тап?»,

«Жеміс дүкені». «Асық ату». және т.б. жатқызамыз. Бұл ойындар баланың танымдылық белсенділігін оятып, зейінін және ес процессін дамытады.

Балалар ертеден бастап ән, ертегі тыңдайды, суреттер қарайды. Тәрбиеші баланың сұлулық сезімін тәрбиелеп, эстетикалық ұғым, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруы керек. Бұл қасиеттерді де тәрбиеші ойын арқылы іске асырады. Мысалы: «Мен жақсы көремін», «Гүлдер», «Күзгі жапырақ» т.б.

Әр балада кішкене кезінен бастап-ақ темпераментіне байланысты мінез-құлық нормалары қалыптасады, қоғамға деген мінез-құлық мәдениеті көріне бастайды. Достарына, туыстарына, ата-анасына жалпы қоғамға деген дұрыс көзқарас қалыптастырып, баланы шеберлікке, ептілікке, қиын кезде жол таба білуге, ақылдылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеуді де ойын арқылы іске асыруға болады. Мысалы: «Бір-бірінің жақсы қылықтарын айтып мадақтау», « Мен жақсы көремін», «Көмек», «Менің ең жақыным» және т.б. ойындарды ойнату арқылы нәтижеге жетуге болады. Әр бір топта міндетті түрде мінезі, темпераментіне байланысты болсын, үйіндегі жағдайға байланысты бір мазасыз, тым пысық немесе қорқақ балалар болады. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те – дегендей бұндай балаға іші пыспайтын, мінез құлқын дұрыс қалыптастыруа көмек беретін,

қорқынышы болса жеңе алатындай ойындар ойнатуымыз керек. Мысалы: «Анам мені не үшін жақсы көреді?», «Мақтаулар» ойыны, «Шыңқ етер», «Мүсін» т.б. Ойын ойнатқан кезде сыртта бір де бір бала назардан тыс қалмау керек, ойынға міндетті түрде бәрі қатысуы керек, ойынның шартын түсіндіріп, балалар түгел бәрі түсінгенде ғана басталуы керек. Тәрбиешілердің жылдық жоспарындағы ойындары бір ғана бағытта болмауы керек яғни, денсаулығын дамыту, ақыл-ойын дамыту, мінез-құлықты қалыптастыру, сұлулық тәрбиесін дамыту ойындары да болу керек. Біз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қана қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы ретінде қарауымыз керек. Міне осы кезде біз көздеген мақсатымызға жетеміз.

Баланың ой-өрісін ойын арқылы дамытуда халықтық педагогиканың, халық ойындарының маңызы зор. Халық ойындары тосыннан туған қызықты кезеңдермен, балаларға ұнайтын санамақ, жаңылпаш, жұмбақ, күлдіргі ойындармен жиі сүйемелденіп отырады. Санамақ, жұмбақ, жаңылпаш баланың ой-өрісінің дамуына ықпал етсе, сиқырлы таяқ, аударыспақ, ақсерек-көксерек, жасырынбақ зейінімен қатар дене тәрбиесіне де ықпалын тигізетіні сөзсіз. «Ойын арқылы баланы жан-жақты дамыту» деген сөзге үлкен мән бергеніміз жөн. Тәрбиедегі негізгі мақсат баланы жастайынан әлеуметтік ортада міндетті қарым-қатынас жасай білуге, елжанды болуға баулу. Бүгінгі бүлдіршіндер еліміздің байрағын желбіретер ертеңгі азамат. Бұл тәрбие балабақшадан бастап беріледі, ал баланың біз жан жақты дамыту үшін әрі жеңіл, әрі қызықты, тез қабылдайтын тәжірибе жолын пайдалануымыз керек, ол – ойын. Ал ойын – тәрбие берудің ең тиімді тәсілдерінің бірі.

Бала өмірінің алғашқы алты-жеті жылы – оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең, бұл кезде ақыл-ой қабілеті, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық сезімдері қалыптасады. Баланың адам ретінде қалыптасуының осы жақтары қызықты, мазмұнды сабақ, еңбек, ойын процесінде тәрбиеленеді. Бала өмірінің алғашқы алты-жеті жылы – оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең, бұл кезде ақыл-ой қабілеті, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық сезімдері қалыптасады. Баланың адам ретінде қалыптасуының осы жақтары қызықты, мазмұнды сабақ, еңбек, ойын процесінде тәрбиеленеді.

Ойын - тәрбие берудің ең тиімді амалдарының бірі. «Балабақшада тәрбие беру программасында» баланың денесі мен психикалық жетілуі, жеке басының дамуы үшін, балалар қоғамының қалыптасуы үшін ойынның үлкен маңызы бар екені атап көрсетіледі. «Бала қоғамының қалыптасуының ең үлкен мүмкіндігі балалардың ойын әрекеті арқылы қамтамасыз етілетінін қоғамдық тәрбие беру тәжірибесін көрсетіп отырса, ал зерттеу оны дәлелдей түсті, - деп атап көрсетеді А. П. Усова. – Ойын кезінде ғана балалардың қоғамдық өмірі барынша толығырақ түседі». Ойын әрекетінің осы мүмкіндігіне сүйене отырып, А. П. Усова ойынды «қоғамдық» сапалы қасиеттерді тәрбиелеу амалы ретінде қарастырды. Программа ойынның әр түріне байланысты тәрбиелік міндеттерді айқындайды: қимылды ойындар балалардың қозғалысының жетілуіне, дидактикалық ойындар ақыл-ойының қалыптасуына, адамдардың еңбегі мен тұрмысын бейнелейтін сюжетті-рольді ойындар моральдық және т.б қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі.

Ойынға берілген осы сипаттаманы жетекшілікке ала отырып, бұл белгілердің шартты түрде ұсынылғанын, ойынның әрбір түрінде тәрбиешілердің назар аударуы керек басқа да мүмкіндіктер бар екенін ұмытуға болмайды.

Мәселен, қимылды ойындар кездерінде қозғалыстың белсенді болуы тек қимыл аппараттарын ғана нығайтып қоймайды, сонымен бірге көбіне баланың нервтік-психикалық тұрғыдан жетілуіне де әсерін тигізеді. П. Ф. Лесгафт қимылды ойындарды өте жинақы болуға жаттығу деп санай отырып, қимылды ойындар баланың ақыл-ойының айқын да ширақ, сезімі қызу, өткір, әрекеті ұйымдасқан жағдайда болады деген.

Құрастыру ойындарында конструкторлық қабілет, творчестволық қиялдаудан, эстетикалық сезімдердің жетілуінен басқа өз қимылын бақылау, оның күшін, бағытын ескеру дағдылары тәрбиеленеді. Құрастыру жұмысында мақсатқа жету ұстамдылықты, шыдамдылықты қажет етеді. Жұмыс нәтижесінде балалар әс жүзінде эстетикалық қуанышты, еңбек қуанышын танитын болады.

Тәрбиеші ойындардың мазмұнын балалардың бойында оңды көзқарас, Отанға, өз халқына сүйіспеншілік қалыптастыру үшін пайдаланады, оларды қоғамдық мінез-құлық ережесіне үйретеді. Ойын үстінде және ойын арқылы тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың батылдық, адалдық, ұстамдылық секілді сапалық қасиеттерін дамытады.

Педагогикалық басшылық болмаған жерде балалардың ойындары кейде жарамсыз ықпал жасауы да мүмкін. Н. К. Крупская былай деп жазған: «Қатыгездікке, дөрекілікке машықтандыратын, ұлттық өшпенділікті қоздыратын, нерв жүйесіне жаман әсер ететін, құмарпаздық, менменшілдік туғызатын ойындар бар. Сондай-ақ орасан зор тәрбиелік мәні бар, ерікті нығайтатын, әділет сезіміне, қиын жағдайда көмектесе білуге, т.т және т. с. с тәрбиелейтін ойындар да бар».

Ойынның оңды әсерін пайдаланып, жарамсыз ойындардың тууына жол бермеу үшін балаларды ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата білуге үйрету керек. Осы мақсатпен тәрбиеші ойын арқылы және ойын үстінде балаларға қайсыбір жағымды фактілердің мағынасын ашып береді, ол фактілерге баға береді, балалардың соларға еліктеуге ұмтылған ықыласын туғызады, сол арқылы олардың ойында бейнеленген нәрсеге көзқарасын қалыптастырады.

Тәрбиеші ойынды дене тәрбиесінің құралы ретінде кеңінен пайдаланады. Ойындардың көпшілігі қан айналысын күшейтіп, неғұрлым толық та терең зат алмасуына көмектесетін активті қозғалыстарды керек етеді. Активті қозғалыс дұрыс тұлғаның қалыптасуына, жүріс-тұрыстың икемді, әсем болуына жәрдемдеседі. Алайда ойын өзінен-өзі дене тәрбиесінің құралы бола салады деп ойлау қате болар еді. Педагогикалық басшылықсыз ойын баланың дене құрылысының дамуына зиян келтіруі де мүмкін. Кейде балалар ұзақ уақыт бір позада тұрып немесе, керісінше, шамадан тыс көп қимылдап, қатты шаршайды. Сондықтан тәрбиеші бәрінен бұрын балалар ойындары үшін гигиеналық шарттардың сақталуына қамқорлық жасайды.

Ойын эстетикалық тәрбие құралы ретінде де кеңінен пайдаланылады, өйткені балалар өздерін қоршаған дүниені роль, бейне арқылы көрсетеді. Ойында қиялдың – бұрын алған әсер негізінде бейне жасаудың зор маңызы бар. Көптеген ойындардың мазмұнына таныс әндер, билер, такпақтар, жұмбақтар енгізіледі. Осының бәрі тәрбиешіге балалардың эстетикалық әсерленуін тереңдете түсуге мүмкіндік береді. Көп жағдайда олар ойында өз құрылыстарын жақсылап безендіреді, маскарадтау элементтерін пайдаланады, мұның өзі көркемдік талғам тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, ойын балаларды жан-жақты тәрбиелеу және дамыту құралы болып табылады.



Ойын бала үшін – нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А. П. Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру – оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді».

Балалар ойында адамдардың белгілі қылықтарын, жеке ерекшеліктері мен өзара қарым-қатынастарын бейнелейді. Бірақ мұның бәрінің тасасында әлі баланың өзінің жеке басының шын қасиеті мен сапасы тұрған жоқ. Мысалы: ойында ақ пейілділік пен қамқорлық көрсетуді талап ететін рольді ойнап тұрған бала өмірде кейде өзімшіл және дөрекі болуы мүмкін. Міне, сондықтан да ойынға оның жоғары тәрбиелік тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық басшылықтың болуы өте маңызды.

Ойынды таңдап алудың елеулі маңызы бар. Оған күнбе-күн басшылық жасай отырып, тәрбиеші әрбір баланы зерттейді, балалар бірлестіктерін, қалыптаса бастаған ойын коллективтерін ашады. Оның қайсы бір топтанудың пайдалы немесе зиянды екенін бағалауға, балаларға белгілі дәрежеде ықпал жасау қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндігі болады.

Мектепке дейінгі сәбилер әлі ойнай білмейді. Нақ сондықтан да тәрбиеші ойынды ұйымдастыра жүріп, оларды ойнауға үйретеді. Балалар ойынды игеріп, ойын іс-әрекетінен жеткілікті тәжірибе алған соң, ойын өз бетінше істелетін әрекетке айналады, олардың өздерінің ұйымдасуына негізделеді.

Ойынды балалар өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде пайдалана отырып алдымен солардың ортақ мүддесін бағыттап және дамытып отыру, балалар коллективін топтастыруға күш салу керек. А. С. Макаренко ойынның балалар өмірін ұйымдастырудағы ролін жоғары бағалай келіп, тәрбиешінің ролі туралы былай деп жазды: «Мен де педагог ретінде олармен аздап ойнауға тиіспін. Егер мен тек қана үйретіп, талап етіп, айтқанымды істетіп тұрсам, онда мен, бәлкім, пайдалы, бірақ жақындығы жоқ бөгде күш қана боламын. Мен міндетті түрде аздап ойнауға тиіспін және мен өзімнің барлық әріптестерімнен осыны талап еттім».

Тәрбиеші балаларға жақын болуға, олардың ойындарының сүйікті қатысушысы болуға тиіс. Ойынның мазмұны мен ережесін, өзінің ойындағы ролін пайдаланып, ол ойнаушылардың ынтасын басып тастамай, әдеппен ойынның барысын, олардың өзара қарым-қатынасын бағыттап отырады.

Ойын - тәрбие берудің ең тиімді амалдарының бірі. «Балабақшада тәрбие беру программасында» баланың денесі мен психикалық жетілуі, жеке басының дамуы үшін, балалар қоғамының қалыптасуы үшін ойынның үлкен маңызы бар екені атап көрсетіледі. «Бала қоғамының қалыптасуының ең үлкен мүмкіндігі балалардың ойын әрекеті арқылы қамтамасыз етілетінін қоғамдық тәрбие беру тәжірибесін көрсетіп отырса, ал зерттеу оны дәлелдей түсті, - деп атап көрсетеді А. П. Усова. – Ойын кезінде ғана балалардың қоғамдық өмірі барынша толығымен түседі». Ойын әрекетінің осы мүмкіндігіне сүйене отырып, А. П. Усова ойынды «қоғамдық» сапалы қасиеттерді тәрбиелеу амалы ретінде қарастырды. Программа ойынның әр түріне байланысты тәрбиелік міндеттерді айқындайды: қимылды ойындар балалардың қозғалысының жетілуіне, дидактикалық ойындар ақыл-ойының қалыптасуына, адамдардың еңбегі мен тұрмысын бейнелейтін сюжетті-рольді ойындар моральдық және т.б қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі.

Ойынға берілген осы сипаттаманы жетекшілікке ала отырып, бұл белгілердің шартты түрде ұсынылғанын, ойынның әрбір түрінде тәрбиешілердің назар аударуы керек басқа да мүмкіндіктер бар екенін ұмытуға болмайды. Мәселен, қимылды ойындар кездерінде қозғалыстың белсенді болуы тек қимыл аппараттарын ғана нығайтып қоймайды, сонымен бірге көбіне баланың нервтік-психикалық тұрғыдан жетілуіне де әсерін тигізеді. П. Ф. Лесгафт қимылды ойындарды өте жинақы болуға жаттығу деп санай отырып, қимылды ойындар баланың ақыл-ойының айқын да ширақ, сезімі қызу, өткір, әрекеті ұйымдасқан жағдайда болады деген.

Құрастыру ойындарында конструкторлық қабілет, творчестволық қиялдаудан, эстетикалық сезімдердің жетілуінен басқа өз қимылын бақылау, оның күшін, бағытын ескеру дағдылары тәрбиеленеді. Құрастыру жұмысында мақсатқа жету ұстамдылықты, шыдамдылықты қажет етеді. Жұмыс нәтижесінде балалар әс жүзінде эстетикалық қуанышты, еңбек қуанышын танитын болады.

Тәрбиеші ойындардың мазмұнын балалардың бойында оңды көзқарас, Отанға, өз халқына сүйіспеншілік қалыптастыру үшін пайдаланады, оларды қоғамдық мінез-құлық ережесіне үйретеді. Ойын үстінде және ойын арқылы тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың батылдық, адалдық, ұстамдылық секілді сапалық қасиеттерін дамытады.

Педагогикалық басшылық болмаған жерде балалардың ойындары кейде жарамсыз ықпал жасауы да мүмкін. Н. К. Крупская былай деп жазған: «Қатыгездікке, дөрекілікке машықтандыратын, ұлттық өшпенділікті қоздыратын, нерв жүйесіне жаман әсер ететін, құмарпаздық, менменшілдік туғызатын ойындар бар. Сондай-ақ орасан зор тәрбиелік мәні бар, ерікті нығайтатын, әділет сезіміне, қиын жағдайда көмектесе білуге, т.т және т. с. с тәрбиелейтін ойындар да бар».

Ойынның оңды әсерін пайдаланып, жарамсыз ойындардың тууына жол бермеу үшін балаларды ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата білуге үйрету керек. Осы мақсатпен тәрбиеші ойын арқылы және ойын үстінде балаларға қайсыбір жағымды фактілердің мағынасын ашып береді, ол фактілерге баға береді, балалардың соларға еліктеуге ұмтылған ықыласын туғызады, сол арқылы олардың ойында бейнеленген нәрсеге көзқарасын қалыптастырады.

Тәрбиеші ойынды дене тәрбиесінің құралы ретінде кеңінен пайдаланады. Ойындардың көпшілігі қан айналысын күшейтіп, неғұрлым толық та терең зат алмасуына көмектесетін активті қозғалыстарды керек етеді. Активті қозғалыс дұрыс тұлғаның қалыптасуына, жүріс-тұрыстың икемді, әсем болуына жәрдемдеседі. Алайда ойын өзінен-өзі дене тәрбиесінің құралы бола салады деп ойлау қате болар еді. Педагогикалық басшылықсыз ойын баланың дене құрылысының дамуына зиян келтіруі де мүмкін. Кейде балалар ұзақ уақыт бір позада тұрып немесе, керісінше, шамадан тыс көп қимылдап, қатты шаршайды. Сондықтан тәрбиеші бәрінен бұрын балалар ойындары үшін гигиеналық шарттардың сақталуына қамқорлық жасайды.

Ойын эстетикалық тәрбие құралы ретінде де кеңінен пайдаланылады, өйткені балалар өздерін қоршаған дүниені роль, бейне арқылы көрсетеді. Ойында қиялдың – бұрын алған әсер негізінде бейне жасаудың зор маңызы бар. Көптеген ойындардың мазмұнына таныс әндер, билер, тақпақтар, жұмбақтар енгізіледі. Осының бәрі тәрбиешіге балалардың эстетикалық әсерленуін тереңдете түсуге мүмкіндік береді. Көп жағдайда олар ойында өз құрылыстарын жақсылап

безендіреді, маскарадтау элементтерін пайдаланады, мұның өзі көркемдік талғам тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, ойын балаларды жан-жақты тәрбиелеу және дамыту құралы болып табылады.

Ойын бала үшін – нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А. П. Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру – оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді».

Балалар ойында адамдардың белгілі қылықтарын, жеке ерекшеліктері мен өзара қарым-қатынастарын бейнелейді. Бірақ мұның бәрінің тасасында әлі баланың өзінің жеке басының шын қасиеті мен сапасы тұрған жоқ. Мысалы: ойында ақ пейілділік пен қамқорлық көрсетуді талап ететін рольді ойнап тұрған бала өмірде кейде өзімшіл және дөрекі болуы мүмкін. Міне, сондықтан да ойынға оның жоғары тәрбиелік тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық басшылықтың болуы өте маңызды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## **ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ СІЦІРУ**

*Серікбай А.Ф.*

*Ғылыми жетекшісі - Ұ.С. Асантаева аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

### **Аннотация**

*Эстетикалық талғамды тәрбиелеу адамның көңіл-күйіне, мінезіне қатысты мәселе. Айталық, көркем сөз бен картиналарды адам іштей бағалап, жан дүниесімен сезініп, терең ойға шомылып, ұнағанына қуанып, ұнамағанына реніш білдіріп отырады. Егер адам осындай көңіл күйіне түспесе, эстетикалық тәрбиеміздің пәрменсіз болатындығы түсінікті. Эстетикалық талғам - адамның түрлі өнер салаларынан алған түсініктерінің жиынтығы. Эстетикалық ұғым оның іргетасы, ол шәкірттердің жас өзгешеліктеріне байланысты өзгеріп отырады.*

Эстетикалық тәрбие беру балалардың өскен ортасына, жасына және ұлттық ерекшелігімен байланысып жатады. Мысалы, біздер төменгі сынып оқушыларын шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне таң-тамаша болып қайран қалатыны, олардың кейіпкерлерге баға беріп, өздеріне үлгі ететін кісінің жан - жүйесінің нәзік жақтарына көңіл қоя білмейтіні, ал олар адамның сыртқы тұрпатына ғана көңіл аударып, бұлардың ішкі астарына зейін қоймайтындығы, шығармаларда күйқылжытып жылдам орындалатын әндерді ұнататыны байқалса, жоғары сыныптардағы ересек шәкірттердің музыкалық шығармалардың орындалу шеберлігімен дауыс ырғақтары гармониясына көңіл бөле бастайтыны белгілі.

Дала ойшылдары өскеленнің эстетикалық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгені олардың жыр-толғауларынан жақсы байқалады.

Аса мәнді эстетикалық түйіндерді кейіннен ұлы Абай мен Сұлтанмахмұт аз айтпаған. Олар әннің, жырдың көркемдігін көкірегі ояу, жаны сезгіш, ойы қырағы адам шарықтаған шығармашылық қиялдың негізінде ұғынады деп түсіндірген. Бұл жерде біз табиғатпен үнемі етене араласып жүрген қазақ халқының ойлау мен қиялдау жүйесінің сыр-сипатын жақсы аңғарамыз. Ойшыл ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров: "халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді," - деп тегіннен-тегін айтпаған.

Эстетикалық тәрбиенің психологиялық астарлары жайлы айтқандары оның мына тұжырымдарынан да жақсы байқалып тұр: "Халықтың арғы-бергісін қозғап, естеріне түсіріп, мұң мұқтаждарын зарлап, кем кетігін көрсетіп, әдемі дауысымен күйқылжытып тұрғанда, қандай тас көңілді болса да жібімеген еркіне қоймайды. Халықтың қайдағы жайсыз жағдайы ойына қапталып түсіп, қандары қайнап, тіпті арқалары қозып кетеді. Әркімнің көңіл көздерінен жастар моншақтап ойлары балқығандай шарт шұрт қолшапалақтасады, ақшасының үстіне мың қайтара "Тәңір жарылқасынын" айтып тарқайды..."

Біздің қазақ - ән құмар халық. Біреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін қалмай қамалап, айтушыға айтшылап жанын жағасына келтіреді. Бара-бара не болса сол әндегі рух сүйегіне сіңеді, құлағында қалады," - деп ойшыл ақын психологиялық тұрғыдан аса мәнді тұжырым жасайды. Міне, қазақ ақын-жырауларының соңғы өкілінің айтқаны да өзінің арғы жыраулық дәуірдегі ата-бабаларының тағылымдарын жалғастыра түседі.

Есімі соңғы кездері жұртшылыққа мәлім бола бастаған Ө.Тілеуқабылұлы "Шипагерлік баянда" жан сұлулығы мен тән сұлулығы жайлы біраз пікірлер айтқан. Адамның жайдары мінезі, сөйлеу шеберлігі, әдемі киінуі, денесін жинақы ұстауы оны көркемдікке баулитындығын айта келіп былай дейді: "Әр пенденің тұлғалық бітімі, бет әлпеті, өз түсі, киім жарасымы, мінездемелік ұнасымды тақілеттер бір - бірімен айқындық парықталыс белгілеп танымал кісілер көргеннен жазбай танитын бітіске ие болуы жарақтық"

Ғұлама адамның киген киімі қонымды әрі жарасымды болса, таза болса, оның көңілін көтеріп, жанының жайдарлы болуына себеп болады дейді: "Пенде көркі," - деп жазды ол, - **ыппалық** жарастылық, яғни жапырақтық жарасақтылық дей келіп ұлпа әрі толық, әрі орамды, әрі жылы жарасымды әрлі болмағы мен сәнді болмағы шарт... "Ортағасырлықшипагердің бұл арадағы негізгі түйіні - адам денесі таза, кір-қожалақтан аулақ болса, одан түрлі жаралар аулақ жүреді. Сондықтан да баланы жас кезінен тазалық сақтау әдетіне дағдыландыру қажет.

Дене тік және сұнғақ болып қалыптасуы бала үшін ат үстінде мығым отыруы, жүріс - тұрысын үнемі бақылап отырғаны абзал.

Ғұлама - дененің көркем болып қалыптасуы үшін мынадай кеңес береді. Тамақты аз және жиі жеу, майлы тамақты жемеу, өйткені ол дененің терлеп, әрі жағымсыз иіс шығаруына себепші болады. Адам көбінесе жеміс-жидектерді көбірек жеуді әдетке айналдыру қажет. Дала ойшылы тамақты көп жеген адам абайсыз семіреді, сөйтіп тән сымбаттылығынан айырылады дей келіп, "Жөнсіз ас кекіртеді, одан қалса семіртеді" дегендей тұжырымдар жасайды.

Орта ғасырлардағы келесі бір қазақ ғұламасы шежіреші-тарихшы Қадырғали Жалайыри "ұлың батыр болсын, ал қызың көркем сұлу болсын" дейді. Оның осы түйіні Құран Кәрімдегі ер адамның күші мен көркі, зеректігі мен батырлығы үйлесіп жатуы тиіс дейтін қағидалармен үйлеседі. Ал, қыз баланың жайдарлы, сымбатты болуы өмірдің сәні және ұрпақтың көркем болып жалғасуының негізі. Ғұламаның - "Үйдегі нәрселер үй иесіне сай" деуінің өзінде де үлкен мән жатқан жоқ па? Мәселен, кейбір сылбыр-салақ тұратын отбасына бара қалсаң, дүниелері шашылып, шаң болып, қолаңсып жатады. Үй ішіндегілердің ұқыптылығы мен тазалығы жан мен тән сұлулығымен орайласып жатадындығы белгілі.

Жас ұрпақты әсемдік пен сұлулыққа тәрбиелеу жайлы небір сындарлы тағылымдар Бұқар жырауда да аз емес. Мәселен, ол "Күпшек санды күреңді" деп басталатын толғауында сол кездегі қазақ жұртының әсемдік пен әдемілік жайлы түсінігі туралы:

Еңсесі биік ақ орда.  
Салтанатқа орнатқан.  
Болаттан шеге соқтырып,  
Шаңырағын торлатқан.  
Қазығын қалайыдан қақтырып,  
Тоқпағын сом алтыннан соқтырып.  
Нақыра күміс тақтырып,  
Былғары сына піштіріп.  
Шыны аяқпен іштірген,  
Орындығын оймыштап.  
Ою-нақыш салдырған,

Сандығын сары алтынға малындырған, - деп келетін үзінділерде қазақ елінің сұлулық пен сымбаттылыққа қатысты ұнам-талғамдары жақсы көрсетілген.

Дала халқының салтанатты салиқалы өмір кешіп, әсемдікті ешқандай ғылыми қарым-категорияларды қапталмай-ақ, сұлулық пен әсемдікті жан рахатына пайдаланғаны көрініп тұр. Қазақ жанының сұлулыққа аса құмарлығы ою-өрнекті, зергерлікті үй мүліктеріне молынан қолданғаны хақ. Бұқар жырау сол жастарды зергерлік, бейнелеу, сәулет өнеріне тәрбиелеуде олардың көркемдікке шаттанып рахаттана білу сезімдерін дамыту қажеттілігін көре білген.

Қазақ ғұламалары әсем шаһар, салтанатты орда, адам көңілін жадырататын әшекей бұйымдарды қалайша жасау туралы жастарды зергерлік, ұсталық, шеберлік өнеріне баулуды ән мен күйді, жыр мен термені жанға азық етіп, жас өскіннің эстетикалық талғамын дамыту үшін оларды жастайынан белгілі бір өнердің майталманы етіп шығаруға болатындығын да айтып кетеді.

Мәселен, Өтейбойдақ бабамыз: ісмерлік - өнер, осы атаққа ие болғандар өнерпаз атанбақ, - дейді.

Орта ғасырлық қазақ ғұламалары ер бала мен қыз баланың эстетикалық талғамдары өзіндік ерекшеліктерге бөлінеді. Мәселен, олар ұлды соғыс өнеріне, мал бағуға, отын шабуға, тас қашап дирмен жасауға, аң аулауға, қолөнер шеберлігінің сан алуан қырларына баулу қажет дей келіп, қыз балаға үй жинау, ас пісіру, кесте тігу, кілем тоқу, тон пішу, музыкалық аспаптарда ойнау мен ән-күй, өлең айтуға аналары, әжелері айналысуы қажеттігін еске салады.

Күнбе-күнгі күйбең тіршілікпен айналысып жүрген ер жігіттер аяқ астынан шыға келген жауға тойтарыс беру үшін қару-жарағын асынып, торлама сауытын киіп жауынгер боп шыға келсе, кешке қарай сәнді киініп қолына үкілі домбырасын алып, ән салып серілік құрған. Сондықтан да осы жәйт жігіттің сұлтаны, сегіз қырлы бір сырлы ұлттық ұғымдардың туындауына себеп болған.

Халқымыз қыз бала сұлулық пен әдеміліктің символы деп түсінген. Сондықтан да, "қыз қылығымен" деген нақыл тегін айтылмаған. Бұл жөнінде Бұқар жырау: "қызда қылық болмаса, құр шырайдан не пайда - деп қыздың қуыршақтай жансыз сұлу болмай, жүректі шымырлатардай нәзік сезімді, тәтті қылықты болуын өнеге тұтады.

Сұлулықты түсіну ол адам жан дүниесінің байлығын байқатады. Сонымен қатар адамның сезім түйсіктерінің жан-жақты дамығандығымен қоса, қабылдау үрдісінің ойдағыдай дамып жетілуінің нәтижесі.

Сұлулық пен әсемдік көпшілік мән бере қоймайтын нәрселерге ерекше зейін қоюшылықпен тоқайласып жатыр.

Табиғаттағы әсем құбылыстарды, адам сымбатын және басқа сұлулықтың түрлерін тек байқағыштық қасиеті бар адамдар тез аңғарады.

Бұл жөнінде Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы былай дейді: "адам пендесі ақыл-ой парасаттылығы арқылы табиғат пен өмірдегі құбылыстарды тез аңғару шарт", - дейді.

Дала ойшылдары туған жердің әсем табиғат көріністерін жаз жайлауы, қыс қыстауын, асқар тауы мен жасыл орман, мөлдір бұлағы жайлы мәселеге жиі оралып отырған. Ақтамберді жырау

"Көкорай шалғын көк майса,  
Сырдың бойын жайладық.  
Жетісу, Балқаш, Ұлытау,  
Сауық құрып тойладық" - деп жырласа,  
Бұқар жырау:  
Боз мойынды бұл үйрек,  
Көлге қонар жаз күні.  
Бұралған назды сұлулар,  
Көл жағалар жаз күні, - дейді.

Әсем ән мен сазды күйге қазақ жаны ежелден әуес. Ол туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов:

Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу өмірге ғашық болып келеді" - деген еді. Табиғат төсінде сән-салтанат құра білген халықтың ұл-қыздары оның көркемдік сұлулығын тамашалай білгені хақ. Көл жағалап суға келген ару қыздардың сыр-сымбатына ғашық болған бозбала жігіттердің арманшыл, сыршыл қасиеттерге мол болатынын да қазақ жыраулары тамаша суреттеген.

Қазақ жағдайында қыз баланың бой түзеп, сұлу сымбатты болуына ерекше қам жеп сырласса сырын, мұндасса мұңын бөлісетін асыл жеңгелері қайын

сіңілілеріне бар жақсы өнегені үйретіп, бойжеткеннің жүріс-тұрысының әсем болуын ойлап, бар ақылын айтатын еді.

Асан қайғы жыраудың : "Қадірін жеңге білмесе, бойжеткен қыз ғаріп" осындайдан қалған тамаша тағылым.

Орта ғасырлық қазақ ғұламалары жастардың жан сұлулығының психологиялық иірімдерінің қалыптасуында табиғат пен қоғам өміріндегі сұлу көріністерге зор мән берумен қатар, қыз бен жігіттің сұлу сымбатты болуына қажетті неше түрлі үй-ішіндік жасаулар мен зергерлік әшекей заттарға ерекше мән берген. Мәселен, бойжеткендерге арнап жүзік, білезік, белдік, алқалар мен бойтұмар, шашқаптар, сырға мен шолпылардың небір түрлерін жасатып, оларға өздерінің тілектерін білдіретін. Мәселен, қыз белдіктеріне "Белің бекем болсын", "Жасың ұзақ болсын", "Сымбатына нұр жаусын" деген оң баталы ақ тілектер жазылып, сұлулық сымбатына көрік беру үшін зерлі сәукеле, кәмшат бөрік, үкілі тақиялар кигізген.

Қазіргі кезде де ұлтымыздың осынау тамаша ғибраты мен дәстүрін өмірге енгізсек, мұның қыз тәрбиесіне себі тиер еді. Халқымыз жігіттерге арнап оюлы ер-тоқым, зерлі қанжар, қылыш-қалқандар жасататын, жүріп тұруына ыңғайлы шапан мен шалбар, басына қалпақ не бөрік тіктіріп, олардың да сымбатты болуына ерекше мән берген. Белгілі ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектерінде де бір кездегі қазақтың әсемдік бұйымдары, оның ішінде бойжеткен мен бозбалаға арналған киімдер мен зергерлік заттар жәйлі аз айтылмағандығын естен шығармайық. Жастарымызды сымбат пен сұлулыққа тәрбиелеу мақсатында осы заман талабына сай үндесіп жатқан орта ғасырларда өмір сүрген ойшылдарымыздың өміршең тағылымдарын пайдалану тәлім-тәрбие сапасында қажетті шаралардың бірі.

Әрине, бұл айтылғандардың қазіргі заман талабына сай келе бермейтін жақтары да болуы мүмкін.

Біздің ойымызша, Орта ғасырлық қазақ зиялыларының саф алтындай тәлім-тәрбиелік ақыл кеңестерін бүгінгі күннің жағдайларына орайластыра пайдалану аса маңызды тәлім-тәрбиелік іс.

Қазақтың салт-дәстүрін, өмір сүру көрінісін, тіршілік мәнін, талап-талғамын сипаттайтын дәстүрлі мәдениеттің бір элементі ұлттық киім-кешектер болып табылады. Қазақ дәстүрлі қоғамында басымдық танытқан әсемдік пен сұлулықты бейнелейтін ұлттық киім эстетикалық мұраттар ұлттық көркемдік стилдің негізгі даму заңдылықтарына бағына отырып дамыды.

Киімнің жоғары сапада, биік талғамда тігілуі халықтың эстетикалық талғамының ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қазақ қоғамында эстетикалық мұраттың басымдылығын танытады. Қазақтың ежелгі сән үлгілерінің синтезі ретінде ұлттық киім мәдениетінің екі түрін: ұлттық психология мен мәдениеттің өзіндік қалпын баяндайтын дәстүрлі мәдениетті және ұлттық киімді жасауда әдемілікті талап ететін эстетикалық мәдениетті жинақтаған.

- Ұлттық киімнің көптеген элементтерінің сақталуы мен сабақтастығы және қазақтардың қазіргі киімдерінде олардың шеберлікпен өңделіп пайдаланылуы халықтың өзі қалыптастырған эстетикалық үрдістер мен талғамның, шығармашылық әдістер мен қағидалардың жүйе ретінде ұлттық көркемдік дәстүрдің тұрақты екенін дәлелдейді.

- Ұлттық мәдениеттің құрамдас бөліктері болып табылатын ұлттық мерекелер, ойындар мен киімдерде кездесетін эстетикалық өлшемдер қазақ

халқының көркемтуындыларының жемісі. Ұлттық мәдениетіміздің осындай көркемдік жақтарын бала тәрбиесіне таңдап, талғап, эстетикалық тұрғыдан айқындап сіңіру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бүгінгі жаңа технологияны халықтық тәрбиемен ұштастыра іске асыруды жүзеге асыру көзделеді.

Өйткені, ұлттық тәрбие ұлттық мәдениетімізді өркендетудің қайнар көзі болып табылады.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа отандық және әлемдік көркем әдебиет пен өнердің озық үлгілері негізінде эстетикалық тәрбие беру міндетін жүзеге асыруда мектеп пен мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Талапқа сәйкес қазіргі уақытта мұғалімдердің білім даярлығын арттырып, оларға эстетикалық тәрбие беру мен методикасынан терең білім беруге айрықша назар аударылып отыр.

Бастауыш және жоғары сыныш мұғалімдерінің эстетикалық тәрбие әдістемесін жоғары деңгейде меңгерген болуы лазым. Олар мектеп табалдырған бірінші рет аттаған бүлдіршіндердің бойына әсемдік сезімін дарытып, өнер туындыларын, туған табиғатымыздың сұлулығы мен байлығын қадірлей білуге үйретуге тиісті.

Сондықтан, республика мектептерінің мұғалімдеріне эстетикадан терең білім беріп, жас жеткіншіктердің әсемдік сезімдерін тәрбиелеу әдіс-тәсілдерімен қаруландыру педагогика ғылымының саласы тәрбие теориясы мен әдістемесінің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Қорыта келе айтарымыз, бүгінгі таңдағы жалпы білім беретін мектептің мақсаты белгілі білім мен дағдылар жиынтығын ғана меңгерген азаматтар ғана емес, ұлттық дүниетаным негізінде өз көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі болса да тең дәрежеде қатар тұратын тұлғаларды тәрбиелепөсіру.

Мақсатымыз-өз ұлтымыздың тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ел жанды тұлға тәрбиелеу.

Оқушылардың эстетиканы меңгеруі тек өнер сабақтарын оқытумен шектелмейді, ол барлық педагогикалық процестер әрекеттерінде кездеседі. Басқа сөзбен айтқанда, адам тікелей өнер туындылармен: суретпен, музыкамен, поэзиямен айналысқанда ғана суреткер болып қоймайды. Эстетиканың бастамасы оқу мәдениет еңбегінде, оқушының өзін және өзін қоршаған ортаны өзгертуіне бағыталған әрекеттеріне негізделуі тиіс.

Адамның болмысқа деген эстетикалық қатынасы өзінің пайда болуында еңбек әрекеттеріне міндетті еңбекті дене ойыны мен рухани күштұрғысында әдемілік, сәулеттілік құбылыстары тұрғысында түсініп, әсерлену, эстетикалық тәрбиенің негізі мен адамның дамуын қалыптастырады.

Бала еңбегі масылдыққа айналмай, эстетикалық ләззат әкелуі үшін, ол қоғамның қажетінен шығуы керек, қимылдың нақтылығымен, уақыт үнемділігімен, берілгендігімен байқалып, қанағаттанарлық және табыс сезімін әкелуі керек. Ден қимылының ептілікте, дәлдікте, ырғақтылықта, қуанышта байқалатын үйлесімділігі ішкі рухани әсемділікті тудырады. Оны балалар үлкен эстетикалық байлық ретінде бағалап қабылдайды.

Эстетикалық әсер көбіне оқыту әрекеттері арқылы беріледі. Мәселен, математикада: шешімі немесе дәлелдеуі әсем, нақышты екен деген сөздер жиі айтылады. Бұл жай айтыла салған сөз емес, шын мәнінде оның негізінде ең



жоғары үйлесімділік пен мақсатқа сәйкестілік жатыр. Егер бүгінгі бірінші кластың математикасын алатын болсақ, ол бұрынғысынан өте күрделенген, жоғары математикаға жақын. Шығармашылық ізденіс кезінде оқушы тақырып, шешімінің айқындылығын, бірлігі мен қисындылығын аңғара отырып, танымның қуанышы мен әсемділігін сезінеді.

Демек, эстетика тек заттардың өзіне және шындық құбылыстарына тән, ол біздің түсінігімізде де, қоршаған ортаға деген қатынасымызға да байланысты емес. Тек адамның тарихи даму процесінде «адамның сезімділігінің субъективті байлығы: музыкалық құлағы, сұлулықты сезінетін көзі» болады.

Ортаны эстетикалық тұрғыда меңгерудің субъективті жағы болып эстетикалық сезім, талғам, баға, әсерленушілік, ой – сана, армандар, яғни адамның эстетикалық санасы алға шығады.

### ***Библиографиялық тізім***

- 1.Қазақстан Республикасының "Білім туралы заңы" 27.VII – 2007ж. Алматы.2007.
- 2.Қазақстан Республикасының Орта білімді дамытутұжырымдамасы. «Ана тілі». 19 маусым. 2017ж
- 3.Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімберуді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 26 желтоқсан. 2018.
4. Назарбаев Н.Ә. 2017 жылғы «Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы», Алматы, 2017ж. Білім баспасы.

## **ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Ахимова Улбосын Дуйсенбаевна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
п.ғ.к. Керимбекова А.*

### ***Аннотация***

*Қазақ мәдениетін – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар.*

Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық құралдарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы- халықтың мәдени мұрасы.

Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан. Ал этностық (ұлттық) ерекшеліктері сол этностың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи әлеуметтік, жағрафиялық жағдайларына, генетикалық, физиологиялық т.б. ұлттық ерекшелігіне байланысты болатыны белгілі [1].

Тәрбиелеу- мәдениетке баулу деген сөз. Қазақ халқы өзінің тәрбиелеу, дүниетану жүйесін көшпелі және отырықшылдық тұрмысқа байланысты, тарихи -

элеуметтік жағдайларға сәйкес дамытып, өзінің ұлттық (этностық) мәдени ерекшеліктерін қалыптастырды.

Қазақ халқының мәдениетіндегі тәрбие мен оқыту ерекшеліктері оның ғасырлар бойын дамып, қалыптасқан ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімшілдік десек; Рухани болмыстары: өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, жадына сақтай білу қабілеттілігі оның ұлттық ерекшеліктерін танытады.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге (ұлт педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық тәрбие жүйесін халықтық тәлім-тәрбие дейміз де, ол туралы тұжырымдалған ғылыми жүйені халық педагогикасы дейміз.

Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінің құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйретуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адами қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана-сапасын арттырады.

Ал, ұлттық салт-дәстүрлер игі әдебиеттердің әдет-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүрге (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүрге (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (ұлттық қолданыстың қолданылмалы заңға айналуы), салттан салт-сана (дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсететін жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады.

Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайырымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін көрсетеді де, ол жеке тұлғалардың ұлттық қасиеттерін қалыптастырады.

Халық педагогикасы- сол халықтың тұрмыстық, өмірлік тәжірибесінен дамып, қалыптасқан ұлттық тәрбиелік және дүниетанымдық жүйені көрсететін ғылым саласы. Халықтың (этностың) тәжірибесінсіз “педагог та жоқ, педагогика да жоқ “ (К.Д. Ушинский). “Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз” (Аристотель). Сол халық тәжірибесі арқылы дамып қалыптасқан “Халық педагогикасы-империкалық білімдер жиынтығы”(Г.С. Виноградов) болып табылады. Қазақ халқының халық педагогикасы ұлттық тәрбие құралы ретінде оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін қалыптастырады.

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті – тарихи мәні бар, өзіндік ерекшеліктері бар құбылыс. Этнопедагогика – ұлттың мәдени мұрасы, тәрбие негіздері. Белгілі ғалым А.Қасымжанов: “Мәдени эмпирикалық деректер мен айғақтарға талдау жасай келе және ғылыми ілімдерге сүйене отырып, этномәдени уақыттың рухани дүниетанымдағы (негізінен қазақ халқының) кезеңдерін (мифологиялық уақыт, архетиптік уақыт, өркениеттік уақыт, дәстүрлік уақыт, инновациялық уақыт) ғылыми түрде, айқындап көрсетеді. Ағартушылық – қазақ халқының ХІХ ғасырдағы рухани мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады”, – дейді (Қасымжанов А. Рухани тамырлар. “Қазақ”, 90-б.).

Ұлттық мәдениеттің даму кезеңдерінің қай дәуірін алсақ та, ол халықтың ұлттық (халықтық) педагогикасымен сабақтасып жатқанын көреміз. Ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Ал, тәрбие дүниетаныммен, өмір заңдылықтарымен (философиямен) тығыз байланысты.

Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері (халық педагогикасы) ең әуелі дүниетанытуды, содан кейін тәрбиелеуді, ол үшін өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді.

Қазақтың халық педагогикасының үлкен бір саласы ауыз әдебиеті (жалпы әдебиет) – ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, әсемдікті сезуге, тіл мәдениетіне құштарландыра тәрбиелейтін құдіретті құрал. Оның тәрбиелік кеңістігі мен қуаттылығы тарихи кезеңдер мен уақыттарға байланысты өлшенеді.

Мәдениеттің өмірдегі көрінісі – ұлттық тәрбиенің жемісі. Әдебиет – тәрбиенің (мәдениеттілікке тәрбиелеудің) басты құралы болып табылады. Кез келген әдеби шығарманың эстетикалық (көркемдік) мәні тәрбиеленушінің этикасы мен этникасын (әдебин) яғни мәдениетін қалыптастыруға себін тигізеді, әсер беріп адамдығын қалыптастырады.

Жас ұрпақтың әдептілігін (мәдени болмысын) дамытып қалыптастыру үшін, қазақ халқы әдебиеттің әдептілікке үйрететін үрдістерін жан-жақты пайдалана білген.

Ең әуелі бір жастан бес жасқа дейінгі баланың адамдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында, қазақ халқы тілашар дәстүрі сияқты ұлттың шығармашылық жемістерін барынша қолданып, оны тәрбие құралы етіп, пайдаланған.

Әсіресе, қазақ халқының мақал-мәтелдері ұрпақты мәдениеттілікке тәрбиелеудің ең басты құралы болды.

*“Туған жерге туың тік”*, *“Кісі елінде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол”* сияқты мақалдар туған жерді сүю отанды ардақтау мәдениетін үйретуді көздейді.

*“Кәсіп, кәсіптің түбі – нәсіп”*, *“Аз да болса, саз болсын”* сияқты мақалдар кәсіпте мәдениет негізі екендігін меңзеп, *“аз да болса, саз”* еңбек мәдениетін үлгі етіп көрсетеді.

*“Бірлік болмай, тірлік болмас”*, *“Ырыс алды ынтымақ”* сияқты мақалдар ынтымақ пен бірлік ұлттық мәдениеттің өзекті бір түйіні екендігін түйсіндіреді де, *“Бас басыңа би болсаң, Манар тауға симассың. Бір данаға жол берсең, жанған отқа күймессің”* деп түйіндейді.

*“Бөріктіңің намысы бір”*, *“Ер мойнында қыл арқан шірімес”* деп, халық ер азаматтардың намыстылығын және олардың елге қызмет ету мәдениеті әруақытта сақталады деп, олардың халық алдында парызын мойындатады.

Қазақ – ақын халық. Қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы, жұмбақ айтыс, хайуанаттар айтысы сөз көркемдігімен, тіл жатықтығымен тыңдаушының көркемдік сезімін оятумен қатар, жастарды өнерге баурап, оларға әдептілікті, инабаттылықты, мәдениеттілікті үйретеді. Мысалы: Орманқұл мен Тәбияның айтысында,

“Бос мойын, бота тірсек бозбала көп,  
Киіздей шала басып, қарпылмаған”- деп,

Тәбия қазақ жігіттерінің мәдениеттілігі аз екенін бір ауыз өлеңмен түйіндейді.

Бұрынғы және қазіргі айтыс өнерінде айтыс барысында әдепті бұзған ақын әруақытта жеңіліп қалып отырады. Айтыс жанры өлең өрнектерінің көркем болуын талап етеді де, тыңдаушының, айтушының көркемдік (эстетикалық) сезімін оятады. Мәселен, Біржан Сал мен ақын Сараның айтысында сұлулықты көркемдікті, әсем мінезді қастерлей жырлау басым. Мысалы:

“Тамағым жас баланың білегіндей,

Иығым сандалеттің тірегіндей.  
Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,  
Талбойым жолбарыстың жүрегіндей”  
деп, Ақын Сара өз бейнесін көркем суреттейді.

Қазақ халқының салт дәстүрлеріндегі мәдени негіздер.

Ұлттық салт-сана сол ұлттың мәдени дәрежесін, рухани сапасын көрсетеді.

Этнопедагогиканың негізгі бір саласы – ұлттық салт-дәстүрлер болса, сол ұлттың салт-санасының қалыптасу заңдылықтары бар, яғни мәдени өзегі мен өркендеу өрнектері айқын көрінеді. Ұлттық салт-сананың қалыптасуының бастауы сол ұлттың құрамындағы жеке тұлғалардың игі әдеттерінен басталады. Игі әдеттер жеке тұлғаларға әсерін тигізіп, ол көпшіліктің қолданысына (әдет-ғұрыпқа, әдепке) айналады да, ол ұлттың мәдени іргенегізі болып қаланады.

Әрбір ұлттың мәдени іргенегізі – әдеп (этика, этника) ұлттық заңды қолданысқа айналса, оны дәстүр дейміз. Дәстүр өмірге біржола кіріккенде ол – салт болады. Сөйтіп мәдени іс-әрекеттің ұлттық қасиетке (заңдылыққа) айналуы салт-сана деп аталады. Бұл құбылысты этнопедагогикада мәдени сәулет дейміз.

Ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, *салауаттылық, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық* сияқты мәдени көріністерін табады.

Ұлттық мәдениеттің дәстүрдегі бастау көрінісі – сәлемдесу. Сәлем – әдептіліктің, яғни мәдениеттіліктің белгісі. Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем ету сияқты түрлері өзінің жөн-жоралғылық (мәдени) ерекшеліктерімен сараланады. Қазақ келіні сәлем ету кезінде инабаттылық көрсетіп, үлкенге шынайы күлімдеп, жылы шырай көрсетсе, оның мәдениеттілігінің өз дәрежесі белгілі болады.

Ұлттық мәдениеттіліктің белгілері, әсіресе, отбасындағы сыйласымнан көрінеді. “*Әке – отбасының пірі*”, “*ана-әулеттің күні*” деп халық от басындағы сыйласым мәдениетін ең әуелі ата-ананы сыйлаудан бастауды үйретеді, талап етеді. Отбасындағы сыйласымдық дәстүр бойынша ата, әке, аға, іні, әже, ана, әпке, сіңлі ұғымдарына сәйкес әрбір адамның өзінің сыйласымдық міндеттері мен борыштары және перзенттік парызы болады.

Халық отбасынан кейінгі сыйласым мәдениетін ұлағатты ұстазға инабатты шәкірт бола білу деп түйеді. Өйткені ұстаз өнеге көрсетеді, мәдениеттілікті үйретеді. Сондықтан шәкірт ұстаздан мәдениеттілікті үйренумен қатар, ұстаз бен мәдениетті түрде қарым-қатынас жасай білуге міндетті. Оның үстіне ұстаз “сегіз қырлы, бір сырлы” өзінің мәдениеттілік қасиеттерін шәкіртінің бойына сіңіріп, жүрегінде нұр жандырады. Ұстазын сыйлай білген шәкірт, өзінің ата-анасын, халқын да сыйлай білетін мәдениетті азамат болып өседі.

Ұлттық дәстүр бойынша, әдеппен сөйлеу, көпшілік орындарында әдепті болу, инабатты, иманжүзділік талап етіледі. Үлкеннің атына сыйласым мен ізеттілік белгісі ретінде “еке” деген сыйласымдық жұрнақ қосылып (Әдеке, Беке, Ардеке т.б.) айтылса, және “апашым”, “апатайым”, “ағатайым” деп атаса, кішілерге және балаларға сөз айтқанда “жаным”, “күнім”, “айым”, “ботам”, “құлыным” деген инабатты сөздер қосылып айтылып, дәстүрлік мәдени үрдістер қолданылады.

Қазақтың ұлттық: имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, дәстүрлері, меймандостық, қонақжайлылық дәстүрлеріндегі рәсімдері – ұлттық мәдениеттің айқын белгілері болып табылады. Мысалы, кісі күту дәстүрі бойынша қонақ қабылдау, қонақасы беру, қонақ кәде жасау ұлттық мәдени рәсімдер арқылы орындалады.

“Халқыңды сүйсең, салтыңды сүй” деп халық ұлттық тәрбиеде қасиетті туған жерді қастерлеу, халықты қастерлеу, текті, ұлтты, жалпы адамзатты сүюді парыз деп санайды, халық педагогикасының мәдени, рухани кредосы – әдептілік.

Ойын бала үшін – нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А. П. Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру – оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді».

Балалар ойында адамдардың белгілі қылықтарын, жеке ерекшеліктері мен өзара қарым-қатынастарын бейнелейді. Бірақ мұның бәрінің тасасында әлі баланың өзінің жеке басының шын қасиеті мен сапасы тұрған жоқ. Мысалы: ойында ақ пейілділік пен қамқорлық көрсетуді талап ететін рольді ойнап тұрған бала өмірде кейде өзімшіл және дөрекі болуы мүмкін. Міне, сондықтан да ойынға оның жоғары тәрбиелік тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық басшылықтың болуы өте маңызды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.

### **БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ БАЛАЛАРДЫҢ ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ІС- ӘРЕКЕТІНДАМУ**

*Байгелова Дана Мухаметкановна*

*Шымкент Университеті*

*«педагогика және психология»*

*мамандығының 2-курс магистрі*

*Рысбаева Аршагуль Клышбековна д.п.н., профессор*

*Оразметов Марат Умирханович,*

*Х.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, магистр, оқытушы*

#### **Аннотация**

*Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.*

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар - ойын қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементерді, кенінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көрністеріне таңқалдырып, өз сезімін мимика, тағы басқа көріністер арқылы үйретеді.

Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойынның түрлері көп, қазақ тілін үйретуде театрландырылған ойындардың маңызы зор. Театрлық іс - әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой - өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

Негізгі мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту;
- Сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;
- Театрлық іс - әрекетті ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Міндеттері:

Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын жетілдіру.

Балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты тапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу.

Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.

Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар: Саусақ театрында— саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

Үстел үстіндегі театры - Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; магнит театры.

^ Көлеңкелі театр - Жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Қуыршақ театры- Бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

Қуыршақ театры күнделікті ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде балаларды мадақтау, мақтау үшін, олармен амандасып, қоштасу үшін қолданылады. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі. Тағы да суреттер (картиналар) , стенд-кітапша театры , фланелеграф, трафарет театры болады.

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінге балалардан эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Сахналық өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, мәнерлеп айта білуге үйренеді. Соның нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянды. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге ынталана, құштарланып қатысып отырды. Осы жұмыстарды өткізген кезінде әрбір ұлттық халық ертегілерінен көріністер қойылады. Балалар өз беттерімен ойнаған дербес іс-әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болды. Балалардың шығармашылығы тек рөлдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар

дайындағанда да көрінді. Қуыршақтардың түр-түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезеңдегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театр ойындар түрі тиімді нәтиже береді. Ойын - тәрбие берудің ең тиімді амалдарының бірі. «Балабақшада тәрбие беру программасында» баланың денесі мен психикалық жетілуі, жеке басының дамуы үшін, балалар қоғамының қалыптасуы үшін ойынның үлкен маңызы бар екені атап көрсетіледі. «Бала қоғамының қалыптасуының ең үлкен мүмкіндігі балалардың ойын әрекеті арқылы қамтамасыз етілетінін қоғамдық тәрбие беру тәжірибесін көрсетіп отырса, ал зерттеу оны дәлелдей түсті, - деп атап көрсетеді А. П. Усова. – Ойын кезінде ғана балалардың қоғамдық өмірі барынша толығырақ түседі». Ойын әрекетінің осы мүмкіндігіне сүйене отырып, А. П. Усова ойынды «қоғамдық» сапалы қасиеттерді тәрбиелеу амалы ретінде қарастырды. Программа ойынның әр түріне байланысты тәрбиелік міндеттерді айқындайды: қимылды ойындар балалардың қозғалысының жетілуіне, дидактикалық ойындар ақыл-ойының қалыптасуына, адамдардың еңбегі мен тұрмысын бейнелейтін сюжетті-рольді ойындар моральдық және т.б қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі.

Ойынға берілген осы сипаттаманы жетекшілікке ала отырып, бұл белгілердің шартты түрде ұсынылғанын, ойынның әрбір түрінде тәрбиешілердің назар аударуы керек басқа да мүмкіндіктер бар екенін ұмытуға болмайды. Мәселен, қимылды ойындар кездерінде қозғалыстың белсенді болуы тек қимыл аппараттарын ғана нығайтып қоймайды, сонымен бірге көбіне баланың нервтік-психикалық тұрғыдан жетілуіне де әсерін тигізеді. П. Ф. Лесгафт қимылды ойындарды өте жинақы болуға жаттығу деп санай отырып, қимылды ойындар баланың ақыл-ойының айқын да ширақ, сезімі қызу, өткір, әрекеті ұйымдасқан жағдайда болады деген.

Құрастыру ойындарында конструкторлық қабілет, творчестволық қиялдаудан, эстетикалық сезімдердің жетілуінен басқа өз қимылын бақылау, оның күшін, бағытын ескеру дағдылары тәрбиеленеді. Құрастыру жұмысында мақсатқа жету ұстамдылықты, шыдамдылықты қажет етеді. Жұмыс нәтижесінде балалар әс жүзінде эстетикалық қуанышты, еңбек қуанышын танитын болады.

Тәрбиеші ойындардың мазмұнын балалардың бойында оңды көзқарас, Отанға, өз халқына сүйіспеншілік қалыптастыру үшін пайдаланады, оларды қоғамдық мінез-құлық ережесіне үйретеді. Ойын үстінде және ойын арқылы тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың батылдық, адалдық, ұстамдылық секілді сапалық қасиеттерін дамытады.

Педагогикалық басшылық болмаған жерде балалардың ойындары кейде жарамсыз ықпал жасауы да мүмкін. Н. К. Крупская былай деп жазған: «Қатыгездікке, дөрекілікке машықтандыратын, ұлттық өшпенділікті қоздыратын, нерв жүйесіне жаман әсер ететін, құмарпаздық, менменшілдік туғызатын ойындар бар. Сондай-ақ орасан зор тәрбиелік мәні бар, ерікті нығайтатын, әділет сезіміне, қиын жағдайда көмектесе білуге, т.т және т. с. с тәрбиелейтін ойындар да бар».

Ойынның оңды әсерін пайдаланып, жарамсыз ойындардың тууына жол бермеу үшін балаларды ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата білуге үйрету керек. Осы мақсатпен тәрбиеші ойын арқылы және ойын үстінде балаларға қайсыбір жағымды фактілердің мағынасын ашып береді, ол фактілерге баға береді, балалардың соларға еліктеуге ұмтылған ықыласын туғызады, сол арқылы олардың ойында бейнеленген нәрсеге көзқарасын қалыптастырады.



Тәрбиеші ойынды дене тәрбиесінің құралы ретінде кеңінен пайдаланады. Ойындардың көпшілігі қан айналысын күшейтіп, неғұрлым толық та терең зат алмасуына көмектесетін активті қозғалыстарды керек етеді. Активті қозғалыс дұрыс тұлғаның қалыптасуына, жүріс-тұрыстың икемді, әсем болуына жәрдемдеседі. Алайда ойын өзінен-өзі дене тәрбиесінің құралы бола салады деп ойлау қате болар еді. Педагогикалық басшылықсыз ойын баланың дене құрылысының дамуына зиян келтіруі де мүмкін. Кейде балалар ұзақ уақыт бір позада тұрып немесе, керісінше, шамадан тыс көп қимылдап, қатты шаршайды. Сондықтан тәрбиеші бәрінен бұрын балалар ойындары үшін гигиеналық шарттардың сақталуына қамқорлық жасайды.

Ойын эстетикалық тәрбие құралы ретінде де кеңінен пайдаланылады, өйткені балалар өздерін қоршаған дүниені роль, бейне арқылы көрсетеді. Ойында қиялдың – бұрын алған әсер негізінде бейне жасаудың зор маңызы бар. Көптеген ойындардың мазмұнына таныс әндер, билер, тақпақтар, жұмбақтар енгізіледі. Осының бәрі тәрбиешіге балалардың эстетикалық әсерленуін тереңдете түсуге мүмкіндік береді. Көп жағдайда олар ойында өз құрылыстарын жақсылап безендіреді, маскарадтау элементтерін пайдаланады, мұның өзі көркемдік талғам тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, ойын балаларды жан-жақты тәрбиелеу және дамыту құралы болып табылады.

Ойын бала үшін – нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А. П. Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру – оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді». Сонымен қатар баланың толыққанды психофизиологиялық дамуы мен олардың денсаулығын нығайту міндеттерін шешеді; Жаттығу кешенін орындау үшін баланың дербестігі, өзіне сенімділігі және қиындықты еңсеру үдерістеріне жеткен нәтижесіне қанағаттанарлық сезімі жақсы стимул болып табылады. Түрлі сипатта туындаған қиындықты (кездескен түрлі кедергілер, жасқаншақ, тол-қу, қимыл-қозғалысты орындау тәсілін білмейтіні және т.с.с.) жеңу нәтижесінде алған қанағаттанарлық ерік күшінің дамуына ықпалын тигізіп, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытады. Ойындық жаттығулар апталық тақырыпқа сай жинақталып, шығарма мазмұнымен тығыз өзара байланымда болады. Педагог оларды түрлендіріп, мазмұнын басқа да ойын тәсілдермен толықтырып қолданады. Қимылды ойындар баланың нервтік-психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды сапаларының қалыптасуына үлкен әсер етеді. Бұл ойындардан баланың еркі, тапқырлығы, батылдығы, шапшаңдығы, мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасып дамиды. Бұндай ойындарға: «Ханталапай», «Жасырынбақ», «Соқыр теке»,

«Сиқырлы таяқ», «Атқаума» т.б. көптеген ойындарды жатқызуға болады.

Қоршаған өмірдің қарапайым құбылыстары жайлы дұрыс ұғымдарды қалыптастыру, танымдық - психикалық процестерді, түйсікті, қабылдауды, қиялдауды, ойлауды, сөйлеуді дамыту, интеллектуалдық іскерлікпен дағдыны дамыту, ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін ойын арқылы дамытуға болады. Ақыл-ойды дамыту ойындарына: «Не өзгерді?», «Артық затты тап?»,

«Жеміс дүкені». «Асық ату». және т.б. жатқызамыз. Бұл ойындар баланың танымдылық белсенділігін оятып, зейінін және ес процессін дамытады.

Балалар ертеден бастап ән, ертегі тыңдайды, суреттер қарайды. Тәрбиеші баланың сұлулық сезімін тәрбиелеп, эстетикалық ұғым, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруы керек. Бұл қасиеттерді де тәрбиеші ойын арқылы іске асырады. Мысалы: «Мен жақсы көремін», «Гүлдер», «Күзгі жапырақ» т.б.

Әр балада кішкене кезінен бастап-ақ темпераментіне байланысты мінез-құлық нормалары қалыптасады, қоғамға деген мінез-құлық мәдениеті көріне бастайды. Достарына, туыстарына, ата-анасына жалпы қоғамға деген дұрыс көзқарас қалыптастырып, баланы шеберлікке, ептілікке, қиын кезде жол таба білуге, ақылдылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеуді де ойын арқылы іске асыруға болады. Мысалы: «Бір-бірінің жақсы қылықтарын айтып мадақтау», «Мен жақсы көремін», «Көмек», «Менің ең жақыным» және т.б. ойындарды ойнату арқылы нәтижеге жетуге болады. Әр бір топта міндетті түрде мінезі, темпераментіне байланысты болсын, үйіндегі жағдайға байланысты бір мазасыз, тым пысық немесе қорқақ балалар болады. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те – дегендей бұндай балаға іші пыспайтын, мінез құлқын дұрыс қалыптастыруа көмек беретін, қорқынышы болса жеңе алатындай ойындар ойнатуымыз керек. Мысалы: «Анам мені не үшін жақсы көреді?», «Мақтаулар» ойыны, «Шыңқ етер», «Мүсін» т.б. Ойын ойнатқан кезде сыртта бір де бір бала назардан тыс қалмау керек, ойынға міндетті түрде бәрі қатысуы керек, ойынның шартын түсіндіріп, балалар түгел бәрі түсінгенде ғана басталуы керек. Тәрбиешілердің жылдық жоспарындағы ойындары бір ғана бағытта болмауы керек яғни, денсаулығын дамыту, ақыл-ойын дамыту, мінез-құлықты қалыптастыру, сұлулық тәрбиесін дамыту ойындары да болу керек. Біз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қана қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы ретінде қарауымыз керек. Міне осы кезде біз көздеген мақсатымызға жетеміз.

Баланың ой-өрісін ойын арқылы дамытуда халықтық педагогиканың, халық ойындарының маңызы зор. Халық ойындары тосыннан туған қызықты кезеңдермен, балаларға ұнайтын санамақ, жаңылпаш, жұмбақ, күлдіргі ойындармен жиі сүйемелденіп отырады. Санамақ, жұмбақ, жаңылпаш баланың ой-өрісінің дамуына ықпал етсе, сиқырлы таяқ, аударыспақ, ақсерек-көксерек, жасырынбақ зейінімен қатар дене тәрбиесіне де ықпалын тигізетіні сөзсіз. «Ойын арқылы баланы жан-жақты дамыту» деген сөзге үлкен мән бергеніміз жөн. Тәрбиедегі негізгі мақсат баланы жастайынан әлеуметтік ортада міндетті қарым-қатынас жасай білуге, елжанды болуға баулу. Бүгінгі бүлдіршіндер еліміздің байрағын желбіретер ертеңгі азамат. Бұл тәрбие балабақшадан бастап беріледі, ал баланың біз жан жақты дамыту үшін әрі жеңіл, әрі қызықты, тез қабылдайтын тәжірибе жолын пайдалануымыз керек, ол – ойын. Ал ойын – тәрбие берудің ең тиімді тәсілдерінің бірі.

Бала өмірінің алғашқы алты-жеті жылы – оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең, бұл кезде ақыл-ой қабілеті, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық сезімдері қалыптасады. Баланың адам ретінде қалыптасуының осы жақтары қызықты, мазмұнды сабақ, еңбек, ойын процесінде тәрбиеленеді. Бала өмірінің алғашқы алты-жеті жылы – оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең, бұл кезде ақыл-ой қабілеті, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық сезімдері қалыптасады. Баланың адам ретінде қалыптасуының осы жақтары қызықты, мазмұнды сабақ, еңбек, ойын процесінде тәрбиеленеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.

### **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРЛЕРІ**

*Г.Т.Мұқажан*

*Ғылыми жетекшісі-У.С.Байзакова, магистр-*

*оқытушы*

*Шымкент университеті, Шымкент*

*қаласы*

#### ***Аннотация***

*Біз өмір сүріп отырған ғасыр жоғарғы технологиялар ғасыры. Қазіргі балалар интернет, компьютерлік ойындар мен әлеуметтік желілер әлемінде өмір сүреді. Осында ақпараттық мәдениет ортасында мұғалімнің ролінің ауысуы пайда болады, қазір ол балаларға түсіп отырған ақпараттың үйлестірушісі болады. Сондықтан балалармен мұғалімнің қарым- қатынасы бір тілде жүру үшін мұғалім жаңа әдістерді меңгеруі қажет.*

Бүгінгі таңда жас ұрпақ алдында "Қазақстан - 2050" бағдарламасындағы барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы деген ұзақ мерзімдік міндетін үшінші мыңжылдықта іске асыру жауапкершілігі тұр. Оқытудың мәңгілік сауалы: "Нені оқыту, қалай оқыту" күрделіленіп барады. Біріншіден, білім ауқымы адам айтқысыз кеңейді, технология дамып ақпаратты таңдай білу мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Ендігі жерде көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп отыратын қоғамда өз күш-жігерін қай салаға бұру керектігін оқушы өзі таңдайды.

Қазіргі кезде оқушыларды ғылыми жұмыстарға баулу, заман талабына сай өз ойын еркін жеткізе білетін дарынды, білімді де салауатты тұлғаны қалыптастыру жолындағы жасампаз еңбек адам баласы қызметінің ең күрделі түріне жатады.

Компьютерлік үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір оқытушы үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа оқытушы үшін өтілген материал тәрізді. Инновацияны «жаңашыл», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал компьютерлік үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп қарауға болады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Компьютерлік технологияны меңгеру әрбір оқытушының интеллектуалдық, кәсіби, рухани-адамгершілік, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына

көмектеседі. Компьютерлік -педагогикалық технологиялар шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Компьютерлік білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Компьютерлік қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану — біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек .

Ол әр педагогтан өз қызметінде жеке тұлғаға, оның қызығушылығы мен проблемасына бет бұруда маңызды өзгерісті талап етеді. Біз де әрдайым білім берудің жаңа технологиясын меңгеріп, жұмыстың тиімді жолдарын табу үшін жұмыстану үстіндеміз. Мақсат та айқын. Ол — балалардың мектепке қызығушылығын және оқуға ынтасын көтеруге мүмкіндік беретін қазіргі педагогикалық технологияларды қолдану, баланың жеке тұлғасын және шығармашылық ынтымақтастық жағдай қалыптастыру.

Инновация дегеніміз — жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы. Кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі міндеті – белгілі бір көлемдегі білім берумен шектелмей, алынған кәсіптік білімді адам өз қажетіне, өмірдің нақты жағдайларында қолдана біліп, қоғамға пайдасын келтіру.

Білім — әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл болашаққа апаратын даңғыл жол. Осы даңғылды жасайтын да, бағыттайтын да мектеп және оның ұстаздар ұжымы. А. Байтұрсынұлының «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген:

«...Мұғалім қандай болса, мектеп һәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Ендеше, мектептегі білім мен тәрбие берудегі басты тұлға — ұстаз..

Жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектiсі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздейді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау

қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, Ә.Жүнісбектің, Ш.Т.Таубаеваның, Қ.Қ.Қабдықайыровтың, С.Н.Лактионованың, М.М.Жанпейсованың, Қ.М.Нағымжанованың және т.б. ғалымдардың ұсынған оқытудың жаңа технологиялары оқу үрдісінде белсенді түрде қолданылуда.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларын тиімді жақтарын тандап алуымыз қажет және оқыту – тәрбие үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізілуі керек.

Қазіргі кездегі жаңа педагогикалық технологияларды оқу процесіне енгізу осы проблемаларды шешуге маңызды рөл атқарады. Оқу процесінде қолдану үшін ұсынылып жатқан технология түрлері өте көп.

Соңғы мәліметтерге қарағанда бес бағыттан бағдарланған 50 - ге жуық технологиялар ғылыми түрде негізделген. Сондықтан осындай жаңартылған технологиялардың ішінен өз қажеттісін тандап алу - әр мұғалім үшін жауапкершілікті қажет ететін іс.

АКТ- ны пайдаланып өткізілген сабақтарда оқушының жеке қабілеттерін, ақпаратты тану біліктілігінің ашылуына көмектеседі. Жоғарыда айтылған қабілеттері өз бетімен оқу барысында ұйымдастырудың ең оңтайлы түрін таңдауда көрінеді. Төменгі сынып оқушыларына негізгі қызмет түрі ойын болып табылады, заманауи компьютерлік бағдарламалар арқылы оқытудың мақсаттарын көрсетуге болады: егер барлық мысалдар шешілсе сурет ашылады, барлық әріптер дұрыс қойылса кейіпкер ойында жеңіске жетеді, бұл кезде балада есепті шешуге оң мотивация пайда болады. Бастауыш сынып адамның болашақ әрекеттернің фундаменті болып табылатындықтан, педагогтың басты және жауапты мақсаты әр бала бағдарлама бойынша барлық материалды толық меңгеруі тиіс, ал балалардың дайындығы әр түрлі деңгейде болғандықтан оқушының орташа дайындық деңгейіне бағытталуы тиіс. Балалардың әр түрлі дайындық деңгейіндегі балаларды оқытудың жақсы тәсілі ол компьютерді пайдаланып оқыту болып табылады, өйткені барлық балалар іспен айналысып отырады. Басқаша айтқанда сабақты жіберіп алғандар материалды қуып жетуге мүмкіндіктері бар. Ал ойлау қабілеті төмен балалар өзіне қажет қарқынмен жұмыс жасай алады. Ал компьютерлік тесті пайдалану мұғалімге оқушылардың білім деңгейін білуге және керек болған жағдайда оларды түзетуге мүмкіндік береді.

Оқытудың әдісі– оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары іске асырылатын дидактикалық тәсілдер мен құралдардың реттелген жиынтығы. Оқытудың әдістері – мұғалім мен оқушының мақсатты іс-әрекетінің өзара байанысқан тәсілдері. Оқытудың әдістерінен оқушылар мен мұғалімнің белгілі-бір дидактикалық мақсатқа жетуге бағытталған өзара әрекеті тәсілдерінің ретімен жүруін түсінеді. «Әдіс» – грек тілінде– «бір нәрсеге апарар жол» – мақсатқа жету тәсілі. Оқыту әдісі – білім алу тәсілі.

Оқытудың кез-келген тәсілі мақсатты, іс-әрекеттер жүйесін, оқытудың құралдары мен белгіленген нәтижені көздейді. Оқытудың объектісі мен субъектісі оқушы болып табылады.

Қандай-да бір әдістің таза түрінде пайдаланылуы сирек кездеседі. Әдетте мұғалім оқытудың әртүрлі әдістерін үйлестіреді. Әдістер таза түрінде арнайы жоспарланған оқу және зерттеу мақсаттарында қолданылады.

Оқытудың әдістері - тарихи категория. Педагогиканың тарихында оқытудың әдістері мәселесі әртүрлі көзқарастар тұрғысынан шешілді: іс-әрекет формалары арқылы; іс-әрекет формаларының құрылымы мен қызметтері арқылы; танымдық іс-әрекеттің сипаты арқылы. Қазіргі таңда оқыту әдістерінің заманауи теориясын әртүрлі тәсілдер бар.

Оқыту әдістері әртүрлі негіздер бойынша жіктеледі:

Танымдық іс-әрекеттің сипаты бойынша (М.Н. Скаткин, М.И. Махмутов, И.Я. Лернер):

- түсіндіру – кейіптеу (әңгіме, лекция, сөйлеу, демонстрация және т.д.);
- репродуктивті (есептерді шешу, тәжірибелерді қайталау, т.б.);
- мәселелік (мәселелік есептер, танымдық есептер және т.б.);
- ішінара-ізденістік – эвристикалық;
- зерттеушілік.

Іс-әрекет компоненті бойынша (Ю.К. Бабанский):

• ұйымдық-әрекеттік – оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдістері;

• ынталандырушы – оқу-танымдық іс-әрекетін ынталандыру және ниеттендіру әдістері;

• бақылау-бағалау – оқу-танымдық іс-әрекеттерінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері.

Дидактикалық мақсаттар бойынша (жаңа білімдерді зерделеу әдістері, білімдерді бекіту әдістері, бақылау әдістері).

Оқу материалының мазмұнын сипаттау тәсілдері бойынша:

- монологиялық - ақпараттық-хабарлаушы (әңгіме, лекция, түсіндірме);
- диалогтық (мәселелік мазмұндау, әңгіме, пікірталас).

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формалары бойынша.

Оқушылардың өзіндік белсенділігінің деңгейі бойынша.

Білімді беру көзі бойынша ( А.А, Вагин, П.В. Гора):

- сөзбен: әңгімелеу, лекция, нұсқаулық, пікірталас;
- көрнекі: демонстрация, бейнелеу, материалды көрсету, кескін;
- практикалық: жаттығу, зертханалық жұмыс, практикум.

Тұлғаның құрылымын ескеру бойынша (сана, іс-әрекет, сезім):

- сана (айту, әңгіме, инструктаж, кейіптеу және т.б.);
- іс-әрекет (жаттығу, жаттықтыру.);
- ынталандыру (мақұлдау, мадақ айту, бақылау, т.б..).

Аталған жіктемелердің барлығы дидактикалық аспектіде қарастырылады, математиканың мәндік мазмұны бұл жерде толыққанды ескерілмейді, сондықтан да математиканы оқыту әдістерінің барлық номенклатурасын толық көрсету мүмкін емес. Оқытудың әдістерін таңдау – шығармашылық іс, алайда ол оқытудың теориясының білімдеріне негізделген. Оқытудың әдістерін оқшау бөлуге, әмбебаптауға немесе қарастыруға болмайды. Сонымен қоймай, оқытудың бір әдісі оны қолданудың жағдайына байланысты тиімді немесе тиімсіз болуы мүмкін.

Білімнің жаңа мазмұны математика оқытуда жаңа әдістерді тудырады. Оқытудың әдістерін қолдануда оның кешінді тәсілі, олардың икемділігі және динамикалығы керек.

Оқытудың әдістерін педагогикалық жіктелуі оқыту әдістері мен оқу әдістері деп бөлінеді, олар өз кезегінде математиканы оқудың ғылыми және оқу әдістерімен көрсетілген.

Оқыту әдістері – ақпаратты, оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару мен бақылаудың құралдары мен тәсілдері.

Оқытудың әдістері– оқу материалын меңгерудің құралдары мен тәсілдері, оқу мен өзін-өзі бағалаудың репродуктивті және продуктивті тәсілдері.

Білімнің негізгі мақсаттарының бірі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын меңгеруі арқылы оқытушының педагогикалық шеберлігін арттыру боып табылады. Менің түсінігім бойынша технология – бұл мақсаттар мен міндеттердің реттілігінің, логикалылығының мақсатқа бағытталуының символы – оқушының тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған педагогикалық әрекеттердің негізі.

Сабақта жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, математиканы оқыту процесін жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырып, біршама сапалы нәтижелерге қол жеткізе отырып, тұлғаны қалыптастырудың психологиялық механизмдерін меңгеруге болады. Ақыл-ойды әрбиелеу мен дамытудағы математиканың орны орасан зор екендігін XVIII ғасырдың өзінде- ақ М. В. Ломоносов айтқан болатын: «Математиканы кейін оқып-үйрену керек, ол ақыл-ойды ретке келтіреді».

Оқушының белгілі-бір сабаққа деген қатынасы әртүрлі факторлармен анықталады: тұлғаның жеке ерекшеліктерімен, пәннің ерекшеліктерімен, оны өту әдістемесімен.

Жаңа материалды түсіндіру кезінде презентациялар қолданылатын болса, балалар үлкен қызығушылық танытатындығы белгілі. Тіпті ең енжар балалардың өзі жұмысқа орасан зор қызығушылықпен қосылады, слайдтарды қарайды және сұрақтарға жауап береді. Кез-келген презентация кезінде балалар зте зейінді, ойын шқырландырушы және тәртіпті болады, өйткені біріншіден, олар қызықты етіп ұсынылған материалды нақты есте сақтауы тиіс, екіншіден, аздаған шуыл да сол тақырып бойынша сұраққа жауап беруге кедергі келтіруі мүмкін. Презентацияларды пайдалану пәнді үйренушілердің қызығушылығын арттырады, сабақта танымдық белсенділігін дамытуға көмектеседі, оқу жұмысында сан алуандылық пен эмоциялық бояу қосады. Сонымен қатар зейін мен ойлауды дамытады. Оқулықты ауыстырмастан олар жаңа материалды меңгеру үшін жаңа мүмкіндіктер тудырады. Бұл визуалды түрде ұсыналатын ақпараттың үлесін арттыру; бақылау және эксперимент сияқты оқу іс-әрекетінің формаларын жүйелі және кеңінен пайдалану арқылы қол жеткізеді. Барлық слайдтар бір түймені басқаннан өзгереді, сондықтан қиын тұсында тоқталуға немесе түсінбеген жерге қайта оралуға мүмкіндік береді. Әлбетте, кез-келген презентация оқушылар үшін қызықты және пайдалы, егер де ол мұғалімнің сөздерімен ілесіп отыратын болса. Балалар сабақтағы презентацияны үлкен қызығушылықпен күтеді қажетті құрал-жабдықтарды дайындауға көмектеседі.

### **Библиографиялық тізім**

1 ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Болашаққа бағдар: рухани жаңару мақаласы //Егемен Қазақстан 12.04. 2017.

2. Федеральный государственный образовательный стандарт среднего (полного) общего образования. Проект. // На сайте ФГОС

3. Концепция ФГОС общего образования /под редакцией А.М. Кондакова, А.А. Кузнецова- М.:Просвещение, 2019-39 с.

4. Сергеев И.С., Блинов В.И. Как реализовать Компетентностный подход на уроке и во внеурочной деятельности: Практическое пособие. – М.: Аркти, 2017. -132 с.
5. Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действия к мысли. Система заданий: пособие для учителя/ А.Г. Асмолов, Г.В. Бурменская, И.А. Володарская; под редакцией А.Г Асмолова.- М.: Просвещение, 2010-159 с.

## **ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Борибаев Нурлыбек Нуржанугли  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

*Арзымбетова Шолпан Жақсылыковна - к.п.н.*

### ***Аннотация***

*Маскүнемдік, темекі шегушілік және нашақорлық қазіргі заманның әлеуметтік, экономикалық, психологиялық педагогикалық, медицина биологиялық проблемалардың ең маңыздысы және өзектісі болып отыр. Ғалымдардың есептеуі бойынша маскүнемдік, темекі шегушілік және нашақорлық тек ересектердің ғана арасында емес, балалардың, жасөспірімдердің, жеткіншектердің арасында ең басты дерт болып отыр. Ішімдіктерді, нашаны қолдану және темекі шегуге құштарлық әсіресе бала жасында қауіпті, ол баланың өзін-өзі билеу психикасы мен мінез-құлқын реттеу өзегінің бұзылуына әкеп соқтырады.*

Қазіргі кездегі аса күрделі әлеуметтік – педагогикалық мәселелердің бірі – балалар арасындағы маскүнемдік. Масайту ішімдігі алғаш рет осыдан 8 мың жыл бұрын араб химигі, дәрігер Альбуказис Коза әр түрлі шөптерді этиль спиртінде ашыту арқылы жасаған. Оны алғашында дәрігерлік мақсатта пайдаланса, бертін келе әуестену ішімдігіне айналған. Бұдан басқа 6 ғасырда Бенедикт монахтары арақ жасап, оны алдымен монастырларға таратқан, одан кейін оны ақсүйектер, соңынан қарапайым халық та іше бастаған деген деректер бар.

Киев мемлекеті пайда болған кезеңнен бастап масайту ішімдіктерін князьдар, боярлар, дін қызметкерлері және қарапайым адамдар да пайдалана бастаған. Бұл туралы Иван Калитаның ескертуінде, Иван Грозныйдың тыйым салуына, Борис Годуновтың қаулыларына, Екатерина II-нің масайтушы ішімдіктер сатумен шұғылданған қабақтарды жермен жексен етіп жіберуінен байқауға болады. Осындай тыйым салуларға қарамастан оны пайдалануға құмар адамдар саны көп болды. Оның басты себебі, масайту ішімдігін ішкен адам басындағы күрделі мәселені уақытша болса да ұмытса, тағы бір жақтан, оны сату мемлекетке үлкен кіріс әкелген. Себебі оны сатып алушылар күннен-күнге көбейе берді.



Масайтушы ішімдіктерді көптеп пайдаланудан, оны жастардың да ішуінен адамдардың психикасына, өміріне көптеген зиян келе бастаған. Сол себепті кейбір елдерде оған тыйым салынды. Бірақ бұл шаралар масайту ішімдіктерін өндіруді тоқтата алмады. Керісінше оны пайдаланатын адамдар саны жыл сайын өспесе, кеміген жоқ. Тіпті олардың қатары әйелдермен, жастар және балалармен толықты.

Мысалы, әлемде ішімдік шегу 1950 жылға қарағанда 1980 жылы 10,4 есе артқан. Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау қоғамының анықтамасында бір адам жылына 8 литр масайту ішімдігін ішетін болса, ол өз кезегінде адамның тегіне, балалардың психикасының дамуына кесірін тигізеді делінген.

Маскүнемдік сипатына қарай оған әр ғылым тұрғысынан түрліше анықтамалар берілген:

- медицинада – маскүнемдікке әдеттенген – ауру, маскүнемдікке берілген деп аталады.
- әлеуметтануда маскүнемдікке берілген адамды – девиантты жүріс-тұрысқа бейімді, тұлғалық сапалары жоғалған адам қатарынан шығу деп белгілейді.
- психологияда – маскүнем адам – әр түрлі психикалық ауруларға жылдам беріледі деп саналады.

Масайту ішімдіктерін күн сайын, үнемі және көптеп ішу нәтижесінде ол маскүнемге айналады. Осындай әдеттерге берілген балалар қоғамға және өзіне қарсы теріс әдеттерге барып, қылмысқа араласуына да әкеп соқтырады.

Алайда масайту ішімдігін ішу 18 жасқа дейінгі балалар арасында кездеседі. Статистикалық зерттеулерге сүйенсек, масайту ішімдіктерін ер балалардың 9 жастан, ал қыз балалардың 12 жастан бастайтындығы белгілі болған. Олар бір айда бір – екі рет ішсе, кейбіреулерінің күн сайын ішетіндігі анықталған. Осы мәселені зерттеуші педагогтар мен психологтар, медицина қызметкерлері балалар арасындағы маскүнемдіктің мынадай ерекшеліктерін анықтаған:

- масайту ішімдіктеріне жылдам бейімделу. Маскүнемдікке ересек адамдар 5-10 жыл ішінде бейімделсе, балалар оларға қарағанда 3-4 есе тез бейімделеді. Өйткені баланың ми құрамында белоктан гөрі су көбірек болғандықтан ішімдік суда тез таралады. Медицина қызметкерлерінің зерттеулеріне масайту ішімдігінің жеті пайызы баланың денесінен шығып кетсе де тоқсан үш пайызы саұталып қалып, улы заттарға айналады. Сол қалған улы зат денені маскүнемдікке жылдам бейімдейді;
- маскүнемдік нәтижесінде пайда болған аурудың түбі жамандыққа алып келетіні айдан анық. Баланың жас шағында бүкіл ағзасы уланып, одан шығу жолы қиындап, әрдайым талап етіп тұратын әдетке айналады;
- баланың масайту ішімдігін көптеп пайдалануы. Балалардың масайту ішімдігін ішуіне қоғам қарсы болғандықтан, олар жасырын түрде ішеді. Бала оны еешқандай себепсіз іше береді. Оны масайту ішімдігін ішкеннен кейінгі ахуал қызықтырады, мысалы көңіл-күйінің көтерілуі, батылдануы, ойланбастан бір істі жасауы.
- оларды емдеудің тәсілі өте әлсіз.

Кәсілетке толмаған балалардың масайту ішімдігіне берілуі мінезі мен жүріс - тұрысының нашарлап бұзылуына алып келеді. Оларда өзін бақылау сезімі жоғалып, қылмысты істерге жылдам берілуін бірнеше себептермен нақтылауға болады:

- жеткіншек жастағы балалар жасаған қылмыстың көпшілігі мас күйінде істеген болып келеді, мысалы, ұрлық, біреуді ұрып - соғу, жәбірлеу, тонау, нан табу үшін істелген қылмыстар;
- мас адамның қылмысты істерге ойланбастан тез баруы;
- маскүнем жеткіншек өзі секілділерге қосылуға бейім келеді;
- қылмыскер арасындағы беделді топтарға қосылып, солармен бірге қорықпастан қылмысқа баруына шарт түзеді.

Балалардың маскүнемдікке ұшырау себептері. Балалардың маскүнемдікке берілуі бұрыннан бар болғанымен ол кезде жас шамасымен ерекшелінген. Одақ кезінде бұл жағдай көрініс тапқанымен сирек болатын. Ал қазіргі кезде балалардың масайту ішімдіктерін ішуі жиі кездесетін болды. Әлеуметтік психологтар мен психиатрлар, педагогтар мен медицина қызметкерлері, басқа да ғалымдар балалар арасындағы осы мәселенің себептерін және оның салдарын зерттеген. Олар баланың маскүнемдікке берілуін жас ерекшеліктеріне қарай қарастыра келіп оның себептерін анықтаған. Оны мынадан көруге болады.

-әке-шешесінің мас кезінде бойға біткен;  
-бойында баласы бар әйелдердің үш айға дейін масайту ішімдігін ішуі;  
-омырауында жас баласы бар әйелдердің ішімдік ішуі;  
Эпилепсия және ақыл ойына зиян келуі;  
Кемтап болып дүниеге келуі;  
Психикалық дамуының кешеуілдеуі;  
Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалар – 3-9 жасқа дейін

- ата – анасының педагогикалық сауатсыздығы;
- отбасындағы масайту ішімдігін ішу әдеті;
- Ағзаның ішімдікке улануы; Ішімдікке құмарлануы;
- Жеткіншек және жасөспірім кезеңі- 9-18 жасқа дейін;
- отбасының ынтымағының жоқтығы;
- өзіне-өзінің сенімі әлсіз;
- жарнамалардың ықпалы;
- бос уақытының көптігі және ішімдік туралы сауатының жоқтығы;
- ересек адамдарға еліктеуі;
- қиындықтан шығу жолы деп санау;
- Масайту ішімдігіне құмарлану;
- күнделікті әдетіне айналдыру;
- стереотиптің қалыптасуы;
- бос уақыт өткізу түрі;
- іс-әрекетінің артын ойламау;
- допинг ретінде қолдану;
- ішімдікке берілу;

Кестеде келтірілгендей балалардың масайту ішімдігіне әдеттенуі негізгі үш кезеңде өте күшті және бейімделу жылдам дамиды: сибилік кезең, мектепке дейін және бастауыш мектеп жасында, жеткіншек және жасөспірім немесе жоғары

сынып оқушылары арасында. Енді осы жас кезеңдерінің психо-педагогикалық сипаттарына тоқталамыз. Өйткені, неғұрдым баланың жасы кіші болса, масайту ішімдігіне соғұрлым жылдам бейімделетіні белгілі.

Бірінші кезең – бөбек кезінен сәбилік жас езеңіне немесе 3 жасқа дейін. Өйткені масайту ішімдігін ішкен кезде анасының бойына біткен баланың құрсақтағы шарана кезінде, мысалы 3 айлық болғанша әсер етеді, азықтануы ананың организміне түскен тамақ түрлері мен сапасына байланысты. Бала анасының омырауын еміп жүрген кезде арақ ішуі де оның азықтануы арқылы масайту ішімдігіне құмарлықтың алғашқы белгілері мен нышандарының пайда болуына әсері мол. Бұл оның психикасы мен физиологиясына зиянды. Әке – шешесінің маскүнемдігі олардың үрім – бұтағына, тегіне дейін әсер ететіні ерте заманнан – ақ белгілі болған, мысалы, грек халқының мифологиясында Гераның ішімдіктен мас болып қалған Зевстен туа біткен ақсақ Гефесті туғаны туралы айтылады.

Әлемге әйгілі медик Гиппократ баланың жүйке жүйесінің ауруға шалдығуынан пайда болатын эпилепсия, ақыл-есі ауысу, қазақта «кемтар» деп аталатын әр түрлі емделмейтін психикалық ауытқулары бар балардың тууына масайту ішімдігінің ықпалы болатынын айтқан. Бұл қазіргі кезде әртүрлі ғылыми зерттеулер арқылы да дәлелденуде.

Қазіргі кезде балалар үйінде, паналау орындарында тәрбиеленіп жатқан тастанды балалардың арасында миына зақым келгендер көптеп кездеседі. Олардың кейбірі өмір бойы емделмейтін «кемтар» күйде өмір сүрмек.

Екіші кезең – мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалар. Бұл кезеңдегі балалардың масайту ішімдігіне әуестігі алдымен ата-анасының педагогикалық сауатсыздығынан және спирт ішімдігін отбасында пайдалану әдетке айналуынан болады. Мысалы, кейбір ата- аналар мейрам не басқа да бір себептермен үстел басына жиналғанда «кішкене ішсе ештеңе етпейді» деп балаларына шампан, не шарап ішуге рұқсат береді, не соны ішкізуді «қызық көреді» , ал кейбір отбасында балаларға жеке үстел жасап онда олар ыстақан соғыстырып шампан, су не басқа ішімдіктерді ересектер секілді ішуді үйренеді. Бұл бара- бара әдетке айналып, күндердің күнінде су орнына спирт, шарап т.б. Ішетіні отбасы педагогикасына байланысты әдебиеттерде айтылады.

Балалардың масайту ішімдігіне берілуі – оны қоршаған ортадағы адамдардың мысалы, бір туған аға, апалары және басқа да туысқандары, бірге жүрген ішімдікке әуес құрбы-құрдастарына да байланысты.

Бұлардан басқа күнделікті тұрмыстағы әртүрлі мейрамдар, туған күн, мерей той мен айт, той мерекелерде, салтанаттарда масайту ішімдігін ішу әдетке айналып отырғаны қазіргі кезде баланың жаман өнеге алып, ішімдікке ұмтылуына себеп болуда.

АҚШ ғалымы Р.Вилкинсонның зерттеулеріне қарағанда спирт ішімдіктерін жарнамалау балалардың оған деген құмарлығын арттыратын көрінеді. Қоғамдық өмірге мықтап орныққан масайту ішімдігін ішу әдетін жою мүмкін емес. Сондықтан отбасында мәдениетті жүріс – тұрыс, сый-құрмет, жақсы әдеттермен бірге масайту ішімдігін пайдалану мәдениеті де қалыптасқан болса, балалардың оған деген көзқарасы да талапқа сай орнығады. Ішімдік ішу – туа біткен әдет емес. Ол жүре келе, үйрене келе пайда болады. Қазақ халқында ертеде мұндай ішімдік болмаған, оның орнына қымыз, шұбат, айран, іркіт басқа да әртүрлі сусындар болған.

Үшінші кезең – жеткіншек және жасөспірім шағы. Осы екеуінің ішінде әлі санасы толыспаған, жетілу үстіндегі жеткіншек балалардың ішімдікке берілуі аса қауіпті.

Нашақорлық. Нашақорлық – қазіргі заманның басты мәселесі. Күнделікті тұрмыста кездесетін әр түрлі қолайсыздықтарды уақытша болса да ұмытып, рахатқа бөлену, ләззат алу, өзін еркін сезіну, көңіл көтерудің бір түрі ретінде масайту ішімдігімен қатар, нашақорлық ерте заманнан бері келе жатыр. Адамдардың наша шегуден не осындай заттарды пайдаланудан кейінгі ахуалын ертеде «бәңгілік» десе қазіргі кезде бұр «есірік», ал осындай күйге алып келетін затты «есірткі заттар» деп атау белгіленген.

Нашақорлықтың денсаулыққа өте зиянды екені де ертеден- ақ белгілі. Бірақ адамдар оған құмарлығын қоймаған. Әртүрлі жолдармен оған тыйым салынууда. Әйтсе де осы уақытқа дейін оны қолдануды адамдар қойған жоқ, керісінше қазіргі кезде ол жастар мен балалар арасында да кең таралып отыр.

Нашақорлық – құрамында адамды «есірік» күйге алып келетін заттары бар құралдарды пайдалануға ұмтылу. Ондай заттардың құрамы адамдарға әсер етуі жағынан әр түрлі болады. Қазіргі кезде нашақорлық бүкіл әлемді жаулап алды десе де болады. Бұдан зиян шекпеген мемлекет жоқ. Қазақстанда статистика бойынша қазір балалар арасында 7 жастан бастап наша қолдану тіркелген. Жасөспірімдердің 5пайызы, жеткіншектердің 4 пайызы сауықтыру мекемелерінде тіркеуде тұрады. Ал тіркелмегені, ешкім мән бермей бетімен кеткені қаншама.

Ресей статистикалық орталығы берген мәліметтерге қарағанда дүние жүзінде есірткі пайдаланатын адам саны 10 миллионға жетіп, соңғы 10 жыл ішінде нашақорлықтан қайтыс болған адамдардың саны 12 есе, балалар арасында 42 есеге көбейген. Осы мәліметтерге қарап нашақорлық қазіргі заманның обасы десек, бұл СПИД ауруының таралуына да ықпал етеді. Жыл сайын мыңдаған тонна наша, героин секілді есірткі заттар Қазақстанға да әр түрлі жасырын жолдармен әкелініп жатыр. Олардың бағасы Ресей, Орта Азия мемлекеттерінде Еуропаға қарағанда бір шама қымбат болғандықтан, қазір нағыз сауда орталығына айналып отыр. Мысалы, Ресейде 1997 жылы 70 мың жеткіншек наша және героин сату үстінде ұсталған. Бұл елдерде арнайы « О наркотических средствах и психотропных веществах» деген заңының қабылдануына қарамастан кең таралуда.

1998 жылы осындай жұмыстармен шұғылданатын Қазақстанда – 30, Қырғызстанда – 64, Орта Азияда – 25 топтардың бар екендігі анықталған.

Есірткі заттарын қолдану әлемдік мәселе ретінде ХХ- ғасырда пайда болғанымен, оның тарихы мыңдаған жылдарды қамтиды. Ежелгі дәуірде адамдар өсімдіктердің дәрілік, емдік қасиеттеріне қарай пайдаланған. Бұл кейбір өсімдіктердің адамдардың көңіл-күйін көтеріп, күшін арттырып, денесіне қуат беретін, қауқарын нығайтатын қасиеттерін танып-білу, практикада пайдалану арқылы жүзеге асады. Тарихшылар мұндай есірткі заттарды әр түрлі мақсатта қолдану полиолит дәуірінде –ақ пайда болған деседі.

Кейінірек апиын гүлін адамдардың ауруын емдеу мақсатында қолдану Арабия, Грекияда болғаны жайлы ақын Гомер, философтар Геродот, Аристотель, Плиний шығармаларында кездеседі.

Маскүнемдік сияқты нашақорлық та адамдарды қылмысты істерге итермелейтін себептердің бірі, оның салдары кейде ауыр жағдайға дейін алып

келеді. Қазақстанда осыған орай сыбайлас жемқорлық, ұйымдасқан қылмыс көбейіп, наркобизнес кең таралуда.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990
2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. - Алматы: Жеті жарғы, 2008.
3. Өмешұлы Ә. Салауатты өмір – денсаулық кепілі, Алматы, 1999

### **ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПЛЮСЫ И МИНУСЫ**

*Гулжигит к. Сезим  
студентка 1 курса гр. АЯ9-2-20  
научный руководитель Рахманова  
Жыпаргул Рахмановна преподаватель  
Профессионального колледжа  
Кыргызско-Узбекского Международного  
университета им. Батыралы Сыдыкова*

### **Аннотация**

*Данная статья рассматривает актуальную на сегодняшний день тему дистанционного образования, его положительные и отрицательные стороны. Также, показаны некоторые результаты статистики- опроса мнений преподавателей, школьников, студентов и их родителей.*

Дистанционное образование: плюсы и минусы. Необходимо разграничить понятия онлайн и дистанционного обучения. В первом случае студенты и преподаватели видят друг друга во время проведения занятий при помощи различных платформ. Во втором — когда для студентов готовятся какие-то материалы, которые потом размещаются в интернете. Это могут быть записи лекций, учебные материалы, книги и так далее. Для удобства будем называть одним понятием — дистанционное.

Из истории современного дистанционного обучения. Обучение с применением дистанционных образовательных технологий появилось еще в далеком 18 веке, когда в Европе появилась регулярная и доступная всем почтовая связь. Выглядело это довольно просто: учащийся получал по почте задания и учебные материалы, вел переписку с преподавателями и в установленный срок сдавал доверенным лицам экзамен или писал научную работу.

А вот в Россию этот очно- дистанционное обучение пришло к концу 19 века. И все стало происходить еще быстрее, ведь в 20 веке благодаря бурному технологическому росту появились телеграф и даже телефон. Но эти виды связи не отменили «корреспондентского обучения», которое до сих пор встречается во многих странах.

Существенный прорыв внесли в возможности дистанционного обучения появление радио и телевидения. Стали появляться многочисленные обучающие телепередачи, которые могли смотреть миллионы желающих. Правда, здесь был один, но довольно большой недостаток: отсутствие обратной связи.

Первый в мире университет дистанционного образования был открыт в 1969 году в Великобритании – Открытый Университет Великобритании. Это название давало всем желающим понять, что учебное заведение доступно для всех благодаря приемлемой стоимости и отсутствию необходимости ежедневно присутствовать на занятиях дистанционного обучения.

Стали открываться и другие вузы с дистанционным обучением, получившие большую известность за рубежом:

- University of South Africa; Национальный технологический университет (США, 1984);
- FernUniversität in Hagen; Открытый университет Хаген (Германия);
- Испанский национальный университет дистанционного обучения;
- INTEC-колледж Кейптауна (ЮАР);
- Австралийская территориальная информационная сеть;
- Открытая школа бизнеса Британского открытого университета.

Конечно же, развитие персональных компьютеров и их доступность в 1980-х годах произвели образовательную революцию, дав надежду на упрощение и автоматизацию обучения.

Уже в 21 веке интернет начал массово распространяться, способствуя популяризации дистанционного обучения в вузах для первого или второго высшего образования, для переподготовки или повышения квалификации в университетах, для любого основного или дополнительного образования.

С интернетом у учеников появилась уникальная возможность получать обратную связь от преподавателей, где бы они ни находились. Как только увеличилась скорость, стали проводиться различные образовательные тренинги, вебинары, онлайн-занятия.

Переход полностью на дистанционное обучение был неожиданным, но вместе с тем такую форму нельзя отнести к чему-то неизведанному, новому, неиспытанному. Элементы дистанционного обучения всегда в учебном процессе присутствовали.

Когда поставили перед фактом, что из-за COVID-19 мы не можем, не должны контактировать друг с другом и студентами, конечно, это оказался новый фронт, новое испытание.

Свой новый учебный год в сентябре 2020 года школьники и студенты Кыргызстана, как и многие другие страны мира, начали дистанционно, что считается новшеством для всего мира. Онлайн-обучение в Кыргызстане, во многих учебных заведениях, продлилось чуть меньше года.

Для того, чтобы дистанционное обучение школьников и студентов стало возможным, Министерство образования Кыргызстана разработало учебный план, согласно которому ученики и студенты могли бы обучаться не выходя из дома. Начали использовать всевозможные мобильные приложения, сайты, телеканалы для онлайн-обучения. Однако, студенты, ученики и их родители столкнулись с тем, что программа дистанционного образования от ведомства подходит не всем — многие школьники Кыргызстана ограничены в доступе к интернету, не имеют гаджетов и телевизора, или не знают как пользоваться специально созданными мобильными приложениями.

Эта проблема особенно остро затронула жителей регионов и детей из многодетных семей. Родители и школьники жалуются, что из-за пандемии многие

лишились работы и им с трудом удаётся найти деньги на хлеб, не говоря уже о том, чтобы заплатить за услуги связи.

Почти половина школьников сообщили, что пропускали онлайн-занятия из-за плохого Интернета или его отсутствия.

По данным на 2020 год, проникновение Интернета в Кыргызстане составляет 38%. В селах живут беднее, чем в городах. И уровень доступа к Интернету там ниже.

Также школьники отмечали, что некоторые предметы при онлайн-обучении даются тяжелее других. Особенно сложно понять математику. Каждый второй ученик сообщил, что у него были проблемы с этим предметом. Химия тоже вызывает трудности.

Министерство образования разработало специальный портал, на котором размещены обучающие видео-уроки и вся необходимая литература для школьников.

Исследование «Проблемы перехода на дистанционное обучение в РФ глазами учителей» было проведено Лабораторией медиакоммуникаций в образовании НИУ ВШЭ. Опрошены 22 600 учителей в 75 регионах страны. Результаты подсвечивают проблемные зоны, которые могут дать начало проектам, ориентированным на школьный сегмент:

1. Нет мобильного интернета, низкая скорость и один ноутбук на двоих

Учителя, которые на момент исследования не использовали средства дистанционного обучения, в основном объясняли это техническими проблемами учеников: «У большинства детей в моем классе нет даже мобильного Интернета, не говоря уже о высокоскоростном, а компьютер есть только у троих». Или тем, что у них самих отсутствует необходимая техника: «У меня дома 1 ноутбук, которым пользуется мой сын, выпускник 11-го класса, и после него занимается другой сын, ученик 9-го класса».

Те же, кто регулярно проводил дистанционные занятия, среди самых острых проблем называли:

- перебои в работе видеоплатформ из-за перегрузки;
- сложность в подключении всех детей к видеотрансляции;
- отсутствие у детей навыка самостоятельного подключения к видеотрансляции.

Во многих регионах, особенно в сельской местности, нет для этого технической возможности: не хватает скорости Интернета, устойчивости канала связи, техники, способной обеспечить работу с видео.

«Скорость домашнего wi-fi менее 10 Мб/с. Уровень доходов не позволяет оплачивать более дорогой тариф. Дома отсутствует какая-либо оргтехника, кроме старого смартфона. В классе никогда не было и нет никакой оргтехники и доступа к Интернету», – комментирует ситуацию один из учителей, проживающий в сельской местности.

2. Без мессенджеров и почты никуда

Коммуникация исключительно через электронную почту или мессенджеры многими учителями воспринимается как работа в дистанционном формате через электронные ресурсы. Однако, если педагог не использует другие формы обучения, ученики не получают обратную связь, и большая часть работы по освоению детьми школьной программы ложится на родителей.

3. Музыка, рисование и физкультуру не проводили непонятно, как дистанционно заниматься ИЗО, музыкой, физкультурой, а также общаться с психологами и логопедами. В некоторых школах на время удаленного обучения занятия по этим предметам отменили.

Учителя признаются, что не понимают, как можно проводить занятия без личного контакта с детьми. Особенно тяжело приспособиться учителям с большим педагогическим стажем.

Проблема заключается не только в организации дистанционного урока, но и в том, что на доступных образовательных платформах нет этих предметов.

4. Для детей с ОВЗ нет разработок и образовательных платформ

Особое внимание требуется к организации и проведению занятий с детьми с ограниченными возможностями здоровья. Учителя, работающие в коррекционных школах и с этой категорией детей, говорят о том, что на данный момент не существует удобной платформы для занятий с этими детьми: «Для обучающихся с интеллектуальными нарушениями образовательных платформ нет», «Нет разработок для обучающихся с тяжелой умственной отсталостью».

Многие педагоги отметили, что мучились чувством вины, не понимая достаточно ли они дают своим детям в онлайн.

Но волнения были не только у взрослых, переживали и дети. Президент Всемирной организации по дошкольному воспитанию ОМЕР, Мерседес Майоль Лассаль во время своего выступления поделилась, что после пандемии мальчик из Мичигана сказал: «Ситуация была похожа, когда при переходе через дорогу по пешеходному переходу ты сначала смотришь налево, затем направо, но в результате оказываешься сбитым подводной лодкой». Становится понятно, как детям была необходима поддержка и четкие инструкции со стороны семьи, педагогов и как им не хватало общения со сверстниками.

Елена Непомнящая, президент сообщества «Университет детства», победитель конкурса Выготского, рассказала о том, как вместе с другими резидентами сообщества удалось создать уникальную онлайн-площадку для дошкольников: «Произошло удивительное слияние семьи и детского сада, родители во время пандемии многому у нас научились – увидели, как мы общаемся, как играем, поняли, что необходимо для игры ребенка».

В детском саду, где работает Елена Непомнящая, педагоги договорились с родителями сохранить возможность детских онлайн-встреч и после пандемии.

Теперь ребята приглашают своих сверстников из других стран. Получается вместо того, чтобы «закрыть» для них мир, он для них только еще больше открылся. Непомнящая считает, что это самое важное, что должно было случиться в «дошколке».

Мерседес Майоль Лассаль также считает, что для того, чтобы в полной мере реализовать права маленьких детей, нельзя рассматривать возвращение к предыдущей «нормальности»: «Мы должны использовать то, что узнали во время пандемии, и удвоить наши усилия, чтобы создать для детей новую реальность. Дети имеют право быть услышанными».

Конечно, семья остается ключевым и самым важным фактором, который способствует качественному образованию. «Миссия семьи – формирование человека, который умеет выбирать, любить и творить, а для этого семья нуждается в особой поддержке», – сказала Екатерина Рыбакова, основатель Фонда «Университет детства», сооснователь и президент Рыбаков Фонда.



## **Использованная литература**

1. Академики не считают, что русский язык за последнее время сильно деградировал. // *Режим доступа: [kam.ru/news\\_russia\\_3778](http://kam.ru/news_russia_3778)* (дата обращения 12.01.2015 г.)
2. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е., Смыслова О.В. Интернет: воздействие на личность. - М.: Можайск-Терра, 2000
3. Бергельсон, М.Б. Языковые аспекты виртуальной коммуникации / М.Б. Бергельсон // Вестник МГУ. Лингвистика и межкультурная коммуникация. - 2002. - №1. - С.55-67.
4. Великий и могучий «олбанский» язык. [Zachem\\_nam\\_olbanskiy\\_yazyk.html](http://Zachem_nam_olbanskiy_yazyk.html). // Режим доступа: <http://oddom.ru/psiholog/525635> (дата обращения: 13.11.2014 г.)

## **АЛТЫ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТЕРІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

*Джалиева Диларам Бахтияровна*

*Артықбаева Еркебала Сапарқызы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Базарбаева Клара Коңаровна -к.п.н. доцент*

### ***Аннотация***

*Егемен еліміздің келешегі үшін дені сау, рухы биік жеке тұлғаны мектепке дейінгі кезеңнен қалыптастыру бүгінгі таңғы өзекті мәселелері болып отыр. Бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген оқушылар еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы екені даусыз. Баланың ақыл-ойын жүйелеу, ойлау, қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауатылыққа баулу-бүгінгі күн талабы.*

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықына “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Жолдауының 17-18 бағытында бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу керектігін анықтап айтқан.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: жеке адамның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту»-деп атап көрсетілген. Осы міндетке сәйкес баланың ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігі мен шығармашылық іс-әрекетке түсе алатын тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы мектепке дейінгі даярлық сыныптарында басталатынын іс-тәжірибе дәлеледеп отыр.

Білім беру саласының басты міндеті – 2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту керек деген.

А. Құнанбаев «Ойын ойлап, ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Бала өмірді, қоршаған ортаны тануы, еңбекке қатысуы, психологиялық ерекшеліктері ойын арқылы қалыптасады.

Ойын технологиясы дегеніміз- дидактикалық мақсат ойын міндеттері формасында қойылады және т.б. жүзеге асады

Ойын – адам баласы дамуының ең жоғарғы сатысы.

Ойын – адам баласының өсіп-өнуіндегі ең таза рухани көрінісі. Ол шынай өмірдің жарқын келбеті, ішкі қазынасы. Сондықтан да ойын қуаныш, еркіндік, құштарлық беру үшін қажет.

Балаға таңдалған ойын немесе білім ақылына лайықты, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық, іскерлігін дамытарлықтай бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы тиіс. Мысалы: «Санамақ» ойыны санау арқылы ұйқастарын атау. «Мысық пен торғайлар». «Көршісін тап», «Қай әріп » т.б. ән, бейнелеу, құрастыру, жапсыру, би өнерлерін қатыстыра отырып, ән сабағында есту, бейнелеу өнерінде көру, ойлау қабілеттерін дамыту оған зейін аудару, балалардың ой өрісін дамытамын. Осыдан жеке тұлға ортаға үйреніп қалыптаса бастайды. Ойын-сабақ, ойын-жаттығулар сергіту ойындары, барлығы балалардың жан-жақты дамуына, қызмет етеді. Зерттеуші А.М. Матюшкиннің ойынша “Білім – ойлаудың бастапқы түрткісі, негізгі құралы және соңғы нәтижесі”.

Ойлау дегеніміз - шындық дүниенің адам миында бейнеленуі болып табылады. Дүниенің танып-білудің жолы - білмеуден білуге қарай, дәл емес толымсыз білімнен дәлде толық білуге қарай өту жолы.

Психологтар А.А.Смирнов, Ю.А.Самарин жүргізген зерттеулері бойынша мектепке дейінгі даярлық топ шағында бала ең алғаш өзімен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасты саналы түрде меңгереді мектепке дейінгі даярлық топ қоғамдық қарым-қатынас туралы түсінік ала бастайды. Қазіргі заманғы тәрбие жүйесінде, балалық шақтың 5-6 жасқа дейінгі кезеңін қамтиды. Кей балалардың оқуға недәуір мүмкіншілігі бар. Себебі олардың интеллектісі қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі - деген Ж.Пиженнің пікірі дұрыс болғанымен, қазірде бұрын аңғарып көрмеген қабілеті бар екені анықталып отыр.

Ойлау – баланың таным әрекетінің ең жоғары түрі. Ойлау арқылы оқушылар көзге көрінбейтін заттар мен құбылыстардың арасындағы күрделі себептік байланыстарды заңдылықтарды ұғады. Ойлау дегеніміз – қойылатын міндеттің мазмұны мен типіне қарай іріктелген білім мен жұмыс жасау. К.Д. Ушинскийдің сөзімен айтқанда: “Кімде-кім оқушының тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой қабілетін дамытуы тиіс”.

М.Жұмабаев балалардың ойлауын дамыту туралы былай деген: “Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау - жанның өте бір қиын, терең ісі”.

Ойын – оқыту құралы болып табылады.

Қ. Жарықбаев: Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өздерінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Бақыт жолында» атты философиялық шығармасында адамның танымын дамыту арқылы ғана оны

бақыт жолына жетуге болатындығына тоқталса, ұлы Абай өзінің 43-қара сөзінде баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, оның өзі із-түссіз жоғалып, жойылып кететінін айтады: Ағартушы ұстаз Ы.Алтынсарин өзінің көптеген еңбектерінде таным әрекетінің негізгі-оқу, білім деп тұжырымдайды.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да-ойын әрекеті болып саналады.

5-6 жасар балалардың қолының бұлшық еттері мен саусақтарының әлсіздігі, олардың арасындағы моторикасы (қарым-қатынас үйлесімділігі, орамдығы мен қиялының шапшаңдығы) жоғары деңгейде дамыған қарапайым математикалық түсініктерін таныстыру барысында оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі түрі-ойын. Әр ойын өзіне тиісті үш мақсатта, яғни білімділік, тәрбиелік, дамытушылық бағытында. Ойын ұйымдастыру түрлерін, әдіс-тәсілдердің технологиясын тәрбиешінің өзі таңдайды.

Қай ғалымды алсақ та, өздерінің ойын туралы еңбектерінде: «Ойын баланың жетекші әрекеті» деген сипаттама береді, өйткені ойын баланы ақыл ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп, дамытады, баланың ойын өрбітіп бойын өсіреді.

М. Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде балаларға рухани тәрбие берудің жолдары мен әдістерін көрсетумен қатар қоршаған дүниені қабылдауға жан көріністерін (есту, сипап сезу, иіскеу, татып көру, ес, қиял, ойлау, тілін, қабылдау дамыту) бірлікте дамытудың маңызы жайында құнды пікірлер айтып, ой түйіндерін тұжырымдаған. «Балалықтың қанына-ойын азық» - деп халық бекер айтпаған ойын ата-бабалар заманынан бері мазмұн жағынан толысып, дамып, дәстүрлі жалғасып және дамып жетіліп келеді. Ойындар мазмұнына, өзіне тән ерекшеліктеріне, олардың балалар өмірінде, тәрбиесі мен оқуында қандай орын алатынына қарай ажыратылады.

Сюжетті-рольді ойындарды тәрбиешінің кейбір басшылығымен балалардың өздері жасайды. Бұл ойындардың негізгі – балалардың өз өнерпаздығы. Кейде мұндай ойындарды творчестволық сюжетті-рольді ойындар деп атайды, сол арқылы балалардың қайсыбір құбылыстарды жай көшіріп қоя салмай, оларды творчестволық ой елегінен өткізетінін, сөйтіп өздері жасайтын бейнелерде, ойын әрекеттерінде қайталайтынын атап көрсетеді. Драматизацияланған және құрылыс ойындары сюжетті-рольді ойындардың бір түрі болып табылады.

Тәрбие практикасында балалар үшін ересектер белгілеп берген ережесі бар ойындар да пайдаланылады. Ережесі бар ойындарға дидактикалық, қимыл, ермек ойындары жатады. Олар айқын тұжырымдалған программалық мазмұнға, дидактикалық есептерге, мақсат қойып үйретуге негізделген. Мұнда балалардың өнерпаздығы болуы мүмкін, бірақ ол тәрбиешінің басшылығымен көбірек ұштастырылады. Ойын тәжірибесін игерген, ұйымдастыру қабілеті дамыған кезде балалар бұл ойындарды да өздері жүргізеді.

Ойынның түрлері

Сюжетті – рольді ойындар

Дидактикалық ойындар

Ережелі қимылды ойындар

Ұлттық ойындар

Спорттық ойындар

Эстафеталық ойындар

Драматизация ойындары  
Үстел үстінде ойналатын ойындар

Құрылыс ойындары  
Отырып ойнайтын ойындар  
Жүгіріп ойнайтын ойындар  
Секіріп ойнайтын ойындар  
Доппен ойнайтын ойындар

Ойындардың түрлеріне және мазмұнына қысқаша тоқталатын болсақ:

Сюжетті – рольді ойындардың өзіндік ерекшеліктері

Сюжетті – рольді ойындар мектепке дейінгі балаларға тән ең сипатты ойындар болып табылады және олардың өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті – рольді ойынның ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды, ал ойын қызметі айқын кнерпаздық және творчестволық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін.

Психолог Д. Б. Эльконин сюжетті – рольді ойынға мынадай анықтама береді: «Мектепке дейінгі балалардың рольді немесе творчестволық деп аталатын ойыны дамыған түрінде балалар өзіне ересектердің ролін алатын және жинақталған формада ойын жағдайында ересектердің қызметі мен олардың арасындағы қарым-қатынасты қайта жасайтын іс-әрекет болып табылады. Бұл жағдайға тән нәрсе – ересектер қызметінің шын құралдарын алмастыратын алуан түрлі ойын құралдарының пайдаланылуы». (2.256)

Ойын әрекетінің творчестволық сипаты мынадан көрінеді: бала өзіне алған рольдің бейнесіне түгелдей еніп және ойынның шындығына кәміл сеніп, ерекше ойын өмірін жасайды, ойын барысында шынымен қуанады немесе ренжиді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандырады.

Сюжетті – рольді ойындарда оптимистік, өмір сүйгіш қасиет айқын көрінеді, оларда ең қиын істердің өзі абыроймен, сәтті аяталып отырады: капитандар кемелерді теңіз дауылы мен бұрқасыннан аман алып өтеді, шекарашылар шекара бұзушыларды ұстайды, дәрігер ауруларды емдеп жазады.

Сюжетті – рольді ойында бала өмір құбылыстарын белсенді түрде қайталап жасайды, солардан тебірене әсерленеді, осының бәрі оның өмірін бай мазмұнмен толтырады, ұзақ жылдарға өшпес із қалдырады.

Сюжетті – рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болады.

Сюжетті – рольді ойындар: «Дүкенші», «Дәрігер», «Отбасы», «Сауыншы», «Мұғалім», «Бауырсақ», «Жеті лақ» т. б.

Дидактикалық ойындардың өзіндік ерекшеліктері

Дидактикалық ойын сонымен бірге кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Оның арғы тегі ойынды өлеңмен, қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсеге үйрететін ойындар жасаған халық педагогикасында жатыр. Күлдіргіштерде, ойын өлеңдерде, «Алақай-ау, алақай», «Ала қанат сауысқан» саусақ санау ойындарында анасы баласының назарын қоршаған заттарға аударды, соладың аттарын атайды.

Дидактикалық ойынның зор маңызы балалардың дербестігін және ойлау мен сөйлеу белсенділігін дамытатындығында.

Мысалы, «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық» деген ойында ересектер тобы тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту мақсатын алға қояды. Ойын мақсаты – қалпақтың астында не бар екенін білу. Бала дұрыс тапса мадақтау белгісін алады. Педагог ойынға қатысушы ретінде бірінші қалмақты көтеріп, оның астындағы ойыншық туралы айтып береді, оны сипаттаудың үлгісін көрметеді.

Ойын мақсаты кейде ойын атының өзінен көрініп тұрады: «Ғажайып дорбаның ішінде не бар екенін білейік», «Кім қай үйде тұрады», т. с. с. Ойын әрекеттері арқылы ойынға ықылас, ойынт міндетін орындау тілегі күшейе түседі. Ол әрекеттер неғұрлым алуан түрлі, мазмұндырақ болса, ойынның өзі балалар үшін соғұрлым қызықты болып, танымдық және ойын міндеттері соғұрлым жақсы шешіледі.

Ойын әрекеттерінің көлемі де әр түрлі. Төменгі топтарда – бұл көбінесе (бір-екі рет) қайталанатын ірекеттер болса, жоғары топтарда – бес-алты рет қайталанады.

Дидактикалық ойын элементтерінің бірі – ережелер. Ережелер оқыту міндеті мен ойын мазмұнына қарай белгіленеді және, өз тарапынан, ойын әрекеттерінің сипаты мен тәсілін белгілейді, балалардың мінез-құлқын, тәрбиеші мен балалардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастырады және бағыттайды. Ережелердің көмегімен ол балалардың өзгеріп тұратын жағдайын бағдарлау, тікелей өз талабын тежей білу, эмоциялық-еріктік күш жұмсау қабілетін қалыптастырады. Осының нәтижесінде өз қимылын басқара білу, оны басқа ойнаушылардың іс-әрекетімен үйлестіру қабілеті дамиды.

Тәрбиеші ережелерді абайлап пайдалануға, олармен ойынды тоғытып жібермеуге, тек қажеттілерін ғана қолдануға тиіс. Көп ережені енгізу, балалардың оларды амалсыз орындауы теріс нәтижелерге соқтырады. Шамадан тыс тәртіптендіру балалардың ойынға ықыласын төмендетеді, тіпті ойынды бұзып та жібереді, ал кейде ережені орындамас үшін қулық жасауға итермелейді.

Ережені еске салудың немесе қосымша ереже енгізудің қажеті жоқ кездер де болады. Ойын әрекеттерін сәл ғана өзгертіп, сол арқылы ойын барысын түзетіп жіберсе, жетіп жатыр.

Тәрбиеші белгілейтін ойын ережелерін балалар бірте-бірте меңгереді. Соларды бағдарлай отырып, олар өзінің және жолдастарының ойын үстіндегі әрекеттерінің, қарым-қатынастарының дұрыстығын бағалайды. Ереженің бұзылуына наразылық білдіргенде балалар: «Ол ереже бойынша ойнап тұрған жоқ», -дейді.

Дидактикалық ойынның нәтижесі – қандай жолмен болсын әйтеуі бір ұтып шығу емес, балалардың білімді игеруде, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктері дәрежесінің көрсеткіші.

Ойын міндеттері, әрекеттері, ережелері, нәтижесі өзара байланысты, сондықтан осы құрамдас бөліктердің тіпті біреуінің жоқтығы да ойынның тұтастығын бұзады, оның тәрбиелеуші және үйретуші ықпалын төмендетеді.

А. В. Запорожец дидактикалық ойындардың ролін бағалай келіп, былай деп жазады: «Біз дидактикалық ойын жекелеген білімдер мен іскерліктерді игерудің формасы ғана болып ұйымай, сонымен бірге баланың жалпы дамуына көмектесетін, оның қабілеттерін қалыптастыруға қызмет ететін болуына жетуіміз қажет».

Дидактикалық ойын адамгершілік тәрбие міндеттерін шешуге, балалардың көпшілігін дамытуға көмектеседі. Тәрбиеші балаларды олармен бірге ойнай білу, өз мінез-құлқын реттеу, әділ және адал болу, кешірімді және талапшыл болу қажет етілетін жағдайға қояды.

Дидактикалық ойындар: «Қажетті суретті тап», «Пішіні ұқсас заттарды тап», «Нені қайдан алуға болады?», «Сен нені ұнатасың?», «Телефон», «Мен не дедім?», «Кім көп сөз ойлады?», «Жасырылған затты тап», «Кімге не керек?», «Қажетті сөзді ойлан».

Ережелі қимыл ойындары

Қимыл ойындары алдымен балаға дене тәрбиесін беру құралы. Олар балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қарғып алу, т. т. жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Алуан түрлі қимылдар ірі және майда бұлшық еттердің белсенді әрекеттенуін талап етеді, зат алмасудың, қан айналысының, тыныс алудың жақсы болуына, яғни организмнің тіршілік әрекетінің артуына көмектеседі.

Қимыл ойындары баланың нервтік-психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды сапаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Олар оңды эмоция туғызады, тежеу процестерін дамытады; ойын барысында балалардың бір сигналдарға қимылмен жауап қатып, екінші бір сигналдарға қимыл жасаудан тартынуына тура келеді. Бұл ойындарда баланың еркі, тапқырлығы, батылдығы, реакция шапшаңдығы т. т. дамиды. Ойындағы бірлескен іс-әрекеттер балаларды жақындастырады, қиыншылықты жеңу және табысқа жету оларды қуанышқа бөлейді.

Ережелі қимыл ойындарының қайнар көзі халықтық ойындар бтабылады, оларға түпкі ойдың айқындығы, мазмұндылық, қарапайымдылық, қызғылықтылық тән келеді.

Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Олар сондай – ақ дене шынықтыру сабақтарының құрамына енеді. Балалар ойынды игерген соң оны өздігінен ойнай алады.

Ережелі қимыл ойындарына басшылық мынадан көрінеді. Қимыл ойындарын таңдай отырып, тәрбиеші онда талап етілетін қимыл әрекеті сипатының сол жастағы балаларға сәйкес келуін, ойын ережелері мен мазмұнына балалардың өресі жететін болуын ескереді. Ол ойынға барлық балалардың түгел қатысуын, талап етілетін ойын ережелерінің орындалуын қадағалай отырып, балаларды тым қызындырып, қатты шаршатып шамадан тыс қимыл белсенділігіне жол бермейді.

Мектепке дейінгі ересек балаларға қимыл ойындарын өздігімен ойнауды үйрету қажет. Бұл үшін оларды бұл ойынға ықыласын дамытып, серуен кезінде, демалыс сағаттарында, мерекелерде, т. т. сол ойындарды ұйымдастыруға мүмкіндік беру керек.

Ережелі қимылды ойындар: «Бес тас», «Қазан мен доп», «Доп ұру», «Маймылға қақпан», «Кім мерген», «Тапқырбек», «Аңшылар», «Ине жіп», «Кетті кетті», «Қай звено тез», «Қасқыр қақпан», «Ботақан», «Түлкі мен қасқыр», «Көрші», «Тапқырбек», «Екі аяз», «Кемемен саяхат», «Трамвай», т. б.

Озық іс – тәжірибенің барысында, шығармашылық жұмыстың мазмұнына сай ойын іс – әрекетінің мазмұнына сипаттама жасалды, ойынның түрлеріне анықтама берілді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын іс – әрекетін басқаруға тәрбиешілерге нұсқау берілді. Балалармен ұйымдастырылған ойынның мазмұны мен ерекшелігіне талдау жасалды.

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс – әрекеті болып табылады. Сондықтан балабақшада балалардың бойында ойынға деген қызығушылықты қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылды, әдіс – тәсілдері айқындалды.

Шығармашылық жұмыста ұсынылған ойынның түрлері жас топтарына сәйкес арнайы эксперименттік байқаудан өткізіліп, оның нәтижелері қорытындыланды. Ойын іс – әрекетінің балалардың қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететіндігі, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға толық мүмкіндік жасалатындығы анықталды. Балаларға жағымды эмоционалдық көңіл – күй тудыратыны, балалардың дербес әрекет ету белсенділігін арттыратындығы байқалды.

Балабақшада ойын іс – әрекетін ұйымдастыруға байланысты қажетті көрнекіліктердің ең маңызды мәселе екені айқындалды, осыған орай мектепке дейінгі ұйымдарда ойын іс – әрекетін ұйымдастырудың негізгі құралы ойыншықтар болғандықтан оны жасаудың жолдары көрсетіліп, ойынға қажет көрнекіліктер дайындалды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольников. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

### **ОРГАНИЗАЦИЯ ВНЕКЛАССНОЙ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ШКОЛЬНИКОВ В НАЦИОНАЛЬНОЙ КАЗАХСКОЙ ШКОЛЕ**

*Джусупов Умирбек Сейдалиевич  
СШ №10, г.Кентау, Туркестанская область, Казахстан*

#### ***Аннотация***

*В течение тысячелетий роль семьи в воспитании ребенка обуславливалась, прежде всего, тем, что большую часть своей жизни ребенок проводит непосредственно в семье. Общеизвестно, что роль семьи в воспитании детей значительнее той роли, которую играют в его жизни детский сад, школа, друзья, товарищи, учителя средства массовой информации: телевидение, интернет.*

Именно в семье берет начало процесс формирования в ребенке тех качеств, которые требует от него социальная жизнь. Знания, умения и навыки, которые ребенок приобретает в семье в детстве, а позже во внешкольной деятельности, общественных организациях, в учебных заведениях, на улице, формируют его

личность, определяют его жизненный путь. Немаловажное значение в формировании будущих взглядов ребенка и его качеств, имеет, безусловно, родители, но в нем важное место занимают, дедушки и бабушки, вносящие свой вклад в непрерывность и постоянство воспитательных воздействий на личность ребенка. С раннего возраста ребенок непосредственно практически во всем подражает представителям старшего поколения. Сознание маленького ребенка формируется в процессе подражания, ведь с самого рождения ребенок неосознанно стремится быть похожим на старших, копирует их поведение, старается походить на своих родителей, дедушек и бабушек. Так как в младшем возрасте дети все еще по своей сути продолжают быть зависимыми от родителей, последним важно дать им те экологические ориентиры, на которые они будут опираться и во взрослой жизни. Именно эти ориентиры станут основополагающими в дальнейшей жизни ребенка. Родители пользуются непререкаемым авторитетом в глазах маленького ребенка, являются его первыми духовными и нравственными наставниками. Не имея достаточных знаний, ребенок постоянно черпает их из общения со взрослыми. Безусловно, прежде всего, старшее поколение должно помочь ребенку научиться следовать общечеловеческим нормам поведения в обществе, познакомить их с духовными ценностями, заложить основы нравственного и природоохранительного воспитания. Необходимо обратить внимание на то, что именно родители несут первостепенную ответственность за воспитание и формирование экологической культуры своих детей.

Непосредственное влияние семьи на формирование личности ребенка сильнее всех других воспитательных воздействий на него. Несомненно, с возрастом оно несколько ослабевает, но никогда не утрачивается полностью. В семье формируются те качества, которые нигде, кроме как в семье, не могут быть сформированы. В частности, от семьи зависит уровень образованности и воспитанности детей. От того, как складываются внутри семьи отношения всех ее членов, зависит насколько правильно, и осознанно будет выстраиваться модель семейного воспитания. Детей и родителей связывают неразрывные узы, объединяющие самых близких людей. Непосредственно от того, как будут общаться, и взаимодействовать между собой родители и дети, будет зависеть формирование личности, характера и общего мировоззрения каждого ребенка в семье. Начала нравственного, духовного, экологического воспитания ребенка закладываются, бесспорно, в его семье, подобно тому, как здесь он учится ходить, делает свои самые первые шаги.

На педагогические процессы воспитания и обучения детей влияли обычаи, нравы, окружающая среда, образ жизни народов. Одним из основных, характеризующих человека качеств считалось уважительное отношение к старшему поколению, их опека и почитание (1). Проявление непочтительного, грубого и безнравственного поведения вообще и в особенности в присутствии старших считалось непристойным и непростительным. Родственники таких детей осуждались, а дети отчуждались от общества до тех пор, пока их поведение не изменится. Морально-нравственные качества личности ярко проявлялись в общении детей со взрослыми. Дети обязаны были уважать старших, быть



вежливым и приветливыми по отношению к последним. Такие черты характера как забота, любовь, нежность, сострадание к родным и близким, бережное отношение к окружающей среде успешно формировались и формируются в настоящее время, если ребенок растет в благоприятном микроклимате семьи и родного дома. Гуманными вырастают те дети, чьи родители сами обладают такими качествами, которые они проявляют не только по отношению к своей собственной семье, но и к обществу, природе там, где ребенок непосредственно видит взрослых не только в родном доме, но и сопровождая их на улице. Он внимательно наблюдает за родными, анализируя и оценивая их поступки и поведение. Постепенно из подражающего взрослым ребенком, зависящего от их непосредственного воздействия на него, он превращается в разумного, самостоятельного субъекта своей жизни, способного выражать непосредственно свое, личное отношение к окружающему миру. Приобретая способность к саморазвитию, самоутверждению своей позиции к окружающей природе, миру, людям, он учится самостоятельно, без помощи со стороны взрослых, действовать в различных жизненных ситуациях. Таким образом, повзрослев, он проявляет черты базовой общей культуры личности вообще и экологической, в частности. Это те самые качества, формирование которых началось у него в детстве. На основе усвоенных в дошкольном и младшем школьном возрасте знаний, умений и навыков он выражает чувство действенной любви и заботы, по отношению к людям и окружающей природе.

С другой стороны, активное использование информационных технологий, появление мобильных гаджетов постепенно вытесняет номинальное общение с окружающими людьми. Сокращается время совместного времяпровождения. Кроме того, можно отметить моменты определенного удобства для родителей, что дети, вместо прогулок или общения со сверстниками предпочитают сидеть за компьютером или мобильными устройствами. Перспективы такого засилья виртуального общения непредсказуемы. Дети постепенно отчуждаются от реального мира, не только не воспринимая национальные традиции, но и зачастую, общечеловеческие ценности.

В этой связи, важным становится поиск методов и приемов психолого-педагогического воздействия на подрастающее поколение с целью сохранения национального и общепринятых принципов воспитания и восприятия окружающей действительности.

Исследования проводились в общеобразовательной школе №10 г. Кентау, Туркестанской области на юге Казахстана.

В исследовании использованы такие этнопедагогические методы как: реконструкция, сравнение и обобщение различных носителей этнопедагогической информации, структуризация. Кроме того, при обобщении полученной информации применялись методы этнопедагогической эмпирического уровня как диагностические и наблюдательные методы (2). Использовался педагогический потенциал национальных казахских произведений: кюев, сказок, сказаний и поговорок. При проведении мероприятий было использовано сочетание различных методов, в т.ч. применялись методы инновационного обучения как беседы, круглый стол, конференции, мозговой штурм, проблемные ситуации и т.д.

В результате проведенного исследования среди учащихся 8-11 классов казахской школы № 10 было установлено, что, фактически все учащиеся (100% опрошенных) пользуются электронными средствами обучения: компьютерами,

ноутбуками, мобильными телефонами. Выявлено, что время пользования гаджетами превышает 4 часа в день у 45% опрошенных, свыше 2 часов в день пользуется 25%, свыше 1 часа – 15%, менее 1 часа – оставшиеся.

Следующий этап исследований показал, что большинство современных школьников незнакомо с казахскими писателями и поэтами, художниками и музыкантами, для них фактически неизвестны имена людей, внесших вклад в развитие своего региона. Выявлено, что многие дети не знают значения народных казахских традиций, никогда не слышали казахских эпосов и сказок.

Для решения проблемы этнопедагогического воспитания учащихся в 2019 г. в общеобразовательной школе №10 был открыт кабинет «Воспитания учащихся в национальных традициях» Почетного гражданина г.Кентау Джусупова Умирбека Сейдалиевича, который основал «Школу предков» (Ата мектеби). Направление деятельности кабинета связано с просветительской деятельностью на основе методов этнопедагогики и этнокультуры. Мероприятия проводятся с регулярностью 1 раз в неделю. Целевая аудитория: учащиеся 8-11 классов, молодые родители, классные руководители, библиотекари, работники сферы культуры и спорта. При проведении мероприятий приглашаются известные личности, внесшие вклад в развитие культуры и спорта, образования и науки. До карантинных мероприятий, связанных с распространением коронавирусной инфекции, было проведено более 10 встреч, в которых приняло участие 695 учащихся.

Открытие каждой встречи проводилось основателем «Школы предков» Джусуповым У.С., в традиционной для казахской культуры манере с пожеланием добра и дальнейшего развития. Он представлял тему мероприятия, рассказывал об актуальности направления беседы и представлял приглашенных гостей. В каждой встрече уделено внимание необходимости поддержки национальных традиций в общественной и межнациональной коммуникации, в отношении к представителями старшего поколения, в развитии национальной культуры и сохранении ее аутентичности.

Можно остановиться на отдельных моментах некоторых встреч. Так, на одной встреч обсуждались такие важные проблемы как брошенные дети. В современных условиях проблема социального сиротства является одной из самых острых в Казахстане. В Казахстанском обществе показателями развития социального общества являются: демографическая проблема, численность населения, детская смертность, детская рождаемость. В Республике Казахстана 38 386 детей – социальные сироты. Из них 22 067 человек – под опекой и попечительством, 2 267 детей – на патронатном воспитании, 14 052 ребенка – в организациях для детей-сирот (детских домах, домах для инвалидов, домах ребенка). И из этих четырнадцати с лишним тысяч только 2 188 – круглые сироты. Остальные 11 864 – оставшиеся без попечения родителей. Отсюда видно, что только 15% от общего числа детей – сироты, не имеющие родителей, остальные стали таковыми по вине родителей, из-за их безответственности, аморального, криминального образа жизни, тунеядства. Есть примеры, когда в детских домах воспитываются по пять-шесть детей из одной семьи, причем время от времени их число пополняется. Главные причины социального сиротства, на мой взгляд, – это падение нравственности в обществе, недостаток воспитания в семье, снижение уровня жизни, безработица, иждивенчество. У казахов не было такого понятия как дети без родителей.

Ребенок должен жить в семье и получать родительскую ласку и заботу. Для казахстанской земли это не простые слова, где традиционно, никогда не было приютов и брошенных детей, история должна вернуться на круги своя. В тяжелые годы, когда семьи оставались без кормильца, осиротевших детей забирали в свои семьи родственники, делились самым последним.

Во время следующей встречи по теме: «Кунанбай – заботливый гражданин казахского народа» обсуждались вопросы воспитания в казахской семье. Все знают Абая Кунанбаева – поэта и философа, но информация об его отце Кунанбае долгое время была малоизвестна. Кунанбай Оскенбайулы был человеком непростым, со сложным характером, одновременно властным, строгим, иногда скорым на расправу, но и справедливым, щедрым, глубоко религиозным, сделавшим многое для распространения ислама среди тобыктинцев, но и понимающим необходимость светского образования. Он отличался красноречием, меткими выражениями, которые подхватывали в народе, был почитаем среди людей. Высокий авторитет, большой опыт административной работы, бийского судейства, уникальный ораторский дар – все это способствовало избранию Кунанбая в 1849 году на должность старшего султана Каркаралинского округа, на которую ранее могли претендовать только чингизиды – султаны (5). Кунанбай был успешен не только в качестве волостного управителя, он был рачительным хозяином, приумножив свои стада и став крупным скотовладельцем в казахской степи. Еще в 1846 году А. Янушкевич, производивший перепись людей Кунанбая и опись его скота, зафиксировал 1853 юрты, 8000 человек, 22000 лошадей, 2000 голов крупного рогатого скота, 155000 овец. Когда в 1850 году скончался патриарх рода Ускенбай в возрасте 72 лет, то Кунанбай организовал пышный ас, куда прибыли несколько тысяч тобыктинцев и представителей соседних родов. Кунанбай проявлял большую заботу о своем потомстве и в плане материальном, и в плане духовного развития. Как мы уже писали, все дети получили первоначальное обучение в мусульманской школе в Ескитапе. Общение Кунанбая со старшим султаном Кокчетавского округа Чингизом Валихановым подвигло его на то, чтобы обучить Халиуллу в Омском кадетском корпусе, несмотря на то, что туда принимали отпрысков султанских кровей, а далее в Александровском военном училище в Москве. Старших сыновей – Таниберды и Кудайберды – он целенаправленно рано приучал к административной работе, при содействии отца Таниберды в 1859 году был избран волостным управителем Кушик-Тобыктинской волости, затем после двух сроков подряд, в 1865 году его сменил старший брат Кудайберды, скончавшийся от туберкулеза уже в апреле 1866 года. Это была первая тяжелая потеря старшего сына для Кунанбая, вторая, не менее тяжелая, последовала в 1870 году, когда в Омске ушел из жизни его не менее талантливый, чем Кудайберды, 20-летний сын Халиулла, уже оставивший переводы на казахский язык некоторых фольклорных произведений казахов (сказания «Енлик – Кебек», «Калкаман и Мамыр» и др.). При жизни Кунанбая выдвигались на должности волостных Абай, Ыскак, Оспан, а также внук Шакарим.

Отдельная встреча была посвящена национальной традиции «Аттергеу» (Выбор имени). Речь шла об известных личностях в истории Казахстана. Например о Чокане Валиханове. Имя, данное при рождении было Мухаммед-Ханафия, но из-за того, что он мог часами сидеть неподвижно («шокиып») и слушать назидания и кюи – народные музыкальные повествования с использованием инструмента – домбры, его прозвали Шокан, а всемирную

известность он приобрел с именем Чокан. С малых лет ему прививали любовь к наукам, да он и сам тянулся к образованию. Казахский, арабский и персидский языки, рисование и восточную поэзию он освоил еще в местной школе. В 1847 году он стал кадетом Сибирского кадетского корпуса, расположенного в Омске, где учился до 1853 года. Здесь он освоил французский и немецкий языки, увлекся путешествиями и понял, что хочет открыть всему миру культуру Азии. Учитель истории Гонсевский симпатизировал любознательному ученику и разрешил ему пользоваться собственной огромной библиотекой. В 18 лет Уалиханов стал канцеляристом и историографом в Западной Сибири у генерал-губернатора Гасфорда. Он мог работать с различными историческими материалами дома и подробно их изучать. Это помогло исследователю пополнить свои знания и сделать вклад в науку. В 1855-м Гасфорд поручил ему отправиться в поездку по отдаленным районам страны. Он побывал в Семиречье и Коканде, подробно описывая свои поездки, встречался с Федором Достоевским, помог отправить в Санкт-Петербург оду о коронации царя. Личные качества позволили Шокану служить в царской армии, выполнять различные поручения разведывательного характера, заниматься научными исследованиями и творчеством.

Другая известная личность Бауыржан Момыш-улы, Герой Советского Союза, из-за своей поразительной аккуратности и щепетильности был прозван в детстве «Шантимес»-недоступный пыли. Где бы он не работал и на каких должностях: от ответственного секретаря райисполкома до начальника сектора Госплана СНК Казахской ССР, он оставался принципиально честным человеком. Служба в армии, а затем и участие в боевых действиях в годы войны подтверждают черты его характера, описанные в аттестационном листе, заполненного 10 апреля 1942 года: «Капитан Момышулы Бауыржан – способный, волевой и решительный, требовательный к себе и подчиненным командир. В боях с немецко-фашистскими захватчиками проявил личную отвагу и беззаветное мужество. Этот великий человек достиг высот в карьере во времена Второй мировой войны, но получению заслуженных наград и званий помешал строптивый характер. Поэтому звания Народного героя и Героя СССР назначены посмертно. Прозвище Шантимес было дано ему в детстве заслуженно. Военные школы «Шантимес» Бауыржана Момышулы были открыты в Израиле и Кубе.

Таким образом, роль «Школы предков» в сохранении и развитии национального и общепринятых принципов воспитания и восприятия окружающей действительности у учащихся национальной казахской школы имеет положительные результаты, а применение инновационных методов и приемов психолого-педагогического воздействия на подрастающее поколение позволяет повысить эффективность воспитательного процесса.

### **Литература**

1. Батырова М.Д. Роль и место семьи в формировании экологической культуры ребенка // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1-1.; URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=18581> (дата обращения: 08.01.2021).
2. [https://spravochnick.ru/pedagogika/etnopedagogika/metody\\_etnopedagogiki/](https://spravochnick.ru/pedagogika/etnopedagogika/metody_etnopedagogiki/)
3. Василькова Ю.В., Василькова Т.А. Социальная педагогика: Курс лекций: Учеб. Пособие для студ. Высш. Пед. Учеб. Заведений. – 3-е изд., стереотип. – М.: Издательский центр «Академия», 2003. – 440 с

# ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУЫ

*Досова Айнур Сакеновна*

*Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

**Ғылыми жетекшісі:**  
*Рысбаева Аршагуль Клышбековна д.п.н., профессор*

## **Аннотация**

*Біз өзіміз жүргізіліп отырған қайта құруларда, қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік серіктестіктерінің белсенділіктерін дамыту жолында, біздің бозбалалармен бойжеткендеріміздің мүмкіндіктері мен энергиясын жүзеге асыру үшін жағдай жасай отырып, жас ұрпақтың рөлін бекітуді қажет етеміз.*

Қазақстан 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясында көрсетілгендей біздің еліміздің алдына қойған мақсаттарына жетуді қамтасыз ету міндеті мен жауапкершілігі тек сіздерге жүктеледі. Барлық келешек ұрпақтың күшін біріктіру біздің өмірімізді демократияландырудың негізгі факторы, азаматтары, әсіресе жастары өзін, өз отбасын, өзінің ата –аналарын игілікті өмірмен қамтамасыз етуді жүзеге асыруға болатын гүлденген мемлекетті құрудың басты шарты болып табылады. Қазақстандық қоғам үшін жас ұрпақтың маңыздылығын статистикада дәлелдеп отыр. Қазіргі уақытта Қазақстанда жасы он алтыдан жиырма тоғызға дейінгі 3788,1 мың азамат өмір сүреді, ол халықтың төрттен бір бөлігін немесе еңбекке жарамды халықтың қырық пайызын құрайды. Міне, Қазақстан жастары туралы осындай нақты мәліметтердің өзі жас ұрпаққа арналған және осы жас ұрпақтың өзі жүзеге асыратын, жалпы қоғамның мүддесін қорғайтын мақсатты, ғылыми негізделген әлеуметтік саясаттың аса қажеттігін көрсетіп отыр. Мұндай саясатты жасау және осы жас ұрпақтың өзі жүзеге асыратын, жалпы қоғамның мүддесін қорғайтын мақсатты, ғылыми негізделген әлеуметтік саясаттың аса қажеттігін көрсетіп отыр. Мұндай саясатты жасау және оны кейіннен жүзеге асыру «әлеуметтік жұмыс» және «әлеуметтік педагогика» деп аталатын гуманитарлық пәндерге жүктеледі. Ашық, демократиялық қоғамның іргесін дәйекті нығайта отырып, біз демократия мен құқық тәртібі – егіз ұғымдар екенін, бірінсіз бірінің өмір сүре алматынын естен шығармауымыз керек. Сондықтан да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын пәрменді жүйе қажет. Біріншіден, құқық қорғау мен мемлекеттік органдардың құқық тәртібін қамтамасыз ету саласындағы ұйымдық және заңнамалық шараларын жетілдіру жөніндегі іс – қимылдарын үйлестіруді күшейту керек.

Екіншіден, өз назарымызды жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өсу проблемасына аударып, мұны кеміту шараларын қолдану міндет. Үшіншіден, өзіміздің құқық қорғау органдарымызға есірткі қылмысы мен ұлтаралық қылмыс секілді қателіктерге қарсы күресу үшін қосымша ресурстар мен құралдар беруіміз қажет. Төртіншіден, елімізде құқық бұзушылықтың алдын алудың жалпы мемлекеттік

жүйесінің жасақталып, жұмыс істеуін қамтассыз ету, бұл іске жұртшылық пен халықты кеңінен тарту керек. Жастарды әлеуметтік қорғаудың сұрақтарын шешуде қаламызда жұмыс іздеу клубы істейді және жастарды жұмысқа орналастыру мен оларға кәсіби білім беруде көмек көрсететін «Жастар тәжірибесі» әлеуметтік бағдарламасы жүзеге асуда. Өскемен қаласында әлеуметтік қызметтерді құру жүруде, сонымен қатар, кәсіби бағыттағы жұмыс ұйымдастырылды. «Үлбі» медико-әлеуметтік орталығы 100-ден аса мүгедек балалардың үйлеріне барып қызмет етеді. Нашақорлықтың алдын алу, салауатты өсір салтын насихаттауда жастарды ақпараттандыру деңгейін арттыру мақсатымен қала көшелерінде нашақорлыққа қарсы баннерлер орналасқан: «Біз – салауатты өмір салты үшін!», «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» және т.б.

«Шығыс Қазақстан Студенттік Заңды Ассоциациясы» қоғамдық ұйымы тұрақты өткізетін заңды кеңестердің аясында оқушылар мен студенттердің арасында салауатты өмір салтына құнды қарым-қатынасты қалыптастыруға, нашақорлықтың алдын алуға бағытталған лекция мен тренингтер ұйымдастырылды. Қалалық ішкі істер басқармасы "Подросток", "Занятость" алдын алу рейтингтерін өткізді.

Өскемен қаласындағы оқушылар мен студент жастарды физикалық тәрбиелеуді дамыту мақсатымен 6 000 адамды қатитын 83 спорт залы, 11 спорт мектебін, 3 спорт-сауықтыру мектебін қалыптастыруда. Спорттық шараларға қатысу жас ерекшелігіне қарамай, ақысыз жүргізіледі.

Балалар мен жасөспірімдер клубының қалалық бірлестігі балалар мен жасөспірімдердің тұрғылықты жеріне байланысты бос уақыттарын өткізуді ұйымдастыру, ішімдікке әуесқойлықтың алдын алу бойынша белсенді жұмыстарды жүзеге асырады.

Жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету Жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету мемлекеттік тапсырысты орындайтын БАҚ арқылы жүзеге асырылады. "Рудный Алтай", "Дидар", "Устинка плюс" газеттерінде үнемі жастарға арналған беттер бар, "Город и мы" бағдарламасында, "Калкен ТВ" телеканалы мен "Микс" радиосында орыс және қазақ тілдерінде жастар ортасында маңызды мәселелерді қамтитын жастар айдарлары бар. "Өскемен қаласындағы жастар мен жастар саясатының 2006-2007 жылдарға арналған бағдарламасының» орындалуы бойынша шараларды жүзеге асыру тұрақты бақылауда. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың

алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Кеңес құрамында 10 адам бар. Кеңес төрайымы мектеп директоры және мектеп ұстаздарынан құралған. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу және де құқық бұзушылықпен күресуде көмек көрсету мақсатында мектебімізде «Полицияға Жәрдемдесу Жедел Тобы» құрылды. Мектепте наркологиялық бекеттер жұмыс істейді. Сонымен бірге, бүгінде мектебімізде спорттық үйірмелер жұмыс істеп, оған оқушы тартылып отыр.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр.

Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны азая түскен. Мысалы, қалалық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар, ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керек сияқты.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Есігінен енді аттап отырған жаңа ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де жастарға тікелей байланысты. Сондықтан да білім алушы жастар Отанға деген сүйіспеншілік патриотизм, танымының заңдылықтарын игеру тиіс. Осыған орай ел президенті Н.Ә.Назарбаев «Бұл дүниеде біздің Отанымыз бар, ол біздің – тәуелсіз Қазақстан». Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан жақты сезіну керек» - деген еді. Заңдылықты нақты жүзеге асыру нәтижесінде қоғамдық қатынастарды іс жүзінде тәртіпке келтірудің жай-күйі дегеніміз құқық тәртібі. Қалыптасып және өзгеріп жататын құқық тәртібі – мемлекет жариялайтын заңдылықтың нақты қамтамасыз етілуінің, оның кепілдіктері пәрменділігінің маңызды көрсеткіші. Өртүрлі маңызды құқықтар мен міндеттердің субъектілері ретінде адамдардың заңды еріктілік қызметі, мінез-құлық құқық тәртібінің мазмұнын айқындайды, құқық тәртібін жасайды.

Ең алдымен құқық тәртібін қорғауға тиісті мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықты сақтаудың елдегі заңдылықтың жай-күйінің айнасы деп саналатын кездейсоқ емес, өйткені заңдармен реттелген нақты қоғамдық тәртіптің ұйтқысы ретінде құқық тәртібін тек заңды құралдар ғана қамтамасыз ете алады, ал заңдардың орындалуы құқық тәртібін нығайтуға жеткізуге тиіс.

*Құқық тәртібі демократияны дамыту мен нығайтуға жәрдемдеседі. Құқық тәртібі болмайынша демократия берекесіздік пен бетімен кетушілікке айналады.*

Құқық бұзушылық – қоғамның, мемлекет пен жеке адамның мүдделеріне зиян келтіретін субъектінің кінәлі, құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекеті.

Кез келген *құқық бұзушылық дегеніміз* адамдардың іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі ретіндегі әрекеті. Оларға табиғат құбылыстары мен жануарлардың мінезін жатқызуға болмайды.

Құқық бұзушылықтың бәрі құқыққа қарсы. Бірақ құқыққа қарсы әрекеттің кез келгенін құқық бұзушылық деп тануға болмайды. Нәтижесі субъектінің еркін өз ықтиярымен білдіруі, яғни оның *кінәлі мінез-құлқы* болған әрекет қана құқық бұзушылық болады. Әдетте, жасы толмағандар мен ақыл-есі кем адамдар өз әрекеттерінің сипатын ұғынбайды деп саналады, сондықтан да олар құқық тұрғысынан құқық бұзушылыққа қабілетті болып танылмайды.

Жеке адамның өзге мінез-құлық нұсқасын таңдауға амалы қалмайтын жағдайда жасаған құқыққа қарсы әрекеті (мысалы, өте қажет болған жағдай, қажетті қорғаныс) құқық бұзушылық деп танылмайды. Еркіне тәуелсіз құқық нормасын бұзу объективті түрде құқыққа қарсы әрекет болады, бірақ жаза қолданылатын құқық бұзушылық емес. «Объективті айыптауға, – делінген Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде,- яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді» (19-баптың 2-тармағы).

Құқыққа қарсы әрекет ол кінәлі болғанда құқық бұзушылыққа айналады. *Кінә дегеніміз*- субъектінің қоғам, мемлекет, жеке адам мүдделеріне іштей теріс көзқарасының құқыққа қарсы әрекет жасаумен білдірілген көрінісі. Кінә негізгі екі нысанға: *қасақана және абайсыздықпен* жасалған болып бөлінеді.

Кінә нысаны жауапкершілік шарасына тікелей ықпал етеді.

Құқық бұзушылықтың заң жүзінде жауапкершілік жүктеу үшін қажетті және жеткілікті, мейлінше жалпы, дағдылы және елеулі белгілерінің жүйесі *құқық бұзушылық құрамы* деп аталады.

Құқық бұзушылық құрамын құрайтын белгілердің тіпті біреуінің болмауы заң жүзіндегі жауапкершілікті болғызбайды.

Құқық бұзушылық құрамына мыналар кіреді:

- Құқық бұзушылық субъектісі – заңмен құқық бұзушылыққа қабілетті деп танылатын жеке адамдар немесе сондай әрекет жасаған әлеуметтік ұйымдар;

Азаматтық құқық жеке құқық бұзушыларды (жеке адамдар) да, ұжымдық құқық бұзушыларды (заңды тұлғалар) да құқық бұзушылар деп таниды.

- Құқық бұзушылық объектісі – құқықпен реттеліп, қорғалатын және құқық бұзушылық араласатын нәрсе. Тектік объект – қоғамдық қатынастар, олардың саласы және түр объектісі – өмір, денсаулық, ождан, мүлік және т.б.;

• Құқық бұзушылықтың субъективті жағы – субъектінің өз әрекеті мен оның зардаптарына ішкі, психикалық көзқарасын сипаттайтын белгілердің жиынтығы.

• Бұл көзқарас (кінә) *тікелей қасақаналық* нысанда болуы мүмкін, яғни бұл орайда субъект өз іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті сипатын ұғынады, зиянды зардаптардың болу мүмкіндігін немесе болмай қоймайтындығын алдын ала біледі және олардың болуын тілейді. *Жанама қасақаналық* нысанда да болуы мүмкін, бұл ретте субъект өз әрекеттерінің қоғамдық қауіпті сипатын ұғынады, зиянды зардаптардың



болу мүмкіндігін алдын ала біледі, бұл орайда олардың болуын тілемейді, бірақ саналы түрде жол береді не оларға немқұрайды қарайды. Құқық бұзушылықтың объективті жағы – әрекеттің өзі немесе әрекетсіздік, құқыққа қарсылық (әрекетті заңда көрсету), зиянды нәтиже (мағыналы аспект), әрекет (себеп) пен одан туындайтын зиянды нәтиже (салдар) арасындағы тікелей (кездейсоқ емес) себеп-салдары байланыс сияқты, құқық бұзушылықты сипаттайтын сыртқы белгілердің жиынтығы.

Сипаты мен дәрежесі бойынша қоғамдық қауіпті құқық бұзушылық *қылмыс* және *теріс қылық* түрлеріне жіктеледі.

Қылмыс – қоғам үшін мейлінше қауіпті және қылмыстық заңмен тыйым салынған құқық бұзушылық. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-бабында қылмыс ұғымына мынадай анықтама берілген: «Осы Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады».

*Қылмыскерлік құрылымы* – қылмыстардың қауіптілік дәрежесіне және олардың жалпы қылмыскерліктегі үлесіне қарай қылмыскерліктің түрлері бойынша сапалық сипаттамасы (кісі өлтірушілік; бұзақылық; ұрлық; қызметтік қылмыстар және т.б.).

Қылмыскерлік құрылымы қасақана және абайсызда жасалған; ашкөздік және күш қолданылған; айқын және патенттік; қылмыскерлердің жынысы мен жасы бойынша; қылмыстың жасалған уақыты мен орны бойынша қылмыстар болып бөлінеді.

*Қылмыскерлік серпінділігі* – қылмыскерлікке қозғалыс үстінде, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде болған сан және сапа өзгерістері арқылы заңдардағы және халық санындағы өзгерістерді ескере отырып берілетін сипаттама.

*Теріс қылық* – қоғамдық қауіптілігінің азырақ дәрежеде болуымен сипатталады. Ол қоғамдық қатынастардың түрлі салаларында және қол сұғушылықтың әртүрлі объектілерінде жасалады, тиісінше заңдық салдарға әкеп соғады.

Жекелеген қылмыстың тікелей себебінің пайда болуына әкеп соққан мән-жайлар кешенін криминологтар мынадай үш топқа бөледі:

- Жеке адамның адамгершілік жағынан қалыптасу жағдайлары;
- Қылмыс жасалған кездегі нақты жағдай, қылмыстың дәлелдері;
- Қылмыстық нәтиженің болуына себепші болған мән-жайлар.

Белгілі бір субъектінің өзінің бір әрекетімен теріс қылықтың бірнеше түрін жасап, оның заңдық жауапкершіліктің тиісті түрлерінің де тууына әкеп соға алатыны сирек кездеспейді.

*Заңдық жауапкершілік дегеніміз* – арнаулы органдар немесе лауазымды тұлға түріндегі мемлекет пен құқық бұзушының арасындағы тиісінше айырулар мен құқыққа қарсы әрекеті үшін жағымсыз салдарға төзу міндеті жүктелетін құқық нормасын бұзудан туындайтын құқықтық қатынас. Жеке сипаттағы (мысалы, бас бостандығынан айыру), мүліктік (мысалы, айыппұл) немесе ұйымдық сипаттағы (мысалы, жұмыстан шығару) шектеулер осындай зардаптар болуы мүмкін.

Әлеуметтік жауапкершіліктің ерекше бір түрі ретіндегі заңдық жауапкершіліктің белгілері мыналар: а) мемлекет құқық нормаларында белгілеген; ә) мемлекеттік мәжбүрлеуге сүйенеді; б) арнаулы уәкілетті

мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар іс жүргізу тәртібімен қолданады; в) құқық бұзушы үшін нақты теріс зардаптардан көрінеді және қосымша міндеттер жүктеумен байланысты; г) тек қана жасалған құқық бұзушылық үшін туады және қоғамдық бетіне басумен байланысты.

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі.
2. Карпец И.И. Наказани: Социальные, правовые и криминологические проблемы/ И.И. Карпец.- М.: Юрид. Лит, 1973.- 141 б.
- 3.Тарбагаев А.Н. Понятие и цели уголовной ответственности/ А.Н. Тарбагаев.- Красноярск, 1986.- 102 б.
4. Марцев А.И. Теоретические вопросы общего и специального предупреждения преступления: Заң ғылымдарының докторы диссерт. Автореф/ А.И. Марцев.- Свердловск, 1975.- 24-25 б.
5. Карпец И.И. Көрсетіген жұмыстың 156-157 беттері, жазадан босату. — М., 1973.- 6 б.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

*Авазхан Жадыра Оралбайқызы  
Шымкент университеті, БО-117 тобының  
студенті*

*Ғылыми жетекшісі- Есжанова Гүльсим Сапарбековна Магистр оқытушы  
Шымкент университеті,  
Шымкент қаласы*

### **Аннотация**

*«Басқа да түркі халықтары сияқты қазақтар да ислам дінінің тарауымен бірге келіп енген араб жазуын ертеректен бастап-ақ қолданған. Бірақ грамматикалық құрылысы жағынан да, дыбыстық жүйесі жағынан да түркі тілдерінен мейлінше басқа болып келетін араб тілі графикасы қазақ тілінің дыбыстарын таңбалауға сай келмейтін», - дейді белгілі ғалым Т.Р. Қордабаев.*

Семит тілдерінің бірі – араб тілінде дауыссыз дыбыстардың қызметі айрықша. Олар сөздің конюантты негізін құрайды. Араб алфавиті дауыссыздар мен жартылай дауыстылардан құралған. Дауыстылар ең алғашқы араб жазуында дәлме-дәл емес, шамамен белгіленген. Кейіннен араб жазуында дауыстыларды таңбалау үшін жазудың үстінен немесе астынан қойылатын таңбалар пайда болады. Араб жазуындағы әріптер жеке тұрғандағы қалпы, сөз басындағы, сөз ортасындағы, сөз аяғындағы келуіне қарай төрт түрлі формада жазылады.

Араб жазуы құрылымы жағынан флективті, сөздерінің түбір құрамы конюантты болып келетін семит тілдері үшін қолайлы болғанмен, басқа тілдер үшін жанасымды бола алады.

Бұл жайында жоғарыда келтірілген ғалым Т. Қордабаевтың пікірін К. Аханов

та қолдайды. «Араб жазуы түркі тілдерінің дыбыстық құрамына да, агглютинативті сипатына да сай келмеді. Сондықтан оны түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар өз тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне ыңғайластырып өзгертті, қосымша әріптер мен диакритикалық белгілер енгізді. Алайда араб жазуының конюантты сипаты, графикалық жағынан күрделілігі түркі тілдері үшін жат, қолайсыз екендігін көрсетті», - дейді К. Аханов.

Әрине, әріп жазуының қазіргі күнде бірнеше түрлері бар. Солардың көбі ертедегі финикий, армей жазуларынан тараған дедік. Сондай жазулардың қатарында грек, латын, славян жазуларын атауға да болады. Осы аталған алфавиттер негізінде европа халықтарының қазіргі жазу жүйелері қалыптасты. Бірақ бұлар біздің зерттеу жұмысымызға айтарлықтай қатысы болмағандықтан, бұл жазулар төңірегінде өз пікірімізді шектей тұрамыз.

Сонымен, жазудың шығуының және оның біртіндеп дамып, осы күнгі дәрежеге жетуінің ұзақ тарихы бар екен. Әр түрлі жазу жүйелерінің ішінде әріп жазуы жүйелі жеңіл және өте қолайлы.

Жазулар таңбалардың орналасу бағытына қарай да бір-бірінен ажыратылады. Мысалы, Қытай жазуындағы идеограммалар жоғарыдан төмен қарай орналасады, қазақ, орыс т.б. халықтар жазулары солдан оңға қарай бағытталса, араб жазуы керісінше, оңнан солға қарай бағытталады.

Тіл дыбыстары жазуда графикалық таңбалармен белгіленеді. Әріптердің белгілі бір тәртіппен орналасқан жиынтығы – алфавит деп аталады.

Ал графика – белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесін белгілеу тәсілдерінің жиынтығы. Л.В. Щерба графиканы «алфавиттің ережелері» деп те атайды.

Қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. Тек XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана қазақ оқығандары, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа алфавит қабылдауды, не осы жазуды біраз жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Міне, осы пікір ағымын өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И. Ильминский бастаған миссионерлер граф жазуының кемшіліктерін сынап отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын қызу уағыздады.

Н.И. Ильминскийдің пікірінше, алфавит қай уақытта да дінмен бірге қабылданған. Мәселен Батыс Европа латын алфавитін латын шіркеуі, орыстар грек алфавитін слаян шіркеуі арқылы қабылдаған.

Татарлар да өзге мұсылман елдері тәрізді араб жазуына ислам дінінің тарауына байланысты көшкен. Араб жазуы – оларды ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал.

Сондықтан, оның ойынша, түркі халықтарына орыс алфавитін енгізу арқылы «екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады». Біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға болады, екіншіден, орыс графикасы арқылы біртіндеп православие дініне көшіруге болады. Бұл мәселеге ерекше көңіл бөлудің басты себебі де осы болса керек.

Бірақ миссионерлер араб жазуын тастап, орыс жазуына көшуді тікелей өз қолдарымен емес, орыс мектебін бітірген қазақ жастары арқылы істеуді мақұл көрді.

Н.И. Ильминский бұл жайында өз кезінде былай деп жазды:

«Орыс мектептерінде тәрбиеленуші қазақ жастары арасында, сөз жоқ,

мұсылман дініне салқын қарайтын, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндері бар. Соларға орыс алфавиті қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қырғыз тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді».

Шынында да, сол тұстағы баспасөз беттерінде қазақ оқығандары арасында араб жазуының кемшілік жақтарын сынап, қазақ жазуына орыс графикасын ұсынғандар аз кездеспейді. Бұл тұрғыда «Дала уәләяті» газетінде жарияланған Р.Дүйсенбаевтың «қазақ алфавиті туралы мәселеге» деген мақаласын көңіл аударарлық. Онда автор араб әліппесінің кемшілігі ретінде ондағы дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптердің жеткіліксіздігін және олардың да дәстүр бойынша үнемі жазыла бермейтіндігін, мұның өзі бір-біріне ұқсас сөздерді дұрыс оқуда қиындық келтіретіндігін көрсете келіп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алатын алфавит жасау мәселесін ұсынады. Ондағы бірінші кезекте ұсынатыны – орыс алфавиті.

Сол газеттің тұрақты авторларының бірі О. Әлжанов болса, ол «Орыс әліппесі араб жазуына қарағанда, қазақ тілі дыбыстарын дәл және жақсы бере алады-, - дей келіп, орыс жазуын пайдаланғанда, орысша оқитын қазақтарға да, қазақша білемін деген орыстарға да үлкен жеңілдік болар еді» деп көрсетеді.

Мәселен Д.Сұлтанғазин «Қазақ сөзін қалайша жазу туралы» деген мақаласында араб әліппесінің кемшілік жастарын дұрыс көрсете отырып, қазақ сөздерін жасауға өзгеріссіз алса, орыс, латын графикаларының да келе бермейтіндігін дәлелдей келіп, жаға бір алфавитке көшкеннен гөрі «қазақтардың не заманнан бері ғадет алып үйренген араб әліппесін қазақ тіліне ылайықтап біраз өзгерту туралы ұсыныс жасайды. Солайша өзгерткен уақытта, - деа жазады ол, - араб әріптері мұнан да жақсы болар еді».

Қазақ тіліне орыс графикасын енгізудің негізгі бастаушысы деп жүрген Ыбырай Алтынсариннің өзі де қазақ жазуына орыс графикасын бірден және жаппай енгізуге қарсы болған

Ол Н.И. Ильминскийге жолдаған бір хатында былай деп жазған: «бірақ мәселе мынада. Орыс әрпімен жазылған кітаптар қазақ арасында, тап біздің ойлағанымыздай, тез және жеңіл сіңе қоймайды. Бірінші жағынан фанатизмнің салдарынан, екінші жағынан, орыс жазуына көзі үйренбегендіктен, оның таныс еместігінен... Шынына келгенде «қазақ сөздері орыс әрпімен анағұрлым дұрыс жазылатын болса да, татрша жазу қазақ тілінің тазалығына және бүтіндігіне зиян келтіретін болса да, көп уақытарға дейін татар (араб – Б.Ә.) жазуын қазақтардан айыру мүмкін емес екенін біз еске алуымыз керек...

Мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара беру керек».

Қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе 1876 жылдан бастап, үкіметтің ресми асыаты дәрежесінде қолға алынады. Оған оқу министрі граф Толстойдың Орынбор оқу округін аралауы себеп болады. Мәселе орыс графикасын өзгертпей алу керек пе, әлде қазақтың өзіндік дыбыстарын бейнелейтін қосымша таңбалар қосу керек пе дегенге тіреледі. Бұл арада ғалымдар арасында екі удай пікір болады. Бұл талас 1910 жылға дейін созылып, ақырында 1910 жылғы июньде (маусымда) бұл мәселеге арналып Петерборда әдейі кеңес шақырылады, оған жергілікті жерден өкілдер қатысады.

Кеңесте 1906 жылғы «Орыстан өзге халықтар жазуын орыс графикасына

көшіру туралы» ереже талқыланып, оған көптеген өзгерістер енгізіледі. Кеңесте орыс жазуы тек ресми құжаттар мен оқулық кітаптарға ғана қолданылатын болсын деген шешім қабылданады. Алайда бұл шешімнің тәжірибеге іске асқан-аспағаны бізге мәлім емес.

Бұдан кейінгі алфавит емле туралы мәселе А.Байтұрсыновтың және ол шығарған «Қазақ» газетінің (1913-1919) қызметімен тікелей байланысты.

А.Байтұрсынов 1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Бұл туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. Оның жобасы бойынша араб алфавитіндегі қазақ дыбысарын білдірмейтін кейбір басы артық таңбаларды шығару, сөздің түгелдей жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші таңбасын қою ұсынылады, қазақ тіліндегі ы, е, и, о, ұ, ү дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгіленеді. А.Байтұрсыновтың қазақ жазуына икемдеген араб алфавиті қазақ жұртылығы, оның ішінде мұғалімдер тарапынан қолдау табады және іс жүзінде солай оқытыла, оқулықтар мен мерзімді баспасөзде қолданыла бастайды. Дегенмен А. Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы ресми түрде тек 1924 жылы ғана Орынборда қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде қабылданады. Бұл тәжірибені өзге түркі тілдерінің кейбірі (өзбек, татар) қолдап, өз жазуларына өзгерістер енгізе бастайды. Бірақ сол тұстағы түркі баспасөзінде араб графикасын тастап, латын алфавитіне көшу туралы пікірлер де бел ала бастады. Москвада «Жаңа алфавит жөніндегі орталық комитет» құрылып, түркі халықтары жазуын латын графикасына көшіру туралы жоспарлы жұмыс жүргізді. Қазақстанда да сондай комитет жұмыс істейді. Ақырында 1926 жылы бакуде бүкілодақтық Бірінші туркологиялық съезд өткізіліп, онда басқа мәселелермен қатар негізгі мәселе ретінде күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы емленің негізгі принципі мәселесі қойылды. Бұнда съезд делегаттары екіге бөлініп, бірі бұрыннан қолданылып келе жатқан араб графикасын реформалап қолдануды жақтаса, екінші тобы араб жазуын тастап, латынға көшуді ұсынды. Қазақстаннан делегат болып қатысқан А.Байтұрсынов съезде бірінші рет сөз алып, өзінің ширек ғасырдай күш жұмсап, тер төккен бұл еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуын қорғап, бұл жазу қазақтың мәдени талаптарын әбден өтей алады деген пікірін дәлелдеді. /3.23/

Ахмет Байтұрсыновтың араб жазуын жақтаудағы дәлелдері – 12-13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалған, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертілген ресми түрде қабылданған алфавиттің қазақ мәдениеті мұқтаждығын толық өтеп, отырғандығы, оның дыбыс әдісімен оқыту ісіне айтарлықтай қолайлы болып шыққандығы, полиграфиялық мүмкіншіліктері жағынан да, экономикалық тиімділіктер тұрғысынан да бұрынғы алфавитті сақтау пайдалырақ екендігі.

Алайда латын графикасына көшуді үкімет орындары белсене қолдағандықтан, съезд латын жазуына көшуді ұсынады.

3-4 жылға созылған республика баспа сөзі бетіндегі айтыстың қорытындысы 1927 жылы әуелі Ташкентте, одан соң Қызыл Орда да өткен жазу (графика) мәселесіне арналған конференцияларда талқыланады. Жаңа алфавит жөніндегі үкімет комиссиясы конференциялар материалдарымен жалпы жұртты, халықты таныстыру мақсатында оны «Әліппе айтысы» деген атпен 1927 жылы жеке кітапша етіп бастырып шығарады. Алайда бұл кітапша кейіннен ондағы баядама жасап, сөз сөйлеген адамдардың көпшілігіне «халық жауы» деген негізсіз айыптау

тағылуымен байланысты ұзақ жылдар бойы жұрт көзінен таса, кітапханалардың «жабық қорында» жатты. Елімізде жүріп жатқан қайта құру, жариялылық процестерінің арқасында кітапша жаңадан ғана көпшілік қауымының қолын тиіп отыр.

Дегенмен, ол сөз кезінде араб графикасымен басылғандықтан, бүгінгі оқушының, әсіресе жастардың, оқуына үлкен қиындық келтіретінін ескеріп, кітапшаны қазіргі графикаға түсіріп отырамыз. Кітапты қайта шығарудың тағы бір қажеттілігі мына жағдаймен де байланысты. Бүгінгі таңда кейбір түркі тілді республикалар ғалымдары арасында араб жазуына қайта көшу жайлы пікірлер өріс алуда. өз Республкамыздағы жастар арасында да латын графикасына көшудің қажеттілігі жоқ еді. Немесе араб жазуынан бірден орыс графикасына көшу дұрыс болған болар еді деген пікірлер орын алуда. Бүкіл қазақ қоғамын лаңдатқан үлкен бір жағдай әліппе мәселесі болды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспасөз беттерінде қазақ оқығандары арасында араб жазуының кемшілік жақтарын сынап, қазақ жазуына орыс графикасын енгізуді ұсынғандар аз кездеспейді (1). XX ғасырдың басында Россияға қарайтын елдерде алфавит жөндеу жұмысы жедел қолға алына бастады. Түркі халықтарының ішінде бірінші болып Азербайжанда мырза Фатани Ахундов араб жазуын латын алфавитіне алмастыру идеясын айтты. Патшалық Россияда бұл мәселені шешу мүмкін емес еді, өйткені патша үкіметі қарамағындағы елдің елдің барлығына орыс графикасын ұсынды/ Сондықтан бұл мәселе де жүзеге аспады.

Қазақстанда оқу-ағарту жұмысы мен шұғылданған қазақ халқының зиялылары араб әліпбиін қазақ тіліне жақындату, ыңғайлау мәселелерімен айналысты. Мәселен, А.Байтұрсынов 1910 жылдардан бастап араб жазуын таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды. Араб алфавитін қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестендіру мақсатын көздеген еңбектерге А.Байтұрсыновтың «Айқап» журналы мен «Қазақ газетінің» беттерінде 1912-1919 жылдардағы жарияланған іл, емле, алфавит туралы мақалалары, құрастырған әліппелері, оқу құралдары жатады.

Сол тұстағы баспасөз беттерінде алфавит, емле жобаларын ұсынған Қ.Бейсен баласының, Ә.Бөкейхановтың, Ж.Жанталиннің, М.Дулатовтың т.б. мақалалары кездеседі. Дегенмен де А.Байтұрсынлв араб алфавитін тұңғыш реформалаушы, оған сәйкестендіріп, емле ережелерін құррастырушы деп есептелінеді. өйткені ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден қонады. Оның ұсынған әліппесін оры ғалымдары «Байтұрсыновский алфавит» деп атап, кезінде профессор Е.Д.Поливанов оған: «... енді түзетуді қажет етпейтін тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика», - деп жоғары баға берген болатын (3).

А.Байтұрсынов ықшамданған, реформаланған араб алфавиті мен «Қазақ» газеті (1923-1919)шығып тұрған, көптеген көркем әдебиет шығармалары басылған. Оқытушылар, оқушылар және басқа да қазақтың, ноғайдың, татардың оқыған азаматтары А.Байтұрсынов реформалаған қазақ жазуын дұрыс деп тауып, күнделікті тұрмыста жаппай қолдана бастағандығы жөнінде М.Дулатовтың «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласынан көруге болады: « Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған А.Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» газетінің нөмірі тарады; жаңа емлемен 15-тей кітап

шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Бұл емлені тосырқап, түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» газеті нөмерлерінің көбінен көрінеді» (4)

А.Байтұрсынов ұсынған жобасы бойынша араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне біршама икемделді, араб алфавитіндегі қазақ дыбыстарын білдірмейтін, кейбір басы артық таңбаларды шығару сөздің түгелдей жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші таңбасын қою ұсынылады, қазақ тіліндегі ы, е, и, о, ұ, ұ дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгіленеді. Араб жазуында реформаға дейін әіптер 4 түрлі таңбаланатын еді (әріптің жеке түрі, сөздің басында, ортасында, соңында келгенде), кейбір дауыссыз дыбыстардың (з, с, т) сөздерде дыбысталуына байланысты әртүрлі таңбасы болған еді. Реформаланған алфавитте олардың әрқайсысы 1-ақ таңбамен белгіленеді.

---

Дегенмен, А.Байтұрсынов реформаланған қазақ графикасы ресми түрде тек 1924 жылы ғана Орынборда өткен қазақ, -қырғызбілімпаздарының тұңғыш құрылтайында қабылданады. Бұл тәжірибені өзге түркі халықтарының біразы (өзбек, ноғай, татар) қолдап, өз жазуларына өзгерістер енгізе бастайды. Осы Орынборда болған құрылтайда А.байтұрсынов әліпби жайында баяндама жасап, онда ол : «жақсы әліппенің қасиеттері жылдам жазылу, баланы оқытқана әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып, көзе түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қазіргі қазақ әліппесінен жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым артық әліппеміз тұрғанда, басқа латыншыл болудың қажеті не? Латынның керегі жоқ... Латынды ауызға алу еріккендік...Латынды орыс халқы алмағанда біз неге аламыз? Әріпке қызығып, бүкіл мәдениетімізден айырылып қаламыз ба? Латынның кемшілігі – кейбір әрпінің үш-төрт түрлі жазылуы, басқанда қосылып кететіндігі» - дейді де сөзінің соңында «... Жаңа әріпке көшеміз, латын әрпін аламыз деген әңгімені біржола доғару керек» , - деп қорытады (5). Осы ұсыныстан кейін елімізде басқа графикаға көшу туралы сөз біраз уақытқа дейін қайта қозғалмайды.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. –Алма-Ата, 1970.
2. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.
3. Байтұрсынов А. Тіл-құралы. – Қызылорда, 1925.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы, 1989. Құрастырған: Шәріпов А., Дәуітов С.

## **ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ҚОЛДАНУ**

*Әбілқасым Гүлзира Жұманқызы  
Артықбаева Еркебала Сапарқызы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Алметов Нығметжан- д.п.н., профессор*

### *Аннотация*

*Сот жүйесінің тәуелсіздігі қоғам мен мемлекеттің демократиялық дамуының маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Тәуелсіздіксіз құқықтық мемлекет құру және заңның үстемдігіне қол жеткізу мүмкін емес.*

Сот-құқықтық реформаның міндеттері мен мақсаттары Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына енгізілген. Тұжырымдаманың одан әрі институционалдық жалғасы Ұлт жоспарында "100 нақты қадам" алды.

Жалғасқан сот реформасын ескере отырып, басым бағыттарды айқындау, еліміздің сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеу маңызды.

Республиканың Негізгі Заңының 14-бабы барлығының заң мен сот алдында теңдігін жариялады.

Бұл азаматтардың қатар өмір сүруінің және құқықтық мемлекеттің қызмет етуінің маңызды принципі, оған сәйкес барлық азаматтар заң мен сот алдында тең, олар қай нәсілге, жынысына, ұлтқа жататынына қарамастан. Олардың қоғамда қандай орын алғанына қарамастан, олардың діни, саяси және өзге де наным-сенімдеріне қарамастан.

Заңнамадағы болып жатқан өзгерістер және сот саласындағы кейбір өзгерістер ең алдымен барлық азаматтардың теңдігі принципін сақтауға бағытталған.

Мемлекет қамтамасыз ететін БАРШАНЫҢ сот әділдігіне қол жеткізуі - ерекше назардың мәні. Жаңа Азаматтық іс жүргізу және енгізілген өзгерістер, ең алдымен, сот әділдігіне қол жеткізуді қамтамасыз етуге, дауларды тезірек шешуге бағытталған.

Сот актілеріне шағым жасау кезінде мемлекеттік бажды төлеудің күшін жою, сот отырыстарын аудио-бейне тіркеуді міндетті түрде қолдану, сот талқылауына дайындық жүргізудің және сот отырысын тағайындаудың қысқартылған мерзімдері, істердің жекелеген санаттарын қараудың қысқартылған мерзімдері, тараптарды барлық қолжетімді байланыс құралдары бойынша шақыру мүмкіндігі, жеңілдетілген іс жүргізу институтын енгізу, медиация институтын және партисипативтік рәсімді енгізу[1].

Заңнамаға көрсетілген барлық және басқа да өзгерістер бүгінгі күні барынша ашық, қолжетімді, қысқа мерзімде туындаған дауды азаматтарға шешуге мүмкіндік береді. Көп жағдайларда іс бойынша бір Тарап дауды шешудің қанағаттанғысыз нәтижесі болып қалады, сондықтан дауды шешудің барынша қалаған нәтижелерінің бірі тараптардың татуласуы сөзсіз болып табылады.

Тараптардың татуласуына жәрдемдесу-Тараптардың бір-біріне қоятын талаптары өзара қолайлы және өзара тиімді жағдайларда шешілетін осындай нәтижеге келу дегенді білдіреді.

Тараптарға сот талқылауына дайындалу сатысына ерекше назар аудару қажет, іс жүзінде тараптарды дайындауға шақыру кезінде тараптар оның маңызын әрдайым түсінбейді, көбінесе соттың дайындыққа шақыруы бойынша болып табылмайды немесе бұл тек "дайындық" екеніне сілтеме жасай отырып, мүдделерді білдіруге құжаттар мен сенімхаттарсыз дайындалмаған болып



табылады. Жаңа іс жүргізу кодексімен және енгізілген өзгерістерді ескере отырып, судья түпкілікті сот актісін шығара отырып, істі алдын ала сот отырысы сатысында қарауды аяқтауға мүмкіндік береді. Адамзатты жаңа формацияға бағыттау қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған байланысты қазіргі таңда гендерлік білімнің маңызы артуда. Әйелдер мәселесі – бұл қоғамдағы әйелдердің жағдайына көңіл қою, қоғам өмірінің барлық саласында әйел мен еркектің теңдігіне қол жеткізу, ұлттық және ұлтаралық мәселелерді шешу, саяси, әлеуметтік қайшылықтар мен конфликтерді жеңу. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы ойшылдар әйелдер қозғалысын ер адамдармен бірдей азаматтық және саяси құқыққа тең дәрежеде қол жеткізу мәселелерін шешу ретінде қарастырды. Әйелдер қозғалысы моральдық құндылықтар мен нормалары, саяси міндеттері, мақсаты бар түрлі әлеуметтік топтардың біріккен іс - әрекеттері болып табылады.

«Гендер» ұғымы алғашқыда филология ғылымына тиесілі болған. Ол ХҮІ ғасырдан бастап өмір сүріп келеді. Ағылшын тілінде ер, әйел деген белгіні көрсететін.

1958 жылы Лос-Анджелестегі Калифорния университетінде транссексуализмді зерттейтін орталық ретінде ашылды. Осы орталықтардың психоаналитигі Роберт Столлер 1963 жылы «гендерлік ұқсастық» (гендерная идентичность) ұғымын ендірген. Гендерлік ұқсастық тұжырымдама биологиялық және мәдени бөлімдерден тұрды: жыныс биологиялыққа жатқызылды (ген, гормондар, нерв жүйесі, морфология) мәдени тұрғыдан: психологиялық, әлеуметтік өзгешеліктері.

Гендер әйелдер мен ерлердің қоғамдағы әлеуметтік мәні. Дүниеге келудегі биологиялық мәнінің өмір сүру барысында әлеуметтік мәнінің дамуы. Әйел болып тумайды, қалыптасады.

Бұл тұрғыда Столлердің 1968 жылы жарық көрген «Пол и гендер» еңбегінің мәні зор. Осыдан кейін бұл ұғым ауқымданып, кең тұрғыда қолданыла бастады [1].

Ұғымның кең қолданысқа енуі феминизмді тудырды. Қоғамның әртүрлі жағдайында ерлердің үстемшілігіне әйелдердің наразылығы туындайды. ТМД елдерінде бұл ұғым 1992 жылдан бастап қолданыла бастады. Ол алғаш рет «Әйел және әлеуметтік саясат» жинағында көрсетілді. Елімізде Білімдендіру барлығы үшін өлшемдеріне байланысты ауқымдалды.

Мәселені алдымен бұл ұғымға берілген анықтамалардан басталық. Яғни қазіргі кезде «Гендер» ұғымына төмендегідей түсініктер берілген:

- Гендер жыныстың әлеуметтік құрамы;
- Гендер -әлеуметтік институт;
- Гендер үстем қарым-қатынас жүйесі ретінде;
- Гендер идеологиялық жүйе;
- Гендер жынысқа байланысты адамдардың әлеуметтік мәні.

Гендерлік білім беруде ұл мен қыздың, ер мен әйелдің өзіндік қатынасы сипатталады. Бұл тұрғыдан алғанда еңбек бөлінісінің жыныстық тұрғыдан бөлінісі. Қоғамдағы әйел мен ер адамдардың өзіндік мәні мен орны.

Әйелдер мәселесінің мәні жынысқа қатысты емес теңдік принципін жүзеге асыру болып саналады. Біріншіден, теңдік – қоғамдағы біркелкі әлеуметтік жағдай. Тағы бір маңызды категория қоғамда ер адамдармен бірдей өмірдің

барлық саласында әйелдердің де араласуын меңзейтін философиялық- әлеуметтік түсінік «теңдік» болып табылады.

Зерттеушілер біздің гендерлік білім беруіміздің осал жақтарына:

- әдіснамалық плюрализмді (алалық пен анық еместік) жатқызады. Гендер деп: әйелдің тарихтағы ролін, дискриминацияны, гендерлік тепе-теңсіздікті айтады;
- ұйымдастырушылықтың түсініксіздігін, яғни гендерлік зерттеуді қалай ұйымдастыруға болатындығы (орталық шеңберінде, әлде кафедрада немесе магистрлік даярлық бағыты бойынша) жеке сұрақ болып отыр.

Дегенмен орталық шеңберде басталып отырғаны да шындық. Бұдан оны қаржыландыру мәселесі туындайды. Сонымен қатар бұл мәселені кейбір ғалымдар, оқытушылар тапшылығын да қосады. Ал, америкалық ғалымы К. Стивенсон оны бес түрге бөліп қарастырады:

1. Пионерлер- гендерлік мәселеге жақын ертеректе қарастырушылар.
2. Әйелдер қозғалысынан туындаған идеологтар.
3. Радикалдар, яғни саясатпен байланыстырушылар.
4. Гендер мәселесі көтерілгеннен кейін зерттеуге араласқандар [1].
5. Өздерінің оқытушылық қызметіне қажет және қызықты деп санаушылар.

АҚШ-та бұл мәселе Сан-Диего университетінде 1970 жылы Адам қоғамында қалыптасқан еңбек бөлінісінің нәтижесінде болсын, әлде басқа да көптеген факторлар әсерінен болсын мәдениеттегі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, заң-рәсімдер және тағы- тағылар тарапынан қатаң бақылауға алынып, адамның әлеуметтік тұлғалығын сомдайтын қасиетке ие гендер жыныспен салыстырғанда аса тұрақты құрылым емес. Олай дейтін себебіміз де бар. Гендер - адамдардың өзара келісушілігінен пайда болған жасанды құрылым. Ендеше, ол дәл сол жолмен жоқ та бола алатын немесе өзгеріске ұшырай алатын конвенционалды (ұйғарымды) конструкт.

Біздің заманымызға дейін тарихымызда ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан гендер жиынтығы мәселесі. Бұл ұғымды тіпті әрбір ел өзіндік тұрғыдан түсініп, қабылдайды. Мәселеге педагог-оқытушылар ерекше мән беруі тиіс. Әрбір жыныс өкілі бірдей мәселеге өзіндік гендік сезімдері арқылы келеді. Мысалға қоршаған ортаны қорғайтын әйелдер ұйымы 2002 жылы 26 тамыз бен 4 қыркүйек арасында Йоханнесбургта өткен саммитте «айналаны былғаушы» өз айыбын өзі өтесін деген шешім қабылдаған және олар өз еріктерімен жасасын деген қортынды шығарған. Ерлер тобы оны төлеуге оларды мұқтаж ету керектігін айтқан. Бұл саммиттің жеңіліс табуын талдауда оның себептері төмендегідей берілген:

- әскери бюджетті әлеуметтікке бағытталмауы және демилитаризация бойынша жауапкершіліктің болмасауы.
- корпоративтік жауапкершіліктің еріктілігі;

- Әлемдік банкке, ВТО алдындағы гендерлік талаптардың болмауы;
- ережені орындауда тиесілі жақтардың бақылау механизмінің болмауы және т.б. Мұның барлығы теңсіздік түрлері мен тарихына тікелей байланысты.

Теңсіздік дегенде біз әйел теңсіздігі туралы мәселені көтереміз. Дүниежүзінде әйелдердің статусы әр тұрғыдан орын алады. Тарихи өмірімізде қазақ халқының әйел теңсіздігі тұрмыс құру, махаббат сезімдеріне байланысты.

Осыған байланысты

«күштілердің» әлсіздерге күш көрсетуі. Сонымен қатар, теңсіздік таптар арасындағы әділетсіздікке, нәсілдікке байланысты. Әсіресе, әйел теңсіздігі ерекше орын алған. Әйелдердің негізгі қызметі, отбасында, сондықтан оның күйеуге шығып, репродуктивтілік қызмет атқаруы негізі болып табылған. Сонымен қатар елдің салт-дәстүрі де соған сәйкестендірілген. Бұның дәлелі Қозы мен Баян, Қамар сұлу, Қалқаман мен Мамыр және т.б. кейіпкерлер.

Ал таптық теңсіздік күні бүгінге дейін көрініс беруде. Әрине біз өзіміздің қоғамымызды тапсыз қоғам деп қабылдағанмен практикада белгілі топтардың бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Таптық қоғамда байлар кедейлерге шынайы тұрғыда үстемдік етіп, үстем тап өкілдері болғандығын тарихи деректер дәлелдей алады. Нәсілге байланысты Батыс Европа елдеріндегі кара нәсілдер мен ақ нәсілдердің арасындағы ғасырларға созылған күресті жоққа шығара алмаймыз.

Мемлекеттік қалыптасу мен ғаламдық қайта құрудың нәтижесінде Орталық Азияның гендерлік тәртібі өзгеруі барысында екендігі күмәнсіз, дегенмен, өзгерудің бағыты не бір бойда жүріп отырған жоқ, не нақты прогрессивті емес. Бұл бағытта оң нәтижеге жету гендерлік қатынас Келли [2] келесідей анықтаған факторларға сұрақ ретінде қойылса ғана мүмкін болады: 1) Ғаламдық қайта құру әсерінің нәтижесінде отбасының және әйелдердің шаруашылық жасау және туу жауапкершілігі барған сайын азаюда. Әйелдер гендерлік қатынастарды жеңу үшін ашық сынуда; 2) Көптеген әйелдер жұмысшы күшіне қосылуда және әртүрлі гендерлік тәртіпті бастан өткізуде. Жұмыс барысында олар тәрбиеленген дәстүрлі гендерлік тәртіпке қарсы келуге мүмкіндік беретін ресурстарды қабылдайды; 3) Батыс елдер үкіметі және халықаралық ұйымдар адам құқығының халықаралық нормасын жүзеге асыруға және қалыптасқан гендерлік қатынастарға тәжірбиеге заң кодекстеріне қайта анықтама беруге қаржы бөледі.

Гендер ұғымын саяси тұрғыдан да түсіндіруге болады. Сонымен қатар, ол мәдени де түсінік. Қоғамдағы идеалды әйел немесе ер адам бейнесі оның ұлттық дәстүрімен: мәдениеті, тарихы, діні, ұлттық менталитетімен анықталады. Егер де біз қазақтың әйелі немесе орыс әйелі деп айтатын болсақ, онда біз нақты бұл бейнелердің айырмашылығын ұсынамыз. Этногендерлік ерекшеліктер негізінде көптеген күлкілі жағдаяттар қалыптасқан. Біз адам жынысын қалай анықтаймыз? Жалпы ойласақ күлкілі сұрақ. Сырқы келбет, жазу үлгісі, дауысы идентификацияның (жекеліктің) құрамы болып табылады. Жыныс өзара әрекет барысында анықталады. Гендер - әйел мен ер адамның практикада түсініктерінде, адамгершілік негізінде жүзеге асатын күнделікті әлемі; бұл әлеуметтік тәртіптің жүйелік мінездемесі, одан бас тартуға мүмкін емес – ол сана құрылымында үнемі қайта жаңғырып барады. Зерттеушінің мақсаты «әйелдік немесе ер адамдық қоғамдағы өзара әрекеттестік тің қалай құрылатындығын анықтау, сонымен қатар

қандай сфера мен бейнеде тұра отырып, қайта жаңғыруы» -деп жазады Санкт-Петербург әлеуметтанушылары Елена Здравомыслова мен Анна Темкина [3].

Әлеуметтануда алғашқы кезде гендер тек жынысқа қатысты нақты түсінік қалыптасқан, кейінне ол ұғым саяси, мәдени, қоғамдық түсінікке ие болды. Атап айтқанда қоғамдағы бола бастады. Гендердің жыныс ұғымынан айырмашылығы бұл психологиялық, мәдени және әлеуметтік құндылықтарда жетістікке жеткен статус. Бұл айырмашылық 1960-70 жылдар аралығында феминистикалық әдебиеттерде көрініс бере бастады. Гендер тұлғааралық өзара әрекеттің жүйесі, соның негізінде әйел немесе ер адам туралы түсінік қалыптасып әлеуметтік тәртіптің категориясы ретінде қайта жаңғырды.

Биологиялық жағынан әйелді ер адамнан айыратын 4 функция бар: цикл; жүктілік; бала туу; емізу. Бір сөзбен айтқанда Симона де Бовуардың айтқанындай әйел болып тулмайды, қалыптасады. Енді, отбасындағы гендерлік саясатқа тоқталар болсақ, ол гендерлік рөлдердің ауысуы мен отбасы қатынасындағы әйелдерге тікелей байланысты.

Экономикадағы гендерлік әділеттілік мәселесінде, соңғы жылдардағы прогресс дамуының жетістіктері мен белсенді дамуына қарамастан көптеген дамуды жоспарлаудағы бағдарламалар әйел тұрғысынан олардың даму процесіне үлесін мойындамайды. Осы сияқты кемшіліктерді жою қажеттіліктері экономикалық негізде әділеттілік тұрғысынан сипатталады. Әйелдер – экономикалық жүйенің маңызды мүшелері. Қоғамның сандық және сапалық дамуы да әйелдермен байланыстырылады. Елімізде халықтың көпшілік бөлігін әйелдер құрайды, сондықтан да олардың үлесін жоққа шығаруға болмайды.

Тіпті білім беру жүйесінде әйелдердің үлесі 76 пайызды құрайды. Дамудың гендерлік интеграциясының кез –келген экономикалық жобаларды құрастырушылардан қазіргі таңда халықаралық ұйымдар төмендегі себептер бойынша қарастыруда талап етеді:

- экономикалық мәселелерді шешудегі кейбір гендерлік аспектілердің ескермеуінен сәтсіздікке ұшырауы;
- гендерлік талдау гендерлік қарым- қатынастарды түсінуде әйелдер мен ер адамдардың еңбектерін бөлуге жақсы ықпал етеді;
- гендерлік талдау ресурстарға бақылау жүргізу мен қол жеткізудің өзіне кіріктіреді;
- гендерлік талдау әйелдердің экологиялық мәселелерді және жоба құрастырушылықты шешуде қатынасының қажеттігі т.т.

Экономикалық қызмет отбасын басқару мәселесімен және отбасы басшысын анықтау мәселесімен тығыз байланысты. Қазақ отбасыларында, негізінен, отбасы басшысы ер кісі болып келеді. Әйел басқаратын отбасылары аз кездеседі. Кейбір отбасыларында әйел отбасы бюджетін басқарып, бос уақытты ұйымдастыру мен бала тәрбиелеуші болып табылады. Мұндай жағдайды қалыпты талапқа сай деп айтуға болмайды. Әйелдің мойнына мөлшерсіз ауырлық жүктеледі, тәрбие саласында ол қаншалықты тырысқанымен әкенің орнын баса алмайды, ондай кезде отбасындағы психологиялық теңдік бұзылады. Көптеген отбасыларында үй іші жұмыстарын ерлі-зайыптылар бірдей атқарады. Мұндай теңдікке жету үшін әйелдің түсінігі мен көзқарасы, қабілеті жағынан ерімен тең түсуі қажет.

Алдын ала сот отырысы сатысында түпкілікті сот актісін шығара отырып, азаматтық істің аяқталуын Тараптар әрдайым біржақты қабылдамайды, іс жүзінде тараптардың апелляциялық шағымда "судьяның сот процесін тым тез аяқтауына" деген дәлелдері орын алады. Бұл құбылыс санада тамыр жаю және көптеген азаматтардың ұзақ мерзімді көп сағаттық мәжілістері бар созылатын сот ауырлығы жылдар ретінде сот талқылаулары туралы ұсынуына байланысты орын алады. Іс жүргізу заңнамасына енгізілген өзгерістер осындай ұсынысты жоюға және дауды тез арада шешуге, ең алдымен Тараптар арасында татуласуға қол жеткізуге бағытталған.

Сонымен, іс жүргізу заңнамасындағы аталған өзгерістер азаматтық процесс туралы кең таралған ұсынысқа үлкен қолдау болды және сот төрелігіне қол жеткізуді барынша қамтамасыз етуге қол жеткізу, сондай-ақ заң мен сот алдынд

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольников. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## **ҰСТАЗ БЕДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ**

*Әріпова Р.Қ. –магистрант,  
Ғылыми жетекшісі - Көшербаева Г. Н. п.ғ.к.*

### **Аннотация**

*Ұстаз беделін қалыптастыру- бұл аудиторияда белгілі бір объектіге аудиторияның психологиялық жақындауына қол жеткізу үшін осы бейне жөніндегі саналы түрде немесе саналы түрдегі емес пікір түріндегі осы бейнені белгілі деңгейде бағалайтын объектінің белгілі бейнесін аудиторияда құруға бағытталған іс-шара.*

Ұстаз беделін қалыптастыру кезінде мақсаттардың бірнеше деңгейлері болады[4]:

1) Аудитория мүшелері психикасында белгілі объектінің қажетті бейнесінің имиджін құру.

2) Аудиторияда белгілі бір бейне (нысан) жөніндегі белгілі пікір имиджін қалыптастыру.

3) Атракция түзілімі- аудитория мүшелерінің белгілі бір нысан мәртебесіне психологиялық тартылуы (немесе одан кері қайтуы).

Ұстаз беделін қалыптастыру үдерісінің нәтижесі ретіндегі жағымды ой-пікір-бұл жақсы қасиетке ие, белгілі бір лайықтылыққа ие, құндылықтардың белгілі бір

жүйесіне жауап беретін пайдалы мәнді нәрсе ретіндегі осы нысанды не болмаса аудиторияның имиджі, немесе тіпті тұтас адамзатты бағалауы.

Кәсіби мәртебені қалыптастыру - аудиторияда белгілі бір саладағы біліктендірілген маман ретіндегі белгілі бір адам жөніндегі жағымды ой-пікір мәртебесін қалыптастыруды білдіреді.

В.А. Шепель [4] кез-келген технологиядағы сияқты өзін өзі танытуда бір-бірімен табиғи өзара байланыстан табылатын бейне құрудың жүйелі сатылары бар екендігін атап өтеді[4]:

- Алғашқы саты – еліктеуші бейне. Жеке бақылауларға, әдеби дерек көздеріне, мамандар кеңесіне сүйенетін болсақ- тұлғаның өзіндік жеке көрінісіндегі бейнені құру.

- Екінші саты- рөлдік бейне. Тұлғаның өзінің қызығушылығы кәсіби қызығушылықтары салдарынан сәйкес үлгіде болуы мүмкін.

-Үшінші саты- өмірлік бейне. Жасалған бейнедегі іс-әрекет стереотиптерін қалыптастыру, оған толығымен ену. Қоршағандар бейнені шынайы тұлға ретінде қабылдайды.

Өзін-өзі танытуды құрастыру кезінде зерттеулер көрсеткендей келесі жүйелілікті сақтап отыру қажет[6]:

- алғашқы бағыт – қоршаған адамдардағы көру және есту сияқты сезім талдағыштарының алдын ала әрекет етуі арқылы назар аударту;

- екінші бағыт –адамдардағы жағымды эмоцияларды немесе қандай да бір бағытталған көңіл-күй қалпын туындату (немқұрайдылық жағдайын болдырмау);

-үшінші бағыт- дұрыс ниетті, жарқын әсерлерді қалыптастыру;

- төртінші бағыт- қызығушылықты өзектілендіру (мәселен танымдық, кәсіби және т.б.);

-бесінші бағыт- психологиялық зақымдау және сендіру сияқты ықпал ету әдістерін шебер пайдалану.

Оқытушының өзінің визуальды бейнесін құруының көрсетілген сызбасын ойша қорытуы бейнеге енудің жеке тәжірибесін жасауға және сонымен қатар өзінің кәсіби іс-әрекетінде оны көлемді педагогикалық нәтижелерге пайдалануға көмектесетіндігі айқын.

Сонымен қатар мәртебе педагогтың ішкі жай- күйімен үйлесіп тұруы, оның мінез-құлқы мен көзқарастарына сәйкес келуі де соншалықты маңызды. Өз бейнемізді құра отырып біз сонымен қатар өзімізді –өзіміз тәрбиелейміз, өзімізді-өзіміз жетілдіреміз. Ішкі тұлғалық мәнді нәрселер біздің іс-әрекетіміз арқылы, нақты іс-қимылдарымыздан және шығармашылық өнімдерімізден көрінеді. Мұнда іс-әрекет ішкі тұлғалық нәрселердің сыртқы – өнімді жағдайға өту шекарасы болып табылады.

Бұл көп жағдайда- түп нұсқалылық, ұқсамаушылық, сырттай өзін-өзі безендіру, экспрессия, өзінің қайталанбас тұлғасын көрсету шеберлігі және педагогикалық үдерістің әрбір компонентінде, яғни мақсаттан және міндеттен бастап оларды таныту мазмұнын, құралдарын, әдістері мен тәсілдерін тандауға

дейін, сондай-ақ біртұтас педагогикалық үджерістің барлық қатысушыларымен қарым-қатынас бағытында оның түпнұсқалық ете білу шеберлігі.

Ішкі бейне – бұл бәрінен бұрын педагогтың мәдениеті, еркіндігі мен турашылдығы, ерекшелігі, эмоционалдылығы, көріну ойыны, таңғажайып түрі, мәселелерді қою мен шешудің кері жолдары, ассоциативті көре білу, сабақ сценарийіндегі күтілмеген жарқын жүрістер, шығармашылыққа ішкі бейімделу, көпшілік жағдайлардағы өзін-өзі игеруі мен тағы да басқа көптеген құрамдас бөліктер.

Сыртқы бейне – бұл ойын техникасы және ойындағы тәсілдер, материалға деген өзінің қарым-қатынасын бейнелеудің айрықша формалары, ақиқатқа, шынайылыққа өзінің эмоционалды қарым-қатынасын бере білу, өзін-өзі таныту шеберлігін игеру.

Ю.И.Матюшина мәртебені қалыптастыратын компоненттер ретінде төмендегілерды ажыратады[6]:

1) Кәсіби құзыреттілік;

2) Эмоционалды түйсікті дамыту;

3) Кәсіби іс-әрекет жағдайларына сәйкес келетін сыртқы бейнені қалыптастыру;

4) Ауызша сөйлеу техникасын меңгеру;

5) Іскер этикет пен хаттаманы білу [6]

Осылайша нәтижелі мәртебені қалыптастыру кезінде нақты түрде қандай мәртебе қажет екендігін ұсыну қажет. Мәртебе үшін ең бастысы қатысымдық құрамдас бөлік болып табылады. Нақтыландыру қажет, өйткені ол пиар – іс-әрекет сипаты мен бағыттылығын анықтайды.

Мәртебенің жасалған типологиясын қарастырайық[5]:

- көрініс бағыттылығы, яғни имидждің қандай белгілер бойынша қалыптасатындығы жөніндегі ақпарат:

1. Сыртқы, негізінен сыртқы ортада көрінетін.

2. Ішкі;

- мәртебенің эмоционалды бояуы:

1) Жағымды (оған қол жеткізуге тұтастай іс-әрекетке бағытталған);

2) Жағымсыз (көп жағдайда бәсекелестер қалыптастырады) [5].

Іс-әрекеттің мақсатқа бағытталушылығы[5]:

1) Табиғи, акциясыз және арнайы жарнамасыз кенеттен тәжірибелік іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады;

2) Арнайы жарнамалармен немесе акциялармен құрылатын жасанды және нысан іс-әрекетінің сипаты мен нәтижелілігіне толық шамада сәйкес келмейтін.

- қабылдаудың тиімділік деңгейі:

1. Когнитивті (негізінен тар көлемдегі мамандық адамдарына есептелген);

2. Эмоционалды (кең аудиторияға бағытталған және күшті эмоционалды үн қосу туындатудан пайда болған) [ 5].

Л.Попованың пайымдауынша «ұстаз тұлғасына қызығушылық болмаса пәнге деген қызығушылық та болмайды. Бұл даусыз. Ұстаз тұлғасына қызығушылық - пәнге қызығушылықты жандандыру құралы. Нақ оқушылар ұстаз өмірінің күш қуатын береді, ал ұстаз оларға жаңа кеңістіктерді ашады. Ұстаз бейнесі оларды шабыттандыруы тиіс. Ұстаз қаншалықты кәсіби даярлыққа ие болса да, ол өзін-өзі тұрақты түрде жетілдіріп отыруы, өзінің тұлғалық қасиеттерін жетілдіре отырып, осылайша өз имиджін қалыптастыруға міндетті» [ 4].

Т.А.Ольховская жүргізген зерттеулер оқушылардың басым көпшілігі (98%) өз ұстаздерінің айрықша беделін, олардың педагог қандай болуы тиістігі жөніндегі жеке ұғым-түсініктерінің өзгеруіне ықпал ететіндігін мойындайды .

Қазіргі уақытта тек сауатты ұстаз ғана өзінің интеллектуальды мүмкіндіктерін, дұрыс кәсіби бағдарын, іс-әрекет тәсілдерін дұрыс тандау шеберлігін және жеке әсер қалдыру технологиясын меңгере отырып нәтижелерді алдын-ала болжау шеберлігін, сабақтарды стереотипті жүргізуден қаша отырып жеке мәртебені қалыптастыру саласындағы білімдерді игеру дағдысын пайдалана отырып оқушылар ұжымындағы салауатты психологиялық климатты жасай алады.

Бұл біріншіден педагог мәртебесі- күрделі психолого- педагогикалық құрылым екендігімен, әралуан авторлар зерттеу жүргізе отырып оның жекелеген тараптарына баса назар аударатындығымен, екіншіден «педагог мәртебесі» оның тұжырымдау зерттеушінің әдіснамалық тәсілдеріне тәуелді болатындығымен байланысты. Ұстаз мәртебесін қалыптастырумен байланысты өзекті проблемалар арасына оқытушылардың өз мәртебесіне қанағаттанбаушылығы, «Мен бейнесі» мен «Кәсіптік бейнесінің» сәйкес келмеушілігі; дербес мәртебені қалыптастыру мен түзету жөніндегі білімдердің жоқ болуы немесе елеусіз жиынтығы; «оқушы ұғым-түсінігіндегі ұстаз» кері байланыстарының болмауы айқындалады.

Мәртебе феномені жұмыстарда педагогика саяси имиджеологиядан, театралды режиссурадан, әлеуметтану мен психологиядан мұрагерлікке алған проблемаларды зерттеудің тарихи талдануы қырынан қарастырады. Мәртебені қалыптастыру проблемаларын зерттеудің теоретикалық аспектілерінің жай-күйін ғылыми талдау ресейлік және шет елдік ғылымдардағы осы саладағы терең зерттеулердің көлемді саны бар екендігін көрсетеді.

Мәртебені қалыптастыру проблемаларын зерттеу бағыттарының көп жоспарлылығын көптеген ғалымдар атап өтеді. Соңғы уақыт ішінде педагогикалық имиджиологиядағы ғылыми зерттеулерге қызығушылық кенеттен арта түсті, дегенмен мектеп ұстазы мәртебесін қалыптастыру бойынша біртұтас тұжырымдар әзірге жасалған жоқ.

Педагогикадағы имиджді қалыптастыру проблемаларын ұғыну үшін Л.С. Выготскийдің «тәрбиелеу ортасы реттестіргіші» ретіндегі педагог қызметі жөніндегі ғылыми ережелері А.С. Макаренко жасаған педагогикалық техника мен оның элементтері жөніндегі ережелер, В.А. Сухомлинскийдің қатысымдық



шеберліктер мен орфобиотикалық дағдыларды тәрбиелеу жөніндегі зерттеулері айрықша маңызды.

Б.Г. Ананьев адамдардың бір-біріне танымы мен өзара ықпалдастығы тіпті оның мақсаты тәрбие беру міндетінің тікелей шешу болып табылмаса да кез-келген бірлескен іс-әрекеттің міндетті бөлігі болып табылатындығын және ол тұтастай мақсатты түрде қандай да бір материалдық нәтижеге қол жеткізуге бағытталғандығын әділетті атап өтеді.

Адамдардың өзара әрекет ету сипаты мен бірлескен іс-әрекетке олар келетін нәтижелер көп жағдайда адамдардың бір-бірінің бет-бейнесі мен іс-әрекетін қалай сипаттайтындығы мен интерпретациялайтындығына, сондай-ақ бір-бірін қалай бағалайтындығына тәуелді болады. Адам өзінің өмірлік тәжірибесін жинақтап және кеңейте отырып, табиғат, қоғам, адам және оның санасы жөніндегі білімдерді игере жүріп басқа адамдардың таным субъектісі ретінде қалыптасады.

Қоғам мен адам жөніндегі ғылыми білімдер жүйесі, сондай-ақ өнер бейнелері мен идеялары арқылы жеке тәжірибенің міндетті түрде жинақталуы- адамның субъект ретінде қалыптасуының маңызды жағдайларының бірі .

### ***Библиографиялық тізім***

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңырту– Қазақстан дамуының басты бағыты» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2012, 28 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.
3. Ахметова Г.К. Педагогика : оқулық / Г. К. Ахметова, З. Ә. Исаева, Н. С. Әлқожаева. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2009. – 220б.
4. Бөлеев Қ.Б. Болашақ ұстаздерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы.-Алматы:Ғылым.2001.-152 б.

## **МАРИЯ МОНТЕССОРИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ**

*Жолдас Жандос Маратұлы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

**Ғылыми жетекшісі:**  
*Атемова Калипа Турсуновна- д.п.н., доцент*

### ***Аннотация***

*XX ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори (1870-1952) тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралық тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, балдырғандар менбүлдіршіндер*

*дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері таңдай отырып, өзіндік ағым мен ырғақта дамиды.*

Итальяндық дәрігер және педагог М.Монтессори балабақшадағы балалардың және бастауыш мектеп оқушыларының ерте дамуы мен еркін тәрбиелеу идеясын алға тартқан. Алғаш рет өзінің жүйесін ақылы кеміс мектепке дейінгі жастағы балаларға қолдануды 1907 жылы бастады. Ол қиындығы бар кішкентай балаларға ересен еңбек сіңірмей-ақ білім мен дағдыларды сондай жоғары деңгейде меңгеретіні соншалықты, олар, тіпті, дені сау құрдастарымен теңесіп, кейде асып түсетін ерекше дамытатын ортаны жасай алды. Баланың тұлға ерекшеліктері мен дағдыларының қалыптасуына мүмкіншілік туғызу және де интеллектуалдық, жеке бас қасиеттерімен физиологиялық дамуын жүзеге асыру. Яғни тәрбие және білім беру процесі үнемі жүзеге асады.

М.Монтессори әдістемесі:

- Бала дамуы еркіндігінің қағидасы - тәрбие құрылымының өзгеруінің астарында Монтессори тәрбиелеу үрдісіне “еркіндік жағдайларын” жасауды түсінеді. Басты мақсат еркін, өздігінен ойлай алатын, өзін басқара алатын, жауапты жеке тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Осыдан Монтессори бойынша білім берудің девизи пайда болады: “Өзіме істеуіме көмектес”.

- Назарды шоғырландыру қағидасы – Ұзақ уақыт алаңдамай бір нәрсеге назарын аударып жұмыс істеу, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, материалмен қалай жұмыс істеуді көрсетіп беретін педагогтың қимылын мұқият бақылау, егер қажет болғанда түсініктемелерді тыңдау, өздігінен жұмыс істеу және өзінің қателерін бақылауда басқаларға бөгет болмау орындалғанда ғана еркін және өздігінен бір іспен айналысуға болады. Монтессори мұны “назардың поляризациясы” деп атады.

- Арнайы дайындалған оқыту орта қағидасы – қоршаған оқыту ортасын жасағанда баланың физикалық мүмкіндіктері міндетті түрде ескеріледі. Оңай қол жететін сөрелерде оқып үйренушіні жан-жақты дамытатын керемет мүмкіндігі егжей-тегжейлі ойластырылған көптеген дидактикалық материал қойылады. Өз еркімен таңдап алынған істің мәнін ақылға салу пайда болады.

- Сензитивтілік қағидасы – Монтессоридің дидактикалық материалы өзінің құрылымы мен заттық логикасы бойынша бала дамуының сензитивті кезеңдеріне сәйкес келеді. Монтессори, мысалы алты жасқа дейінгі баланың дамуын алты сензитивті кезеңдерге бөлді: сөйлеу дамуының сензитивті кезеңі, қабылдау мен тәртіп орнатудың (“ұқыптылықтың сензитивті кезеңі”), ұсақ заттарды үйрену, қимыл мен істі үйрену, әлеуметтік дағдылардың дамуы.

Баланың өз бетімен жұмыс жасауына кедергі келтірмеу, тек қана бір жағдайда көмектесу керек, тек қана өзі көмек сұрағанда. Балаға айналаны қоршаған ортаны тануға көмектесу, соған арнайы жағдай туғызу. Баланың қызығушылығын ояту, дамыту: Заттық орта баланың көру, есту, тату, сипау, дәм, иіс сезімдерін тәрбиелейді. Осы алтауы бізді заттық ортамен таныстырады. Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының негізгі құралдарының бірі – орта. Орта бала үшін жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибенің көзі. Мектепке дейінгі ұйымның тұтас педагогикалық үрдісінде дамытушы ортаның рөлі. С.Л.Новоселованың пікірінше, дамытушы заттық орта балалардың дербес шығармашылық және ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін қажетті материалдар, ойыншықтар, құралдар, іс-әрекетінің материалдық нысаналардың жүйесі. Оның

басты бағыттарының бірі балаларды әлеуметтендіру және оған сәйкес заттық дамытушы орта құру. «Заттық ортаны» осылайша игерудің баланың тұлғалық жағын дамыту, бұйымдық әлемге шығармашылық көз қарасын ояту үшін зор маңызы бар. Баланы әлеуметтендіруде дамытушы заттық ортаны құрудың педагогикалық талаптарға сәйкестігі болашақтың зерттеу мәселесі деп есептейміз. Педагогикада мектепке дейінгі әсіресе сәбилік жаста ерекше назар аударатын түрі- заттық орта. Заттық орта әр түрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершілік т.б тәрбие түрлерімен қоса жеке тұлғаның дамуына негіз болады. Соған байланысты заттық ортаны мектепке дейінгі педагогикалық құрамның бір бөлігі деп айтуға болады. Заттық ортаны алдымен қоршаған ортадағы болмысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Айналадағы қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды көру, есту қабылдау арқылы өзіндік үрдістер: ес, қиял, ойлау пайда болады. Бір нәрсені еске түсіру үшін алдымен оны көру не есту керек. Адамның ақыл-ойының дамуына қабылдау мәнді рөл атқарады, әр түрлі іс-әрекетте әрқилы тәжірибелік істердің реттеушісі болады. Көркемдік шығармада заттық ортаның рөлі зор. Мысалы: музыкалық шығармаларды музыкалық есту қабілетінсіз, бейнелеуді нәзік түстерді қабылдаусыз, поэзияны жетілген тіл сенімінсіз түсіну мүмкін емес. Психологиялық дамуда заттық үрдісінің рөлін бағалай отырып, белгілі бір білім мен дағдыны меңгеруде баланың жеке қабілетін ескеру өте маңызды. Ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашаққа қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет, яғни түстерді, пішіндерді, дыбыстарды дәл және дұрыс айыра білуге үйрету, қоршаған ортадағы құбылыстардың өзіндік қасиеттерін дұрыс қабылдау қажет. Сәбилік шақта айналадағы қоршаған ортаның үдемелі дамуы өте маңызды мәнге ие болады. Дәл осы шақта баланың психологиялық дамуының негізі қаланады. Баланы жан-жақты тәрбиелеу, оның дүние танымын жетілдіру, заттық орта туралы түсінік ой-

Жылдың аяғында 3-4 жас аралығында балалар заттық ортадағы қойылатын негізі талаптар мынадай: Балалар бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) білуге тиісті, жылдың соңына қарай жасыл түсті үйретуге болады. Түстеріне сәйкес топтау заттық құрамына қарай түстерге белгілеу. Үш пішінді (үшбұрышты, төртбұрышты, дөңгелекті) білуге тиісті. Пішіне сәйкес топтау. Заттық ортада құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тостаған, ағаш қасық, қоржын, көрпеше, кілемше, ою, білезік, сақина, алқа, сәукеле, тақия, белдік) толық меңгеруге тиісті. Мектепке дейінгі оқу тәрбие жүйесін жетілдіру мақсатында шынайы өмірде тиімді ету қабілеттерін дамыту үшін – монтессори әдісін қолдану тиімді деп білдім. Монтессори материалы арқылы бала затты түсінеді және оны қолдануға тырысады. Монтессори материалы қандайда бір іс-әрекетке итермелейді.

Баланың сенсорлық сезімдерін дамытуға арналған ойын түрлері

Мақсаты: Сенсорлы бұрыш, тәрбиелеу-білім беру үрдісінде, қосымша білімнің тәрбиешілері және педогогтарының ұйымдастырушылық сабақтарында, өзіндік ойындарда, балалардың ізденіс-экспериментальды әрекеттерінде қолданылады. Сенсомоторлы бұрыш балабақшаның топтық мекемесінде бұл – қымбат құралдарсыз жабдықталған сенсорикалық бөлменің бейімделген нұсқасы.

Сенсомоторлы бұрыш, негізі:

- сенсорлы функциялардың стимуляциясы үшін (көру, сезу, есту т.б.);
- ұсақ моториканың дамуы, қозғалушы активтілік стимуляциясы;

- бұлшық ет және психоэмоционалды қауыртпалықты кетіру үшін, балалардың жақсы сезінуі және релаксацияға жетуі үшін;
- баланың еңбекқорлығын арттырып, жақсы эмоционалды жағдай қалыптастыру;
- когнитивті үрдістердің белсенділігі (ойлау, көңіл бөлу, қабылдау, ес);
- ектеп жасына дейінгі балалардың іс әрекетінің экспериментальдылығы және өзіндік жұмысқа уәжділігінің артуы.

•  
Топтың моделі екі қарапайым мақсатқа негізделді:

1. Балабақша – балалар үшін екінші үй, сондықтан оның ішінде балаларға қуанышты және жайлы болу керек;

2. Балалардың толық және жан-жақты дамуы үшін, ойнауға, демалуға және оқуға арналған ұйымдастырылған орта болу керек.

Бағдарламаларды талдау нәтижесінде, дидактикалық және ойын материалдарының қандай болу керектігін ойластырып, балаларға олардың жас ерекшелігін ескере отырып, заттық-даму ортасын құру, әсіресе негізгі көңілді, балаларда сенсорикалық қасиеттерінің дамуына бөлу керек.

Балабақшаға алғашқы келген балаларды әдемі, ашық түсті, түрлі-түсті көмекші құралдармен, ойыншықтармен қызықтыру керек. Театр ілгіштен басталса, балабақшада шешінетін жерден басталады. Сондықтанда балаларды балабақшада қарсы алған кезде кіреберістен бастап жайлы болуы керек. Балаларға түрлі-түсті полкаларда орналасқан ашық түсті, жұмсақ, сүйікті т.б. түрлі ойыншықтарды ұсынамыз. Үйдің образын балабақшада бөлменің интерьері қалыптастырады. Ұйықтайтын бөлмеге кірген кезде балалар сенсорлы-түрлі түсті жолақтан өтіп, оны дене түйсігі арқылы сезінеді.

Сенсорлы бұрышты ұйымдастыру барысында біріншіден топтық мекеме ішіндегі орналасу орнын анықтау керек. Ол балаларға ыңғайлы жерде орналасуы керек. Бұрышқа сенсомоторлы объектілерді таңдауда ерекше көңіл бөлінеді. Олар балалардың өміріне және денсаулығына қауіпсіз объектілер болуы тиіс. Бұрыш сабақ тақырыбына және қажеттіліктерге байланысты енгізілетін, негізгі және қосымша объектілерден тұрады.

Топтағы сенсорикалық бұрыш келесідей жабдықталған: достық ағашы, үй, жануарлар, көбелектер, құстар, шөп, гүл, күннің көзі салынған қабырға. Бала үйін сағынған кезде алақанын анасының салынған алақанына қоюын сұраймыз, осылай анасымен амандасып, оның жылуын және жақын екенін сезінеді. Жалпы тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктерін Қ.Қ. Өмірбекова, Қ. Серкебаев, Р.Е. Левина, Н.А. Никашина, Н.А. Чевелева, Л.Ф. Спирова, Т.Б. Филочева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тауып, бұзылыстың негізгі көріністері анықтады. ЖСТД бұзылысында дыбыстарды бұзып айту, фонетикалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен сөйлем құрай алмау сияқты сипаттарға тән. Белгілі психолог ғалым Л.С. Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде балалардың өсу, жетілу, даму ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, балалар жеке заттарды біліп қана қоймай, оларды жіктеп, топтап айта білуге, әр заттың қайдан, неден жасалатынын түсінуге тырысатындығын көрсетеді. Баланың алғашқы сөздерді түсіне бастағаннан-ақ оның ортамен тілдік қатынасы қалыптаса бастайды. Бала тілінің шығуы оның психикалық дамуына күшті әсер етеді. Әрбір сөз баланың ақыл-ойының дамуына маңызды екенін айтады.

Мектеп жасына дейінгі кезең баланың тілінің дамуына әсер ететін басты уақыт болып саналады, егер 5-6 жаста баланың тілі толығымен дамымаса ересек кезінде баланың тілін дамыту қиынға соғады. Осындай кездері баланың сөйлеу тілін дамытуға аса көңіл бөлгеніміз жөн.

Көптеген зерттеулердің жұмыстарында қарастырылғандай ЖСТД бар балалардың сөйлеу тілін меңгеруде көптеген қиындықтар туындайтыны анықталған.

Бүгінгі таңда бұл зерттеуді талап ететін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені шешуге ат салысу менің зерттеу жұмысымның негізгі мақсатын белгіледі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: мектепке дейінгі жастағы ЖСТД бар балаларға логопедиялық сабақтарда қолданылатын Монтессори әдістемесінің элементтері бар жаттығулар жинағынан тұратын әдістемелік құрал үлгісін құрастыру.

Зерттеу объектісі: ЖСТД бар балалардың сөйлеу тілі.

Зерттеу пәні: мектепке дейінгі жастағы ЖСТД бар балалардың сөйлеу тілін Монтессори әдістемесінің элементтері арқылы дамыту.

Белгіленген зерттеу объектісі мен зерттеу пәнін негізге ала отырып, болжамды қалыптастыруға болады.

Зерттеу жұмысының болжамы: егерде логопедиялық сабақтар барысында ЖСТД бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуда Монтессори әдістемесінің элементтерін жүйелі түрде қолдансақ, сөйлеу тілін дамыту үрдісі нәтижелі болады.

Зерттеу жұмысының кезеңі бойынша қалыптастырушы (үйретуші) эксперименттің мақсаты – мектепке дейінгі жастағы ЖСТД бар балалардың сөйлеу тілін Монтессори әдістемесінің элементтерін қолдану арқылы дамыту болса, жұмыстың негізгі деңгейінің мақсаты М. Монтессори әдістемесіндегі балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналып жасалған жаттығулар жинағын жұмысқа енгізу арқылы тәжірибе жүргізу болып табылады. Барлық сараптау *эксперименттік жұмыстар зерттеу кезеңінің алғашқы дайындық уақытында сабақ уақытынан тыс және сабақ уақытында* өткізілді. Кейін балалар әдістеменің жаттығуларына бой үйреткеннен кейін, мақсатымызға орай сөйлеу тілін дамытуға арналған жаттығулар тек логопедиялық сабақтар уақытында өткізілді. Яғни, ол топтық және жеке логопедиялық сабақтар. Әдістеменің жаттығулары қолданылған топтық сабақ түрлері мынадай: дыбысты қою, сауат ашу, тіл дамыту. Зерттеу жұмысының мақсаты болып табылатын логопедиялық сабақтар барысында қолданылған М. Монтессори әдістемесінің мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілінің құрылымдары: фонематикалық қабылдау, сөзді дыбыстық талдау мен жинақтау, ұсақ саусақ моторикасын және сөйлемдерді түсіну деңгейлерін анықтауға іріктеліп алынған жаттығулардың толық үлгісін болашақ логопед мамандарға арналған әдістеме ретінде жасап шығардық.

Бүгінгі таңда М. Монтессори әдістемесі – баланы дамытудағы ең қажетті болып саналатын әдістемелердің бірі. Педагогикалық жүйенің негізгі принципінің бірі – еркін жағдайда баланың даму принципі. Әдістемеге еркіндік және жұмыстың әртүрлілігі, қызықты ойындар және маңызды жұмыстар кіреді. ЖСТД бар балалардың сөйлеу тілін дамытуда М. Монтессори әдістемесінің элементтерін қолдану мен үшін тиімді болды. Себебі, бұл педагогикалық жүйедегі әдістемеді

баланың танымдық, интеллектуалды және физикалық даму жақтары қарастырылған. Онда баланы жан-жақты дамытудың 5 аймағын қарастырылады. Олар:

1. *Күнделікті өмір жаттығуларына арналған;*
2. *Сенсорлы тәрбиелеу аймағы;*
3. *Математикалық аймақ;*
4. *Тілдік аймақ;*
5. *Ғарыштық аймақ.*

Біздің зерттеу жұмысымыз 4-ші тілдік аймақ жаттығулары негізінде жүрді. Аймақтың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорын молайту, әріптермен, фонетикамен таныстыру, әріптерден сөздер құрастыру және оларды жазумен оқуға үйрету. Бұл жерде тапсырмаларды орындауға қажетті арнайы құралдар жасалған. Баланың басқа ойын, сабақ ортасында кездеспейтін мұндай құралдар қатарына: жеңіл үстелдер және едендегі жеңіл кілемшелер, табиғи шикізаттардан жасалған арнайы жабдықтар және күнделікті тұрмыста кездесетін леген, стақан, қасық, майлық, су, дақылдар, классикалық Монтессори жабдықтары бар – алқызыл мұнара, қоңыр баспалдақ, көлемдік салғыштар және т.б. жатады.

Зерттеу №6 «Балапан» тобындағы 10 балаға жеке сабақтар 5 жастағы балаларға 20 минут, 6 жастағы балаларға 25-30 минут аралығында жүргізілді. Топтық сабақтардың ұзақтығы 30 минуттан кем емес. Тапсырмаларды орындату барысында баламен жағымды эмоционалды қарым қатынас орнатып, оны қызықтыра білу маңызды. Баланы тапсырмаларды орындауға қысамай, мадақтаудың әртүрлі тәсілдерін қолданып отыру керек. Бала тарапынын шаршау немесе жағымсыз қарым қатынасты байқасақ, жаттығуларды бірден доғарып, келесі күні жалғастырған жөн.

Сараптау-эксперименттік жұмысты жүргізуде төмендегі мақсаттарды алдыма қойдым:

- *балалардың сөйлеу тілі деңгейін анықтау, оның ішіне: фонематикалық қабылдау, сөзді дыбыстық талдау мен жинақтау, ұсақ саусақ моторикасын және сөйлемдерді түсінуін зерттеу кірді.*
- *балалардың Монтессори әдістемесіндегі сөйлеу тіліне қатысы бар жаттығуларға деген қызығушылықтарын ояту;*
- *логопедиялық сабақтар барысында Монтессори әдістемесіндегі жаттығулардың балалардың сөйлеу тілін дамытудағы маңызы мен ерекшелігін анықтау.*

Сараптау эксперименттік жұмыстың алғашқы зерттеу кезінде төменде аталған әдістеме қолданылды: балалардағы фонематикалық қабылдау, сөзді дыбыстық талдау мен жинақтау, сөйлемдерді түсінуін және ұсақ саусақ моторикасын Г.В. Чиркинаның «Мектепке дейінгі жастағы ЖСТД бар баланы зерттеу» әдістемесі бойынша жүргізілді. Ал, зерттеу жұмысының негізі болып табылатын балалардың сөйлеу тілін дамыту барысында М. Монтессоридің педагогикалық жүйедегі әдістемесін қолдандық.

Жұмыстың негізгі бөлімінде М. Монтессори әдістемесіндегі балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталып жасалынған жаттығулар жинағын жұмысқа

енгізу арқылы тәжірибе жүргізу сипатталады Фонематикалық қабылдауды дамытуға М. Монтессори әдістемесінен іріктеліп алған жаттығулар:

Дыбыстарды анықтап, ажырату үшін ұсақ заттарға толы қорапшаларды аламыз. Заттарды балаларға аттарын атап таныстырамыз. Дыбыстарды қорапшалардағы заттарды қозғалту арқылы шығарамыз. Заттарды кезекпен сала отырып, балаларға қай заттың дыбысы екенін анықтатамыз.

*жаттығу:*

- *тыныштықты тыңдау;*
- *сағат соққанын;*
- *өзінің дем алып, шығарғанын;*
- *судың аққанын*

*1. жаттығу: Бала бірнеше дауысты және дауыссыз әріптермен танысқаннан кейін оның алдына өзіне таныс барлық дауысты және дауыссыз әріптер салынған қорапшаны қоямыз. Ересек адам нақты және анық түрде сөз айтады. Мысалы, алма. Бірінші әріпті созып айтады. Бала ересек созып айтқан дыбысты қорап ішінен тауып алып үстел үстіне қояды. Енді ересек екінші әріпті созып айтады. Бала әріпті қорап ішінен тауып, үстелге бірінші әріптен кейін орналастырады. Жасы кішкентай балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстардан тұратын буындарды ал сақта жеткілікті.*

Бала ойынның ойналу реттілігін түсінгеннен кейін тапсырманы жылдам орындай бастайды. Құрастырылған сөзді оқу біршама қиындық тудырады. Жаттығуға кез келген сөзді алуымызға болады. Тек бала дыбыстардың бірінен кейін бірі орналасу реттілігін түсінсе болғаны. Баланы жаттығу барысында бақылаған кезде оның бар зейінімен қорапшаға қарап, ересек айтқан дыбысты ішінен қайталап, табуға тырысатынын байқаймыз.

Жаттығудың маңызы бала әр дыбысты таба отырып, өзінің сөйлеу тілін талдап, дыбыстап, бекітеді. Сөздерді құрастыру оған әріптердің дұрыс таңдап алынғанын, ішінен дұрыс дыбыстағанын дәлелдейді. Осылайша, бала орфографияның негізі болып табылатын білім дыбысталған дыбыспен оның графикалық бейнесін сәйкестендіре отырып, есінде сақтайды. Жаттығуды орындап болғаннан кейін әріптерді дауысталарын бөлек, дауыссыз дарын бөлек қорапшаларға салдырамыз. Сонымен жаттығу барысында бала жазуға негіз болатын білімді меңгереді.

### **Пайдалынылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## БОЛАШАҚ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДА ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ ОРНЫ

*Шымкент университетінің магистр,  
аға оқытушысы  
Медеубекова Жанар Темирханқызы,  
ГР-118 тобының студенті  
Ильяс Мақпал Мухамеджанқызы*

### **Аннотация**

*Успешность будущих учителей должна быть осознанной, образованной, талантливой, активной, мадениетти и уметь терпеть и трудиться, какие бы трудности ни были. Поэтому роль преподавателей Высшей школы в их подготовке очень велика.*

Қазіргі уақыттағы ең басты мәселелердің бірі болашақ география мұғалімдерін дайындау болып табылады. Бүгінгі студент — ертеңгі мектеп мұғалімі, оның кәсіби шеберлігін, білім мен тәрбиені ұштастыра білуін үйрету — жоғарғы оқу орны мұғалімдерінің міндеті. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру барысында, біріншіден, бүгінгі өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отыруға, екіншіден, өз халқының ұлттық мәдени-тарихи, әлеуметтік-экономикалық ахуалын терең танытуға айрықша назар аударудың қажеттілігін көрсету керек. Білім беру жүйесінде жас ұрпақты жан-жақты дамыту мен тәрбиелеуде олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеуде, жастардың қабілетін, іскерлігін дамытуда, өзінің табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуде, жер бетіндегі тіршілікті сақтауда география пәні үлкен роль атқарады. География пәнінің эстетикалық тәрбиеде алатын орны ерекше екені түсінікті. Мақалада қазақ жерінің географиясы мен елінің тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрнын байланыстыратын, ұтаық үлгіде білім алатын студент жастарға қажетті деректер көптеп келтірілген, сондай-ақ этникалық тәрбие беруде топонимиканың қажеттілігі, өзектілігі аталған. Болашақ география мұғалімдердің кәсіби педагогикалық іс-әрекетке табысты бейімделуінің үлгісі ретінде автор мотивациялық, бейімділік, танымдық, кәсіби педагогикалық әрекетті біріктіретін тұтас қызмет болып табылады деген пікір ұсынып отыр. Егеменді елдің, тәуелсіздік жолындағы халықтың ең қастерлі міндеті — өткен тарихи төл болмысымен үндес бола алатын, жас ұрпақтың ұлттық санасын шыңдауға қызмет ететін білім жүйесін қалыптастыру. Мұндай білім жүйесі сол елдің ұлттық төл болмысымен санасу арқылы ғана жүзеге асады. Білім берудің ұлттық жүйесін құрудағы негізгі тұғыр — сол ұлттың төл тарихы мен мәдениеті болу керек. Себебі көне тарихтың сын көзінен өткен құнды дүниетаным мұралары жас ұрпақтың рухына негіз болып қаланып, болашағына бағыт жасап отырған жағдайда ғана, ұрпақтар арасындағы сабақтастық үзілмейді. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру барысында, біріншіден, бүгінгі өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отыруға, екіншіден, өз халқының ұлттық мәдени-тарихи, әлеуметтік-экономикалық ахуалын терең танытуға айрықша назар аудару қажет. Осыны басшылыққа алған жерде, ұлттық білім берудің негізгі мақсаты — адамзаттың және ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан жоғары интеллектуалды, парасатты тұлғаны тәрбиелеу болып шығады.



Білім беру жүйесінде жас ұрпақты жан-жақты дамыту мен тәрбиелеуде олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеуде, өзінің табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуде, жер бетіндегі тіршілікті сақтауда география пәні үлкен роль атқарады.

Болашақ география пәнінің мұғалімдеріне географиялық білім беруде пәннің тәрбиелік маңызы зор. Жастардың қабілетін, іскерлігін дамытуда эстетикалық тәрбиенің, яғни әсемдікті сезіну мен сүйеге баулудың, маңызы зор. Әдемілікке, өнерге тәрбиелеу жастардың ой өрісін дамытып, қабілетін арттырып, білімін байытады. Әсемдік, әдемілік, дарындылық табиғаттан берілетінін ескерсек, география пәнінің эстетикалық тәрбиеде алатын орны ерекше екені түсінікті. Эстетикалық тәрбие беруде халықтық тәрбие дәстүрлері қисынымсыз байланыстыра пайдаланса, тәрбиеленушінің жан дүниесіне ықпалының нәтижелілігімен құнды болады. Жердің географиялық қабығы, табиғи, өндірістік және әлсумдік кешендер мен оның компоненттері — географиялық оқытудың негізгі нысаны, сондықтан географиялық сауаттылық қажет, географиялық сауаттылық әлсумдік қажеттіліктен туындап отыр. География — қоршаған табиғи ортаның ерекшелігі туралы жазылған ілім. Географияны оқу — табиғатты танып-білу. Табиғи ортаны, ондағы өзгерістерді танып-білу — дүниетану. Жастардың дүниетанымы, білім мен тәрбиеге байланысты қалыптасып, дамиды да қоғамдағы әлсумдік-мәдени жағдайларға байланысты өзгереді.

«Дүниетаным» ұғымына берілетін философиялық, психологиялық және педагогикалық анықтамаларға сүйенсек, жастардың дүниетанымын қалыптастыруда «дүниетаным» ұғымы мәнмағынасын халықтың рухани мұраларымен, имандылық-адамгершілік мұраттарымен бастау алатын қоршаған орта, аспан әлемі мен табиғат құбылыстары және жер-су атаулары туралы көзқарастары мен таным-түсініктерінің жиынтығы деп түсінеміз. Дүниетаным негізі этномәдени мұраны терең білуден басталып, ұлттық менталитеттен көрініс береді.

Этнопедагогика материалдарын географиямен байланыстыра отырып, болашақ мамандар халқымыздың аспан әлемі, табиғат құбылыстары мен жер-су атаулары туралы білуі тиіс. Мәселен, аспан әлеміндегі жұлдыздарға қарап отырып бағыт-бағдарды анықтау, ауа райын болжау, шаруашылықты игеру. Қазақ халқы ежелден көкке сенген, көкті «тәңірі» деп ұққан. «Тәңірі риза болсын», «Тәңірі жарылқасын» дейді. Ай, жұлдызды көктің ажырамас бөлігі деп ұққан Табиғат құбылыстарына қазақтар ерекше мән берген. «Тасбақа дауылы», «Бөрі сырғақ», «Құралайдың салқыны», «Теке бұрқақ», «Құс қанаты», «Қызыл жұмыртқа», «Итбалықтың кіндік кесері», «Боқырау», «Тобылғы бүршіктенер» деп аталған, бүгінде ұмытылып бара жатқан қазақша аталған табиғат құбылыстарын ауа райымен байланыстырудың тәрбиелік мәні үлкен.

Жер атаулары тек географиялық ортаның көрінісі емес, ең әуелі ол қоғамдық құбылыс. Географиялық атауларды адам өмірге келген кезден бастап естиді, географиялық атауда ғасырдан ғасырға келе жатқан халық шығармашылығы анық байқалады. Айналамызға көз салсақ, географиялық атаулардың барлығы сол жердің табиғатымен байланысты болады. Сондықтан Қазақстанның кең даласындағы топонимдерді табиғи орта туралы шежіре деп айтуға болады. Жер аттары жолаушыға жөн сілтер белгі ғана емес, ол — халықтың ең қымбат ескерткіштерінің бірі, яғни табиғат ескерткіштері. Топонимикалық білім болашақ маманды тәрбие жүйесіндегі этникалық

өзгешеліктер мен ұлттық даралық жайлы біліммен қаруландырады, көп ғасырлық тәрбие әрекеті нәтижесінде жинақталған педагогикалық байлықты практикада қолдана алу дағдысын игеруді көздейді.

Ерте заманнан бері адамзат географиялық жер аттары, оның қойылу ерекшеліктерімен қызыға шұғылданып келген. Ертедегі грек, рим тарихшылары мен географтарының еңбектерінен географиялық атаулар туралы түсініктемелер табылған. Географиялық жер аттарының қойылу, шығу ерекшеліктерімен, оның формасы, мағынасы мен грамматикалық ерекшелігі туралы зерттейтін ғылымды «Топонимика» деп атаған. «Топонимика» грек сөзі, мағынасы «топос» — «орын, мекен», «онома» — «атауы». Ерте уақыттан бері географиялық жер атаулары адамзатқа қызмет етіп келеді, адамның экономикалық-әлеуметтік, мәдени қажеттілігін қанағаттандырып, географиялық пайымдауларын нақтылауға көмектеседі.

Топонимдер адрестік қызмет атқарады, жер бетіндегі барлық нысандардың мекенжайы бар. Географиялық атауларды адам өмірге келген кезден бастап естиді. Топонимика көптеген ғылымдармен байланысты, тарих, география, лингвистика. Себебі географиялық атауда ғасырдан ғасырға келе жатқан халық творчествосы анық байқалады. «Топонимика» сөзінің қазақша баламасын (калька ретінде) «жер аты» десе де болар еді, бірақ ол баспасөзде жер-су аттары делінеді. Топонимиканы «жер тілі», немесе «жер бетіндегі нүктелердің аты», деп те айтады. Бірақ «нүктелер» де өздерінің кеңістігі жағынан алуантүрлі. Олар микрожәне макротопонимдер болып бөлінеді. Сонымен, топонимиканың зерттеу аумағы жер бетіндегі нүктелермен ғана шектеліп қоймайды. Бір сөзбен айтқанда, топонимиканың зерттеуі жер бетіндегі объектілердің аттары ғана емес, жер шарынан оқшау дүниелерге қатысты. Сол үшінде «топонимика» ұғымының аясына ономастиканың мына төмендегідей пәндер тобы кіреді.

Топонимдік атаулардың ішінде тұрақты, аттары өзгеріске жиі түспеген табиғи нысандар — оронимдер. Оронимдік атаулардың пайда болу жолдары да әртүрлі. Халықтың басынан өткен сан қилы тарихи оқиғалар, таудың географиялық орны мен табиғи жағдайы, тауды мекен еткен жануарлар мен өсетін өсімдіктер дүниесі, таудан бастау алатын өзендер, сол маңда тіршілік еткен тайпа, ру аттары сияқты жағдайлар әсер еткен.

Адамзат өркениеттің бірінші қадамдарынан бастап, өзін қоршаған жерлерге атберуге тырысқаны. Бастапқыда номинация, немесе атау беру, үрдісі стихиялы түрде жүрді: тауларға, өзен-көлдерге, батпақтарға, елді мекендерге атау берудің жалпылай тәжірибесі де, тәртібі да болған жоқ. Осындай үрдістің психологиялық аспектілері қандай болады? Географиялық атаулардың авторы болуға міндетті екенін қашан сезінді? Бұл жағдайда «міндетті» деп жай айтылмаған. Жалқы есімнің пайда болуының басты себебі — оның қажеттілігінде. Күнделікті еңбекте және қоршаған әлеммен қарым-қатынаста нысаналарды белгілеусіз адамға қиын болғандықтан, осы қажеттілік туындады.

Географиялық атаулар нақты тарихи жағдайда қалыптасқан, олардың шығу тегі белгілі бір аймақты мекендеген немесе мекендейтін халықтардың қоғамдық өмірімен, тілдерімен тығыз байланысты. Тарихи жағдайлар, тілдермен халықтар олардың таралу аймағы ауысқанымен географиялық атаулар өзгермейді. Сондықтан ешбір елдің географиялық номенклатурасы біркелкі болуы мүмкін емес. Ол түрлі жастағы және түрлі тілдес элементтерден құралған көпқабатты құрылым ретінде біртіндеп қалыптасады.

Халық қашанда тіршілік негізгі болып табылатын жерге үлкен құрметпен қараған. Өздері өмір сүрген өлкеде өсетін өсімдіктер дүниесіне терең мән беріп, оларды шебер пайдалана білген. Облыс жеріндегі өсімдіктер дүниесіне байланысты атаулар негізінен сол тау, төбелерде өсетін өсімдіктер дүниесіне байланысты болып келеді. Мысалы: биік тауларда қараған, қайың, терек, қарағай, арша, тағы басқа өсетіндіктен тау атаулары осы ағаш атауларына байланысты жасалған: *Қарағанды* — тау, *Қызылқайың* — тау, *Теректі* — тау, *Қарағайлы* — тау, т.б.

Көптеген жер атаулары сияқты мал, аң шаруашылығымен түр-түске байланысты оронимдік атауларда көп кездеседі. Аң атауларына байланысты оронимдер негізінен аталған аңдардың сол өңірде мол кездесуіне байланысты қойылған, мысалы: *Бұғылы*, *Аюлы*, *Арқарлы*, *Қоянды*, *Семізбұғы*, *Берілі* т.б. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылдануға байланысты қоныс, жайлау, қыстау, күздеу, құдық, қора, қотан, қос, ашық, күрке, тағы басқа атаулар, сондай-ақ үй жануарлары аттарынан қойылған және олармен байланысты әрекеттерді, оқиғаны білдіретін топонимдер пайда болды.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы табиғат аясында тіршілік ете жүріп, табиғаттың сан алуан құпия сырларына көңіл бөлді. Табиғи ортаға бейімделу арқылы жер бедерін, климат ерекшеліктерін, су көздерін анықтау, өсімдік жамылғысы, жайылымдардың сипаты және басқада көрсеткіштер топонимдерде кеңінен көрініс тапты.

Пайдалы қазбалардың жергілікті топонимдерде бейнеленуінде тарихи-археологиялық, геологиялық негіздеме бар. Табиғат жағдайының қолайсыздығынан туындайтын қауіп-қатерден малды аман алып қалуда ландшафт ерекшеліктерін географиялық атауларда белгілеу арқылы жүзеге асырды. Жылдың қай мезгілі болсын ландшафттық ерекшеліктеріне байланысты төрт түлік жағдайына дұрыс баға беріп, өсімдік жамылғысының экологиясына зиян келтірмеген.

Табиғат пен адамзаттың байланысы географиялық атауларда — топонимдерде кеңінен сақталған. Нақты географиялық атаулар жергілікті жердің физикалық-географиялық және геоэкологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын құнды ақпарат болып табылады.

Географиялық жер атаулары географияның барлық курстарында кездеседі. Әр сабақта оқушыларға жер атауларының шығуы, қойылу тарихы туралы мәліметтер беріліп отырғаны дұрыс. Болашақ ұстаз, қазіргі студент жер атауларының қойылу тарихымен танысу үшін жоғары оқу орындарында арнайы «Топонимика» пәні оқытылады.

*Инновация* (*Inovatis* — латын тілінен *жаңалық, жаңару, өзгеріс*) ұғымы қазіргі уақытта білім беруде кеңінен қолданылып жүр.

Жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде жетекші орнын сезінуі, кәсіби біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмытылуы — жоғарғы оқу орнында басталады. Студенттердің әлемдік өркениетті игеруі, өзекті мәселелерді шешуге дайындығы негізгі пәндермен бірге педагогикалық білімдеріне де байланысты. Әлемдік педагогика ғылымында қазақ этнопедагогикасының өз орны бар. Халқымыздың педагогикалық тәжірибесі ғасырлар сонарында қалыптасқан ұшан-теңіз үлгі-өнегеге, ізгілікті дәстүрге бай рухани қазына. Ұлы Аристотель «тәлім-тәрбиенің негізі — халық тәжірибесінде» деп көрсеткендей, ол — Аспанды, Табиғатты, Жерді, Адамды қорғап, адамдық

қасиеттерді, ақыл, сана, жан сұлулығы мен тән тазалығына жеткізуші тәлім-тәрбие құралы. Тәрбие мен білім беруде халық педагогикасы элементтерін пайдаланудың маңызы зор. Олай болса, атабабаларының салт-дәстүрін, эдет-ғұрпын, әдеби, мәдени бай қазынасын жас ұрпақтың санасына сіңіру, тәрбиелеу — ұлы жұмыс. Халқымыздың өмір сүру салты, бүкіл болмыс тіршілігі табиғатпен тікелей байланысты. Адам табиғаттан тыс өмір сүре алмайды. Адамның мінез-құлқына, түркелбетіне, тұрмыс-тіршілігіне, эдет-ғұрып, салт-санасына өмір сүріп отырған табиғи орта әсер етеді. Адамзат табиғи ортаны «География» ілімі арқылы танып біледі. География — қоршаған табиғи ортаның ерекшелігі туралы жазылған ілім, сондықтан географиялық сауаттылық қажет, географиялық сауаттылық әлеуметтік қажеттіліктен де туындайды.

Болашақ мұғалім — баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала киялын самғатып, арманның көкке ұмсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік-саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше, қоғамдағы қолжеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу — мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік-шығармашылық шеберлік иесі, халықтың дәстүр, эдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін, әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғышарты болып табылады. Мұғалімнің кәсіби білік дағдылары, өз кезегінде, оның жеке кәсіби-педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Оған мұғалімнің жеке мәдени деңгейі, адамгершілігі, тәлім-тәрбиесі, іздемпаздығы, зерттеушілігі жатады. Мұғалім кәсіби білімін үздіксіз жетілдірген жағдайда ғана оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамытып, ғылымға деген қызығуын қалыптастыра алады.

Болашақ мұғалім нағыз кәсіби маман болуы үшін — оқу үрдісінің мәнін терең түсінуі, тәрбиелік бағыттарын терең саралап, талдауы, әдістемелік жағының дидактикалық қиындықтарын жеңе білуі, кәсіптік дайындығының деңгейін көтеріп, оқу-бағдарламалық, әдістемелік құралдарды терең зерттеп, жетілдіруі, сол мақсатқа тынбай талпынуы керек. Ең бастысы, болашақ мұғалім өз жұмысына қойылатын талаптарды терең түсініп, өзін психологиялық жағынан даярлауы міндет. Ұстамдылық, өз ойын терең жеткізе білуі, эмоциялық тұрақтылығы, әлеуметтік қарым-қатынас жиынтығын меңгеруі керек. Сонымен қатар алдына қойған мақсатына жету үшін өзінің күш-қайратын, ерік-жігерін жұмылдырып шыңдауы тиіс.

Болашақ педагогтың мектептегі бірінші жылы оның кәсіби қалыптасуымен сипатталады. Бұл кезең — кәсіби білім алудан кәсіби еңбекке өту, студент дәрежесінен мұғалім дәрежесіне көтерілу кезеңі.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттік педагогикалық үрдісті жоспарлап жүзеге асыра білуін, өзінің және оқушыларының іс-әрекеттерін талдау жасай алуын танытады, кәсіби іс-әрекетке табысты бейімделу үшін төмендегідей көрсеткіштер қажет:

- өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндетін анықтай алуы;
- педагогикалық кәсіби қарым-қатынастылық үрдісті жүзеге асыруы;
- өз пәнін кәсіби жете білуі;
- оқыту мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негіздерін білуі;

- педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра білуі.

Отанды сүю, адалдық, адами тазалық, ізгілік, имандылық, инабаттылық, салт-дәстүрді құрметтеу — әрбір жастың парызы. Ол үшін қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісіне рухани, этномәдени дәстүрлерді сақтап, дамыта отырып, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніпжатқан жаңа технология мен техниканы меңгерген, білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы міндет.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ұлттың, мемлекеттің гүлденуі негізгі үш шешуші фактордан тұрады. Олар мыналар:

- жаңа ғылыми жаналықтарды игеруі;
- білімнің деңгейін көтеруі;
- мамандардың кәсіби білімімен айқындалуы.

Болашақ мұғалімнің моральдік психологиясы, кәсіптік даярлығы, этникалық-педагогтік қарымқатынасы қай кезеңде болсын білім саласының алғышарты ретінде бағаланады.

Кәсіби даярлық, этикалық-педагогтік қарым-қатынастың маңызды шарты болып табылатын элеуметтік-психологиялық даярлықты меңгеруі шарт. Коммуникативтік дағдыларды меңгерген болашақ мұғалім ғана заман талабына сай оқу-тәрбие жұмыстарының міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыра алады.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі танымдық әрекеттер: өзінің кәсіби шеберлігіне талдам жасауында, әдістемелік және психологиялық, педагогикалық әдебиеттермен қарулануында жүзеге асады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби педагогикалық іс-әрекетке табысты бейімделуінің үлгісі, мотивациялық, бейімділік, танымдық, кәсіби педагогикалық әрекетті біріктіретін тұтас қызмет болып табылады деген пікірлерді көптеген ғалымдар ұсынып отыр. Жастардың әлемдік өркениетті игеріп, ең өзекті мәселелерді шешуге дайындығы өзге ғылымдармен бірге педагогика жетістіктеріне де байланысты. Әлемдік педагогика ғылымында қазақ этнопедагогикасының өз үлесі бар. Қазақ халқының педагогикалық тәжірибесі ғасырлар соңарында қалыптасқан ұшан-теңіз үлгі-өнегеге, ізгілікті дәстүрге бай рухани қазына. Ол — жас буынды аспанды, жерді, табиғатты, адамды қорғап, кісілік қасиеттерге лайықты ақыл-парасат пен сана-сезімге, жан сұлулығы мен тән тазалығына жеткізетін пәрменді тәлім-тәрбие құралы.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінің табысты болуы саналы, білімді, дарынды, белсенді, мәдениетті болуы және қандай қиындық болсын төзіп, еңбек ете алуы мұғалімдердің еңбек етуін қажет етеді. Ендеше, оларды дайындауда жоғары мектеп оқытушыларының рөлі өте зор.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Пол Л. Нокс, Сэлли Л. Марстон Адамзатгеографиясы: Оқулық.-Алматы «Қазақ универ», 2017

2. Адамзат географиясы: аймақтар мен өлкелерге жаһандық көзқарас: Оқулық .- Алматы «Times», 2016ж.

3. Бейсенова Ә. С. Қазақстан табиғатының қалыптастыруы мен дамуы: Оқулық-Алматы «Қазақ Қазақ университеті», 2014. ж.

## АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Иманбердиева М.С. - магистрант,*

*Ғылыми жетекшісі - Атемова К. Т. - п.ғ.д., проф.*

*Оразметов М.У. – I курс докторант, М.Әуезов атындағы ОҚУ*

**Аннотация** Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселесі қарастырылған.

Қазіргі компьютерлердің жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесіне енгізілуі компьютерлендірудің барлық проблемаларын шеше алмайтыны анық. Компьютерді пайдалану жағдайында оқу процесін тиімді және өз мақсатына жете алатындай етіп ұйымдастыру үшін бірқатар педагогикалық, психологиялық проблемаларды шешу қажет. Осыған байланысты педагогиканың, психологияның және дидактиканың дәстүрлі қағидалары қосымша зерттеуді талап етеді. Бұл жерде оқытуды компьютерлендірудің екі түрлі негізгі бағыты бар екенін ескеру қажет, олар компьютер оқу объектісі және компьютер оқу құралы ретінде қарастырылады[6].

Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыруды зерттеу істері оқулықтар шығарумен қатарласа немесе оның алдында атқарылуы керек.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – Ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау. Әрине мемлекет зиялы болуы үшін оның әр азаматы зиялы болуы қажет. Бұл білім беру процесінің үздіксіз болуын талап етеді. Білім беру үздіксіз процесс болатын болса, информатиканы оқыту да үздіксіз болуы тиіс [4].

Қазақстан Республикасы Президентінің Білім беру жүйесін ақпараттандыруға бағытталған бағдарламасына байланысты бірқатар шаралар жасалуда.

Қазақстан Республикасындағы білімді ақпараттандыру жүйесі нарықарай дамыту процесіне оқып-үйренудің ақпараттық ресурсы болып табылатын компьютерлік оқыту құралын (КОҚ) дайындамай жүзеге асыру мүмкін емес. Олардың атқаратын қызметтерінің де ауқымы кең, мысалы, бақылайтын және тест жүргізетін программалар, компьютерлік ойындар, ақпараттық жүйелер, оқыту орталары, электрондық оқулықтар және мультимедиялық программалар. Осы оқытуға арналған программалық құралдардың

әртүрлі нұсқаларын әзірлеу Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми әдістемелік орталығының негізгі жұмысы болып табылады [4].

Қазіргі кезден негізінен білім жүйесінің барлық сатылары КОҚ жасау мен шұғылданып келеді. бір - бірімен тығыз байланыстағы төрт бөліктен тұрады олар: мотивациялы-мақсаттық, мазмұндық, операциялық және нәтижелік бақылау компоненттері.

КОҚ-ның мотивациялы-мақсаттық компоненті модульдерді құрастыруда тұрады. Модульдегеніміз – жергілікті, жүйелік және функционалдық білім жиындары. Ол студенттің өз танымдық әрекетін ұйымдастыратын “түйін” болып саналады [2].

КОҚ-ның мазмұндық компоненті гипермәтін арқылы жүзеге асырылады. Гипермәтін – терминдерден, ұғымдардан, әртүрлі концепциялардан, кестелерден, графиктерден және диаграммалардан тұратын мәліметтер базасы ретінде берілетін ақпараттық оқыту ортасы. Мәтіндерді қазақ, орыс, ал кейбірі нағылшын тіліндегі дыбыстар арқылы айтуға болады.

Гипермәтін бейнематериалдарымен толықтырылған.

КОҚ-ның операциялық компоненті интерактивті формада берілген тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асырылады. КОҚ-ның нәтижелік бақылау компоненті тесталужолымен жүргізіледі. КОҚ-детестердің екі түрі берілген: бір дұрыс жауабы немесе бірнеше дұрыс жауабы бар. Тест соңында студент өзі қателескен сұрақтарды тексеріп көре алады, әрбір тесттен соң сұрақтардың реттік орнына ауыстырылып отырады [8].

Студенттер үшін КОҚ – ЖОО-да оқыған жылдардың барлығында өздері толықтырылып отыра алатын және нәтижелік емтиханға дайындалуға көмектесетін мәліметтер базасы болып келеді. КОҚ-мен жұмыс істеу әрбір студенттің өз мүмкіндігіне сәйкес ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізуі болып саналады.

Мұғалім үшін КОҚ бұл күнбе-күндамытылып отыратын, ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбіреуі оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, арықарай жетілдіре алады.

КОҚ студенттердің сыныптан тыс сөз бетімен жұмыс істеуіне толық мүмкіндік туғызады. Жүйенің модульдік жүйеге негізделіп құрылғаны, осы құралдың тиімділігінайқындай түседі. Модульдерді бөлуде грамматикалық заңдылықтардың лексикалық тақырыптарға сәйкес келуі негізге алынған [8].

КОҚ – дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол студентке өз жолымен керекті материалдарды жеке меңгеруге арналған күрделі, көп қажетті бөлімдерін қайталап, игеру тәсілі мен логикасында өзінетән етіп таңдап алып, осы сәтте ең керек деген материалды қарап шығуға мүмкіндік береді. Оның гипермәтіні нақты құрылымдардан тұрады да, бір-

біріментығызбайланысқанықшамлогикалықжүйеболыптабылады.

Бұлжүйементанысуарқылыстудентпрактикалықнегіздеалгоритмдіқойлауқабілетін дамытаалады. Алөзінеқажетті мәліметті компьютержадының керекті ұясынан іздептабабілудеәрбірбаланың

бүгінталапетілетінстратегиялықойлауқабілетінқалыптастырады [8].

Модульдердеберілгеналгоритмстуденттергеөзбетіменжұмыс

істеумүмкіндігінбереді.

Мұндасабаққадегенқызуғушылықпайдаболып, білімалукезіндегі олардың белсенділігі артабастайды. КОҚ-ні пайдаланумұғалімнің де ғылыми-әдістемелікпотенциалындамытып, оның сабақүстіндегі еңбегінжеңілдетеді.

Оқытудың әрсатысындакомпьютерліктестерарқылыстудентті жекелейбақылауды, графикалықбейнелеу, мәтіндертүрінде, мультимедиялық, бейнежәнедыбысбөлімдерінің бағдарламасыбойыншаалатынжаңалықтарды іскеасыруғақөпкөмегінтигізеді.

Барлықоқулықтардың материалдарынмодульдіктүрдеқарастыруоның мазмұнынбірыңғайтұрғыданқарастыруғанегізделген. Студенттердің

танымдықерекшеліктері менжасөзгешеліктерінебайланысты

ғылымитеориялықҰғымдаржүйесі арқылыжалпыданжалқыға,

абстрактылықтаннақтылыққакөтерілумұғалімнің бұрынғыролінөзгертеді. Енді мұғалімбілімменакпаратберетінтұлғаемес,

олалғақойылғанмақсатқажетужолындағыкеректі мәліметтерді

әржердентауыпкеректі мәліметтерді әржердентауыпалуғақөмектесетінкеңесші әрі әріптескеайналыпкетеді [4].

Әлі декөпжұмыстаратқарылуытиіс, мектептің, кәсіптікоқуорындарының, колледждердің, жоғарымектептің

жәнеқосымшабілімберетінкурстарпәндерінебайланыстыкөптегеноқулықтаршығарылуытиіс.

КОҚ-ріндеинформацияныбейнелеудің көптегентүрлері қолданылады: мәтін, гипермәтін, графика, гиперграфика, видео, анимация, дыбыс, интерактивті үшөлшемді бейнелер, т.с.с.

Пайдаланылатынформаларменформаттардыкелесі

факторларғасүйенеотырыптаңдауқажет[4]:

- КОҚ-сі қамтитыниформациялықкомпоненттердің көлемі менсипаттамалары;
- информациялықкомпоненттердің дидактикалықмәні менөнімнің дидактикалықжәнефункционалдықсипттамалары;
- өнімнің көлеміне қойылатын шектеулер;
- жоспарланған өнімнің программалық және техникалық сипаттамалары;
- КОҚ-сін жасауда қолданылатын инструменталдық құралдардың мүмкіндіктері.

Мәтін және гипермәтін. Қазіргі уақытта барлық дерлік КОҚ-де мәтіндік және гипермәтіндік компоненттер қолданылады. Информациялық компоненттерді



бейнелеудің Бұл түрін жасауда қосымшалар құрудың кез-келген инструменталдық құралдарының көмегімен іске асыруға болады.

Информация бейнелеудің бұл түрі өте кең тарағандықтан бұған толық тоқталмасақ та болады. Дегенмен қолданылатын гипермәтіндер типтерін анықтау мәселесін қарастырып өтейік. Олардың келесі негізгі типтері бар[14]:

- ағымдық беттегі не кадрдағы информацияны бейнелеу формасын өзгерту;
- ағымдық кадрдағы не беттегі мазмұнға байланысты функцияны шақыру;
- ағымдық беттің келесі фрагментіне өту;
- қосымша терезені шақыру;
- тапсырмалар жүйесін шақыру;
- сыртқы қосымшаны шақыру.

Графика және анимация. Суретті бейнелеу тәсілі бойынша графикалық компоненттер матрицалық (растрлық), векторлы және функционалдық болып бөлінеді.

Матрицалық сурет пикселдер деп аталатын нүктелерден тұратын екі өлшемді массив. Пиксел матрицалық бейненің “минимал”өлшемдегі элементі болып табылады. Оның атрибуттары басқа нүктелерден тәуелсіз болады. Векторлық бейнелер оның типтік элементтеріне сәйкес келетін векторлық графикалық примитивтер жиынтығы. Бейнелеуде қолданылатын графикалық примитивтер векторлық графиканың негізгі сипаттамасы. Мысалы, түсі, ұзындығы, қалыңдығы берілген белгілі бір бұрыш бойынша бағытталған және координаталары көрсетілген нүктеден басталатын түзу, т.с.с.[6].

Векторлық графика жазықтағы ғана емес кеңістіктегі (үшөлшемді) графикалық суреттерді бейнелей алады. Сонымен қатар векторлық бейнелер масштабтау кезінде күрделі трансформацияларға (бұру, қисайту, созу, қысу, т.с.с.) қиындықсыз түсе алады.

Функционалдық бейнелер графикалық қосымшалар арқылы салынады. Мысалы, КОҚ оқыту процесінде кейбір бақылау жұмыстарының нәтижелерін диаграммалар, графиктер түрінде бейнелеуі мүмкін. Осы кезде арнайы құрылған қосымшалардың көмегімен оларды тұрғызу оңай әрі жылдам орындалады [6].

Графикалық информациялық компоненттердің басқа түрлері арнайы әрі терең зерттеуді талап ететін болғандықтан, оның классификациялық схемасындағы басқа түрлеріне тоқталудың қажеттілігі шамалы. Дегенмен анимациялық графиканың КОҚ құруда пайдасы мол болғандықтан оған қысқаша тоқталып өтелік.

Анимациялық графика екі түрге бөлінеді: суреттік және слайттық. Суреттік және спрайттық анимацияға кадр терезесінің не беттің шекарасында қозғалатын графикалық компоненттер кіреді. Қазіргі уақытта .jpeg, .gif, .png, .tiff форматтағы анимациялық файлдар көптеп қолданысқа енген [7].

Дыбыстық компоненттер. Дыбыстық сигналдардың цифрлық бейнеленуі үздіксіз аудиосигналдың уақытқа және деңгейге қатысты дискреттеліп берілуі арқылы жүзеге асырылады. Цифрлық түрде сигнал амплитуда мәндерінің

тізбектері арқылы сипатталады. Мұндай бейнелеу импульсті-кодты модуляция (PCM – Pulse Code Modulation) деп аталады.

Қазіргі заманғы технологияларда дыбысты цифрлық өңдеу үшін 2-ден 192 кГц аралығында жатқан жиіліктің өтуін санау пайдаланылады. КОҚ-лерінде 16-44 кГц аралығында жатқан жиілікті қолданған тиімді. Дыбыстық сигналдар едете аудиоплатаға орнатылған синтезатордың көмегімен шығарылады [7].

Дыбысты сипаттайтын файлдар .midi форматта болғаны жөн. Бұл файлдар .mid типті болып келеді. .midi форматтағы файлдардың артықшылығы олар, микрофон арқылы жазылған дыбыстық эффектілерді орындағанда қатесіз, ауытқуы байқалмайтындай болады.

Windows жүйесінде цифрлық дыбыстарды сақтау үшін .wav форматы қолданылады. .wav форматтағы файлдарда дыбыстық жиіліктен басқа қосымша қызметші информация да сақталады. Сондықтан оның көлемі едәуір үлкен болып келеді.

Видео және анимация. Дәстүрлі видеокomпонент екі синхронды орындайтын құрылымнан тұрады: визуалды (видеожол) және дыбыстық.

Видеожол қозғалыссыз графикалық бейнелерден тұратын кадрлар тізбегінен тұрады. Видеокomпоненттер мен анимацияның арасындағы айырмашылық осы бейнелердің сипаттамалары арқылы ажыратылады. Видеокадрдағы бейнелер шынайы болып келеді. Оның бастапқы көзі ретінде шынайы объектілердің фото - не видео түсірілімдері алынады. Ал анимациялық komпоненттердегі бейнелер жасанды болып келеді. Яғни олар графикалық редакторлар не геометриялық модельдеу жүйелерінің көмегімен даярланады. Қазіргі кезде мұндай анимацияларды жасауда Autodesk фирмасының AutoCad, 3D Studio Max, т.с.с. программалық өнімдері кеңінен қолданыс табады [5].

Интерактивті үшөлшемді бейнелеу. Дәстүрлі графикалық komпоненттердің ортақ кемшілігі олардың интерактивті мүмкіндігінің төмендігінде болып саналады. Мұндай мүмкіндік ретінде бейнені масштабтау, орындалуды ұзу/қайта жалғау, анимацияның кадрларын, жылдамдығын басқару, кадрлап орындау, т.с.с. қабылданады. Информацияны бейнелеудің мұндай мүмкіндігін іске асыру үшін КОҚ құрамына кіретін барлық komпоненттерді бастапқы қалпында қолдан жасап шыққан жөн. Ол үшін интерактивті графикалық komпонент құру үшін жоғарыда келтірілген информацияны бейнелеудің түрлі komпоненттерінің ішінен функционалды құрылатындарын тандап алған тиімді. Бұл КОҚ құруды күрделендіргенмен, оның ақырғы нәтижесіне үлкен оң әсерін тигізеді. Себебі сапалы КОҚ құру үшін оның құрамындағы информациялық komпоненттер интерактивті болуы тиіс[4].

КОҚ-ның құндылығы оның қолданыс аумағының көп бағыттылығына байланысты болады. Мазмұн тарапынан көп бағыттылық үш аспектіні қамтиды:

- оқу материалының түрлі деңгейде жүргізілуі;
- түрлі мамандықтар мен пәнаралық байланыс;
- оқушының бастапқы дайындығының түрлі деңгейі [6].

Көп бағыттылықты аспектілерін жүзеге асыру үшін КОҚ-сін пайдаланудың сәйкес деңгейлерін енгізу қажет. Программаны бөлшектеу осы деңгейлерді ескере отырып орындалады.

КОҚ мазмұнын құрылымдаудың базалық екі принципі бар[6]:

- тақырыптық;
- уақыттық (оқу процесінің барысында шешілетін педагогикалық мәселелер бойынша).

Бірінші принцип дәстүрлі оқулық мазмұнына ұқсас келетін пәннің иерархиялық құрылымы болып табылады. КОҚ құрамында ол мазмұн блогында жүзеге асырылады. Тақырыптық құрылым мазмұнның негізгі компоненттерінің құрамы мен бағыныштылығын бейнелейді [6].

Пән мазмұнын құрылымдаудың екінші тәсілі бойынша, ол құрылымдық бірліктердің тізбегіне бөлшектенеді. Бұл оқу сабақтарына ұқсас (лекциялар, жаттығулар, аралық бақылаулар, т.с.с.) болып келеді. Мұндай құрылым оқытуды Ұйымдасқан түрде өткізудің әдістемелік бағытталған және дәстүрлі құрылымы болып табылады [7].

КОҚ-сінде жоғарыда атап өтілген принциптердің екеуін қатар пайдаланған тиімді. Яғни мазмұн алдымен тақырыптық негізде құрылымданады, сонан соң бұл құрылымға әдістемелік бағытты бейнелейтін уақыттық принцип іске асырылады.

Пән мазмұнын құрылымдауды бастау алдында келесі мәселелерді шешіп алу қажет [7]:

- тақырыптық жіктеу деңгейінің тереңдігін, яғни оқу материалының иерархиялық деңгейлерін анықтау;
- әрбір деңгейге сәйкес құрылымдық бірліктердің типтерінің атауларын анықтау;
- мазмұнның құрылымдық бірліктерінің бейнелену формасын айқындау.

Тақырыптық жіктеу деңгейінде, яғни оқу материалының иерархиялық деңгейлері үш деңгейден аспауы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда оқу материалы өте күрделі болып, оқушыға оны пайдалану ауыр болады.

Құрылымдық бірліктер типтерінің атаулары түрлі болып келуі мүмкін. Бірақ онда сабақ кезінде қолданылатын шартты атаулар (лекция, практика, семинар, т.с.с.) қолданылмауы керек.

### **Библиографиялық тізім**

- 1 Шамова Т.И., Давыденко Т.М. Управление образовательным процессом адаптивной школе. - М.: Центр «Педагогический поиск», 2010.
- 2 Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения. - Ростов на Дону, 2009.
- 3 Зимняя И.А. Элементарный курс педагогической психологии.- М., 2012.

## АРХИТЕКТУРА ЯПОНИИ (ЯМАДЗИРО И ХИРАДЗИРО)

Исаева Е.Е

ЮКУ им.М.Ауэзова

Студент 1 курса группы МС-20-12К

### **Аннотация**

*Весь мир знает необыкновенную архитектуру Японии, да и вообще азиатских стран. Особенность заключается в их невероятных изогнутых вверх углах, крышах. Но, следует отметить, что это не только особенность японской архитектуры.*

В древности в Японии строили замки, с высокими башнями, огороженными вокруг стеной. Эти здания назывались ямадзиро. Они были построены так давно, что практически не дожили до наших дней. Во-первых, потому, что у них были деревянные стены, а во-вторых, построив ямадзиро, они стали строить вокруг простые дома и заселять территорию.

Поэтому они располагались на равнине, и защитить эти постройки было трудно. Позже они начали строить хирадзиро, фактически то же, что и ямадзиро, только построенное на высотах. Они уже отгородили их каменными стенами, и охраняли более тщательно. Главная башня хирадзиро называлась тенсу. Она была выше всех. Такие башни еще можно было соединять крытыми переходами, образуя сложное, хорошо защищенное сооружение. В то же время эти крепости были очень красивы. К этому времени японцы уже научились делать шифер, которым покрывали крыши. Этот шифер был разных цветов. Но распространенным украшением крыш был красный шифер, с золотыми краями по всему периметру. Во времена Эдо многие хирадзиро служили защитными крепостями и местами колонизации.

Следует отметить, что некоторые современные здания построены по принципам строительства хирадзиро. В том числе и в наше время сохранились старинные здания.

Японская архитектура. Немного о её истории

Следы древнейших поселений Японского архипелага относятся к X тысячелетию до н. Первые "деревни" состояли из нор с крышами из ветвей деревьев, подпертых столбами, известных как Тате-Ана-Джук ("ямы-жилища"). Примерно в III тысячелетии до нашей эры появились первые здания с приподнятым полом, покрытые двухскатной крышей. Эти сооружения строились как жилища для вождей племен и как склады. в Японии уже воздвигнуты огромные гробницы местных правителей, называемые «Кофун».

Самыми древними архитектурными памятниками Японии являются синтоистские и буддийские культовые здания-святилища, храмы, монастыри.

Прототипом японской культовой архитектуры является синтоистское святилище Исэ Цзингу (префектура Миэ), построенное в VII в. в стиле шиммэй и посвященное богине солнца Аматерасу Омиками, родоначальнице императорской династии. Его основная структура (honden) приподнята над землей и имеет широкие ступени, ведущие внутрь. Две колонны поддерживают коньок крыши, который украшен двумя концами, пересекающимися над перекладинами. Десять

коротких бревен лежат горизонтально поперек конька крыши, а все строение окружено верандой с перилами. Веками, каждые 20 лет, рядом со святилищем воздвигается новая святыня, и, точно копируя ее, божества перемещаются из старой святыни в новую. Так до наших дней дошел тип «короткой жизни» архитектуры, основными чертами которой являются вкопанные в землю столбы и соломенная крыша.

Храмовые здания в Японии почти лишены цветов и украшений. Вся красота этих простых и практичных зданий создана из цельного некрашеного дерева.

Важным элементом синтоистской культовой архитектуры являются ворота храма Тории.

Появление буддизма в Японии повлияло на синтоизм, а архитектура буддийских храмов повлияла на архитектуру синтоистских святилищ. Здания стали красить в синий, красный и другие яркие цвета, использовать резные украшения из металла и дерева, при главном сооружении святилища стали возводить крытые залы для верующих и другие вспомогательные залы.

Использование древесины в качестве основного строительного материала определялось по ряду причин. Даже в наше время Япония является одной из самых густо лесистых стран мира, а в прошлом было еще больше лесов. Для облегчения передачи тепла помещения были легкими и открытыми, с приподнятым полом и крышей с длинными свесами, защищающими от солнца и частых дождей. Кладка не позволяла естественной вентиляции помещений.

Почти все японские здания представляют собой сочетания прямоугольных элементов. Начиная с храмов Исэ, в японской архитектуре преобладала тенденция горизонтального развития пространства. Это еще больше усиливалось характерными крышами зданий. Крытая черепицей крыша с широкими свесами - отличительная черта китайской архитектуры.

Уже в VIII в. комплекс зданий буддийского монастыря включал в себя 7 основных зданий: пагоду, главный зал, проповеднический зал, колокольню, хранилище сутр, спальню, столовую. В храмовых комплексах внутренняя площадь прямоугольной формы была окружена крытым коридором, в который была сделана дверь. Вся территория монастыря была окружена наружными земляными стенами с воротами по обе стороны. Дверь называлась в том направлении, куда она указывала. Даже сейчас масштабы древних буддийских храмов впечатляют их посетителей. Зал, в котором находится «Дайбуцу» (большая статуя Будды), в храме Тодайзи в Наре, строительство которого завершилось в VIII веке, является самым большим деревянным сооружением в мире.

В традиционной жилой архитектуре Японии выделяют два важных стиля: синдэн и Шеин. Первое получило свое название от центральной постройки особняка — главного зала Синдена (буквально-спального зала).

Другой важнейший стиль жилой архитектуры — Сейн (буквально-библиотека или студия), сформировавшийся под влиянием дзэн-буддизма. Так в монастырях секты Дзэн назывались покои настоятеля. Первый существующий пример Шеина-комната тогудо гинкаудзи в Киото. Идея чайных домиков повлияла на архитектуру дворцов, которая выразилась в стиле сукии. Ярким примером этого стиля является императорский дворец Кацура Рикю в Киото. Стиль Сейна достиг своего расцвета в начале периода Эдо, и самым выдающимся

примером этой архитектуры является Дворец Ниномару в замке Нидзе в Киото (начало XVII века).

Важным аспектом традиционной японской архитектуры является взаимосвязь между домом и окружающим пространством, особенно садом. Японцы не рассматривали внутреннее и внешнее пространство как две отдельные части, а скорее обе перетекали одна в другую. Другими словами, нет предела, где заканчивается внутреннее пространство дома и начинается внешнее. Традиционные жилища неблагополучных классов населения носят общее название Минка. В целом довольно простые, они строились до конца XIX века, пока японская архитектура не подверглась западному влиянию. Минка в сельских районах называлась кнока, в рыбацких поселках — Гека, а в городах — Матия. В конструкции в основном использовалась древесина для несущих колонн и перекладин рамы, а также для стен, пола, потолка и крыши. Между колоннами стены образовывали бамбуковые решетки, скрепленные известью. Известь использовалась и на крыше, которая затем была покрыта травой. Из соломы они делали прочные и тонкие циновки из мусиро и более прочные циновки из татами, которые опирались на пол. Камень использовался только для фундамента под колонны и не использовался в стенах.

После окончания периода самоизоляции в портовых городах стали образовываться западные кварталы, которые застраивались знакомыми пришельцам зданиями. К этому периоду относятся русские постройки на японской земле. С восстановлением Мэйдзи в 1868 году, когда Япония вступила на путь модернизации, были освоены новые технологии строительства с использованием кирпича и камня. Новый стиль получил широкое признание по всей стране как стиль строительства государственных предприятий и учреждений. Особенно популярными стали офисные и жилые здания в стиле западного дизайна. В Японии работали многие американские и европейские архитекторы. В 1879 году Токийский технологический колледж окончил плеяда архитекторов, которые впоследствии стали играть ведущую роль в строительстве в стране.

Самые известные здания в западном стиле - Банк Японии и Токийский вокзал архитектора Тацуно Кинго, императорский дворец Акасака архитектора Катаямы Токумы. Однако каменные и кирпичные дома, построенные обычными методами, не выдержали землетрясения 1923 года, разрушившего Токио и его окрестности. Успехи в разработке методов строительства зданий, устойчивых к землетрясениям, позволили железобетонным конструкциям появиться в японских городах примерно в то же время, что и в Западной Европе.

После Второй мировой войны Япония, будучи потрясенной серьезными потрясениями, вступила в период ускоренного экономического роста, в течение которого стальная и бетонная инженерная архитектура Японии достигла одного из самых высоких уровней в мире.

### **Список использованной литературы**

1. <https://miuki.info/>
2. <https://kasugai-plus.ru/japan-news/istoriya-yaponskoj-arhitektury/>
3. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-razvitiya-yaponskoj-arhitektury-v-dvadtsatom-stoletii-1>

## ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

*Оразәлі Нұрмухамед Сұлтанбекұлы* Икурс студенті, тарих мамандығы  
ТР-120 тобы, Шымкент  
университеті

*Ғылыми жетекші: Исмайлов Есенбай Орынбекұлы, аға оқытушы,*  
Шымкент университеті, Шымкент қ, Қазақстан.

### **Аннотация**

*В данной статье подробно изучена связь казахских обычаев и традиций с исламской религией. т. е. затрагиваются и рассматриваются многие вопросы о проявлениях шариатских норм в традиционном казахском обществе, о том, что термины обычай, традиции и обычай казахского народа являются шариатским понятием.*

Бүгінгі қоғамда дін мәселесі, оның ішінде адасушылық жолда жүрген жастарымыздың зайырлы мемлекет принциптеріне қайшы келетін идеологияның жетегінде жүріп, ата-бабаларымыздың аманат етіп қалдырған ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді, дінімізді, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды мойындамауы алаңдататындай-ақ мәселе. Сондықтан да мақаламның тақырыбын «Ислам дінінің қазақ салт-дәстүрімен байланысы» деп алуымның басты себебі – бүгінгі таңда жастарымызды тәрбиелеуде дін мен дәстүр сабақтастынығының тәрбиелік мәнінің маңыздылығын ашып көрсету. Яғни, жастардың діни-дүниетанымдық көзқарастарын дұрыс қалыптастыруында ислам діні мен қазақ салт-дәстүрлерінің бір-біріне қайшы келмейтіндігін, сондай-ақ еліміздің ынтымағын, бірлігін, бейбітшілігін сақтап, ұлттық мәдениетімізді, тілімізді, әдет-ғұрпымызды жоғалтпай, келешек ұрпаққа жеткізу. Ия, расында бүгінде «дінді ұстанамын, имандылыққа бет бұрамын» деп, бірақ білместігінен, діни сауатсыздығының төмендігінен түрлі діни ағымдардың ықпалына түсіп «салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық құндылықтарымызды мойындамай кетіп жатқан жастарымыз қанша ма?!». Бұл қоғам үшін өте қауіпті. Себебі, оның салдары жат идеологияның жетегінде жүріп «Алла жолында өзімді құрбан еттім. Алла жолында джихад жасадым» деп қанша ма жастарымыз елінен, жұртынан безіп, тіпті ата-анасына қарсы шығып бір отбасының құлдырауына әкеп соғады. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Елбасымыз айтқандай: «Еліміздің бірлігі мен тұтастығын, ынтымағы мен бейбітшілігін сақтап қалу әр қазақстандықтың ел алдындағы, мемлекет алдындағы борышы. Жастар еліміздің тірегі. Елдің ертеңгі болашағы! Ата-бабаларымыз аманат етіп кеткен салт-дәстүрімізді, тілімізді, мәдениетімізді, дінімізді келер ұрпаққа жеткізетін — ол жастар».

Әрбір халықтың, ұлттың тілі, діні, салт-дәстүрі мен ғұрпы болады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай халық. Қанша ма ғасыр, қанша ма кезең өтсе де қазақ өз дінін, тілін, дәстүрін, мәдениетін ұмытпаған халық. Өкінішке орай, бүгінде көптеген жастар діни түсініктің дұрыс қалыптаспауынан дәстүрді, әдет-ғұрпын ислам дініне қайшы келеді деп мойындамауы ақиқат. Шын мәнінде, қазақтың салт-дәстүрімен Ислам дінінің шариғат үкімдері бір-бірімен тығыз байланыста

болғанын ескере отырып қазіргі қоғамымызда екеуін бөле жарып қарауға болмайды. Сол себепті қарастырып отырған ғұрып, әдет, салт-дәстүр сөздерінің терминдік мағынасын ашуды жөн санадым. Асылында, қазақ тіліндегі ғұрып, әдет сөздерінің түп-төркіні шарифат терминдері. Мұның өзі халқымыздың шарифатпен сонау ықылым замандардан таныс болғандығын білдіреді.

Қазақша «ғұрып» сөзі «әәл-ъурф» сөзінен шыққан. Араб тілінде адамдарға үйреншікті болған, әдеттегі іс-әрекеттер, үрдіс деген мағыналарды білдіреді [1: 15 б.].

Әл-ъурф сөзінің шарифаттағы терминдік анықтамасы мынадай: «Ол ақыл-ойдың, логиканың құптауымен көңілдерге орныққан, адам табиғаты қабыл алатын нәрселер.

«Әдет» сөзі арабтың «әл-ъаада» сөзінен шыққан. Мағынасы адамдар арасында көп қайталанатындықтан дағдыға айналған істер дегенді білдіреді [1; 16 б.].

Әдетте, әдет және ғұрып сөздерінің мағынасы бір. Кейбір шарифат кітаптарында «урф» сөзін қолданса, енді біреулері «әдет» сөзіне басымдық берілген. Ислам ғұламалары әдет-ғұрыптың өзін екіге бөліп қарастырады: Сахих (дұрыс) әдет-ғұрып және Фасид (бұрыс) әдет-ғұрып. Сахих, яғни дұрыс әдет-ғұрып Құран және Сүннетке теріс болмаған. Яғни, исламда халал болған істі харам етпейтін, харам болғанды халал етпейтін ғұрып. Ал фасид, яғни бұрыс әдет-ғұрып Құран және Сүннетке кереғар болған әдет-ғұрып. Хз. Пайғамбарымыз (с.а.с) бұл әдет-ғұрыпты мойындамаған. Яғни, шарифаттың ережелеріне қайшы келген, халалды харам, харамды халал еткен ғұрып.

Әдет-ғұрып – ежелден қалыптасып, қоғамда қолданылып жүрген қағида-ережелер. Бұл жазылмаған, бірақ қоғам мүшелері екі етпей орындауға жататын қағида ережелер жинағы. Ислам діні әдет-ғұрып заңдарын кері итеріп тастамай, оларға исламдық түр-сипат берді. Өз кезегінде бұл әдет-ғұрып заңдары да исламның шарифат заңдарына қарама-қайшылық келтірмей, қайта діни сенімдерді қорғап, оны таза сақтауға жәрдемдесті.

«Дәстүр» сөзі де арабша «дустур» деген сөздің қазақша баламасы. Арабша мағынасы іс-әрекет жасалатын ереже, заң дегенді білдіреді [1; 16 б.].

Ал латынша дәстүр сөзі «traditio» жалғастыру деген мағынаны білдіреді. Яғни, тарихи қалыптасқан қоғам үшін пайдалы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп және белгілі уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірибесінің жалғастығы мен жиынтығы, мәдени мұрасы: әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрыс қалыптары мен тәртіптері, үрдістер, жөн-жоралғылар, мейрамдар, рәсімдер және т.б. Дәстүр несімен құнды? Дәстүр шектен шығармайды. Дәстүр тұрақтылықты қалыптастырады. Тұрақты қағидаларға, тұрақты нормаларға сәйкес тұрақты мінездер қалыптасады. Ұлт мінезі қалыптасады. Соның арқасында ұлт әрі қарай өмір сүреді.

Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі тұғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады [2].

Салт-дәстүр ұлты үшін өмір сүру қағидасы, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай



орындаумен бірге заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң ролін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонақасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи-элеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, көрімдік, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың т.б. салт-дәстүрге жатады.

Құран мұсылмандардың қасиетті кітабы, шарифаттың негізі, адамзаттың тәрбиешісі. Н.Өсерұлы Құранның мақсаты: «...ерте заманда арабтар арасында тараған пұтқа табынушылықты түбірімен копарып жоқ ету, олардың имандылық қасиеттерін оятып, жақсы жақтарын, заңдары мен діни ғұрыптарын, жол-жораларын қалыптастыру, Алла тағаланың өзі сүйген құлдарын адастырмай тура жолға салу еді» — дейді [3].

Шығыс және батыс зерттеушілері Құранды дүниежүзілік мәдениетте кездеспейтін туынды деп есептейді. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін зерттеуде Құран ең алғашқы дерек болып табылады. Құран белгілі бір кезеңге ғана немесе аз ғана топқа арналған өсиет, ереже емес, ол мәңгі жасайтын мұсылмам халқының бәрі бірдей мойындайтын заңы, жазба мұрасы. Тәрбие мәселесінде Құранның алатын орны ерекше екеніне еш күмән жоқ.

Қазақ халқында үлкен кісіге, ақ сақалды қарияларға, ата мен анаға иіліп сәлем етіп, есік ашу, кебісін кигізу, жол беру, атқа отырғызу әдептері көпшіліктің бойына сіңген ізгі, ізетті қасиеттер. Осындай ізгі қасиеттерді бабаларымыз ислам дінінің құнды заңдылықтары екенін білді. Олар: Қасиетті Құран мен Пайғамбарымыздың хадистері. Лұқман сүресінің 14 аятында: «Адамдарды ата-аналарына жақсылық жасауға бұйырдық. Ана оны үсті-үстіне әлсірей жүріп (құрсақта) көтереді, екі жыл бойы ақ сүтімен емізеді. (Ей адамдар!) маған да, ата-аналарыңа да шүкірлік етіңдер! Түптің түбінде қайта оралатындарың – Менің алдым» деп айтылған [4]. Аллаһ тағаланың өзі бүкіл адамзат баласын ата-аналарына құрмет, оларға жақсылық жасап қарайласқан кезде ғана бақытқа жететінін бұйырады.

Қазақ салт-дәстүрінде туылған нәресте мен анаға көрсетілетін шарифатпен байланысты бірнеше іс жоралғылар бар. Енді шарифатпен байланысты жоралғыларды қарастырып көрейік.

Нәресте дүниеге келгеннен кейін әйелдің әл-қуат жиып, белі бекіп кетуі үшін оған арнайы мал сойылып, қалжа беріледі. Жас сорпа ішкізіп, жас ет жегізу мақсатымен сойылған малдың семіз, күйлі болуы шарт. Дүниеге келген сәбиге ғана көңіл бөліп қана қоймай, жарық дүниеге алып келген анасына да көңіл бөлуді ерекше орынға қойған. Себебі, ана денсаулығының буын-буыны босап, жаңа туылған сәбидей болып оған күтімді өте маңызды деп санаған. Пайғамбарымыз «дүниеге сәби алып келуімен сол ана, күнәсінан арылып, жаңа туылған сәбидей пәк болады» — деген [5].

Туылған сәби үшін ислам шарифаты бойынша «ақиқа» құрбандығы шалынады. «Ақиқа» – деп әрбір нәрестенің ана құрсағында шыққан шашын, бір апта болған күні алып, сол рәсіммен құрбандық шалынатын малды атайды. Әрбір бала ақиқасымен кепілдікте тұрады. Оны жетінші күні сойып, сәбидің есімі қойылады және шашы алынады. «Ұл балаға арнап екі қой, қыз балаға бір қой

сойылады» — деген. Себебі, яһудилер ұл балаға ақиқа шалып, қыз балаға шалмайтын. Сондықтан Пайғамбарымыз (ғ.с.) оларға ұқсамас үшін ұл балаға арнап екеу, қыз балаға біреу шалуды бұйырды.

Әрбір ана босанғанда осындай жоралғылар қазақтың әрбір шаңырағында орындалып жатқанын көреміз. Сойылатын малдың «Бисмиллаһ» —деп яғни «Аллаһтың атымен» сойып, мойын омыртқасын бүтіндей асып, анаға жегізетін жағдайы бар. Сойылған малдың мойын омыртқасын босанған жас әйелге береді. Ол мойын омыртқаны опырмай, етін тек қолымен үзіп жеп, төрге іліп қояды. Ел ішінде жас баланың мойнының тез қатып кетуі осы омыртқамен байланысты деген сенім бар. Ал, қазақ салт-дәстүрінде бүгінге дейін, босанған аналарға мойын омыртқаны беретін үрдіс қолданылып келеді. Сонымен қатар, осы кездері орындалатын тағы бір шариғи амалдың бірі «ат қою».

Пайғамбарымыз (ғ.с.): «Жаңа туған сәбиге жақсы ат қойыңдар, Аллаһ тағаланың алдында сол атымен шақырылады». «Оң құлағына азан, сол құлағына тәкбир айтылсын» — деген.

Қазақ ат қоюда ертеде ешкімнен жаңылмай қойғанын тарих беттерінен білеміз. Ескіміз жаңарып, жыртығымызды жамап жатқан егемендігімізде осы салттардың қайта оралуы қуанарлық. Себебі, жаңа туған сәбиге имам — молдаларды шақыртып оң құлағына азан, сол құлағына тәкбир айтып атын қойып жатқан жағдайлар болып жатыр. Балаға жақсы атпен тәрбие беру ата мен ананың мойнындағы міндеті. Кім біледі, осындай рухани қазыналарымыздың пайдаланбауында болар, балаларымыз әлсіз, әртүрлі жағдайларға тез ауып кететіні осыдан шығар.

Ашып айтатын болсақ, киім-кию үлгісі, жеңіл жүріс, мәнсіз әуендерді тыңдап, салт-дәстүрі мен дінін аяқ асты етіп жатқандары жетерлік. Адам рухына әр уақытта күш-жігер, батылдық пен сенім беріп отыруы керек. Осындай құндылықтар өз атымен басталатын, сонымен қатар білім, ісімен болатын жағдайлары бар. Бірінші адам есімінің мағынасы мен әйгілі адам есімдерімен тығыз байланыста болса, «Сенің атың керемет екен, атыңды кім қойған. Атыңа лайық бол, сондай үлкен азамат болсын» — деп бата алары сөзсіз. «Бата менен ел көгерер, жаңбыр менен жер көгерер» деп тектен айтылмаған. Білімі мен іс-әрекеті де лайықты болса да бата алады. «Ердің атында көп алтын қалғанша, жақсы аты қалғаны үлгі» деген ұлағатты сөздің өзі қандай. Яғни, «ата мен ана балаға жақсы ат қойып, тәрбие беру міндеті» деген Пайғамбарымыз (ғ.с.).

Ат қою ерекшеліктердің сан қырлы сыры бар екенін мынандай жағдайлармен де білеміз. Ниеті мен әдет салт-санаға байланысты ұлы жоқ үйлерде қыз туылатын болса, онда оған «Ұлтуған» деп ат қойылады. Бір шаңырақта тек қыз баланы босанып жатқан болатын болса: Ұлболсын, Жаңыл, Ұлмекен, Ұлбала, Ұлжалғас, Ұлтуар, Ұлжан деп қойылып жататыны тағы бар. Ал бұлардың осылай аталуының қазақ салты бойынша және шариғат заңы бойынша «ниет» болып табылады. Яғни, Жаратушыға қандай ниетіміз бар екенін шын ықыласымызбен білдіру. Мұсылман баласы шын ниетімен Аллаһқа жалбарынып тілек тілесе оның тез қабыл болып, орындалуы бар. Сондай ниетке байланысты «Маған жалбарыңдар! Тілектеріңді қабылдаймын» (Ғафыр сүресі, 60 аят). Расында жүрегіміз баланы қалап, ниетім солай болып, алдыңғы қыз баламызды жақсы көріп, әр уақытта тілесек неге Аллаһ ұл бермеске?! Қазір осындай жағдайда қаншама от басында ұлы мен қызы дүниеге келуде.

Қазақ салтында баланың есімін дүниеге келуі жағдайына байланысты да қояды. Осыған байланысты ораза айында дүниеге келген болса: Ораз, Рамазан, Қадыр; сонымен қатар жұма күні дүниеге келсе: Жұма, Жұмагүл, Жұмагелді, Жұманазар, Жұмабек, Жұмакүл, Жұмақұл, Жұмағали, Ержұма т.с. Не жағдайда көңілі ауып тұрса, соған сәйкестендіріп қояды.

Қазақтың салт-дәстүрімен Ислам дінінің шариғат үкімдері, бір-бірімен тығыз байланыста болғанын ескере отырып, қазіргі қоғамымызда екеуін бөле жарып қарауға болмайды. Жалпы халық осындай іс-жоралғыларды күнделікті тіршілігінде басынан өткізіп жатыр. Дүниеге келген нәрестеге жақсы есім қойылса, құлағына азан, такбир айтатын болса, онда ол ата-ананың ислам шариғи заңдылықтарымен ата-баба дәстүрін білетінін айғақтайды. Қаншама жоралғыларды жасамайық, барлық күш-құдірет жалғыз Жаратушының қолында екенін, біздер әлсіз де бас иуші құл екенімізді білсек өміріміздегі қаншама кілеңсіз ахуалдан арылған болар едік.

Ата-бабаларымыз «баланы жастан» деген асыл сөзінің төркіні осында болса керек. Бала рухын көтеру оның есімімен тығыз байланысты екенін, бой түзеп ер жетуіне осындай асыл қазыналарымыздың жандануымен тығыз байланысты. Осы тұста қазақ салт-дәстүрі мен шариғат үкімдерінің арасындағы байланысы туралы сөз еткен кезде «қонақжайлық» туралы айтпай кетпеуге болмайды.

Қонақжайлық қазақтардың ежелгі қасиеті. Бұл жөнінде 19 ғ. аяқ кезінде Ресей зерттеушісі Виктор фон Герн былай деп жазған болатын: «Жалпы алғанда қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайрымды ақкөңілділігімен және қонақжайлық қасиетімен таңғалдырды. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет».

Кең сахараны жайлаған қазақ халқында қонақ кәдесінің орны ерекше. Әр үйде қонаққа арналған сый-сияпат алдын ала дайын тұратын. Бұл үрдіс қазірге дейін сақталған. Қонақтың сыбағасы әрқашан дайын тұрады. Мейман күту қазақтың заңына айналған. Егер қонаққа лайықты құрмет көрсетілмесе, халық биі үй иесіне айып салатын. Қонаққа деген мұндай құрметтің бір негізі ислам дінінде жатыр.

Қазақтар қонақты: арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылқыма қонақ деп төртке бөлген. Солардың ішінде «құдайы қонақ» үй иесі танымайтын бейтаныс жан, жолаушы. Отағасы оны бұрын-сонды көрмеген адамын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Халық нақылында қонақтың құрметін білдіретін «қырықтың бірі — қыдыр», «қонақтың өз ырыс-несібесі, құт-берекесі бар» деген сияқты ұғымдар қалыптасқан. Қазақта қонақ болудың қатып қалған мерзімі болмайтын. Мысалы, арнайы қонақ апталап, айлап жататын. Ал «үш күнге дейін қонақ» дейтін қағида көбіне құдайы қонаққа қатысты айтылатын.

Отанды қорғау мәселесіне келер болсақ, елімізді қорғау — ол міндет. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деп Отанын қастерлеген қазақ атамекеннің қадір-қасиетіне жете білген. Өйткені туған жер үшін қашама жаулармен арпалысып өтті, талай зұлматты замандарды бастан кешірді. Жалпы отаншылдық, патриотизм асыл дініміздің ұстанымымен ұштасып жатқан ұғымдар. Исламда мынадай қанатты сөз бар: «Отанды сүю иманнан». Жалпы, Ислам құқығының көріністерін, оның құқықтық нормаларының қалдықтарын қазақ әдет-ғұрып заңдарынан көруге болады. Бұл мәселеге қатысты нақты фактілер мен дерек көздерін ғалымдардың зерттеулерінен, еңбектерінен оқып білуге әрі байқауға болады. Мысалы, Отандық ғалыдарымыз С. Зиманов пен Н. Өсерұлының

«Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» атты еңбегінде ислам құқығының қазақ әдет-ғұрпына, үкім-кесімдеріне әсері айқын көрінеді.

Қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне де үлкен мән берген. Қазақ тәрбиелік мақсат үшін қызға қырық үйден тыйым сала білді. Бүгінгі қыз – ертеңгі ұлттың анасы, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін ана. Қазақ қызы дәстүрге бас игендіктен, дәстүрдің даналығын мойындағандықтан бұрынғы ата-баба жолын қуды. Өйткені Алтайдан Атырауға, Арқадан Алатауға ұзатылған қазақ қыздарының арқасында ұлан-байтақ қазақ даласында бір ғана тілі, бір ғана діні, бірдей дәстүрі, бірдей дүниетанымы бар біртұтас қазақ ұлты қалыптасты. Жақынға емес, жыраққа ұзатылған қыздарының арқасында қазақ қайда барса өз туысы алдынан шығатын қарға тамырлы бауырмал ұлт, қаны таза текті халық болды. Ал енді осыны атасына сәлем салған келінді «Аллаға серік қосты» деп айыптап жүрген саләфиликтің кері ықпалына түсіп, өз ұлтының рухани құндылықтарынан қол үзген жастарымыз қанша ма? Құндылықтан қол үзген буын өз ұлтының ұрпағы болудан қалады. Сондықтан да, бүгінде «қазақты қазақ еткен, бұдан кейін де қазақ ретінде сақтап қала алатын құндылықтарды өзгертпейтін, керісінше дінімізді, тілімізді, дәстүрімізді, ғұрпымызды болашақ ұрпаққа жеткізіп, аманат ететін жастарды» тәрбиелеу қажет.

Адамзат түрлі халықтардан, ұлт пен ұлыстан тұрады. Әрқайсысының өзіне тән ұлттық ерекшеліктері, тілі мен дәстүрі, мәдениеті болады. Мұндай алуан түрлілік Алла Тағаланың хикметі. Қасиетті Құранның Хужурат сүресінің 13 аятында былай делінген: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз, сендерді бір ер, бір әйелден (Адам ата мен Хауан адан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық» [4]. Осы аятқа зер салсақ, мынадай қорытынды шығарамыз: Алла Тағала адамзатты түрлі ұлттарға бір-бірлерін тану үшін бөлген. Бір-бірін тану негізінде олар өздерін таниды, ал өздерін танулары арқылы дінді, яғни ақиқатты таниды. Ал ақиқатты, дінді тану дегеніміз ол – Жаратушыны тану. Қазақстан Республикасы көп ұлтты, көп конфессиялы мемлекет. Бір шаңырақтың астында 130 астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Елбасымыздың көптеген дін өкілдерінің бір-біріне діни төзімді болу мақсатында әр үш жыл сайын әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, түрлі форумдар мен кездесулерді өткізудің өзі халықтар ынтымақтастығын нығайту, елімізде дінаралық келісім, үндестік және татулықты, елдің бірлігі мен тыныштығын сақтаудың белгісі.

Жалпы әлемдік діндер – Будда, Христиан, Ислам діні болсын ешқандай зорлық-зомбылыққа жол берілмеген. Себебі, әрбір діннің басты мұратының бірі – адамдар арасында бейбіт қарым-қатынас орнатып, тыныштықта өмір сүру. «Ел болам десең бесігінді түзе» демекші әрбір отбасы, әрбір тәрбиеші, әрбір ұстаз үшін жастарды сауатты әрі халқына, еліне қызмет ететін тұлға етіп тәрбиелеу басты мақсат. Ал діни түсінігі дұрыс қалыптасқан, діни сауатты жастар – ол дініміздің, дәстүріміздің, мәдениетіміздің болашақта жоғалмауының кепілі деп айтсам артық болмас. «Саясат күнде өзгереді, ал дін – мәңгілік» деп Елбасымыз атап өткендей, қанша ғасырлар өтіп, қанша қоғамдық формациялар өзгерсе де, діни құндылықтар, ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыздың, мәдениетіміздің ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз жетіп отыруы ол жастарымыздың ел алдындағы, мемлекет алдындағы басты міндеті!

Сондай-ақ жастарымыздың алдындағы тұрған басты міндеттің бірі – еліміздің көк байрақ туын: — барша әлемге жақсы жағынан таныта отырып; — үлкен белестерге қол жеткізе отырып, — озық мемлекеттердің қатарына қосыла отырып;

— бір мемлекеттің өзінде қаншама ұлттар мен ұлыстар бейбіт өмір сүруде екенін көрсете отырып желбірету.

Ал ол үшін жастарымыздың бойында – имандылық, адамгершілік, патриоттық, толеранттылық, еңбек сүйгіштік қасиеттерін тәрбие беру арқылы қалыптастыру қажет. Міне, сонда ғана аспанымыз ашық, іргеміз тыныш болып, мемлекетіміздің мәртебесі биіктей түседі.

### **Библиографиялық тізім**

1. Дін мен дәстүр. – Алматы, 2021. – 192 бет.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша /Редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е.Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569 б.
3. Зиманов С., Өсеров Н.Ө. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері (монография). – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 128 б.
- Құран Кәрім. Қазақша сөзбе-сөз мағынасы. Аударғандар: Мұхаммеджан Шыңғыс қажы, Ермек Мұхаммедқали. 2016 ж.
4. Имам Науауи. «Риазис Солихин». Каир, 2013 ж.
5. Х. Оразбекова. «Иман және инабат». Алматы: «Ана тілі», 2013 ж. 58 бет.
6. Б. Әлімқұлов, Е. Әбдіраманов. «Күйеу келтір қыз ұзат тойыңды қыл». Алматы: «Санат», 2014ж. 63 бет.
7. Осман Нури Топбаш. «Ақтық дем». Алматы, 2015 ж. 107 бет.
8. Орынбеков М.С. «Предфилософия протоказахов». Алматы: «Ғылым», 2016 ж. 55 бет.
9. Орынбеков М.С. «Қазақ сенімдерінің бастауы». Алматы: «Қазақ университеті», 2017 ж.14б.

## **ӘЛЕУМЕТТІК ӘРЕКЕТТІҢ ТЕХНОЛОГИЗАЦИЯСЫ**

*Қаныбек Ақжайық Әбдуманпқызы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
**Ғылыми жетекшісі:**  
Алипбек Ардақ Зәуірбекқызы- к.п.н.*

### **Аннотация**

*“Әлеуметтік іс-әрекет” ұғымы - социологиядағы негізгі түсініктердің бірі. Социологияда “әлеуметтік іс-әрекет” ұғымын алғаш рет енгізген және ғылыми негіздеген М.Вебер болатын. М.Вебердің түсінігінше әлеуметтік іс-әрекеттің кем дегенде екі ерекшелігі бар: біріншіден, ол оңтайлы, саналы түрде болуы, ал екіншіден басқа адамдардың мінез-құлқына бағытталуы қажет.*

Әлеуметтік іс-әрекеттің мұндай ұғымы бойынша адамдардың әлеуметтік емес, материалдық объектілерге бағытталған іс-әрекеттерін әлеуметтік іс-әрекеттер деп атауға болмайды. М.Вебер келтірген мысал ерекше: екі велосипедшінің кездейсоқ соқтығысып қалуы қарапайым оқиға ғана бола алады, ал соқтығысты болдырмауға әрекеттену, соқтығыстан кейінгі ұрыс-төбелес немесе жанжалды бейбіт жолмен шешу - бұл әлеуметтік іс-әрекет. Алайда әлеуметтік

және әлеуметтік емес іс-әрекеттер арасында айқын шекара жүргізу өте қиын. Әлеуметтік іс-әрекеттің ажырамас белгісін құрайтын мінез-құлықтың саналылығын, оңтайлылығын анықтау одан да қиын. Әлеуметтік іс-әрекеттер азды-көпті айқын мақсатты көздейтін ішінара саналы іс-әрекеттер болып табылатыны көрініп тұр.

Әлеуметтік іс-әрекеттің анатомиясын сипаттай отырып, социолог-функционалистер көбіне оның мынадай негізгі элементтерін бөліп көрсетеді:

өздерінің қажеттіліктері және соған орай мүдделері  
мен мақсаттары бар әрекет етуші (немесе әрекет етпейтін)

жеке адам немесе адамдар тобы;

әрекет өтетін нақты орта;

әрекет субъектісінің ортаның нақты шарттарына бағыт ұстауы, ол алға қойылған мақсатқа жетудің нақты жолдарын анықтауға мүмкіндік береді;

әрекет субъектісінің басқаларға, өз әрекетіне олардың жауап әрекетіне бағыт ұстауы.

Бұл ретте басқаларға бағыт ұстау жеке тұлғамен немесе саны азды-көпті тұлғалар тобымен, тіпті жалпы қоғаммен өзара байланысты және өзара іс-әрекетті ескеруді көздейді.

Адамдардың немесе олардың топтарының тәуелділігі мен сәйкестігін көрсететін әлеуметтік іс-әрекет - әлеуметтік байланыс болады. Ол мынадай негізгі элементтерді қамтиды: осы байланыстың субъектілері; байланыстардың мазмұнын сипаттайтын байланыс заты; байланысты жүзеге асыру механизмі және оны саналы түрде реттеу. Әлеуметтік байланыстың әлеуметтік байланысу түріндегі және әлеуметтік өзара іс-әрекет түріндегі әр түрлі нысандары көрсетілуі мүмкін.

Әлеуметтік байланыс - адамдардың өмірі мен қызметіне онша әсер етпейтін жалғыз немесе көп қайталанатын сыртқы, ат үсті, үстірт, көбінесе өткінші байланыстар. Кеңістіктік байланыстың, мүдделі және алмасу байланыстарының ерекшелігі болады.

Кеңістіктік байланыстар: 1) жеке адамдардың қандай да бір іс-әрекетке қатысуы туралы ұйғарымның күшімен адамның мінез-құлқының өзгеруі мүмкін кеңістіктік байланысты; 2) жеке адамның мінез-құлқы басқа адамдардың жай бақылауының әсерінен өзгертін кеңістіктік байланысты қамтиды.

Кеңістіктік байланыс - әлеуметтік өзара байланыстарды қалыптастырудың бастапқы және қажетті буыны. Адамдардың қай жерде және қанша екенін біле тұра, оның үстіне оларды жай бақылай отырып, адам өз қажеттіліктеріне қарай өзара байланыстарын дамытуға арналған объектіні таңдай алады.

Мүдделілік байланыстың мәні сол жеке адамның қажеттіліктеріне сәйкес келетін белгілі бір құндылықтары немесе белгілері болатын әлеуметтік объектіні таңдап алуында. Мүдделілік байланыстың пайда болу механизмін С.С. Фролов былайша сипаттайды. Әрбір тұлғада өзін қоршаған болмыстың әр түрлі жақтарына қатысты уәждер жиыны болады. Бұл уәждер өткен тәжірибенің және қазіргі қажеттіліктің нәтижесі болып табылады. Және де бұл жағдайда уәж қажеттілікті қанағаттандыруға байланысты қызметке түрткі болу ретінде айтылады. Тұлғаның қажеттілігін қоршаған ортаның қандай да бір объектісімен қосқан сәтте уәж өзекті болады және мүдде - тұлғаның қызмет мақсатын ұғынуға бағытталуын қамтамасыз ететін қажеттіліктің көріну нысаны пайда болады.

Мұндай байланыстар бұдан да күрделі өзара байланыстардың пайда болуына жағдай жасайды.

Алмасу байланыстары әлеуметтік байланыстардың жеке адамдар басқа бір жеке адамдардың мінез-құлқын өзгертуге тырыспай-ақ құндылықтар алмасатын ерекшеліктің түрі болып табылады. Алмасудың қайталанатын байланыстары әлеуметтік байланыстардың алмасу затына емес, адамға байланысты неғұрлым күрделі түрінің пайда болуына әкеп соғуы мүмкін.

Әлеуметтік байланыстардың әрбір жеке адамның әлеуметтік байланыстар жүйесіндегі орнын, топтық мәртебесін, оның топтағы әлеуметтік рөл атқаруының ерекшеліктерін зерделеуде үлкен маңызы бар. Әлеуметтік байланыстардың саны мен бағыттылығын өлшеу әлеуметтік іс-әрекеттің құрылымы мен әлеуметтік қарым-қатынастардың сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әлеуметтік байланыстар топ құрайтын процестердің негізі, әлеуметтік топтар құрудағы алғашқы қадам болып табылады.

Әлеуметтік іс-әрекет - бір субъектінің іс-әрекеті басқалардың жауап іс-әрекетінің себебі мен салдары болатын өзара шарттылық әлеуметтік әрекеттер жүйесі [6]. Әлеуметтік іс-әрекеттің объективті және субъективті жақтары болады. Өзара іс-әрекеттің объективті жағы - жеке тұлғаларға емес, бірақ олардың өзара іс-әрекеттің мазмұны мен сипатын көрсететін және бақылайтын байланыстар. Өзара іс-әрекеттің субъективті жағы - жеке адамдардың тиісті мінез-құлықтың өзара экспектациясына (күтілуіне) негізделген бір-біріне саналы қарым-қатынасы. Бұл жеке адамдар арасындағы нақты орын мен уақыт жағдайында қалыптасатын тікелей байланыстар мен қарым-қатынастар болып табылатын әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастар.

Әлеуметтік технология әрқилы, әлеуметтік әлемнің, әлеуметтік өмірдің, оның табиғи болмыстың пайда болуының жан-жақтылығымен сипатталады.

Әлеуметтік технологияның жіктелуі әртүрлі негізде жасалады: қолданыс с ала түрінде, деңгейінде және т.б.

Ол қолданыс білімін саралаудың әдіс-тәсілі негізінде, сондай-ақ саралаудың объектісі (адамдар тобы, процестер және олардың қоғамы), бұлардың әрқайсысы мақсатқа негізделген тәсілді оның оптималды функциялық дамуы мен іске асырылуын қолданады.

Әлеуметтік технологияның жаһандану сипаттамасы, әлеуметтік технология қоғамға толықтай, әртүрлі қоғамдық өмір саласында, әлеуметтік құрылымда, әлеуметтік институт процесімен қарастырылады.

Басқару-мамандары басқарудың технологиялық стратегиясын, әлеуметтік модельдеу және жобалауды іздестіруде. Информациялық-енгізулер, инновациялық-оқытулар, өткен тәжірибе технологиялары деп қарастыруға болады. Тапсырмаларды әмбебаптық және жеке болып ерекшеленеді: Мақсатқа бағыттылық сонымен қатар әлеуметтік даму технологиясын жеке мемлекеттік региондық, территориялық, еңбектік ассоциация деп қарастырады. Жалпылай келе әлеуметтік технологияны әлеуметтік сферада рухани және экономикалық тұрғыда болады.

Әлеуметтік технология бірбірімен өзіндік мазмұнмен айрықшаланады. Қысқаша әлеуметтік технологияның мазмұны ол әлеуметтік жұмыстың ерекшеліктерін технологиялық ретн және жағдайын қарастырады.

Көзқарастар бойынша масштабтылық жаһандық әлеуметтік технология. Олар жалпы адамдық проблеманы шешумен байланысты. Бұл тек ішкі тенденциялық білімді, әдәс-тәсілді шешу ғана емес.

Сондай-ақ әлемдік тенденция дамуының, яғни қоғам мен табиғаттың байланысы. Олар адамның өміріне, өмір сүру жағдайына, әлеуметтік қорғалуына тікелей және жанама әсер етеді.

Объект:Технологияны қолдану мен өңдеудің сапасы объектінің дифференциациясына байланысты. Бәріне әйгілі әлеуметтік жұмыстың объектісі әр түрлі болып келеді. Оларға-қарт адамдар және зейнеткерлер, мүгедектер және балалар, девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді, мигранттар, толық емес, көпбалалы отбасылар т.б. Олардың әр қайсысы өмір жолындағы кездесетін әлеуметтік-демографиялық, психологиялық ерекшеліктері, спецификалық жағдайларға ие негізделеді.

Әлеуметтік жұмыстың объектісі ассоциативті болуы мүмкін. Мүгедек, топ(отбасы, еңбек оқу ұжымы, жастық немесе профессионалды топтар) қоғам (қала, район). Сондықтан байланысты «жеке» деп бөліп қарауға болады. Қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс технологиясы толық емес отбасымен әлеуметтік жұмыс технологиясы, тұрақты тұратын орны жоқ азаматтармен әлеуметтік жұмыс технологиясы.

Объектіге қатысты әлеуметтік технология «ішкі» және сыртқы» болып бөлінеді. Сыртқы технологиялар мемлекеттің қолдауын қажет ететін осал топтрды төмендету және өзінің проблемаларын өздері шешуге ададарға бағытталады.

Ішкі технологиялар адекватты түрде жеке технологиялар-индивид түрде топтар, яғни-нақты адамдардың проблемаларын шешуге бағытталад.

Ең алдымен бұл әлеуметтік жұмыстың әдістерінің-индивидуалды, топтық, қоғамдық бәрі де негізінен «жеке» және «сыртқы» технологиялар.

Тәжірибелік жұмысты әдістерінің түрлілігіне қарамастан, технологиялық схемасы 6 негізгі этапта көрсетуге болады:

- ▲ Клиентпен кездесу және контакт орнату;
- ▲ Проблеманы анықтау, диагноз және бағалау;
- ▲ Мақсатты, анықтау, қызмет көрсетуді жоспарлау, келісімді орнату;
- ▲ қызмет көрсету, делдалдық;
- ▲ әлеуметтік жұмыстың қорытындысын бағалау;
- ▲ нәтижені тәжірибеде қолдану.

Әлеуметтік жұмыстың негізгі классикалық әдістер технологиялар, нақты ғылымдармен, яғни социологиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономиканың, ұйымдық, басқарушылық, медико-әлеуметтік ғылымдарының әдістерін қолданады.Мысалы, бақылау, тестілеу, психодиогностика, психотерапия әдістері, психологиялық технологияны қолдану және өңдеу болып табылады.

Мынадай социологиялық әдістерді яғни,интервью,анкеталық, документтің анализі, эксперттік сұраулар, әлеуметтік сферадағы, әлеуметтік мониторингінің технологиялары.

Түрлі әдістерді қосқанда және өңдеуде кешенді технологиялар қолданылады. М: зейнеткерлерге үйде әлеуметтік қызмет көрсеу.

үйге азық-түлікті әкелуді қамтамасыз ету;  
бір кезекті қажеттілікте медикоменттермен қамтамасыз ету;  
гигиеналық талаптарға сәйкес өмір сүру шарттарын қолдау.



әртүрлі әлеуметтік-тұрмыстық қызметті ұйымдастыру (үйді жөндеу, коммуналдық қызметтерді төлеу, сумен қамтамасыз ету, отынмен қамсыздандыру).

Құжаттарды толтыруға көмектесу, яғни пәтер үймен алмастыру кезінде.

Жалғызбасты қайтыс болғанда және оны салттық қызмет көрсетуде көмектесу.

Әлеуметтік жұмыстың универсалды, интерагративт негізінде әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік медициналық және басқа да технологияларды қолдану.

Әлеуметтік жұмыстың мақсаты мен функцияларының мазмұнының қатысына қарай универсалды, жалпы технологиялық әдістер түрлі деңгейдегі объектілерге қолданылады, яғни бұл-әлеуметтік адаптация, әлеуметтік бақылау, әлеуметтік жобалау, әлеуметтік қамқорлыққа алу және т.б.

Әлеуметтік диагностика клиентке көмек беруде жүзеге асырылады және әлеуметтік проблемаларының туындауын зерттеу.

Түрлі деңгейде түрлі әдістер, ақпаратты жинау және диагноз қоюды, шешім қабылдау әртүрлі деңгейде болады.

Әлеуметтік адаптация процесі- адамды барлық өмірінде қолданады- адамдық нормалар, ережелерді меңгіру керек.

Осының негізінде универсалды технологиялар жалпы принциптеріне негізделеді және әрқашан әлеуметтік жұмыстың объектісінің есеп беру спецификасынан ерекшеленеді.

Басқару. Басқару иерархиясын келесідей технологияларды бөлуге болады. Мемлекеттік, діндік, территориялды ұжымның еңбектің және өзіндік басқару. Осы технологиялардың өңделуін орындау субъектіге тікелей бағытталады. Яғни, мақсатылығы.

Әлеуметтік жұмыстың субъектілері-бұл өзінің құрылымы бар мемлекет, қоғамдық қамқорлық және басқа да мекемелер әлеуметтік жұмыскерер әлеуметтік жұмыс субъектісінің қиындығына қарай әлеуметтік жұмыстың технологияларын ажыруға болады.

Сонымен қатар әлеуметтік жұмыс технологиясы халықтың тұрмысымен, мемлекеттік территорияларына байланысты, өмір сүрудің әртүрлі қызметі, экономикалық даму деңгейі, мәдени салт дәстүрлерінің әртүрлілігімен ерекшеленеді.

Қорытындылай келе, әлеуметтік жұмыс әлеуметтік технологиямен өте тығыз байланыста болып, технологияның жіктелуі негізінде болады. Әлеуметтік жұмысқа инновациялық және кертартпалық технологиясын көрсетуге болады. Біріншісі әлеуметтік проблемаларды шешудегі инновациялық қатынас болса, екіншісі ақыл-ойдың ескімеленген әдіс-тәсілдерін жинауды сипаттайды. Олардың қолданылуы жай ғана көмекті қажет ететін адамдарға арнайы дайындықты керек етпейтін білімді адамдар, тек психологиялық ауытқушылық жағдай әсері. Инновациялық технологияның мысалы ретінде қарапайы әлеуметтік технологиялық кәсіби білім алған жұмыссыздарды қарастыруға болады.

Әлеуметтік жұмыста аймақтық технологияда қолданылады, олар әлеуметтік жұмыстың технологиясына тиімділік жағдайды анықталды.

Қорытындылай отырып, келесі маңызды жағдайларды көрсетуге болады. Әлеуметтік жұмыс технологиясын жүзеге асыруда тек әлеуметтік халық тобын әртүрлі әдіс-тәсілдерді қарастырса, көмек беру мен қолдау бұл сала үшін жеткіліксіз. Олар сонымен қатар әлеуметтік жұмыстың профилактикалық

жұмысына, яғни тұлғаның, топтың өмір сүруіндегі негативті мінез-құлық жағдайларын ескертуге бағытталу. Мұның мақсаттылығы әлеуметтік саясат болып табылады.

Әлеуметтік жұмыстың технологиясы «әлеуметтік ауруды» емдеу, қоғамдағы адамдардың жұмыссыздығына көмек көрсету мақсаттылығы емес, жұмыссыздардың барлық жағдайын жасау, адамдарды оқыту, өнеркәсіпті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, цехтарды қайта қалпына келтіру, кәсіпті қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік саясаттың сипаттамасына жүктеліп, технологияның ақпараттық, гумандық жағдайы қоғамды әлеуметтік аурудың және оның «емделуін» жобалау мен мұндай жағдайды мүлдем болдырмауға бағыттылығы жүзеге асыруға әрекеттенеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Дятченко Л. Я. «Социальные технологии в управлении общественными процессами. М-Белгород, 1993
2. Иванов В.Н., Лесников Г.П. Зайченко В.Л. «Проблемы информатизации и технологизации социального пространства», М, 1994
3. Зайцев А.К. «Внедрение социальных технологий в практику управления/социальное развития предприятия и работа с кадрами-М. 1989
4. Иванов В.А. «Социальные технологии в современном мире.- М-Н. Новгород, 1986

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*А.С. Тойлыбай ЛР-202 тобы  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті  
Алматы қаласы  
Ғылыми жетешісі - Е. Н. Жолбарыс, магистр, оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

### **Аннотация**

*Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесі қашықтықтан оқыту технологиясын кең көлемде пайдалануда. Ғалымдардың пайымдауынша, қашықтықтан оқыту – студенттің білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.*

Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі – білім алушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай жасау болмақ.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз — педагог пен білім алушының арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегі арқылы белгілі бір арақашықтықта оқыту. ҚО ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Синхрондық өзара іс-қимыл студент пен оқытушының нақты уақыт режиміндегі қатынасты қарастырады.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім беру орыны немесе жекелеген қала шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында компьютерлік техниканы ұтымды пайдалануда үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажеттілігі туындайды. Осыған орай, колледждер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуына Интернеттің әсерін бағалау қиын. Ол ара қашықтықты қысқартумен қатар, оқытушы мен студентке анағұрлым көп еркіндік береді. Енді тыңдаушы немесе студент тапсырмалар және тестпен өзіне ыңғайлы уақытта айналыса алады. Оқытушы материал мазмұнын жедел түрде өзгерте алады. Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуы - біздің білім беру жүйесінің болашағы болып табылады. Мұғалімдер тарапынан білім алушыларға қашықтықтан оқыту платформаларында қалай жұмыс жасаудың әр қадамын көрсететін ұсынымдардың сілтемелері мен онлайн оқытудың қадамдық нұсқамасы беріліп, түсіндірме жұмыстары нәтижесінде үлкен жұмыстар атқарылды.

Байланыс жасаудың мүмкіндіктеріне тоқталатын болсақ: форум; электронды пошта; оқытушылармен құжат алмасу (чат, жеке ақпаратпен алмасу), ZOOM, Webex, т.б, бағдарламаларын белсенді пайдаланылуда. Файл, архив, веб-парақтар және бейнедерістер арқылы электронды түрде өзара білім алмасу; тесттер мен арнайы тапсырмалар арқылы оқыту және білімін тексеру.

Қазіргі таңда қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқытушы студенттерге білім бере отырып, өз бетінше орындалатын жұмысын тексеріп, оқу үдерісін басқару мүмкіндігіне ие болады. Сонымен бірге, туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білімді бақылау, тәжірибе алмасу; білім алушылардың арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру; оқу үдерісін бақылау мүмкіндігі артады. Білім алушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін ыңғайлы уақытта, қолайлы орында, тиімді пайдаланады, олар өз бетінше ізденіп, жоғарғы деңгейде өз бетімен білімін толықтыру мүмкіндігіне ие болады.

Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ. Бүгінде, информация өңдеу мен халықаралық деңгейде еңбек түрлерін бөлу әлемдік экономиканың ең негізгі ерекшеліктері болып отырған кезде, білім алу кез келген маманның жеке және кәсіби табысының негізгі көзі болып қала береді. Білімнің адамның жұмысқа тұру мен өмір сүру деңгейіне тигізетін әсері бұрынғыға қарағанда анағұрлым күшейе бастады. Әрине, білімге қойылатын талаптар да өзгеріске ұшырады: әрбір жанның негізгі білімі мен оның тұрақты жаңарып отыруымен қатар қазіргі маман информациялық қорларды табысты пайдаланып, заң және экономика негіздерін де игеруі тиіс.

Қазіргі студенттерден шығармашылық тұрғыдан ойлай білуі, соның негізінде шешім қабылдауы және өмір бойы оқып үйренуі талап етіледі.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен білім алушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуга, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Қашықтықтан оқыту ақпараттық мәдениет деңгейі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, студентке өз бетінше қайталанбайтын көпнұсқалы, көпдеңгейлі дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиялық формада беру, виртуалды өмірге енгізу т.с.с. жаңа мүмкіндіктер ұсынылады. Сонымен қатар, мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытудың материалды өз бетінше игеру жетілдірілген психологиялық педагогикалық әдістерді пайдалану, қашықтықтан оқытуды студенттің жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдауға мүмкіндік береді.

Жақсы электрондық оқулық - информациялық технологиялар аймағындағы білікті мамандар мен педагогтар жұмысының нәтижесі, мұндай жұмысты техникалық жағынан жүзеге асыру біраз жұмыс жасауды керек етеді.

Қашықтықтан оқытудың тағы бір оңтайлы тұсы педагогтардың ақпараттық күзінетілігі арта түсуде. Оқыту технологияларын қолдану барысында үлкен жетістікке жетуде. Осы орайда кездескен кедергілер және оны шешу жолдары жайлы вебинарлар, интернет- форумдарды қолданып, дағдылар қалыптастыруда.

Өз ойымды қорытындылай келе айтарым, қашықтықтан оқыту технологиясы білім беру кеңістігінде оқыту жүйесін сапалы, тиімді, қолжетімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескереді. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді, оқытудың жүйелілігі және тиімділігі қамтамасыз етіледі, тың деректер мен материалдар қолданылады.

Оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, осы платформалардан мұғалімдер кідіріссіз онлайн оқыту режимінде сабақ беріп жатыр. 10-15 минуттық сабақ барысында олар жаңа тақырыпты тындап, талқылайды, практикалық тапсырмаларды орындайды, пікір алмасып, жауап береді, жазбаша жұмыстарын жібереді. Мұндай формат сабақ сапасын да жоғары деңгейге көтереді, өйткені әрбір сабақтың үдерісі шәкірттің де, мұғалімнің де жауапкершілігін арттырады. Қашықтықтан оқыту бастапқы кезеңінде мұғалімдердің жүктемесін айтарлықтай өсірді. Сандық оқу контентін дайындау, білім алушылардың жетістіктерін қадағалау, оқушылармен тұрақты коллаборация жасау, сандық және кәсіби дағдыларды жетілдіру – сабақ берудегі негізгі бағдарлар болмақ. Бұл бағытта мұғалімнің рөлі мен қызметіне, кәсіби шеберлігіне талаптар күшейді. Олар оқытудың жаңа әдістемесін дайындап қана қоймай, «қашықтықтағы» сыныпты біліктілігімен, іскерлігімен, шешендік өнерімен баурай білуі тиіс. Бүгінгі күні сынып жетекшілер бекітілген сыныпты қашықтықтан және онлайн-режимде басқарып, оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста. Әр әдістемелік бірлестік мұғалімдері өз ұйымдастыру шеберлігін көрсетіп, сабаққа қызықты,

мазмұнды тапсырмалар дайындап, оқушылардың білімін объективті бағалап, алған бағаларын қойып, кері байланысты уақытында беріп отыруға тырысып жатыр. Бұның бәрі мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктейтін міндеттемелер.

Мұғалімдер оқу тапсырмалары мен оларға сілтемелерді алдын ала дайындап қояды. Ал, бейне контенттер оқушылар үшін қолжетімді. Teams, Zoom және т. б. бағдарламалары арқылы тақырып зерделенеді, сол арқылы сыныппен «жанды» қарым-қатынас, байланыс орнатылады. Бұдан басқа нұсқаларда оқушы пән бойынша мәтіндерді оқулықтан оқып, оффлайн орындайтын практикалық тапсырмаларды жұмыс дәптеріне жазып, фотосын мұғалімге жібереді немесе онлайн-сабақ барысында тікелей жауап береді. Мектеп әкімшілігі мен педагог ұжымының жиналыстары да онлайн форматта апта сайын жүргізіліп тұрады.

Жалпы, бүгінгі күні қолда бар қашықтықтан және онлайн-оқыту жүйелері мұғалім мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнықтыруға мүмкіндік береді, әрі нақты білім беру үрдісін қамтамасыз етеді.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесіне енуде.

### ***Библиографиялық тізімі***

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Под ред. Е.С. Полат. Дистанционное обучение: Учебное пособие для вузов.– М., 2008

3. Алматы облыстық қоғамдық-саяси,әлеуметтік экономикалық газет «Jetisy» №36-38(18746) 04.04.2020ж ,5 бет.

## **ОТБАСЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР**

*Кенженова Асем Сериковна*

*Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

***Ғылыми жетекшісі:***

*Куралбаева Алия Ахметкаримовна- PhD, доцент м. а.*

### ***Аннотация***

*Отбасы мен неке тарихы жөніндегі жұмыстардың пайда болғанына көп уақыт өткен жоқ. ХІХ ғасырдың ортасына дейін адамдардың санасында неке мен отбасына деген діни пікір басым болды. Отбасы небір өзгермейтін зат*

*ретінде қарастырылды және бұл патриархалдық және буржуазиялық отбасының ұқсастығынан көрініс тапты.*

Отбасы – әлеуметтік институттардың ішіндегі ең ежелгісі. Ол діннен, мемлекеттен, әскерден, білімнен, нарықтан әлдеқашан ертерек туындады. Отбасы табиғаты мен мәнін анықтауға ойшылдар түрлі тұрғыдан қарады. Отбасы мен неке қарым-қатынастарының сипатын анықтауға алғаш тырысқандардың бірі ежелгі грек философы Платон болатын.

Неке мен отбасына деген тарихи көзқарасты бекітудің басында «Ана құқығы» еңбегінің авторы, швейцар ғалымы И.Бахофен тұр. Эволюциялық идеяларды негіздеу жолындағы зор құбылыс американдық ғалымы Л.Морганның «Ежелгі қоғам» атты еңбегі болып табылады. Кейінірек отбасының тууы және дамуының негіздемесін К.Маркс пен Ф.Энгельс берді. Олардың пайымдауынша, қоғамдық-экономикалық формациялардың негізін құратын экономикалық қарым-қатынастар отбасының да негізі болып табылады.

Бүкіл әлемде, әсіресе Англияда, шотланд ғалымы Дж.Мак-Леннонның еңбектері зор резонанс тудырды. Отбасы туралы жаңа ілімге сын айтқан ағылшын заңгері, психолог, тарихшы Г.Мэн қоғамның дамуында матриархаттың болғанын жоққа шығарады.

Американдық зерттеуші, тарихшы, этнограф Л.Морган отбасының дамуына қатысты басқа көзқарасты ұстанды. Ол 200-ден астам қоғамдық топтың неке-отбасы қатынастарын зерттеді. Л.Морган адамзаттың даму тарихын 3 кезеңге бөлді: тағылық, варварлық, өркениет.

Олардың әрқайсысы өзіндік қоғамдық институттары мен өнердің түрлерін жасады. Ч.Дарвин ілімінің тікелей әсерімен ол отбасының даму теориясын сомдады.

Әлеуметтанушылар отбасын ерекше бір құбылыс, әлеуметтік жүйе ретінде қарайды да, оны әлеуметтік институт және кішігірім топ ретінде талдап, зерттейді. Зерттеуші отбасын әлеуметтік тұрғыдан зерттеу кезінде, ең алдымен, отбасындағы адамдардың тәртіп үлгілеріне, атқаратын қызметіне, рөліне баса назар аударады. Осыған сәйкес отбасының қалыптасуы процесі зерттеледі.

Отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттеуді талдау оның қандай мәселелеріне көңіл аударуды анықтап береді. Олардың қатарына қоғамның некелік қатынастарға, тұрмыс-салтына қалай әсер ететінін, әр түрлі әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайларда отбасы ережелері мен бағалы құндылықтары қалай ерекшеленіп, отбасындағы тәртіптік қатынастар әлеуметтік тұрғыдан қалай реттеліп отыратынын, т.б. айтуға болады. Қоғамдық қажеттілік пен талап-тілекке отбасындағы тәртіп типтерінің (түрлері) қайсысы сәйкес, қайсысы сәйкес еместігі назарға алынады.

Отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттегенде мынадай жалпы ұғымдар қолданылады:

- 1) некелік қатынастардағы қоғамдық қажеттілік, талап-тілектер, мұқтаждықтар;
- 2) отбасының әлеуметтік қызметі;
- 3) отбасы қатынастарындағы ережелер мен бағалық құндылықтар;
- 4) әртүрлі типтегі (түрдегі) отбасындағы тәртіп үлгілері, т.б.

Отбасын кіші топ ретінде зерттеу – өзінің құрылымы жағынан аз ғана адамдар тобының, оның мүшелерінің жалпы әлеуметтік іс-қызметінде бір-бірімен

тікелей араласуынан, бірыңғай эмоциялық қарым-қатынастың, топтық ереже және топтық процестің қалай пайда болатынын анықтау. Мұндай зерттеу, ең алдымен, ерлі-зайыпты адамдардың арасындағы қатынастардың серпінін зерттеуден басталады. Бұл тәсіл олардың туыстар арасындағы қатынастарды, некенің бұзылуын және ерлі-зайыптылардың айырылысу себептерін анықтауға көмектеседі. Зерттеу барысында адамдар арасындағы қарым-қатынастардың қоғамдық ережелер мен тәртіп үлгісімен және құнды нәрселермен тығыз байланысты болатынын естен шығармау қажет.

Отбасын зерттеудегі бағыттардың әрбіреуінің өзінше ерекшелігі бар. Мысалы, отбасын әлеуметтік институт (ұйым) ретінде қарағанда негізінен отбасының сыртқы қарым-қатынастары әңгіме етілсе, ал, отбасының ішкі байланыс-қатынастарында оны кішігірім топ ретінде зерттеуге итермелейді. Бірінші бағыт, яғни отбасын әлеуметтік институт ретінде қарау – бұл әлеуметтанудың мәселелеріне тығыз байланысты, ал, екінші бағытта, яғни отбасы кішігірім топ ретінде қаралғанда, көбінесе оның әлеуметтік-психологиялық мәселелері сөз болады.

Жоғарыда көрсетілгендерді қорыта келе отбасына жалпы сипаттама беруге болады. Ерлі-зайыптылық екі негізгі қарым-қатынасқа негізделген:

- 1) ерлі-зайыптылық;
- 2) бала туу немесе бала асырап алу.

Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, көптеген отбасы толық бақытты бола бермейді. Отбасында ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайды, бірақ, ерлі-зайыптылардың арасындағы түсінбеушіліктер біржола жоғалып та кетпейді немесе бейбіт түрде толық шешіліп те қоймайды. Отбасы қатынастарындағы дау-жанжалдардың күшеюі, шиеленістің тұрақты арты отбасын ыдыратуға әкеп соғады.

Отбасындағы шиеленіс асқынған жағдайда отбасының дағдарысына ұласады. Бұл дағдарыстар алуан түрлі болады. Бұлар, некедегі үшбұрыштылық (яғни, бір махаббатта 3 адамның кездесуі), мінез-құлықтардың сипаттамаларының әр түрлілігі, отбасы мүшелерінің талап-тілектерінің, сұраныстарының сәйкес келмеушілігі, жыныстық қатынастарға қанағаттанбауы, ерлі-зайыпты адамдардың біреуінің әлеуметтік азғындыққа (маскүнемдікке салыну, қылмыстық істерге ұрынуы, заңсыз, некесіз бала таптыру, т.б.) ұшырауы. Мұның бәрі отбасын бұзуға, берекесін кетіруге, кесел әкелуге себеп болады, бұл жағымсыз факторлардың ақыры ерлі-зайыптылардың өз балаларына деген ата-аналық борыш, міндеттерін орындамауға әкеледі.

Көптеген адамдар отбасын құрудың негізі махаббат деп есептейді. Дегенмен, ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастарда жауапкершілікпен сенімнің де атқаратын рөлі аз болмаса керек.

Жауапкершілік ата-аналар мен балалар арасындағы қатынастарды ретке келтіретін негізгі этикалық категория болып табылады. Отбасын құрған екі адам өздерінің балаларының қамын ойлауға міндетті. Олар үйлене салып, болашақта дүниеге келетін ұрпағының материалдық қамтамасыздығы, тәрбиесі, оқуы, мамандық алуы туралы ойлауы керек. Қазақтар әдетте аяқтанып кеткен балаларын "енді менде қарызың жоқ" дегенге келтіріп, итеріп тастамайды, оларға өмірінің ақырына дейін көмегін аямайды.

Сонымен қоса, балалар да өз кезегінде ауру немесе қартайған ата-аналарына, ағаларына, апаларына қарасуға міндетті. Жауапкершіліктің бұл түрі

заңдастырылмаса да, моральдық ұстанымның жалпылама қабылданған нормасына жатады.

Белгілі бір себептерден ата-аналар балаларын қамтамасыз ете алмаса, онда бұл іске мемлекет араласады. Мемлекеттің отбасы істеріне араласуы белгіленген заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады. Кейбір елдерде ата-анасы қарамай тастап кеткен балаларды жеке және қоғамдық топтар қамқорлыққа алады. Мұндайда олардың әрекетін мемлекет өз тарапынан бақылауға алады.

Ата текті білуде туыстық, жақындыққа байланысты: баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, туажат, жүрежат деген ұғымдар бар. Атаның баба, алдындағы зор міндеттері баланың, немеренің, шөберенің, туажаттың, жүрежаттың алдында жалғасады, ол әдептік қарым-қатынас ру, ел, ұлт, ұлтаралық, бүкіладамзаттық мәнде дами қалыптасып, адамгершілік парыздарды өтеуге міндеттейді. Адам баласының адамгершілік қарым-қатынасындағы атаға, руға, ұлтқа бөліп, адамдық асыл сезімдерге жол бермей, күндестік, бақталастық дүние таластықты тудыруға, әдепті бұзып, адамгершілікке қиянат көрсетіп, қылмыс жасау текті сыйламаудан, адамдық қасиеттерді қастерлемеуден туындайды. Тегіміз – адам. Біз адамдық қасиетке иеміз.

Отбасының табиғатын, маңыздылығын анықтауда ежелгі ойшылдардың ұстанған түрлі көзқарастары бар. Неке-отбасы қарым-қатынастарының сипатын анықтауға алғаш тырысқандардың бірі – ежелгі грек философы Платон болды. Ол, отбасы дегеніміз – өзгермейтін қоғамдық ұяшық: отбасылардың бірігуі нәтижесінде мемлекет пайда болған деген пікір айтады.

Ал француз ағартушысы Жан-Жак Руссо: «Барлық қоғамдардың ішінде ең ежелгі әрі жалғыз табиғи қоғам – бұл отбасы. Сонымен, отбасы – бұл саяси қоғамдардың бейнесі» деп жазды.

Жалпы айтқанда, отбасы дегеніміз – некеге қарағанда күрделірек қарым-қатынастар жүйесі, отбасы – бұл әлеуметтік институт пен шағын топ белгілері бар әлеуметтік жүйе. Отбасы әлеуметтік институт ретінде жұбайлардың, ата-аналардың, балалар мен басқа туыстардың өзара қарым-қатынастарын реттейтін әлеуметтік нормалардың, санкциялардың және мінез-құлық үлгілерінің жиынтығымен сипатталады.

Отбасының әлеуметтік функциялары оның әлеуметтік институт ретіндегі қоғамдық қажеттіліктері мен өмір сүру сипатын, сондай-ақ отбасы тобының жеке қажеттерінің сипатын көрсетеді.

Отбасы мынадай функциялар атқарады:

– бала өсіріп, тәрбиелеу арқылы ұрпақ жалғастығын қамтамасыз ету. Қоғам үнемі өзінің демографиялық өсуін қамтамасыз етуі керек. Әсіресе жері көп, халқы аз Қазақстан қоғамы үшін бұл өте өзекті болып табылады. Өйткені, қазақ жерінің мол табиғи байлығын игеру, орасан үлкен аумақты қорғау, дүние жүзіндегі қуатты елге айналу үшін елімізге бұқара халық керек. Келешекте Қазақстан 50 млн. тұрғыны бар ірі елге айналуы керек. Сондықтан мемлекет жастардың дер кезінде отбасын құруына, бала өсіруіне мүдделі;

– баланы әлеуметтенуге, басқалай айтқанда, қоғамда өмір сүруге дайындау. Баланың қоғамда бағаланатын құндылықтарды меңгеруін, білім алуын, кәсіп таңдауын, өзінің қабілеттерін пайдаланып еңбек етуін, қоғамда өмір сүруге үйретілуін алдымен отбасы қамтамасыз етеді;



– отбасы мүшелерін баспанамен, көлікпен, киіммен, тамақпен, үй заттарымен, оқуға, еңбек етуге қажетті жабдықтармен, тағы да басқа материалдық құндылықтармен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар отбасының атқаратын қызметі мұнымен шектеліп қоймайды.

Қазіргі отбасын зерттеушілер отбасы функциясын зерттеуге аса зор назар аударуда. Отбасы мүшелерінің белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандырумен тығыз байланысты отбасының өмір сүру салты «отбасы функциясы» деп аталады. Отбасы қанша қажеттіліктерді тұрақты қанағаттандырса, сонша функциясы болады. Дәстүрлі түрде зерттеушілер келесі функцияларды бөліп көрсетеді: репродуктивті, экономикалық, тәрбиелік, демалыс пен сауықты ұйымдастыру.

Мұндай жіктеуді А.Г.Харчев, И.В.Гребенников, А.И.Кочетов та жақтайды. Отбасы функцияларына қазіргі көзқарасты В.И.Торохтийдің пікірінен көреміз: «Жалпы орта азиялық отбасы үшін өмірлік маңызы бар функциялардың белгілі бір санының болу сипаты, олар жоқ болса, отбасының өмір сүру мәні де жоғалады». Жіктеудің ешқайсысын отбасының барлық өмірлік цикліне қатысты қолдануға болмайды, себебі уақыт өткен сайын отбасы функцияларында өзгерістер пайда болады: кейбірі жоғалады, кейбірі жаңа әлеуметтік жағдайларға сәйкес өзгереді, үшіншілері көмекші болып қалады. Сонымен қатар толыққанды отбасының өмірлік циклінің бойына қандай да бір түрде нақты немесе күш-қуат түрінде сақталатын функциялар болады.

Отбасының репродуктивті функциясы

Оның негізінде – карама-қарсы жынысты адамдарды одақ құруға итермелейтін физиологиялық және сексуалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру. Э.Дюркгеймнің пікірінше, жыныстардың карама-қарсылығы неке одағының негізі ғана емес, отбасындағы ізгілікті жақындықтың негізгі себебі. Ол отбасы-неке қатынастарының тұрақтылығына әсер ету күші жағынан қандас туыстық тәрізді фактордан да басымырақ. Э.Дюркгейм жыныстардың қарым-қатынастарын еңбекті бөлу тұрғысынан талдайды. Ол алғашқыда тек сексуалдық функциялармен ғана шектелсе, бірте-бірте көп нәрсеге әсерін тигізеді. Әйелдердің функциялары мен еркектердің функцияларының маманданғаны соншалықты, әйелдер еркектерден өзгеше өмір кеше бастады. Еркек күш-қайраттың, ақыл-ойдың көрінісі болса, әйел нәзіктікті, әлсіздікті, жұмсақтықты, сезімталдықты білдіреді. Функционалдық айырмашылық біртіндеп физиологиялық белгілердің өзгеруіне әкеп соқты: бойы, салмағы, сырт бейнесі, еркек пен әйелдің бас сүйегінің құрылысы бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Бір-бірінен айырылған еркек пен әйел нақты бір бүтіннің түрлі бөліктері, олар біріккенде бүтін қалпына келеді.

Отбасына қоғамдық қарым-қатынастың барлық жүйесі енеді – неке және туыстық қарым-қатынас, құқықтық және әлеуметтік қарым-қатынас, шаруашылық-тұрмыстық және экономикалық, ізгіліктік әне этикалық қарым-қатынас, эмоционалдық қарым-қатынас. Осының арқасында отбасы әлеуметтік қауым ретінде жеке тұлғаның қоғаммен байланысын жасайтын алғашқы элемент болып табылады: ол баланың әлеуметтік байланыстар жөніндегі пікірін қалыптастырады және осы қатынастарға туғаннан бастап қосылады.

Бұдан отбасының келесі функциясы шығады, бұл – жеке тұлғаны әлеуметтендіру, жас ұрпаққа мәдени мұраны беру. Адамның балаға, оны тәрбиелеуге және әлеуметтендіруге деген қажеттігі адамның өміріне мән береді.

Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің басты нысаны ретінде отбасының басымдығы табиғи-биологиялық себептерге байланысты екені анық. Басқа топтарға қарағанда өзінің ерекше ізгілікті-эмоционалды психологиялық махаббат, қамқорлық, құрметтеу, мейірімділік атмосферасының арқасында отбасының жеке тұлғаны әлеуметтендіруде үлкен басымдығы бар. Отбасынан тыс тәрбиеленген балалардың эмоционалды және ақыл-ой дамуының деңгейі төменірек болады. Олардың жақынын жақсы көру, басқаның қайғысына күйіну қабілеттері тежелген. Баланың өмірінде алғашқы бес жылдың маңызы зор, себебі осы кезеңде баланың дамуында әсерлі өрлеу болады, жеке тұлғаның келесідей негіздері қалыптаса бастайды – ес, зият, сөз сөйлеу, ойлау, эмоциялар сипаттамасы, танымалдық белсенділік.

Отбасының келесі маңызды функциясы экзистенциалды функция – өз мүшелерін әлеуметтік және эмоционалды қорғау функциясы. Кез келген құбылыстың мәні қатерлі жағдайда айқындалатыны белгілі. Қауіп төнген сәтте адамдардың көпшілігі өз отбасымен болуға тырысады. Өмірі мен денсаулығына қауіп төнгенде, адам ең жақын туыс адамын көмекке шақырады. Отбасында адам өз өмірінің құндылығын сезінеді, риясыз берілуді, жақын адамдарының өмірі үшін құрбандыққа баруға әзірлігін көреді. Адамның өзінің біреуге қажет те қымбат екендігін, оны жақсы көретіндігін сезінуі қорғалғандық, қауіпсіздік сезімін тудырады, оның ішкі рухы мен сенімділігіне қолдау жасайды.

Отбасының келесі маңызды функциясы экономикалық және шаруашылық-тұрмыстық. Қоғамдық тұрғыдан алғанда бұл функцияның мәні қоғамның кәметке толмаған және еңбекке жарамсыз мүшелеріне қолдау жасауда, отбасының бір мүшелерінің басқа мүшелерінен материалдық қаражат пен шаруашылық-тұрмыстық қызмет түрлерін алуда.

Әлеуметтік-мәртебелік функция қоғамның әлеуметтік құрылымын қайта жаңғыртумен байланысты, себебі отбасы мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік мәртебе беріледі.

Рекреативті, күшті қалпына келтіру функциясы адамның еңбек күнінен кейін дене күшін, психологиялық, эмоционалды және рухани күштерін қалпына келтіріп, нығайтуға бағытталған. Бұл функция толық зерттелмеген, алайда ғалымдар отбасының жұбайлар денсаулығына жақсы әсер ететінін көрсететін нақты дәлелдерді тапты.

Бос уақытты дұрыс ұйымдастыру функциясы тиімді сауықты ұйымдастыруды және осы салада бақылау жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ бұл функция индивидтің бос уақытын өткізу жөніндегі белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандырады. Әлеуметтанушылар отбасының дәулеті мен сауығы арасындағы тығыз байланысты анықтады. Бақытсыз ерлі-зайыптылар жұбының бесеуінің біреуі ғана бос уақытын бірге өткізеді, бұл көрсеткіш бақытты жұптардың арасында 2-5 есе артық. Бос уақытты өткізу функциясы отбасының бос уақытын ұйымдастыруды тиімді етуге, отбасы мүшелерінің қарым-қатынас жасау қажеттігін қанағаттандыруға, мәдениет деңгейін көтеруге, денсаулық жағдайын жақсартуға, күшті қалпына келтіруге бағытталған.

Әлеуметтанушылар отбасының коммуникативті функциясына көбірек мән береді. Бұл функцияның келесі компоненттерін атауға болады: отбасының өз мүшелерінің бұқаралық ақпарат құралдарымен (теледидар, радио, баспасөз), отбасының өз мүшелерінің қоршаған табиғи ортамен түрлі байланыстарына және оны қабылдау сипатына әсер етуі; отбасылық бірлестікті ұйымдастыру. Егер

отбасы осы функцияны орындауға қажетті назар аударатын болса, бұл оның тәрбиелік күш-қуатын арттыра түседі.

Отбасында ересектер де, балалар да тәрбиеленеді. Әсіресе отбасының жас ұрпаққа әсерінің маңызы зор. Сондықтан отбасының келесі функциясы ол – тәрбиелік функциясы.

Біріншісі аспектіге – баланың жеке тұлғасының қалыптасуы, оның қабілеттері мен мүдделерін дамыту, қоғамның жинақтаған әлеуметтік тәжірибесін отбасының ересек адамдарының (шешесінің, әкесінің, атасының, әжесінің және т.б.) балаларға беруі, олардың ақыл-ойын байыту, эстетикалық дамыту, дене бітімінің жетілуіне көмектесу, денсаулығын нығайту және санитарлық-гигиеналық мәдениет дағдыларын қалыптастыру.

Екінші аспект – отбасы ұжымының өзінің әр мүшесіне өмір бойына жүйелі тәрбиелік әсері.

Үшінші аспект – ата-ананы (отбасының басқа ересек мүшелерінің) балаларына үнемі әсер ете отырып, өзін-өзі тәрбиелеуге итермелеуі.

Қоғамдық қатынастардың дамуына сай олардың сипатына байланысты отбасының кейбір функциясы неғұрлым мәндірек бола түссе, кейбіреуінің мәні азая бастайды, ал кейбір функциялар мүлдем басқа әлеуметтік институтқа ауысып кетеді. Отбасының осы негізгі функцияларын талдай келе, олардың ешқайсысын жеке алғанда толығымен, топталған түрде барлығын да басқа функциялармен алмастыру немесе шығару мүмкін емес екеніне көзіміз жетті.

### 1.3 Отбасы – тұлғаның қалыптасу үдерісіндегі басты әлеуметтік институт

Отбасын әлеуметтік зерттеудің қажеттігі оның қоғамдағы алатын орнымен түсіндіріледі. Ол – адамның өте маңызды да жауапты жанұясы. Себебі отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. Қоғамның негізгі мақсаты – адамдарды бақытты ету, ал мұның өзі терезесі тең, берік отбасына байланысты.

Отбасының аса маңыздылығы оның қоғам алдында атқаратын қызметтерінен көрінеді. Ол отбасында туатын балалар санымен көбейіп, өсіп отырады. Отбасы қоғамның биологиялық жағынан үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, ол адамдардың санын көбейтіп, өсіріп отырады.

Отбасы қажетті мәдени мұраны қоғамдағы өзінен жоғары үлкен бірліктер арқылы бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғастырады.

Қандай да бір отбасы болмасын, оның төмендегідей жалпы белгілері болады:

1. Отбасы мүшелері әруақытта бір-біріне өзара тәуелді болып келеді, соған сәйкес отбасының бір мүшесінің мінез-құлқы өзгерсе, ол басқалардың да мінездерінің өзгеруіне әкеледі;

2. Қандай да бір отбасы болмасын ол біртұтас және жеке болады, оның басқалармен байланысы белгілі бір дәрежеде шектеулі;

3. Отбасы – бейімделуші ұйым, ол өзін қоршаған әлеуметтік ортада тепе-тендікті сақтауға тырысады;

4. Әрбір отбасы сыртқы факторларға байланысты міндеттерді орындаумен бірге, өз мүшесінің талап-тілегін, мұң-мұқтажын орындауды қамтамасыз етеді.

Ер мен әйел – отбасының екі іргетасы, бұл іргетас үйленумен құрылады. Отбасында адамдар ұрпақ жалғастырады. Сонымен қатар қоғамның қартайған, еңбекке жарамсыз мүшелеріне қамқорлық та осында іске асырылады.

Отбасы – тұрмыстық қатынасты қалыптастырудың да алғашқы ұясының бірі. Отбасы некеге немесе қандас туысқандыққа негізделген қоғамдық шағын

топ, адам тұрмысын ұйымдастырудың бастапқы формасы. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланысты бола тұрса да, отбасы қоғамдық өмірге қарағанда адамдардың белгілі дәрежедегі дербес, сырлас тобы. Отбасы өмірі материалдық және рухани процестермен сипатталады. Табиғи биологиялық және шаруашылық-тұтыну қатынастары оның материалдық жағын құраса, рухани жағын құқықтық, адамгершілік және психологиялық қатынастарды құрайды.

Отбасы некеге қарағанда күрделі жүйе, себебі ол жұбайларды ғана емес, олардың балаларын, басқа туыстарын да біріктіреді. Оның негізін қалайтын неке – ол ерікті де тең болуы керек, күштеп немесе тәуелділіктің салдарынан некелестіруге болмайды. Отбасы әр түрлі жыныстар арасындағы жұбайлық қатынас болғандықтан, табиғи, адалдық-эстетикалық қатынасқа негізделуі керек.

Джордж Герберт Мидтің пікірінше, балалардың отбасында тұлғалық қалыптасу үдерісі үш түрлі сатыдан құрылады.

Біріншісі – иммитация. Бұл сатыда балалар үлкен адамдардың мінезіне еліктейді, бірақ оны түсінбейді. Кішкене бала үйдің еденін жумақшы болып, өзінің ойыншық шаңсорғышымен бөлмеде жүреді.

Екіншісі – ойын сатысы. Бұл уақытта кішкене бала өзінің мінезін белгілі бір рөлді орындау арқылы көрсетеді. Ол дәрігер, өрт сөндіруші, т.б. Ойын процесінде балалар бұл рөлдерді өздері істеп көрсетеді. Қуыршақтармен ойнағанда жас балалар оларды еркелетіп немесе ұрсып, әке-шешелерінің қылықтарыш қайталайды. Сөйтіп балалар өз істерін ойлап жасайтын қабілетке жете бастайды.

Үшінші саты – ұжымдық ойын. Мұнда балалар тек өздерін ғана ойлап қоймайды, сонымен қатар басқалардың нені күтетінін түсіне бастайды. Мысалы, футбол ойнап жүрген бала ойынның барлық ережелерін біледі. Бұны команданың барлық ойыншылары да біледі. Балалардың футбол ойынының тәртібін, ережелерін білу оларды адамдардың қоғамда өздерін қалай ұстау тәртіптерін біліп, меңгеруіне бағыттайды. Бұл тәртіп, ережелер қоғамда заң және ережелер түрінде көрінетінін де түсініп, жақсы біледі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольников. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

#### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМ-ДЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

*Кушербаева Улбосын Биболовна*

*Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

### **Аннотация**

*Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі - өнегелі, жігерлі, дербестік, және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы.*

Балаларды мектептегі оқуға бейімдеп, жетілдіруде психологиялық-педагогикалық диагностикаға қатысты негізгі жағдайларды белгілі бір қисынға келтіруге болады:

- Мектепке жетілдіру мен оқуға бейімдеу барысы деңгейінің өлшемдері, оқу бағдарламасындағы оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарымен байланысты болып табылады;

- Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;

- Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделуі, сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады.

- Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;

- Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделуі, сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады. Оқуға бейімделу әрекетін талдау психологиялық диагностиканың қолданылу бөлігін анықтайды. Балаларға психодиагностикалық зерттеулер жүргізгенде, мынандай моральді-этикалық сипаттамасы бар талаптар қойылады, олардың ең негізгілері:

1. Психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелері балаларға зиянын келтірмеуі керек.

2. Балаларға диагностикалық зерттеулер, тек балалардың өздерінің және олардың ата-анасының рұқсатымен жүргізілуі тиіс. Балалар мектепке баратын кезге дейінгі уақытта ата-аналар балаларынсыз рұқсат беруіне болады.

3. Ата-ана құқығынан айырылған ата-аналар өз балаларының психологиялық зерттеулерінің нәтижелерінің қорытындысын психолог маманнан білуге болады, сонымен бірге психолог, ата-аналарға өз балаларының психологиясына тиісті білгісі келген сұрақтарына дұрыс және нақты жауапты беруі тиіс.

4. Психодиагностикалық зерттеудің нәтижесінде анықталған басқа факторлардан баланың тағдырын, яғни мектептегі оқуға бейімделуі мен тәрбие мүмкіндігін, ата-аналар мен психолог-педагогтардың пікірінсіз шешілмеуі тиіс.

5. Мектепке дейінгі мекемелер мен мектепте қызмет атқаратын психологтар психодиагностикалық жұмыстарды тәрбиешілер мен мұғалімдермен бірге тығыз

байланыста болып атқаруы қажет. Бала негізгі тәрбиені алдымен отбасында ата-анасынан алады. Бала тәрбиесі – ана сүтінен басталып өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс.

Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата — ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы—өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар – балабақша мен отбасы.

Осы екі арнада жүргізілген тәлім – тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана мақсатымыз нәтижелі болмақ. Отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым – қатынасы талап етіледі. Бұл қарым – қатынастың жаңашылдығы «ынтымақтастық» және «өзара қарым- қатынас» деген түсініктермен анықталады.

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты — баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.

еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне — өзі қызмет етуге үйрету.

- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым — қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету .

- Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім — тәрбие беріледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартында ата – аналарды мектепке педагогикалық үрдіске тарту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасының өзара іс – әрекетін қамтамасыз ету қажеттілігін ұсынады.

Мектеп жасына дейінгі мекеменің отбасымен өзара қарым – қатынас барлық нысыандары мен түрлерінің негізгі мақсаты – балалар, ата-аналар, педагогтар арасында сенімділік қатынасты орнату, оларды бір командаға біріктіру, өздерінің проблемаларымен бөлісу және бірлесіп шешу қажеттілігіне тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі мекеме педагогтары мен ата – аналардың өзара сабақтастығы мен серіктестігін екі бағыт бойынша жоспарладық.

#### 1. Дәстүр:

ол ата – аналармен болатын балабақша және топ аралық жиналыстар.

#### 1. Дәстүрден тыс:

- а) педагогикалық – психологиялық сауаттылыққа жетілдіру
- ә) ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттеріне қатысу
- б) әжелер клубы
- в) ашық есік күні
- г) конференциялар
- ғ) дөңгелек үстел
- д) әлеуметтік дамытушы орта

е) спортты отбасы.

Педагогикалық - психологиялық сауаттылықтарын жетілдіру.

Мақсаты: бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыру.

Отбасының тұрмыстық жағдайы, отбасы мүшелерінің саны, психологиялық жағдайы, мәдени білім деңгейі, ата- ана өнегесі зерттеледі.

Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата – аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі заманауи талаптарға сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Міне, осыдан кейін ата – аналарға арналған лекциялар, сұрақ – жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата – аналарды педагогикалық оқулықтар, әдебиеттермен таныстыру әдіс – тәсілдері қарастырылады.

Ата – аналардың балабақшадағы балалардың өміріне мейлінше қызықты етіп өткізуіне үлес қосу үшін біздің балабақшада «Әжелер клубы» бар.

Балаларды қолөнердің кейбір түрлеріне, кесте тігуге үйретсе, кейбір ата – аналар декорация жасауға, артрибуттар жасауға жәрдем береді.

*Ашық есік күні.*

Ата – аналармен мейлінше кең тараған жұсымтардың бірі – ол ашық есік күні. Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен ережелерімен, тәрбиелеу – оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата – аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету. Олардан алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. Әңгімелерді жеке дара, ұжымдық түрде өткіземіз. Бұл екі жағдайда нақты міндет (нені анықтау қажеттілігі, немен көмектесуге болатыны) белгіленеді.

*Тренинг жұмыстарын ұйымдастыру.*

Тақырыптары

1. «Бала ойыны»
2. «Компьютердің бала өміріндегі орны»
3. «Менің отбасым» т.б.

Кеңестер екі түрде ұйымдастырылады: жеке дара ата – анаға және топтық. Бұл кеңесте ата – аналардың белгілі білімдері, әдістерді меңгеруі, проблемалық мәселелерді шешуге көмек көрсету - кеңестердің басты мақсаты.

*Семинар – практикум.*

Бұл кейбір жас ата – аналармен өтілетін жұмыс түрі. Мұнда ата – аналарға тәрбие мен оқытудың әдістері мен тәсілдері туралы айтуға, кітапты қалай оқу керектігін көрсету, оқиға туралы әңгімелеуге, жазуға қолын жаттықтыруға мүмкіндік береді. Мәселен, төмендегідей тақырыптар алуға болады.

1. «Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту»
2. «Теледидар баларды тәрбиелеуде дос па, әлде қаспа?»

*Дөңгелек үстел.*

Балабақша мен ата – аналар арасындағы адамгершілікті рухани қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.

Балабақшада білім жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше .

#### *Даму барысы*

1. Зердесін дамыту
2. Эмоциясы мен сезімдерін дамыту
3. Қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту жоғары болу, өзі жасай алу сияқты қарапайым қажеттіліктер пайда болады.

Баланың шығармашылық қабілеті тәжірибелілігіне байланысты дамиды. Мектеп жасына дейінгі кезең – қиялдың тез дамитын уақыты. Сондықтан қиялдың дамуын төрт ерекше кезеңдерге бөлуге болады. (2 жастан 6-7 жасқа дейінгі аралықта)

1. Бірінші кезең баланың қабылдауының ерекшелігіне байланысты (Бір заттан басқа бір затты көре бастауы)
2. Екінші кезең – қиялдың ойыншықтарды жандандыру күдіретінің байқалуы.
3. Үшінші кезең – ойындағы рөлдерге байланысты өзгеруі.
4. Төртінші кезең – бала қиялында өзіндік көркемдік шығармашылықтың басталуы (Бейнелерді қайта құруы, жасауы)

Қазіргі кездегі психологтар мен педагогтер баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркем әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмысына жағдай жасау, яғни еркіндік беру керектігін айтады. Сонымен қатар қиялдың дамуы төмендегідей үш компоненттен тұрады:

Бірінші дәрежеде қиял қоршаған болмыспен байланысты, дайын нәтижені ойластыруға мүмкіндік береді.

Екінші дәрежеде баланың өткен тәжірибесімен байланысты, бірақ сонда да заттық байланыстың рөлі бар.

Үшінші дәрежеде қиялдың дамуы балаға ақиқаттан қиялдың қозғалысының жоғарғы формасы – ой-пікірден оның іске асуына байланысты.

Бала сурет салғанда, ертегілер мен тақпақтарды ойлап шығарғанда қиял неғұрлым айқын байқалады. Сондай-ақ мектепке дейінгі шақта зейіннің, естің, қиялдың дамуында ұқсастар бар. Егер сәбилік шақтың өзінде қабылдау мен ойлау анықтауға болатын бағдарлау іс – әрекеттерінің ерекше формалары ретінде бөлінсе, мектепке дейінгі кезеңде мұндай іс – әрекеттер үздіксіз күрделене және жетіле түседі, ал зейін, ес, қиял ұзақ уақыт жеке сипат ала алмайды. Бала бірдеңеге назар аударарлықтай, көргенімен мен естігенін жадында сақтарлықтай, бұрын қабылдағанының аумағынан шығарлықтай арнайы іс – әрекеттерді игере білмейді. Мұндай іс – әрекеттер тек мектепке дейінгі кезеңде қалыптаса бастайды.

Біздің мақсатымыз – заман талабына сай шыншыл, жаңашыл, шығармашыл, адамгершілік рухы жоғары, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу. Баяндамамыз мынадай қанатты, әрбір адам ойланып жүретін сөздермен аяқтағым келеді.

« Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек. Қолыңнан түк келмейді- дей берсең бала жасқаншақ, жасық болып қалады. Осыдан сақтану керек» - деп айтқан Мағжан Жұмабаев.



*Тұлғаның негізі жан жақты қалыптасуы мектепке дейінгі балалық шақта қалыптаса бастайды.* Баланың алғашқы өміріндегі тәрбиесі оның келешекте толық қамды сәтті дамуына негіз болады. Балабақша – жалпы халықтық білім беру жүйесінде негізгі баспалдақ болып табылады. Педагог мамандардың, мектепке дейінгі істі ұйымдастырушылардың және қазіргі уақытта ғалымдардың алдарында балаларға мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру және балаларды жүйелік мектептің бағдарламасына дайындау мәселесі тұр.

*Мектепке дайындықты құру бірқатар себептерге байланысты, ең алдымен – мектепке дейінгі ұйымдардың жаппай жабылуы себепші болды, нәтижесінде 1995-1999 жылдар балалардың көбі қажетті психологиялық, когнитивтік, жалпы мәдени дайындықтан өтпей мектепке бара бастады.* Балалардың көбі мектеп жағдайындағы жаңа жағдайға тап болып, оқиғаларды қабылдауда қинала бастады. Бірінші сынып оқушыларының мұндай сенімсіз тәртіптері қоршаған ортаның кері эмоциясын тудырды, бұл баланың психикасын бұзды, оған деген жаман қатынастың пайда болуына әкеліп соқты, өкінішке орай мұғалімде де сондай реакция тудырды.

Соған байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 1998-1999 жылдары еліміздің «Білім туралы» жаңа Заңының жобасын дайындау барысында мектепке дайындық деп аталатын жалпы ағарту бағдарламасы аясында мемлекеттік білім беру ұйымдарында бесалты жастағы балаларды міндетті және ақысыз мектепке дайындау туралы заң заңдық формасын жасауды бастамаға алды. Заң қолданысқа 1999 жылы 7 маусымда енгізілді.

Мектепке дейінгі сыныптар ашу механизмін анықтау үшін 1999 жылғы қарашада еліміздің Үкіметімен №1762 «Балаларды міндетті мектепке дайындау мәселесі туралы» қаулы қабылданды. Сол қаулыға байланысты 5-6 жастағы балаларға арналған бір жылдық мектепке дайындық сыныптары жалпы білім беру мектептерінде және ведомстволық бағыныстылығы және жекеменшік формасына байланыссыз білім беретін басқа ұйымдарда ашыла алады. Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдардың үлкен және дайындық топтар базасында мектепке дейінгі топтары ашыла алады [1,б. 25].

Мемлекеттік ұйымдарда мектепке дейінгі дайындық (балабақшаларда және мектептерде) мемлекет бюджетінен қаржыландырылуы тиіс. Бұдан басқа, қаулымен ата-аналар міндетіне 5-6

Балаларды мектепке дайындау, мектепке бейімделуін және оқытудың жетістігін қамтамасыз ететін маңызды құрамы психологиялық дайындық компоненттері болып табылады. Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін ойдағыдай шешу, оқытудың тиімділігін арттыру үшін балалардың мектепте оқуының дайындық деңгейін нақты ескере отырып, дұрыс бағытта жұмыс жасай білу керек.

Балалардың мектепке даярлығы төмендегі параметрлер бойынша анықталады. Олар:

- Жоспарлау бұл мақсатқа сәйкес өз іс әрекетін ұйымдастыра білу іскерлігі;
- баланың әрекеті мақсатпен сәйкес келмеуі төменгі деңгей;
- баланың әрекеті мақсаттың мазмұнына жартылай сәйкес келуі — орта деңгей;

- мақсаттың мазмұнына баланың әрекеті толығымен сәйкес келуі жоғары деңгей.
  - Бақылау қойылған мақсатпен өз әрекетінің нәтижесін салыстыру іскерлігі:
    - бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа мүлдем сәйкес келмеуі төменгі деңгей (баланың өзі бұл сәйкессіздікті көрмейді);
    - бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа жартылай сәйкес келуі орта деңгей (жартылай сәйкессіздікті бала өз бетінше көре алмайды);
    - бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа толық сәйкес келуі, бала өз бетінше алған нәтижесі мен қойылған мақсатты салыстыра алуы жоғары деңгей.
  - Оқу мотивациясы бұл заттардың және қоршаған әлем заңдылықтарының жасырын қасиеттерін табуға, қолдану ұмтылу:
    - бала тек қана заттардың сезім мүшелеріне мүмкін болатын қасиеттеріне ғана бағытталса, онда ол төменгі деңгей;
    - бала қоршаған әлемнің кейбір жалпыланған қасиеттеріне бағытталуға және жалпылауларды табуға қолдануға тырысады;
    - қоршаған әлемнің заңдылық қасиеттерін қабылдаудағы құпияны табуға тырысудың айқын көрінуі және осы білімді өз іс әрекетінде қолдануға деген құштарлық – жоғары деңгей.
1. Ақыл ой дамуының деңгейі.

Осы аталған параметрлер бойынша мектепке келеген баланы былайша бөліп көрсетуге болады:

1. Мектепке даярлығы жоқ бала өз әрекетін жоспарлай және бақылай алмауы, оқу мотивациясы төмен (тек сезім мүшелеріне ғана бағытталған), өзгені тыңдайды және түріндегі логикалық орындауды білмейді.
2. Мектепке даярлығы бар бала өз әрекетін басқарып бақылай алады (немесе осыған қарай ұмтылады), қоршаған ортадағы заңдылықтармен, заттардың жасырын қасиеттеріне бағытталған, өзгені тыңдай алады және сөздік түсінік түрінде логикалық операцияны орындай біледі (немесе тырысады).

Балаларды жетік зерттеу мектепке барар алдында сәуір мамыр айларында іске асырылады. Тексеру нәтижесінің негізінде баланың мектепке даярлығы жайлы қорытындыны психологиялық – педагогикалық сараптау комиссиясы береді. Бұл комиссияда психолог, физиолог, дәрігер – педиатр және мұғалім болады. Бұл көрсетілген әр түрлі деңгейлі дифференция жағдайында комиссия 1, 2, 3 деңгейге бөлінген сыныптар құруына мүмкіндік алады.

Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлығы.

Оқуға психологиялық дайындықтың құрамдас бөліктері ретінде жеке тұлғалық шығады. Жеке тұлғалық мектепке даярлығы баланың жаңа әлеуметтік орынға ұмтылысын жатқызамыз. Бұл позиция баланың мектепке, оқу іс әрекетіне, мұғалімдерге және оқушы ретінде өзіне өзі қатысынан байқалады.

6 -7 жастағы бала үшін мұғалімнен тұлғасы аса маңызды болып табылады.

Жүргізілген бақылаулар нәтижесінде мыналарды байқауға болады: мұғалімнің талап тілегін 6 жастағылар шын көңілмен, ынта ықыласымен орындайды.

Баланың мектепке даярлығын А.А. Венгер мен К.Н. Поливанова зерттеген. Олар оқу мазмұнын ересектердің фигурасынан бөліп алу қабілетін мектепке даярлықтың басты шарты деп есептеген. Зерттеушілер 6-7 жастағы бала үшін мектеп өмірінің сыртқы формалдық жағы ғана ашылады деген. Сондықтан да олар бар ынтасымен өзін «оқушы сияқты» ұстауға тырысады, яғни қолын көтеру, жауап бергенде тұру, тік отыруға тырысады, Бірақ мұғалімнің не айтып тұрғанына және оған не деп жауап беру керек екені балаға маңызды емес, 7 жасқа қараған бала үшін кез келген тапсырма мұғаліммен қарым – қатынас жағдайына байланысты. Бала оқытылып жатқан пәнге мән бермей – мұғалімді ең басты қатысушы адам ретінде қабылдайды. Оқыту мазмұны байқаусыз қалады. Осындай жағдайда мұғалімнің басты міндеті балаға оқытылатын пәнді ұсыну және оны жаңа мазмұнға араластыру, қайта ашу болып табылады. Оқыту мазмұны мен оны таратушы, яғни мұғалім баланың санасында бөліну қажет. Егер ондай болмаған жағдайда оқыту материалында алға жылжу мүмкіндігі жойылады [3, б. 129].

Мектеп өмірі баладан мінез құлық ережелерін дәл орындауды, өз іс әрекетін өз бетінше ұйымдастыра алуын талап етеді. Ересектердің талабы мен ережелеріне бағына алу қабілеті мектептегі оқуға ерік даярлығының басты көрсеткіші болып табылады.

Мектептегі оқыту интеллектуалдық дайындықты да қажет етеді. Бала өзінің мектепке дейінгі эгоцентризмін жеңіп, шындықтың әр түрлі жақтарын ажыратуы тиіс. Сондықтан да мектепке даярлықты анықтау үшін мөлшердің сақталуына арналған Ж. Пиаженің есептері пайдаланылады. Мысалы: сұйықты кең ыдыстан жіңішке кесе құю, арақашықтықтағы әр түрлі түймелер қатарын салыстыру т.б.

Бала заттардың жеке жақтарын, параметрлерін көре білуі қажет, осы жағдайда ғана пәндік оқытуға ауысуға болады.

Ол танымдық іс әрекеттің тәсілдерін меңгеруді шамалайды. Қабылдауда сенсорлық эталондарды, ойлау сферасында кейбір интеллектуалдық операцияларды меңгеру. Мектепке интеллектуалдық даярлықтың маңызды жағы ол баланың ақыл ой белсенділігі мен танымдық қызығушылығы, яғни жаңа бір нәрсе білуге деген құмарлық, бақыланған құбылыстардың мәнін түсіну, ақыл ой міндетін шешуге ұмтылу.

Баланың мектепке дайындығын анықтау.

Баланың мектепке психологиялық дайындығын тексеру мақсатымен олардың оқуға дайындық мүмкіндігі және даму дәрежесін анықтау жүргізеді.

Зерттеу жұмысын жеке балалармен немесе тұтас топпен де жүргізуге болады.

Психологиялық зерттеуді мынадай шарттары бар.

*Баланың мектепке даярлығын мектепке дейінгі кеме психологы және балалар емханасындағы дәрігерлер анықтайды.* Балабақшаға бармайтын бала болса, онда оны жергілікті дәрігер анықтайды және баланың мектепке даярлық деңгейі медициналық психологиялық физиологиялық шарттар бойынша анықталады.

Медициналық шарттарға мыналар жатады:

1. Анатомиялық биологиялық даму деңгейі;
2. Тексеру кезіндегі науқастығы;

3. Өткен жылғы науқастығы, мектепке қажетті функциялар дамуының психофизиологиялық шарттары, бала психикасының даму деңгейін көрсететін психологиялық тұрғыда құрылған танымдық сұрақтар болады.

Мысалы: Кейн Йерасек сынағы және тіл дыбысты айту санасын анықтау жұмысы жүргізіледі [4, б.49].

Баланың мектепке дайындығын анықтау жөніндегі дәрігерлердің жұмысы 2 кезеңнен тұрады және мектепке қажетті функциялардың дамуындағы кемшіліктерді түзетуге ерекше мән береді.

Баланың оқуға даярлығын терең зерттеу мектепке баратын жылдың алдында, қазан және қараша айларында өткізіледі. Ал медициналық жоспарлы түрде диспансерлік тексеруді бала бақшада, балалар емханасында ларинголог, психоневролог, хирург, ортопед, тіс дәрігерлерінің Бақылауынан өтеді.

Балалардың алғашқы әр жақты медициналық психо физиологиялық тексеру нәтижелері олардың дәрігерлік даму карталарына түсіріледі.

Денсаулығы нашар, әртүрлі ауытқуларға ұшыраған балаларға сауықтыру және емдеу шараларының комплексі белгіленеді. Мектептен оқуға қажетті функциялары жете дамымай қалған кемістігі байқалған балалардың тіліндегі және қолдың бұлшық ет қозғалысын дамыту үшін әртүрлі жаттығулармен шұғылдану шаралары ұсынылады. Мұндай емдеу сауықтыру шараларын балалар емханасының маман дәрігерлері жүзеге асырады [5, б. 53].

Баланың дыбыстарды айтуындағы кемістіктерді жою сабақтарын да жүргізеді. Қолдың бұлшық ет қозғалысын дамытуға арналған сабақтар мен жаттығуларды психолог, бала тәрбиешісі немесе ата – аналары жүргізе алады. Атап айтқанда, сурет салуды тапсыру, құрастыру, конструкциялық ойындар, әртүрлі жазу емшелерін жазып үйретуге болады. Баланың белсенді сөздік қорын анықтау үшін сынақтар да ұйымдастыруға болады.

Мектепке барар балаланың ақыл – ойы принципі оралымдылығын анықтау үшін авторлық әдістемелер.

Енді мектепке барар балалардың ақыл ойының оралымдылығын анықтау үшін логикалық ойлауын, арифметикалық дағдыларын, кеңістікті бағдарлауын, қабылдауының жылдамдығын тексеретін авторлық әдістемелерден мысалдар келтірейік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМДІКТЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ

Курманбекова Ұ.А. – магистрант,  
Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., Бектемирова С.

### *Аннотация*

*Мақалада есімдіктер барлық түркі тілдерінде есім сөздердің орнын басып, мағынасы мен атқаратын қызметі бір-біріне дәл келетіндігі қарастырылған.*

Түркі тілдеріндегі сөз таптарының ішінде ерекше грамматикалық топ ретінде көзге түсетін есімдіктердің өзіне тән ерекшеліктерін М. Томанов мынандай топтарға бөліп көрсетеді[3]:

1. Қай сөз табы болмасын, оның өзіне тән (немесе жартылай тән) сөз жасау жүйесі болады. Айталық, зат есімдердің сондай жүйесі бар. Ал үстеулердің (кейде, сын есімдердің) жартылай болса да (өйткені басқа сөз табын жасауда да кездеседі) өзіне тән сөз жасау жүйесі бар. Мұндай жүйе есімдіктерде жоқ. Жалпы бүгінгі тіл заңдылықтары тұрғысынан есімдіктер басқа сөздерден жасалмайды.

2. Олар тек грамматикалық өзгерістерге ғана ұшырайды. Ондай өзгерістердің түрі: септік, көптік, тәуелдік жалғаулары арқылы өзгеру.

3. Өзіне тән грамматикалық категориялар жүйесі жоқ. Бұл ерекшеліктер тек бір тілдегі емес, жалпы түркі тілдеріндегі есімдіктер деп аталатын сөздер тобына ортақ болып келеді.

Есімдіктерді семантикалық жағынан біріктіретін белгі - затты, нәрсені, кісіні білдіреді, ал грамматикалық мән тұрғысынан біріктіретін белгі - контексте бастауыш, кейде толықтауыш қызметінде жұмсалады. Осы екі белгі арқылы есімдіктер өз алдына грамматикалық класс тобына біріге алады.

Есімдік қарақалпақ тілінде алмасық, қырғыз тілінде ататооч, өзбек тілінде олмош, ұйғыр тілінде алмаш, түрікмен тілінде чалышмалар болып аталады.

Салыстырылған тілдерде есімдіктер зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына қолданылып, абстрактылық пен жалпылық ұғымдарды білдіреді. Есімдіктердің дәл қай сөздің орнына жұмсалып отырғаны контекст арқылы, алдыңғы айтылған сөз арқылы ғана анықталады. Есімдіктер барлық түркі тілдерінде есім сөздердің орнын басып, мағынасы мен атқаратын қызметі бір-біріне дәл келеді. Есімдіктердің көне түркі тілінде де жиі қолданылғандығын көреміз, оларды қазіргі тілдермен салыстырсақ, ұқсастығы жақсы байқалады. Көне түркі ескерткіштеріндегі есімдіктерді қазіргі тілдермен салыстырып қарайық[4]:

Көне түркі жазбалары	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде	Қырғыз тілінде	Өзбек тілінде	Ұйғыр тілінде	Түрікмен тілінде
----------------------	---------------	--------------------	----------------	---------------	---------------	------------------

тілінде						
мен, бен сен, сін ол биз сиз бу, бол өз маңа, баңа саңа аңар	мен сен ол біз сіз бұл өз маған саған оған	мен сен ол биз сиз бул өз маған саған оған	мен сен ал биз сиз бул өз маған саға аға	мен сен у биз сиз бу уз менга сенга унга	мән сән у биз сиз бу өз маңа саңа у, улар	мен сен ол биз сиз бу өз маңа саңа оңа

Салыстырмадан көргеніміздей, есімдіктердің кейбір фонетикалық өзгерістерін есепке алмасақ, олар негізінен қазіргі тілдерде өздерінің ескі қалпын сақтап қалғандығы байқалады. Демек, есімдіктер ескі сөз таптарының қатарына жатады. XI ғасырдағы «Қутадғу білік», «Дивани луғат-ит түрк» ескерткіштері тілінде қолданылған есімдіктерді С.М. Муталлибов төрт топқа бөліп қарастырады[5]:

- 1) кишилик олмоши (жіктеу есімдігі);
- 2) кўрсатиш олмоши (сілтеу есімдігі);
- 3) сўроқ олмоши (сұрау есімдігі);
- 4) белгилаш олмоши

Түркі тілдеріндегі есімдіктер көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болып келеді. Бұған себеп болған бір жағынан жіктеу, сілтеу есімдіктері сияқты түрлерінің кейбір ерекшеліктері болса, екіншіден, олардың ұзақ уақыт бойы дамып, байып кейбір өзгерістерге түсуі [5].

Тілдік материалдарды өзара бір-бірімен салыстырғанда есімдіктердегі ұқсастық пен өзгешеліктерді, есімдіктердің мағыналарына қарай топтастырылуынан анық байқауға болады. Есімдіктердің бұндай түрлері қазақ, қарақалпақ, ұйғыр, түрікмен тілдерінде – жетеу, қырғыз, өзбек тілдерінде - алтау болып келеді[5]:

1. Жіктеу есімдігі қарақалпақ тілінде меншиклеу, қырғыз тілінде жактама, өзбек тілінде, ұйғыр тілдерінде кишилик, түрікмен тілінде ат чалышмасы деп аталады. Бұлай деп аталуының өзі де жіктеу есімдіктерінің айтушы, сөйлеуші, бөгде кісілерге байланысты болуынан келіп шыққан.

	Қазақ тілі	Қырғыз тілі	Ұйғыр тілі	Өзбек тілі	Түрікмен тілі
--	------------	-------------	------------	------------	---------------

I жақ	мен, біз	мен, биз	мән, биз	мен, биз	мен, биз
II жақ	сен, сіз	сен, сиз	сән, сиз	сен, сиз	сен, сиз
III жақ	ол, олар	ал, алар	у, улар	у, улар	ол, олар

Кейбір аздаған фонетикалық өзгешелігі болмаса, қарақалпақ тілінде де осылай, I-II-III жақпен айтылады.

Демек, жіктеу есімдіктері көнеден келе жатқан, қарым-қатынас үшін өте жиі қолданылатын сөздердің қатарына жатады.

2.Сілтеу есімдіктері қарақалпақ тілінде сілтеу, қырғыз тілінде -шилтеме, өзбектілінде - курсатиш, ұйғыр тілінде - көрситиш, түрікмен тілінде - гөркезме деп аталады.

Түркі тілдерінің қай-қайсысында болса да, сілтеу есімдіктері сілтеу, көрсету мағынасында қолданылады. Ал сілтеу, көрсету мағынасы өте кең, осыған қарай сілтеу есімдіктерінің әр қайсысы әрбір көрсететін, нұсқайтын нәрсенің алыс-жақындығын дәлдеп немесе шамалап көрсетеді. Мысалдар: Анау екі орыс кім? (Ғ. Мұстафин.) Мына ауылға жүгір,- деді Жамал. (Ә. Нұрпейісов.) Уша ерда катта сурат турибди (А. Мухтор) (өзб.).Мына ошол Каныбек быйыл жыйырма бирге чыкты (К. Жантөшев) (қырғ.).

Қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктеріне жататын сөздер: бұл, осы, ол, сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона,әні, міне [2],ал қарақалпақ тілінде бул, усы, ол, сол, ана, анау, мына, мынау, мине [3]. Қырғыз әдеби тілінде сілтеу есімдіктерінің қысқарған және толық түрлері –бу, бул, ушу, ушуа, ошо, ошол, тиги, тигил, тетиги, тетигил, тээ тетиги,тээ тетигил болып қолданылады[3]. Өзбек әдеби тілінде - бу, шу, у, уша [4], ұйғыр әдеби тілінде - у, бу, шу, мону, мана у,мана, маву, мана бу, мошу, мана шу, әйнә (әнә), әйнә у, ушу, әйнә шу, әву, әйнә бу, ушбу [4], түрікмен тілінде - бу, шу, шол, шо, ол [5].

Бұл тілдердегі сілтеу есімдіктері бірінде аз, бірінде көп сияқты болып көрінгенімен, салыстырып қарасақ, барлығына ортақ, барлығында бар бұл -бу (қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдерінде), ол - у, осы - ошо - уша - ушу - шу; сол - ошол - шу - шо; сол - шу - шо - шол т. б. Есімдіктері болып келеді. Қалғандары сілтеу есімдіктерінің әр түрлі вариантта айтылуына байланысты қолданылады.

3.Сұрау есімдіктері салыстырылып отырған түркі тілдерінде: сұрау (қаз.) сорау (қарақалп.) сурама (қырғ.) сурақ (өзб.) соал (ұйғ.) сораг) (түрікм.) деп аталады.

Сұрау есімдіктері түркі тілдерінде кейбір фонетикалық өзгешелігі болмаса, мағыналары мен атқаратын қызметтері жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Адамдарға қарата айтылатын кім? сұрау есімдігі салыстырылған түркі тілдерінде өзгеріссіз қолданылады: кім келді? (қаз.), ким келди? (қарақ., қырғ., өзб.) ким кэлди? (ұйғ.) ким гелди? (түрікмен.).

Бұдан шығатын қорытынды кімсөзінің барлық түркі тілдерінде бірыңғай болып келетіндігі, мұның өзі -тілдердің туыстығын дәлелдейтін басты фактілердің бірі екендігі.

Қазақ, қарақалпақ тілдерінде сұрау есімдігі не?, ал басқа тілдерде эмне? (қырғ.), нима? (өзб.), немә? (ұйғ.), нәме? (түрікм.) болып қолданылады. Бірақ соңғыларының да негізінде не - нә сұрау есімдігі жатады: не//ни + ма – мә - ме т.б. Соңғы ма - мә - ме қосымша, ал кей ғалымдар ма одағай сөз деп те қарайды. Сол сияқты не есімдігі басқа сұрау есімдіктеріне негіз болып, неше, неге, неліктен (не+ше - неше, не+ге, не+лік+тен т.б. есімдіктердің де жасалуы ықтимал. Сол сияқты не-шеу? нешінші? сұрау есімдіктері неше? деген сұрау есімдігінен жасалған деп көрсетеді [2].

Неше? есімдігі (қаз. қарақ.), нече? (қырғ.), неча? (өзб.), нәччә? (ұйғ.), нәче? (түрікм.). Сол сияқты қанша? (қаз. қарақ.), канча? (қырғ.), қанча? (өзб.) қанчғ? (ұйғ.) сияқты сұрау есімдіктері заттың сан мөлшерін анықтау үшін қолданылады. Қандай? (қаз., қарақ., өзб.), кандай? (қырғ.), ал көбінше өзбек тілінде қанақа?, ұйғыр тілінде - қандақ?, түрікмен тілінде - нәхили? сол сияқты қайсы (қаз., қарақ.) қайсы? (қырғ.), қайси? (өзб., ұйғ.), хайсы? (түрікм.) сұрау есімдіктері заттың немесе заттың ұғымының, әрекеттің түрін, түсін, белгісін, сапасын анықтау үшін қолданылады.

Қашан? (қаз., қарақ.), қачан? (қырғ.), қачон? (өзб.), қачан? (ұйғ.). хачан? (түрікм.) сұрау есімдігі мезгілді, уақытты анықтау үшін қолданылады.

Қайда? қайдан? сұрау есімдіктері заттың немесе қимылдың алыс бағытын анықтау үшін қолданылады.

4.Өздік есімдігі қарақалпақ тілінде өзлик фейил, өзбек тілінде ўзлик, ұйғыр тілінде өзлүк, түрікмен тілінде гайдым чалышмасы деп аталады, ал қырғыз тілінде өздік етіс өз алдына дербес бөлінбей, жалпылау есімдігінде қаралады.

Өздік есімдік тек қана бір сөз болып есептеледі. Өз есімдігі қазақ, қарақалпақ, ұйғыр, түркімен тілдерінде өз, ал өзбек тілінде ўз болып айтылады. Бұл өз есімдігінің келіп шығуы жөнінде көптеген ғалымдардың пікірлері бар. Солардың кейбіреулері бұл сөз өзек,ўзак<ўз + ак деген зат есіммен байланысты деп қарайды [4]. Негізінен, өз сөзі өзек//эзек, мысалы, сары өзек сөзінен емес, ал керісінше өзек сөзі өз сөзінен келіп шығуы мүмкін [4] деген пікірдің дұрыс болуы ықтимал. Өйткені көне түркі ескерткіштерінде өз сөзі - өзүм, өзүң, өзүне, өзү түрінде қолданылумен қатар, өз сөзінен жасалған басқа сөздер де келтірілген [3].

5.Белгісіздік есімдіктері қарақалпақ тілінде гуман алмасығы, қырғыз тілінде белгисиз ат атоочтор, өзбек тілінде гумон олмоши, ұйғыр тілінде бәлгүсизлик алмашлири, түрікмен тілінде нәмәлим чалышма деп аталады.

Салыстырылған түркі тілдерінде анық болмаған көмескі заттар мен олардың белгілерін, амал-әрекетін ашып айта алмаған жағдайда белгісіздік есімдіктері қолданылады [4].

Қазақ тілінде белгісіздік есімдіктер жасауда бір, әр, әлде деген үш сөз ұйтқы сөздер қызметін атқарады [2, 313 б]. Олар басқа есімдіктермен бірігіп барып,



мысалы, **бір**сөзінің қосылуымен - біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме (бірнеше); **әр**сөзінің қосылуымен- әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай; **әлдес**сөзінің қосылуымен - әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан сияқты белгісіздік есімдіктерін жасайды.

6.Болымсыздық есімдіктері қарақалпақ тілінде болымсызлық алмасығы, қырғыз тілінде тангыч ат атоочтор, өзбек, ұйғыр тілдерінде бұлишсизликолмаши, түрікмен тілінде еклук чалышмасы деп аталады.

Салыстырылып отырған түркі тілдерінде еш - эч - хеч - неч - хич сөздері сұрай есімдіктеріне қосылып болымсыздық есімдіктерін жасайды: ешкім, ешбір, ештеме, ешқашан, ешқандай, ешқайсысы (қаз.); хешким, хешбир, хешнәрсе, хешқашан, хешқалай, хешқандай, хешқайсысы (қарақ.); эч ким, эч бир, эч нерсе, эчтеме, эч качан, эч кандай, эч кайсы (қырғ.); хечким, хеч нима, хечнарса, хеч качон, хеч кандай (өзб.); неч ким, неч бир, неч немә, неч нәрсә, неч қандақ, неч качан, неч қайси, неч бирму (ұйғ.). Еш сөзі иран тілінен енген неч сөзі болып есептеледі. Болымсыздық есімдіктері болымдылық мағынасына қарама-қарсы болып келеді. Мысалы: Бәрі келді – ешкім келген жоқ. Бәрін алдым – ешнәрсе алмадым (қаз.). Баары келди –эч ким келген жоқ. Баарын алдым – эч нерсе койбодум (қырғ.).

Түркі тілдерінде бұл есімдіктерімен жасалған сөйлемдер болымсыздық мағынаға ие болады. Ондай сөйлемнің баяндауышы жоқ немесе болымсыздық етістігінен жасалады.

Салыстырылған тілдерде болымсыздық есімдігін жасаушы еш сөзі көбінесе, сұрау есімдіктеріне қосылып қоймай, кейде зат, уақыт, сөз, жер сияқты сөздерге де қосылып, болымсыздық мағына білдіреді.

7.Жалпылау есімдіктері қарақалпақ тілінде анықлау алмасығы, қырғыз тілінде анықтама ат атоочтор, өзбек тілінде белгилаш олмаши, ұйғыр тілінде ениклаш алмашлири, түрікмен тілінде сан чалышмалары делінеді.

Түркі тілдерінде жалпылау есімдіктері білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі бойынша бір-біріне ұқсас, жалпылау мағынасын білдіру үшін қолданылады.

Қазақ тіліндегі жалпылау есімдіктері: бәрі, барлық, барша, күллі, бүкіл, бүтін, түгел [2].

Қарақалпақ тіліндегі жалпылау есімдіктері: барлық, бәри, барша, барынша, пүткил, пүтин, өңкей, гүллән, хәмме, хәр[3].

Қырғыз тілінде жалпылау есімдіктері: бүткүл, бүтүн, баары, бардык, ар, өз [3].

Өзбек тіліндегі жалпылау есімдіктері: хамма, барча, бари, баъзи, хар ким, харнима, хар қандай, хар қайси, хар бир, хар нарса [4].

Ұйғыр тіліндегі жалпылау есімдіктері: һәммә, барлик, барчә, бәри, пүткүл, пүтүн, тамам, түгәл, һәр, һәр ким, һәр бир, һәр немә, һәр қандақ, һәр қайси [4].

Түрікмен тіліндегі жалпылау есімдіктері: хемме, нәбир, бары, бирнәче. [5].

Түркі тілдеріндегі жалпылау есімдіктерін салыстырып қарағанда, барлығына ортақ болған негізгі түрлерін көруге болады: бәрі– бәри – баары – бари – бары; барлық – барлық – бардық – барлық; барша – барча – барчә; бүтін– пүтін – бүтүн – пүтүн; бүкіл – пүткіл – бүткіл – пүткүл; хәмме – хамма – һәммә – хемме т. б.

### **Библиографиялық тізім**

1. Құрышжанов Ә. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған бір ескерткіш жайында // Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. - Астана, 2014
2. Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. – Алматы: Мектеп, 2005
3. Сабыр М. Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2014
4. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 2001
5. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.-Л., 2006

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН АРТТЫРУ**

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ФИ-18-1к1  
Жолдасова У.  
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Қуатова Ж.Ж.*

### **Аннотация**

*Педагогикалық технологиялар-білім беру саласының қайнар көзі. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай білім беру, білім алушының бойындағы тума қасиеттерін дамыту, қоғамда өзін-өзі ұстауға үйрену сынды аспектілердің барлығы аталған технологиялар арқылы жүзеге асады. Бастысы оларды дұрыс пайдалана білу.*

Жалпы, «педагогикалық технология- тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана, оқыту үдерісін жүзеге асырудың мазмұндық техникада педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі)», – деп В. Беспалько түсіндірген болса, ал Б. Т. Лихачев бойынша: «педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылым дейді. Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу. Әр ғалым бұл ұғымды өзіне сай өзгерткенімен, түп тәркіні бір. Педагогикалық технологиялардың сан алуан түрі бар және олардың барлығы мұғалім мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас арқылы баланы білімге



Бұл ,менімше, ардақты қоғам мүшесін өсіруде міндетті технология.Оқушы мен мұғалім арасында сенімдік қарым-қатынас құрып,өз құқығын білетін,қоршаған ортаға ізгілікпен қарай білетін білім алушыны өсіру-педагогтың басты мақсаты. Қорытындылайтын болсам,педагогиялық технологиялар білім алуда бірден-бір маңызы зор құрал.Оларды дұрыс қолдана біле отырып,оқушы қасиетін анықтай отыра,балаға біліммен қатар тәрбие беріледі.Өскен оқушы қоғамның сыйлас мүшесі және адамгершілік пен ізгілікке толы жан болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Рысбаева А. Қ., Қоңырбаева С. С. және басқалар. Жоғары оқу орындарындағы білім мазмұны және оқыту технологиялары. /Дәрістер жинағы/. – Алматы: Полиграфия-Сервис К, 2010.
2. Таубаева Ш. Т., Барсай Б. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. – Бастауыш мектеп. – №3, 1999.
3. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.

### **ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГ ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ.**

*Балтабай Аружан ГР-119 тобы*

*Ғылыми жетекшісі- Д.Б.Тавбаева,  
магистр оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

#### ***Аннотация.***

*В данной статье рассматриваются проблемы семейного воспитания детей и основные функции педагога-психолога.*

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу – ең маңызды мәселе екені даусыз.Ұлт ұрпағының болмыс-бітімін қалыптастыру, дүниетанымын жетілдіру мәселесі отбасынан бастау алады. Әрбір ұлт өкілінің өз ұрпағын өз ұлтының болмысына сай дамытып, жетілдіруі – бұл талдауға жатпайтын мәселе. Әр адам – адамзаттың жеке-дара өкілі болғанымен, өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Себебі, біз – өзіндік мінез-құлқымызбен бет-әлпетімізбен бір-бірімізден ерекшеленетін тұлғамыз, әрқайсымыз ерекше жаратылғанбыз. Біз өзіміздің ата-тегімізбен тығыз байланыстамыз, біздің болмысымызда олардың тәндік ерекшеліктері бар. Тұлғаның дамуы барысында отбасы мен мәдени ортаға лайықты оның дүниетанымы жетіледі. Адамдардың кейбіреулері «дүниедегінің барлығы қарама-қайшылықта болады» деседі, енді біреулері «әлемде үйлесімділік пен келісім болса, даму жоғары деңгейдегі жетістікке жетеді» деп тұжырымдайды. Адамның

сан қырлы әлемін танып-білуді, ұрпақ өмірге келмей тұрып, ана құрсағында бастау алатынын, яғни, болмысы қалыптасу үшін қам-қарекет жасау керектігін әрбір әке-шеше жете ұғынуы қажет.

Тұлғаның рухани жетілуі үшін, ең алдымен, рухани саналылықты меңгереді. Тұлғаның рухани санасы өмірдің мәнін өзінің өмірдегі орнын, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық, ұғынысуды сезінуі абзал. Психолог-мамандар ата-аналарға сәби дамуының бастауы мына факторлардан тұратынын ұғындырса тиімді болады. Олар: биологиялық – туа және жүре-бара берілетін ерекшеліктер; әлеуметтік – бала өсіп жетілетін рухани орта. Баланың ата-анасымен осы жұмыстарды жүргізе отырып, нәтижесін білу үшін психопедагогикалық мінездеме құрастырады. Бұл диагностикалық кестеде әр баланың пәндер бойынша үлгерімі, материалды қабылдауы, ойын дәлелдеуі, ұштастыра білуі, этикалық, эстетикалық талғамы, қабілеті, өз ісіне жауапкершілігі көрсетіледі. Жазушы-педагог Ж. Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», – дейді.

Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әр түрлі жолдарға итермелейді. Демек баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер етеді, солай болғандықтан оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты. Жеткіншектің мінез-құлқындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар физиологиялық ауытқулардан емес, отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады.

Отбасында тиімді тәрбиелеудің белгілі ережелері қалыптасқан оларды төмендегідей етіп ғылыми әдебиеттерде көрсетіледі:

- баланы бар қалпында сүю, құрметтеу қажет;
- балаға әсер ететіні құрғақ сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы мәнді;
- баламен қатынас оның жас ерекшелігіне сәйкес болуы шарт, сонда ғана үлкендер мен кішілер арасындағы дау-дамай туындамайды да ең қонымды тәрбие әдісін таңдап, қолдануға болады;
- баланың не айтқысы келетінін түсініп алған жөн, асығыс қорытынды жасаудан сақтанған дұрыс;
- жазаны істеген келеңсіз әрекеті үшін колдануға үйренген жөн, баланы намысына тиіп, қорламаңыз (ешуақытта бала жаман емес, оның қылығы жаман);
- бала жөнінде басқалар (мұғалімдер, көршілер) тарапынан айтылған сын пікірлерден қорытынды жасаудан бұрын оның өзімен әңгімелесіп, әрекетінің себебін анықтап, кейін шешім қабылдаған жөн: жұрт алдында өз беделінді жоғалтатын деп шошынудың қажеті шамалы, өз балаңның сенімінен айырылып қалмаған дұрыстау;

- балаға үйрететінін алдымен өзің үйреніп, біліп ал;
- балаңызға қанша рет «жок» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріп көріңіз, содан қорытынды шығарыңыз.

Бала ата-анасына түгелдей тәуелді:

- бала жасына қарамай, басыбайлы қадағалауды жек көреді. Ата-анасының өз өміріне шын ықпалмен араласқанын ғана ұнатады. Бала табиғатынан ата-анасын сүйеді;
- баламен өмір, тұрмыс жөнінде жиі сұхбаттасып тұрған жөн. Себебі қателіктен ешбір адам қашып құтыла алмайды;
- баланы қиындықтар құрсауында жападан жалғыз қалдыруға болмайды.[ 1 ]

Отбасының кішігірім мемлекет екені адамзат қоғамында әлдеқашан дәлелденіп, мойындалған аксиома. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы педагогикалық қана емес, мемлекеттік мәселе. Себебі екеуі де мемлекетіміздің азаматтарын тәрбиелеп, әлеуметтендіріп, қалыптастырып беретін әлеуметтік институттар. Мектеп пен отбасының арасындағы ынтымақтастық шынайы болып, қоғамдық сипат алмайынша оқу–тәрбие процесінде жоғары сапаға қол жеткізу, ұрпақ тәрбиесін оңалту мүмкін емес. Қазақстан Республикасындағы педагогикалық ынтымақтастық негізінде тәрбиелік, дамытушылық міндетін ойдағыдай атқарып жүрген үлгілі отбасылары мен мектептер аз емес. Ата-аналармен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде талай ұрпақ мектептен түлеп ұшып, өмірден өз орнын тауып келеді. Екі жаққа да үнемі қозғау салып отыратын бұл процесс үздіксіз де мәңгілік. Ата-аналар еңбегі–өте ауыр еңбек. Бұл еңбек барлық күш жігерді, адалдықты, адамгершілікті, мейірімділікті, шыдамдылықты, ізденісті талап ететін еңбек екенін ата-аналары да, балалары да түсінді.

Қорыта келе, біз айналаңа қорғандай бол-деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын «адам, азамат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Ал, отбасындағы қарым-қатынас мәселесі баланы жалпы азаматтық құндылықтарды түсінуге жетелейді, өмірдің алуан түрлі қыры мен сырын, тынысын танытып, талғамға, әдептілікке, жауапкершілікке баулиды. Ұлы педагог Ы.Алтынсарин: «Жас уақытта көрген тәрбие, оқыған оқу тасқа жазған жазудай кетпейді» [2]-деп ата-ананың, отбасының бала тәрбиесіндегі орнын атап көрсеткен болатын. Ендеше тәртіптің ең тамаша мектебі- отбасы. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі дей келе бүгінгі таңда педагог психологтың қызметі отбасымен тығыз қарым қатынас жұмыс жүргізуді жақсартуда.

### **Библиографиялық тізім:**

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университтер студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы, 2017-384 бет.
2. Иманбаева С.Т., Майғаранова Ш. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. –Алматы.2017,- 336 бет.

## ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Б.Т.Әкім*

*Ғылыми жетекшісі- Г.Е.Дильдабекова, магистр оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

### **Аннотация.**

*Бастауыш мектеп оқушыларының тұлғалық қасиеттері жайлы түсініктің дамуы*

Кескін-келбеті мен болмыс-бітімі сан құбылып, қилы өзгерістерді басынан кешіріп отырған осынау алмағайып заманда көш соңында қалып қоймай, өзгелермен терезесі тең іргелі ел болу үшін білімді де білікті, әрі іскер жастардың бірнеше ұрпағы өсіп жетілсе, солар ғана еліміздің елдігін сақтай алады. Кемелденген, қуатты қоғам орнатамыз десек, ең алдымен сол қоғамның басты байлығы ұрпақ тәрбиесіне мән беруіміз қажет.

Адам бола білу-ең биік қасиет. Оған тек жаны, тәні сау ұрпақтың ғана қолы жетеді. Сондықтан адамды адам ете түсетін қасиеттерді ашып көрсету, яғни тұлғаны дамыту заман талабына айналып отыр.

Жаңа туған нәресте “адам” деп аталғанымен, “тұлға” деген атқа көпке дейін ие бола алмайды. Өйткені кісі болып ержету үшін бала оңы мен солын, өзінің “менін” басқа “мендерден”, яғни басқа адамдардан ажырата білуі тиіс. Сондықтан да нәресте, сәби, бөбектерді кісі, тұлға деп айту қиын. Есейіп, ержетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамды ғана кісі, не тұлға деуге болады. Себебі қандайда болмасын бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибесі, білім мен дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі мен талғам-мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады.

Тұлға-адамдар арасындағы өзінің ұстанымын, орнын, еркін және жауапкершілігін анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам, ол қоршаған ортамен, қоғамдағы адамдармен қарым-қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасып, әлеуметтену процесінде тұлға болып шығады.

Психологияда «жеке тұлға» деген ұғымның әртүрлі түсіндірмелері бар, бірақ олардың көбісі мына түсінікке келіп тіреледі: жеке тұлға (личность) – дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны немесе әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Жеке тұлғаның ең басты белгісі – оның әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды (болмысқа, адамдарға, өзіне, еңбекке, жалпы қоғамға қатысты) атқаруы.

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте, адамның мінезі мен темпераментінің ерекше белгілері (мысалы, салмақты-жігерлі және мақсатты адам), шығармашылық қызмет әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз –ол оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы.

Өмірде бір анадан туған егіз балалардың түр жағынан бір-біріне ұқсас болуы мүмкін.Ал олардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, өмірге деген икемдік, қабілеті бірдей болмайды.Сондықтан әр адамды өзінше дараланған жеке тұлға деп қараймыз.Бір қоғамда өмір сүрушілерге ортақ әлеуметтік, моральдық-этикалық заңдардың ортақтығына қарамастан, жеке тұлғалардың әлеуметтік қарым-қатынаста айна қатесіз бірдей болуы да мүмкін емес.

Адам тұлға болып, өзіндік ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді.Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру,тәрбиелеп жетілдіру қажет.Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықтан жеке тұлғаның “дамуы” мен “қалыптасуы” ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады.

Педагогика мен психологияда жеке тұлғаның “қалыптасуы” термині жиі қолданылады. Бұл жеке тұлғаның дамуының нәтижесі дегенді және оның пайда болып, тұтастыққа, бір қалыпты қасиеттерге және сапаларға ие болғанын білдіреді.Қалыптастыру (қалыптасу) дегеніміз – бір нәрсеге пішін (форма) мен тұрақтылық беру;толықтық пен нақты бір түр беру.Бұл арада тұқым қуалаушылықтың мәні өте зор – баланың ата-анасынан немесе ата-бабаларынан қалған биологиялық ерекшеліктердің жиынтығы.Тұқым қуалаушылықтың жер бетіндегі тіршіліктің тарихы және белгілі бір түрдің (біздің жағдайымызда – адамның) өмірінің тарихын анықтайды.

Жеке тұлғаның қалыптасуына, сонымен қатар, қоршаған орта да әсер етеді: адам және қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайлар.Қоршаған орта макро және микро болып бөлінеді.Макро орта дегеніміз-адамға әлеуметтік-экономикалық ықпалдардың мол жиынтығы (өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар деңгейі, өмірдің қаржы жағдайлары,мәдениеттің даму деңгейі, бұқаралық ақпараттар құралдары).Микро орта дегеніміз – баланың ең жақын қарым-қатынас ортасы, ол адамды әрдайым қоршайтын және оның дамуына әсер ететін өзара байланысты заттар, құбылыстар мен адамдар әлемі.Сонымен бірге жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына, белгілі бір мөлшерде, табиғи немесе географиялық орта (климат),табиғат жағдайлары да әсер етеді.Қай кезде де адам өзі өмір сүрген ортада қызмет етіп, іс-әрекет жасап, өз қажеттілігін өтеп, алдына мүдде, мақсат қойып, сол арқылы көксеген мұратына ұмтылады.Бұл – адамның тарихи дамуын көрсететін жағдай.

Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, ең алдымен, оның қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер процесі.Жеке адам дамуы өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңітіп, қажеттіліктерін арттырып отырумен байланысты.Осы даму деңгейі нақты адамға тән болған қарым-қатынастар аймағымен өлшенеді.Даму дәрежесі мардымсыз тұлғаның адамаралық қатынастары да өте жай күнделікті тіршілік күйбеңінен аспайды.Ал даму деңгейі жоғары болған адам өзінің рухани мәртебелігімен, қоғамдық мәнді құндылықтарымен ерекшеленеді.Адам дене жағынан үлкейеді, яғни оның кейбір дене мүшелері мен нерв жүйесі өседі.Оның тілі шығып, сөздік қоры молаяды.Бала көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық біліктерге, еңбек дағдылары мен әдеттерге ие болады.Алайда, адамның жеке тұлға ретінде дамудағы ең бастысы – оның бойында болып жатқан сапалық өзгерістер (танымдық, сезім, моральдық-жігерлік т.б.).Мінез-құлықтың реактивті формалары белсенді түрде қалыптасып келе жатқан іс-әрекеттілікке айналады,



дербестік пен өз мінез-құлқын билей алу қабілеттілігі артады. Осы және басқа да өзгерістер адамның жеке тұлға ретінде даму процесін сипаттайды.

Жеке тұлғаның қалыптасып, дамуына әсер ететін факторлардың арасында тәрбие ең маңызды орын алады. Кең мағынада тәрбиені белгілі бір әлеуметтік қызметтер атқаратын қоғамдық құбылыс ретінде қарастыру қажет (ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлеуметтік тәжірибе, жалпы адамзаттық мәдениет, т.б.), ал тар педагогикалық мағынада тәрбие дегеніміз - өсіп келе жатқан ұрпаққа жалпы адамзаттық құндылықтарды игерту үшін мұғалім мен оқушылар, балалар мен ата-аналар арасындағы педагогикалық процесін ұйымдастыру.

Педагогика ғылымы тәрбиенің мақсатын жеке адамды жан-жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және оны қорғай алатын азамат етіп тәрбиелеу деп қарастырады.

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасу мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әртүрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту идеясы ертедегі Грек мемлекетінде пайда болып, өткен дәуірдегі алдыңғы қатарлы прогресшіл ойшылдарды терең толғанды. Педагогикалық және философиялық еңбектерден «жан-жақты дамыту» идеясы туралы көзқарастар қайта өрлеу дәуірінен бастау алғанын байқаймыз. Олардың негізінде дене және рухани сұлулықтың үйлесімді дамуын айта келе, оған жету тек адамдардың өнермен, гимнастикамен айналысуы жағдайында ғана жүзеге асады деп дәлелдейді. Бұндай көзқарас еңбек қызметінің маңызы қарастырылмаған. Себебі, еңбек қызметі тек құлдарға ғана тәуелді болған.

Рухани мұралары арқылы есімі әлемге танымал данышпан, ежелгі грек философы Аристотельдің (б.з.д.384-322) көзқарасында дене, адамгершілік және ақыл-ой тәрбиесі тұлғаның жан-жақты дамуы ретінде қарастырады. Дене тәрбиесінің мақсаты-әдемі тұлғалы, күшті мығым адам тәрбиелеу. Адамгершілік (нравтық) тәрбиесінің мақсаты - бала белсенділігін қоса дамыту, еркіннің ұстамдылығын жетілдіру қажет екендігін атап көрсетті.

Аристотельдің педагогикалық жүйесі жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіру және дамыту. Бұл ойы ежелгі дәуір заманында ең үздік педагогикалық ой-пікір болып табылады. Қазіргі кезеңде жаңа қоғам адамын тәрбиелеудегі басты нысана-адамның адами тұлғалық қасиетін сақтап қалу. Ол ең алдымен адам өзінің іс-әрекетін бағалаудан басталады. Демек, жаңа тұлғаны тәрбиелеуде, ең алдымен, әрбір жеке адамның дамуы үшін оның өзіндік табиғи табиғатын танып білу, сонымен қатар барлық интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту негізгі қағида болуы тиіс. Қазіргі еліміздің өркениетті нарыққа бет алған кезеңіндегі туындағын экономикалық, әлеуметтік қиындықтар тұлғаның адамгершілік қадір-қасиетінің төмендеуіне, салаутты өмір сүру ережелерінің бұзылуына өз әсерін тигізуде. Мұндай жағдайда тұлғаның қалыпты өмірін қамтамасыз етуге ықпал жасайтын адамгершілік адами қасиеттердің құндылықтарын бағалаудың қоғамдық-мәдени ортаның ролі ерекше.

Адамның тұлғалық қалыптасуы әлеуметтік жағдайларға тәуелділігі ертеден-ақ дәлелденген. Бұл туралы Л.С.Выготский өзінің зерттеулерінде ерекше мән берген. Ол адам әлеуметтік ортаның негізгі құрамды бөлігі деп есептейді. Өз тарапынан орта мүлде өзгермейтін, қатып қалған. Ешнәрсе әсер етпейтін дүние емес, ол үнемі адамдық ойлы қарым-қатынаста болатындығын айта келіп, орта, сайып келгенде адам үшін әлеуметтік орта болып есептеледі де, адамға әлеуметтік тәжірибесі мен табиғи ықпал жасайды деген пікірді ұсынады.

Л.С.Выготский әлеуметтік ортаны шартты түрде адамдар қарым-қатынасының жиынтығы деп есептей келе, әлеуметтік ортаның ерекше өзгермелі жаңа мазмұны, түрлері тәрбиенің өте икемді, қажетті құралы бола алатындығын дәлелдейді.

Жеке адамның тұлғалық сипаттарында ерекше байқалатын екі түрлі ерекшелік бар. Оның бірі-әрбір адамның құрылымы мен жеке басындағы даралық сипаттар. Бұл адамдардың типтік мақсаттарымен байланысты теориялық мәселе. Екіншісі-сол типтерден туындайтын және жеке басқа бағынышты азаматтық ерекшеліктер. Бұл мәселе осы заманғы психологиядағы айрықша маңызды деп саналатын биологиялық және әлеуметтік факторларға негізделіп отырып қарастырылады.

Биологиялық фактор-адамға туа берілетін табиғи анатомиялық және физиологиялық қасиеттер, ал әлеуметтік фактор-адамның дамып жетілуіне тіршілік ортасының, қоғамның, тәлім-тәрбие істерінің әсері. Осы екі фактор адамның психикалық дамуында бірін-бірі толықтырып отырады. Адамның өзіндік психологиялық сипатын зерттеуде ерекше орын алатын іс-әрекет түрі-оның белсенділігі. Белсенділік іс-әрекетпен, оның бағдар мақсатымен, өмір-тіршілігімен тығыз байланысты. Іс-әрекеттің белсенді болуы жайында психологияда әр алуан көзқарастар мен пікірлер бар. Соның бірі-Австрия ғалымы З.Фрейдтің пікірі. Ол адамның белсенділігі инстинкті ерекшелігіне, соның ішінде жыныстың еліктеуі мен өзін-өзі сақтау инстинктіне байланысты дейді. Адам мұндай инстинктерге шек қойып, оларды тежейді, өз бойындағы күш қуатын сақтап, оны басқа мақсаттарға, мәдени қажеттіліктерін өтеуге жұмсайды.

Тұлғаның саналы жетілуі қоғамның қажеттіліктері мен іс-әрекеттің қоғамдық қарым-қатынастары нақты шарттарға тәуелді болады. Іс-әрекет жағдайында ең кең тараған түрі – бұл төрт компонентті тұлға моделі. Бұл модельде ең басты орында қабілеттілік, мінез ұстамдылық және өзін өзі бақылау негізге алынады.

Бағыттылық – бұл ең тұрақты тұлғаның өзіне қажетті идеалдар мен өз қалауларынан және тұлғаның ең басты жүріс-тұрыс тенденциясынан тұрады.

Қабілеттілік – тұлғаның индивидуалды психологиялық қасиеті. Қабілеттілік бұл әрбір басты істің сәтті аяқ алуына әкеліп соғады.

Мінез тұлғаның басқа адамға көзқарасы, жауапкершілігі және қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Мінез – бұл адамның әлеуметтік мінез-құлқының ерекшелігі.

Өзін-өзі бақылау мен бағалау – тұлғаның өзінің іс-әрекетін тексеріп бақылауы. Бұл тармақ басқа да тұлға қасиеттеріне бастау болып отырады. Мұның барлық тармақтары бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Адамның өзін зерттеу, оның тұлғалық және танымдық ерекшелігін анықтауда Афина философы Сократ (б.з.д.469-399) ерекше орын алады. Жеке тұлға дамуын жақтай отырып эстетикалық тәрбиені, этикалық парасаттылық, инабаттылық, қайырымдылық, ұждағаттылық, тағымдылық, талғампаздық – адам болмысының жүйелі дамуын көрсетеді деді. Ол өзінің “Саясаттану” еңбегінде былай деп жазды: “Мейірбандылық пен зұлымдылық, әділеттілік пен әділетсіздік т.б. отбасы мен мемлекеттің негізін қалайтын ұғымдарды сезім тұрғысынан қабылдау адамның қолынан келеді”-дей келе, адамның әділетті, жігерлі болуы, оның ішінде игілікті ісімен тығыз байланысты болып келетіндігін айта келіп, адам бойында осы қасиетерді қалыптастыруды көздейді.

Шығыс ойшылы Әл-Фарабидің (870-950) қаланы ізгі деп атауы жай нәрсе емес. Ізгілік-адамның өзін-өзі тануынан, өзіне баға беруінен басталады. Педагогикалық тұрғыдан ізгілік адамдар арасындағы қатынастардың сүйіспеншілікке негізделуі, адамдық ар-намысын, абыройын, ар-ожданын құрметтеу, жоғары адамгершілік, парасаттылық қасиетпен қамқорлық жасау, адамды сүйе білу, қадірлеу деп анықталады. Ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінді. Оның ойынша бақытқа жету басы – таза еңбек, адал еңбек, (ой толғаныс) болып есептеледі. Фарабидің гуманистік идеясының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде болуы, ол өзінің “Философияны үйрену үшін не білу керек” деген еңбегінде ғылымды, оқу-ағартуды меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеруді қуаттайды.

Түрік және парсы мәдениетінің нәрлі ұйытқысында туындаған Баласағұн (1011-1075) – философ ретінде және тәрбиелік тағлымға толы педагог, өз шығармаларында адамның жетіліп қалыптасуы, оның ішінде жастар тәрбиесі – қоғамдық жағдайлардың, айнала ортаның ықпалымен, оң әсерімен тәрбие арқылы және адам табиғатынан туысынан, дүниеге келуімен бірге болатын қасиеттер арқылы қалыптасады.

“Құтты білік” дастанында үйленудің, ұл-қыз өсірудің қиыншылығы көркем суреттелген. Қараханидтер дәуірінде отанды қорғау, елді басқару, жұмыстың ең ауырын атқару, отбасын асырау, бала-шаға мен ата-анаға қамқорлық жасау, т.б. негізгі жұмыстар ерлердің еншісінде болған. Сондықтан білімді де білікті, ізетті де жүректі ұл өсіру әкенің назарынан тыс қалмағандығын көрсете отырып, ұл баланы ағайын-туыстарға, ата-анаға, іні-қарындастарға қолғабыс жасауға үйретіп, оның бойына ерлік, батылдық, тәуекелшілдік сияқты ер адамға тән қасиеттерді сіңірту қажеттілігін айтып педагогикалық ой түйеді. Оқу-тәрбие ісінде балғын жастық табиғатын түсінуге жетелейді. Баланың ақыл-есінің, мінез-құлқының ерекшеліктерін еске алмайтын, олардың бәрін бір қалыпқа сыйғызу тәжірибесінен аулақ болуға шақырады.

Орта ғасырдағы қазақтың ғұлама ғалымы Қадырғали Жалайридің (1530-1605) үйретуі бойынша, адамның қалыптасуында еңбек тәрбиесі шешуші рөл атқарады -деп мойындады. Ол үлкендердің кішілерге, жастарға беретін тәрбиесін “үлкендер ұлағаттылығы” -деп атады. Жастарға тәрбиенің мәнін түсіндірді. Оны ақындық жырға қосты:

Жалындаған ұл өссін,  
Тәрбиелі қыз өссін.  
Екеуі де өсіп дамысын,  
Бермесін жауға намысын.

Қадырғали жастарға арналған осы бір ғұламалық, ақындық шумағы оны ғалымның бүгінгі жастарға берген батасы, ұстаздық үлгісі, артына қалдырған тәрбиелік нақылы деуге болады.

Омар Хайям өмір сүрген дәуірде айнала ортаны, халықты, оның ұлы адамдарын өз өлеңдерінде және рубайларында жырға қосып мадақтады. Адамның ұлылығы тәрбие мен білімге байланысты – деген ой түйді. Еңбек, еңбек тәрбиесі, білім, жалпы тәрбие адамды ұлы етеді деді.

Оның өлеңдерін, бүгінгі педагогикалық тұрғыдан қарасақ адамды жан-жақты жетілдіру сарыны басым. Аз сөзбен көп мағына беру, бір шумақ өлең арқылы тәрбиелеу, тәрбиенің бірнеше түрін бір адам бойына идеясы көрініп

тұрады. Мұнысы бейнелеп салыстыру арқылы адамдық, адамгершілік, ақылдылық, парасаттылық, мейірбандық элементтері ұштасып жатады. енгізу Бұларды молайтып, толтырып, жеке адам бойына, тәрбиенің әсіресе еңбек, адамгершілік, ақыл-ой, дене, патриоттық тәрбиені батыл енгізуді ұсынды. Ол философиялық көзқарастарында тәрбиені, еңбек тәрбиесін, тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастыратын тағылым артық туынды делінген.

Сонымен, біз зерттеу жұмысымызға нысана етіп алған жалпы бастауыш білім беру жүйесінде тұлға қасиетін қалыптастыру мәселелері туралы философ, педагог, психолог ғалымдардың еңбектерін және ресми құжаттарға сүйене отырып, бастауыш сыныпқа арналған оқу бағдарламасы мен стандарттарды зерделей келе, бізге мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- жеке тұлғаны дамыту және қалыптастыру мәселесі бойынша педагогика тарихына шолу жасалды.

- оқушының жеке тұлға ретінде дамуына байланысты ғылыми-әдістемелік еңбектер жазған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ж.Ә.Әбиев, С.Әбенбаевтардың негізгі идеялары ғылыми-зерттеу барысында басшылыққа алынды.

- оқушы тұлғасын қалыптастыруда Қазақстан Республикасындағы атқарылып жатқан іс-шараларға, ресми құжаттарға талдау жасалынды.

- Ұлы Абай ұсынған адам бойында болатын негізгі қасиет қайрат, ақыл, жүректілігінің сапалық деңгейіне қарай “толық адам” қалыптастыру идеясын С.Қалиевтің “сегіз қырлы, бір сырлы”, толық адам тәрбиелеу идеясы салыстыра отырып берілді.

- жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіруде (білім беру, оқыту, тәрбиелеу, қалыптастыру, дамыту) педагогикалық категориялардың бір-бірімен өзара қатынаста болатыны айқындалды.

- тұлғаны дамытуда сыныптан тыс жұмыстардың ерекшелігі, оның оқушылардың жеке бастық қасиетін қалыптастыруда алатын өзіндік ықпалы айқындалды.

Дегенмен, біз жалпы білім беру жүйесінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастырудың көпқырлы тұстарын түбегейлі талдау жасадық деп айта алмаймыз. Тәрбие көпқырлы және үзіліссіз үрдіс болғандықтан мына мәселелер, атап айтсақ: отбасының бала бойында жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиелік мүмкіндіктері, отбасы мен мектептің бірлескен жұмысында жеке қасиеттерді қалыптастырудың педагогикалық шарттары және т.б. дербес зерттеулерді қажет етеді.

### ***Библиографиялық тізім***

1. К.К.Шалғынбаева, Г.Т.Хайруллин, Н.Д.Хмель Педагогика. Алматы, 2010,
2. Р.М.Қоянбаев, Ж.Б. Қоянбаев Педагогика. Алматы, 2002ж.,
3. Қ.Жарықбаев Психология. Алматы, 2014ж.,
4. Д.Кішібеков Философия. Алматы, 2011ж.,
5. Қазақстан мектебі – №5,6-2005ж., №8-2002ж., №5-1995ж., №1,2-2007ж.,
6. В.А.Титов Жалпы педагогика. Москва, 2007ж.

## ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

*А.Тұрсынбай*

*Ғылыми жетекшісі- А.Е.Мамаева*

*,фил.ғыл.канд.*

*Шымкент университеті*

### **Аннотация**

*Өзіндік жұмыс – оқушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып табылады. Бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ерекше көңіл аударатын бір саласы – оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары.*

Бірнеше сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – жеке сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің алдына қойған міндетпен бірдей. Ол да оқу жоспарын, бағдарлама талаптарын орындауға тиіс [1].

Өзіндік жұмыстардың нәтижелі болуы үшін алдымен «өзіндік жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады: біріншіден, өз бетінше жұмыс балалардың түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары, екіншіден, мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді.

Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынандай талаптарды орындау керек:

1.Өздігінен орындайтын жұмыстың мазмұны бағдарлама талаптарына сай болуы керек;

2. Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс;

3. Өзіндік жұмыстың түрі, мазмұны әртүрлі болуы керек;

4. Әрбір орындалған өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек.

Өздік жұмысты ұйымдастырудың шарттары мыналар:

- мұғалімнің нақты тапсырмалар (нұсқаулар) беруі;

- жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі;

- мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі;

- оған әсер ететін мотивтер.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру - күрделі мәселе. Оның жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері:

а) Жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жспарын, конспектін жасау т.б. тәсілдерге үйрену).

ә) Жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, есеп шығару, түрлі жазбаша, графикалық, практикалық т.б. жұмыстар).

Өздік жұмысқа мынадай талаптар қойылады:

- 1) Тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты таңдалуы керек.
- 2) Өздік жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек (8-15 мин. ұзақ болмайды).
- 3) Міндетті түрде тексерілуі керек.
- 4) Жұмыс сабақтың мақсатына байланысты (жаңа материалды қабылдауға, өткен материалды бекітуге, қайталауға, білімді тиянақтауға) таңдалады.
- 5) Өздік жұмыстың мақсаты, орыдау әдісі оқушыларға түсінікті болуы тиіс.
- 6) Өз бетімен жұмысқа оқушылар білім деңгейіне байланысты әр түрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не карточкаға қосымша материалдар дайындап әкелу керек.
- 7) Ескертпе, түсініктеме-карточкалар, перфокарталар дайындау қажет. Оқушыларға өзіндік жұмыс ретінде пәндер бойынша мынадай тапсырмалар беруге болады.

*Қазақ тілі* сабақтарында – түрлі жаттығу жұмыстарын орындау, қима қағаздармен, перфокарталармен жұмыс, сурет бойынша сөйлем, әңгіме құрау, сөздіктермен жұмыс тапсырылады. Мысалы, мұғалім грамматикалық талдау жасауға сөз, сөйлем немесе мәтін береді. Жоспар жасатады (әуелі ауызша, сонан соң жазбаша жоспар жасатады). Мұндай жаттығуларды балалар өздіктерінен орындағанымен, оның қалай орындалатыны көрсетіліп, алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Балалар бір тапсырмадан кейін екіншісін орындайды, олар жұмыстарын өздіктерінен тексереді, қалай орындағандарын мұғалімге айтады[2]. Негізінде қазақ тілі сабақтарындағы жаттығулардың барлығы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатуды көздейді. Алайда жаттығу ұғымы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатудан кеңірек. Жаттығу – мұғалімнің басшылығымен орындалатын, оқушылардың алған білімдерін бекітуді көздейтін тұтас тәжірибелік жұмыс. Жаттығуда уақытқа шек қойылмайды. Ал оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстарына белгілі мөлшерде уақыт беріледі.

Балалардың қазақ тілі сабақтарында өз беттерінше грамматикалық талдау жасауы төменгі сыныптардың өзінде-ақ іске асырыла бастайды.

1-сыныптың балалары оқу жылының екінші жартысынан бастап тақтадан, болмаса оқулықтан қысқа мәтіндерді көшіріп жазатын болады, кейбір сөйлемдерді бөліп, жеке айырып жазып қояды, мұғалім астын сызып көрсетіп берген сөздерді жазып алады, кеспе әріптерден сол сөздерді құрастырып, сөздің әрқайсысын буынға бөледі, мәтіннен көшіріп жазып алған сөздердегі дауысты және дауыссыз әріптерді көрсете алатын болады.

2-сыныптың балалары нәрсені, сапаны, әрекетті білдіретін сөздермен танысып болғаннан кейін, олар мәтінде кездескен сол сөздерді өзбеттерінше тани біледі, оған өздерінше сұрақ қоя алады. Заттың атын, сапасын, әрекетін білдіретін сөздерді алдымен жеке-жеке, содан соң топтап жазады, ол сөздердің астын сызып қояды. Содан кейін заттың атын білдіретін сөздерді, оның сапасын болмаса әрекетін білдіретін сөздермен біріктіріп құрастырады. Сол сияқты 2-сыныпта

сөздерді буынға бөлу, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстарды табу, сөз екпіні түсетін буындардың астын сызып қою, екпінді дауысты дыбыстарды табу балалардың өз беттерінше істейтін жұмыстары есебінде жүргізіледі. Сөздің түбірімен танысып болғаннан кейін балалар мұғалімнің оқып берген мәтініндегі біріне-бірі ұқсас сөздердің астын сызып, көшіріп жазуға дағдыланады. Балалар біраз уақыт дағдыланғаннан кейін сол түбірге ұқсас түбірлі сөздерді іздеп табуға жаттығады[3].

Өз бетінше жұмыс істеудің бұл түрлері кейінгі сыныптарда да кеңінен қолданылады.

3 және 4-сыныптарда балалардың өз бетінше грамматикалық талдау жасауын ұйымдастыру кең өріс алатын болады. Балалар өз беттерінше сөзге морфологиялық, грамматикалық талдау жасайды. Жазбаша грамматикалық талдау жұмыстарын алғашқыда сызба бойынша өткізген қолайлы. Сызба балалардың зейінін тәртіпке келтіреді, сөз таптарының грамматикалық тұлғаларын есте сақтауға жәрдемдеседі және әртүрлі грамматикалық тұлғаларды өзара салыстыруға мүмкіндік туғызады. Сызбаны пайдаланбай мәтінді жазбаша грамматикалық талдау жасау көбінесе бақылау жұмыстары сияқты болып жүргізіледі. Балалардың өз беттерінше қандай да болсын грамматикалық талдау жасау түрлері грамматика және орфография сабақтарының бір бөлімі болып өтуге тиіс.

Оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстары бастауыш сыныптарда ұзақ болмауы керек және көлемі шағын, мазмұны оңай болуға тиіс. 2-сыныпта – 5-10 минут, 3-сыныпта – 10 минут, 4-сыныпта 10-15 минуттық тапсырмалар беріледі. Мұғалім оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыс түрлерін, әр пәннің ерекшелігін ескере отырып, алдын-ала дайындауы керек.

Өздігінен орындайтын жұмыста ұйымдастыру – сабақтың ең күрделі кезеңі. Өйткені, жұмысты оқушылардың бәрі бірдей бір мезгілде аяқтамайды. Қазіргі кезде білім сапасымен оқушылардың жеке басының қабілетін дамыту қай кездегіден де өткір қойылып отыр. Ол үшін мұғалім оқытудың технологиялық жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек. Өз бетінше жұмысты ұйымдастыруда баланың жеке қасиеттерін ескеріп, жекелей, саралай оқыту әдісін пайдаланған дұрыс. Ана тілі сабақтарында оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысын басқару ісі 1-сыныптан басталады. Ал, 3-сыныпта жүргізілетін жұмыстар 2-сыныпқа қарағанда мазмұны және көлемі жағынан күрделі болады. Оқушылардың өздіктерінен жұмыс істеу әрекеті бірден қалыптаспайды. Ол өте күрделі үдеріс болғандықтан, қарапайым сатыдан жоғары, күрделі сатыға қарай біртіндеп дамиды[4].

*Ана тілі* сабақтарында оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыстарының түрлеріне тоқтала кетсек: ертегілерге байланысты салынған суреттермен жұмыс, қима қағаздар түрінде жасалған шағын әңгімелерді өз беттерінше оқып мазмұнын айту, тақырыптардың авторлары (ақын, жазушылар) және олардың өмірбаяны туралы қосымша деректер, сюжетті суреттермен жұмыс,

оқыған әңгімелері бойынша сурет салу, мазмұндама немесе шығарма жазу, тақырыптаы өз бетінше аяқтау, бөлімдерге бөлу, ат қою, сұрақтарға жауап әзірлеу, газет, журнал материалдарымен жұмыс, сахналық көріністер әзірлеу сияқты жұмыс түрлерін тапсыруға болады.

Әр сыныпта өткізілетін сабаққа тиісінше уақыт бөлінуі оқушылардың өзіндік тапсырмаларды ұқыпты орындауына көмектеседі. Оқушыларға өздіктерінен жұмыс істету тек білімді бекіту үшін ғана емес, жаңа материалды түсіндіруде де қолданылады. Мысалы, мұғалім оқулықтан тиісті материалды оқытады, онда не айтылғанын, қалай қорытылуға болатынын ойлануды тапсырады немесе белгілі бір ережені оқытып, мысалдарды талдауға осы ережені қолдануды тапсырады. Ал, оқушылардың тапсырманы сыныпта, үйде өздігінен орындай білуі – оның бойында қалыптасқан білім, білік пен дағдылар сапасының сенімді көрсеткіші[1].

Оқушылар өздігінен жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет[2].

Мұғалім оқушыларға шамалары келетіндей тапсырмалар ұсынады, онда жұмыстың мақсаты, оны бөлімдер бойынша орындау реті (өзін-өзі бақылау); мұғалім тексеру үшін алынған нәтижелерді әзірлеу, реттеу (кері информация) тәсілдері, жұмысты орындау мерзімі келтіріледі.

Мұғалім тапсырманың дұрыстығын, оқушылардың оның мазмұны мен нәтижесін қаншалықты түсініп меңгергенін анықтайды: Демек, мұғалім бақылаушы ғана емес, ұйымдастырушы да, оқушының өздік жұмысын тексеруші де. Мұғалім тапсырма арқылы олардың таным қабілетін бағдарламалайды, оны бір мақсатқа бағыттап, сапасын анықтайды.

Оқушылар тапсырма алады, меңгерген білім қорына сүйене отырып, оның мақсаты мен орындау тәсілдерін ойластырады және ең маңыздысы – жұмысты өздігінен орындау барысында алынуға тиісті нәтижелерді дағдарламалайды. Содан соң істелген жұмыстың дұрыстығын үнемі тексере отырып, тапсырманы бөлімдері бойынша орындайды. Алынған нәтижелерді реттеп әзірлейді (өзін-өзі бақылайды) және жазу жұмысы, цифрлар, сызулар, суреттер, модельдер т.б. тексеру үшін мұғалімге тапсырады. Оқушылардың оқу жұмысын, оқу әрекетінің жемісті болуы – оқу жұмысын тәсілдерін меңгеруге байланысты.

Оқыту құралдарын табиғаты әр түрлі модельдердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады, ал әрбір модель, біріншіден, оқытылатын ұғымдарды



толығымен немесе ішінара ауыстырады; екіншіден, оқытылатын ұғым жөнінде жаңа мәліметтер береді

Оқытылатын материалдардың берілуіне байланысты модельдер заттай-материалдық (иллюстрациялық) және идеалдық (ойлау) болып бөлінеді.

Заттай-материалдық (иллюстрациялық) өз ретінде физикалық, заттай-математикалық (тура және тура емес үйлесімділік) және кеңістіктік, уақыттық т.б. болып бөлінеді. Ал идеалдық модель образдық және логикалық-заттай (баяндау моделі, аналогия моделі) болады.

Заттай-материалдық (иллюстрациялық) моделін біріктірген оқыту құралдарына приборларды, кестелерді, диапозитивтер, диафильмдер т.б. жатқызуға болады. Ал идеалдық модельден тұратын оқыту құралдарына бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, оқу құралдары, әдістемелік мақалалар, мұғалімге арналған көмекші құралдар т.б. жатқызуға болады.

Оқыту үдерісінің екі жақты үдеріс екенін ескере отырып, А.П.Усова педагог пен баланың әрекетін бөле көрсетіп, оқыту құралдарын жіктемелеудің өзіндік нұсқасын ұсынады. Осыған орай, ол дидактикалық құралдарды екі топқа бөледі. Құралдардың бірінші тобы педагогтың іс-әрекетін қамтамасыз етеді және ересек адамның оқытуды негізінен сөздің көмегімен жүзеге асыратынын сипаттайды. Оқытудың екінші тобында оқытуға әсере ететін құралдар етіліп, дидактикалық материалдар мен дидактикалық ойында ерекшеленеді, олар өз кезегінде білім беру міндеттерін, яғни көрнекілік пен баланың ондағы практикалық әрекетін ескере отырып құрылады[4].

### ***Библиографиялық тізім***

1. ҚР бастауыш білімнің мемлекеттік стандарттары. – Алматы, 1998.
2. Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Х. Математиканың бастауыш курсы оқыту әдістемесі. II – бөлім. – А., Республикалық баспа кабинеті, 1996.
3. Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, С.Қ.Құрманалина. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана, Фолиант, 2007.
4. Т.Қ.Оспанов, О.В.Кочеткова, Ж.Қ.Астамбаева. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. 1-4-сыныптар. – Алматы, «Атамұра», 2005.

## **БАЛАЛАР ҰЖЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚАЖЕТТІ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ МАҢЫЗЫ**

*Мергенбай Таңшолтан Әлімжанқызы*

*Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

### **Аннотация**

*Тұлға мен ұжымның даму процестері бір-бірімен тығыз байланысты. Тұлғаның дамуы ұжымның дамуынан, оның даму деңгейінен, онда қалыптасқан іскерлік және тұлғааралық қатынастардың құрылымынан тәуелді болып келеді. Екінші жағынан, тәрбиеленушілердің белсенділігі, олардың дене және ақыл-ой дамуының деңгейі, мүмкіндіктері мен қабілеттері ұжымның тәрбиелік күші мен әсерін айқындайды. Соңғы нәтижесінде ұжым мүшелері белсенді болған сайын, олар өздерінің дербес мүмкіндіктерін ұжым өмірінде барынша толық пайдаланған сайын ұжымдық қатынас айқын көріне түседі.*

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық дербестігінің дамуы олардың ұжым ішіндегі өзіндік деңгейімен және шығармашылық белсенділігімен тығыз өзара байланысты. Оқушы ұжымдық қоғамға пайдалы іс-әрекетте өзін көрсеткен сайын оның ұжымдағы статусы жоғарылайды және оның ұжымға әсері де арта түседі. Керісінше, оның статусы жоғарылаған сайын ұжымның оның өзіндік дамуына әсері де жемісті бола түседі.

Тұлға мен ұжымның дамуы – өзара байланысты, бірін-бірі толықтыратын процесс. Адам табиғатпен және өзін қоршаған адамдармен қатынастар жүйесінде өмір сүреді және дамиды. Байланыстардың молдығы тұлғаның рухани байлығын анықтайды, ал байланыстар мен қатынастар молдығы адамның қоғамдық, ұжымдық күшін көрсетеді.

Ұжым және жеке адам проблемасы ең әлеуметтік проблемалардың бірі болғандықтан педагогика ғылымының басты мәселелерінің бірі. Қазіргі әдебиеттерде «ұжым» түсінігі 2 мағынада қолданылады:

- ұжым – кез келген ұйымдасқан адамдар тобы;
- ұжым – жоғары ұйымдасқан топ.

Ұжым тәрбиеленушілердің ұйымы ретінде бірнеше маңызды белгілермен анықталады:

- ұжым – басқа ұжыммен байланыста болатын қоғамның бір бөлігі;
- жалпы әлеуметтік маңызды мақсат болуы, ұжым мақсатының қоғамдық мақсатпен сәйкес келуі;
- ұжымның барлық мүшелерінің ортақ мақсатқа бағытталған іс-әрекет жасауы;
- ұжым мүшелерінің бірлігі және әрқайсының өзіндік пікірі болуы;
- ұжым мүшелерінің өз араларындағы міндеттерді белгілеуі және оларды мұқият орындауы;

– ұжым мүшелерінің арасында өзара жауапкершілік, көмек және жолдастық, қайырымдылық қарым-қатынас болуы.

Ұжым – іс-әрекетте үнемі дамып отыратын, әрі іс-әрекетті қажет ететін әлеуметтік организм.

Мақсатты бағытталған оқу-тәрбие жұмысы жағдайында балаларда ұжымдықты дамытудың қажеттілігін А.В. Луначарский, Н.К. Крупская, А.С.

Макаренко, С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский, және басқада көрнекті педагогтар мен қоғам қайраткерлері насихаттады[8,51].

А.С. Макаренконың идеяларын кейін В.А. Сухомлинский өз тәжірибесі мен зерттеу еңбектерінде одан әрі дамытты.

Кейінгі жылдары зерттеу жұмыстары тәрбиелік ұжымдарды тиімді ұйымдастыру, құру, ұжымдық іс-әрекетті ынталандыру принциптері мен әдістерін жасау, ұжымның тәрбиелік қызметінің дамуы сынды бағыттарда жүргізіліп келеді.

Тәрбиелік ұжымның қазіргі кездегі тұжырымдамасы (Т.А. Куракин, Л.И. Новикова, А.В. Мудрик) ұжымды қоғамның өзіндік моделі ретінде қарастырады. Ал балалар ұжымы қоғамның бүгінгі күнгі қатынастары мен оның болашақтағы даму тенденцияларын көрсететін қоғам моделі ретінде көрсетіледі[8,54].

Ұжым және жеке адам мәселесі қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі болғандықтан, педагогика ғылымының да басты мәселесі болып отыр. Адамды ұжымда тәрбиелеу идеялары қоғамның даму заңдарына жауап береді.

Ұжым теориясына Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский, т.б. ұлы педагогтар өз үлесін қосты. Н.К. Крупская, А.С. Макаренко балаларды ұжымда тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесінің негізін жасай отырып, жасөспірімдерді жастайынан бірлесіп ынтымақта өмір сүруге, еңбек етуге үйрету керек деп ой түйеді. Н.К. Крупская 1926 жылы Көркемдікке тәрбиелеудің міндеттері туралы атты еңбегінде: Қазіргі тәрбие ісінің көлемді міндеттерінің бірі – балаларды ұжым болып жұмыс істеуге және ұжым болып өмір сүруге үйрету, – деп атап көрсетті [9,12].

Ұжымда тәрбиелеу принципін кеңірек және сенімді түрде іске асыру ұлы педагог А.С. Макаренконың еңбектері мен тәжірибелерінде орын алған. Ол бұл принциптің методологиялық мәнін түсініп, тәжірибеде балаға ұжымның әсер ету күшін дәлелдеген.

А.С. Макаренконың дәлелдеуінше ұжым адамдардың жай ғана жиынтығы немесе кездейсоқ топтаса салуы емес, ол жалпы мақсатқа жетуді алға міндет етіп қойған, қоғамға пайда тигізуге тырысушылар тобы. Балаларды ұжымда біріктірудің негізгі көзі – ортақ мақсаттың және оны іске асыруға бағытталған біріккен іс-әрекеттің болуы. Ұжымдық іс-әрекетте әрбір оқушының іс-әрекеті басқалармен тығыз байланыста болады. Мұндай жағдайда ұжымшылдық сезімі туады. Бұл қарым-қатынас басқаның ісіне енжарлық туғызбай, керісінше бір-біріне көмектесуі, өз жолдасының ісіне қуану, ренжу, мақтану, намыстану сияқты әртүрлі сезімдер мен қатынастар жүйесін туғызады. Адамның көңіл-күйінің тәрбиелік мәні арта түседі.

А.С. Макаренко ойынша нағыз шын ұжым, мейлі ересектер, мейлі балалар ұжымдары болсын қоғамның бір мүшесі болып есептеледі[9,14]. В.А. Сухомлинскийдің пікірі бойынша әрбір бала тәрбиесі ұжымдағы негізгі тәрбие құралы болады. Балалар мен тәрбиешілер арасындағы рухани қарым-қатынас ұжымдық қатынастың даму процесі деп есептелген. Ұжым дамуы және құрылуы ұзақ әрі күрделі процесс. Ұжым болып қалыптасуы үшін топ бірнеше кезеңдерден өтуі керек. Педагог ғалымдар оның бірнеше жіктеуін көрсетеді. А.С. Макаренконың ұжымның құрылуы мен дамуын кезеңдеуде талапты басты көрсеткіш етіп алуын төмендегі кестеде берілген[9,33]. Ұжым дамуының барлық кезеңдері мен сатыларында үлкен және кіші дәстүрлер қалыптасып, нығаяды. Дәстүрлер мінез-құлықтың жалпы нормаларын қалыптастырады, ұжым өмірін жандандырады.

Үлкен дәстүрлер – бұл үлкен жаппай өткізілетін шаралар, оларды дайындау балаларда өз ұжымы үшін мақтаныш сезімін, ұжым күшіне сенімін, қоғамдық пікірді сыйлау сезімін тудырады. Кіші, күнделікті қолданылатын дәстүрлер өз көлемі, аясы жағынан аз ауқымды қамтыса да олардың тәрбиелік маңызы өте жоғары.

А.С. Макаренко жеке адам тәрбиесінің қоғамдық бағыттылығы тұрғысынан ұжымның кейбір сапасын, яғни белгілерін көрсетеді:

1. Ұжым тәрбиесінің мақсаты және объектісі, жеке адам ұжымнан тыс дамымайды;
2. Ұжым адамдарды жалпы мақсатқа, еңбекке және еңбекті ұйымдастыруға біріктіреді;
3. Ұжым барлық ұжымдармен табиғи байланысты қоғамның бөлігі;
4. Ұжымның өзін-өзі басқару органдары мен органдары – ұйымдастырушылары болады.

Әрбір ұжым – топ, бірақ әрбір топ ұжым бола алмайды. Ол контактілі және негізгі болып екіге бөлінеді. Контактілі ұжым – ұжым белгілері бар бастауыш топ. Негізгі ұжым – бұл контактілі ұжымдардың бірлестігі. Мысалы, контактілі ұжым – бұл студенттер тобы, ал негізгі ұжым – факультет, т.б. Оқушылар ұжымын қалыптастыру мен нығайтуда аса маңызды мәселелердің бірі – ұжым алдындағы мақсатты – перспективаны таңдау. Оны үшке бөліп қарастыруға болады:

- 1) Жақын перспектива – бұл күнделікті өмірде пайдаланылатын жеке адамды әр түрлі іс-әрекетке ынталандыру, қызықтыру. Оған жарыс, саяхат, т.б. жатады;
- 2) Орта перспектива – бұл перспективаға жыл сайын өткізілетін көрмелерге, сайыстарға қатысу, лагерьге бару, т.б. жатады;
- 3) Қашық перспектива – бұл ұжымның немесе жеке адамның бір істі ұзақ мерзімде орындауға талаптану мақсаты. Оған келешекте білім алу, мамандық таңдау, т.б. жатады.

Осы перспективаларды оқу және тәрбие барысында тиімді пайдалануда әрбір мұғалім оны баланың, сыныптың, мектептің пайдасы үшін таңдап ала білуі, екіншіден, оқушылардың жас ерекшеліктерін және жалпы дайындық деңгейін есепке ала білуі керек. Педагогика ғылымында оқушылар ұжымын ұйымдастыру қажеттілігінің, оның тәрбиелік қызметін ашуды негіздеу ғана емес, оны жасаудың теориялық негізі де бар. Ұжым тәрбиелік ықпал жасауы үшін оның дамуы, ілгері жылжуы керек. Балалар ұжымы бір орнында тоқырап қалмайды, даму, ілгері жылжу – ұжым өмірінің заңы, бұл жерде қозғалыстың себебін, даму мүмкіндігінің сырын ашып алған дұрыс.

Мұндай психологиялық күш – болашақ үміт дүниесі. Адамның болашаққа ұмтылуы, өмірге үміт артуы адам мен ұжым дамуының маңызды сәттерінің бірі. Педагогикалық тұрғыдан болашақ үміт дүниесі деп тұтас ұжым, балалар тобы, баланың тұлғалық мәні дамуының ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыратын, ұжым мүшелерінің даму деңгейіне, олардың жас және дербес ерекшеліктеріне, қоғам талабына сай келетін міндеттерді, мақсаттарды, істерді түсінеміз. Болашақ үміт дүниесін ұйымдастырудағы негізгі әдістемелік тәсіл – нақты мақсатқа жету жолындағы күреске балаларды даярлау. Ол даярлыққа болашақ үміт дүниесіне жетуге көмектесетін жоспарды, жобаны, ұсыныстарды талқылау мен одан туындайтын ұйымдық және практикалық жұмыстар кіреді. Бұл жұмыс – тәрбие ұжымын біріктіру барысындағы ең маңызды кезең. Ортақ іс-әрекетке

барлық оқушылардың қатысуын қамтамасыз ету керек. Ұжым мүшелеріне тапсырмаларды орынды бөлу – балаларды еліктірудің, ұжым істеріне қатынастырудың негізгі жолы. Кез келген іс баланың ақыл-ойын ғана емес, оның сезіміне әсер ететіндей болуы керек. Белгіленген болашақ үміт дүниесі жүйелерін жүзеге асыруда әсіресе сынып жетекшісінің үлкен ұйымдастырушылық жұмысы қажет.

Балалар ұжымын педагогикалық басқарудың практикасында келесі маңызды ережелері қалыптасқан:

- педагогикалық басқаруды балалардың өзіндікке, тәуелсіздікке табиғи ұмтылысымен, өзінің инициативасы мен өзіндік іс-әрекеттерін көрсетуге тырысуымен үйлестіру;

- ұжым – ылғи даму үстінде болатын дамымалы жүйе болғандықтан, оны педагогикалық басқару да үнемі өзгеріске түсіп отыруы керек. Яғни ұжымның даму сатысына қарай педагог та өз тактикасын өзгертіп отыруы керек;

- ұжымдық тәрбиеде жоғары жетістікке жету үшін жетекші сол ұжымда жұмыс жасайтын басқа педагогтарға сүйенуі, ұжымды жалпы мектептік әрекетке, басқа ұжымдармен қатынасқа итермелеуі қажет;

- формализмнен аулақ болу, уақыт өткен сайын ұжымдық тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін қайта құру;

- ұжымда ортақ пікір қалыптастыру, өзара көмек, бір-бірінің пікірін сыйлауға үйрету;

- ұжымдық тәрбиені демократияландыру, бақылау жүйесін жетілдіру;

- ұжымда тұлғааралық қатынастардың дұрыс дамуына ықпал жасау;

- оқушыларға жүктелетін міндеттерді олардың қызығушылықтарына, қабілеттеріне сәйкестендіру;

- ұжым ішінде стихиялы қалыптасатын қатынастарды тудыратын факторларды бақылау;

- оқушылар арасындағы қатынастарды жақсарту мақсатында уақытша ұжымдар қалыптастыру;

- балаларды жаңа қарым-қатынасқа тартатын ұжымдық іс-әрекеттің сипаты мен түрлерін өзгерту.

Сонымен бірге, ұжымды басқаруда мына жайларды еске алған жөн:

- ұжым мүшелері тең құқықты болады;

- басқарушы міндетін орындаушы ұжым мүшесі тарапынан балаларға қысым жасалмайды;

- жауапкершілік пен өзара тәуелділік жүйесінде жалпы істі орындаудың барысында әр түрлі бейімделушілікке жол берілмейді.

Ұжым өмірінде гуманистік қатынастар ерекше орын алады, оның негізгі белгілері мынадай:

- сергектік стилі – ширақтық, белсенділік, қайырымдылық, ұжым мүшелернің достық бірлігі, бір-біріне ілтипатты болу, өзара жәрдем беру;

- балалар арасында бақталастық, өз қамын көздеушілік, тұйықтық, бөлектенушілік, лидерлік болмауы керек;

- басқа ұжымдарға жолдастық көмек беру, үн қосуға дайын тұру.

Мұндай гуманистік қатынас тек қана іс қатынасының көзі емес, ол ұжымда балалардың жеке байланыстарының дамуының құралы болады.

Қорыта айтқанда, ұжым – тәрбиенің маңызды құралы.

Тәрбиеленушілер мен тәрбиешілердің рухани өмірінің айқын білінген азаматтың

өрісі. Мұғалім мен оқушылар тек сыныпта ғана кездесіп қоймауы тиіс: оқушы — партада (ол білім алады, мұғалімнің сұрақтарына жауап береді, баға алады), педагог — мұғалім стол басында (ол білім береді, оқушыға сұрақ қояды, баға қояды). Егер қарым-қатынастардың өрісі осы ғана болатын болса, онда мектеп ұжымы тәрбиелеуші күш бола алмайды. Мұғалім мен оқушы екі азамат ретінде де бір-біріне әсер етуі тиіс, міне сонда ғана олар тәрбиеші және тәрбиеленуші бола алады. Мектеп өмірі мынадай болуға тиіс, онда адам үшін адамның жауапкершілік, адамның қоғам алдындағы жауапкершілік жүйесі әрдайым болуға тиіс. Адам – ұжым – қоғам – өзара қарым-қатынастардың жүйесі міне осы, осының арқасында ұжым қоғамның белсенді қайраткерін, азаматтың, қоғамдық проблемаларға өте сергек қарайтын, ел мүддесімен, ел тілегімен өмір сүретін азаматты тәрбиелейтін күшке айналады. Дұрыс ұйымдастырылған азаматтық қарым-қатынастар жақсы ұжымға тән белгі, бұл бар жерде жеке адам, өзін қоғаммен бетпе-бет тұрғандай сөзінеді, қоғамдық мүдделердің, проблемалардың нақты, айқын көрінісін көреді, сөйтіп сол мүдделерді жүзеге асыру үшін күрес жолын саналы түрде таңдап алады.

Нақ осындай күрес қоғамдық қызметтің өзі болып табылады, бұл қызмет тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жоғарғы, ерекше өзара қарым-қатынастарды — идеялық бірыңғай ой-пікір қатынасын, одақтастар мен туысқандардың ортақ күрестегі қатынасын тудырады. Өзіндік ынта, шығармашылық, ұсыныс ұжым мүшелері арасындағы әр түрлі қарым-қатынастар көрінісінің ерекше қырлары іспетті. Былайша түсіндірейік: өзіндік ынта — стихия емес. Мақсатқа бағытталған, идеялық педагогикалық, ата-аналар басшылығы болмайынша, ұжымда нағыз өзіндік ынта болуы мүмкін емес. Өзіндік ынтаның мәні басқа адамға ықпал ету үшін өзіне идеялық, рухани, моральдың интеллектуалдық байлық жинақтауда. Ұжымның әрбір мүшесі тәрбие процесіне белсенді қатысқанда ғана нағыз өзіндік ынта, шығармашылық, ұсыныс мүмкін болады [10,11].

Балалар ұжымымен жұмыстар жүргізудегі мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері. Балалар ұжымымен жұмыс істеу үшін мұғалімнің белгілі бір кәсіби қасиеттері қажет. Кәсіби маңызды қасиеттер мәнін анықтауға бірқатар ғалымдар (А. Сатынская, В.А.Сластенин, Г.Сманова, К.Успанов және т.б.) көңіл бөлді.

Тұтас педагогикалық процесс теориясының негізгі заңдарын басшылыққа ала отырып (Н.Д. Хмель) педагогикалық процестің іске асыруын қамтамасыз ететін тұлғаның салыстырмалы орнықты сапалары мен ерекшеліктер жиынтығын педагогтың кәсіби маңызды қасиеті деп санауға болады. Сонымен, тұтас педагогикалық процестің нәтижелілігі «педагогтар-оқушылар» жүйесіндегі өзара қатынастың, ықпалдастықтың деңгейіне байланысты. «Оқушы» жүйесі үшін педагог тұлғасы қоршаған болмысты пәндендіру арасындағы делдал, ал мұғалім оқушы мен материалдық және рухани құндылықтар арасындағы делдал болып табылады. «Оқушылар» жүйесінде қарым-қатынас «педагогтар-оқушылар» жүйесінде бар қарым-қатынас салдары ретінде жасалады.

Бұл болашақ мұғалімді даярлауда мектептік педагогикалық процестің қызметін жандандыруға мүмкіндік беретін 'кәсіби маңызы бар сапаларды қалыптастырудың неге қажет екенін көрсетеді.

Жоғарыда баяндалғандардың балалар ұжымымен тиімді жұмыстар істеудің тиімділігінің шарттарының бірі ретінде қарастырылатын ұжымшылдық сияқты мұғалімнің жеке қасиеттерін қалыптастыруға қатысты.

Мұғалімнің ұжымшылдығы оның оқушылармен және оқушылардың бір-бірімен дұрыс өзара қарым-қатынас жасауының негізінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыруға даярлығы арқылы көрініс табады. Тұтас педагогикалық процесс теориясында бұл өзара қарым-қатынас, өзара ықпалдасатын тәрбиелеуші механизм болып табылады және қызмет барысындағы ынтымақтастықтың сипатына тәуелді. Қызмет барысындағы сипатын түсіну мұғалімнің құзырлығына кіреді. Соған байланысты мұғалім өзінің жинақтаған білімінің негізінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыруға дайын болуы керек.

Тұтас педагогикалық процесс және балалар ұжымы теорияларының негізгі қағидаларына (Н.К. Крупская, Т.Е. Конникова, А.С. Макаренко, Л.И. Новиков, В.А. Сухомлинский) сүйене отырып, мұғалімге, сынып жетекшісіне оқушы ұжымын қалыптастыру бойынша тиімді жұмыстар ұйымдастыру үшін білім, біліктерді меңгерулері қажет:

1. Мұғалім іс-әрекетінің заңдылықтарының, қозғаушы күштерінің және тәрбиелеу механизмдерінің объектісі ретінде педагогикалық процестің мәні мен құрылымы туралы теориялық білімдер.

2. Оқушы ұжымын қалыптастыру теориясы мен тәжірибесі және оның негіздері мен даму заңдылықтары жөнінде біртұтас түсініктің болуы.

3. Оқушы ұжымының қалыптасу жағдайы мен деңгейін диагностикалай алу, біртұтас педагогикалық процестің негізгі көрсеткіштеріне диагностиканы негіздей алу, ұжым дамуын болжау үшін диагностикалық мәліметтерді пайдалана алу.

4. Педагогикалық ықпалдастырудың негізгі құралдарын білу және оларды балалар ұжымын қалыптастыру процесінде қолдана алу.

5. Әрбір оқушының қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес жалпы мақсатқа (сабаққа және сабақтан тыс уақытта оқушылардың ықпалдасу жүйесі) жетуге бағытталған оқудағы және оқудан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу.

6. Алғашқы (сыныптық) ұжымды қалыптастыруда мұғалімнің педагогикалық жетекшілігімен ұжымда өзін-өзі басқаруды ұштастыра алуы.

7. Алғашқы ұжымды мектепте және мектептен тыс басқа ұжым түрлерімен өзара байланыс жасауының рөлін түсіну.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольников. — М., 1999. - с.34-44, 76-79.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ БАЛАЛАРЫН АЛУЫН ДАРАЛАНДЫРУ**

*Мусаева Надира Бахтияровна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

### ***Аннотация***

*Еліміздің ертеңгі болашағы – бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ.*

Сол жас ұрпақты тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы - балабақша. Кез келген бүлдіршін үшін балабақша тәрбиесі ата-анасынан берілген тәлім-тәрбиені жалғастыра отырып, жандандыратыны сөзсіз. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие - үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке жас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық», - деп атап көрсеткендей мектеп жасына дейінгі балаларды оқыта отырып, тәрбиелеу балабақша тәрбиешілеріне үлкен жауапкершілікті жүктейтіні сөзсіз. «Тәрбиеші әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, алдымен тәрбиеші жоғары деңгейде білімді, жан-жақты болуы керек.

Мектепке дейінгі жаста балалар қоршаған орта жайлы көптеген мағлұмат алады. Олардың ой-өрісі кеңейе түседі. Әр түрлі ойындар, серуенге экскурсияға шығару мектеп жасына дейінгі балалар үшін өзінше сабақ болады. Бұл жұмыстар балалар бақшасында белгілі бағдарлама бойынша жүргізіледі және балаларды әрі қарай мектепке оқуға дайындайды. Бала өзінің айналасындағы заттармен, олардың маңызымен және өмірде не үшін қолданылатынымен танысады, олар өлең айтуды, ана тілін, алғашқы санау жұмыстарын, оқып үйрене бастайды. Ең ересек топта мектепке дайындау тобында балаларды жаза бастауға үйретеді. Ал балалар бақшасындағы оқыту, негізінде ауызша жүргізіледі.

Тәрбиешілер балаларды қызықтыруға, ойлануға, еске түсіруге, салыстыруға, көргендері мен естігендерін айтып беруге баулитын әдістер қолданады. Жаңадан білгендерін, шеберліктері мен алған дағдыларын, бұрыннан білетіндерімен байланыстырады. Мектеп жасына дейінгі балалармен сабақ өткізген кезде көрнекті құралдар кең қолданылады. Мұндай көрнекті құралдарға жататындар: халық шеберлері жасаған заттар, үйде қолданылатын заттар, табиғи материалдар сол сияқты балаларға арналған бейнежазбалар, ұнтаспа, суреттер. Көрнекті құралдар ішінде қолдан жасалғандары көп болады. Оларды тәрбиешілер, ата-аналар, сол сияқты балалардың өздері жасайды.

Алуан түрлі ойындар балалар үшін білім беретін үлкен мектеп болады. Бұл ойындардың мазмұнында сөз де, санау да, елестеу де, тапқырлық та бар. Ойындар баланы қызықты түрде табиғатпен, адамдардың мінез-құлқымен, ересек адамдардың алуан түрлі еңбек әрекеттерімен таныстырады.

Театрға, мұражайға, саябаққа, мектепке және басқада қоғамдық орындарға саяхатқа бару балалардың білімін молайта түседі және ұмытылмастай айқындалып есте қалады..



Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту ісінде әр түрлі үлгілерді көрсету үлкен орын алады. Тәрбиеші суреттің, қолдан жасаған ойыншықтың, жапсыру үлгілерін жасайды немесе әдеби мысал келтіреді. Алғаш бала осы үлгіні қайталайды, ал одан соң өз бетімен жаңасын жасайды. Сөйтіп, ол белгілі бір жұмысты орындау әдістерін үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі бала үшін білімнің, ойланудың, қиялдаудың үлкен көзі ертегі болып табылады. Тәрбиеші балаға ертегінің бас кейіпкерінің мінез-құлқынан және ертегі оқиғаларынан өмірдегі нақты қаһармандарды және аса бай қиялдың өзінен асып түсетін нақты өмірді көре білуге көмектеседі. Осы жастағы баланың белгілі бір топтан екінші бір топқа ауысқан сайын алатын білімінің, дағдысының шеберлігінің көлемі кеңіп, күрделілене береді. Балалардың жасына сәйкес оқыту әдістері өзгертіліп отырады.

Оқыту үнемі тәрбиелеп те отырады. Бала жинақылыққа, тәртіптілікке дағдыланады, ол тыңдай білуге және зейінін қоя білуге үйренеді, сөйтіп, оның мінез-құлқы қалыптаса бастайды. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтижесі де соншалықты жемісті болмақ.

Бүгінгі таңдағы тәрбие мен білім алып жатқан бүлдіршіндер де өздерінің қабілеті мен қабылдағыштығы жағынан болашағынан зор үміт күттіреді. Олардың жаңа қоғамдағы жаңалыққа, жаңа технологияны білуге, үйренуге, меңгеруге ынталы, яғни талпынысы өте күшті. Тәрбие мен білімнің негізі мектепке дейінгі кезеңде басталатындықтан оны қазіргі заман талабына сай етіп беру міндеті уақыт талабы. Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттыңа жырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуымен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырына нықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, олу үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеуді әртүрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы

оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты - мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кезкелген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жандүниесіне терең үніліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түрлерлерін қарастырайық.

Ойын арқылы оқыту - технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын-баланың бастпақы іс-әрекеті, сондықтан ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенуде. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын қоршаған ортаны танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет.

Дамыта оқыту технологиясы – баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақстакерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивтітақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші эрокуіс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейініәр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кенінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың

жасерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін. Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау, т.б.

Интерактивті тақтаның жетістіктерінің кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпараттық еңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, заманауи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиялық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің таңымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Оқытуда пайдаланатын интерактивті құралдар: тақта, компьютерлер балаларды диагностикалауда жақсы көмекші болып келеді:

Зейінін дамытуда

Есте сақтау қабілетін дамытуда

Ойлау қабілетін дамытуда

Тілін

Жеке тұлғасын дамытуда

Оқу әрекетінің дағдыларын қалыптастыруда

Ақпараттық мәдениетке бейімдеу – ол тек ғана компьютерлік суаттылық емес, соңымен қатар этикалық, эстетикалық және интеллектуальдық сезімін меңгеруі болып табылады. Балалардың оңай түрде түрлі электронды, компьютерлік жаңалықтармен жұмыстана білу тәсілдерін меңгеруі сөзсіз. Бала бір минутта 1 мыңға дейін шартты бірлік ақпаратты қабылдап өндей алады, ал көру органдары «қосылғанда» 100 мың шартты бірлік ақпаратты қабылдау деген эксперимент арқылы дәлелденген. Мектепке дейінгі ересек жастағы балада ырықсыз зейіні жақсы дамығаны белгілі, бірақ балаға ақпарат қызықты, көрнекілік болғанда зейіні жинақталатыны, жағымды эмоциялар туғызатыны да белгілі. Компьютерді біріккен және өз бетімен әрекеттенуде қолдану баланың мотивациясын көтеру және оқуға деген жекелендіруінің бір тиімді тәсілі болып келеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады және жағымды эмоциялық фон туғызады. Осыдан АКТ-ні оқытуда пайдаланудың тиімділігі көрінеді. Мектепке дейінгі мекемелерде АКТ пайдалану балаларда қоршаған ортаның ақпараттағы мын бағдарлай білу дағдыларын дамытуға, ақпаратпен жұмыстанудың практикалық тәсілдерін меңгеруге көмектеседі, заманауи техникалық құралдар арқылы ақпаратпен бөлісу дағдыларын дамытады. Оқу іс-әрекеттерінде АКТ пайдалану түсіндірмелі-иллюстративтік оқыту тәсілінен гөрі әрекет жасауға көшу мүмкіндігін береді, бала педагогикалық ықпалдын пассивті объектісі емес, белсенді субъекті болады. Осы, мектепке дейінгі балаларды саналы білім алуға әкеледі. Интерактивті оқу іс-әрекеттерін өткізу бөлмесі келесі міндеттерді орындайды:

Балаларды жаңа технологиялары арқылы оқыту;

сауық және ойын орталығы;

мұнда көлемді білімдендіру және сауықтыру міндеттер орындалады;

балаларға және тәрбиешілерге жұмыстануға өте жағымды жағдайлар туғызады;

балаларды компьютерлік технологияның мүмкіндіктері мен дағдыларымен таныстырады.

Интерактивті тақтаны пайдалану оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Бірнеше технологиялардың пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, соңымен қатар мынандай маңызды сапаларды интуиция, образдық ойлауын дамытады. Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

Компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі

Word, PowerPoint бағдарламаларымен жұмыстану

Интернет жүйесінде жұмыстану практикасы (бейнелерді, әзірпрезентациялар мен оқыту бағдарламаларын тауып алу).

Проблемалық оқыту технологиясы-баланы өзбетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыра тындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімгедеген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілерболыптабылады. Соны мен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Модульдік оқыту технологиясы - оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Қорытындылай келетін болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға.

Сондықтан жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді-ертеңгі тәрбиешілерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## **СТУДЕНТТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ**

*Шымкент Университеті «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі*

*Мұратбек Қарлығаш Ибрахимқызы*  
*Шымкент Университеті*

*«педагогика және психология»*  
*мамандығының 2-курс магистрі*

***Ғылыми жетекшісі:***

*Алипбек Ардақ Зәуірбекқызы - к.п.н.*

### ***Аннотация***

*Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі - жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ- ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.*

Бүгінгі таңда психология, педагогика ғылымыдарының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүние көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау [11].

Студенттер деп жоғары және кәсіби, арнайы оқу орындарында оқып жүрген ұл-қыздардың әлеуметтік қоғамдастығын айтамыз. Бұл әлеуметтік кәсіби категорияның тарих бетінде пайда болуы XI-XII ғасырларда алғашқы университеттердің ашылуымен байланысты. Студенттердің негізгі әрекеті -оқу, яғни мақсатты түрде жүйелі, тыңғылықты білім алуға, кәсіби еп-дағдыларды үйренуге ұмтылуы.

Студенттік шақты (негізінен 18-25 жас аралығы) адамның басқа жас кезеңдерінен бөліп алып, өзінше әлеуметтік-психологиялық қауымдастық ретінде

терең әрі ауқымды зерттеген профессор Б.Г. Ананьев бастаған психологтар мектебі. Оларды зерттеу нәтижелері бұл шақта адам зиятының (интеллекті) ең күшті даму кезеңі болатындығын, оның аса күрделі әрі әр адамға тән ерекшелігі және өзгермелі келетіндігін көрсетеді. Мысалы, 18-20 жастағылардың көру, есту, қимыл-қозғалыс сезгіштіктері ең жоғары дәрежеде (оптимизм) болады. Көру кеңістігінің көлемі 20-29 жас аралығындағы өзінің максимумда (ең жоғары толысу) жетеді. Зейіннің көлемі, ауысуы (бұрылуы) талғағыштығы 18 жастан 33-ке дейін қарқынды өсіп-дамып, 34 жастан кейін олар төмендей бастайды. Ал зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығын болар-болмас ғана өзгереді екен[12].

Қысқа мерзімді сөздік жадының ең жоғары өрлеуі 18-30 жас аралығында деп келсек, өзара мерзімді сөздік жадыға ол 18-ден 35-ке дейінгі кезеңге сәйкес келеді. Ал, бейне жадысының адам жасының өзгеруіне тәуелді болымсыз болып келеді.

Логикалық ойлау қабілетінің ең күшті кезеңі 20 жаста байқалады. Содан кейін ол біртіндеп төмендей береді. Егер осы қабілет деңгейін 20 жаста 100 пайыз деп алсақ, ол 30 жаста 4 пайыз төмендейді, 40-та 13 пайыз, 50-де 20 пайыз, 60-та 25 пайыз, 70-ке келгенде 40 пайызға төмендейді екен.

Міне, жоғарыда айтылғандай адамның жас шақтарына байланысты психофизиологиялық функциялардың дамуы өте күрделі қарама-қайшылықта болады. Ол өзгерістер адамның еңбек әрекеті мен практикалық тәжірибесіне тәуелді бола келіп, онтигенетикалық даму заңдылықтарын бейнелейді.

Студенттердің негізгі сипаттарының бірі өз ырығымен тандап алған кәсібіне құштарлық, сол кәсіпке толық ие болам деп бар ой-санасын, әрекетін бағыттау және осы бағытындағы тұрақтылық қасиеті. Егер студент болашақ кәсібін дұрыс тандай алса, ұнатса, сүйсе оның оқуға деген ынта-ықыласы да құштарлығы да жоғары болады.

Ал бұл жолда қателессе, болашақ мамандығы туралы мағлұматтары аз болса, онда оқуға деген ынта-ықыласы да төмен болады. Көптеген зерттеу нәтижелері негізінен студенттердің оқуға деген ынта-ықыластарының жоғары деңгейде болатындығын көрсетеді.

Әлеуметтік-психологиялық аспекте студенттердің басқа әлеуметтік топтармен салыстырғанда білім деңгейі, танымдық мотивтері жоғары болады әрі олар мәдениет мұраларын игеруде үлкен белсенділік танытады.

Жалпы, студенттер тобына тән нәрсе әлеуметтік белсенділіктің жоғары деңгейде болуы. Сонымен қатар, олар байқалатын интеллектуалды және әлеуметтік толысудың гормониясы. Студенттердің осындай ерекшеліктері ұстаздардың әрбір шәкіртіне сүйіспеншілікпен қарауға, оларды тұлға ретінде қабылдауға итермелейді.

Студенттер педагогикалық қарым-қатынаста өз әрекеттерін өз беттерімен ұйымдастыра алатын ынталы субъект. Оларды оқытудың негізгі нысаны (формасы) таңбалы-контексті жүйе болып табылады.

Студенттік шақ -адам баласының кісі болып, тұлға болып қалыптасуының негізгі кезеңі. Бұл шақта жастардың алуан түрлі нәрселерге ынта-ықыластарының артуы шыңына шығады, олардың әр істе үлкен табыстарға жетуі байқалады (спортта, өнерде, ғылымда, техника салаларынды және т.б.).

Болашақ қайраткерлер, кәсіп иесі-маман ретінде студент жастардың әлеуметтену процесі өте қарқынды өтеді.

Адам өмірі үшін рухани қажеттердің өтелмеуінен адам көп қиыншылық көреді, өйткені бұл оның сана сезімінің өсуіне кедергі келтіреді. Сонымен қажеттілік - адамның белгілі бір тіршілікке немесе дамуда бір нәрсені керек етуі. Педагогикалық әдебиеттерде “**мотив**” ұғымы әртүрлі мағынада түрткі, ниет, ынта, ықылас т.б. ұғымдар арқылы берілген. Біз студенттердің психологиялық ерекшеліктерін сараптау барысында студенттің білім алуы үшін ең қажетті процес “**түрткі**” ұғымын толығырақ қарастыруды жөн көрдік.

Ал, түрткі бір әрекетке талаптанған немесе ниеттенген белгілі бір қажеттіліктің қанағаттануымен байланысты. Түрткі орындалу барысында адамда қызығушылық пайда болады. Өйткені, түрткі дегеніміз белгілі бір қажеттілікті өтеуге әсер ететін тұлғаның іштей құлшынысындағы белсенділігі. Мұның өзі іс-әрекетте, қарым-қатынаста, мінез-құлықта көрінеді. Ал, түрткінің сапасы мұратқа ұмтылу, қызығушылық, сенім, әлеуметтік тәртіп саласындағы құндылықтардан көрінеді. Ізденуге себеп болатын бағдар - таңдаған әрекетті мойындап, оны тауып, қажеттілікті өтеудегі ынта-ықылас. Мұның мән-мағынасы қажеттілікпен байланысты деп білсек, қажеттілікті өтеу - тұлғаны белсенділікке ұмтылдыратын қозғаушы күш деп түсінуге болады. Сонда түрткі адамды ынталандырады, ізденуге, оны табуға ықпал етеді. Былайша айтқанда түрткіні тұлғаның мінез-құлқы мен әрекетіндегі белсенділігін реттейтін жетекші фактор деп танымыз.

Түрткі жөнінде және оған анықтама беруге байланысты ұсынылған пікірлер баршылық. Мысалы:

- түрткі психологиялық құбылыс, іс-әрекетке деген ынта-ықыласты қозғаушы күш, қызығушылық;

- түрткі әрекеттенуші тұлғаның таңдауына лайықты болған себепке байланысты қарым-қатынас;

- түрткі өзінің қажеттілігін өтеудегі бағдары және іс-әрекет пен қарым-қатынастағы адамның санасындағы түрткінің көрінісі т.б. [13].

Осындай анықтамаларды қорыта келгенде түрткі - қажеттіліктің өзі емес, оның құралы және тұлғаның бағдарлайтын жол екендігін мойындап, мынандай тұжырым жасауды орынды деп білеміз. Түрткі дегеніміз -қажеттілікті өтеудегі тұлғаның ізденуі, іс-әрекет, қарым-қатынастағы белсенділігі, ұмтылысы, үміт еткен қызығушылықтың нәтижесіне жетуге іс-әрекет жасауы. Қызығу - заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағыттылған адамның біршама тұрақты ерекшелігінің бір көрінісі. Сөйтіп, адамның қызығуы - асыра зейін қоюдан, оған құмартудан, соны үнемі ойланудан туындайды [14,18]. Түрткілер мамандықты таңдап алуға байланысты шәкірттің пәнге қызығушылығы, келешек мамандыққа байланысы жоқ (сурет, ән, әдебиет, спорт т.б.). Бұл әрекетте оқытушы мен студенттің белгілі мақсатқа ынталануы қажет. Аталған мәселе негізінде оқуға деген “ түрткі” (мотив) туындауы керек. [15].

Ал, оқыту түрткілері - бұл оқушының әрекетіне әсер ететін әртүрлі бағыттарының жиынтығы. Мысалы: егер оқушының таланттылығы өзі оқитын объектінің жұмысына бағытталған болса, онда танымдық түрткілер жоғарылай түседі. Егер оқушының таланттылығы, білімділігі оқуға басқа адамдармен қарым-қатынасында байқалса, онда танымдық түрткілермен қатар әлеуметтік түрткілер де пайда болады.

Педагогикалық - психологиялық зерттеулерге сүйене отырып

біз түрткілердің түрлерін анықтадық. Түрткілердің даму жолдары

Түрткінің түрлердің даму жолдары сыртқы және ішкі болып екіге бөлінеді.

сыртқы түрткілер- (танымдық және әлеуметтік).

ішкі түрткілер- (өз мақсатына ынталандыратын және ниет тудыратын).

Сонымен қатар, педагогикалық-психологиялық зерттеулерді сараптай келе түрткілерді екі топқа бөлуге болады:

Танымдық түрткі:

а) оқушылардың жаңа білімді игеруге және ұғыну тәсілдеріне бағыттау түрткілері:

ә) өз бетімен білім алу, оны іс-әрекетінде қолдана білу түрткілері:

Әлеуметтік түрткілер:

а) кең мағынадағы әлеуметтік түрткілер (оқуда белсенділік, ынталылық, жауапкершілік және борышын сезу);

ә) тар мағынадағы әлеуметтік түрткілер (отбасы, ұжым және жолдастарының, құрбы-құрдастарының арасындағы бедел т.б.);

б) ынтымақтастық әлеуметтік түрткі оқу-тәрбие жұмысында өзара әрекеттесуге ұмтылу және үнемі жетілдіру.

Адамда сан алуан қызығулардың болуы мүмкін. Бірақ бұлардың ішінде ең басыңқы қызығуы болады. Мұндай қызығулар әсіресе оқу әрекетіне аса қажет. Оқуға қызығуының әсерлі, күшті, тұрақты, мазмұнды болуы оқушының сабақты үлгеруіне ықпал етеді де, терең білімді алуына көп жәрдем тигізеді. Оқу қызығулары адамда оқу түрткілерінің дамуына байланысты қалыптасып отырады. Оқушы жастарда қызығудың жөнді көрінбеуі, олардың өмірін мазмұнсыз етеді. Мұндайда олар енжар болып іші пысады, зерігіп берекесі кетеді. Қызығудың мазмұнды әрі кең, өрісті болуы оның басты ерекшеліктеріне байланысты. Қызығуы тұрақты қасиетке айналған адам ғана іс-әрекеттен жақсы нәтиже шығара алады, ісі әр уақытта да берекелі болады.

Кейбір адамдар кез келген нәрсеге қызығады да, оның бірде біреуіне нақты тұрақтамайды. Мұндай “көрсек құмар” әуесқойлық қасиеттер адамды тұрлаусыз, тұрақсыз етеді. Егер осы әдет бойға сіңіп кеткен болса, бұл- үлкен кемшілік. Қызығуы тұрақтанбаған адам қызметтің қай саласында болмасын пәрменді еңбек ете алмайды. Тек тұрақты қызығу ғана адамның бүкіл бойын билеп, қандай бөгеттер болса да жеңе білуге, небір ауыртпалықты көтеруге жәрдемдеседі.

Қызығулар өзінің мазмұны мен бағытына қарай Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Алдамұратов [16] т.б. бір топ ғалымдарымыздың пікірінше материалдық, қоғамдық саяси, кәсіптік, эстетикалық, оқырмандық, спорттық, танымдық т. б. болып келеді. Бұл қызығушылықтардың әрқайсысы өз алдына бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, таным қызығулары: оқуға, ғылымға (математика, химия, биология, философия т.б.), ал кәсіпке қызығуларға салалы кәсіптің түрлеріне, мамандықтарға байланысты болып бөлінеді. Эстетикалық қызығулар: кино, театр, музыка, бейнелеу өнеріне тағы басқаларға сәйкес жіктеледі. Адам объектіге түрлі мақсатты көздеп қызығады, осы тұрғыдан қызығуды тікелей және жанама деп екіге бөлуге болады. Тікелей қызығу айналадағы нәрселердің тартымдылығынан туады да, жанама қызығу – бұл әрекеттің түрткі нәтижесінен қажетсінуінен туындайды. Мұндай қызығу барысында адам көздеген мақсатқа біртіндеп, сатылап жетеді. Мәселен, оқуға, еңбек етуге т.т. қызығу. Жанама қызығу тұрақты болып келетін болса, адамның ісі оңға басып, ол әрнәрсені білген үстіне біле түсуге ықыласы артып отырады. Адамдардың қызығу саласындағы ерекшеліктері де әр түрлі. Бұл өзгешеліктер адамның іс-әрекетіне, көзқарасы мен талғамына, мұраты мен мүддесіне байланысты белгілі мазмұнға толы болады. Мысалы: бір



адамдар саяси мәселелерге қызығатын болса, екінші біреулер эстетикаға, әдемілікке қызығады. Ал, үшінші біреулері ғылыми теориялық мәселелерге ерекше назар аударып отырады, төртінші біреулерде осы айтылғандардың барлығы бірдей тоғысып жатады. Мектеп жасындағы балаларда қарапайым танымдық қызығушылықтарымен қатар спорттық, оқырмандық қызығулары да кездеседі.

Қызығу пәрменді, белсенді болу үшін, бала тікелей бір әрекеттермен айналысуы қажет. Мұғалім не тәрбиеші балалардың қызығуын тәрбиелеуде олардың өзіне әлі де мәлім емес кейбір жанама қызығуларын тауып, соларды тұрақтандыру үшін әрекет жасауы керек. Сонда ғана бала рухани өмірге бай, зерігуді білмейтін, жан - жақты, қабілетті адам болып шығады [17].

Жалпы педагогикалық ғылыми еңбектерде қызығу, қызығушылық ұғымы деп қарастырылуда. Ал, педагогиканың тәжірибелік аспектісінде қызығушылық деп қолданылғандықтан екі сөз мағыналас, бұған екі сөздің мағынасы өзгермейтіндіктен, біз ғылыми еңбегімізде қызығушылық деп қолдандық. Қызығушылық қалыптасуы үшін адам бойында сенімділік туындауы керек. Сенім мен дүниетаным қатарласып жүрсе ғана өз мақсатына жетуге мүмкіндік туады.

Ж.Р.Баширова мен Н.С. Әлқожаеваның “Иман - тәрбие негізі” атты еңбектерінде имандылық, адам баласының бойында шын мәнісіндегі сенім мен сезімді тәрбиелейді дейді. Сенім деген ұғымға бір жақты қарауға болмайды, ол тек құдайға, Аллаға сену дегенді білдірмейді, сонымен қатар ғылымға, білімге, болашаққа адамның бір-біріне сенуін де сөз етеді. Бұған адамның талғамы, тәрбиесі, өскен ортасы, жанұясы, тәжірибесі де елеулі әсер етеді. Қызығу сенім, талап, мұрат, адамды әркезде іс-әрекетке талпындырып ең күшті қозғаушы түрткілердің бірі болып табылады [18].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольников. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## **ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Нурлыбаев Галымжан Курмангазиевич  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Көшербаева Газиза Нуралиевна- к.п.н.*

### **Аннотация**

*Жастар жұмыссыздығымен күресуде мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырудың әдістері мен технологиялары* Адамзат қоғамы түрлі кезеңдерде қоғамның жастар мәселесі ретінде айқындауға болатын ерекше мәселелерді шешу қажеттілігіне тап болды. Осы мәселелердің ерекшелігі мен өзектілігі барлық қоғамды біріктіреді, қоғам жастар арқылы биологиялық және сол сияқты рухани жаңарады.

Кризистік жағдайда барлықтарынан ерекше, идеалдық, нигилизмдік шектен шығу, апатияға және тағы да басқаларға жастар жақын келеді, себебі жастардың құндылық жүйесі қозғалмалы, дүниеге көзқарастары тұрақсыз болады. Ерекше қызығушылықты қазақстандық еңбек нарығындағы жастар жағдайы туғызады. Жастар екі маңызды мәселемен негізделеді:

Біріншіден, еліміздегі еңбекке қабілетті халықтың 30% құрайды.

Екіншіден, жастар – ел болашағы.

Жастар бүгінгі күні қоғамның барлық салаларына саясатқа, экономикаға, экономикаға және әлеуметтік үрдіске етене араласқан. Сонымен қоса, жастар дүние жүзі бойынша еңбек нарығындағы осал топтың қатарына енеді.

Жастар – бұл қоғамда болып жатқан өзгерістерге, сонымен қатар ересектер өміріне бейімделіп жатқан, әлеуметтік ересектіктің қалыптасу кезеңін бастан кешіріп жүрген әлеуметтік-демографиялық топ.

Жастар - қоғамда ерекше жасерекшелік спецификасы бар, қоғамның белгілі функциясын атқаратын, өздеріне тән спецификалық қызығушылықтары мен құндылықтары бар әлеуметтік-демографиялық топ. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жыл 7 шілдедегі Заңының 1 тарау 1 бабына сәйкес, жастар деп Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары саналады.[48]

Көптеген зерттеушілер дүние жүзі, жалпы Қазақстан және Ақмола облысы бойынша жастар санының үлес көрсеткішін есептеп көрсеткен. Бұл көрсеткіш бойынша Ақмола облысында жастардың төрттен бір бөлігі тұратынын анықтап көруге болады. (қосымша А)

Ел басы өзінің жыл сайынғы Жолдауларында атап айтқандай, халықтың өмір сүру деңгейінің әлеуетін және шынайы қорын анықтауда экономикалық белсенділік маңызды фактор болып табылады. Ал жұмыспен қамтамасыз ету әлеуметтік саясаттың негізі болып қала береді.

Жастардың әлеуметтік жағдайы мен оларды қорғау туралы айтпас бұрын, бұл топтың жас ерекшелік шегін анықтап алуымыз қажет. Алайда, жастық шақ тек қана өмірлік циклдың кезеңі емес, жастық шақ – қызметтің әртүрлі негізгі түрлерімен байланысты адамның әлеуметтік статусы болып табылады. Қазыргі кезде ғалымдар жастарды қоғамның әлеуметтік-демографиялық тобы ретінде қарастыра отырып, олардың әлеуметтік жағдайын қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму, әлеуметтену ерекшелігімен тығыз байланыстырады. Экономикалық дағдарыс кезеңінде жастар көбінесе халықтың осал тобына қосылады. Расында, экономикалық өсім құлдырағанда, жастар дағдарыстың әсерін алғашқылардың бірі болып сезеді. Сонымен бірге, экономикалық қиын кезеңдерде жалпы жұртшылыққа қарағанда, әсіресе жастардың жұмысқа орналасуы оңайға соқпайды.

Жастардың өзіне тән ерекшеліктері бар, оның қайнар көзі объективтілік мәнділігінен бастау алады. Жастармен әлеуметтік жұмыс технологиясының

маңыздылығы, жастардың әлеуметтік-демографиялық категория ретінде мәселелері кең көлемді және қиын жағдайда болғандықтан ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасырдың болашағы тек жастар. Жастар еліміздің 30% айтын қоғамның маңызды бөлігі, уақыт өте қоғамның экономика, саясат, әлеуметтік және рухани саласының алдыңғы қатарларын алатын болады. Жастар – бұл қоғамда болып жатқан өзгерістерге, сонымен қатар ересектер өміріне бейімделіп жатқан, әлеуметтік ересектіктің қалыптасу кезеңін бастан кешіріп жүрген әлеуметтік-демографиялық топ.

Жастар - қоғамда ерекше жасерекшелік спецификасы бар, қоғамның белгілі функциясын атқаратын, өздеріне тән спецификалық қызығушылықтары мен құндылықтары бар әлеуметтік-демографиялық топ. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жыл 7 шілдедегі Заңының 1 тарау 1 бабына сәйкес, жастар деп Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары саналады.[48]

Көптеген зерттеушілер дүние жүзі, жалпы Қазақстан және Ақмола облысы бойынша жастар санының үлес көрсеткішін есептеп көрсеткен. Бұл көрсеткіш бойынша Ақмола облысында жастардың төрттен бір бөлігі тұратынын анықтап көруге болады. (қосымша А)

Ел басы өзінің жыл сайынғы Жолдауларында атап айтқандай, халықтың өмір сүру деңгейінің әлеуетін және шынайы қорын анықтауда экономикалық белсенділік маңызды фактор болып табылады. Ал жұмыспен қамтамасыз ету әлеуметтік саясаттың негізі болып қала береді.

Жастардың әлеуметтік жағдайы мен оларды қорғау туралы айтпас бұрын, бұл топтың жас ерекшелік шегін анықтап алуымыз қажет. Алайда, жастық шақ тек қана өмірлік циклдың кезеңі емес, жастық шақ – қызметтің әртүрлі негізгі түрлерімен байланысты адамның әлеуметтік статусы болып табылады. Қазыргі кезде ғалымдар жастарды қоғамның әлеуметтік-демографиялық тобы ретінде қарастыра отырып, олардың әлеуметтік жағдайын қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму, әлеуметтену ерекшелігімен тығыз байланыстырады. Экономикалық дағдарыс кезеңінде жастар көбінесе халықтың осал тобына қосылады. Расында, экономикалық өсім құлдырағанда, жастар дағдарыстың әсерін алғашқылардың бірі болып сезеді. Сонымен бірге, экономикалық қиын кезеңдерде жалпы жұртшылыққа қарағанда, әсіресе жастардың жұмысқа орналасуы оңайға соқпайды.

Жастардың өзіне тән ерекшеліктері бар, оның қайнар көзі объективтілік мәнділігінен бастау алады. Жастармен әлеуметтік жұмыс технологиясының маңыздылығы, жастардың әлеуметтік-демографиялық категория ретінде мәселелері кең көлемді және қиын жағдайда болғандықтан ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасырдың болашағы тек жастар. Жастар еліміздің 30% айтын қоғамның маңызды бөлігі, уақыт өте қоғамның экономика, саясат, әлеуметтік және рухани саласының алдыңғы қатарларын алатын болады.

Әлеуметтануда «жастар» деп жасерекшелік қасиеттеріне сай қызмет түрлері қалыптасатын қоғамдастық топтар жиынтығы. Тар мағынада «жастар» - бұл қоғамның әлеуметтік құрылымында жеке функциялары, спецификалық қызығушылықтары мен құндылықтары бар жасерекшелік негізіне қарай белгілі әлеуметтік орны қалыптасқан әлеуметтік-демографиялық топ.

Жастардың әлеуметтік жағдайы мен қорғау жолдары туралы айтпас бұрын, олардың жасерекшелік шегін анықтап алу қажет. Мысалы, Ежелгі Қытайда

жастарға 20 жасқа дейінгі тұлғалар жатып, 30 дейінгілер неке қию кезеңіндегі жастар деп есептелген. [51]

Бұл топтың шекарасы өзгермелі және әртүрлі. Жасерекшелік классификацияның шетелдік және отандық түрлері болады. Жалпы орташа жасерекшелік шекарасы 14-тен 30 жасқа дейін созылады. 14 жастан бастап физиологиялық ересектік басталып еңбек қызметіне жол ашылады, осыған негізделіп жасерекшелік шекарасы анықталады. Жасерекшеліктің жоғарғы шекарасына еңбектік және әлеуметтік тұрақтылыққа жеткен, отбасын құрған, балалы болған жастық кезең жатады (экономикалық дербестік, кәсіби өзін-өзі анықтау) [52]

Жастар көптеген қоғамдық ғылым салаларының пәніне айналған. Мысалы, әлеуметтану ғылымы жастардың қоғамдық топ ретіндегі мәнін әлеуметтік ерекшелігін, қоғамдағы рөлі мен орнын зерттейді; жасерекшелік шекарасын анықтайды; жастардың қоғамға әлеуметтенуін қарастырады. Әлеуметтену – бұл тұлғаның қалыптасу үрдісі, яғни индивидтің құндылықтарды, құрылғылар нормасын, белгілі бір қоғамға, әлеуметтік қоғамдастықтарға, топқа тән тәртіп үлгілерін оқу мен меңгеру болып табылады. Жастар ұғымына алғашқы анықтаманы 1968 ж. В.Т.Лисоковский берген: «Жастар – бұл ерте жастық шақта меңгеру, ересектік кезеңде білім, кәсіби және басқа да әлеуметтік функцияларға әлеуметтенген 16 мен 30 жас аралығындағы азаматтарды санаймыз» деп анықтама берген. Кейінірек толық анықтаманы И.С. Кон берген: «Жастар әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық қасиет ерекшеліктері бар, жасерекшелік жиынтық негізінде ерекшеленетін әлеуметтік-демографиялық топ» [53].

Қазақстан Республикасында жастарды әлеуметтік қолдау мақсатын әлеуметтік қызметтер жүзеге асырады. Әлеуметтік қызметтің бағыттарына:

1. Психолого-педагогикалық, медико-әлеуметтік, заңи көмек пен жасөспірімдерге көмек беру және жас азаматтардың басқа да өкілдеріне қызмет көрсету;
2. физикалық ахуалдың салдарынан ерекше жағымсыз жағдайға тап болған тұлғаларға көмек көрсету;
3. жас отбасыларға әлеуметтік көмек;
4. еңбек және оқу ұжымдық кеңістікте жастарды құқықтық қорғау;
5. кәмелетке толмаған қараусыз және панасыз азаматтарға, кәмелетке толмаған девиантты мінез-құлқы бар тұлғаларға әлеуметтік көмек;
6. жастар арасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, сондай-ақ арнаулы тәрбиелеу мекемелерінен оралған адамдарды, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, маскүнемдіктен емдеуден өткен адамдарды әлеуметтік қалпына келтіру;
7. құқықтық насихат, жастардың жұмысқа орналасу, білім беру және кәсіптік даярлау, бос уақытын өткізу, туризм және спорт салаларындағы құқықтарын іске асыру мүмкіндігі туралы оларды хабардар ету;
8. жастардың тұрғылықты жері бойынша бос уақытын мазмұнды өткізуін ұйымдастыру;

## 9. жастардың жұмысқа орналасуына және жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу болып табылады.

Мемлекеттің бірден-бір функциясына – еңбекпен қамтуды реттеу, жұмыссыздықтың негативті салдарын жою жатады. Әрбір қалада немесе ауданда төмендегідей қызмет көрсететін халықты еңбекпен қамту орталықтары құрылған: жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу, жұмыс табуға көмектесу, сұранысқа ие мамандықтарға қайта даярлау. Бұл орталықтарға сонымен қатар психологиялық көмек те көрсетіледі. Мемлекет, сонымен қоса, жаппай жұмыстан қысқартуды жоспарлап отырған кәсіпорындарға жұмыс орнын сақтау немесе модернизациялау мақсатында қаржылық қолдау көрсете алады. Бұдан басқа мемлекет кез-келген кәсіпорынға оның халықтың аз қорғалған топтарын (мүгедектер, әйелдер, жастар, көп балалы аналар) жұмысқа алғандығы үшін салықтық жеңілдік жасай алады.

Әрбір елдің жұмыссыздықпен күрес әдістерінің өз тұжырымдамасы болады. Пигу мен оның ізбасарлары зұлымдықтың түбірін жоғары жалақымен байланыстырып, төмендегіні ұсынады:

- жалақы деңгейін төмендетуге ықпал ету;
- жұмыссыздықтың өсуіне жалақының жоғарылауы әсер етеді деген қағиданы түсіндіру.

14-29 жас аралығындағы әрбір қазақстандық жас бала өмірінің маңызды бөлігін жұмыспен қамтылу мәселесі құрайды. Жоғарыда айтылып өткендей, өздерінің жас мөлшеріне байланысты жас адамдар қандай да бір салада үлкен тәжірибеге ие болмағанымен, ірі көлемді инновациялық және шығармашылық мүмкіндіктер, сондай-ақ жемісті еңбек етуге деген айрықша құлшынысқа ие.

Жоғарғы оқу орнын бітіріп, қолына диплом ұстаған әрбір жас түлек жұмысқа орналасу жайын ойлаумен болады, өйткені, елімізде жас мамандарды жұмыспен қамту мәселесі әлі де жүйелі шешілмеген. Әсіресе, тәжірибесі жоқтығын сылтау етіп, (ал, жаңа бітірген жас түлектің қайдан ғана тәжірибесі болуы мүмкін) жұмысқа қабылдаудан бас тартатындар жетіп артылады. Жасыратыны жоқ, жұмысқа орналасу таныс-тамырдың арқасында мүмкін болып жатады. Міне, жастар үшін бұл толғандырарлық мәселе болатыны да осыдан болар.

Жоғары оқу орындары түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейінің төмен болу себептері:

Біріншіден, жоғары оқу орындарына белгілі бір мамандықты оқуға түскен жастар еңбек нарығындағы ағымдағы сұранысқа назар аударады. Ал оқуларын аяқтаған жастар заман талабына сәйкес мамандықтарға деген сұраныстың да өзгеріп кеткенін түсінеді.

Екіншіден, техникалық мамандықтар, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар, сондай-ақ, био және нанотехнология салаларындағы мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік гранттар санының арту үдерісіне қарамастан, білім беретін оқу ордаларының профессорлық-оқытушылық құрамы мүлдем өзгермейді, осыған байланысты, студенттерге берілетін білім нарықтағы жұмыс берушілердің талаптарына сай келмей, бұрынғы сабақтастығын сақтап қалады.

Айта кететін жайт, жоғары оқу орны түлектерінің оқу үрдісінде алатын теориялық білімі, іс жүзіндегі дағды мен ептілікті былай қойғанда, еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің талаптарына мүлдем сәйкес келмей жататын жасырудың қажеті жоқ. Осылайша, Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы

студенттердің мамандану деңгейі шынайы өмір ағымы мен талаптарына жауап бермейді деуге толық негіз бар. Бұл университет қабырғаларында білім беретін профессорлық-оқытушылық құрамның өзгермеуі мен берілетін білімдердің бұрынғы сарынмен, жаңа үдерістерге сәйкес болмауына байланысты. Ағымдағы өмір көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орындарының түлектері өз мамандықтары бойынша жұмыс таба алмай, басқа кәсіппен айналысады немесе сұранысқа ие мамандықты алу мақсатында қайта оқуға түсуге мәжбүр.

Мемлекет тарапынан бұл мәселеге назар аударылып, әртүрлі жобалар жасалынып жатқандығын да айта кеткен жөн. Мәселен, республика бойынша «Жастар тәжірибесі» жобасы жасалынып, бұл жоба жоғарғы оқу орындарын, колледждер мен өзге де орта кәсіптік оқу орындарын бітірген жас түлектерге мемлекеттік көмектің қосымша мөлшері болып табылады. Жас мамандар үшін бұл, ең алдымен, басқа да тәжірибелі мамандармен бәсекеге түсу үшін тәжірибе жинақтау мен жұмыс істеудің бастамасы болмақ.

Мемлекет басшысының «Жас Отан» Жастар қанатының I Съезінде мемлекеттік басқару, бизнес жүйесі және қоғамдық қызмет саласы үшін жастар кадрлық резервін қалыптастыру туралы тапсырмасына сәйкес, «Жастар кадрлық резерві» жобасы іске асырылуда. Жобаның мақсаты – 29 жасқа дейінгі қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар арасынан басқарушы кадрларды анықтау, іріктеу, даярлау және тәрбиелеу, әлеуметтік маңызды қызметке тарту жолдары арқылы Қазақстанның жастары арасынан кадрлық резерв қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» Жастар қанаты «Дипломмен ауылға!» жобасын әзірлеп, 2009 жылдың шілдесінен бастап жүзеге асырылуда.

Бұл орайда мемлекет тарапынан ұйымдастырылған «Жасыл Ел» бағдарламасы студент-жастарды жазғы демалыс уақыттарында елімізді көгалдандыру мен абттандыру жұмыстарына, сонымен қатар, студенттік құрылыс жасақтарына тартып, жастар арасында қарым-қатынасты нығайтып, еңбексүйгіштік, өз ісіне жауапкершілікпен қарау қабілеттерін арттыруды мақсат етіп, мәселенің алдын алуға тырысуда.

«Жастар тәжірибесінің» негізгі мақсаты жұмыссыз жастардың кәсіби білімдерін меңгеру, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, жұмысқа тұру мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады. «Жастар тәжірибесі» оқу жұмыс орындарында ұйымдастырылып, қызмет ақысы бюджеттік есептен қаржыландырылады. Оқу жұмыс орны – жұмыс берушімен құрылған өндірістегі тәжірибелік жұмыстың кәсіби білімін, дағды мен біліктілігін меңгеруге негізделген қосымша уақытша жұмыс орны. Еңбек жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қорғай органдары жұмыссыз жастарды жұмыс берушілерде бар вакантты жұмыс орындарына бағдарлай алады. Жұмысқа алушы оқу жұмыс орындарын жасап, және оған жұмыссыз жастарды жұмысқа алу барысында еңбек, жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қорғау органдарымен келісім-шартқа отыру негізінде ғана жүзеге асырылады. Жастар тәжірибесіне оқу жұмыс орнына сәйкес келетін кәсібі (мамандығы) бар жұмыссыздар бағытталады.

«Ауыл жастары» бағдарламасы бойынша, әрбіреуіне 70 айлық есептік көрсеткіш көлемінде көтерме жәрдемақы төленеді. Педагогика мамандары үшін жұмыс орындарын табу қиынға соқпағанымен, жас дәрігерлердің мәселесі сол ашық күйінде қалды. Жастардың ауылдық жерлерде жұмыс істеуден бас тартуының негізгі екі себебін атап көрсетуге болады: жалақысы жоғары жұмыс

пен қазіргі заман талабына сай инфрақұрылымның жоқтығы. Оларға мемлекеттік қолдаумен қатар, жергілікті билік органдарының батыл әрекеттері ауадай қажет. Атап айтқанда, аудандық бюджеттерді бекіту кезінде жастарды ауылдық жерлерде үлкен сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқыту үшін қосымша қаражаттың бөлінуін қарастыру қажет. Сонымен қатар, жас мамандарға жеңілдіктер бойынша тұрғын үй беру, мал мен жер телімдерін сатып алуда көмек көрсету, қажет жағдайда – жас мамандардың балаларының мектепке дейінгі мекемелерге орналастырылуын қамтамасыз ету сияқты механизмдерді қолданып, аудандық бюджеттерден қосымша қаражат бөлу қажет.

«Жас Отан» ЖҚ аясында «Жастар – Отанға» жобасы жастар арасындағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған. Осылайша, 2009 жылы билік органдары жастардың 50 әлеуметтік жобаларына қолдау көрсеткен болатын.

Осылайша, бүгінгі таңда Республика аумағында жүзеге асырылып жатқан жобалардың ішінде, 2009 жылғы көрсеткіш бойынша жоғары оқу орындарының жұмыспен қамтылу ісінде «Дипломмен ауылға» жобасы ең үлкен жетістіктерге жетті, ал оның аясында 6 582 маман жұмыспен қамтылды. Қалған жобалардың жұмысына қатысты жүргізілген сараптама көрсетіп отырғандай, олар жоғары оқу орындарының түлектерін кешенді жұмыспен қамту ісінде өз тиімділіктерін көрсете алмады. Жұмыспен қамтылған жас мамандардың саны бойынша екінші орын алатын жоба – «Жастар практикасы» болып отыр.

2009 жылдан бастап Ауылшаруашылығы министрлігінің бастамасымен «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының «Жас Отан» жастар қанатының бастама-қолдауымен «Дипломмен - ауылға!» жобасы қолға алынды. "Дипломмен ауылға" бағдарламасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "жас отандықтардың" бастамасы бойынша, тікелей президенттің тапсырмасымен 2008 жылдың қаңтар айынан бастап іске асырыла бастаған болатын. Бұл жоба барлық жасерекшелік жастағы азаматтарға қолдана береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольников. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

### **БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

*Нурметова А. – Шымкент университетінің магистранты,  
Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., Толысбаева Ә.*

#### **Аннотация**

*Мақалада қазіргі таңдағы қазақ педагогикасының міндеті – адам бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үйрету, ұлтжанды, отансүйгіш, әдептілік, ар-намысы биік оқушылар тәрбиелеу мәселесіне көңіл бөлген.*

Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеументтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды.

Адамның жеке басын қалыптастыру негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге белгілі. Бастауыш мектептен бастап оқушыларға білімнің қыры мен сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау адамгершілік қасиеттерін дарытып Қазақстан Республикасының азаматы деген атаққа лайық болатындай етіп тәрбиелеу - біздің міндетіміз болмақ. Сондықтан да бастауыш мектептен бастап оқушының жан-жақты дамуына басты назар аударылуы керек.

Оқушының жан-жақты дамуына бағыт-бағдар беруші- мұғалім. Бастауыш білімнің мемлекеттік стандартында оқушыларды ғылымдар негізімен таныстырып қою емес, баланың жалпы ойын дамыту, қажетті тәрбие беріп, оны тәжірибеде қолдана білу үшін өздігінен жұмыс істеуге, адамгершілік мәдениетін қалыптастыру талап етіледі.

Бүгінгі заманның педагогикалық, психологиялық зерттеулерінің анықтауы бойынша мектептің бастауыш сыныбындағы кезеңі баланың қай жағынан болсын ең қарқынды дамиды кезеңі. Ғалым-педагог Л.В.Занков “Оқыту-оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет”- дейді [2].

Көрнекті психолог Л.С. Выготский : “Жақсы оқыту – баланың дамуын ілгерілететін, дамудың алдында жүретін оқыту”- деп тұжырымдайды [3]. Ал, оқыту мұғалім арқылы іске асатын процесс болғандықтан педагогтар мен ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді. Қоғамның негізгі бағыты білімді де дарынды балалар даярлау болса, ал мектептің негізгі көкейкесті мәселелерінің бірі білім мен қатар тәрбие беру, яғни адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру, бастауыш сыныптан бастап адамгершілік мәдениеті жоғары деңгейдегі оқушылар тәрбиелеу.

Жас ұрпақ бойына батылдық, әділдік, мейірім мен қайырымдылық, ізеттілік пен қамқорлық сезімдерін сіңіруді әр ұстаз, әр пәнде сабақпен ұштастыра жүргізуі қажет. Осы тақырып төңірегінде көптеген ғұлама ғалымдар пікірлер айтып, зерттеулер жазған. Адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың тиімді тәсілдеріне ұлттық педагогика элементтері де жатады. Қазіргі таңдағы қазақ педагогикасының міндеті – адам бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үйрету, ұлтжанды, отансүйгіш, әдептілік, ар-намысы биік оқушылар тәрбиелеу.

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі жана қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу отбасының, білім беру ошақтары мен барша халықтың міндеті.

Өзіміздің өркениетті ел қатарына қосылу бағытындағы үлкен мәселелердің бірі келешек ұрпақтың рухани дамуы.

Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде адамның игі мақсатына айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада қолданылады.

Адамдарды сүю, оған жақсылық жасау, жанашыр болу – адамгершіліктің белгісі. Адамның шынайы байлығы затта емес, рухани қазынада. (В. Сухамлинский) [3].



Ал рухани-адамгершілік құндылық белгілі бір бағытта, мақсатты жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

Адамгершілік құндылық – адамдық қасиетінің өлшемі. Оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі. Айналадағы адамдарға қайырымы, өмір сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып сол арқылы дүниені - әлемді тануы.

М.Шоқайұлы былай деген: “Мәдениет - адам әлемі. Мәдени көріністерде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құрылған. Сонымен бірге мәдениет адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал”.

Тәрбие өмір бойы үздіксіз жүретін болса да, қазақ халқы жетелеген тұлғаның сипатын “Сегіз қырлы бір сырлы “ деген бір ауыз сөзге сыйғызып, түйіндеген. Адам санасы үш түрлі құрамнан тұрады, ол ақыл-ой, сезім, ерік. Осыған орай оның санасында адам жаратылысының қай сипаты басым болса, оның өмірдегі ізденісі мен ұмтылысы да соны бейнелейді.

“Қазақстан – 2030” Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында Қазақстан азаматтарының денсаулығын, білім мен әл-ауқатын арттыруға, экологиялық ортаны жақсартуға ерекше мән берілген.

Демек, жас ұрпақтың денсаулығын нығайту, рухани-адамгершілігін жетілдіру мәселелеріне тың көзқарастардың қажеттігі туындауда. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі - жетілген тұлға тәрбиелеу [4].

Яғни, оқушының – ақыл-ойын, сезімін, еркін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуі. Жетілген тұлға болу, яғни, басқаларды жақсы көру, өз махаббатын адамдарға арнау. Оның бойындағы әдептілік сипаттар төмендегідей болуы тиіс[3]:

- Өзгелердің мүддесін, өз мүддесінен жоғары қойып, кеңпейіл болу, тәкаппарлыққа жол бермеу.

- Ата-анаға балалық құрмет көрсете білу, оларды құрметтеу, оларға адал болу, оларды сүю.

- Достарының, отбасының, Отанының сенімін ақтау.

- Өз ісін ізгілік мақсатқа арнау, басқалардың мүддесіне қызмет ету және маңызды істің шешіміне жету үшін өзінің іс-әрекетін, күш-қайратын жұмсау.

- Барлық адамдардың пікірін, құқын, жеке меншігін құрметтеу.

- Өзгелердің пікірін сабырлықпен қабылдау, бірақ та жағымсыз істерден бойын аулақ ұстау.

- Жанашырлық таныту, өзгелердің қайғы-қасіретіне, мұң-мұқтажына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету.

- Кешірімді болу, ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болу.

- Рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білу.

- Көмектесу, көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұру.

Сонымен қатар рухани жетілген тұлғаның бойында адамгершілік ұстанымдар да болуы тиіс.

- Өзінің қадір-қасиетін сақтау, яғни өзінің кісілігін сақтап, өзіне-өзі сенімді болу.

- Жауапкершілік таныту, адал болу, ақиқатты көздеу, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болу.

- Ержүрек болу, қорқынышты жеңе білу.

- Өзін-өзі бірқалыпта ұстай білу, өз ойын, сезімін, тілігін, іс-қылықтарын үйлесімділікте ұстай білу.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелері білім мен тәрбие беру тұжырымдамасында негізгі орын алады. Онда былай деп көрсетілген: ”Жеке тұлғаның қалыптасуы үздіксіз күрделі процесс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескеріп, олардың ақыл-ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу”[4].

Белгілі психологтар Б.Г.Ананьев, В.В.Давыдов, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева, М.М.Мұқанов, М.Б.Блонскийдің, С.Л.Рубенштейн, Д.Б.Эльконин, Л.В.Занковтың еңбектерінде арқау болып, зерттеулерінде оқушылардың білімдері мен рухани байлықтарына, мінез-құлықтарына, дүниетанымдарына қалыптастырып отыру қажеттілігі айқындалған.

Д.Б.Эльконин оқу әрекеті арқылы баланың үлкендермен қарым-қатынастарының барлық жүйесі мен жеке қарым-қатынасы білінеді, деп көрсетті [5].

Оқушының ішкі позициясының балада қалыптасуы көбінесе оның оқу әрекетінің белгілі мөлшерде нәтижеге жетуіне байланысты болады. Психикалық процестердің жұмыс істеуінің біршама жоғары түрде қалыптасуы ерікті мінез-құлық түрінің дамуының негізін құрайды, баланың мінез-құлық актісінде мотивациялық деңгейінің дамуымен байланысты барлық мақсатқа бағытталған ниет, талаптары артады.

Өзімен бірге оқитын оқушылармен тығыз өзара қатынастардың құрылуы, құрбыларының арасында да орнын анықтау, әр түрлі жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін меңгеру, оларды өзіне талап етіп қоюының қажеттілігі, бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық факторлары, эмоционалды және адамгершілік жүгін арттырады.

#### ***Библиографиялық тізім***

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2050. - Алматы, 2012.
2. Горащенко В.П. Табиғаттанудан сабақ беру методикасы/ В.П. Горащенко– А.: Просвещение, 2007 – 39 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев– А.: Рауан, 2010
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030/ Назарбаев Н.Ә. – А.: 2009
5. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания/ К.Д. Ушинский– М. Просвещение, 2007

## **АДАМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

*Нуртаева Дарига Инкарбековна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

### **Аннотация**

*Қоғамдық құбылыс ретінде пайда болған, адамдардың ерекше іс-әрекет саласы ретіндегі әлеуметтік жұмыс белгілі бір даму жолын өте келе жүйі арнайы ғылыми зерттеулердің объектісіне айналууда.*

Әлеуметтік жұмысты ғылыми ұғыну қоғамдық өмірде қайырымдылық феноменінің рөлін анықтаудан, сонымен бірге адамдарды әлеуметтік қорғауды, мұқтаждарға көмек көрсетуді, әртүрлі философиялық, психологиялық, психотерапиялық, әлеуметтанулық, медициналық келулерді ғылыми негіздеу талпыныстарынан басталды. Әлеуметтік жұмыстың теоретикалық негізделуі қазіргі уақытта үш бағытта жүріп келе жатыр деп айтуға болады. Біріншіден, әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік философия, әлеуметтік тарих, саясаттану, әлеуметтік психология, мәдениеттану секілді пәндер арасындағы орны анықталады. Екіншіден, әлеуметтік жұмыстың зерттеудің өзіндік объектісі ретіндегі өзінің теориялық константтарын іздеу жүргізіледі; үшіншіден, оның басқа адам және қоғам туралы ғылымдармен өзара байланысы анықталады.

Әлеуметтік жұмыстың ғылым ретіндегі шетелдік тәжірибесін талдау да оның теориялық негізделуінің алғашқы қадамдары қайырымдылық қызметінің дамуымен байланысты екенін дәлелдейді.

Әлеуметтік жұмыс саласындағы ғылыми білімнің теориялық өсуі әлемнің көптеген елдерінде екі бағытта дамыды. Біріншісі таным теориясына, танымдық бағыттың үстем болуына негізделген бихевиористік келудегі мінезқұлықтың психологиялық түсіндіру жүйесінде маңызының күшеюі. Екінші бағыт әлеуметтік жұмыстың теориялық алғышарттарын негіздеуге қызығушылықтың өсуімен байланысты.

Осылай, әлеуметтік жұмыс теориясында әлеуметтік қорғау, әлеуметтік кепілдіктер, әлеуметтік қызмет көрсету, қиын өмірлік жағдайға түскен адамдарға көмек және қолдау көрсету туралы жүйелік түсініктер қалыптаса бастады. Бұл ретте әлеуметтік жұмыс теориясына біртұтастық келуге, әлеуметтік технологиялар құқықтық заңгерлік фундаментті жасауға бағытталу күшеюде.

Әлеуметтік жұмыстың ғылым ретінде шетелде ғасырлық даму тәжірибесі әлеуметтік ойлаудың классикалық парадигмаларын модернизациялауын ғана шарттаған жоқ, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік қайта құрылуында жаңа ағымдардың ғылыми негізделуін қалыптастырды.

Қазіргі кездегі әлеуметтік жұмыс теориясының дамуы тұрақты пікірталас жағдайында жүруде. Оның ғылымдар жүйесіндегі орны туралы мәселе аса өткірлікпен талқылануда. Ғылым ретіндегі қалыптасқандығы туралы айтуға мүмкіндік беретін әлеуметтік жұмыс теориясының барлық құрылымдық белгілері бар: оның арнайы зерттеу пәні, объектісі, зерттеу пәніне тән заңдылықтар, қызметінің арнайы түсініктері, категориялары, қағидалары мен әдістері бар өзіне тән. Сонымен бірге қолданбалы ғылымдар тобына жатқызады және пәнаралық ретінде сипаттайды.

Соңғы жылдардағы әлеуметтік жұмыстың теориялық негізделуін жасаудағы келуді талдау көрсеткендей, бұл негізделулер ережедегідей шектес пәндерге

сүйенеді. Әлеуметтік жұмыс теориясының мәртебесі әзірше іс-жүзінде белгіленбеген.

Мұндағы жалпы теориялық, салалық, қолданбалы мәселенаманың, сонымен бірге орта деңгейдегі теорияның болуы көзқарасынан «әлеуметтік жұмыс» ғылыми пәнінің ішкі құрылымы, теориялық білімнің деңгейлері анықталмаған. Берілген мәселелерді талдау көбінесе тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсетудің аса өзекті әлеуметтік проблемаларын зерттеу тәжірибесінен шығады.

Ғылыми пән ретіндегі әлеуметтік жұмыстың ғылыми мәртебесін бағалауда екі бағыт басым болып тұр: бірінші бағыт жақтастары әлеуметтік жұмыстың теориялық негізін адам және қоғам туралы бір-бірімен шектес бірнеше ғылым құрайтындығын айтады (әлеуметтік философия, антропология, әлеуметтану, медицина, құқық, психология, этика және т.б.); екіншілері ғылыми пән ретіндегі әлеуметтік жұмыстың жекелігін дәлелдеу талпыныстарын жасауда, оның шегінде теориялық және қолданбалы аспектілері шығады.

Осылай әлеуметтік жұмыстың теориялық негіздерін қарастыруды екі ағым белгіленеді: біреуі практикалық тәжірибені ұғынуға, тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету тәжірибесі мәселелеріне сүйенеді, басқасы әлеуметтік жұмыстың әртүрлерін, оның қоғамдық құбылыс ретіндегі мәнін негіздейтін, теориялардағы ортақтық және ерекшелікті ұғыну процесінде қалыптасады. Бұл бізді әлеуметтік жұмыс құрылымы түсінігін тереңірек қарастыруға міндеттейді. Біртұтас білімнің ғылыми жүйесі ретіндегі әлеуметтік жұмыс теориясының сипаттамасы, өзінділігі көп жағдайда құрам, табиғаты мен мазмұнына, жүйе құратын компоненттерге, яғни құрылымына байланысты. Әдетте, құрылым ретінде өзара байланыс өзіне тән тәсілі, белгілі бір компоненттер жиынтығының өзара әрекеті деп түсініледі, ол бұл жиынтыққа органикалық тұтастық, ішкі ұйымдастырушылық және тәртіптілік, сонымен бірге ерекше қасиеттер береді. Компоненттердің пайда болатын өзара байланыстары нәтижесінде құрылым олардың қасиеттері мен мазмұнын синтездеде, жүйенің жеке компоненттері қасиеттерінің кеңістіктік көрінуін шектейді, функциялардың іске асырылуы үшін қажетті жаңа тұтастықтың ерекше интегративті қасиеттерін тудырады. Жүйелік келу әдіснамалық қағида ретінде бар жүйелерді қарастыру, талдауды ғана емес, сонымен қатар жүйелерді белгілі бір өмір қалыптастырған мақсаттарға жетуге үшін жасау немесе құру, синтезді қарастырады. Жүйелік келудің бұл екіжақтылығы мәселенің шынайы жағдайын және таным әдістері ретіндегі анализ бен синтездің тығыз байланысын бейнелейді.

Жаңа экономикалық базисқа көшу жадайында мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыты ретіндегі әлеуметтік қорғау мен тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсетудің жүйесін құру осының көрнекті мысалы бола алады.

Тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі өзінің тармақталған мекемелер, қызметтер, орталықтар және басқару органдары құрылымымен, бір жағынан сол жүйені құрайтын адамдар, ұжымдар ұйымдастырушылық қызметінің өнімі, ал екінші жағынан – әлеуметтік жұмыс іске асырылатын, жетілдірілуі мен дамуы жүретін құрылымдық кеңістік, әрекет өрісі болып табылады. Ұйымдастырушылық жұмыстар процесінде құрылым құрамының оптимизациясы, барлық элементтердің бір жүйеге интеграциясы мен модификациясы жүреді.

Әлеуметтік жұмыс теориясы құрылымының әрбір компоненті әлеуметтік процестердің сипатының себебі мен салдары болатын, әлеуметтік дамудың қиын

көпорталықты жүйесінің қалыптасуы мен даму процесінің логикалық білім беру формасында сипатталады. Ғылым ретіндегі әлеуметтік жұмыстың зерттеу пәні – әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік қатынастар мен өзара байланыстар – сол күрделі полиорталықтас жүйенің бейнесі болып табылады, оның негізгі компоненттері – өзінің биоәлеуметтік табиғимен, әртүрлі материалды, әлеуметтік және рухани қажеттіліктері мен мүдделердің иесі ретіндегі, әртүрлі білім, мәдениет, өмірлік тәжірибе деңгейіне ие, психологиясымен және әлеуметтік процестерге белсенді қатысу дәрежесімен ерекшеленетін адамдар.

Әртүрлі салада (экономикалық, әлеуметтік, рухани, отбасылық-тұрмыстық) әрекет ететін адамдар әлеуметтік жұмыстың негізгі компоненті және оның жүйесінің басты интеграциялық факторы болып табылуы дәл сол жайт әлеуметтік жұмыс теориясының ғылым ретіндегі құрылымдық мазмұнын қарастырады. Әлеуметтік жұмыстың ғылым ретіндегі құрылымы адамдардың бір-біріне қатынасымен ғана емес, сонымен бірге адамдардың идея, білімге қатынасымен, әлеуметтік жұмыстың әртүрлі салалары мен технологияларының өзара байланыстарымен шартталады.

Әлеуметтік жұмыс теориясының салыстырмалы жеке ғылыми білім жүйесі ретіндегі құрылымдық талдауы тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдары мен әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері, сонымен бірге әлеуметтік жұмыс мамандары иесі болып табылатын өзара байланыстар мен қатынастар сипатын анықтаудан бастау қажет. Функционалдық көзқарасынан әлеуметтік жұмыс субъект пен объектінің өзара әрекеттесуі, объект мақсатты әсер етуге шалдығады, ал субъект сол әсер етуді орындайтын әлеуметтік басқарудың жеке жағдайы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Объективті және субъективті категориялары әлеуметтік процестерді макро немесе мезодеңгейде, сонымен бірге қоғам мүшелерінің өмір әрекетінің микродеңгейінде белгілеу және зерттеу үшін қолданылатыны белгілі. Әлеуметтік жұмыста объективті мен субъективті өзара әрекеттесуінің үш деңгейінің барлығы көрініс табады; бұл тек әлеуметтік жұмыс жүйесінің күрделілігі, көпдеңгейлілігін ғана емес, сонымен бірге адамдардың оларды қоршаған материалды, әлеуметтік және рухани ортамен өзара қарым-қатынасын федералды, аймақтық және өндірістік-тұрмыстық деңгейдегі басқару мен реттеу жөніндегі сәйкес ұйымдастырушылық құрылымның үздіксіздік, тұтастық пен қажеттілігін көрсетеді. Бұл ретте әлеуметтік жұмыс субъектісі (маман, белгілі бір бағыттағы әлеуметтік қызмет, жалпы тұрғындарды қорғау мекемелері мен ведомстволар болсын) мен әлеуметтік жұмыс объектісі (нақты бір адам, отбасы, әлеуметтік топ немесе басқа қауымдастық болсын) өздері аса күрделі әлеуметтік және биоәлеуметтік жүйелерді ұсынады және көптеген ғылыми бағыттардың пәні болып табылатынын байқаған дұрыс. Әлеуметтік жұмыс бұл зерттеулердің жетістіктері мен нәтижелерін елемеге құқықсыз. Әлеуметтік жұмыс теориясының дамуына ұлы теоретиктер мен практиктердің қосқан үлесіне талдау жасау барысында әлеуметтік жұмыскер қызметінің спецификасы мен оның теориялық негізін жоғалту қаупі бар. Осы тұрғыдан, ғылыми білім аумағында еңбек сіңірген адамдардың әлеуметтік жұмыс теориясының даму тарихының нақты кейіпкері болмай қалу қаупі туындауы мүмкін. Осы сияқты мәселелерді шешудің қиындауының себебі мынаған байланысты: әлеуметтік жұмыс аумағындағы кез келген үлкен теоретик пен практиктің базалық білімі әлеуметтік жұмыскер болмауы мүмкін, бұған мысал ретінде Колумбия

университетінің әлеуметтік жұмыс факультетінің бұрынғы деканы Рональд Фельдманды немесе Канаданың Калгари қаласының ірі университеттің әлеуметтік жұмыс факультетінің деканы Рей Томлиссонды бөліп көрсетуге болады. Осылайша, Гетеборг университетіндегі әлеуметтік жұмыс институты бағдарламасын ұзақ уақыт бойы басқарған, Швециядағы әлеуметтік жұмыс аумағындағы ғылыми зерттеулердің негізін салушы Харольд Сиднер философия ғылымдарының докторы болып табылады, мәдениеттану әлеуметтік философиялық зерттеулерде үлкен тәжірибесі бар, социология аумағында мамандалған (Ол Лунд университетінің социология бөлімін аяқтаған) Швецияда Сведнердің зерттеу қызметінің ықпалынан 80 жылдары құрылымды әлеуметтік жұмыстық ғылыми дәстүрі, оның қазіргі кездегі адамның даму контекстіндегі жүйелі – функционалдық көрінісі күшейді. Ерекше атап өтетін жайт, Х.Сведнер КСРО-ның әлеуметтік-мәдени дамуының философиялық-гуманистік дәстүрін жоғары бағалаған және бағалайды да, ол әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік этникалық негіздерін зерттеуде орыс ойшылдарының әлеуметтік қызметінің идеялары мен тәжірибелріне сүйенген. Олар: Л.Толстой, И.Бунин, А.Чехов, Ф.Достоевский және т.б.

Х.Сведнер С.Г.Струмилин, А.С.Макаренко, В.И.Ленин, А.Колонтай, И.И.Павлов және т.б. зерттеушілердің ғылыми еңбектерін жоғары бағалады.Әлеуметтік жұмыс теориясы ұғымының негізін салушылар Ализе Соломон, Мария Гахери, Элизаветта Фрай, Джеймс Адамс, Мери Ричмонд.Бұл кезеңде әлеуметтік жұмыста фрейдизм мектебі бағыттары қалыптасты.Яғни ХХ-ғасырдың І-ші жартысында әлеуметтік жұмыстағы психодиагностикалық басымдылықпен қамтамасыз ететін Зигмунд Фрейд және оның шәкірттерінің психоанализді жақтаушылардың теориялық нәтижелерінің әсері.Фрейдизм бағыты әлеуметтік жұмыстың теориялық негізінің дамуына өз ықпалын тигізді.Қазіргі күнде Фрейдизм өзгере отырып,әлеуметтік жұмыстың теориясында жоғарғы деңгейде қолданылады.Әлеуметтік жұмыстың теорияларын қалыптастыруда педагогтардың қосқан үлес зор.Профессор Х.Сведнердің теориялық, зерттеу, білім беру аумағындағы қызметі әлеуметтік жұмыс туралы жүйелі, философиялық, гуманистік ойлардың тек Швецияда ғана емес, сондай-ақ өзге де Скандинавия елдерінде, Шығыс және Батыс Европада, Жапония мен Қытайда таралуына үлкен ықпал етті. Х.Сведнердің беделі, белсенді ғылыми оқытушы қызметі әлеуметтікжұмыс теориясының жүйелі бағытының, позициясының күшеюіне негіз болды. Тағы бір мысал келтірейік. Соңғы жылдары әлеуметтік жұмыстың когнитивті теориясы кең таралды, әрине, бұл объекті жағдайлардың әсерінен, қазіргі заман адамының әлеуметтік қорғаудың технологиялары мен заңдылықтарының теориясының өзіндік дамуы ХХғ. Жоғарыда келтірілген мысалдардан әлеуметтік жұмыстағы белгілі теоретиктердің әлеуметтік білім тармақтары сәйкес келетін әлеуметтік дамуда осы аумақтың дамуына әсер еткендігі байқалады, ХХғ. әлеуметтік жұмыс теориясының даму тенденциясының қазіргі заманғы қалыптасуына базалық ғылыми пәндері, әсіресе психология мен социология белді мамандары ықпал етті.Әлеуметтік жұмыстың көптеген әлеуметтік және психологиялық бағытталған теорияларының дамуына әлеуметтік жұмыстың таза емес теоретиктерімен қатар, социология және психология мамандары, сондай-ақ педагогтар мен психотерапевтердің қосқан үлесін атап өту қажет. Білімнің жаңа тармақтарының қалыптасуының алдыңғы сатыларына жоғарыда келтірілген

жайттардың тән болуы заңды да, себебі, біріншіден, жаңа ғылымды зертеушілер өте аз, ал екіншіден, әлеуметтік жұмыс үшін базалық пән болып есептелетін аралас пәндер білімнің жаңа аумағына табиғи түрде өз өкілдерін тартуда, әлеуметтік жұмыстың көптеген теорияларының аталуы жағынан социологиялық және психологиялық концепциялары жақын болуы да кездейсоқ емес (жүйелік, функционалды, әлеуметтік-психологиялық және т.б)

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

### **ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖАСӨСПІРІМНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ПРОБЛЕМАСЫ**

*Оспанова Айгуль Төлеухановна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

**Ғылыми жетекшісі:**  
*Атемова Калипа Турсуновна- д.п.н., доцент*

#### ***Аннотация***

*XX ғасырдың бас кезінде ғылыми білімнің ең алдымен дамыған сұраныстарының салдарынан санада интроспективтік психологияның тоқырауы байқалды. Интроспективтік психология тәжірибелік талдауды талап ететін проблемадардың алдында әлсіздік танытты.*

*Капитализмнің тез қарқынмен дамуы анықталатын тәжірибенің сұрақтарын бұрынғы субъективтік әдістермен қанағаттамдыру мүмкін болмады.*

Психология ғылымының тарихын зерттеушілердің бірі профессор М.Г.Ярошевскийдің айтуынша, сана психологиясының тоқырауы, әсіресе Францияда тоқырау басталғанға дейін ерекше кең өріс алған невропатология және психиатрия саласындағы зерттеулердің нәтижелері дайындалды. Бұл зерттеулер адам психикасына кейде санасыздық көріністер тән екендігін дәлелдеп берді. Санасыздық саласына клиникалық және эксперименталдік талдау жасалынды.

Жан-жақты зерттеу жұмысын Шарко (1825-1893) жүргізді. Оның жетекшілігімен аса дарынды француз психологі Пьер Жане (1859-1937) және психоанализ бағытының негізін салушы Зигмунд Фрейд (1859-1939) өз жұмыстарын бастады. Көрнекі француз психологі Альфред Бине объективтік әдістерді зерттеп, талдады. Ол балалардың интелектісінің даму деңгейін анықтау үшін тестілер жасады. Интроспективтік әдіс жаңа объективтік талдау және

эксперименттік зерттеу әдістерімен салыстырғанда кейінгі қатарға ығыстырылды. .

Сонымен, XX ғ. бас кезінде психиканы эксперименталдік зерттеулер психологияға сана туралы ғылым деп анықтама берудің дұрыс емес екендігін дәлелдеді.

Бұл кезеңде психологияның дамуына Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімі ерекше рөл атқарды. Дарвиннің эволюциялық ілімі бойынша, психикалық құбылыстарды қоршаған ортадан, тірі организмнің бейімделу іс-әрекетінен бөліп алып қарауға болмайтындығын дәлелдеді. Эволюциялық теорияның әсерімен бала психикасы мен жануарлар психикасын зерттеулер жан-жақты қолға алынды. Онда интроспекция әдістерінің қолдану мүмкіншіліктері шектеліп, адам психикасын зерттеуге генетикалық және салыстырмалы түрде қарауға ерекше мән берілді. Осындай қалыптасқан жағдайдан, тоқыраудан шығудың жолдары іздестіріліп, әртүрлі теориялар мен бағыттар қалыптасты. Сондай теорияларға бихевиоризм, гештальпсихология және психоанализді (фрейдизм) жатқызуға болады. Олардың барлығы бір кезеңде жан туралы ғылымның жалпы тоқырауы негізіндедүниеге келді.

**Бихевиоризм** – XX- ғасырдың бас кезінде жоғарыда келтірілген себептерге байланысты қалыптасқан психологиялық бағыттардың бірі. Бихевиоризм теориясының негізгі зерттеу нысаны сана емес, адам мінез-құлқы болып табылады. Мінез-құлық психологиясы АҚШ-та ерекше дамыды. Бихевиоризм бағытының көрнекті өкілі америка ғалымы, әрі психологі Джон Уотсон (1873-1958) болды. Ол дәстүрлі психологияның пәнін, жан құбылыстарын жаңа мінез-құлық психологиясымен өзгерту қажеттігін ұсынды.

Бихевиоризм Behaviour- деп аталатын ағылшын сөзінен шыққан, қазақшалағанда мінез-құлық мағынасында қолданылады. 1913 жылы америка психологі Джон Уотсон психологияны мінез-құлық туралы ғылым ретінде қарастырды. Жаңа бағыттың пайда болуы “Психология, оны бихевиорист қалай көреді” атты мақаланың шығуымен ерекшеленеді. Оның авторы Уотсон психология басқа жаратылыстану ғылымдарының арасында өзінің лайықты орнын алуға тиісті деп жазды. Оның айтуынша, қазіргі кезге дейін психологияның пәні және зерттеу әдісі теріс түсіндіріліп келді және психологияның зерттеу нышаны сана емес, мінез-құлық, ал интроспективтік әдістің орнына -субъективтік әдіс деп тұжырымдады. Бұл мақаланы батыс психологтары “бихевиористік төңкерістің” басталуы деп бағалады. Мақаладан кейінгі 10 жылдықта бихевиоризм толқыны барлық америка психологиясын қамтыды.

Бихевиоризм психологиядағы прагматистік бағыт, оның пайда болуы тез қарқынмен дамып отырған капиталистік экономиканың сұраныстарына байланысты. Бихевиористердің мақсаты – психологияны мінез-құлықты басқаруға қабілетті білімнің саласына айналдыру. Д.Уотсонның түсіндіруінше, бихевиоризмнің түпкі мақсаты — адам мінез-құлқын түсіндіру. Бұл үшін 3 жағдай жеткілікті деп есептеді: мінез-құлықтың өзін суреттеу, организмге әсер ететін ішкі, сыртқы дене стимулдарын және оған жауап беретіп мінез-құлық реакциясын байланыстыратын заңдарды тану. Адам жануарлардан тек мінез-құлық реакцияларының күрделілігімен, оларға жауап беретін стимулдардың әртүрлілігімен ерекшеленеді.

Бихевиористердің дәлелдеуінше, негізгі ғылыми ұғымдар болып табылатын стимул – сыртқы ортадан келетін тітіркендіргіш, реакция — тітіркендіргішке



ағзаның жауабы және стимул мен реакцияның байланысы — ассоциация. Сонымен, Уотсон санадан ғылыми категория ретінде бас тарта отырып, өзінің еңбегінде И.П.Павловтың шартты рефлекс туралы әдістемесіне сүйенеді.

Бихевиоризмнің пайда болуына америка зерттеуші-ғалымы Э.Торндайктің (1874-1949) еңбектерінің үлкен әсері тиді. Э.Торндайктің негізгі зерттеулері жануарларға жүргізілді, олар “проблемалық жәшік” деп аталатынға орналастырылды. Э.Торндайк “проблемалық жәшіктегі” жануарларлардың мінез-құлқын бақылап, байқау және қателесу әдісімен әрекет ете отырып, жануарлар кездейсоқ нәтижеге жетеді деген қорытындыға келеді. Үйрету, бейімделу реакциясын қалыптастыру бірнеше рет қайталаудың нәтижесінде іске асады (жаттығу заңы). Егер реакциядан кейін ағза үшін жағдай ойдағыдай іске асатын болса, реакция бекітіледі, стимул мен реакцияның арасында берік байланыс қалыптасады (тиімділік заңы).

Ашылған заңдылықтарды бихевиористер механикалық түрде адамға пайдаланды. Адамдардың жануарлардан айырмашылығын олар реакциясының өте күрделі сипатынан көреді.

Бихевиористер мінез-құлықтың ортаның әсеріне байланыстылығын дұрыс анықтап берді. Бірақ олардың тұжырымдамасы механикалық сипатта болды. Олар кері реакцияның тек стимулмен емес, сонымен қатар ішкі жағдайлармен байланыстылығын ескермеген.

Жануарлар психикасын зерттеуге адам мінез-құлқы моделі тұрғысынан қарау дұрыс, бірақ жануарлар мен адам психикасының сапалық ерекшелігі бұрмаланды. Джон Уотсон адамның мінез-құлқы тітіркендіргіштерге бағыныштылығы туралы ғылымды байыта түсті. Бұл байланыстылықты  $S \rightarrow R$  (стимул – реакция) формуласы түрінде бейнеледі.

Бихевиоризмнің негізіне психологиялық зерттеулердің пәні ретінде психиканы, сананы жоққа шығару жатады. Зерттеу нышаны ретінде мінез-құлықты мойындайды. Психология ғылымына мінез-құлық пен ортаның арақатынасының заңдылықтарын зерттеу ұсынылды. Бихевиористер жануарлар сияқты адам да жай тетік, машина тәріздес сыртқы ортаның әсеріне жауап береді дегенді айтады.

1925 ж. Джон Уотсонның кезекті еңбегі “Бихевиоризм” атты кітабы жарық көрді. Бұл еңбекте негізгі идея сыртқы тітіркендіргіштердің нәтижесінде кез-келген келбеттегі, мінез-құлықтағы адамды «жасауға» болатындығы айтылды. Бұл еңбекте тек туа біткен қасиеттердің мәні жоққа шығарылған жоқ, сонымен қатар жеке тұлғаның өзінің сенімі, ұстанымы және қатынастары жоққа шығарылды.

30-жылдардың өзінде бихевиоризм идеясының өміршендігі, оның мәнділігі бірте-бірте шайқала бастады. Америкада кезекті экономикалық тоқырау басталды, жаппай жұмыссыздық, халықтың жағдайы одан әрі нашарлай түсті.

Көрнекті америка психологі Роберт Вудвортс функционалдық психологияның негізін салушылардың бірі (1869-1962) болды. Ол бихевиористердің ұсынған “стимул – реакция” үлгісін жоққа шығарып, оның құрамына аралық буын – ағза мен ұстанымды енгізді, түрткі туралы ілімді талдады. Сонымен, бихевиоризм қатты сынға алынып, мінез-құлық психологиясының реформасы басталды. Ол реформаны Эвард Толмен және Кларк Халл сияқты ғалымдар басқарды, ал жаңа бағыт “необихевиоризм” деп аталды. Олардың айтуынша, психологиядан дәстүрлі ұғымдарды: образ, түрткі және т.б. шығарып тастау мүмкін емес, олар реакция мен стимулдың арасында тұрады деді.

Сонымен бихевиоризм барлық өз тарихының барсында психологияны мінез-құлық ағзасы туралы жаратылыстану ғылымына айналдыру ұранымен шұғылданды. Бихевиоризмнің және необихевиоризмнің барлық нұсқаларының негізгі кемшілігі — олардың әдіснамалық негізі позитивизм және адам механикалық философиясы. Бірақ, нәтиже көрсеткендей, осы екі әдіснамалық ұстаным негізсіз болды.

**Психоталдау (фрейдизм).** Тоқырау кезінде пайда болған екінші бағыттардың бірі психоталдау (фрейдизм) болып табылады. Оның негізін қалаған австриялық психиатр және психолог Зигмунд Фрейд. Психоталдау бағыты өкіддерінің бахевиористерден, гешталыпсихологтардан айырмашылығы психологияда ғылыми білімді құрудың үлгісі ретінде дәл және жаратылыстану ғылымдарына бағдарланған жоқ, ал олар тоқыраудан шығудың жолын медицина және психологияның өз шеңберінде табуға ұмтылды.

Фрейдизм, оның негізі мынада — адам туралы психологиялық білімді жаңа өмір шындығымен толтыруға, практикалық психологиялық, ең алдымен психотерапевтік міндеттерді шешу үшін пайдалы теорияны құруға және ақпаратты қабылдауға ұмтылды.

Фрейд өзінің ғылыми ізденістерін психотерапевтік тәжірибені талдаудан және жинақтаудан бастауы кездейсоқ емес, содан кейін жинақтаған тәжірибені психологиялық теорияға айналдырды.

Фрейдизм үшін негізгі ұғымдарға “сана” және “санасыздық” жатады. Психоталдау ілімінің болашақ тағдыры және оған көзқарас әртүрлі елдерде түрліше қалыптасты. Алғашында Фрейдтің ең жақын шәкірттері мен ізбасарлары және психиатр-дәрігерлердің кейбіреулерінен басқалары оған өте салқын қатынаста бодды. Кейіннен психоталдау бағытыш жақтаушылар Германия мен Австрияда, Еуропа мен АҚШ-та күні бүгінге дейін кеңінен таралды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында кеңес психолог-ғалымдары оған қызығушылық танытты. Сол кезде үстемдік еткен субъективтік идеалистік психология бұл ілімнен материалистік балалықтың бірден бір мүмкіншілігін көре білді. Кейін, 30-жылдары, психологиялық зерттеулерді шектеумен бірге (“Халық ағарту комиссариаты жүйесінде педологиялық бұрмалаушылықтар туралы” белгілі қаулыда) З.Фрейдтің ілімі қатты сынға алынды. Осы қаулыдан кейін біздің елімізде Фрейдтің еңбектерін аударуға және баспа бетінде жариялауға тиым салынды. Соңғы жылдары әлемде кеңінен таралған Фрейдтің психологиялық іліміне қызығушылық қайтадан өсіп отыр.

Адам мінез-құлқының басты реттеушісі сана екендігі белгілі. Зигмунд Фрейд (1856-1939) – австрия невропатологі, психиатры және психологі, психоталдау бағытының негізін салушы. Фрейдизмнің концепция ретінде қалыптасуы ХХ ғасырдың бас кезіне жатады. Психоталдау бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 20-жылдары кең өріс алды. Жеке тұлғаның құрылымында Фрейд санасыздыққа ерекше көңіл бөлді және зерттеу нысанына айналдырды. Оның айтуынша, ауру адамдар өз іс-әрекетінің түрткілерін түсіндіре алмайды: Фрейд негізін салған психоталдау әдісі санасыздықты зерттеу үшін психикалық ауру адамдарды емдеу мақсатында қолданылады.

### **Пайдалынылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.

2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.

## **ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*Ә.Б.Мауилова – ШТ-119  
Ғылыми жетекшісі- Г.К. Оспанова  
магистр, аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

### **Аннотация**

*Қазіргі қоғам толыққанды деп есептелмейді, егер қандай да бір адамдар тобына қатысты дискриминациялау бар болса. Мысалы, А.Д.Уорд бойынша, «кез-келген, әділеттілікке және адам құқықтарын сақтауда халықаралық ережелерге ұмтылатын мемлекет, барлық балаларға қажеттіліктері мен қабілеттеріне сай, білім беруде заңдарды басшылыққа алуы керек. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты, мұндай мемлекет оларға жас ерекшеліктеріне сай білім алу мүмкіндігін іске асыру міндетті.*

Инклюзивті білім беру тұрақты даму, қоғамдағы қалыптылық, күрделеніп келетін қоғамда адамның әлеуметтенуінің негізі болуы тиіс. Адамдардың әлеуметтену мен бейімделу мүмкіндіктері өмірлік жағдайлар мен жеке тұлғалық қасиеттерге тәуелді емес, олар білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Білім беру сөзінің мағынасын кеңінен қарастыратын болсақ – ол адамның пайда болуы, оның өмірінің ерекшеліктері, өмірлік тәжірибені жинақтауы, ал мұның барлығы нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларда индивидуалды-жекетұлғалық капиталдың өсуіне қажет болады. Инклюзивті білім берудің терендігі, жылдамдығы және материалдық тұрғыдан аса үлкен салымдарды қажет етпейтіндігі, оның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәселелерді нәтижелі шешуге әсер ететін аймақтардың бірі болуын анықтайды. Әлемде өзінің экономикалық және мәдени прогресімен инклюзивті білім беруге міндетті емес бір де бір мемлекет жоқ. Инклюзивті білім беру әр балаға оның мектепте оқу көрсеткіштеріне сәйкес немесе сәйкес еместігіне қарамастан, білім алуға құқық береді. Балалар ұжымда өзара байланысқа түсіп, қарым-қатынас ережелерін меңгереді, педагогпен бірге шығармашылық тұрғыдан білім алу мәселелерін шешуге үйренеді. Сенімділікпен айтуға болатыны, инклюзивті білім беру барлық балалардың жекетұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтеді, адамгершілік, толеранттылық, көмекке келу қасиеттерін қалыптастыруға, дамытуға жағдай жасайды.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытудағы жалпы білім берумен қатар түпкілікті мақсат – әлеуметтендіру және өзін-өзі іске асыруы, тез өзгертін әлемде өмір сүруге үйрету, өмір бойы оқу. Сонымен бірге, білім беруге ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға білім беруге қатысты ерекше мақсаттары да анықталған:

- Көзі нашар көретін тұлғаларға – оқуға және жазуға арналған арнайы құралдарды меңгеру, кеңістікте бағдарлау;

- Есту бұзылыстары бар тұлғаларға – ауызша сөзді сөйлеушінің ерін қимылынан түсіну және қалдық есту қабілетін пайдалану дағдыларын үйрену, сөйлеу тілін дамыту;

- Ақыл-ой бұзылыстары бар тұлғаларға – барлық психикалық функцияларын түзету және дамыту, әлеуметтік ортаға бейімделу, өзін-өзі жұмыспен қамтуға дайындау;

- Қимыл-қозғалыс аппаратының бұзылыстары бар тұлғаларға – толыққанды өмір сүруге қажетті барлық дағдыларды барынша меңгеру;

- Сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар тұлғаларға – сөйлесудің коммуникативтік дағдыларын меңгеру.

Естімейтін, нашар еститін, кейіннен естімей қалған оқушыларды оқытуды ұйымдастыру

Естімейтін (саңырау) балалардың ерекшелігі :

Саңыраулықта есту аппараты бөлігінің дыбысты қабылдау қызметі бұзылады, негізгі сөйлеу жиілігі 80-85 дБ-ден төмен емес орташа қабылдау шегінде аудиометрдің үнді қабылдауы көбінесе 125 – 4000 Гц арасында өзгеріп отырады. Есту қабілеті ерте бұзылса және ауыр болса баланың психологиясы және сөйлеу тілі тежелуі айқын. Сөйлеу тілінің дамымауы есту қабілеті нашар балалардың психологиялық процестерінің дамуына теріс әсер етеді, олардың танымдық қызметінің өзгеруіне алып келеді. Қазіргі уақытта сурдопедагогикада жалпы білім беру деңгейінде естімейтіндердің еститіндермен тең дәрежеде оқуына мүмкіндік беретін, естуқабілетінің бұзылу салдарын жеңілдететін арнайы тәсілдер әзірленген. Тілдің лексикалық қорын, оның грамматикалық заңдылықтарын меңгеру, қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеру естімейтін әлемдегі өмірдің әлеуметтік проблемаларын кеңінен шешуге мүмкіндік береді. Белгілі болғандай, оқу-танымдық қызмет есту қабілеті тұрақты бұзылған балаларға даму мүмкіндіктерін береді. Ол естімейтіндердің танымдық қызығушылығын және зияткерлік қабілеттерін дамытады, оқуға әлеуметтік себептерін қалыптастырады. Меңгерген ғылыми білімі, жалпы оқу және арнайы біліктілігі балалардың ой-өрісін кеңейтеді, жан-жақты дамуы үшін жағдай жасайды. Қалыптасқан ауызекі сөйлеу және психикалық процестерді дамыту, толығымен естімейтіндердің білім деңгейін жетілдіруге ықпал етеді, негізгі орта білім беруді қамтамасыз етеді.

Көрмейтін және нашар көретін балаларды оқытуды ұйымдастыру

Көрмейтін және нашар көретін балалардың ерекшеліктері

Көрмейтін (зағиптар) деп көру көмегі арқылы зат формасының сұлбасы мен жарықты сезінуді қабылдау мүмкіндігі толықтай жоқ балалар есептеледі. Мұндай екі көзінен толық айрылу (тотальді) болып саналады. Бұлардың қатарына көру аймағы 10% көретіндер де жатады. Медициналық зағиптықтан практикалық зағиптықты ажырата білу қажет, жарықты сезгіштігі немесе қалдық көруі бар, жарықты, заттардың сұлбасын, түстерін қабылдай алуы, қалғандары медициналық зағиптыққа жатады. Практикалық зағиптық (қалдық көруі бар) кәдімгі түзету құралдарын (көзілдірік ) қолдануда көру ұшқырлығы жарықты сезінуі 0,05 сипатталады. Тотальді көрмейтіндер қалдық көруі бар (нашар көретіндер) Брайл жүйесі бойынша жазатын және оқитын балалар. Қалдық көруі кеңістікте бағдарлауға және дыбысты естуі арқылы қабылдауға көмек береді. Аталған

категориялардағы балаларды оқыту арнайы сыныпта және кәдімгі сыныптарда да ұйымдастырыла беруі мүмкін. Зағип және нашар көретін балалардың даму процесі көретін балалар сияқты бір заңдылыққа бағынады. Алайда, көруден айрылу немесе қалдық көруі бар балаларды дамытудың кейбір ерекшелігін ескеруді талап етеді. Олар заттар мен құбылыстарды көзбен шолу сипатындағы - жарықты, түсті т.б. бақылау мен қабылдаудың қиындығын сезінеді. Оларда кеңістік белгілерін, орналасуын, бағытталуын, қашықтығын, көлемін, нәрсенің бедерін т.б. бағалауда үлкен қиындық келтіреді. Мұның барлығы зағип балалардың сезу тәжірибесін азайтады, яғни кеңістікте бағдарлауын әсіресе қозғалыс барысын қиындатады, сенсорлық және интеллектуальдық қызметінің үйлесімді дамуы бұзылады.

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларды оқытуды ұйымдастыру

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың ерекшеліктері

«Тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуы» (ТҚАБ) ұғымы жинақтамалық сипатқа ие және өзінің құрамына органикалық орталықты немесе шеткері пайда болған қимыл-қозғалыстық бұзылуды қамтиды. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларды келесі санаттарға бөледі:

- балалардың сал ауруы (БСА);

- қалпына келген немесе қалдықты кезеңдегі полиомиелиттің салдарынан;

- миопатиямен;

- туа біткен және жүре пайда болған ақыл-ой кемістігінің және тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуымен. ТҚАБ балалардың қимыл әрекетінің бұзылуынан басқа интеллектуалды даму кемістігі де байқалуы мүмкін: балалардың 40-50%-ында психикалық дамуының тежелуі болса, барлық балалардың 10%-ға жуығында – түрлі сатыдағы ақыл-ой кемістігі байқалады. Бұл кемістіктер мидың зақымданумен түсіндіріледі, сонымен қатар қозғалыс белсенділігінің шектелуі және дамудың қосымша бұзылуларының нәтижесінде пайда болатын депривацияның (қорқыныш) салдары болып табылады. Психикалық дамудың тежелуі ойлау қызметі қалыптасуының артта қалуында, түрлі психикалық функциялардың біркелкі дамымауында, астениялық (ағза әлсіздігі) жағдайлардың айқын байқалуында көрініс табады. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларды оқытуды ұйымдастыру Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктері «Сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы» (СТКБ) ұғымы сөйлеу функциясы бұзылуының әртүрлі түрлерін біріктіреді. Қарастырылып отырған санатқа жататын балалардың басым бөлігін сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалар құрайды. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) балаларда сөйлеу жүйесінің барлық: фонетикалық, фонематикалық және лексика-грамматикалық компоненттерінің қалыптасуының бұзылуымен сипатталады. СТЖД балаларда сөйлеу тілі дамуының патологиясы байқалады. Мектепке дейінгі жаста сөйлеу тілі дамуының кеш басталауы, сөйлеу тілі дамуының тежелуі, жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін шектеулі сөз қоры, тілдік грамматикалық құрылымы қалыптасуының бұзылуы, дыбыстарды айтудың және фонематикалық қабылдаудың бұзылуы СТЖД негізгі белгілері болып табылады. Сонымен бірге бұл санаттағы балалардың есту қабілеті сақталатынын және белгілі жасқа арналған қаратпа сөзді түсініп, қабылдай алатындарын атап өту қажет. СТЖД бар балалардың сөйлеу тілінің дамуды түрлі деңгейде болуы мүмкін. Тілдік дамудың үш деңгейін бөліп көрсетеді (Р.Е.Левина). Әр деңгейге диагностика бала үш жастан асқаннан кейін жасалуы мүмкін. Тұтығу, ринолалия

(дыбысты айтудағы кемістік) және дисфонияның (дауыс сапасының бұзылуы) ауыр түрлерімен ауыратын балалар сөйлеу қабілеті күрделі бұзылған оқушылардың ерекше тобын құрайды. Аталған жағдайлардың әрқайсысы негізгі кемістікте өзіне тән көрініске ие.

Мысалы:

Кекештену – бұл сөйлесу кезінде селкілдек тырыспа түрінде, ринолалияда – дыбыстарды айтудың және фонематикалық қабылдаудың бұзылуынан, дисфонияда – дауыстың бұзылуынан байқалады. Алайда, бұл оқушылардың жалпы білім беретін мектеп жағдайында білім алу процесін қиындататын, осы санаттағы балаларға ортақ ерекшеліктер де байқалады. Бұл ерекшеліктердің арасынан сөйлеу және мінез-құлықтық негативизмді (қарама-қарсы теріс әрекет) атап өту қажет, аталған ерекшеліктер баланың әлеуметтік бейімсізденуіне, оқуда үлгермеушілігіне, тұлға жүйкесінің жұқаруына (ашушаң болуына), бейәлеуметтік тәртіпке, мектепке барудан бас тартуға әкеледі. Оқушыларда сөйлеудің өзіндік қисынды құрылымы, оқу және жазу барысында өзіне тән тұрақты қателер, эмоционалдық-еріктік жүйенің қалыптасуында ауытқулар байқалады. Психикалық дамуы тежелген балаларды оқытуды ұйымдастыру Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктері «Психикалық дамудың тежелуі» (ПДТ) ұғымы орталық жүйке жүйесі аздап органикалық немесе функционалды бұзылған, сондай-ақ ұзақ уақыт депривацияға (қолайсыз әлеуметтік ортада) ұшыраған балаларға қатысты қолданылады. Бұған эмоционалды-ерік саласы жетілмеу және таным әрекетінің дамымауы тән болып табылады. ПДТ балаларда танымдық қызығушылығының жеткіліксіз көрінуі жадысының бұзылуы, есту және көру түйсігінің жетіспеушілігі, нашар қозғалуымен үйлеседі. Қол буындары қозғалуының кішкене дифференциалдануы жабыстыру, сурет салу, құрастыру, жазу әрекетінің нәтижесіне теріс ықпал етеді. Танымдық белсенділігінің төмендеуі балаға қажетті мектептегі оқытудың алғашқы баспалдақтарында жасына сәйкес қоршаған орта, практикалық дағдылар туралы білім қорының шектеулілігін тудырады. Сөздің өрескел жетілмеуі дыбыс шығарудың бұзылуын, сөздіктің жұтандығы және жіктелуінің жеткіліксіздігін, логикалық-грамматикалық құрылымын игерудің қиындықтарын тудыруы мүмкін. Көптеген балаларда фонетикалық-фонематикалық қабылдауының жеткіліксіздігі, есту, сөйлеу жадысының төмендеуі байқалады. Психикалық дамуы тежелген балалар дамуындағы тежелудің көріну деңгейіне және себептерінің әртүрлілігіне байланысты біртекті топқа жатпайды. Т.А.Власов, М.С.Певзнер, К.С.Лебединский т.б. жүргізген клиникалық және психологиялық зерттеулер балалардың психикалық тежелуін төрт топқа бөлуге мүмкіндік берді: конституционалды, психогенді, соматогенді, церебралды-органикалық пайда болуы.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуды ұйымдастыру

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың ерекшеліктері

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың санатына бас ми қабығының диффузды органикалық зақымдануы салдарынан танымдық іс-әрекетінің және эмоционалдық-ерік өрісінің тұрақты бұзылуы бар балалар жатады. Бұзылыс белгілерінің көрініс беру дәрежесі зақымдалудың ауырлығына, оны таратпау ерекшелігіне, сондай-ақ зақымдалу уақытына байланысты. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың ерекшелігі – жоғары психикалық функцияларының, мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін реттеуінің бұзылуы болып табылады. Ең алдымен, танымдық процестер зардап шегеді: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял, сөйлеу, зейін.

Эмоционалдық-ерік өрісінің, моторикасының және жалпы адамның бұзылуы байқалады. 1994 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (АХЖ-10 ДДҰ) қабылдаған жіктеуге сәйкес, ақыл-ой кемістігі зерденің төмендеуінің төрт (негізгі) деңгейін қамтиды: жеңіл (F70), орташа (F71), ауыр (F72) және терең (F73). Мектепте оқыту жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін ұйымдастырылады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалар санатына танымдық қызметі менойлауының күрделі формаларының жетілмеуі жекелеген талдамалардың өрескел бұзылмаған және эмоционалдық-ерік өрісінің салыстырмалы түрде бастапқы сақталған дебильтіктің жеңіл және орташа дәрежелі олигофрениясы бар балалар жатады. Бұл балалардың айрықша ерекшеліктері – мінез-құлқының салыстырмалы сақталуы жағдайында оларға түсінікті тапсырмалар аясында мақсатты бағытталған әрекет ету қабілеті болып табылады. Есту қабілеті қалыпты болған жағдайда және сөйлеу органдарының құрылымында айқын ауытқулар болмаған жағдайда оларда экспрессивті және импрессивті сөйлеуінің дамуы тежеледі, моториканың ең күрделі түрлері дамымай қалады.

Арнайы педагог білім, білік, дағдыларын меңгеру және оқу қызметін іске асыруда белгілі қиындықтар тудыратын қызметі бұзылуының салдарын еңсеру болып табылатын ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізеді. Есту қабілеті бұзылған оқушылармен жұмыс барысында арнайы педагог сондай-ақ есту арқылы қабылдау, сөйлесім әрекеті, коммуникациялық қызметін дамытуға бар күш жігерін салады. Көру қабілеті бұзылған оқушылар көру арқылы қабылдауын дамытуға, кеңістікті тұспалдау, әлеуметтік-тұрмыстық тұспалдауға мұқтаж. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалармен жұмыс мазмұны коммуникативтік қызметінің қалыптасуы, көру-моторлы үйлестіру және моторика, кеңістікті тұспалдау, танымдық қызметін дамыту болады.

Логопед-мұғалім қызметінің негізгі міндеттері оқылым және жазылым процесіне қатысатын коммуникациялық дағдыларын қалыптастыру, жоғары психикалық қызметін дамыту, оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің кемістіктерін еңсеру болып табылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға қатысты қамқорлық сақтық педагогикалық тәртіпті ұйымдастыру қажеттілігі олардың орталық жүйке жүйесінің жетілуі мен қызмет етуінің кемістігі, сонымен қоса соматикалық әлсіздігімен байланысты. Соның салдарынан оқушылар дене қызметі мен ойлау жүйесіне күш түсуінен тез шаршап әлсірейді. Ал ол балалардың соматикалық саулығы мен оқу қарекетінің нәтижесіне кері әсер етеді. Қамқорлық сақтық-педагогикалық тәртібіне келесідей факторлармен жетеді:

- сыныптың аз толымдылығы;
- оқушының барлық мектеп қауымдастығын қабылдауының психологиялық жайлы ортасын қалыптастыру;
- оқушымен жеке және топтық оқу іс-әрекетінде жетістіктерін қамтамасыз ету;
- эмоционалды олықлық, психофизикалық жүктеменің алдын алу;
- психологпен арнайы релаксациялық, психотерапиялық сабақтар;
- әр сабақ барысында (20-25 минутта) емдеу-түзету іс-шараларымен 5 минуттық динамикалық үзілістер өткізу; ауысым арасында (әр сабақ арасында 10 минуттан кем емес және үшінші сабақтан кейін 20 минуттық үзіліс);

-оқушылардың жұмысқа қабілеті мен қабылдау ерекшеліктерін есепке ала отырып, сынып бөлмелерін ерекше безендіру.

Мақала тақырыбын ашып,оны қорытындылай келе, біз ел болып, етек жинаған еңселі ел ретінде, қоғамдағы жайттар басты назарда болу керек. Ең алдымен мүгедек, жарымжан балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасау қажет. Сондықтан,осындай кемшіліктерді анықтайтын шағын кабинеттер ашып, арнайы жұмыс жүргізіп, әр баланың қабілеті мен даму мүмкіндігін анықтаса, оларға арнайы түзету жұмыстарын жүргізіп, үй жағдайында өсіріп тәрбиелеуде ата-анаға ақыл-кеңестер берілсе,бұл да -мүмкіндігі шектеулі балалар үшін атқарылған игі істің бірі болар еді.

Өйткені ,ата-ана бұл жағдайды басынан бір жақты болып өткеруде, бұл кезде ата-анаға арнайы маманның көмегі, ақыл-кеңесі және балаға аялы алақанмен жан жылуы, ары қарай бұл жағдаймен күресуіне маманның түзету жұмысының көмегі қажет екені баршаға аян.

Жарымжан балаларды оқыту процесінде ерте бейімдеудің маңызы зор. Тек оқытып ғана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау қызметін тарту қажет. Жалпы, баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды.

Мұғалім білім беру ісінде әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың нақтамасына қарай жұмыс жүргізсе бұл да түзету жұмысының бір қыры болары сөзсіз. Әр оқушымен жеке жұмыстану Осындай орталықтар жұмысын жүйелеп отыратын, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін медициналық-педагогикалық орталықтарды көптеп ашса, кемтар балаларды зор қуанышқа бөлер еді.Сондықтан,даму мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан қалдырмай, олардың қоғамда бейімделуіне ат салысу қай азаматтың болса да, қай елдің болмасын басты парызы.

### **Библиографиялық тізім:**

1. Макаров А.О. Модель социально-педагогического сопровождения семейного воспитания ребенка с ограниченными возможностями здоровья.
2. Методические рекомендации по системе критериального оценивания учебных достижений детей с ограниченными возможностями. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015.
3. Сүлейменова Р.А. «Проблемы и основные тенденции развития специального образования в Республике Казахстан».
4. А.Қ. Жұмабаева «Инклюзивті білім беру бойынша мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтер үшін әдістемелік нұсқаулық» Маңғыстау облысы 2017ж.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҰРЫС ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Оспанова К.,  
Амангельдиева Ж.*



### **Аннотация**

*Қазіргі кезде оқушылардың да тіл байлығы тапшы. Өз ойын дәл жеткізіп бере алмайды, жазбаша сауаты нашар, тіл тазалығы мен тіл мәдениетіне қатынасы талапқа сай емес. Мақалада баланың мектепке келген алғашқы күнінен бастап, тіпті отбасында тіл тазалығына, сөйлей білуге, ойды жинақтап айта білуге дағдыландыру қажет екендігіне назар аударылған.*

Қазіргі мектеп бағдарламасында тіл байланысын дамыту деп аталатын жұмысқа ерекше назар аударылып отыр. Бұл жұмыста, өмір талабынан, өмір, тұрмыс қалауынан туындаған мәселе. Қоғамның, оның мүшелерінің жалпы мәдениеті көтерілген сайын өмірдің сан-саласында қолданылатын тілдің мәдениеті де көтеріліп, сөйлейтін я жазатын ойды әрі айқын, әрі жатық, әрі мәнерлі етіп құрауды қалайды. Бұл үшін оқушының тілін ауызша да, жазбаша да дамыту қажет.

Ана тілі байланысын дамытудың ғылыми дәрежесін көтеру мәселелерінің бір жағы қазақ тіл біліміне, екінші жағы педагогика мен жеке әдістемеге байланысты. Қазіргі тіл ғылымы ана тілін мектепте оқытуға міндетті мәселенің ғылыми жағынан айқындап, тұжырымдап береді. Дегенмен, оқушылардың практикалық өмірінде сөйлеу, жазба тілдерінде ол қылықтар көп кездеседі. Қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларына қарағанда, жоғары сынып оқушыларының да тіл байлығы тапшы. Өз ойын дәл жеткізіп бере алмайды, жазбаша сауаты нашар, тіл тазалығы мен тіл мәдениетіне қатынасы талапқа сай емес. Сондықтан «баланы бастан» деп халқымыз айтқандай, баланың мектепке келген алғашқы күнінен бастап, тіпті отбасында тіл тазалығына, сөйлей білуге, ойды жинақтап айта білуге дағдыландыруымыз керек. [3].

Баланың ауызекі сөйлеу тіл байланысын дамыту әрқашан әдістеме тарихында қаралып отырды. Оның маңызы, қажеттілігі айқындалды. Бірақ ауызекі сөйлеу тілін дамыту арнайы зерттелмеді. Әсіресе, ауызекі сөйлеу икемділіктерін дамытудың негізгі атаулары мен категориялары, жұмыс салалары, оқытудың мазмұны, көлемі, әдістемесі нақтыланбады. Сондай-ақ ауызша сөйлеу әрекетін дамыту әдістемесін жасау болып табылды.

Бұл еңбектің міндеттері:

-ауызекі сөйлеу тіл байланысын дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау; тілді игеру жұмысының мазмұнын, көлемін және оның жүйесін қатысымдық әрекет негізінде белгілеу; сөйлеу тілін дамытудың әдістемесін жасау.

Бұл құрамда мынадай ғылыми-зерттеу әдістері пайдаланылады: ауызекі сөйлеуді дамытудың мәнін, мазмұнын, көлемін анықтауға байланысты философиялық, психологиялық, лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау; оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдысын анықтауда қазіргі қолданылып жүрген оқу құралдары мен мұғалімдер тәжірбиесін зерттеу. зерттеу жұмысы

барысында, бақылау, әңгіме, оқушылардың ауызша жауаптары мен жазбаша жұмыстарын талдау пайдаланылады; анкеталық және статистикалық әдістер қолданылады. Сөйлеу әрекетінің икемділіктері мен дағдылары және тілдік қарым-қатынастың түрлері.

«Сөйлеу әрекеті»- («речевая деятельность») әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Көптеген ғалымдар зерттеу нысандарына қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Мәселен, лингвист-ғалымдар сөйлеу әрекетімен тілдің ара қатысын сөз етсе, психолог сөйлеу әрекетінің жалпы ми арқылы өту үрдісін, жүру бағытын зерттейді. Физиолог оның жұмыс істеу механизмдерін, құралдарын, қызметін тексереді. Психолингвист сөйлеу әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тілдік тұлғалардың санамен байланысын, сөйлеу мүшелерінің ойға қатысты қимыл-қозғалысын дәлелдейді[3].

Әдіскер болса, ол осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуды және ұйымдастыруды жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді. Бұл саладағы ғалымдар кімді оқытатынын; оларды неге үйрету керектігін; не үшін, не мақсатпен және қалай оқыту қажеттігін қарастырады. Тілші-әдіскерлердің ең бірінші мақсаты сапалы оқытудың жолдарын табу, яғни қалай оқытсақ, ісіміз жақсы нәтиже береді-деген сауалға жауап іздеу. Соны практикалық жағынан дәлелдеп, теориялық тұрғыдан жүйелеп көрсету.

Адамның сөйлеу әрекетін көптеген авторлар белгілі бір хабарды, ойды, ақпаратты баяндау, яғни екінші біреуге жеткізу деп түсіндіреді. Немесе тілдік қарым-қатынас дегеніміз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы белгілі бір ақпаратпен алмасуы деген пікірді айтады. Рас, адамзат тілінің ең басты қызметінің өзі ойды, хабарды жеткізу. [4].

Сөйлеу кезінде адам қалай болса солай айта салмайды, ол ең алдымен ойлауды басынан өткереді, сырттағы нысанды шындық санаға, ойға әсер етіп, пайымдау туғызады. Сол адам миының ойлау үрдісі арқасында нені айту керек, не туралы сөйлеу қажеттігі жөнінде нақтылы сөз жасалады.

Сонымен бірге Оразбаева: «Адам не туралы сөйлейтінін, тіл арқылы нені жеткізетіндігін білгенмен, тілді сол сияқты сөйлеуді өзіне бағындыра алмайды, яғни сөйлеу әрекеті, адамның сөйлеу тілі өзіне тәуелді емес, ол-табиғат берген, жаратылыстан туған күрделі процесс. Адам сөйлеуді жетілдіреді, дамытады, оның заңдылықтарын қарастырады, бірақ сөйлеу тілін өзі жасай алмайды. Осыдан сөйлеудің тілдік қоғамдық-әлеуметтік сипатымен аңғарылады.»-деп көрсетеді.

Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас деген ұғымды білдіру арқылы бұл сөздің мағынасы әлдеқайда кеңейді. Сонымен қатар «коммуникация», «коммуникативтік» термині соңғы жылдары лингвистикада ғана емес, одан басқа да барлық ғылым салаларында кеңінен қолданылып келеді. Бұл сөздің тілге, сөйлеуге қатысты алғашқы мағынасы «қарым-қатынас», тіл арқылы түсінісу, пікірлесу дегенге саятын болса, кейінгі кезеңдерде бұл ұғым одан әлдеқайда тереңдей түсті. Мәселен, тілдік коммуникация-тіл арқылы сөйлеу, ұғынысу дегенді білдірсе, қоғамдық коммуникация-қоғамдық байланыс қоғамдағы қарым-

қатынас дегенді аңғартады, ал саяси коммуникация-саяси өмірдегі байланыс саясатқа қатысты қарым-қатынас дегенді байқатады.

«Коммуникативтік» термині жай тілдік қарым-қатынас ғана емес, одан да гөрі терең мәні бар қоғамдық-әлеуметтік тілдік қатынас деген ұғымды білдіреді. Қоғамнан тыс адам болмайтыны сияқты, адамнан тыс тіл де болмайды. Бірақ ол тіл-жеке адамның тілі емес, белгілі бір қоғамда өмір сүруші адамдардың дара түсінісу, сөйлесу құралы. Сондықтан тіл әрі қоғамдық, әрі коммуникативтік қасиетке ие болады.

Қорыта келгенде «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарлау, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу үрдісін тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасында қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.[5].

Сонымен «коммуникация»-қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді, ал біз бұл терминнің баламасы негізінде «қатысым» деп қолдандық.

Қарым-қатынастың түрлері көп. Тілдік қатынас-тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу, яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді.

Тілдік қатынас-сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсіну дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі, ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының негізі дегенді білдіреді.

Өмірде адамдар тек қана сөйлесу арқылы ғана бір-бірімен сөйлеспейді, кейде әртүрлі жағдайларға байланысты олар бір-бірін тілсіз-ақ ұғып, соған қарай іс-әрекет жасайды.

Мәселен, көшеде келе жатқанда, адамдар түрлі жарық көздеріне, естілген дыбыстарға назар аударып, соған өздерінше жауап қатады, соған сай әрекет жасайды. Сол сияқты жол белгілерінің әртүрлі үлгілері немесе таңбалары адамға белгілі бір жайдан хабар береді де, адам оны қабылдап, түсінісіп, осыған байланысты қозғалады.

Педагогтың кәсіби сөзі- бұл тәрбие мен білім берудің негізгі құралы. Мектеп оқушыларымен қарым қатынас орната білу іскерлігі кәсіби білім және кәсіби қатынас, бұл кез келген ұстаз үшін таптырмас құрал болып табылады. Болашақ ұстаздың тіл және сөз шеберлігі, білім жүйесінің Мемлекеттік стандартында қаралған, және осы оқулықтың «Орыс тілі және сөйлеу мәдениеті» атты бөлімінде толық әрі жан жақты қамтылған. Біз бұл жүйені (стандарттық) талдау кезінде, мұны оқып үйренудің әртүрлі жолдары барын байқадық мысалы: риторикалық, ортологиялық жолдар.

Бұл оқулықта кезінен «риторика – стилистика концепсиясы қамтылған. Кәсіби қарым қатынаста сөйлей білу, бұл ұстаздың риторикалық сөз өнерін жетік білуі арқылы жүзеге асады.

Бұл оқулықта осы айтылған жайлар толығымен қарастырылған, сонымен қатар: тіл және сөз, орыс әдеби тілінің нормасы сөз сөйлеу байланыстары, қарым қатынастың түрлері мен формасы сөз қызметі, мәтіні, сөздің стилистикалы және функциялық түрлері, сөздің коммуникативтік сапасы, сөз жанры, сөз сөйлеуге дайындалудың моделі мен жолдары. Әр бөлігі мен курс түсінігі білім жүйесінің негізгі компоненттері болып табылады. Сөз сөйлеу білім, таза әрі терең теориялық білімді қажет етеді.

Оқулықтың немесе осы кітаптың стилі төмендегідей, ғылыми публистикалық, ресми тіскерлік бұлар: болашақ ұстаз маманға теориялық кәсібилік жағынан таптырмайтын мәдени сөйлеу құралы болып табылады. Осы оқулықтың «Ұстаздың сөз сөйлеу мәнері, оның сапасы және стилі мен жанры» атты бөлімінде сөз өнері жан жақты қамтылған.

Осы оқулықтың ұстаздың шебер сөз сөйлеуде «риторикасың дайындық моделі» атты бөлімінде ұстаздың жалпы мәдени, кәсіби дайындығы жайлы жазылады.

Орыс әдеби тілінің нормалары туралы мәліметтерді жүйелеу таза қолданбалы маңызға ие. Авторлар оқулықтың стилистика риторикалық мақсатын, сондай-ақ баспадан шығарылған оқу материалдарының көп мөлшерін ескере отырып, орфографиялық және пунктуациялық нормалармен арнайы жұмыс жүргізу міндеттерін қойған жоқ.

Курстың мазмұны түрлі жанрлар мен стильдегі кәсіби педагогикалық сөз сөйлеу мәнерін талдауға қатысты мысалдардың негізінде барынша ашылады. Әр бір бөлімге жүктелген міндеттер сөзді талдау білу, (іскерлігін қалыптастыруға) әдеби тілдің нормаларын ескере отырып, педагогикалық жағдайлар кезінде оны ұйымдастырудың түрлі модельдері мен тәсілдерін пайдалана білудің іскерлігін қалыптастыруға бағытталған.

Педагогикалық (ұстаздың) сөз сөйлеу оның сапасы, стилі мен жанры. Сөз қатынасы оның түрлері мен формасы.

Ұстаз бен оқушының арасындағы қарым қатынас негізінен ұстаздың сөз сөйлеу шеберлігіне тікелей байланысты. Ұстаздың сөз сөйлеу шеберлігі арқылы ғана оқушымен арада болатын тығыз қатынастың, ұстаз білімінің, ғылыми ой жүйесінің адамнан адамға (ұстаздың оқушыға) берілуі тең ұстаздың білікті де тиянақты білімі арқылы белгілі.

Сөз сөйлеу, сол арқылы әр түрлі қарым қатынастар жасау әрбір мәдениетті адам үшін қажет болса, бұл айтылған жәйлар ұстаз үшін ауадай қажет екенін білеміз. Ұстаздың сөз сөйлеу мәнері қатынасы, оның негізгі кәсіби мамандығының қайнар көзі болып табылады. Сөз сөйлеу қатынасы мына төмендегі түсініктермен тікелей байланысты лингвистикалық түсініктер «тіл» «сөз» екінші жағынан сөзге қатынасқа қатысушылар «қатынас байланыс шарттары сөз арқылы қатынаста байланыстын тіл немесе тілден басқа да байланыстар болады.

### **Библиографиялық тізім**

1. Сарыбаев Ш.Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. – Алматы: Білім баспасы, 2011. – 123 б.
2. Тілеуова С. Жоғары мектеп педагогикасы, Шымкент, 2014, -140 б.
3. Шаханова Р.Ә. Техникалық оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: фил. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2012. – 45б.
4. Әбдікәрімов Т.М. «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулықтарында мәтін түзудің ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2007. – 35б.

## **ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

*Отарбаева Жанар Қонысбайқызы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Базарбаева Клара Коңаровна -к.п.н. доцент*

### **Аннотация**

*Республикада білім беру жүйесі қоғамдауымен байланысты дамып, жетіліп отыруы анық. Қазіргі уақытта мектеп реформасына көптеген біржақты өзгерістер енгізіліп, мектеп ісінің ішкі-сыртқы жүйесі түгелімен жаңаруда. Біз бүгінгі күні әлемдік білім беру жүйесіне негізделген басым бағыттарды ұстануда ең алдымен мұғалімдерді жаңаша оқытуға бағыттауымыз қажет.*

Дамыған елдерді білім беру жүйесіндегі тенденциялардың бірі – білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы. Білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Білім беру реформасы мұғалімнің жаңа мәртебесін – шығармашылық ой-өрісі кең, жаңа жағдайдағы жұмысқа әзір мұғалім-зерттеушіні қалыптастыруды талап етіп отыр. Ол оқытуға бағытталған жеке басқа бағдарланған, өзіндік және білікті тәсілдерінің әдістемелік негіздері мен оны іске асыру тетіктерін, пән бойынша білім беру мазмұнының базалық, кәсіби деңгейін, өткізетін сабақтар мен бейіндік, бейін алдындағы курстарды әзірлеу әдістемелерін білу керек. Сондықтан басқару жүйесінде әдіснамалық жұмыс білім қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін көтерудің және оқу-тәрбие жұмысын басқарудың негізгі құралы болып табылады. Адами қасиеттерді дамыту, бала бойына сіңіру мен қалыптастыруда мұғалімнің алатын орны ерекше десек, мектеп басқарушылары мұғалімнің қоғамдағы белсенділігін арттыру үшін кәсіптік мәртебесі және әлеуметтік беделіне, шығармашылығына көңіл бөлу керек. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру жағын кеңіне қарастырған жөн.

Ұжымда әдістемелік жұмыстардың мазмұнын, жоспарын, іс-шараларды жүргізу әдістерінің тиімділігін үнемі талдап отыру әдістемелік көмек көрсету жұмысын ары қарай жақсартуға және оны дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан білім беруді басқару жүйесінде келесідегідей жұмыстар үнемі назарда болу қажет:

-жүргізілген іс-шараларға нақтылы баға беру, қабылданған шешім дәлелді болу, жұмысты дұрыс жоспарлау;

ұжымның жағдайы мен қажеттілігін ескеру;

әдістемелік жұмыстың кезеңдерінің тығыз байланыста болуы;

ұжымдық және жекеше жұмыс түрлерінің өзара байланыста дамуы;

мұғалімдерді мазмұны мен түрі жағынан бір-біріне жақын іс-шараларға қатыстыру.

Яғни, әдістемелік жұмысты ретке келтіруде оның қалыпты жағдайын зерттеп, ұйымдастырушылық құрылымын, мақсат, міндеттерді дұрыс анықтау қажет. Педагогика ғылымында мектепті басқару – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ол жайлы ғалым-педагог Н.Д.Хмель өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық процесті басқару дегеніміз әлеуметтік жүйені басқару» -деп көрсеткен. Қазіргі заман мектебі – күрделі де кіріктірілген жүйе, ол оқушылардың, оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің (директоры, оның оқу және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары), оқу-тәрбиелік және қызмет көрсететін адамдардың іс-әрекетінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады. Сонымен қатар, мектеп дегеніміз – мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы, олар білім беру жүйесін мемлекеттік тәрізден басқарудың объектілері болып табылады. Қазіргі мектепті өзара байланысы бар, ішкі құрылымы және социуммен белгіленетін тұтас әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Ол өзара тығыз байланысты екі жүйеден тұрады: басқарушы және басқарылушы. Бұл қазіргі кез-келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі мектеп директорының тікелей басқару іс-әрекетінде көріну керек. Мектеп басшылығы мен мұғалімдерден тұратын басқару жүйесі жетекші болып келеді. Басқарылушы кіші жүйеге оқушылар мен олардың ұйымдары жатады.

Мектепті басқарудың басты мәні – оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтижені алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты бағытталған ықпал етуінен тұрады.

Адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды. В.Г.Афанасьевтің пайымдауынша: “Басқару – қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады” [2,38].

XX-XXI ғасырлар тоғысындағы басқару білімінің қарқынды өсуі мен өзгеру уақыты. Бұл эволюцияның бастапқысы ретінде басқарудың классикалық мектебінің негізін салушы А. Файольдің еңбектерін атауға болады, ол 1916 жылы басқарудың жалпы принциптерін ұсынған. Ғылыми басқарудың теориялық негізі кеңестік әдіснамалық мектепте жасалған дәл осылар болады [3].

“Басқарудың классикалық теориясы” 1930-жылдарға дейін ең басты орында болған. XX ғасырдың 30-жылдарында басқарушылық ғылым дамуында “басқарушылық қатынастар теориялары” атты жаңа бағыт қалыптасты. Классикалық теория бірлескен іс-әрекет нәтижелілігінің негізгі шарттары не, қашан, қайда және қалай істеу керектігін анықтайтын басқарудың нақты ресми құрылымы, жемісті жұмысты (ең бастысы, материалдық жағынан) қамтамасыз ету деп санаған. Ал адамдар қатынасының теориясы адамның ұйымдағы мінез-құлқын анықтайтын факторларды, мақсаттылық пен жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды бірінші орынға қояды. Бұл теория XX ғасырдың 50-60-жылдары Батыста, әсіресе АҚШ-та кең өріс жайған, тәжірибеде оң нәтиже бере алмаған, дегенмен басқарудың демократиялық әдістерін кеңінен енгізу әрекеті де осы теориямен байланысты. “Адамдық қарым-қатынас теорияларының” орнына, басқарудың жүйелік теориялары, жағдайаттық теориялар, басқарудың рационалистік (ақыл-ой талабына ғана негізделген) және мінез-құлықтың жағымды жақтарын біріктіруге ұмтылған, ұйымдастырушылық даму теориялары келді.

Мектепті басқару мәселесіне арналған көптеген зерттеулер бар: оларда мектепті басқарудың (Э.Г. Костяшкин, Ю.А. Конаржевский, В.П. Стрезикозин, П.В. Худоминский, Т.И. Шамова, Н.Д. Хмель, Н.Н. Тригубова, т.б.) мәні ашылады. Басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жүйесін енгізу бойынша (И.П. Раченко, Умирбекова Ж.Б., Г.Т. Хайруллин, Г.А. Уманов т.б.); мұғалімдердің шығармашылық зерттеушілік және эксперименталды қызмет-әрекетін ұйымдастыру бойынша, ғылымды практикаға енгізу бойынша (А.А. Бейсенбаева, Л.И. Гусев, В.И. Журавлев, В.И. Загвязинский, Б.А. Койшибаев, В.В. Краевский, Г.Л. Лукпанов, М.Н. Скаткин, Я.С. Турбовский, т.б.); мамандықты жетілдіру бойынша (Я.С. Бенцион, Г.И. Горская, Л.С. Коробкова, Ш.Т. Таубаева, В.П. Топоровский, т.б.); мамандықты көтерудің психологиялық-педагогикалық және ақпараттық негізін құру бойынша (Г.С. Сухобская, А.С. Пискунов, т.б.); Қазақстандағы педагогикалық кадрлардың мамандығын көтеру жүйесін дамыту тарихы бойынша (Б.А. Альмухамбетов т.б.) жұмыстар жүргізіледі. Мектеп басқарудың жаңашылдық аспектілері М.М. Поташкин, В.С. Лазарев, Л.И. Моисеев, И.И. Цыркун, Н.Р. Юсуфбекова және т.б. еңбектерде талданған. Алайда, мектеп басшыларын ұйымдастыруға және мектепке жаңалық ендіруді басқаруға даярлаудың әдіснамасы және маңызы педагогика ғылымында жеткілікті баяндалмаған.

Басқарудың қызметтерін тек дидактикалық тұрғыдағы аспектілермен шектеген қате болар еді. Білім беру мектептеріндегі педагогикалық ұжымның жүзеге асыратын тәрбиелік жүйесі де басқаруға келеді. Әсіресе, мектептердегі тәрбиелік жұмыстың тәрбиенің қалыптасқан стереотипінің түбегейлі өзгеруімен, ондаған жылдар бойы қалыптасқан балалардың қоғамдық ұйымдарының (пионерлер, комсомол) жойылуымен, идеялардың түпкілікті ауысуымен қазіргі кезеңіндегі қиыншылықты ескерсек, басқарудың маңызы зор. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі қиыншылық жағдай, білім берудің, қазіргі тәрбиелік процесті белсендіруді, оның жаңа түрлері мен әдістерін табуы, әсіресе, бұл процесті басқарудың басқа амалдарын табуы өте қатты қажет етеді.

Қазақстан Республикасында беделді азаматты тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр, яғни бұл процесс педагогикалық басқару практикалық маңызды мәселе болып табылады.

Г.И. Щукинаның пікірі бойынша, басқару– мектеп ішіндегі “психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік” сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу. Алайда басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтап қорыту тек материалды жинаумен ғана және оны тиісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан бағаламай, тек баяндаумен ғана шектеледі. Материалдарда, көбінесе, негізгі идеялар мен тәжірибенің талдауы болмайды және оларды қолданудың кеңес-ұсыныстары берілмейді, оны енгізудің шарттары да көрсетілмейді. Ал кейбір жағдайларда, тұтас жұмыс жүйесі емес, керісінше, жекелеген тәсілдер ғана суреттеліп таратылады. Кейде, мектеп басшылары мен білім беру органдары үшін ешқандай тәжірибелік құндылығы жоқ көптеген материалдар жинақталады. М.М. Поташник былай дейді: ”Басқару – мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін және дамуын қамтамасыз ететін барлық субъектілердің мақсатты іс-әрекеті”. Бұл анықтама маңызды екі нәрсеге назар аудартады: біріншіден, кез-келген басқарудың мақсатты іс-әрекет болып табылатынына; екіншіден, ол басқалардан өзінің міндеттерімен ерекшеленетініне. К.Я. Вазинаның пікірінше: ”Басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі”.

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты. Алайда, ол жалпы әлеуметтік басқарудан өзінің объектілерімен (оқушылар, мектептер, мектептен тыс мекемелер, халыққа білім беру бөлімшелері, т.б.), олардың заңдылықтарымен ерекшеленеді.

Практикалық іс-әрекет ретіндегі педагогикалық басқару – оқушылардың оқуы мен тәрбиесін басқару. Педагогикалық басқару теориясы – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер.

“Педагогикалық басқару” ұғымы “білім беруді басқару” ұғымынан кең, өйткені ол тәрбие мен оқытуды жүргізетін басқа мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда (жанұя, қоғамдық ұйымдар, мамандықты көтеру жүйесінің мекемелері, т.б.) қызмет етеді. Шындығында, педагогикалық басқарудың кез-келген “адам – адам” жүйесінде орны бар. Бұл жағдайда педагогикалық мақсаттар басқарудың негізгі түріне бағынады – педагогикалық процесс субъекті іс-әрекетін басқару.

Педагогикалық басқарудың білім беру жүйесіндегі басты объектісі – жеткіншек жас ұрпақтар болып табылады. Оларды оқыту мен тәрбиелеуді басқару не тікелей (мұғалімдер, тәрбиешілер арқылы), не жанама – мемлекеттік қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізіледі. Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық дейді.

Білім беру мекемесін басқару іс-әрекетінің басқа мекемелер немесе өнеркәсіп орындарындағы басшылықтың жұмысынан едәуір айырмашылығы бар. К.Д. Ушинский былай деп жазған: “Егер қаржы немесе әкімшілік әлемде олардың идеяларының орындаушыларға ұнайтын-ұнамайтынын ескермей, ұйғарыммен, жарлықпен қызмет етуге болатын болса, қоғамдық тәрбие беру әлемінде ашық айтылып, ашық қабылданған пікірден басқа идеяны жүзеге асырудың басқа амалы жоқ”. М.И. Кондаков: “Мектеп жұмысын басқару өндірістік және қоғамдық өмірдің басқа салаларын басқарудан айтарлықтай ерекше, өйткені мұнда күштерді орналастыру мен үйлестіру, байланыс пен өзара тәуелділік жүйесін жүзеге асырудан басқа, оқу-тәрбие процесінің барлық жақтарына бағытталған



ұйымдастырушылық-педагогикалық ықпал ету мәселелері басты мәнге ие болады”, - дейді.

Білім беру жүйесінің белгілі бір ретпен жасалған (иерархиялық) құрылымының әрбір элементінде, министрлік болсын, облыстық, аудандық басқарушы ұйым (департаменттер, білім беру бөлімдері) немесе мектептер болсын, бәрінде, тек педагогикалық қана емес, басқарудың басқа да түрлері кездеседі, мысалы: әкімшілік, шаруашылық, құқықтық. Басқарудың барлық түрлері білім беру жүйесінің шеңберінде бір-бірімен байланысты, олардың бәрі жалпы тәрбиелік және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған. О.С. Анисимов: “Білім беруді басқаруды жіктегенде мынаны ескеру керек: басқару – адам іс-әрекетінің ең маңызды түрлерінің бірі. Бұл іс-әрекет қатал шектеу мен бөлуге көнбейді” - деп, дұрыс айтқан.

Егер білім беру жүйесін қарайтын болсақ, педагогикалық басқару мен басқарудың басқа түрлерінің үлес салмағы мен қатынасы әртүрлі екенін бай?ау?а болады. Мысалы, министрлік, облыстық, аудан және қалалық білім беру басқармасы деңгейінде кешенді процесс ретіндегі басқару жүйенің арнайы құрылымын құруға, ведомстволық мекемелер мен адамдар қызмет-әрекетіне қажетті материалдық, ұйымдастырушылық, кадрлік және басқа да жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп директоры, деңгейінде педагогикалық басқарудағы мұғалімдер практикалық қызмет-әрекеттеріндегі педагогикалық талаптарды тікелей жүзеге асыру ретінде толығырақ көрінеді. Педагогикалық басқаруға қызмет көрсету (мектептің материалдық базасы, құрал-жабдықтар, оқу-техникалық құралдары, т.б.) маңызды, бірақ бағынушылық мәнге ие.

Әдетте, білім беру жүйесіндегі басқару туралы сөз еткенде, көбінесе, иерархиялық тұрғыдан: министрлікті, облыстық, аудан, қалалық білім беру басқармалары бірінші болып аталады. Оқу-тәрбие процесін тікелей басқару мектеп әкімшілігі деңгейінде және мұғалімнің қатысуымен жүзеге асырылатыны жиі ұмытылып қалады. Мектепті басқару теориясы (мектептану) арасында ғылыми іс-әрекет пен практикалық іс-әрекет ретінде объектілері, басқарудың тәсілдері мен нәтижелерінде айырмашылықтар бар.

Мектепті басқару теориясының объектісі –оның барлық құрамды элементтерімен алынған процес болып табылады. Практиканың объектісі – мектептің әртүрлі құрылымдық топтары (ұжым, сынып, жеке субъект).

Практикалық басқару іс-әрекетінің құралдары – басқару әдістері. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің құралдары – ғылымның нақты бір объектісін зерттеуде қолданылатын жолдар, тәсілдер, амалдар: мектептерді басқару бойынша білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесін қортындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды эксперименталды тексеру және т.б. Білім беру жүйесіндегі немесе бөлек топтағы практикалық басқару іс-әрекетінің нәтижесі – тәжірибені қ?бейту, бұған оқу-тәрбие процесінің қортындылары дәлел бола алады. Басқару теориясының нәтижесі – практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын жаңа білімдер, заңдар, принциптер, ережелер, тұжырымдар.

Мектептегі практикалық басқару іс-әрекетінің бағыттары, құндылығы жағынан бірдей емес. Мектептің негізгі әлеуметтік міндеттеріне сәйкес, ол өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады, осыған байланысты, басқарудың барлық бағыттарының ішінде оқу-тәрбие жүйесін басқару бірінші орында болу керек.

Осылайша, педагогикалық басқару практикалық іс-әрекет ретінде - ол педагогикалық ұжымының тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруы (Сурет 1.).

Мектеп директоры оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік атқарады. Оның міндеттеріне кіретіндер:

- кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;

- оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;

- оқушылардың өзін өзі басқару органдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық қатынас жасау;

- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтыландыру;

- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру мен оларға басшылық жасау;

- жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;

- мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері барысындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;

- мектептің қазіргі заманғы оқу-материалдық базасын нығайту мен дамыту;

- мектеп қызметкерлерін жұмысқа алу мен жұмыстан шығару;

- мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

Сонымен, педагогикалық басқаруды ұйымдастыру - ол мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер жүзеге асыратын педагогикалық жүйені басқару, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Білімнің бұл саласының міндеттері – педагогикалық басқаруды зерттеу, оның теориялық және практикалық мәселелерін жете зерттеу, оны жетілдірудің ғылыми ұсыныстарын жасау. Сонымен қатар, педагогикалық басқару мектептің барлық жұмысымен қатар басқа жұмыстың түрлерін жоққа шығармайды. Білім беруді басқару теориясы ағарту саласындағы ерекшеліктерді ескере отырып, әлеуметтік басқарудың жалпы заңдылықтарына негізделеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.

4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## ДЕВИАНТТЫҚ ТӘРТІП ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

*Райсова Марал Алтынбековна*

*Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

**Ғылыми жетекшісі:**  
*Арзымбетова Шолпан Жақсылыковна - к.п.н.*

### **Аннотация**

*Адам өмірі нормалармен және құқықтармен реттеледі. Адамдардың қызметтері, егер олар жағдайға сәйкес тәртіпті анықтайтын ережелерді ұстанбаған болса, ретсіздікке айналған болар еді. Егер жүргізуші жол жүру ережелерін сақтамаса, жолдағы қозғалыс мүмкін емес.*

Біздің әрекетімізде сақталатын нормалар әлеуметтік өмірге реттілік пен алдын ала болжамдық береді. Алайда медальдың екінші жағы да бар. Адамдардың әрекеттері әлеуметтік күтуде әрқашан және бәрі сай келе бермейді. Үлкен асығыстықта немесе алкогольдің әсерімен адам автомобильді абайламай, жауапсыз жүргізуі, бір жақты қозғалыстағы көшемен кері жаққа жүріп кетуі мүмкін. Адамдар өздері сақтауға міндетті ережелерден жеткілікті түрде жиі ауытқиды.

Ауытқушы тәртіпті зерделеу (девианттық) – ең тартымды міндеттердің бірі. Талдау үшін бұл сала күрделі, өйткені ережелерді бұзу типтері әлеуметтік нормалар мен құндылықтар қанша болса – сонша көп. Сонымен қатар, түрлі мәдениет, сондай-ақ субмәдениет нормаларының бір қоғам шеңберінде айтарлықтай айырмасы бар. Сондықтан да, бір қауымдастықта қалыпты болып саналса, басқасында ауытқу болып табылуы мүмкін.

Жастардың девианттық тәртібі жөнінде мәселе жеткілікті түрде өзекті болып табылады. Девианттық тәртіп – бұл қандайда бір нормалардан ауытқу тәртібі. Қалыпты тәртіптен ауытқу салдарынан тіршілік қызметінің бейбіт қалпының бұзылуы болады. Жастар ең белсенді психологиялық субъект болып табылады, сондықтан да әлеуметтік жат қылық ең айқын түрде нақ соларда байқалады. Осы, тұрақты көзқарас қалыптаспаған жастағы тұлғалар сыртқы әсерге анағұрлым берілгіш. Қоршаған ортаның мүдделері мен көзқарастарын қабылдай жүріп, олар қандайда бір үлгілерді таңдап, бойларына сіңіреді де, одан әрі соны басшылыққа алады. Девианттық тәртіптің дамуымен қатар жастардың жақсы сезімдері уақыт өткен сайын сөне бастайды, бұл болашақ қылмыстылық үшін резерв болуы мүмкін [1].

Девианттық тәртіп соңғы кездері жаппай бұқаралық сипат алды, бұл осы құбылысты социологтардың, педагогтардың, психологтардың, медиктердің, құқық қорғаушы органдардың қызметкерлерінің назар аударатын орталығына айналдырды. Осы ауытқудың себебі адамның қоршаған әлеммен, әлеуметтік ортамен және өз-өзімен өзара байланысы мен өзара әрекеттесуінің ерекшелігінде

жатыр. Сондықтан девианттық тәртіптің негізгі ұғымдарын, негізгі тәсілдерін қарастыру, катализаторлар ретінде осы тәртіптің динамикасына әсер ететін оның мәні мен факторларын ұғыну маңызды.

Девианттылықтың мазмұны туралы айту үшін норма мен оның мәні туралы жалпы түсінік болуы керек.

Әлеуметтік норма – берілген нақты қоғамдағы адамдардың, әлеуметтік топтардың, әлеуметтік ұйымдардың қызметтері мен ұйғарылған тәртібінің тарихи қалыптасқан шектеуі, шамасы, аралығы.

Норманың қалыптасу субъектісі тұрғысынан олар:

- ресми бекітілген нормалар;
- нақты қалыптасқан нормалар болып бөлінеді.

Ресми бекітілгендер – бұл, заң шығарушылар немесе басқа осыған өкілетті тұлғалар жасаған нормалар.

Ресми бекітілген нормалар заңнамалар жинағында, әкімшілік актілерінде, лауазымдық нұсқаулықтарда, ұйымдар мен мекемелердің ішкі тәртіп ережелерінде, қоғамдық ұйымдар жарғыларында және т.б. жазылған.

Нақты қалыптасқан нормалар – бұл, қоғамдардың тарихи дамуы барысында немесе қандайда бір жағдайға байланысты стихиялық түрде туған ережелер. Осындай нормалар қатарына: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, адамгершілік нормалары, этикет нормалары жатады.

Әлеуметтік кеңістікте девианттық бағасының айырмасы бір қоғам құрайтын топтардың мәдени түсінігінің айырмасы ретінде ұғылады. Мысалы, жеткіншектер ортасында ұсақ бұзақылық – қаһармандық, «шынайы еркектік» қасиетті таныту деп саналады, ал ересектер бұл туралы мүлдем басқа пікірде болады. Осылайша, норма мен девианттық – мүлдем салыстырмалы құбылыстар. Норма мен девианттықтың қатынасы қалай салыстырмалы болса да, ауытқушы тәртіптің жағымды және жағымсыз жақтарын айыру қажет.

Біз атап өткендей, ауытқушы тәртіптің жағымды түрлерін бөлеміз.

Жеке тұлғаның данышпандық сияқты қасиеті әрқашан ең үлкен қызығушылық тудырады. Миллиондаған адамдар өз бетінше шығармашылықпен, әсіресе, көркем өнермен айналысады. Кәсіптік шығармашылықпен мыңдаған адамдар айналысады. Алайда, шеберлік шыңына аздаған адам ғана жетеді. Табыс шыңына табиғи ерекше дарынды индивидтер жетеді. Олар өз өмірлерін не өнерге, немесе ғылымға, болмаса өнертабысқа арнайды. Алайда, мұндай адамдардың өмір салты, көбінесе қоршаған ортаға түсініксіз болып келеді – олар немесе отбасын құрмайды, немесе шектен тыс кірпияз, болмаса күнделікті істерге икемі жоқ, немесе ысырапшыл, немесе жөнсіз қылықтарға жол береді.

Шығармашылық түрде дарынды, көркем өнер шығармаларынан шешім тапқан адамдардың девианттығы азаматтарға өзін және қоршаған ортаны түсінуге, өмірден ләззат алуға көмектеседі. Ал ғылыми жаңалықтар адамзат болмысының түрлі салаларындағы прогреске ықпал етеді.

**Принциптілік.** Күнделікті практикада адамдар айтарлықтай икемді болады: өз мүдделерін жағдайға қарай қорғайды. Билеушілер пікірімен жанжалға баратындар аз. Басқаша айтқанда, көпшілігі конформист болып қалады. Алайда, қандай жағдайда болмасын өз сенімін өзгерте алмайтын және оны белсенді түрде қорғайтын адамдар бар. Принципті адамдар көбінесе қоршаған ортаға ыңғайсыз келеді, олардан еңбек ұжымдарында да және ұйымдарында құтылуға тырысады. Алайда, олардың нақты девианттық тәртібінсіз әлеуметтік құрылымдар үлкен

дәрежеде құлдырауға кетеді. Нақты қалыптасқан нормалар – бұл, қоғамдардың тарихи дамуы барысында немесе қандайда бір жағдайға байланысты стихиялық түрде туған ережелер. Осындай нормалар қатарына: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, адамгершілік нормалары, этикет нормалары жатады.

Әлеуметтік кеңістікте девианттық бағасының айырмасы бір қоғам құрайтын топтардың мәдени түсінігінің айырмасы ретінде ұғылады. Мысалы, жеткіншектер ортасында ұсақ бұзақылық – қаһармандық, «шынайы еркектік» қасиетті таныту деп саналады, ал ересектер бұл туралы мүлдем басқа пікірде болады. Осылайша, норма мен девианттық – мүлдем салыстырмалы құбылыстар. Норма мен девианттықтың қатынасы қалай салыстырмалы болса да, ауытқушы тәртіптің жағымды және жағымсыз жақтарын айыру қажет.

Біз атап өткендей, ауытқушы тәртіптің жағымды түрлерін бөлеміз.

Жеке тұлғаның данышпандық сияқты қасиеті әрқашан ең үлкен қызығушылық тудырады. Миллиондаған адамдар өз бетінше шығармашылықпен, әсіресе, көркем өнермен айналысады. Кәсіптік шығармашылықпен мыңдаған адамдар айналысады. Алайда, шеберлік шыңына аздаған адам ғана жетеді. Табыс шыңына табиғи ерекше дарынды индивидтер жетеді. Олар өз өмірлерін не өнерге, немесе ғылымға, болмаса өнертабысқа арнайды. Алайда, мұндай адамдардың өмір салты, көбінесе қоршаған ортаға түсініксіз болып келеді – олар немесе отбасын құрмайды, немесе шектен тыс кірпияз, болмаса күнделікті істерге икемі жоқ, немесе ысырапшыл, немесе жөнсіз қылықтарға жол береді.

Шығармашылық түрде дарынды, көркем өнер шығармаларынан шешім тапқан адамдардың девианттығы азаматтарға өзін және қоршаған ортаны түсінуге, өмірден ләззат алуға көмектеседі. Ал ғылыми жаңалықтар адамзат болмысының түрлі салаларындағы прогреске ықпал етеді.

**Принциптілік.** Күнделікті практикада адамдар айтарлықтай икемді болады: өз мүдделерін жағдайға қарай қорғайды. Билеушілер пікірімен жанжалға баратындар аз. Басқаша айтқанда, көпшілігі конформист болып қалады. Алайда, қандай жағдайда болмасын өз сенімін өзгерте алмайтын және оны белсенді түрде қорғайтын адамдар бар. Принципті адамдар көбінесе қоршаған ортаға ыңғайсыз келеді, олардан еңбек ұжымдарында да және ұйымдарында құтылуға тырысады. Алайда, олардың нақты девианттық тәртібінсіз әлеуметтік құрылымдар үлкен дәрежеде құлдырауға кетеді.

**Шектен тыс зиялылық.** Бұл өздерінің кейпімен және тәртібімен этикет пен адамгершілік эталонын іске асыратын адамдарда болады. Олар әрқашан әдепті, жинақы, оқыған, ниеттес, манераларының жұмсақтығымен ерекшеленеді, жол беруге икемді, өз пікірлеріне бағындырмайды, кімге қатысты болса да менсінбеушілік көрсетпейді. Осындай адамдардың тәртібін қоршаған орта қолдайды. Бірақ олардың үлгісімен жүруге асықпайды. Аталған қасиеттердің зиялылықты шектен тыс уәждемей тұжырымдалғаны әбден айқын. Олар, айнытпай қайталануы екіталай жеке басының тағдыры мен өмір салтының ерекшеліктерімен тұжырымдалған.

Көбінесе, девиацияның соңғы түрлеріне зор көңіл аударады, себебі нақ солар жеке тұлғалардың мүдделеріне, әлеуметтік топқа, тұтастай қоғамға зиян келтіреді, бұзылатын нормалар типінен девианттық тәртіптің келесі негізгі түрлерін ажыратуға болады: өлтіру, зорлау, жезөкшелік, нашакорлық, өзіне-өзі қол жұмсау. Алайда девианттық ауқымы аталған жағымсыз құбылыстарға қарағанда, анағұрлым кеңірек [2].

**Маскүнемдік және алкоголизм.** Осы түсініктер арасында айырмашылық бар. Алкоголизм – спирт ішімдігіне патологиялық құмарту және одан кейін жеке тұлғаның әлеуметтік-адамшылықтан кері кетуі. Маскүнемдік – бұл алкогольді шамадан тыс қолдану, ол жеке басының денсаулығына қауіп төндірумен қатар оның әлеуметтік бейімделуін бұзады. Маскүнемдікке апаратын жол көбінесе, ойын-сауық, естелік күндерді тойлау, ерлі-зайыптық, отбасылық келіспеушіліктер, жұмыстағы жағымсыз жағдайлар болып табылады.

Алкогольге тәуелділік бірте-бірте қалыптасады да, ішкіш адамның ағзасындағы күрделі өлшемдермен анықталады. Спирт ішімдігіне құмарлық адамның тәртібінен: ішуге дайындық кезінде тым абыржушылық, «қолдарын ысқылау», эмоциялық көтеріңкілік байқалады. «Алкогольдік өтілі» көп болған сайын, ішімдікке салыну аз рахат әкеледі.

Алкоголизмнің қалыптасуына бірнеше факторлар әсер етеді: тұқым қуалау факторлары, мінезі, жеке тұлғаның өзіндік қасиеттері және қоршаған ортаның ерекшеліктері. Алкоголизацияға ықпал етуші факторларға – материалдық жағдайының және білімінің төмен деңгейін жатқызуға болады.

**Қылмыс** – бұл құқыққа қайшы, айыпты жазаланатын қоғамдық-қауіпті, заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қастандық жасайтын және оларға айтарлықтай зиян келтіретін іс-әрекет. Теріс қылықтар – бұл да құқыққа қайшы айыпты, бірақ үлкен қоғамдық қауіп тудырмайтын іс-әрекет. Теріс қылықтар әкімшілік, азаматтық, еңбек нормаларымен және т.б. құқық салаларымен реттеледі. Теріс қылық түріндегі құқық бұзушылық жасөспірімдерде тәртібінің шамданған мәнерімен, бейпіл ауыздықпен, төбелес құмарлықпен, ұсақ ұрлықпен, маскүнемдікпен, қаңғыбастықпен көрінеді. 14-18 жастағы жасөспірімдер мен жеткіншектерге құқыққа қайшы тәртіпті пайдакүнемдікпен де, сондай-ақ, зорлықпен де уәждеу тән. Пайдакүнемдік құқық бұзушылықта аяқталмаған балалық мінез болады, себебі бұл агрессиямен уәжделмейтін сотқарлық пен әуестіктен туады. Бүгінгі күні жасөспірімдер мен жеткіншектердің құқық бұзушылықтарына автокөлікті мініп кету, жастар сәніндегі заттарды тартып алу (радиоаппаратура, спорттық бұйым, сәндік киім, ақша, тәтті тағамдар, шарап және т.б.) жатады.

**Зорлық жасау құқық бұзушылығы** өзін таныту қажеттіліктерінен, айуандық сезімнен, өз компаниясы алдында жалған ұғымдағы парызынан, тәрбиенің жетіспеуінен туады. Әсіресе, бұл тәртіп нормасы маскүнемдік, дөрекілік, қатыгездік болған отбасыларында өскендерге тән. Жастардың типтік зорлық жасау құқық бұзушылығына жастардың «жанжалын» жатқызуға болады, ол былапыт сөздермен, зорлықпен қатар жүреді.

Қылмыстың барлық көріністері – бұл ауытқушы тәртіптің соңғы дәрежесі, мұнда жеке тұлғалардың, әлеуметтік институттар мен қоғамның мүдделері қатер үстінде болады. Әрине, бір де бір қоғам өзі құқыққа қайшы деп санаған тәртіпке және олармен күрес жүргізуде қандай құралдар мен әдістерді қолдануда немқұрайды қалған емес.

**Өзіне-өзі қол жұмсау (суицид)** – бұл өз еркімен, әдейі өз өмірін тоқтату. Суицидтік тәртіп – бұл, оған алкоголь ішу, есірткі қолдану, табанды түрде емделуді қаламау, көлікті мас күйде жүргізу және өмірлік бағдарларды анықтай білмеуі сияқты түрлерін жатқызуға болатын ең бұзақы тәртіп. Суицидтік тәртіп жеткіншектерде көбінесе өмірлік тәжірибенің жоқтығынан және өмірлік

бағдарларын анықтай білмегендікпен түсіндіріледі. Осы себептерден басқа ерекше себептер бар:

Суицидтің келесі себептері таралған:

– маңайындағы жақындарынан сүйікті адамын жоғалту немесе махаббат сезімінің менмендіктен тапталуы;

– жеке басының қасиетіндегі осалдық сезімін;

– тым қатты шаршау;

– алкогольдік мастық, психотропты заттарды қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қорғаушы механизмдерінің бұзылуы;

– токсикомания және нашақорлық;

– өзіне-өзі қол жұмсаған беделді адаммен өзін теңестіру;

– адам өз тәртібіне бақылауды жоғалтқан кезде қатты агрессия,

қорқыныш түріндегі фрустрация және аффект жағдайы;

Суицидтік тәртіп себептерін бекіту үшін олардың мәнерлері мен осыған алып келетін нақты жағдай туралы талқылауға мүмкіндік беретін себептердің маңызы зор.

**Нашақорлық** – бұл есірткілерге физикалық және психологиялық түрде тәуелділікпен, оларға құмарлығын және алмаумен айқындалатын ауру, бұл бірте-бірте ағзаны физикалық және психологиялық азғындауға алып келеді. Нашақорлықтың әлеуметтік салдары болады. Қылмыстық элементтер үшін бұл – ақша табудың оңай жолы. Нашақорлықты шектен тыс қолдану, әсіресе жастар арасындағы өлім-жітімнің артуына және соматикалық, психикалық аурулардың тұтас бір бумасының дамуына алып келеді.

Нашақорлық негізінде қылмыстар жасалады, себебі «сырқырау» жағдайында нашақор кез келген қылмыс жасауға қабілетті. Есірткілерді алу – тұлғаларға қарсы бірқатар қылмыстардың: ұрлық, тонау, қарақшылық жасаудың аясы бола бастайды. Нашақорлық ұрпаққа теріс әсерін тигізеді. Балалар айтарлықтай физикалық және психикалық ауытқулармен туады, бұл өз кезегінде отбасының құлдырауына әкеледі. Нашақор, тұлға ретінде жойыла бастайды, себебі есірткіге құлдық тәуелділік адамға жат әрекеттер жасауға итермелейді.

Нашақорлықтың психологиялық субъективті себептерінің бірі сан түрлі жағдайларға: жеке қиыншылықтарға, әлеуметтік-мәдени саланың жетіспеушілігіне, әлеуметтік әділетсіздікке, бос уақытының орнықтауына, тұрмысының жайсыздығына, оқуда немесе жұмыстағы сәтсіздіктерге, адамдардан түңілуге байланысты өмірге көңілі толмау болып табылады.

Нашақорлық себептері этнологиясындағы нашақор тұлғасы айтарлықтай орын алады. Демографиялық, жасына байланысты және әлеуметтік-медициналық аспектілер айтылады. Нашақорлар арасында еркектер басым. Басқа маңызды жағдай – бұл ең бастысы осы ауруға жастардың душар болғаны.

Нашақорлық пен токсикоманияның мүмкін мәнерлері:

- есірткі затының әсеріне қатысты әуестікті қанағаттандыру;
- белгілі бір топқа қабылдану мақсатында соларға жататындық сезімін тексеру;
- тәуелсіздігін, ал кейде қоршаған ортаға қатысты жауластық күйін білдіру;
- рахаттандыратын жаңа, толқытатын немесе қатер тұнған тәжірибені тану;

- «ойлау айқындығына» немесе «шығармашылық шабытқа» жету;
- толық босансу сезіміне жету;
- еңсесін басатын бірдеңеден қашу.

Нашақорлық үшін қоректену негізі микроорта болып табылады. Отбасы, қоршаған көше үлкен рөл атқарады. Ең болмаса бір нашақордың көшеде, аулада, мектепте, жұмыста пайда болуы қоршаған ортаға жаман әсер етеді. Ең басында есірткілерді тегін береді, сосын қарызға, сосын ақша талап етеді.

**Токсикомания** – токсинді заттарды, транквилизаторлар таблеткаларын, яғни күшті шайдан – «чифирден» алынған кофеинді, тұрмыстық химияның жұпар иісті заттарымен дем алу арқылы тұтынудан туатын ауру. Мас күйде эйфориядан басқа көру галлюцинациялары пайда болады.

**Жезөкшелік.** Бұл термин латынның «prostitution – қорлау» сөзінен шыққан. Жезөкшеліктің келесідей белгілерін атап көрсетеді:

- 1) кәсіп түрі – клиенттердің сексуалды қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- 2) кәсіп сипаты – әртүрлі адамдармен сезім құштарлығынсыз және клиенттердің кез-келген түрдегі жыныстық ынтықтығын қанағаттандыруға бағытталған жыныстық қатынас түріндегі жүйелі кәсіп;
- 3) кәсіп уәжі – жезөкшеліктің болуының негізгі немесе қосымша көзі болып табылатын алдын ала келісілген ақша немесе материалдық құндылықтар түріндегі сыйақы.

Жезөкшеліктің себептері көптеген басқа да әлеуметтік ауытқушылықтардағы секілді әлеуметтік-экономикалық және адамершілік-әдептік факторлар болып табылады. Дегенмен өзіндік себептері де бар. Кейбір әйелдердің жыныстық түйсігі күшті болады және олардың қажеттіліктері орташадан жоғары болып келеді. Осыдан келіп әуесқой секс туындайды. Жезөкшені қоршаған ортадағы жезөкшеліктің өзге себебі себебі. Бұл жезөкшелермен өзара қатынас нормаларын анықтайтын және оларды өз «жарғыларын» бойұсындыратын рэкетирлер, жеңгетайлар, «таңқурай» қожалары және т.б. [3].

Жезөкшелікті тежейтін факторлар тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, жыныстық тәрбие беру бағдарламасын іске асыру, әлеуметтік теңсіздікті деңгейлестіру, жеңгетайларды және жезөкшелік есебінен күн көретін «үй» иелерін, т.б. әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуды енгізу болуы мүмкін. Әсіресе, жезөкшелікке кәмілет жасына толмағандарды тарты өте қауіпті.

Адамдардың «жағымды» және «жағымсыз» туралы түсініктері тұрақты нәрсе емес. Уақыт кезеңінде де, кеңістікке байланысты да өзгереді. Уақыт кезеңінде өзгеру бір және сол халықта бір және сол қылық бір кезеңде жағымды, басқа кезеңде жағымсыз болып қабылдану мүмкін дегенді білдіреді [4]. Мысалы, еврейлердің КСРО-дан кетуін қалың бұқара сатқындық ретінде қабылдады. Ал қазіргі кезде қоныс аудару қалыпты құбылыс. Кеңістіктегі өзгерісті мәдениет мәнмәтінінде қарастыру қажет. Физикалық кеңістікте өзгеріс халықтардың мәдениеттерінің әртүрлілігіне қатысты.

Әлеуметтік ауытқулардың басым саны қоғамның дамуында бұзушы роль атқаратынын мойындаған жөн. Тек кейбір аздаған ауытқуларды пайдалы деп санауға болады.

Әлеуметтік ауытқудың қалыптасуында қылмыстық тәртіпке дейін әлеуметтік орта зор роль атқарады. Сондықтан ауытқулармен күресудің жаңа әлеуметтік бағдарламалары болуы керек. Олар қоғамның барлық әлеуметтік



терапиясына, оның физикалық денсаулығының, мәдениеті мен жақсы тұрмысының артуына ықпал етулері керек. Тек қоғамның ұйымдастырушылық мәдениетін өзгерту жолымен әлеуметтік қатынастардың анағұрлым жоғары деңгейлеріне көтерілуге болады, бұл халық тәртібінің әлеуметтік түрлерінің өсуіне ықпал етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

*Каміл Аружан Нұржанқызы*

*Ғылыми жетекшісі: Ұ.Н.Сәрсенбай. Магистр оқытушы  
Шымкент университеті. Шымкент қаласы*

### **Аннотация**

*Қоғамның қазіргі даму кезеңі оған адами қызметтің барлық салаларына енетін, ғаламдық ақпараттық кеңістік құра отырып, ақпараттық ағындардың қоғамда таралуын қамтамасыз ететін компьютерлік технологиялардың күшті әсерімен сипатталады. Бұл үдерістердің ажырамас және маңызды бөлігі білім беруді компьютерлендіру болып табылады.*

Қазіргі уақытта Ресейде әлемдік ақпараттық-білім беру кеңістігіне еруге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Бұл процесс қазіргі заманғы техникалық мүмкіндіктерге барабар болуы және баланың ақпараттық қоғамға үйлесімді кіруіне ықпал ететін оқыту технологияларының мазмұнына түзетулер енгізуге байланысты педагогикалық теория мен оқу-тәрбие процесінің тәжірибесіндегі елеулі өзгерістермен сүйемелденеді.

Ресей білім беруді жаңғыртуды қамтамасыз ететін негізгі тетіктердің бірі білімді ақпараттандыру болып табылады, оны білім беру саласын қолайлы және денсаулық сақтау жағдайында қолданылатын ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған ғылыми-педагогикалық, оқу-әдістемелік әзірлемелерді жасау және оңтайлы пайдалану әдіснамасымен, технологиямен және практикасымен қамтамасыз етудің мақсатты ұйымдастырылған процесі ретінде қарастыруға болады.

Осыған байланысты білім алушылардың ақпараттармен сауатты жұмыс істеу негіздерін, танымдық міндеттерді шешу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану бойынша дағдыларды қалыптастыру және танымдық және оқу қызметінде шығармашылық тапсырмаларды орындау, ақпаратты жинауға, іздеуге, бағалауға, іріктеуге, ұйымдастыруға, сақтауға, беруге және тираждауға, алынған нәтижені ұсынуға бағытталған.

Жаңаша оқыту-білім алушыларға оқылатын материалдың негізгі көлемін жеткізуді қамтамасыз ететін технологиялар жиынтығы, оқыту процесінде білім алушылар мен оқытушылардың интерактивті өзара іс-қимылы, білім алушыларға оқылатын материалды игеру бойынша, сондай-ақ оқыту процесінде өзіндік жұмыс істеу мүмкіндігін беру.

Информатика бойынша жаңаша оқыту оқытудың жалпы мақсатына қол жеткізуге бағытталған - оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық, жеке қасиеттерін дамытуға, оқушыларды жаңаша оқыту шеңберінде жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамға бейімделуге жағдай жасау.

Оқу жоспарының шамадан тыс жүктелуі аптасына бір реттен жиі информатика сабақтарын өткізуге мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде ең өзекті тақырыптарды зерделеу және оқушыға өзін-өзі дамыту үшін мүмкіндік беру мүмкіндігі әрқашан жүзеге асырылмайды.

Бұл мәселенің шешімі Интернет-ресурсты құру болып табылады, ол оқушыларға ең қызықты тақырыптарды зерделеуге және тәжірибелік сабақтарды орындауға, ең қызықты тақырыптарда таңдау құқығын беруге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта біздің елімізде Ресейдің білім беру саясатында елеулі өзгерістер орын алуда. Бұл жеке тұлғаға бағытталған педагогикаға көшумен байланысты. Қазіргі заманғы білім беру міндеттерінің бірі білім беру үрдісіне қатысушылардың әлеуетін ашу, оларға шығармашылық қабілеттерін көрсету мүмкіндігін беру болып табылады. Бұл міндеттерді білім беру үдерістерінің вариативтілігін жүзеге асырмай шешу мүмкін емес, осыған байланысты терең ғылыми және практикалық түсінуді талап ететін білім беру мекемелерінің әртүрлі инновациялық түрлері мен түрлері пайда болады. Қазіргі ресейлік білім беру-соңғы жылдары отандық білім беру жүйесінде орын алған үлкен өзгерістердің нәтижесі. Бұл мағынада білім беру қоғамның әлеуметтік өмірінің бір бөлігі ғана емес, оның авангарды: оның қандай да бір басқа кіші жүйесі сол дәрежеде өзінің үдемелі даму фактісін осындай жаңа енгізулер мен эксперименттердің көптігімен растай алады.

Қоғамдағы білім беру рөлінің өзгеруі инновациялық үдерістердің көп бөлігін тудырды. Дәстүрлі әлеуметтік институттарда жасалатын әлеуметтік пассивті, рутинизацияланған, білім беру белсенді болып келеді. Әлеуметтік институттардың да, жеке тұлғаның да білім беру әлеуеті өзекті. Бұрын білім берудің сөзсіз бағдарлары "өмірге дайындығын" қамтамасыз ететін білімді, дағдыларды, ақпараттық және әлеуметтік іскерлікті (қасиеттерді) қалыптастыру болды, өз кезегінде жеке тұлғаны қоғамдық жағдайларға бейімдеу қабілеті ретінде түсініледі. Енді білім беру әлеуметтік және жеке қажеттіліктер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін, және өзін-өзі дамыту (өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жетілдіру) тетігін ұстай отырып, жеке тұлғаның жеке даралығын іске асыруға және қоғамның өзгерістеріне дайындығын қамтамасыз ететін жеке тұлғаға әсер етудің осындай технологиялары мен тәсілдерін құруға неғұрлым бағдарланады. Көптеген білім беру мекемелері кейбір жаңа элементтерді өз қызметіне енгізе бастады, бірақ қайта құру тәжірибесі тез дамудағы қажеттіліктің және педагогтердің мұны істей алмауының арасындағы елеулі қайшылыққа тап болды. Бүгінгі күні білім беру саласындағы заманауи маман педагогикалық инновация ұғымдарына еркін бағдарлану қажет: "жаңа", "жаңашылдық", "инновация", "инновациялық процесс", "инновациялық қызмет", "педагог-инноватор" және т. б.

Дамушы, инновациялық оқу орындарында оқитын балалардың дәстүрлі мектептердің балаларына карағанда әр түрлі көрсеткіштер бойынша неғұрлым

жоғары даму деңгейі бар екені тарихи қалыптасқан. Осы себепті ата-аналар балалардың жеке қабілеттерін ескермей балаларды инновациялық мектептерге жиі жібереді. Әлсіз балалар дамып келе жатқан мектеп бағдарламасын үнемі бұзбайды, олар әдетте құрдастарынан артта қалады. Сондықтан қазіргі уақытта мектепті таңдау мәселесі, мектептердің түрлі түрлері мен түрлері арасындағы айырмашылықтар әсіресе өзекті болып табылады.

Жаңаша оқыту бір оқушыға компьютермен қарым - қатынас жасау кедергісін еңсеруге, екіншісі - жайлы жағдайда, нақты жұмысты орындай отырып, сабақта алған білімдерін бекітуге, үшіншісі - "Информатика" пәнінің өзі аясында, сондай-ақ басқа да пәндік салаларда өзінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыста интернет-технологияларды, атап айтқанда жаңаша оқыту технологиясын қолдану, информатика бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру үшін көрсетіледі, ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және жалпы танымдық қызығушылықты дамытады.

Педагогикалық технологияның сипаттамасын (және талдауын) келесі құрылымда ұсынуға болады.

1. Қабылданған жүйелендіруге (жіктеу жүйесіне) сәйкес осы педагогикалық технологияны сәйкестендіру.

2. Оқытудың негізгі сапасын, қағидатты идеясын, қолданылатын жүйенің мәнін көрсететін технологияның атауы, соңында оқу-тәрбие процесін жаңғыртудың негізгі бағыты.

3. Тұжырымдамалық бөлім (басқарушы идеялардың қысқаша сипаттамасы, гипотезалар, оның құрылуы мен жұмыс істеуін түсінуге, түсіндіруге ықпал ететін технология принциптері):

- \* мақсатты қондырғылар мен бағдарлар;

- \* негізгі идеялар мен принциптер (негізгі қолданылатын даму факторы, меңгерудің ғылыми тұжырымдамасы);

- \* баланың білім беру үдерісіндегі ұстанымы.

4. Білім беру мазмұнының ерекшеліктері:

- \* жеке құрылымдарға бағдарлау;

- \* білім мазмұнының көлемі мен сипаты;

- оқу жоспарының, материалдың, бағдарламалардың дидактикалық құрылымы, мазмұндау формалары.

5. Іс жүргізу сипаттамасы:

- \* оқыту әдістемесінің ерекшеліктері, әдістері мен құралдарын қолдану;

- \* мотивациялық сипаттама;

- \* білім беру үрдісінің ұйымдастыру формалары;

- \* білім беру процесін басқару (диагностика, жоспарлау, регламент, түзету));

- \* технология есептелген оқушылар санаты.

6. Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету:

- \* оқу жоспарлары мен бағдарламалары;

- \* оқу және әдістемелік құралдар;

- \* дидактикалық материалдар;

- \* оқытудың көрнекі және техникалық құралдары;

- \* диагностикалық құралдар.

Педагогикалық технология сараптамасы көп аспектілі болып табылады. Тұжырымдамалық бөлім жаңашылдық (инновациялылық), балама, гуманизм және демократизм, қазіргі заман тұрғысынан қарастырылады.

Технология шеңберінде білім беру мазмұны Жалпы орта білім берудің қазіргі заманғы теорияларының, жүйелілік, дамыта оқыту мен әлеуметтік тапсырыстың ұстанымдарымен қарастырылады.

Іс жүргізу сипаттамасында ең алдымен жеке элементтердің орындылығы мен оңтайлылығы, барлық әдістемелік құралдардың кешенділігі, басқарылуы, білім мазмұны мен білім алушылардың контингентіне барабарлығы анықталады. Жаңа енгізілімдер немесе инновациялар адамның кез келген кәсіби қызметіне тән және сондықтан, әрине, зерттеу, талдау және енгізу мәніне айналады. Инновациялар өздері туындамайды, олар жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымдардың ғылыми ізденістерінің, озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі болып табылады. Бұл процесс табиғи болуы мүмкін емес, ол басқаруды қажет етеді.

С.И.Ожеговтың сөздігі келесі жаңа анықтама береді: жаңа-алғаш құрылған немесе жасалған, пайда болған немесе жақында пайда болған, бұрынғы, жаңадан ашылған, жақын өткен немесе қазіргі уақытқа қатысты, жеткілікті таныс емес, белгісіз. Терминді түсіндіруде прогрессивтілік туралы, Жаңаның тиімділігі туралы ештеңе айтылмаған.

Латын тілінен аударғанда "инновация" ұғымы "жаңарту, жаңашылдық немесе өзгерту" дегенді білдіреді. Бұл ұғым XIX ғасырдағы зерттеулерде алғаш рет пайда болды және бір мәдениеттің кейбір элементтерін басқасына енгізуді білдіреді. XX ғасырдың басында жаңа білім саласы, инноватика – жаңа енгізілімдер туралы ғылым пайда болды, оның шеңберінде материалдық өндіріс саласындағы техникалық жаңалықтардың заңдылықтары зерттеле бастады. Педагогикалық инновациялық үдерістер Батыста шамамен 50 жыл және соңғы жиырма жылдықта арнайы зерттеу тақырыбына айналды.

Қолданылатын педагогикалық үдеріске инновация енгізуді білдіреді жаңа мақсаттары, мазмұны, әдістері және нысандары, оқыту мен тәрбиенің бірлескен қызметін ұйымдастыру, мұғалімнің және оқушының. Ресей білім беру жүйесіндегі инновациялар туралы XX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап айтылды. Дәл осы уақытта педагогикадағы инновация мәселесі және оның түсініктік қамтамасыз етілуі арнайы зерттеулердің тақырыбына айналды. Синонимдер ретінде қолданылатын "білім берудегі инновациялар" және "педагогикалық инновациялар" терминдері ғылыми негізделген және педагогиканың категориялық аппаратына енгізілген.

Педагогикалық инновация-педагогикалық қызметке жаңашылдық, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен технологиясындағы өзгерістер, олардың тиімділігін арттыру мақсатында.

Осылайша, инновациялық процесс-жаңа мазмұн қалыптастыру мен дамыту және ұйымдастыру. Тұтастай алғанда, инновациялық процесс деп жаңалықтарды құру (туу, әзірлеу), игеру, пайдалану және тарату бойынша кешенді қызмет түсініледі. Ғылыми әдебиетте "жаңашыл" және "инновация" ұғымдары бар.

Жаңашылдық Инновация

Мақсаттар мен міндеттердің ауқымы жеке жүйелі

Қолданыстағы теориялар шеңберінде әдістемелік қамтамасыз ету қазіргі теориялар шеңберінен шығады

Ғылыми контекст түсінудің және түсіндірудің қазіргі "нормаларына" салыстырмалы түрде оңай сай келеді түсініспеушілік, алшақтық пен жанжал ахуалын тудыруы мүмкін, өйткені қабылданған "Ғылым нормаларына" қайшы келеді

Іс-қимыл сипаты (сапасы) эксперименттік(жеке жаңалықтарды апробациялау) мақсатты іздеу және жаңа нәтиже алуға барынша толық ұмтылу

Әрекет сипаты (саны) ауқымы мен уақыты шектеулі тұтас, ұзақ

Іс-әрекет түрі практика субъектілерін ақпараттандыру, жергілікті жаңалықты "қолдан қолға" беру осы практикада қызметтің жаңа жүйесін жобалау

Сынаууды іске асыру, басқару Барысы ретінде енгізу (жоғарыдан немесе әкімшілікпен келісім бойынша) өсіру, өсіру (ішінен), тиісті қызмет үшін жағдайлар мен кеңістікті ұйымдастыру

Нәтиже, өнім қолданыстағы жүйедегі жекелеген элементтерді өзгерту практика субъектілерінің позициясын толық жаңарту, жүйе мен жүйенің өз байланыстарын түрлендіру

Жаңашылдық іс-әрекеттердегі бастама, ұтымды ету, әдістемелерді жаңарту, жаңа әдістеменің өнертабысы жаңа қызмет бағыттарын ашу, жаңа технологиялар жасау, қызмет нәтижелерінің жаңа сапасын алу

Бұрынғы жүйені жетілдіру, оның функционалдық байланыстарын ұтымды ету жаңа практика немесе зерттеулер мен әзірлемелердің жаңа парадигмасы пайда болуы мүмкін

Сонымен, жаңалық-бұл құрал (жаңа әдіс, әдістеме, технология, бағдарлама және т. б.), ал инновация-бұл құралды игеру процесі. Инновация-бұл өмір сүру ортасына жүйенің бір күйден екіншісіне ауысуын тудыратын жаңа тұрақты элементтерді енгізетін мақсатты өзгеріс. Мұндай қарастырудағы жаңашылдық инновация нәтижесі ретінде түсіндіріледі, ал инновациялық үдеріс үш негізгі кезеңді дамыту ретінде қарастырылады: идеяларды генерациялау( белгілі бір жағдайда-ғылыми ашу), қолданбалы аспектіде идеяларды әзірлеу және практикадағы жаңалықтарды іске асыру. Осыған байланысты инновациялық үдерісті ғылыми идеяларды практикалық пайдалану сатысына жеткізу және әлеуметтік – педагогикалық ортада осыған байланысты өзгерістерді жүзеге асыру процесі ретінде қарастыруға болады. Идеяларды жаңашылдыққа айналдыруды қамтамасыз ететін және осы процесті басқару жүйесін қалыптастыратын қызмет инновациялық қызмет болып табылады.

Инновациялық үдерісті дамыту кезеңдерінің басқа да сипаттамасы бар.

- Онда келесі әрекеттер көрсетіледі:

- өзгерістер қажеттілігін анықтау;

- ақпаратты жинау және жағдайды талдау;

- жаңалықтарды алдын ала таңдау немесе дербес әзірлеу;

енгізу (игеру) туралы шешім қабылдау);

- жаңалықты сынамалық пайдалануды қоса алғанда, енгізудің өзі; күнделікті практиканың элементі болатын жаңалықты институттандыру немесе ұзақ уақыт пайдалану.

Барлық осы кезеңдердің жиынтығы жеке инновациялық циклді құрайды.

Білім берудегі инновациялар педагогикалық бастама ретінде арнайы жобаланған, әзірленген немесе кездейсоқ ашық болып саналады. Инновацияның мазмұны ретінде: белгілі бір жаңалықты ғылыми-теориялық білім, жаңа тиімді білім беру технологиялары, технологиялық сипаттама түрінде орындалған,

енгізуге дайын инновациялық педагогикалық тәжірибе жобасы болуы мүмкін. Жаңашылдық-педагогикалық және психологиялық ғылым жетістіктерін практикаға енгізу кезінде, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қолдану кезінде қалыптасатын оқу-тәрбие үрдісінің жаңа сапалық жай-күйі.

Инновацияны мемлекеттік билік органдары емес, білім және ғылым жүйесінің қызметкерлері мен ұйымдары әзірлейді және өткізеді.

Педагогтың идеалы күнделікті шешуге тура келетін міндеттер жүйесінде нақтыланады. Бұл мұғалімнің жұмысына қайталанбас және шығармашылық сипат береді. Педагогикалық идеалды нақты қызметке айналдыру процесінде педагогикалық шығармашылық деп аталатын нәрсе болады. Педагогикалық идеал мен нақты педагогикалық практика арасындағы қайшылықтарды жеңу және саяжайлар үшін педагогтарды шешудің өзге де Тәсілдерін қосу, қайта құру, іздеу қажеттілігін тудырады. Туындайтын және танымдық қайшылықтарды күнделікті шешу педагогикалық шығармашылық көзі болып табылады.

### ***Библиографиялық тізім:***

1. Назарова Т.С., Полат Е.С. Средства обучения: технология создания и использования. - М.: Изд-во УРАО, 1998. - 204 с.

2. Нестандартные уроки информатики / Сост. О.К. Мясникова. - Мурманск: ГЦМИТ, 1999. - 75 с.

3. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии: - М.: Педагогическое общество России, 2000.

4. Кузнецов А.А. Развитие методической системы обучения информатике в средней школе: Автореф. дисс... докт. пед. наук. - М., 1988. - 47 с.

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ**

*Абдуллаева: В.И. студент группы РЯ-119*

*Научный руководитель: Куатова Ж.Ж. к.п.н. старший преподаватель*

### ***Аннотация***

*Поиск оптимальных путей компьютеризации в сфере образования и педагогической науке привлекает в настоящее время повышенное внимание не только ученых: педагогов, психологов, дидактов, методистов, специалистов по вычислительной технике и информатике, но и многочисленных практических работников системы образования: учителей, руководителей учебных заведений, преподавателей и учащихся педагогических вузов.*

Главная задача научно-исследовательских и опытно-экспериментальных изысканий по данному направлению - обоснование роли и места ЭВМ в учебно-воспитательном процессе с учетом всего многообразия психолого-педагогических, организационных и собственно технических факторов. Процесс формирования знаний длительный и сложный, через восприятие, осмысление, запоминание и применение их. Он усложняется еще и тем, что само по себе «знание», в том числе и географическое, представляет собой сложный

конгломерат структурных элементов - понятий, категорий, законов и т.д. Для получения хорошего результата в процессе обучения - формирование качественных знаний - необходима правильная организация этого процесса. Сама по себе проблема успешности учения не является новой в теории обучения. Ее исследованию были посвящены еще работы Я.А. Коменского, Г. Песталоцци, К.Д. Ушинского. Одним из критериев успешности учения, по мнению многих дидактов, является уровень усвоения знаний, умений и навыков.

Одной из особенностей современной образовательной системы является поиск оптимального соответствия между сложившимися традициями и введением инноваций, обусловленных постоянным уплотнением и модернизацией содержания образования, его вариативностью. Значительное количество работ посвящено изучению роли педагога в повышении целенаправленности обучения, эффективности усвоения знаний; исследованию факторов, влияющих на познавательную деятельность учащихся; мотивации учения; активизации учебной деятельности через увеличение самостоятельной работы учащихся и использование активных форм обучения; увеличение роли аудиовизуальных средств обучения.

В настоящее время главная задача состоит в организации процесса обучения таким образом, чтобы он обеспечивал умственное развитие учащихся и значит, необходимо сделать это обучение развивающим. Поэтому теоретической основой процесса обучения должна быть теория развивающего обучения, сущность которой раскрыта в трудах Л.С. Выготского, А.А. Смирнова, В.В. Давыдова, Л.В. Занкова, А.Н. Леонтьева, Д.Б. Эльконина, П.Я. Гальперина. Находят свое применение и другие теории, такие, как теория активизации обучения (А.А. Вербицкий, Г.И. Щукина.); теория поэтапного формирования умственных действий (П.Я. Гальперин, Е.Н. Кабанова-Меллер; Н.Ф. Талызина, И.С. Якиманская.); теория формирования знаний (А.Н. Звягин, Л.Я. Зорина, И.Н. Пономарева, А.П. Усова, Э.Э. Карпова, В.А. Щенев); теория проблемного обучения (И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, А.Н. Леонтьев, Крутецкий В.А.) и другие.

Развитие информатизации общества затронуло и сферу образования. Одним из направлений современного образования является его компьютеризация. Она основывается на использовании компьютерных технологий в учебном процессе. То, что компьютеризация обучения остается актуальной темой и в настоящее время, свидетельствуют работы по вопросу возможности применения компьютерных технологий в обучении в школе (С.З. Алборова, О.И. Беляков, И.Р. Высоцкий, И.Б. Горбунова, А.А. Ездов, Н.И. Пак, И.В. Симонова, А.И. Шейнис, А.В. Шелухина). Л.В. Штыров отмечает, что компьютер в обучении может быть использован как инструмент собственной деятельности, как средство профессиональной деятельности, как средство межличностного общения и, что немаловажно, как инструмент реализации методов личностно-развивающего обучения. Е.З. Власова указывает на то, что у обучаемого много путей развития и есть право выбора оптимального пути. Среди основных направлений применения

компьютера Н.Н. Диканская выделяет возможности его использования в обучении, тестировании, психодиагностике, поддержке мотивации обучения и развития творчества. Компьютер как средство обучения может выполнять информационную, развивающую, познавательную, систематизирующую, тренировочную, моделирующую, контролирующую, культуроведческую, оценочную и воспитательную функцию. Реализация этих функций возможна при использовании методов компьютерного обучения. К ним Е.Ю. Зашивалова относит: объяснительно-иллюстративный, частично-поисковый, диалоговый, практический, исследовательский и интерактивный. П. Нортон отмечает, что обучение работе с компьютером является частью содержания образования, использование компьютера расширяет возможности человеческого мышления, так как обучение работа на компьютере уже является методом формирования мышления, но нельзя забывать, что компьютер есть лишь инструмент решения проблем, его использование не должно превращаться в самоцель. Обучение с помощью ЭВМ - это принципиально новый вид учебного процесса, требующий новых форм и новых методов учебной и обучающей деятельности. Необходимо, прежде всего, определить конкретные цели и содержание обучения в компьютерном варианте. И если окажется, что цели могут быть достигнуты с помощью традиционных, надежных, привычных для учителя и учащихся средств, то лучше всего обратиться именно к ним. Для компьютерного обучения целесообразно отбирать только то содержание, развертка и усвоение которого не может обойтись без ЭВМ, отмечает А.А. Вербицкий. Использование ЭВМ принципиально изменяет функции учителя. Ему надо предварительно предусмотреть, определить пути и разработать алгоритмы оптимального управления учебным процессом. Так, Высоцкий И.Р. и Данилова Н.П. пишут, что занятие с компьютерной поддержкой требует от педагога весьма тщательной подготовки. Однако на занятии его роль меняется и педагога почти не видно, хотя он - основной организатор учебной деятельности обучаемых. От педагога требуется умение "не попасть" под влияние техники, а знать ее и подчинить своему влиянию. Иначе и учитель, и техника зайдут в дидактический тупик. Внешне все может казаться хорошо, обстановка будет современной, "индустриально-электронной", но качество обучения будет снижаться.

В многочисленных публикациях отмечается, что компьютер может быть использован при изучении естественно-математических и гуманитарных дисциплин для решения самых различных задач: выполнения сложных вычислительных операций, анализа" результатов учебных экспериментов, построения и интерпретации математических моделей физических, химических и других явлений и процессов. Он может выполнять функции информационной системы, банка данных, автоматизированного справочника. Отмечается, в частности, что компьютеры могут быть с успехом использованы на всех стадиях учебного занятия: они оказывают значительное влияние на контрольно-оценочные функции урока, придают ему игровой характер, способствуют активизации



учебно-познавательной деятельности учащихся. Компьютеры позволяют добиться качественно более высокого уровня наглядности предлагаемого материала, значительно расширяют возможности включения разнообразных упражнений в процесс обучения, а непрерывная обратная связь, подкрепленная тщательно продуманными стимулами учения, оживляет учебный процесс, способствует повышению его динамизма, что, в конечном счете, ведет к достижению едва ли не главной цели собственно процессуальной стороны обучения - формированию положительного отношения учащихся к изучаемому материалу, интереса к нему, удовлетворения результатами каждого локального этапа в обучении.

### **Список использованной литературы**

- 1.Высоцкий И.Р. Компьютер в образовании//Информатика и образование. - 2000. - №1 - С. 17-19
- 2.Гутгарц Р.Д. Чебышева Б.П. Компьютерная технология обучения//Информатика и образование. - 2000. - №5. - С. 45-49
- 3.Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М.:ИНТАР, 1996. - 542 с.
- 4.Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. – Алматы, 2013. – 355с.
- 5.Таубаева Ш.Т. Құдайбергенова К. Педагогикалық инноватиканың ғылым ретінде қалыптасуы. // Қазақстан жоғары мектебі. 2014. №5 95-101 бет.

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

*Нарзуллаева Уғилжан Бахтқызы  
Шымкент университеті, БО-117 тобының студенті  
Ғылыми жетекшісі-Айтқулова Гүлмира Абдималиковна,  
магистр-аға оқытушы*

#### ***Аннотация***

*В данной статье рассматриваются вопросы о показателях эффективности критериального оценивания в рамках обновленного содержания образования. Кроме того, дается краткое определение применения некоторых инновационных технологических методов в обновленном образовании.*

«Адам адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деп ұлы ақын Абай айтқандай, алдыңғы қатарда тұрған ақыл, ғылым қашан да биіктен көрінерге жол ашатын бірден-бір биіктік. Тамырсыз ағаш, тарихсыз халық болмайтыны секілді, білімсіз адамды елестету де, әсте, мүмкін емес. Білім негізі бір болғанмен, әр заманның талабы мен адамның ойлау, сезіну қабілетіне қарай білім жүйесі де жылдан-жылға өркендеп, күрделеніп келеді. Қазіргі білім беру мазмұнында болып жатқан өзгеріс ол оқу үрдісін жаңашаландыру. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұрды [1]. Жаңашыл ұстаз ретінде білім жүйесіне енген өзгерістермен уақытылы

хабардар болдым. Бірақ сол уақытта менің көкейімді мынадай бірнеше сауалдар болды: Білім жүйесін жаңарту үшін неліктен Кембридж университетінің тәжірибесі таңдалынды? Жаңартылған білім беру бағдарламасының кейбір ерекшеліктері қандай? Оқу үдерісінде жүргізілетін қалыптастырушы бағалау барысында берілетін кері байланыстың қандай тиімді тұстары бар? Білім жетілдіру курсының Бірінші (ілгері) деңгейлі курсына және Жаңатартылған білім бағдарламасы негізінде біліктілік курсына келгенде көкейімдегі сауалдардың жауабын тапқандай болдым. Жаңартылған оқу бағдарламаларының негізгі ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымының мазмұнымен таныстым:

- Пәннің маңыздылығы;
- Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
- Үштілділік саясатты іске асыру;
- Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер;
- Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
- Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану күзіреттілігі;
- Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
- Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.
- Білім берудің қазіргі заман талабы - шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, күзіретті тұлға тәрбиелеу.

Оқыту - мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл күзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек.

Осыған байланысты оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын критериалды бағалау болып табылады.

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

***Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:***

- Мектепте оқыту сапасын жоғарлату
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

### ***Критериалды бағалаудың міндеттері:***

- Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

### ***Практикалық маңызы***

- Тек қана оқушы жұмысы бағаланады;
- Орындалған жұмыс алдын ала белгілі үлгі (эталонмен) салыстырылады;
- Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі және ата-анасына ақпарат бере алады;
- Критериалды бағалау белгілі оқу мақсаты бойынша бағаланады

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнына біршама шолу жасасaq: Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі оқу бағдарламалары «шиыршық» ұстанымы негізінде құрастырылған, оған сәйкес оқытудың әрбір мақсаты және әрбір тақырыбы белгілі бір уақыттан кейін білім көлемі мен олар бойынша дағдыларды бірізді тереңдету, күрделендіру және көбейту арқылы қайта қарастырылады. Пәндер бойынша барлық оқу бағдарламалары екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі жалпы ақпараттан тұрса, ал екінші бөлігі сыныптар бойынша мақсаттарды қамтиды. Жаңа үлгідегі ұзақ мерзімді жоспарда белгілі бір тарау/бөлімше шеңберінде қамтылуы тиіс оқу мақсаттары көрсетілген. Орта мерзімді жоспарда оқу бағдарламасында тұжырымдалған мақсаттарға сәйкес оқу мақсаттары, сондай-ақ мұғалім мен оқушы үшін ұсынылатын қызмет түрлері, ресурс үлгілері көрсетілген. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтті. Оқушы жұмысын бағалау- білім сапасының нәтижесі. Біз бағалаудың екі түрін білеміз. Формативті (қалыптастырушы) және суммативті (жиынтық) бағалау. Жалпы қалыптастырушы бағалау сабақ жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Сабақ барысында критерий арқылы өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістері қолданылады. Әрине қалыптастырушы бағалаудың нақты түрлері жоқ, сондықтан қалай түрлендіремін десе де, ол мұғалімнің өз шеберлігі. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі аяқталғанда өткізіледі [2]. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенетін болды. Бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім: Білім алушы оқытудың қай сатысында? Олар білім алуда неге талпынады? Бұған

жетуге көмектесу үшін не істеу керек? екенін түсінеді. Ал, кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауға мүмкіндік береді. Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге: Білім алушылардың жақсы жақтарын ескеру; Тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбау; Білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беру; Кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға қалай ақылың жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбау ұсынылады. Кері байланыс жасау-оқушының оқуын жақсарту үшін қажет нарсе. Кері байланыс оқушыға өзінің мықты және осал тұсын көрсетіп, алға жылжуға ықпал етсе, мұғалімге оқытудағы жіберген кемшіліктерін біліп, өз тәжірбиесіне өзгертулер енгізуге ықпал етеді [3]. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Бұл критериялды бағалау артықшылықтары:

Мұғалімдерге:

- Сапалы нәтиже алуды қам-тамасыз ететін критерийлерді құрастыруға;
- Өз жұмысын талдау және жос-парлау үшін ақпарат алуға;
- Оқу үрдісінің сапасын жақсар-туға;
- Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып өз жұмысын жоспарлау.

Оқушыларға:

- Нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге;
- Рефлексияға қатысу, яғни өзін және өз достарын бағалауға;
- Нақты есептерді шешуде білімдерін қолдану, өз ойларын еркін жеткізе білуі, сын тұрғысынан ойлай білуге.

Ата-аналарға:

- Баласының білім деңгейлерін бақылай алуға;
- Баласының оқу үрдісін бақылай алуға;
- Баласына оқу үрдісі кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Осыған дейін оқылым мен жазылымға аса мән беріліп келсе, жаңа білім беру мазмұнында ең бірінші тыңдалым және айтылымға мән берілуінің қоғамдық қажеттіліктен туындағандығын тәжірибе барысы дәлелдеді. Тыңдалым болмаған жағдайда қалған үш дағдының өз нәтижесін бермейтіндігі айдан анық жағдай. Сондықтан қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда. Бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның

негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Ұстаз қызметінің нәтижесі шәкіртінің білімді болуында ғана емес, шәкіртінің білімді өздігінен алып, алған білімін өз қажетіне өмірде қолдана білуінде. Бұл сыни ойлауды дамыту технологиясының "дәстүрлі" оқытудан айырмашылығы- білімнің оқушыға дайын күйде берілмеуі. Білімді дайын күйде көрсетпей, оқушының өзінің сыни ойлауына мүмкіндік беру, тұжырымға келуге, шешім қабылдауға үйрету. Осы тұрғыда оқушылар арасынан дарынды оқушылар өзінің көшбасшылық қабілетімен таныла бастайды. Олар топтық жұмыстарда белсенділік танытып, кейде өз тобындағы тұйық оқушылардың сабаққа тартылуына көмегін тигізеді.

Жаңартылған оқу бағдарламасының негізгі бөлімдерінің бірінде мұғалімнің АКТ-ны қолдану құзіреттілігін нақтылап көрсетілген. Мәселен, әрбір мұғалімнің алдына келген оқушының ойлау қабілеті әртүрлі болады, мәселен кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс атқарса, кейбірі оқу материалын баяу қабылдайды. Мұғалімге мұндай оқушыларға тапсырманы қайта ыңғайлап қарастыруға тура келеді. Осы тұста жаңашыл мұғалімнің іс- тәжірбиесінің ерекше тұсы-оның сабақты түрлендіріп жүргізіп, оқушы жүрегінен жол таба білуі. Оны жүзеге асырудың бір жолы- заман талабына сай ақпараттық- коммуникациялық технологияны (АКТ) тиімді қолдану. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қазіргі кезде білім беру саласын, оқытудың әр түрлі техникалық құралдарын пайдаланусыз елестету мүмкін емес. Білім берудегі интерактивті технология сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бір – бірін толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Жаңартылған бағдарлама аясында оқушылармен жан-жақты жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың оқыту үрдісінде тапсырмаларға дескрипторлар құру мен өзін-өзі бағалау, өзара бағалау дағдыларын жолға қойылған. Оқушылар қазіргі таңда дескриптор құруға дағдыланды, жұптық бағалау мен өзін-өзі бағалауды жүзеге асырылуда. Үлгерімі төмен оқушылардың өзі өзара бағалау мен кері байланыс жасау үрдісіне қатысып, өз пікірлерін ортаға салып отыр[4].

Жаңартылған білім негізінде кез келген пәннің мазмұны «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол ұлттық және жаһандық азаматтық құндылықтарды қабылдайтын, адамдар құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеу арқылы жүзеге асады. Орта білімнің маңызын белгілейтін құндылықтар: құрмет, әріптестік, азаматтық жауапкершілік, ашықтық, өмір бойы білім алу. К.Д.Ушанский айтқандай, «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады». Іздене отырып, оқушы бойына жаңаша сипаттағы бірден-бір мәліметті беру арқылы ол бала ой-сезіміне үлкен өзгеріс әкелуі мүмкін. Білім нұрымен оқушыны ерекше жетістіктерге жетелей отырып, оқу жетістігін

бағалаудың бір түрі – критериалды бағалау жүйесі. Критериалды бағалау жүйесі бойынша ақпараттарды мүдделі тұлғаларға жеткізеді, есеп жүргізеді. Әр тоқсан соңында оқушылардың көрсеткен нәтижелеріне талдау жүргізе отырып, есеп жүргізуді қалыптастырады. Критериалды бағалау жүйесі үш тарапқа да тиімді. Мұғалімдер үшін, сапалы нәтиже алуға мүмкіндік беретін критерийлерді құрастыруға, оқушылар үшін, өзінің түсінгенін жеткізу үшін қабілеттерін, ойлау әрекеттері түрлерін, оқудың түрлі стильдерін қолдануға, ата-аналар үшін, өз баласының білім деңгейіне қатысты нақты дәлелдер алуға және оқудағы ілгерілеуін қадағалауға көмектеседі. Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Бүгінгі ойымды Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген сөзімен аяқтағым келеді Яғни, бұл жаңартылған білім – уақытында жасалған өзгеріс деп айта аламын.

*Әдебиеттер тізімі:*

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. Екінші басылым. 2014 - Астана: "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.

2. Элейн Уилсон. Оқыту мен оқу сапасын арттыру үшін сабақтарда сандық технологияларды қолдану // Педагогикалық диалог. №2 (12) 2015 13-17-б.

3. Молдағажиева С.Д. Оқу үшін бағалаудағы кері байланыстың тиімділігі // Педагогикалық диалог. №2 (8) 2014.110-115-б.

4. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012ж

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ**

*Тайгулова Айгерим Уразбековна*

*Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

**Ғылыми жетекшісі:**

*Алметов Нығметжан- д.п.н., профессор*

### **Аннотация**

*Қазіргі таңдағы түбірлі өзгерістер ғылым алдында аса зор ауқымды міндеттер қойып отыр. Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, жастардың белсенді, шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да, оқу процесінің негізгі мақсаты - арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектін, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады.*

Білім беру жүйесінің шығармашыл, техникаиы басқарудың жана әдістерін таба алатын батыл да жанашыл, ақыл-ойы дамыған адамдарды даярлау талап етіледі. Математиканы оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық

белсенділігі мен ізденімпаздығын арттыруға негізделген. Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады. Танымдық қабілет пен шығармашылық ойлау процестері қысқа мерзімде қалыптаспайтындығы белгілі. Оқушылардың танымдық қабілетпен қанағаттандыруға шығармашылық жұмыстар мен тапсырмалар игі әсерін тигізеді. Шығармашылық таным қабілетінің артуы үшін оқытушы мен оқушының шығармашылық ізденулері өзара үштасуы қажет [17]. Шығармашылық қызметке жататын, жаңа білім алуға бағытталған зерттеушілік қызметінің нәтижесі - зерттелінетін объекті немесе оның аралық объектілері. Зерттеушілік процесс барысында оқушылар белгілі бір фактілер мен құбылыстарға берілетін түсініктемелер мен дәлелдеулерді өз бетінше іздестіріп, түсінуіне тура келеді. Оқу зерттеушілік қызметте оқушылар тапсырманың орындалуына және оны орындауға қажетті білім деңгейінің жеткілікті екендігіне сенімді болады. Оқу зерттеушілік қызметінде сонымен қатар ынталандырушы қосымша себеп бар. Ол - есеп шығарудан рухани қанағаттануы мен эстетикалық ләззат алуы және зерттеу мақсатына жету мүмкіншілігіне сенімді болу. Оқу процесінде оқушылар оқу материалындағы заңдылықтар мен байланыстарды бірінші рет ашушы жағдайында болады. Сондықтан, ол зерттеуші де. Ғылыми зерттеу әдістерін оқушылардың оқып үйрену қызметінің әдістері де болып табылады. Бақылау, тәжірибе және сынау әдістері математиканы оқытуда негізінен математикалық объектілердің қасиеттерін, заңдылықтарды көрсетіп беру үшін пайдаланылады. Математикалық зерттеулерде анализ және синтез, индукция және дедукция, жалпылау және нақтылау және т.с.с. ғылыми зерттеу әдістері ерекше орын алады. Математиканы оқыту процесінде танымның ғылыми зерттеу әдістері теоремаларды дәлелдеу, есептер шығару, математикалық ұғымдардың қасиеттерін оқып үйрену әдістері ретінде әр түрлі формаларда кездеседі. Оқу материалының маңыздысын бөліп алу, дәлелдеу және т.б. үйрету оқушылардың маңызды ой қорытуларды жасай алуына тәрбиелейді. Оқушыларды математикалық зерттеу әдістеріне үйрету, оларда зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру арқылы математикалық танымдық қабілетін дамытуға мүмкіндік тудырады. Математиканы (басқа пәндерді де) оқып- үйрену кезінде кездесетін барлық танымдық бастауларды өз бетінше пайдалануын қалыптастыруды, атап айтқанда: оқытушы түсіндіруі, кітап оқу, тапсырмаларды орындау, бақылау. Сабақ үстінде өз бетінше анықтамалар пайдалану, ол үшін деректер жинақтау математика пәнін өту барысында оны өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді және оған оқушылардың қызығуын арттырады. Математиканы оқыту үрдісінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін көтеру оқу уақытын көп жұмсауды қажет етеді. Осыған байланысты математика сабағында құрал жабдықтардың, математикалық есептерді шығаруда дайын сызбалар мен жазулардың, қолдан жасалған дидактикалық материалдардың тиімділігі зор. Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту үшін танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру қажет. Танымдық ізденімпаздық деп - әрбір оқушының танымға деген тұрақты құлшынысын, демек бар күшін, ынтасы мен жігерін өз білім дәрежесін көтеруге жұмсауын айтамыз. Оқыту процесі шығармашылықпен ұйымдастырылса, онда оқушылардың білім дәрежесі оқытушы айтқан сөздерден емес, өздерінің ізденуі және де есеп шығару әдістерін іздеу арқылы қалыптасады [20]. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туындайды. Өз білімін көтеру жекелеген оқушылардың өз бетімен

жұмыс істеу дағдысын дамытып, шығармашылық, танымдық белсенділігін арттырады. Оқушылар оқыту барысында білім алады, ал содан сон оны қолдану арқылы шығармашылыққа барады. Оқушы математика пәнінен шығармашылығын қалыптастыру үшін мынадай талаптарды орындау қажет: 1) оқулықтағы материалды оқу; 2) тақырыптағы негізгі түсінік пен заңдылықты меңгеру; 3) бір тақырып бойынша баяндама жасау; 4) бақылау жұмысына, емтиханға жақсы дайындалу; 5) таңдап алынған тақырыпқа өз бетімен зерттеу жүргізу; 6) тақырыптағы құбылыстарды түсіну; 7) тақырыптардағы нақты сұрақтарды тереңдетіп қалыптастыру; 8) техникалық құрал – жабдықтар мен жұмыс істеп, тәжірибе жасауды үйрену; 9) қабілетті көрсету және дамыту; 10) тақырып бойынша есептерді немесе проблемаларды шешу.

Тәуелсіз еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне - өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру. Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді. Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, оқушының маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйренетін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. «Дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс - тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы оқушының психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді [2]. Сондықтан да жаңа сапаға ие, шығармашыл, қабілетті адамдар тәрбиелеу үшін дамыта оқыту жүйесін ең негізгі басшылыққа алар нысана деп білеміз. Оқыту барысында оқушының ақыл - ойын, қиялын т. б. танымдық үрдістерін дамытып қоймай, оқушыны әртүрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарды. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, оқушыға ақыл - ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым - қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс - әрекетті ұйымдастырып, оқушының шығармашылығын арттырады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Осыған байланысты Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов [34] жасаған жүйесі үш негізгі құраушыдан тұрады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешу жолын бірлесе қарастыруы.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеуі.



Сабақты жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек ету ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артады. Дамыта оқыту ұлы неміс педагогы А. Дистербергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінің де негізі болып табылады. Дамыта оқыту деп ол баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуды атаған. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» - деген. Ал ойлауға үйрететін сабақты дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан - жақты іздене отырып, өз алдыма мынандай мақсат қойдым: «Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау». Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет. Ал, «таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі». Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым - қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді. Қазіргі ғалымдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Бастауыш мектеп- бұл оқушы тұлғасымен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерек.

Бүгінгі білім беру сапасы- бұл біздің қоғамымыздың ертеңі. Сондықтан да біздің еліміздің болашағы, бәрінен де әрқайсымызға, соның ішінде мұғалімге, біздің азаматтық көқарасымызға байланысты!”Неге оқыту керек?”, ”Қалай оқыту

керек?», «Кімді оқыту керек?» деген бұрынғы шешілетін теориялық-практикалық міндеттер бірігіп кеткен тәрізді. Мен кешегі күннің атақты ойшыл – педагог Ф.Бэконның ойына: «Оқытудың ақиқатты мақсаты білім емес, іс-әрекет» деген тұжырымымен толықтай келісемін.

Менің ойымша, оқушы қабілеті дегеніміз - оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері, оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді.

Қай салада болмасын, ондағы жұмыстың нәтижесі сапасымен өлшенеді. Мектептегі сан-саналы жұмыстың құйылатын арнасы да білімнің сапасында болатыны даусыз. Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін, өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, танымдық қабілетін дамытады.

Менің ұстаздық тәжірибемде, оқыту-тәрбиелеу барысында алдыма қойған мақсатым әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Педагогикалық психология бастауыш сатыда оқушының эмпирикалық (көрнекі-бейнелі және көрнекі әрекеттің) ойлау түрлерінің деңгейі жоғары болса, осыны тірек ете отырып логикалық(теориялық) ойлауы да тиімді дамиды деп есептейді. Осы саладан түйгенім-оқушылардың оқу материалымен белсенді түрде жұмыс істеуі, өздігінен жасайтын жұмыстары олардың белсенділігін арттырады, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амалдарын қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда жаңа технологияны тиімді пайдалана білу үлкен рөл атқарады. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың негізгі міндеті.

Мұғалім бұрын жаңалықтың жаршысы, білім нәрін өзі айтып қана жеткізуші, ал оқушы тыңдаушы, дайын білімді тыңдап қайталаушы болды. Қазір бәрі өзгерді. Оқушы – өздігінен ізденетін, шығармашылық әрекеттер жасайтын жеке тұлға. Мұғалім – нақты бағыт сілтеп, оқушы еңбегін ұйымдастырушы, бақылаушы. Қай технологияны қолдансақ та естен шығармайтын нәрсе – оқушының өзіне деген құштарлығын, қызығушылығын жоғалтып алмау.

В.Сухомлинский «Бала бойындағы білімге деген құштарлық, талап, ынта отын сөндіріп алмаңдар... Партадағы жұмыссыздық – аса қатерлі қауіп» деген екен.

Мен өзімнің сабақтарымда дамыта оқыту теориясын басшылыққа аламын. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей құрамдас бөліктерден тұратын болады:

1. Оқу мақсаттарының нақты қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірге қарастыру.

### 3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Дәстүрлі оқыту жаттауға, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай қайталап беруге дағдыландырса, дамыта оқыту шығармашылық ізденістерін, өз ойларын айта алу, дербес жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Дамыта оқытуды жүзеге асыру барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Деңгейлеп оқыту, ойын-сабақтар т.б.

Мысалы: Деңгейлеп оқыту ол негізінен 3 деңгейден тұрады.

I. Міндетті: оқушылардың міндетті түрде игеруге, білуге және үйренуге тиіс жаттығулары қамтылады.

II. Алгоритмдік деңгей: жаттығулары күрделірек, оқушылардың білімділік дағдыларын жетілдіретін жаттығулар.

III. Эвристикалық деңгей: оқушылардың терең ойлауға жетелейтін сұрақтар мен тапсырмалар.

Осы 3 деңгей бойынша жұмыстың мақсатын 4 жүйеге бөліп қарастыруға болады:

1. Байқампаздық, зейінін қалыптастыру мақсатында;
2. Іскерлігін, білімділігін қалыптастыру мақсатында (қабылдаған ұғымды, жаттаған ережені тәжірибеде қолданып, орындаудың оңай жолдарын іздестіреді).
3. Өз бетіндік жұмысын қалыптастыру мақсатында (схемалық есептер шығару, тест тапсырмаларын орындау, сызба бойынша сөйлемдер құрастыру т.б.)
4. Шығармашылық жұмысты қалыптастыру мақсатында (логикалық есептер, сөзжұмбақтар шешу, жұмбақ, өлең т.б. құрастыру.)

Сондай-ақ ана тілі сабақтарында кез келген мәтіннің мазмұнын ғана меңгертумен ғана шектелмей, түрлі шығармашылық ізденістерді талап етуін, ойлауын, салыстыруын, бағалауын жетілдіретін жұмыстарды көп ұйымдастыру керек.

Мысалы: 2 мәтінді салыстыру, кейіпкерге мінездеме бергізу, мәтінді өз бетімен аяқтату, ертегі құрату, ұйқас бойынша өлең құрату, ребус, сөзжұмбақ, жаңа тақырыптың мазмұнына байланысты мақал, жұмбақтар құрату сияқты түрлендіріп қолданылатын әдістер.

Дамыта оқыту технологиясының кезеңдерінен өту арқылы оқушының танымдық қабілетін және сабаққа деген қызығушылығы арта түседі.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру жолдары: Мәтінмен жұмыс; Тіл дамыту жұмыстары; Өзіндік жұмыс; Ізденімпаздық жұмыстары;

Мәтінмен жұмыс: шығарманың кейіпкеріне талдау; мәтіннің тақырыбын талдау; сөздік жұмыс; өз бетінше тақырып бойынша мәлімет алу; мәтін бойынша сурет салу.

Тіл дамыту жұмыстары: Шығарма; Мазмұндама; Мәтінді аяқтау; Өңгімені, ойды жалғастару; Ертегі ойлау, өлең шығару;

Өзіндік жұмыс: Тірек-сызба толтыру; Кестелер толтыру; Жағдайлардың шешімдерін табу; Салыстыру жасау.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білемін. Мен әр сабағымда оқушының алдына проблема қоюға, және сол

проблемаларды тікелей қазіргі өмірмен байланыстыруға тырысамын. Дамыта оқыту жүйесінде менің байқағаным мұнда:

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. "Жақсы оқушы", "Жаман оқушы" ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы – "орындаушы", "мұғалімнің тасасындағы" объект емес. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы білімге ие болады.

Ана тілі пәнінде әр тақырыптың өзі бүгінгі күні проблема болып отырғаны хақ емеспе? Оқушының оқырман ретінде автордың көзқарасымен келісе ме, әлде... бүгінде сондай дәстүр сақтала ма, жоқ па неліктен деп ойлайсың? Бұл кімнің кінәсі, әлде...

Дүниетану пәнін алсам да толып тұрған экололиялық проблема. Мұнда да мен әр түрлі әдіс-тәсілдермен қызықты сабақ өткіздім. Мәселен,

-Неге? Неге?; Сараптама; Тоқтам; Бір ауыз сөз; Тірек; Даналық ағашы;

-Хат т.б оқушының коммуникативтік, ақпараттық, проблеманы шешу құзыреттілігін арттыру мақсатында мен көптеген ізденімдік тапсырмалар, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға тырысамын.

Математика пәнінен мәселе есептерді талдауға да ерекше назар аударамын. Мысалы: -Бұрын мұндай есептер кездесіп пе еді? -Бірден орындай аламыз ба? -Өрнек құрып шығаруға бола ма? -Мына сан нені білдіреді? деген сұрақтар арқылы талдаймыз.

Әдістемелік тақырыбымды жүзеге асыруда оқушының субъектілік позициясын қалыптастыруға маған көп мүмкіндік береді.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Тіпті айтып айтпай не керек, дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, ал екіншісін Л.В.Занков басқарған болатын.

Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Ойын сабақтар. Қазіргі оқыту технологиясының ең қажетті әдістерінің бірі-ойын. Ойын теориясы өте ертеден-ақ дидактиканың саласы.

Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес» деген. Ойын формасын қолдануда 2 жақты дидактика байқалады: біріншіден-ойнау үшін білу, үйрену қажеттілігі; екіншіден-адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтау қажеттілігі.

Ойын кезінде бала көңілі көтеріледі, өзіне сенімділігі артады, білімге деген ынта-ықыласын жетілдіреді. Ойынды ойнағанда мұғалімнің мақсаты айқын болу керек, оқушылардың ерекшелігіне сай таңдап алынуы тиіс. Оқушының сабақты жақсы меңгеруінің бір айқын кепілі оның сөйлеу тілінің дамуына байланысты. Халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі жұмбақ, жаңылтпаш сияқты ойындары-тіл дамытудың әсерлі құралы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

### **ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ АЯСЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА БІЛІМДЕРІН ТОЛЫҚТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР**

*Талас Алайдар Сейтімбекұлы*  
*Ғылыми жетекшісі: Усенова Аккенже Мукановна*  
*Заманауи педагогика және психология*  
*кафедрасының доценті, PhD докторы*  
*М.Әуезов атындағы ОҚУ*

#### **Аннотация**

*«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру міндеттерінің белгіленуі қашықтан оқыту жағдайында мектеп оқушыларының білімдерін толықтыруға көмектесетін педагогикалық құралдарды пайдалану мәселесінің өзектілігін арттырады.*

Пандемия жағдайында шектеу шаралары аясында жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыра отырып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру жолында неғұрлым тиімді шараларын енгізу – бүгінгі ұстаздардың жауапты істері болуы керек.

Яғни, ол өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологиялардың үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Ал оларды даярлау үшін қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктерді, жаңа идеяларды және білім беру технологияларын пайдалану керек. Мұндай технологиялар қатарына «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» (СТО) бағдарламасы, М.Жанпейсованың «Модульдік оқыту технологиясы», Е.И.Пассовтың «Коммуникативтік технологиясы», Ж.А.Қараевтың «Деңгейлеп саралау технологиясы», «Қашықтан оқыту технологиясын», Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекованың «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» және т.б. ғалымдар еңбектерін жатқызуға болады. Сонымен, пандемия жағдайында қашықтықтан немесе аралас оқыту мектеп оқушыларын оқыту ұйымдастырудың негізгі түріне айналды.

Мектеп ұжымдары, педагогтар, оқушылар мен ата-аналар шектеу шаралары жағдайында оқыту мен оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру бағытында әдеуір тәжірибе жинақтады;

Тәжірибе шектеу шаралары жағдайында қашықтықтан/немесе аралас оқытудың тиімді түрлерін, сонымен қатар кемшіліктерін айқын көрсетті;

Шектеу шаралары жалғасып отырған қазіргі жағдайларда оқушыға нәтижелі білім беруде және тиімді педагогикалық құралдарын іздену, зерттеу, пайдаланудың өзектілігі тағыда арта түседі.

Қашықтан оқыту жағдайында білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытудың теориялық негіздері мәселесін зерттеуде жүйелік тұғыры (В.Г.Афанасьев, В.В.Краевский, А.А.Бейсенбаева, т.б.), тұлғалық белсенділік тұғыры (А.Н.Леонтьев, А.В.Петровский, т.б.), оқытудағы технологиялық тұғырлар (В.П.Беспалько, В.М.Монахов, В.В.Сериков, Н.Д.Хмель, т.б.), сондай-ақ білім беру практикасында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану тәсілдемелері (Н.А.Аминов, М.Н.Берулава, т.б.), студенттердің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру тұжырымдамасы (А.А.Вербицкий, т.б.), қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың тәсілдемелері (А.С.Минзов, Е.С.Полат, т.б.), білім алушылардың танымдық белсенділігі құрылымының модельдері және білім беру жүйелеріндегі басқару теориясы (Ю.К.Бабанский, Н.Д.Никандров, М.Н.Скаткин, Г.И.Щукина, т.б.), қашықтықтан оқытуды жобалаудың полипарадигмальды тәсілдемесі (О.Г.Старикова, Л.С.Лихачева, т.б.), жоғары кәсіптік білім беру саласындағы қашықтықтан оқытудың технологиялық, техникалық және дидактикалық қамтамасыз ету тұжырымдамалары (А.А.Андреев, А.Д.Савельев, В.Роберт, Е.Ы.Бидайбеков, Д.М.Жүсібалиева, т.б.) негізге алынды.

Бүгінгі күні ғылымда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, білім беру құралдарын әзірлеудің және оларды пайдаланудың іргелі негіздері қазақстандық және ресейлік белгілі ғалымдардың (Г.Б.Ахметова, Б.Б.Баймұханов, Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, Д.М.Жүсібалиева, Г.Қ.Нұрғалиева, И.В.Роберт, С.Г.Григорьев, В.В.Гриншкун, Е.С.Полат, т.б.) ғылыми зерттеу жұмыстарында жан-жақты қарастылады.

Ж.Р.Жексембаева қашықтан оқытуды заманауи білім беру жүйесін дамытудың жаңа парадигмасы ретінде зерттей отырып, қашықтан білім берудің әлемдік және отандық жүйесінің жағдайына, тенденцияларына, даму және қалыптасуы кезеңдеріне жан-жақты талдау жасайды. Қашықтан білім берудің қарқынды дамуының негізгі салаларының бірі білім берудің барлық жүйесіне әлеуетті әсері жоғары интернет-ақпараттық технологиялардың дамуымен сипатталады деп тұжырымдайды [2].

Қашықтықтан оқыту телекоммуникацияның техникалық құралдарын пайдалана отырып, білім беру субъектілері бір-бірінен алыстаған жағдайында жүзеге асырылатын оқытудың ерекше түрі деп түсіндіріледі. Бұл жағдайда қашықтықтан оқытудың дидактикалық жүйесі, бір жағынан, оқу процесінің барлық негізгі компоненттеріне (мақсаты мен міндеттері, мазмұны, әдістері, ұйымдастырушылық формалары, оқу және оқыту құралдары) тән болуы керек; екінші жағынан, ол тұтастық пен жүйелілікті, тиімділікті, қарқындылықты, белсенділікті қамтамасыз ететін инновациялық білім беру технологияларына бағытталуы тиіс. Осыдан пандемия жағдайында шектеу шаралары аясында мектеп оқушыларына білімдерін толықтыруға көмектесетін педагогикалық құралдарды жетілдірудің қажеттілігі туындайды.

Осы орайда ғылыми тұрғыда «қашықтан оқыту» ұғымын нақтылау қажет. Педагогикада «қашықтықтан білім беру» термині (лат. *distantia* қашықтық деген мағынаны білдіреді), яғни «қашықтықта білім беру» деп түсіндірілетін халықаралық термин болып табылады. Сонымен қашықтан оқыту білім беру ұйымдарынан алыс орналасқан және сондықтан оның оқытушыларымен үнемі байланыста болмайтын адамдардың оқу-танымдық қызметіне мақсатты және әдістемелік ұйымдастырылған басшылық дегенді де білдіреді.

«Қашықтықтан оқыту» ұғымының кең таралуына қарамастан, оқытудың бұл түрінің жалпыға бірдей танылған түсіндірмесі, оның мазмұны жөнінде бірегей түсініктер әлі де қалыптаспаған. А.А. Андреев қашықтықтан білім беруге тән ерекшеліктерге икемділік, модульділік, параллельділік, асинхрондылық, пайдалылық, әлеуметтілік және басқа да белгілерді жатқызады [3].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларда қашықтан оқытудың мынадай ерекшеліктеріне назар аударылады: қашықтықтан жүзеге асырылатын оқыту нысаны; әдістемелік жүйеге тән барлық компоненттерді көрсетеді; заманауи интерактивті дидактикалық құралдармен жүзеге асырылады. Сондықтан қашықтан оқыту оқыту формасы, жүйе, білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесу үрдісі, технология (технологиялар жиынтығы), оқыту тәсілдері мен әдістер болып табылады. Демек, қашықтықтан оқыту білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара әрекеттестігі кезінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолданумен жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қашықтан оқыту дамыта оқыту әдістерін, проблемалық және зерттеу әдістерін ақпараттық коммуникативтік технология саласында үйлестіре қолдануға бағытталған педагогикалық технология деп те тұжырымдалады.

Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген:

«Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, Интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер);

«Offline» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Бүгінгі таңда қашықтықтан білім берудің әдістемелік жүйесінде (әсіресе, субъектілерді қашықтықтан оқыту қажеттілігі жағдайында) дәстүрлі және инновациялық білім беру жүйелерінің ерекшеліктерін біріктіру қажет. Қашықтықтан оқыту әдістері мен құралдарының формаларын жобалаудың әдіснамалық негізіне полипарадигмальды тәсілдеме алынады. Өйткені, ол жүйелік-белсенділік, модульдік, сараланған, танымдық-визуалды және құзыреттілік тәсілдерді қамтиды.

Л.С. Лихачеваның пікірінше, полипарадигмальды тәсілдеме немесе тұғыр бұл бір объектіні бірнеше қосымша көздермен (зерттеу парадигмаларымен) кросс-интерпретациялаудың бір түрі, «күрделілік» атрибут және «элеуметтік таным қағидасы» ретінде жүзеге асырылатын кешенді тәсіл. Осыған байланысты, полипарадигмалды тәсілдеме зерттеу парадигмаларының ашық жиынтығы, олар бір-біріне енбейді, бірақ бірге өмір сүреді, зерттелетін объектінің әртүрлі қырларын (жақтарын, аспектілерін) ашуда бір-бірін толықтырады» деп есептейді [4].

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және де екіншісі – ол да маңызы жағынан біріншіден еш кем емес: «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» Қазіргі кезде білім беру саласында оқушылар үшін терең білімнің де, соған сәйкес тәжірибелік дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігі туралы тұжырым қалыптасты. Заманауи оқыту тәсілдерінің негізгі ерекшелігі оқушылардың білімді тек меңгеріп қана қоймай, оны іс жүзінде орынды қолдана білуіне басты назар аударуы XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мән-маңызына барынша сәйкес келеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) дайындаған Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасы дағдылардың барынша кең ауқымын қамтитын XXI ғасыр дағдыларының моделі болып табылады. Аталған жоба оқушылардың терең тұжырымдамалық түсінікпен астасқан негізгі сауаттылықты меңгергендігін көрсететін, кең ауқымды шешімдер мен іс-әрекеттерді таңдау қабілеттілігі сияқты түйінді құзыреттер жүйесін сипаттайды. Мұғалімдер өз жұмысына жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша дараландыру және баланың бойында метасананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары тиіс (Schleicher, 2018)

ЭЫДҰ жүргізген инновациялық ортаның салыстырмалы талдауы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

Мұғалімдерге көптеген оқыту стратегиялары, түрлі педагогикалық тәсілдерді араластырып қолдану мүмкіндіктері, сондай-ақ нақты әдістер мен стратегияларды қалай және қай жағдайда қолдану қажеттігі туралы білім қажет.

Мұғалімдердің қолданатын стратегиялары жалпы алғанда, бүкіл сыныпты оқыту мәселелеріне, сонымен қатар, жүргізілетін зерттеулердің бағытына, топтық



жұмыстарға, өзіндік жұмыстарға және жеке жүргізілетін зерттеулерге қатысты болмақ. Оның үстіне білім беру стратегиялары әрбір оқушымен жеке кері байланысты да ескеруі тиіс.

Мұғалімде жалпы білім алу үдерісі қалай жүретіні туралы, жекелеген оқушыларды оқуға ынталандыру, олардың көңіл-күйлері туралы және олардың мектептен тыс өмірі туралы барынша ауқымды мағлұмат болуға тиіс. • Мұғалімдер өз әріптестерімен өздері сабақ беретін пән бойынша және мазмұндас пән бойынша; бір ұйымның ішінде немесе бірқатар басқа ұйымдардың өкілдерімен; желілік кәсіби қоғамдастық шеңберінде, тәлімгерлік жүйесін көздейтін басқа да ішаралар аясында ынтымақтастық орната білулері керек.

Мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында мықты дағдыларды игеріп, оқытудың тиімді құралы ретінде оларды қалай пайдалану әдістемелерін меңгеруге тиіс, сондай-ақ, оқу үдерісін бақылауда ақпараттық-басқару жүйелерін тиімді қолдана білгені жөн.

• Мұғалімдер әріптестерімен ынтымақтастық оқу ортасын құру, жүргізу, басқару және жоспарлауға үлес қосу үшін өзінің мүмкіндіктерін барынша жетілдіріп отыруға тиіс.

Соңғысы: мұғалімдер өз тәжірибесі арқылы білім алу үшін өз практикасына қатысты рефлексия жасауға, яғни ой толғауға міндетті.

Сонымен жоғарыдағыларды зерделей келе қуатты педагогикалық құралдар ретінде төмендегілерді қарастырдық:

Метатаным немесе оқушының ӨЗІН-ӨЗІ реттей алуына үйрету. «Метатану» термині оқушылардың саналы білім алуы мен ойлауын дамытуға ықпал ететін бірқатар үдерістерге қатысты қолданылады (Flavell, 1976). Метатануға танымдық үдерістерді білу, түсіну және реттеу немесе танымдық үдерістерді қарастыру үшін танымдық үдерістерді қолдану, соның ішінде қатесін танып-білу және ойлауды бақылау деген анықтама беруге болады. Бүгінгі пандемия жағдайында аса маңызды мәселелердің бірі болып тұрған нәрсе – оқушылардың ассинхронды оқуға дағдылануы, яғни тапсырмаларды өз бетімен орындай алуы. Мұғалім тек нұсқау береді, ал оқушы сол нұсқау бойынша тапсырмаларды өз бетімен орындайды. Мұғалім: а) оқушыларға өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға мүмкіндік береді; ә) оқушыны тапсырманы өз бетінше орындауға мүмкіндік беретін құзыреттілікке жеткізуді мақсат ету;

Қазіргі ақпараттық қоғамда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға негізделген ақпараттық процестер өркениеттің дамуының негізгі белгілерінің бірі болып табылады. Қоғамды ақпараттандыру үдерісі білім берудің сипаты мен мазмұнын өзгерту қажеттілігін тудырып білім беру жүйесіне әсер етеді. АКТ-ны пайдаланудың негізгі мақсаттары оқушылардың функционалдық сауаттылығын, негізгі оқу дағдыларын қалыптастыру, бейінді және бейіналды даярлықпен қамтамасыз ету;

АКТ артықшылықтарын жүзеге асыру арқылы білім, білік және дағдыларды меңгеру сапасын арттыру, танымдық қызметті белсенді қылу мақсатында ынталандыру, ақпаратты өндеудің заманауи құралдарын пайдалану негізінде пәнаралық байланыстарды тереңдету;

білімділіктің жоғары көрінісі деп танылатын және жеке адамның қасиеттері мен кәсіби біліктілігінен тұратын жалпы мәдениет құраушылардың бірі ретінде ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы;

оқыту процесінде оқушылардың жеке ерекшелігін ескеру, белгілі бір бағыт бойынша оқушылардың қабілеттерін дамыту;

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушыларды өз бетінше оқу-танымдық қызметке даярлау;

оқушы тұлғасын дамыту, оның шығармашылық мүмкіндіктерін, зерттеу ісіндегі шеберлігін ашу;

аппараттық құралдар, бағдарламалық жүйелер, сондай-ақ, заманауи технологиялық шешімдер негізінде жүзеге асатын және ақпараттық сұраныстармен қамтамасыз етуге арналған мазмұндық толықтырулар, оқушылардың қызметіне байланысты және де оларға қажет оперативті қарым-қатынас үшін ақпараттық ағындарды ұйымдастыру ретінде біртұтас ақпараттық орта құру.

*Қашықтан оқуды ұйымдастырудың негізгі кезеңдері:*

1-қадам. Күтілетін нәтижелерді басқару

2-қадам. Бағалау әдістері

3-қадам. Оқыту үшін технологиялар мен платформаларды таңдау

4-қадам. Инклюзивті оқу ортасын құру

(Сілтеме: Анна С. Коэнмиллер, Альба университетінің кеңесшісі)

Қашықтан оқудың артықшылығы:

-Тұрғылықты жері таңдалған білім беру мекемесінен айтарлықтай алыста орналасқан оқушылар үшін білім арудың қолжетімділігі;

-Бір мезгілде бірнеше білім беру мекемелерінде оқу мүмкіндігі;

-Емтихандар, сынақтар, курстық емтихандар тапсыру, олимпиадаларға, конференцияларға, форумдарға қатысу және т. б. алдын ала қатаң белгіленген мерзімге/уақытқа тәуелді болмауы;

-Электрондық поштаны, аудио және видеоконференцияны пайдалану есебінен мұғаліммен жедел байланысты едәуір кеңейту.

*Қашықтан оқудың кемшілігі:*

-Эмоциялық - шығармашылық оқу ортасын жасау қиындығы;

-Білім алушылардың ұсынылған тапсырмаларды 100% өздері орындағанына сенімділіктің болмауы;

-Тұрақты бақылаудың болмауы білім алушының ынтасының төмендеуіне әкеліп соғады;

-Білім алшылар мен оқытушылардың компьютерлік сауаттылығының жеткіліксіз болуы;

-Қашықтан оқу сабақтары бойынша тапсырмалар әзірлеудің көп еңбектенуді қажет ететіндігі.

Дегенмен, мұғалімнің педагогикалық шеберлігі және білім беру процесінде АКТ-ны шебер қолдануы оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлерін оңтайландыруға, оларды оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту мен жетілдіруге, оның дүниетанымы мен қабілетін қалыптастыруға бағыттауға мүмкіндік береді жіне төмендегідей негізгі құралдарды анықтайды.

Онлайн қызметтер.

Интерактивті сабақтар.

Конференциялар мен байқаулар.

Интернет желісінің білім беру ресурстары, виртуалды зертханалар.

Қашықтықтан оқытудың заманауи құралдары мен сервистері.

Электронды оқулықтар мен құралдар, бейне және аудио жазбалар.

Тренажерлер және тестілеу бағдарламалары.

**Қашықтан оқуда пайдаланатын онлайн оқу құралдары:**

Zoom — бейнежазбалар, лекциялар, вебинарлар

ManageBac — халықаралық мектептерге арналған қашықтықтан оқу мүмкіндіктері

Google Classroom – қашықтықтан оқу ортасын құру мүмкіндіктері

Kahoot — онлайн тест және квест сервисі

Mentimeter — интерактивті таныстырылым сервисі

Padlet — бірлескен жұмысты құру

Foxford — онлайн-мектеп

Сондай-ақ мұғалім өзіндік тапсырмаларды барлық оқушыларға бір деңгейде береді. Олардың тапсырманы орындау жылдамдығы әртүрлі болғандықтан, біреуі бұрын, екіншісі кейін, үшіншісі мүлде кеш орындайды. Сондықтан мұғалімнің оқушылармен жаңа тапсырманы орындауға көшуіне қиындық туады.

Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас жасау стиліне тоқталсақ, мұғалім оқушылармен ресми түрде сөйлеседі. Сабаққа жақсы қатысқан, дұрыс жауап берген оқушыларды мадақтап, қолдап отырады да, сұраққа жауап бере алмаған оқушыларға зекіп, ұрсып тастайды. Мысалы, оқушыларға «..... сен бүгін көп сөйлеп кеттің», «жаныңдағы оқушы қазір ғана айтты ғой, естімейсің бе?», «оқымағансың, сенің сабаққа дайындалып келетін күнің бола ма?», - деген сияқты ескертулер жасайды.

Жоғарыда айтылған пікірлер бізге оқыту үдерісі жоғары педагогикалық мамандар даярлайтын оқу орындарында тереңірек оқытылуы қажет деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осы орайда біз, мұғалімдерге қазіргі білім кеңістігінде әсіресе шектеу шаралары аясында қолданылатын педагогикалы құралдарды ұсындық және оны ұйымдастыруға көмектестік.

Қорытындылай келе шектеу шаралары аясында мектеп оқушыларына білімдерін толықтыруға көмектесетін педагогикалық құралдарды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерттеу өзекті мәселе.

Қазіргі әлем жоғары білімді ақпараттандырудың дамуымен сипатталады. Мұндай жағдайда қашықтықтан оқыту жүйесі оқушыларға оның орналасқан жеріне қарамастан тікелей ақпарат пен оқу материалдарын ұсыну үшін жаңа технологиялық құралдарды қолдануды қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім беру кеңістігінің ажырамас бөлігі болады. Пандемия жағдайы күтпеген жағдайларға дайын болуды дәлелдеді, оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын қалыптастыруда жаңа білім беретін интернет-технологияларды ғылыми негізде енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолданудың мақсаты оқыту процесін даралау және оның сапасын арттыру болып табылады. Оқу үрдісінің орталығында мектеп оқушыларының өзіндік танымдық іс-әрекеті тұрады. Оқушының әртүрлі ақпарат көздерін қолдана отырып, өз бетінше білім алуды үйренуі, сондай-ақ танымдық іс-әрекеттің әртүрлі әдістерін қолдана отырып, осы ақпаратпен жұмыс істей алуы маңызды. Мектеп оқушысының белсенділігі дербестікпен өзара байланысты, ол белсенділікті жүзеге асыру формасы ретінде қызмет атқарады және танымдық іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Сондықтан, заманауи интернет-технологиялар әрбір жеке тұлғаның дамуы үшін қолайлы жағдайларда сапалы білім алу құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ресурс деп саналады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы
2. Жексембаева Ж.Р. Дистанционное обучение как новая парадигма развития современных образовательных систем//Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая, серия «Педагогические науки», №3 (63), 2019. - С. 23-28.
3. Андреев А.А. Дистанционное обучение: сущность технология, организация /А.А.Андреев, В. И. Солдаткин. – М.: Изд-во МЭСИ, 2000. - 350с.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК РЕАБИЛИТАЦИЯЛАУ

*Талатбек Ақнұр Ерғалиқызы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Арзымбетова Шолпан Жақсылыковна - к.п.н.*

### **Аннотация**

*МШБ өз үйлерінде немесе түзетушілік қызмет көрсететін реабилитациялық мекемелерде оқытылады және тәрбиеленеді. Реабилитациялық мекемелердегі балалармен психологтар, психиатрлар, логопедтер, мұғалімдер жұмыс жасайды.*

Бұл реабилитациялық мекемелердің негізгі міндеттері:

- кескінді тұрғыда диагностика жасау әрбір балаға жеке тұрғыдан келіп оқыту мен тәрбиелеуде, олардың потенциалдық мүмкіншіліктерін іске асыру;
- әрбір баланың диагнозына байланысты оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастырып жүргізу;
- балалардың бұзылған психофизиологиялық функциясын түзету, балалардың танымдық қызығушылығын дамыту;
- оқу-тәрбиелеу процесінде әдіс-тәсілдерді ендіру т.б. жұмыстар кіреді.

Реабилитациялық мекеменің моделі ауданның әлеуметтік-мәдени және білім беру жағдайының анализінің негізінде жасалуы тиіс (жалпы және реабилитациялық типтегі мекемелердің инфраструктурасы), балалар контингентінің негізінде (денсаулығының психосоматикалық күйі, әлеуметтік реабилитация, әлеуметтік жүріс-тұрыс, мекемелер бойынша бөлу және реабилитациялық қажеттіліктер)

Баланы кешенді реабилитациялау моделі

Медициналық реабилитация Педагогикалық реабилитация

Субъект Оқу іс-әрекетінің субъектісі  
Мүмкіндігі шектеулі бала  
Тұлға Әлеуметтік субъект  
Психологиялық реабилитация Әлеуметтік – педагогикалық  
Реабилитация

Аудандық әлеуметтік және білім беру ситуациясының ерекшеліктері-реабилитациялық қызметтің анықталған моделін қалыптастырудың негізін қалайды. Бұл модель балалардың реабилитациясын ағза деңгейінде (медициналық), тұлға (психологиялық), іс-әрекет объектісі (педагогикалық), әлеуметтік субъект (әлеуметтік) деңгейінде қамтамасыз етеді немесе комплексті.

Модель балаларға көмекті тек педагогтар ғана емес басқа мамандар да бере алатыны қарастырылған. Реабилитациялық модельдің нақты бағдарлар мен кадрлар потенциалы болуы тиіс. Мұғалім, босатылған сынып жетекшісі, тәрбиеші, әлеуметтік педагог, практикалық психолог, дене шынықтыру мұғалімі, мектеп дәрігері және т.б. міндеттерді шеше алады.

Жалпы оңалту моделінде психологиялық қолдау көтерудің моделі төмендегідей:

- Оңалту мекемесі келесі жағдайда ғана тиімді қызмет ете алады;
- Оңалту жұмыстарды ғылыми әдістемелік қамтамасыздандыру;
- Оңалту мекемені кадрлармен қамтамасыз ету;
- Оңалту объектілерін таңдау және диагностика жүргізу;
- Мекеме деңгейінде оңалту процесі субъектілерінің келісілген

әрекеттері

Профилдік оңалту мекемелер кемістігі бар балаларға жағдай туғызады (материалдық-тұрмыстық, кадрлық, әлеуметтік-психологиялық) және оңалтудың нақты басқармаларын жасайды.

Қойылған диагнозға байланысты бала сол мекемеде (дамудағы аномалия табылған жағдайда) немесе профилдік оңалту мекемелерінде тәрбиеленеді.

Бұл жағдайда көмек тереңдетіліп, кеңейтілген түрде көрсетіледі.

Барлық жүйе даму үшін оңалту мекемесінің ішінде нақты белгіленіп орындалуға тиісті функционалды баспалдақтарды қамтуға тиісті. Норма орындалған жағдайда ғана емдеу- сауықтыру шаралары нәтижелі болады.

Психолог пен педагогтың әрекеттестігі педагогтың бала даму тұрғысын өз іс-әрекетіне қатысты өзгертулер жасауға бағытталған, яғни ой стереотиптерін белгілі бір қайта құруға, кәсіби сананың «штампытарын» бұзу адасушылықтарды жоюға. Психолог пен педагогтың диалогын ұйымдастыру үшін компьютерлік бағдарламаларды пайдалану, оның зерттеу пәні-оқу мен жеке бала немесе балалар тобының дамуы арасындағы өзара қатысты мәселе. Осындай да бала дамуындағы «қадамдарды» мұғалім әдістемесіндегі «қадамдарды» өзара қатынасын көрсету маңызды. Бір жағынан құрылымдық және қызметтік кемістіктің сипаттамалар талдау керек, ол баланы психологиялық және клиникалық зерттеуімен жүзеге асырылады, басқа жағынан қарағанда оның шағын әлеуметтік орта ерекшеліктерін талдау қажет. Осы міндеттердің кешенді шешімі психологтың, педагогтың және медициналық қызметтердің тиімді **ынтымақтастығы** барысында мүмкін болады.

Түзету көмегі тиімді және мақсатқа бағытталған болу үшін баланы зерттеу үдерісі барысында оның интеллектуалдық қабілеттер құрылымын, контингент стилін, дамуындағы құрылымын, когнитивті стилін, дамуындағы компоненттердің басымдылығын анықтау маңызды. Т.В.Розанова баланы диагностикалауда кешенді көшпәндік зерттеуді кезеңде өткізуге ұсынады, әуелі психолог тапсырмаларды орындауда нәтижелердің негізінде танымдық іс-әрекеті, сөйлеуі, эмоциялық-ерік жүйесінің дамуы, мінез-құлық ерекшеліктері мен психикалық дамуында оның ауытқуларының мүмкін себептері туралы қорытындыға келеді. Содан соң өзінің қорытындыларын дәрігерлерге айтады және басқа мамандар жеткізіп, барлығы бірігіп барлық зерттеудің нәтижелері бойында қорытындының мазмұны туралы шешім қабылдайды. Осылайша түзеу көмегінің сипаты анықталады.

Коррекциялық – дамыту бағыттылығы түрлі бағыттағы мамандарды бірлескен күштерінің бірігуін анықтайтын және бірлескен іс-әрекет мотивтердің мәнін бейнелейтін жүйелілік факторы болып табылады. Кешенді көшпәндік диагноз қойылған соң, жеке коррекциялық бағдарламалар жасалған кейін орынды сұрық туындайды: проблемасы бар балама негізгі жұмыс қайда өтеді?

Команданың көмегін қажет етеді, сонымен бірге қосымша жағдайлардың жасалуын күтеді. Сондықтан да мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді көмек беру үшін жаңа типтегі мекемелер қажет, онда жоғары дәрежелі және жоғары технологиялық коррекциялық әсер ата-аналардың мақсатты жұмысымен бірге жүреді. Бала үшін отбасы ең алғашқы және ең ұзақ әлеуметтік байланыстың көзі. Сондықтан да мүгедек балаларды оңалтудың маңызды аспектісінің бірге ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру қажеттілігін В.И.Бондарь айтқан. Көмекті тек дамуында ауытқуы бар балалар ғана емес, сонымен қатар ата-аналары да қажет етеді. Көптеген ғасырлар бойы «адамзат» әр түрлі ғылым салаларының басты объектісі болып келеді, себебі ғылым мен адамзат бір бірімен тығыз байланыста келеді. Өз тарихын, мәдениетін, табиғи болмысын танып білуге деген адамзат құштарлығының шегі болған емес. Осы таным жолында психология ғылымының орны аса зор әрі ерекше. Адам болмысының табиғаты, оның саналы қоғам шеңберінде өркендеуі мен қалыптасуы, айналасындағы басқа адамдармен қарым қатынасының ерекшеліктері психология ғылымының негізінде жатыр. Адамның даму заңдары мен болмысының мүмкіндіктері жөніндегі білімдер жүйесі бүкіл қоғамның дамуы үшін өте қажет. Көп жағдайда адамдардың жеке және ұжымдық әрекеттерінің механизмі, әрекет, әлеуметтік бағыт, тәртіп стереотиптерінің қалыптасу заңдылықтары жөніндегі білімдерді пайдаланбай, сезім, психологиялық климатты танып білмей, жеке адамның ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерін, қабілетін, сезімін, мінезін, адам аралық қатынастарын зерттемей, әлеуметтік процестер мен құбылыстардың мәні толық ашылмайды. Яғни, әлеуметтік процестерді зерттеуде психологиялық факторларды ескеру-заңды қажеттілік. Осыған орай, психология бірнеше салаға бөлінген. Соның бірі-әлеуметтік психология [1].

Әлеуметтік психология- адамдардың әр түрлі ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған топтарында көрініс беретін психикалық болмысын зерттеумен айналысады. Әлеуметтік психология бүгінгі таңда ерекше сұранысқа ие. Өйткені әлемдік проблемаларды шешуден бастап, адам қашанда топтың өкілі болғандықтан, оның ортаға бейімделуі, күнделікті тұрмыстағы кездесетін қақтығыс, күйзелістерді зерттеп, қажетті шешімдерге қол жеткізуге болады. Адам

баласында өмірге келген сәттен бастап, белгілі ортаға бейімделу процесі жүреді. Психологияда бұл процесі адаптация деп атайды.

Адаптация-жеке адамның немесе әлеуметтік топтың ортамен әрекеттестігі, оған осы ортаның нормалары мен құндылықтарын игеру, сонысымен қатар ортаның мақсатына сәйкес өзгеруі, қайта құрылуы жатады. «Бейімделу» (адаптация) ұғымы психологияда адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуін білдіреді. Бұл ұғым индивид пен ортаның тепе-теңдік байланыстары туралы гештальтпсихология, ақыл-ойдың даму теориясы сияқты психологиялық концепцияларда да маңызды орын алады. Бұл терминді еңгізген Г.Селье. Үш стадиядан тұрады:

1. Алаңдау стадиясы – бір неше сағат немесе екі күн созылуы мүмкін, мұнда адамға белгілі әсер келіп адам одан қорғануға тырысады;

2. Қарсы шығу стадиясы – адам әсерге қарсыланады;

3. Тұрақтану немесе әлсіздену стадиясы.

Бейімделудің негізгі түрлері – сенсорлық бейімделу мен әлеуметтік бейімделу. Сенсорлық бейімделу – түйсіктердің бейімделуі. Әлеуметтік бейімделу – бейімделудің ең жоғары дәрежесі, бір жағынан, үнемі жүретін индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, екінші жағынан, бұл процесің нәтижесі. Осы екі компоненттің өзара қатынасы индивидтің қажеттіліктеріне, оларды қанағаттандыру мүмкіндігіне тәуелді. Бейімделу үздіксіз жүретін процесс болса да, оны әдетте, адамның өмірінде негізгі әрекеттердің және әлеуметтік ортаның ауысуымен байланыстырады. Психологиялық бейімделудің негізгі көріністері – адамның айналасындағы адамдармен белсенді қарым-қатынас жасауы. Психологиялық бейімделудің басты құралы – тәрбие, білім, еңбек және кәсіби даярлық болып табылады. Психологиялық адаптация, адам өміріндегі кез келген өзгерістерде жүзеге асады. Мысалы, «үйкүшік» баланың балабақшаға келген соң, жаңа жағдайларға бейімделуіне тура келеді. Мектепке келу-жаңа талаптарды орындауға, жаңа жағдайларға бейімделуді қажет етеді. Еңбек жолын бастаған жастарда, бейімделу кезеңін басынан кешіреді. Тіпті микросоциумдағы (отбасы) өзгерістер: ата-аналардың ажырасуы немесе жақын адамдардың қайтыс болуы т.б. жаңа жағдайлар туғызады [2].

Әлеуметтік бейімделу – тек дені сау адамдардың ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да әлеуметтік ортаға қосылуы, қоғамда өмір сүруге бейімделуі. Мүгедек бала – тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам. Мүмкіндігі шектеулі балаларда бейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Кейде, адекватты емес мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық ситуациялар туындайды. Бір сөзбен айтқанда, дезадаптация пайда болады. Балалардағы дезадаптация күйі оңай пайда болғанмен, адаптация үдерістері ұзақ уақытқа созылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу немесе адаптация қиындықтарын жеңілдету, психикалық дамуын қалыпты балалардың психикалық дамуы деңгейіне жақындату коррекция және компенсация жолдарымен жүзеге асады. Дәлірек айтқанда, коррекция (түзету) ұғымы – психикалық және дене бітімдік дамудағы кемшіліктерді, психологиялық-педагогикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жүйесі көмігімен түзету. Бұл жүйе баланың психикасының, дене бітімінің ауытқуларын жеңілдетуге және жоюға бағытталады.

Дамудағы ауытқуды түзету немесе коррекция жасаудың тұтас тұжырымдамасын алғаш рет итальян педагогы М.Монтессори (1870-1952) жасады. Ол сезімдік тәжірибе мен моториканың дамуы автоматты түрде ойлауды дамытады, себебі олар ойлаудың алғышарттары деп есептейді.

Көршілес мемлекет Ресейде түзету жұмысының теориясы мен тәжірбиесін дамытуда жетекші рөлді А.Н.Граборов (1885-1949) атқарды. Ол ақыл ойы кем балалармен жүргізілетін сабақтардың біртұтас жүйесін жасады. Бұл жүйенің құрамына нелер кіреді? Оған ойлау, есте сақтау үдерістерін дамытуға ықпал ететін әр түрлі ойындар, шыдамдылықты, төзімділікті қажет ететін қол еңбегі, топтық саяхаттар тәрізді маңызды әлеуметтік мазмұндағы жұмыстар енеді.

Кемістіктердің орнын толтыруда психотерапияның рөлі ерекше маңызды. Ұзақ уақытқа дейін, психотерапевтік шаралар вербальды коммуникация, интеллект сияқты қалыпты дамыған адамға тән компоненттер негізінде ғана жүзеге асады деген теріс ұғым орын алып келді. Бірақ ақыл ойы кем балаларда интеллекттуалды әрекеттік болатыны және психотерапияда вербальды емес әдістердің қолданылатыны дәлелденді, мысалы арттерапия. Олигофрен оқушылармен психотерапевтік жұмыстар жүргізу барысында, нәтижесінде олардың зейін, қабылдау, есте сақтау қабілеттерінің артқанын, оқу әрекетінің арта түскендігін байқауға болады. Сондай-ақ, психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілген психотерапевтік жұмыстарда өз нәтижелерін көрсетіп келеді.

Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен күнге көбеюде. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім және психологтың тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын байқалады. Бұл жұмыста үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ осы салада қызмет атқарып келе жатқан мамандарды шығармашылық жұмыстар мен инновациялық технология әдіс тәсілдерін іздеуге итермелейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық түзету арқылы қолдаудың маңызы зор. Себебі, тұрмыс тіршілігіндегі шектелуді жою үшін жағдай жасауды қамтамасыз етіп, оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасау керек деп ойлаймын. Біздің Отанымызда да осы салаға байланысты арнайы сауықтыру орталықтары да жұмыс жасап келеді. Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленуде. Осы топқа жататын арнайы мектептерде сырқаттары және басқа себептерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек. Егер, әлеуметтік педагогикалық үдерісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттей алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Тек осыдан кейін әлеуметтік



психологиялық үдерісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбекқор және тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі туар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеруіміз керек. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін психолог, емдік физкультура, логопед, олигофренопедагог мамандарының арнайы тапсырмалары өте қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделудегі, тәрбиелудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата-аналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады.

Адамның ең маңызды игілігі –жеке басының бостандығы мен құқықтары. Ата Заңымыз Конституцияның «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңның 4- тарауында кемтар балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15-бап кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-психологиялық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті. «Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру мазмұны 23-баптарында нақты көрсетілген. Олардың мүмкіндіктері шектеулі болсада, мәртебесі сау адамдармен тең дәрежелі. Атап айтқанда мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты дамыған адамдармен әлеуметтік жағынан да, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тең құқылы екендігі айтылған.

Қазіргі таңда, еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі деңсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан жылға мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрып келеді. Үкіметіміздің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүгедек балаларға емес, олардың ішінде өз-өзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиеленетін және ешқандай бағдарламамен оқуға жарамсыз балалар мен жасөспірімдерге көрсетіледі. Осы орайда педагог-психологтың міндеті мүмкіндігі шектеулі балалардың жан айқайын қоғамға жеткізу, яғни бала ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарым-қатынастарын дамытып, дені сау баламен араласауына жағдай туғызу болып табылады. Тәрбиелеу барысында, жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі 16664 бала, жалпы мектептердегі арнайы сыныптардың саны 762 болса, сол сыныптарда – 7582 бала оқып жатыр, ал жалпы мектептерде ешқандай әлеуметтік–психологиялық қолдаусыз оқып жатқан мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 65 мыннан асты. Бұл ҚР білім беру саласындағы ауыр мәселенің бірі болып отырғаны ақиқат. Арнайы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде балалалық мүгедектің алдын алу, өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Бүкіл әлемдік деңсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау ұйымдардың қызметінде кемтар балалар мен отбасына ерте жастан қолдау көрсету жетекші беталыс болып

саналады. Отандық Ерсарина А.Қ, Жалмұхамедова А.Қ, Сүлейменова Р.А т.б.ғалымдардың ғылыми зерттеулері бойынша ерте жастан кемістікті анықтау және дәл сол кезден кешенді түзету жұмысын бастау, кейіннен бала дамуында басқа ауытқушылықтарды алдын алуға жол ашады. Қазіргі уақытта біріктірудің жетекші мезгілі ретінде жалпы сыныбында пән мұғаліммен қатар екінші арнайы педагогты қосу ерекше оқу орнын ұйымдастыру кең тараған дәстүр. «Шағын–мектеп» сынып құрамы ашылады. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жеке білім беру және түзету–дамыту бағдарламамен жүргізіледі. Әр жалпы мектептерде білімді, тәжірбиелі арнайы педагог балаларға арнайы көмек көрсету мен мұғалімдерге кеңес беру қызметін атқарады. Осы атқарылып жатқан игі істердің барлығы мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда өз орынын табуға, дені сау балалар тәрізді білім алуына мүмкіндік жасайды.

Ойымды қорытындылай келе, қоғамда тек дені сау балалар дүниеге келуі керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық бейімдеу арқылы заман талабына сай білім беріп қана қоймай, тәрбиелеп, оларды қоғам өміріне өз пайдасын тигізуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру.

#### **Әдебиет тізімі:**

1. Богданов О.В. «Методические рекомендации по проведению комплекса лечебно – восстановительных и реабилитационных мероприятий в Сенсорной комнате».

2. Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед»./под ред. Н.Н.Назаровой.- М:изд центр”Академия”, 2004. С. 10-11.

3. Кушваха П. «Снузлин- уникальный сказочный мир ощущений».

4. Браудо Т.Е, Кириченко Ю.А, Соловьева Е.А, Ряховская М.В. «Методическое пособие по использованию Сенсорной комнаты».

5. Кириченко Ю.А. «Коррекция игровой деятельности в Сенсорной комнате».

6. Шеримова А. С. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы [Текст] / А. С. Шеримова, А. Н. Елюбаева // Молодой ученый. — 2015. — №8.1. — С. 41-44.

## **БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ПСИХОТЕРАПИЯ ЖҮРГІЗУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Турмаханбетова Г. М.- магистрант,*

*Ғылыми жетекшісі - Көшербаева Г.Н. -п.ғ.к.*

#### ***Аннотация***

*Қазіргі кезде отбасылық психотерапияны жүргізу – адамдардың жан саулығын сақтауға көмек көрсетудің негізі ретінде қарастырылып, оның ғылыми әдістемелік негізін құрғандар – психиатрлар мен психотерапевтер екендігі туралы мәліметтер келтірілген*

XXI ғасырдың соңғы тоқсанында түрлі психикалық бұзылыстардың “отбасылық диагностикасы” мен “отбасылық емдеу” туралы ілім пайда болды.

Әлемде алғаш отбасы терапиясының негізін салушы Ресейлік И.В.Маляревский болып есептеледі. Ол 1882 жылы Санкт-Петербургте психикалық ауру балалар мен жасөспірімдер үшін дәрігерлік-тәрбиелік мекемені қалап, оның қызметкерлері психикалық аурулардың отбасындағы өзара қатынасты анықтау мен есі ауысқандардың сол немесе басқа көріністердің қалыптасуында дисгормониялық тәрбиелеудің роліне көп көңіл бөлген. Ауру балалардың туысқандары мен қазіргі отбасы терапиясының бейнесі болып табылатын “отбасылық тәрбиелеу” деп аталатын психокоррекциялық топтарда айықтыру жұмыстары өткізіледі. Өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап, отбасылық терапияға деген қажеттілік өсіп, осы мәселені зерттеуге психологтар мен психиатрлар ерекше көңіл бөле бастады. Зерттеулер нәтижесінде психикалық аурудың алдын алуға көбірек көңіл бөлу қажет екендігі дәлелденді. Сондықтан отбасына психологиялық көмек көрсету тек ауру балалары бар отбасына ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелері арасындағы тұлғааралық қатынасты жақсарту, ата-ана мен бала проблемаларын психокоррекция және психотерапия элементтерін пайдалану арқылы жүргізу негізгі міндет ретінде зерттелінді.

Қазіргі кезде отбасылық психотерапияны жүргізу – адамдардың жан саулығын сақтауға көмек көрсетудің негізі ретінде қарастырылып, оның ғылыми әдістемелік негізін құрғандар – психиатрлар мен психотерапевттер. Отбасына психологиялық қызмет көрсету мәселесін зерттеуге үлкен үлес қосқандар Д.Снайдер [6], З.Фрейд [17], К.Юнг [8], Д.Тиболт [18], А.Кроник., Е.Корник [19], Е.Е.Кравцова [20], А.Г.Асмолов [21], И.А.Абеуова, Г.А.Дусмамбетова, М.Н.Махаманова, Х.Т.Шерьязданова [22], Э.Г.Эйдемиллер, [23], А.А.Бодалев [11], В.В.Столин [12], Ф.А.Бизақова [13], А.Я.Варга [24] т.б. ғалымдар. психодинамикалық, жүйелік және бағдарламалық, сонымен қатар эклетикалық. Соңғы кезде отбасылық психотерапияның бірнеше психологиялық моделі құрылған. Олардың барлығына негіз болатын ілім ретінде К.Юнг пен З.Фрейд құрған психоанализ туралы концепциясы мен психоанализ әдістемесі алынған. Отбасылық терапия негізін құрушылар мен олардың ізбасарларының теориялық көзқарастарын бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады.

1. Психодинамикалық көзқарас. Бұл топқа М.Боуеннің [25] отбасына психологиялық кеңес беру тұжырымдамасы мен Н.Ульрихтің отбасына тиянақты психологиялық көмек көрсету концепциясын жатқызуға болады.

2. Бихевиористік көзқарас. Бұл көзқарас шеңберіндегі нәтижелі кеңес берудің анықтаушы шарты себептерге емес, «қалай», «қашан», «қайда», «не» деген қамқорлық көрсетумен шектеледі. Негізін құрушылар Д.Тиболт, Г.Кенлей жақсы отбасы ұтылыс пен ұтыстың, жаза мен ынталандырудың арасындағы теңдік жағдайында болады деген болжам ұсынған [18].

3. Гуманистік көзқарас. Отбасына психологиялық көмек көрсетудің моделін АҚШ ғалымы Карл Роджерс ұсынған. Ол кеңес алушы проблемаларына бағытталған әрекеттерге негізделген [26].

4. Психологиялық кеңес берудің моделі. Отбасына психологиялық кеңес берудің моделі В.Кемплердің жасаған сынақ тәжірибелеріне негізделген. Мұндағы отбасына кеңес берудің мақсаты – мейлінше нәтижелі кездесулердің сынағынан өтуге көмектесу. Психологтың ұйымдастырған кездесулері отбасын қолдайтындай хал-ахуал туғызады, өзінің жекелігі мен тілегін білдіру мүмкіндігін ғана беріп қоймай, сонымен бірге басқа да ойлағаны мен тілегін білу, қажеттілігінің ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Отбасының қиындықтары «осы жерде және қазір» деген жағдайда талқыланады [27].

5. Құрылымдық моделі. С.Минухиннің отбасына кеңес берудің құрылымдық моделі бойынша отбасылық жүйе құру мен қайта құру жөніндегі үздіксіз эксперимент ретінде түсіндірілді. Отбасы құрылымын отбасыдағы өзара әрекеттестік әдістерін қалыптастыратын талаптар мен функциялар торабы құрайды. Отбасы келесідей жүйеліліктерден тұрады: ерлі-зайыптылар жұбы, олардың ата-аналары, балалары.

6. Кеңес беру моделінің стратегиясы. Кеңес берудің бұл моделі Дж.Галлей, адамдар өздерінің жеке көзқарасы жүйесінің құрылымдары шеңберінде өзін-өзі қисынды ұстау туралы ережелерінен туындайды. Көзқарасы жүйесінің құрылымы – бұл дүние, басқа адамдар, өзі туралы қорытындылардың жиынтығы.

7. Психоаналитикалық отбасы терапия элементтері. Мақсаты психотерапия қатысушыларының жеке тұлғаларының өткен бейсаналы қатынастар базасында емес, қазіргі шындыққа негізделіп бүтіндік толыққанды тұлғалар сияқты әрекеттесу жағдайында болатындай етіп өзгеруі болып табылады. Психоаналитикалық бағытталған терапевтер басқа мектептерге қарағанда аз дерективтенген. Бұл терапевтикалық бағытта келесі техникалар қолданылады: конфронтация, кларификация, интерпретация және тәжірибелі өңдеу, коммуникативті қабілеттерді жақсарту техникалары, “бос ассоциациялар” техникасы. Психоаналитиктер бос талқылауды кенеттен сұрақтар мен тоқтатып, бақылау мен тыңдауды таңдайды.

8. Отбасылық жүйелік терапия элементтерін пайдалану. Бұл бағыттың ірі өкілдері Мара Сельвини Палаццай, Клу Маданес; Сальвадор Минухин және т.б. қазіргі уақытта жүйелік бағыт ең кең танылған перспективті, экономикалық орынды және отбасы терапиясы терапевтикалық тиімді бағыттарының бірі болып есептелінеді. Бұл бағыттың дамуына айтарлықтай әсер көрсеткен И.Пригожиннің жалпы жүйенің теориясы жағдайы болады [28].

Психологиялық коррекцияны ұйымдастыруға негіз болатын, жүргізуге пайдаланылатын әдіс-тәсілдер өте көп. Олардың ішінде сұраныс мол болып отырғандары жеке тұлғалық қасиеттерді коррекциялау тренингтері.

Психокоррекцияны ұйымдастыруға негіз болатын көптеген психотехникалар қалыптасқан. Оларды психологиялық тренинг барысында бір саладағы құрылыммен немесе бірнеше психотехникалардың элементтерін пайдаланып жүргізуге болады. Жеке тұлғалық қасиеттерді коррекциялау тренинг әдісімен жүргізіледі.

Тренинг – топпен жүргізілетін коррекциялық іс-шаралар жиынтығы. Тренинг барысында қатынасушылардың алдында тұрған, шешуін талап ететін психологиялық проблемаларына байланысты психокоррекциялық топтар әр түрде болады. Оларды іріктеп алу және пайдалану клиенттің алдында тұрған проблемаларға және психологтың қай ғылыми ағымды қолдайтынына байланысты. Ол ағымдарды қысқаша келесі топтарға сыныптастыруға болады.

Т-топтары. Психолог Курт Левин [2] және оның әріптестері бірінші психокоррекциялық тренинг топтарының (Т-топтары) жұмысын 1946 жылы ұйымдастырды. Олар топтың тәжірибесін, онда ұйымдастырылған іс-шаралар нәтижесін қатынасушылармен қосылып талдау барысында клиенттер алдында тұрған психологиялық проблемалардың мән-жайына терең түсініп, оларды шешу жолдарын анықтады. Мұндай топтардың адамдарға қарым-қатынас мәдениетін және коммуникация жасау жолдарын үйретуге мүмкіншілігі өте мол екендігі анық байқалды. Кейбір Т-топтар қатынасушылардың сана-сезіміне әсері үлкен болғандықтан оларды сензитивтік топ деп атады.

И.Д.Ялдың анықтауы бойынша Т-топтарының басым көпшілігіне тән 10 факторды анықтауға болады [3]. Олар:

1. Ұжымшылдық – топтағыларға адамдардың ара қатынастарын нығайтуға және ауызбіршілігін көрсетуге мүмкіндіктері бар екеніне сендіру.

2. Ниеттеріне сендіру – топтық процестердің нәтижесінде оң бағаланатын қасиеттерінің орын алатынына сендіру, болашақта табысты болуына сендіру.

3. Қорытындылау - әр клиенттің проблемасы тек оның өзіне ғана тән емес, сол сияқты жағдайлар басқаларда да кездесетінін көрсетіп беру.

4. Альтруизм - әр адамға оның басқаларға керекті екендігін сипаттау.

5. Мәлімет беру – жеке тұлғалық ерекшеліктері бойынша және тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктері бойынша мәліметтер беру.

6. Көп нәрсеге көшіру – өзінің теріс эмоционалдық жағдайын жансыз нәрселерге көшіру.

7. Бірін бірі үйрету – топ мүшелерінің эмоционалдық реакциялары мен жаңа мінез-құлық түрлерін апробация жасау ортасын ұйымдастыруы.

8. Тұлғааралық қатынас дағдылары – қатынасушылардың топтық іс-әрекет барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауға икемділігін тікелей немесе жанама түрде көрсетуі.

9. Иммитациялық мінез – басқалардың мінезін қайталауға және үйренуге құмарлығын қалыптастырып, өзгелерге жағымды мінез көрсету ептілігін нығайту.

10. Катарсис – топтағылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысындағы өздерінің анық айқындаған немесе іштей басып жүрген психологиялық кернеуден шығуға жағдай жасау.

Тренинг барысында жетекші топ мүшелерінің іс-әрекет түрлерін таңдап алуына мүмкіндік беріп, олардың әрқайсысының белсенділігін мадақтап отыруы қажет. Сонымен қатар, топ мүшелері және жетекшісі ешкімге билігін жүргізбестен, әр адамның қалауымен есептесіп отырғаны жөн. Тренинг тобындағы жүргізілетін іс-шаралар мен әр қатынасушының психологиялық проблемалары құпияда сақталып, ешкімнің жан-дүниесіне дақ түсірмейтіндей жағдай жасалуы керек. Топтық тәжірибені жүргізу ережелерін қабылдамаған адамдарды тренингке қатыстыруға болмайды.

Кездесу топтары. Кездесу топтарын ұйымдастырудың теориялық негізі ретінде Карл Роджерстің [4] «негізгі кездесу» және Уильям Шутцтың «ашықтық

теориясы» концепциялары алынған. К.Роджерстің концепциясы өзі құрған «клинтке бағытталған терапия» деп аталатын қағидасына негізделген. Ол терапияның негізгі мақсаты – басқа адамдармен қарым-қатынас барысында жеке тұлғаның түп нұскалық қасиеттеріне сүйену болып табылады. Шутц концепциясы сана мен тәнді интеграциялауға негізделген.

Гештальттерапия. Гештальттерапияның негізін құрған Фриц Перлз [5]. Ол психоанализ, экзистенциалдық пәлсапа, гештальтпсихология және В.Райхтың психологиялық өзгерістерге қарсы тұрудың физиологиялық түбірі барлығын дәлелдейтін теориялар негіздерінде гештальттоптар құру идеясына келді. Гештальттерапияның мақсаты – топ мүшелерін мадақтау арқылы олардың организмикалық процесстерін ояту және толысу қажеттігін жете түсінуге ұмтылту. Гештальттарды құру мен аяқтау адамның табиғи өмірсүру қалыпы екені және оның адамға тигізетін әсері органикалық жағынан өз-өзін реттеу процесіне негізделгендігі эксперименталдық жолмен дәлелденген. Топ жұмысын ұйымдастырғанда жаттықтырушы топтан өзі тілек білдірген, «эмоционалдық қызу» жағдайындағы бір адамның әрекеттерін ұйымдастырып, барлық қажеттіліктері мен оны қанағаттандыру жолдарын талдайды.

Психодрама. Психодраманың негізін құрған Якоб Морено [6]. Ол бірінші болып драматикалық әдістемені жеке тұлға проблемаларын, түс көруін, арман-мұңын, мазасыздануын зерттеуге пайдаланды. Венада «ішкі сезім театрын (спонтандық театр)» ашты. Өйткені оның пікірі бойынша драмалық жағдайлар көмегімен психотерапевтикалық мәселелерді шешуге мүмкіншілік туады және психодраманың сөздік қатынас алдында көптеген өзіне тән ұтымдық жерлері бар екенін дәлелдеді. Драматизация барысында адамның мұңын зерттеу тездетіледі және жаңа мінез-құлық негізінде қатынастар құруды жеделдетеді.

## **АУЫЛ МЕКТЕБІ- АШЫҚ ОРТАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС-ТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ**

*Шымкент Университеті*

*«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистрі*

*Умбетаева Зульфия Кимебаевна*

*Шымкент Университеті*

*«педагогика және психология»*

*мамандығының 2-курс магистрі*

***Ғылыми жетекшісі:***

*Кабекеева Кымбат Калиевна – PhD доктор*

### ***Аннотация***

*Көптеген философиялық, әлеуметтік-педагогикалық зерттеулер [1, 2, 3, 4, 5], сонымен бірге республикамыздың көптеген ауыл мектептеріндегі біздің бақылауымыз көрсеткендей, қазір барлық педагогикалық үдерістің үдемелілігі мен тиімділігі төмендеп отырғандығы байқалады. Бұл құбылыс көптеген объективті себептерге байланысты туып отыр. Мысалы, «Білім беруді дамыту жағдайында шағын жинақты мектептің жұмыс мазмұны және оны басқару»*

*атты халықаралық семинарға қатысушылар «қазір тәрбие сапасы мектеп аясында төмендеп кетті», - деген пікірлер айтылды [6].*

Бұл ауыл мектептеріне қатысты жағдай. Соған байланысты бүгінгі таңда жаңа педагогикалық шарттар мен құралдарды іздеу талабы өсіп отыр. Біздің ойымызша, педагогикалық үрдісте ауыл оқушылары әсер алатын өмір шарттары мен құралдарын қолдану мен дұрыс есептеген жағдайда әлеуметтік құнды қажеттіліктер қалыптастыруда көптеген жетістіктерге жетуге болады. Солардың бірнешеуіне талдау жасап көрейік. Тәрбие ықпалының тиімділігін арттырудағы педагогикалық жағдайлар мен құралдарға байланысты туындайтын мәселелер қатарына біз ең алдымен ауыл мектебіндегі барлық оқу-тәрбие жұмысы сапасының жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету. Бұл идеяны әртүрлі жолмен жүзеге асыруға болады. Зерттеулер көрсеткендей тәрбие жұмысының деңгейін көтерудің бағыттарының бірі ауыл мектебі педагогикалық ұйымдарының сыныптық және сыныптан тыс іс-шаралардың көп болуы оң нәтижеге қадам бастырады. Бірақ жұмыстары өте көп болған сайын, олар арнайы дайындықсыз ктеді, олардың көбісі оң қорытынды бере бермейді. Ал бұның себебі уақыттың жетіспеуінен дайындық аз болады немесе мүлдем болмайды. Осындай себептер нәтижесінде сабақтан тыс іс-шараларда педагогтар оқушылардың жеке және психологиялық ерекшеліктерін ескере бермейді. Оқушыларды тәрбиелеуде осындай жағдайларды ескере отырып Н.Кеншімбаева былай дейді: тәрбиелік іс-шаралардың көптігі де оқушылардың мамандықты дұрыс таңдауына себеп бола алмайды [7]. И.А.Шадрикова мектепте және мектептен тыс іс-шаралардың тәрбиелік әлеуеті жоғары болу үшін, іс-шара педагогикасын оқушыларды әлеуметтік маңызды, тәрбиелейтін жағдайларға қосу педагогикасына алмастыру керек деп пайымдайды [8, 45 б.] Осы әдіснамалық тәртіпке сүйене отырып, тәжірибелік эксперименттік жұмыстың осы нұсқасында көптеген тәрбие шараларына дайындық кезеңі 1-2 айды құрайды. Мысалы, мұндай мерзім біз жүргізген «Құстар – адам мен табиғат досы», «Өмір – еңбекпен сұлу және құнды», «Ауданның танымал азаматтары», «Қазақстан олимпиадашылары» т.б. іс-шараларға да кетіп отырады. Ауыл оқушыларының бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерді қалыптастыру тиімділігін арттыруда осы үдерістің барлық қатысушыларына педагогикалық стимул беру де маңызды орын алады. Стимул беріп отыру жеке тұлғаны әлеуметтік қалыптастыруда маңызды педагогикалық шарттарының бірі болып табылады. Сол стимулдың әсерін дұрыс есептеп, қолдану арқылы оларда әлеуметтік құндылықтарды қалыптастырудың жетістіктеріне жетуге болады, себебі сол стимулдың әсерінен олар жақсы оқиды, еңбектенеді, ойлап табады, өзара жоғары деңгейде қарым-қатынас жасайды, ауылдың әлеуметтік өміріне қатысады. Стимул – «қозғаушы себеп, бір нәрсені жасауға деген қызығушылық» - деп С.Н.Ожегов орыс тіліне арналған түсіндірме сөздігінде анықтама береді [9. 683 б.] Педагогикалық стимул берудің әртүрлі қызметтері мен рөлдері көп болғандықтан, стимулдың көптеген формалары мен түрлері бар. Б.К.Момынбаевтың пікірінше, стимулдар материалдық және идеалдық, сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Ол материалдық стимулға оқушыларды еңбекке және әлеуметті маңызды қызмет-әрекеттердің өзге де түрлеріне бейімдеп ұйымдастыру әдісін жатқызады. Идеалды стимулдар - әртүрлі себеп-салдарлы қатынас жасау әдісі, сонымен бірге қоғамның рухани өміріндегі саяси, идеологиялық, құқықтық, материалдық, эстетикалық, т.б. сияқты әртүрлі

қарым-қатынастар әдісі – деп есептейді [10, 125 б.]. Сонымен бірге мектеп және отбасы тәрбиесі аясында моральды стимул де өз нәтижесін бере алады. Тәрбиелеу практикасы көрсеткендей, стимулдардың барлығы оқушыларға барлық жағынан да іс-әрекетін белсендіруге оң әсерін тигізеді. Стимулдар оқушыларға ғана емес, педагогикалық үрдіске қатысушылардың барлығына да мотивациялық-қажеттілік (дәлелдеу қажеттілігі) аясында позитивті әсер ету маңызы мен бағыттылығы қандай объектіге бағытталғанына тікелей байланысты болады. Адам мен құрал қажеттілігін себепке ала отырып, оларды қанағаттандыру мүмкіндігінде стимулды екі жақты алып қарауға болады. Бір жағынан – олар қажетті қоғамның материалдық және рухани игілігін өндіруге бағытталады, екінші жағынан – адамның өзінің дамуын тиімді етеді әрі жеделдетеді, оның негізгі әлеуметтік қасиеттері мен сапасын, қажеттіліктерін дамытуға тиімді әсерін тигізеді. Педагогикадағы стимулдау мәселесін зерттеулерге сүйенсек (М.И.Махмудов, Н.А.Половникова, Г.И.Шукина, В.М.Коротов, т.б.) олардың көп бөлігі дидактика саласында жүргізіліп, оқушылардың оқу-танымдық қызметін белсендіру мәселесін шешуге бағытталған. Бірақ айта кету керек, бұл еңбектерде педагогикалық стимулдау мәселесін дұрыс қойып, шешуге негізгі теориялық жағдайлар көрсетілген. Педагогикалық стимулдаудың ең маңыздылығы – тәрбие үрдісіне қатысатын жақтардың бір-біріне жақын болуына көмектеседі, олардың арасында сенім орнауына себеп болады. Мысалы, оқушылар орындаған ауылшаруашылық жұмыстарының олар үшін де ата-аналар үшін де әлеуметтік маңызды өте жоғары, бірақ қазіргі жағдайда ондай жұмыстар қоғам үшін моларльды құнды болып есептелінбейді. Ол ұзаққа созылатын, бір сыдырғы, қиын, ауыр, климаттық жағдайға тәуелді, шаршататын жұмыс болғандықтан, моральдық құндылық пен әлеуметтік маңыздылығы арасында айтарлықтай айырмашылық болады. Сондықтан да мұндай жұмыс түрі оқушылардың қызығушылығын төмендетеді. Оның үстіне оқушылар қызмет түрін тез ауыстырып отырғанды қалайды. Ауылшаруашылық жұмыстары оқушылар үшін қуанышы аз, іш пыстыратын, күрделі әрі қиын климаттық жағдайда орындалатын жағымсыз фактор болып есептеледі. Еңбектің әр түрінің, өмір құбылыстарының моральды маңызы мен әлеуметтік маңыздылығын дұрыс бағалаған жағдайда ғана мектеп пен педагогикалық ұжым тиімділігін көтеру үшін стимулдарын қызметтерінде жемісті қолдана алады. Қазіргі жағдайда оқушыларды тәрбиелеудің күрделі әлеуметтік міндеттерін ойдағыдай шешу өте қиын. Оған педагогикалық үрдіске қатысатын қоғамдық тәрбиешілердің (бұл мектептен тыс орта) объективті әрі ашық стимул беруі әсерін тигізеді. Егер стимулдар ең алдымен оқушылармен қарым-қатынас әдістері мен жаңа формаларын іздеуде ең алдымен іскерлік, шығармашылық қуаты мен инициативасын, белсенділігін көтеруге бағытталатын болса, тәрбие үрдісіне қатысушылардың стимулдауының педагогикалық маңызы артады. Стимул беруде стимул түрі мен оларды қолдану формаларына да көп байланысты болады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыста ауыл оқушыларының бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерді қалыптастырудың тиімділігін арттыруға себеп болатын стимулдардың түрлері мен формаларының бірнешеуін анықтадық: - мектептің, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарының, муниципалды білім беру, аудандық білім беру бөлімінің, әртүрлі қоғамдық ұйымдардың, т.б. алғыстары. Бұл алғысты біз осы педагогикалық үрдіске қатысатын объектілер мен субъектілерді көтермелеу үшін қолдандық. Жоғары сынып оқушыларының төменгі сынып оқушыларымен жұмыс жүргізгені



үшін көтермеледік; - оқушылармен жүргізілген тәрбие жұмысында ерекше көзге түскені үшін мақтау қағаздарымен, дипломдармен, әртүрлі белгілер мен ақшалай сыйақылармен, құнды сыйлықтармен, т.б. марапаттау арқылы көтермелеу. Бұл көтермелеу сыйлықтары педагогтарға, қоғамдық тәрбиешілерге, әдетте оқу жылының басында («Білім күні» мерекесінде), жаңа жыл кештерінде, т.б. айтулы мерекелерде, оқу жылы аяғында беріледі. - педагогикалық үдеріске қатысушыларға құрметті және еңбегі сіңген атақтарды беру (аудандық, облыстық, республикалық); - белсенді қоғамдық тәрбиешілерге, мұғалімдерге, оқушылардың өзіне (ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан) т.б. - ауыл мектебінің қызметін, ауылдық әлеуметтік орта өкідерінің педагогикалық жұмыстарын қоғамның мойындауы; - күрделі учаскелердегі педагогикалық жұмыстарды және жауапты тапсырмаларды қоғамдық тәрбиешілерге тапсырудағы мектептің сенім білдіруі. Біз педагогикалық жұмысқа қатысушыларға стимул беруде стимулдың өзге де түрлері мен формаларын қолдандық (театрға бару, тынығу лагерлеріне жолдама беру, т.б.). Эксперимент стимулдың бұл түрлерін кешенді және шебер қолдану мен олардың педагогикалық ойлау тұрғысынан үйлесім табуы ауыл оқушыларының бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерді қалыптастырудың тиімділігін арттыруға қажетті екендігін көрсетті. Оқушылар бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерді қалыптастыру тиімділігін арттырудың маңызды құралы – педагогикалық бақылау. Мектептегі педагогикалық үдерісті жүзеге асыруда негізгі тұлға – мұғалім екендігі аксиома. Тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруда мектеп мұғалімінің алатын орны ерекше. Ол оқыту мен ағартушылықпен айнылысып қана қоймайды, ол – жеке тұлға жасап шығарушы. Педагогикалық шеберлік – тәрбие үрдісіндегі тиімділікті арттырудың негізгі жағдайлардың бірі. Педагогикалық шеберлікті айқындайтын мұғалімнің өзінің әлеуметтік тәжірибесін тәрбиеленушілеріне жеткізетін құралдары мен жолдары, әдістері мен формалары арқылы олардың әрекетін бағалау мен сипаттау, оның қорытындыларын, ортаның сипаттық әлеуетін, әртүрлі өмір жағдайларын бағалап сипаттайды. Педагогикалық баға беру олардың даму тенденцияларын болжау мен тәрбие құралдары мен жағдайларын диагностикалаумен тікелей байланысты. Педагогика ғылымында диагностикалық келу деген тәрбиеленуші субъекті мен объектінің қайсысы туралы болса да толық мағлұмат алуды білдіреді. Олар әртүрлі ақпараттардан, оқушылардың сапасы мен қасиеті туралы, ата-аналар туралы, қоғамдық тәрбиешілер туралы, т.б. қорытынды алу үшін қажет. Осы алынған талдаулар мен болжаулар нәтижесінде жеке тұлғаның әлеуметтенуін болжайды және жобалайды, оларда құндылықтар мен қажеттіліктердің әлеуметтік қалыптасуының жолдары мен формаларын анықтайды, педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда тиімді әдістерді табуға мүмкіндік алады. «Болжау мен бағалаудың арақатынасын белгілей отырып, қорытындысы нормалармен салыстыру арқылы алынған диагноз негізінде пайда болатындығын көреміз» - дейді [8, 46 б.]. Диагноз бен бағалаудың тәрбиелік құндылығы – мұғалім соларға сүйене отырып нақты бір оқушы жұмысының перспективасы туралы қорытынды жасайды, оған қай жағынан, қандай жеке көмек керек екенін анықтайды. Оқушылардың жеке әрекеттері мен өмірін, мектептен тыс ортаның тәрбиелік әлеуетін, олардың бір-бірімен арақатынасын және соған сай талдауларын бағалау нәтижесінде мұғалім оқушының әлеуметтік қажеттіліктерін тиімді қалыптастыра алады. Оқушылардың әлеуметтік қажеттіліктерін қалыптастыруда педагогикалық үрдістің тиімділігін арттыру көбіне, бағаланатын жақ пен бағалайтын жақтың сезімі мен көңіл күйінің

қалыптасуына байланысты болады. «Жеке тұлғаның ара қатынасы бағалаудан көрінеді, өйткені ол барлық кезде терең эмоциональды бастан кешіру арқылы жүзеге асады» [8, 46 б.]. Адам өміріндегі тәрбиедегі бағалаудың маңызы туралы С.Л.Рубинштейн былай деп анықтама берген: «Баға – тек оң және теріс белгілерін, плюс немесе минусын, адамның дербес іс-әрекеттерін тіркеуші ғана болса қателік болар еді. Өйткені, адам - әлеуметтік тіршілік иесі, бағаны күтеді, алдын ала болжайды, баға оған әсер етеді, оның іс-әрекетіне ықпал етеді, оны белгілі бір жаққа бағыттайды, оның деңгейін көтереді немесе төмендетеді» [11, 565 б.]. Тәрбиедегі педагогикалық баға көптеген факторларға байланысты қойылады. Олардың ең маңыздылары мен мағыналарын біз зерттей келе мыналар деп есептедік: - педагогикалық үрдісте әрекет ететін барлық жақтар арасындағы байланыс, ұарым-ұатынас сипаты (мектеп, жанұя, қоғам, еңбек ұжымдары, оқушылардың өздері); - мазмұны, бағыттылығы, орындылығы, оның жеке тұлғаға әсер ету сипаты, мінез-құлқына, іс-әрекеті мен қылығына ортаның тәрбиелік факторларының әсер етуі; - мектептік және мектептен тыс объектілер мен субъектілер рөлі мен маңызы (бағаланатын аумағы, аясы); Біздің зерттеуімізде тәрбие объектісі мен барлық ортаның тәрбиелену әлеуетін бағалай екі деңгейде жүргізілді. «оң баға» және «теріс баға». Тәрбие субъектілері мен объектілерінің арасындағы оң арақатынастар арқасында теріс бағаны да оқушылар солай болуы тиістей қабылдайды және баға өзінің позитивті тәрбиелеу қызметін орындайды. Алайда, олардың арақатынасы теріс болатын болса, оқушылар негативті бағаны емес позитивті бағаны да қабылдайды. Бұдан байқайтынымыз педагогикалық үрдістің тиімділігін арттыру үшін тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында оң қарым-қатынас, іскерлік, ресми тілектес байланыстағы арақатынас формасы құрылу керек. Ауыл оқушыларының әлеуметтік құнды қажеттіліктерін тиімді қалыптастыру үшін педагогикалық қытынастардың біртұтастығы қажет. Осы қатынасты жүзеге асырғанда ғана субъекті мен объектілер, тәрбиеленушілер арасында мақсатқа бағытталған қарым-қатынас орнайды. Біздің оймызша, тәрбие субъектілерінің объектілерге педагогикалық ықпалындағы талаптарының біртұтастығы оқушылар бойында әлеуметтік қажеттіліктерді қалыптастырудың барық кезеңдері мен сатыларында бірдей маңызды. Ол оқушылардың сана-сезімін, дербестігін, дүниетанымын, әлеуметтік ойлаудың жоғары мәдениетін, т.б. қалыптастырып дамытудың маңызды педагогикалық құралы болып табылады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуге әртүрлі әлеуметтік, кәсіптік, психологиялық бағыттағы адамдар қатысатын болғандықтан олардың ұстанымдары мен әрекеттерінің бір тұтастығын қамтамасыз ету керек. Талаптар бірлігі барлық тәрбие субъектілері мен объектілерінің негізгі тәрбие міндеттерін шешуге, олардың ұстанымдарының ортақтығына, оқушылардан жеке тұлға қалыптастыру мәселесіне деген көзқарастарының бағытының бірдей болуынан туындайды. Тәрбиелеуге біртұтас келу деген педагогикалық қызметтің құралының, әдісінің, формаларының бірдей болуы дегенді білдірмейді. Барлық объектілерге субъектілердің талаптары мен ұстанымдарының бірдейлігі – біркелкілік емес, шығармашылық-ізденімдік құбылыс. Егер педагогикалық үрдістің барлық жақтары арасында бір-біріне де талап қойып отырса талаптар тиімдірек болар еді. Ал егер «біртұтас талаптар олардың үйлесімділігіне айналатын болса, онда ол талаптар тек нормативті шектеу ғана болып қалар еді – деп есептейді [10, 53 б.]. Педагогикалық талаптардың тиімділігін арттыру мақсатында біз, мысалы, тәжірибелік-эксперименттік үрдісте өз күшімізді барлық оқушылар үшін

қызметтің жалпы міндетті түрін шешуге бағыттадық (олардың ұйымдастыру кезеңіне бірдей талаптар қойылады (сабақтар, үй тапсырмасы, кезекшілік, өзіне-өзі қызмет көрсету, т.б.)). Педагогикалық талаптардың біртұтастығы – барлық тәрбие үрдісіне қатысулары үшін педагогикалық үрдістің механизмдері мен технологиясын, тәрбие құралдарын, әдістерін, формаларын, міндеттерін, жалпы перспективаларын және оларды жүзеге асыру мерзімдерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл талаптардың тұтастығының нәтижесінде қоршаған ортаға, мектептің материалдық-техникалық базасына, қоғамдық міндеттемелерге, жауапкершілікке, әр оқушының өз оқуына, еңбегіне деген адал, жауапты, сенімді қарым-қатынасын, белгілі бір деңгейдегі оңмінез-құлықын қалыптастырып жасауға болады. Оқушылардың әлеуметтік қажеттіліктерін қалыптастырудағы тұтас педагогикалық бағыт тек осы үрдіске қатысушылардың (жанұя, мектеп, еңбек ұжымы, қоғамдық ұйымдар, оқушылар) бірдей тәрбиелеу білімі мен заңдылықтарын, жеке тұлғаның жас ерекшелігі, психологиялық және биологиялық қасиеттері мен сапасын анықтап білген жағдайында ғана жүзеге асады. Бұл мәселеде тағы бір маңызды жағы барлық педагогикалық үрдіске қатысушылардың оқытудың біртұтас өлшемін, оқушылардың білімін, біліктілігін, қабілетін, олардың мінез-құлқы мен қылықтарын, іс-әрекетін бағалап зерттеудің де бірдей өлшемі болуы керек. Бір тұтас талаптар қоюды қамтамасыз ету үшін мынадай негізгі шарттар мен моменттерді қадағалау керек: - әрбір жеке қатысушылар арасында әрқайсысына нақты міндет бөліп, олардың орындау мерзімдерін белгілеп, мазмұнын, формасын, әдістерін, құралдарын көрсетіп тәрбиелік қызметтерін анық бөлу; - әртүрлі тәрбиелеу субъектілерінің (педагогтар, ата-аналар, мектептен тыс орта өкілдері) бір-біріне бағыныштылығы және өзара байланыстық сипатын дұрыс анықтау; - қазіргі қоғам динамикасын жобалай отырып, мектептен тыс сыртқы ортаның оқушылардың әлеуметтік қажеттіліктерін қалыптастыру үрдісіне тигізетінін ықпалының сипатын, бағытталуын, әртүрлі перспективаларын кешенді түрде жобалау; - ауыл мектебінің аумағында барлық ұйымдастырушы және тәрбиелеуші жұмстың біртұтас, реттеу, басқару, бақылау орталығын құру. Сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шаралардың әлеуметтік маңыздылығын күшейту үшін оларды туға жер, туға ауыл, жергілікті еңбек және өндіріс ұжымдарымен, жекелеген отбасымен, ұлы және атақты адамдардың өмір тарихын дәлелдейтін мәліметтермен, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшелік пен идеалдармен тығыз байланыстыра отырып сабақты сурет-кино-тарихи құжаттарды көрсету арқылы толықтырып отыру керек. Бұл факторлардың құндылығы – олардың ауыл оқушыларына өте жақын таныстығы, танымалдылығы, өйткені олардың өмір тарихының элементтері оқушыларға үнемі әсер етіп отырады. Сонымен қатар тәрбие іс-шараларының тәрбиелік маңыздылығы ол ана тілінде жүргізілсе арта түседі. Мұның бәрі халықтық идеяны оятып дамытуға, көптеген өмір оқиғаларын дұрыс түсінуге, оларды дербес талдай алуына, әлеуметтік құбылыстарды салыстыруға, өз халқына және қоршаған ортаға оң қарым-қатынаста болуға тәрбиелеуге көмектеседі. Ал бұл оқушылар бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерді қалыптастыру үшін маңызды негіз болып табылады. Ауыл оқушыларын әлеуметтік тәрбиелеудің күрделілігі мен жан-жақтылығы оның тиімділігін арттырудың маңызды жағдайы ретінде педагогикалық үрдісті ұйымдастырушылардан әлеуметтік-еңбек қызметін тереңдетуін және үздіксіз, мақсатқа бағыттап кеңейтуін талап етеді. Бұл оқушылардың шынайы өмірде халық шаруашылығы салалары мен аясының

көбісін жақынырақ танып білуіне көмектеседі, олардың кәсіптік-еңбек ой-өрісін, сүйікті ісін таңдау мүмкіндігі мен шекарасын кеңейтеді, өздерінің көзқарасы мен қажеттіліктерін жүзеге асыру қабілеті мен күшінің сәйкестігін тексеруге мүмкіндік береді, оқуын қоршаған ортамен, өмірмен байланыстыра білуін үйретеді. Осының бәрі оқушылардың шынайы өмірден өздеріне қажет әлеуметтік құндылықтарды, нормаларды, талаптарды таңдап алуына оң ықпал жасайды. «Өндіріс ұжымдары өкілдерімен араласу, әртүрлі мамандық илерімен қарым-қатынас жасау оқушылардың әлеуметтік тәжірибесін байытады, әртүрлі әлеуметтік-кәсіптік рөлдерде өзін қойып көруәне мүмкіндік береді» - деп зерттеуші Ф.Р.Филиппов өте дұрс айтқан [12, 55 б]. Сондықтан, біз ауыл оқушыларының бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерін қалыптастырудың тиімділігінің талаптары мен негізгі шарттарына талдау жасадық. Біз жүргізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс осы шарттардың педагогикалық үрдісте ескерілуі тәрбиелеу жұмыстарының тиімділігін, сапасын және қорытындысын айтарлықтай жоғарылатты.

#### **Әдебиет тізімі:**

1. Филонов Г.Н. Социальная педагогика: сопряжение наук о человеке // Педагогика. – 1996. - №6. – С. 21-25.
2. Бондаревская Е.В.. Гуманистическая парадигма личностно ориентированного образования // Педагогика. – 1997. № 4. - С. 11-17.
3. Габдуллин Г.Г. Организационно педагогические основы управления общеобразовательной школой. – Казань, 2001. - 108 с.
4. Черепанова И.В. Дети взрослеют в труде. – М.: Педагогика. 2000. – 174 с.

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫ Л.В.ЗАНКОВ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Ахмет Сарсенкүл Ыбрахимқызы  
Шымкент Университеті «Бастауышта оқыту  
педагогикасы мен әдістемесі»  
мамандығының 4-курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: магистр  
аға оқытушы Бектаева Н.Т.*

#### **Аннотация**

*Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағдарланған білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Бұл процесс оқу-тәрбие процесінің педагогикалық теориясы мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар жүреді. Білім беру парадигмасы ауысуда: басқа мазмұн, басқа тәсілдер, басқа құқық, басқа қатынастар, басқа менталитет ұсынылады. Бұл таңдалған тақырыптың өзектілігі.*

Мұғалім оқыту практикасында бүкіл дидактикалық процестің бастапқы ұйымдастырушылық буыны ретінде тиімді сабақты жоспарлау мәселесін шешуі

керек. Егер сіз орыс тілі сабағын құрудың педагогикалық технологиясын игерсеңіз, сіз бұл мәселені сәтті шешуді үйренесіз.

Педагогикалық технология дегеніміз-формалардың, әдістердің, әдістердің, әдістердің, әдістердің, оқу құралдарының арнайы таңдауы мен орналасуын анықтайтын психологиялық-педагогикалық, әдістемелік көзқарастардың жиынтығы [1,12]. Педагогикалық технология технологиялық процестерде жүзеге асырылады. Технологиялық процесс-бұл белгілі бір педагогикалық нәтижеге бағытталған технологиялық бірліктердің белгілі бір жүйесі. Орыс тілі сабақтарының технологиялық процестерін игеру дегеніміз-педагогикалық технология арқылы практикалық оқытуда педагогикалық таңқаларлықты азайтуды үйрену.

Жобаланған орыс тілі сабағының мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін, мазмұнын анықтай отырып, біз Л.В. Занковты дамыта оқыту әдістемесінің элементтерін енгіземіз.

Дамытушылық оқыту әдістемесі-бұл білім беру іс-әрекетінің түбегейлі өзгеше құрылысын ұсынатын, репродуктивті, негізгі оқыту мен консервативті педагогикалық санаға ешқандай қатысы жоқ сапалы жаңа білім жүйесі. Бұл әдіс студенттерді әртүрлі іс-шараларға тартуды, оқытуда Дидактикалық ойындарды, пікірталастарды, сондай-ақ қиялды, ойлауды, есте сақтау мен сөйлеуді байытуға бағытталған оқыту әдістерін қолдануды ұсынады.

Оқу процесі шынымен дамып келе жатқан болуы үшін мұғалім педагогика әдіснамасын игеріп, педагогикалық іс-әрекеттің негіздерін өзгерту жолдарын көрсетуі керек. Тек оның талдауы, өзін-өзі бағалауы және өзінің педагогикалық жүйесін жобалауы, жаңа қызмет түріне көшу кезінде сөзсіз болатын мәселелерді шешудің нұсқаларын таңдау мұғалімге әдіснамалық мәдениетті игеруге мүмкіндік береді. Содан кейін ол оқу мақсаттарына, мазмұнына, әдістеріне қатысты жеке ұстанымға ие болады, оқу мен дамудың арақатынасы мәселесінде анықталады. Осы негізде оқу процесінде нақты технологияларды таңдауға болады. Басқаша айтқанда, мұғалім кәсіби қызметтегі стереотиптерден оны жобалауға көшеді.

Занковтың әдістемесі ұтымды және эмоционалды, фактілер мен жалпылауды, ұжымдық және жеке, ақпараттық және проблемалық, түсіндірме және іздеу әдістерін біріктіреді.

Дамытушылық оқытудың мәні-оқушының дамуы мұғалім үшін де, оқушының өзі үшін де басты міндетке айналатын жағдай жасау. Бұл күрделі педагогикалық проблема дәйекті түрде шешіледі: бірінші кезеңде — баланың қажеттіліктері мен өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру арқылы, ал кейінгі жылдары бұл қабілетті күшейту және оны барынша жүзеге асыру үшін жағдай жасау арқылы. Оқыту Адамның ақыл-ой белсенділігінің жоғары деңгейін, оның зияткерлік әлеуетін сақтаған кезде, сананың мазмұнын қалыптастырған кезде дамиды, сондықтан ойлаудың дамуы білімді игеру процесінде жүреді. Сонымен, сабақта оқушылар өздері жаңа білім алуға тырысуы керек,

Дамытушылық оқыту-бұл оқу процесін адамның әлеуетіне және олардың реакциясына бағыттау. Оқытудың бұл түрінің мақсаты студенттерді білімді өз бетінше игеруге, шындықты іздеуге, сондай-ақ күнделікті өмірде тәуелсіздікке дайындау болып табылады. Яғни, ол жадты пайдалану емес, ойлау тетіктерін қалыптастыруға негізделген. Оқушылар білімді игеру және олармен жұмыс жасау болатын ақыл-ой операцияларын игеруі керек. Дамытушылық оқыту дегеніміз-

баланың даму заңдылықтарына негізделген оқыту, мазмұны, әдістері мен формалары.

Дамытушылық оқыту теориясы и. Г.Песталоццидің еңбектерінен бастау алады. А.Дистервег, К. Д.Ушинский, Л.С.Выготский, Л.В.Занков, В. В.Давыдов және т. б.

Оқыту технологиясының келесі белгілері бар:

- 1) өзара байланысты қызметтің процестік екі жақты сипаты оқытушының және оқушылардың бірлескен іс-әрекеті, яғни оқушылардың;
- 2) тәсілдер, әдістер жиынтығы;
- 3) оқыту процесін жобалау және ұйымдастыру;
- 4) ашу, іске асыру және дамыту үшін қолайлы жағдайлардың болуы оқушылардың жеке потенциалы.

Оқытудың кез келген технологиясы: мақсатты бағыттылықты; негізделетін ғылыми идеяларды; оқытушы мен оқушының іс-қимыл жүйесін; нәтижені бағалау критерийлерін; нәтижелерді; пайдаланудағы шектеулерді қамтиды.

Дамытушылық оқыту технологиясында балаға қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін тәуелсіз субъектінің рөлі беріледі. Бұл өзара іс-қимыл қызметтің барлық кезеңдерін қамтиды: мақсат қою, жоспарлау және ұйымдастыру, мақсаттарды іске асыру және қызмет нәтижелерін талдау. Әр кезең жеке тұлғаның дамуына өзіндік үлес қосады.

Дамытушылық оқыту технологиясының принциптері:

- \* қызметтен тыс даму жоқ;
- \* оқушылардың өз мүмкіндіктері мен оқу нәтижелерін білуі олардың әрі қарай психикалық дамуының міндетті шарттары болып табылады;
- \* оқушы белсенділік, дербестік және қарым-қатынас сияқты жеке өзін-өзі тәрбиелеу негізінде ғана оқу іс-әрекетінің субъектісіне айналады.

Қол жеткізу шарттары

\* «Оқу іс-әрекеті және оның пәні» дамытушылық оқыту теориясының жетекші ұғымдары негізінде оқу кеңістігін ұйымдастыру; білім беру кеңістігін оқушының бағдарлы іс – әрекетінің кеңістігі ретінде идеядан – сынауға – аяқтауға – шешімге-іс-әрекетке көшу арқылы құру;

\* Оқушыларға өз алдына қойылған оқу міндеттерін шешу үшін тәсілдер мен құралдарды еркін таңдау, қызметтің «кеңістігін» таңдау мүмкіндігін беру арқылы оқуды дараландыру үшін жағдай жасау;

\* Педагогикалық практикада интерактивті технологияларды: өнімді диалог және жобалық қызмет әдістерін, ақпараттық компьютерлік технологияларды белсенді пайдалану;

\* «Педагогикалық менеджердің» жаңа педагогикалық ұстанымын меңгеру;

\* Білім беру үдерісінде әр түрлі ақпарат көздерін, соның ішінде әр түрлі авторлардың оқулықтарын пайдалану, оқушылардың өнімді жеке және дербес қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жеке әдістемелік құралдарды жасау;

\* Оқу және сабақтан тыс жұмыстарды біріктіру.

Педагогикалық практиканың қазіргі кезеңі-оқытудың ақпараттық-түсіндіру технологиясынан баланың жеке қасиеттерінің кең спектрін қалыптастыратын іс-әрекетті дамытуға көшу. Маңызды білім ғана емес, сонымен қатар оқу ақпаратын игеру және өндеу әдістері, оқушылардың танымдық күштері мен шығармашылық әлеуетін дамыту.

Оқу қызметін ұйымдастыру  
дамыта оқыту технологиясы шеңберінде

Оқу іс – әрекетін ұйымдастырған кезде баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін тәуелсіз субъект екенін есте ұстаған жөн. Оқу процесі оның барысында студент бүкіл танымдық циклді толығымен "бастан кешіретін", оны эмпирикалық және теориялық білім бірлігінде игеретіндей етіп құрылады.

Сабақ оқушылардың білгендерін бағалаудан басталады. Табыс жағдайы жасалуда, бірақ белгілі бір уақытта бала қиындықтарға тап болуы керек, оны шешу үшін қолда бар білім жеткіліксіз (өнімді қақтығыс жағдайы). Оқушылар өздері үшін не білмейтінін анықтайды, яғни олар оқу міндетін қояды. Әдістемелік тәсілдер:

\* Арнайы таңдалған дидактикалық материалды қолдану

\* Тілдік құбылысқа әртүрлі көзқарастарды салыстыру (әртүрлі ақпарат көздерін тарту).

\* Оқу тапсырмасын енгізуге ықпал ететін жағдайларды жасау: нақты сөйлеу немесе тілдік қиындықтар (сөйлеудегі қателіктер, алдыңғы сабақтарда қойылған "қажетсіз" сұрақтарды қолдану).

\* Зерттеу жобасы

Іздеу қызметіне серпін қақтығыстар болуы мүмкін. Олар келесі кезде пайда болады:

- бала проблеманы шешу үшін ақпараттың немесе қызмет әдістерінің жетіспеушілігіне (асып кетуіне) тап болады;

- ол пікір, көзқарас, шешім және т. б. таңдау жағдайында болады.;

- ол бұрыннан бар білімді пайдаланудың жаңа жағдайларына тап болады.

Мұндай жағдайларда оқыту қарапайымнан күрделіге емес, күрделіден қарапайымға: Кейбір таныс емес, күтпеген жағдайдан ұжымдық іздеу арқылы (мұғалімнің басшылығымен) оны шешуге дейін жүреді.

"Қиындық шарасын сақтай отырып, жоғары деңгейдегі оқыту" дидактикалық қағидатын іске асыру студенттер онымен жұмыс жасау кезінде максималды психикалық стрессті сезінуі үшін мазмұнды таңдап, құрылымдауды талап етеді. Қиындық өлшемі әр оқушының мүмкіндігіне байланысты, тікелей көмекке дейін өзгереді. Бірақ алдымен студент оқушының, сыныптың іздеу әрекетін ынталандыратын эмоциялар тудыратын танымдық қиындыққа тап болуы керек.

Демек, оқыту мен даму бірлікте, ал оқу дамудан бұрын оны ынталандырады, сонымен бірге ол өзекті дамуға сүйенеді. Сондықтан оқыту «баланың дамуының ертеңгі күніне» бағытталуы керек.

Дамытушылық оқыту проксимальды даму аймағында жүреді. Дамытушылық оқыту-бұл оқу процесін адамның әлеуетіне және олардың реакциясына бағыттау.

Оқытудың бұл түрінің мақсаты студенттерді білімді өз бетінше игеруге, шындықты іздеуге, сондай-ақ күнделікті өмірде тәуелсіздікке дайындау болып табылады. Яғни, ол жадты пайдалану емес, ойлау тетіктерін қалыптастыруға негізделген. Оқушылар білімді игеру және олармен жұмыс жасау болатын ақыл-ой операцияларын игеруі керек. Дамытушылық оқыту дегеніміз-баланың даму заңдылықтарына негізделген оқыту, мазмұны, әдістері мен формалары.

Даралық (лат. «особь») - өзінің тіршілік әрекетін өзіндік даму субъектісі ретінде жүзеге асыратын әрбір адамның бірлі-жарым, қайталанбас өзгешелігі.

Тұлға-әлеуметтік қатынастардың тасымалдаушысы ретінде, оның белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығын анықтайтын әлеуметтік маңызы бар құндылықтардың тұрақты жүйесі бар адам.

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру тұжырымдамасын ұсына отырып, Якиманская келесі ережелерден шығады:

Білім беру процесі барлық сатыларда (бастауыш, орта, жоғары сыныптар) бірыңғай қағидаттар, мақсаттар мен құндылықтар негізінде құрылады

Мектептің құндылығы: жеке тұлға ретінде оқушының жеке басының дамуына қолайлы жағдай жасау.

Мектеп-бұл әрбір бала қайталанбас тұлға ретінде ашылуы тиіс әлеуметтік институт.

Жеке тұлғаға бағытталған білім берудегі оқытудың мақсаты: бір сынып ұжымында «орташа» оқушыға емес, жеке танымдық қабілеттерін, қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, жеке-жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру.

Өзінің дидактикалық жүйесін құра отырып, Занков "жалпы даму" ұғымын енгізді. Жалпы даму кезінде ол баланың тұтас дамуын түсінді – оның ақыл-ойы, ерік-жігері, сезімдері, денсаулығын сақтай отырып, адамгершілік, және осы компоненттердің әрқайсысына бірдей мән берді.

Дамудағы жетекші рөл оқытуға тиесілі: оқытудың құрылымын өзгерту оқушының психикалық келбетін өзгертуге әкеледі.

Оқу мақсаттары:

\* тұлғаның жалпы психикалық дамуы;

\* жан-жақты үйлесімді даму үшін негіз жасау.

Жүйенің дидактикалық принциптері:

1. Қиындықты жоғары деңгейде оқыту. Ол кедергілерді жеңуді, оқушылардың күш кернеуін, оқу материалының күрделілігін қамтиды. Білімді игеру оларды қайта қарастыруға, күрделі құрылымға ие жүйелеуге әкелетіні маңызды. Сонымен бірге, қиындық дәрежесі ұсынылған оқу материалын оқушы түсінуі үшін реттеледі.

2. Теориялық білімнің жетекші рөлі (бастапқы оқытуда). Яғни, сөздердің рөлін арттыру және бастауыш сынып оқушыларын оқытуда көрнекіліктің рөлін төмендету.

3. Материалды зерттеуде жылдам қарқынмен алға жылжу принципі. Бұл қиындықтың жоғары деңгейі принципінен туындайды және ол «орнында таптауға», алға жылжу, қайталау мағынасында үнемі нәтижесіз болуға қарсы бағытталған. Оқытудың әр күнінде қайталанбауы керек жаңа материалдар болуы керек. Барлық оқушылардың, соның ішінде әлсіздердің жалпы дамуы бойынша мақсатты және жүйелі жұмыс. Принцип әр оқушыға жеке көзқарасқа негізделген. Занков дәстүрлі оқыту кезінде әлсіз де, күшті де студенттер зардап шегетініне назар аударды: әлсіздер оқытуда артта қалып, мықтылардың дамуы баяулайды. Бұл жағдайдың қайнар көзі ол оқушылардың жалпы даму міндеті маңызды емес екенін көрді. Занковтың айтуынша, барлық студенттердің дамуында әр оқушының жеке бейімділігі мен қабілеттерін қалыптастыру және ұтымды пайдалану міндеті қойылған жағдайда ғана алға жылжуға болады.

Л. В.Занковтың әдістемесін зерделеп, біз мынадай қорытындыға келдік. Мектепте ізгілендіру, мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастығы қағидаттары



негізінде оқушының өзін-өзі дамытуы мен тәрбиесіне және оқу жұмысын ұйымдастыруға ерекше мән беріледі.

Рейтингтік жүйеде осы қызметтерді қамтамасыз ету мүмкіндіктері өте зор. Себебі бұл жүйеде:

- оқушылардың өздері оқу іс-әрекетін күнделікті бақылауды және осы кемшіліктерді түзетуді жүзеге асырады және бұл жұмыс бастауыш сыныптан басталуы керек;

- мұғалім тарапынан жұмыс оқушыларға оқыту нәтижесінде бақылау бағалау дағдыларын үйретеді;

- барлық бақылау-бағалау процесі оқушыда өзінің де, сыныптастарының да оқу нәтижесі үшін жоғары жауапкершілік сезімін тәрбиелейді.

Л.В.Занков әдісінің түпкі мақсаты-әр пәнді таңдау және пайдалану. Мысалы, пәндерді дамыта отырып оқытудың түпкі мақсаттарының бірі-студенттердегі әр түрлі жағдайларды талдау, олардан қорытынды шығару, маңыздыларынан ерекшелеу, ұқсас белгілері бойынша топтастыру, бақыланатын құбылыстарды жалпылау, бейтаныс жағдайларда белгілі бір әрекеттерді қолдану және т. б.

Экспериментте біз дамыта оқыту әдістемесіндегі ең бастысы – оқушыларды шығармашылық қызмет жағдайларына қосу екеніне көз жеткіздік.

Оқу-әдістемелік құралдардың мұндай жиынтығы мұғалімді сабаққа жан-жақты дайындауға және оны сәтті өткізуге, шығармашылық ізденіске және мамандық бойынша шеберлігін арттыруға ықпал етеді.

Әрбір нақты сабақтың сапасы мен тиімділігі оның мақсаты мен нәтижесіне сәйкес анықталуы керек. Сабақ барысында мұғалім мен оқушының іс-әрекетінің жиынтығы әрдайым әр түрлі проблема болып табылады, оған теориялық және практикалық білім деңгейі, дағдылары, мұғалімнің шығармашылық ізденісі, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін жұмысты қандай жолмен, қандай әдістермен және ұйымдастырумен байланысты болады.

#### **Библиографиялық тізім:**

1. Аренова А. Дербес оқу әрекетінің теориялық негіздері. /А.Аренова. //Бастауыш мектеп. – 2001.-№4.- 22 б.
2. Бекова Г. Шығармашылық ізденістер. /Г.Бекова. //Бастауыш мектеп.- 1996.- №2.- 24-28 б.
3. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. /М.Балақаев.- Алматы: Мектеп, 1989.- 43 –80 б.
4. Есқазина С. Сын тұрғысынан ойлау. /С.Есқазина. //Бастауыш мектеп.- 2001.- №1- 2.- 30 б.

### **АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ПЕН ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ**

*Жылкыбаева Гулзат Бахытжановна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

### **Аннотация**

*Жазба әдебиетіміздің реалистік арнада қалыптасып даму тарихының арғы бастауында қос бәйтеректей тұлғаланып Ыбырай мен Абай қатар тұр. Осынау айқын шындықты біз бәріміз де білетін сияқтымыз. Екі ұлы тұлға – Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтің өмірінде де, шығармашылығында да бір-біріне ұқсастық үндестік көп.*

Біріншіден, екеуінің де азан шақырып қойған аты Ибраһим, екіншіден Ыбырайдың атасы- шынжыр балақ, шұбар төс Балғожа болса, Абайдың өз әкесі- Құнанбай да ру ішінде үстемдік жүргізген адам. Ыбырай да, Абай да зорлықшыл, озбыр ата жолын қумай ағартушы-демократтық бағытты ұстаған. Екеуі де Крылов мысалдарының негізінде өлеңдер шығарып сол кездегі келеңсіз жайларды сынап-мінейді.

Ыбырай халық қамын жеп, «Менің үнемі ұмтылған тілегім – қалай да пайдалы адам болып шығу еді» десе, Абай да «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын деп», «Сахараны басқан қара түн түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «Таңың белден батады, күнің сонау жақтан шығады» деп кеткен ақын еді.

Неткен ұқсастық? Бұл үндестік халқын, ұлтын ұлағаттаудан, ел намысын өз пайдасынан жоғары қойып, оның ілгері басуын мақсат тұтқан.

Ыбырай «Өнер-білім бар жұрттардың» «Тастан сарай салғызып, айшылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызып» тырғанын айтып, Абай «Ғылым таппай мақтанба» деп халықты өнер-білім үйренуге шақырды.

Екеуі де дүниеге ақын болып келді. Өмір жолындағы негізгі қызметі ағартушылық болған Ыбырай қазақ балаларын тұңғыш рет зайырлылық бағыттағы мектепте дуняуи пәндерді оқытатын мұғалім ретіндегі алғашқы дәрісін өлеңмен бастағанда, бүкіл жан- дүниесімен тебіреніп тұрып, алдымен аузына Алласын алады.

Бір Құдайға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық –  
деген жүрекжарды сөзін айтады және бұл сияқты тарихи істің жемісті болуы үшін Алланың жар болуын тілейді, жасөспірімдерге сол ойды ұғындырады.

Істің болар қайыры,  
Бастасаңыз аллалап,-  
деген сөздер осының дәлелі. Бұдан әрә ұстаз өз шәкірттерінің жаңа есіп келе жатқан ақыл-санасы жетер деңгейден толғап, адам өміріндегі пайдасын түсіндіреді.

Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар.

Ал адам өмір тіршілігіндегі оқудың арқасында іздемей табылатын игіліктері қандай еді, оқымай қалғанның көрер қорлығы не түрде болмақ? Ыбырай соны ауыл баласының санасына сіңімді етіп былай түсіндіреді:

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап...  
Мал-дәулеттің байлығы  
Бір жұтасаң жоқ болады.

Немесе:

Сиса көйлек үстінде  
Тоқуменен табылған...  
Сауысқанның тамағы  
Шоқуменен табылған...  
Кел,балалар оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.

Ыбырайдың балаларға айтқан әлгі өсиеттерінен кейін,арада он бес жылдай уақыт өткенде, сол Ыбырайдың шәкірттері тәрізді оқуынан сырт қалған Абайдың өкінішпен айтқан сөздері өзімізге мәлім.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре-тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма ,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім...  
Ыбырай үлгісімен балаларына бұйыртуды ойлайды.  
Адамның бір қызығы бала деген,  
Баланы оқытуды жек көрмедім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

Ыбырайдың жаңағы сөздерінен кейін, екінші дәріс ретінде жазған өлеңі де есімізде.Ол «өнер-білім бар жұрттар» деп аталады.Онда ұстаз алдындағы шәкірттер сауаттарын ашып,ақыл-ой толыса бастаған кезде,жүйелі білімнің өркениет өрісіндегі өмірлік маңызын түсіндіреді.

Өнер-білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды;

Көзінді ашып-жұмғанша  
Жылдам хабар алғызды;

Аты жоқ құр арбаны

Мың шақырым жерлерге  
Күн жарымда бұрғызды,  
Адамды құстай ұшырды,

Айтпа ғылым сүйсеңіз,-

Деп келеді де,алдында айтып кеткен Ыбырай сөзін тағы пысықтайды:

Дүние де өзі,мал да өзі  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз,

Мінекей,екі ұлы тұлғаныңағарту мәселесінде алыстан жаңғырығып естілген үндестігі осындай.бұл-біздің ойымызша,екі қаламгердің бүкіл шығармашылықөмірлеріндегі рухани туыстығының алғашқы нышандары ғана.Олардың ең өрісті,ең іргелі жақындығы қара сөзде,көркем проза жанрында айқын танылады. Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікке, өнер-білімге шақырады. Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен

қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Абай сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деді. Бұларды керек қылмас

ешкім қалап...  
Терей ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, - деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» т.б.) айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, надандығын мінеп, әдебиет пен ағарту халыққа қызмет етуі, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді, прогресшіл орыс мәдениетіне жақындай түсуді уағыздайды. Мұндай күрделі міндеттерді шешудің жолдарын іздестіре келе, Абай өзінің «Қырқыншы сөзінде» жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынып, қыздар да оқып, білім алу керек деп есептейді.

Оның поэтикалық шығармалары мен “ғақлия” сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы.

Ұлы ойшыл адамдар жаратылысында бірдей емес дейтін нәсілдік көзқарасқа қарсы шыға отырып (отыз төртінші қара сөз), “адамның туысы, дене бітімі, шыққан жері, бармақ жері бәрі бірдей... Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу – жан құмарлығы”... (жетінші, қырық үшінші сөз) деп ой түйіндей келе, “адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол талаптылықпен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі...” деген қорытынды жасайды.

Абайдың дүниені тану жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстары бір-бірімен өзара байланыста, үнемі өзгерісте, дамуда болады, адам қоршаған ортаны – табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы танып біледі – деп қарады.

Ол қазақ халқының саяси-экономикалық және мәдени жағынан артта қалушылығы – оның феодалдық-патриархалдық қатынасынан, рулық талас-тартыс етек алған көшпелі тұрмысынан деп қарайды. “Күнде ұрлық, күнде төбелеспен күн кешкен” алты бақан алауыз елінің “жақсыларына” налыған Абай “малыңды жауға, басыңды дауға” салып, өмірінді қор қылмай татулас, бірлесіп ел боп “егіннің ебін, сауданың тегін” үйрен, “жан аямай кәсіп қыл” деп өсиет айтты. Ол

қазақ ауылындағы тап тартысын көре білді, сол таптық қанаудан құтылудың жалғыз жолы оқу, ағарту мәселесі деп қарады.

Ол оқудағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты. Жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, парақорлықпен, алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Ойында жоқ олардың  
Салтыков пен Толстой.

Я тілмаш, я адвокат,  
Болсам деген бәрінде ой, –деп сөкті.

Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,  
Жасынан оқу оқып білім алған.

Би болған, болыс болған мақсат емес,  
Өнердің бұдан өзге бәрі жалған, – дейді.

Ел болу үшін қала салып отырықшы болу керек, егіншілікті кәсіп ету, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салады. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін терең түсінген ол: “Барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет... өнер де, ғылым да орыста тұр. Орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі...” – деп озық мәдениетті орыс халқын өнеге етті. Абай бас қатыратын жаттамалы діни оқуға қарсы болды.

“Ақыл – ардың сақтаушысы” деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы –

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап...

Терең ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, – деп кейбір жастардың іс-әрекетіне кейістік білдіреді.

Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой.

Бес асыл іс көнсеніз, – деп, ел қамын ойлаған жастардың бойында қандай қасиеттердің болуы керектігін тізбектейді. Ақылды азамат болу үшін адам бойындағы қасиеттердің қалыбы үш нәрсеге байланысты екендігін айтады:

“...Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек”, – деп адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, жалқаулық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді еске сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдылардан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңгізу, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді қастерлейді.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің он тоғызыншы қарасөзінде “Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді”, – деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Абай “сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді” дейтін теріс көзқарасты ашкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған әлеуметтік

орта әсерінен өзгеріске енеді, ол іс-әрекет арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т.б. жаман мінез деп есептейді. “Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал” – дейді. Яғни адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай: “Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық”, – дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсетеді. “Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі виноват”, – дейді. Нәсілдік көзқарасқа қарсы Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдей келіп, өзінің отыз жетінші сөзінде: “Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім”, – деді.

Абай жастардың белгілі бір мамандықты игеруін қуаттайды. Өзінің отыз үшінші қарасөзінде “Егер мал керек болса, қолөнерін үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды” деп, жастардың сегіз қырлы, бір сырлы, өнерлі азамат болуын, белгілі бір өнер үйреніп, пайдалы іспен шұғылдануын, адал еңбекпен мал табуын уағыздаған ұлы ақын оларға:

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болса, арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан, – деп өмірден өз орныңды таба біл, қоғамның пайдалы азаматы бол деп өсиет айтады.

Абай махаббат мәселесіне де ерекше көңіл бөліп, жастарды жұбайлық өмірге үлкен жауапкершілік сезімімен қарауға шақырады. Өзінің “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” (1891) деген өлеңінде отбасы өмірінің этикасын, ерлі-зайыптылардың бір-бірімен сыйласымды өмір сүруін ескерте келіп, күнделікті тіршілікте кездесетін қиындық атаулыны қол ұстаса отырып жеңе білуге жастардың әзір болуын талап етеді.

Абай әйелдің бас бостандығын, жастардың сүйгеніне қосылып махаббатты өмір сүруін қорғаушы болды.

Ұлы ақын Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысана “Атаның баласы болма, адамның баласы бол... жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін” деген гуманистік ой-пікірді қуаттауы еді. Оның жастарды тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары дүниежүзілік педагогика классиктері Ж.Руссо, Д.Дидро, И.Кант т.б., орыстың ойшыл ұлы педагогтары: Л.Н.Толстойдың, К.Д.Ушинскийдің ағартушылық ой-пікірлерімен терең қабысып жатыр.

Абай ұрығын сепкен оқу, өнер-білім, адамгершілік, әдеп, мораль мәселелері бүгінде қазақ халқының рухани азығына айналып отыр.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Таным тармақтары (қытай тарихшыларының көне тарихымыз туралы пайымдаулары) (құраст. Қ.Салғарин). – Алматы: “Санат”,
2. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: “Жалын”, 1994.
3. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: “Қазақстан”, 1995.
4. Салғарин Қ. Династия ханов А., “Жалын”, 1991.

## АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨНЕГЕЛІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСУЫ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ МӘСЕЛЕСІ

*Сейтов Ерлан Мухамадиярович*

*Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Арзымбетова Шолпан Жақсылықовна - к.п.н.*

### *Аннотация*

*Кез-келген мемлекеттің өркениеттілігі онда өмір сүретін халықтың өнегелілігімен бағаланады, ал өркениеттіліктің негізі мектепте қаланып, мектепте өркен жаяды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде: «Мектеп туралы мәселенің көтеріліп жатқаны өте дұрыс.*

Мектеп әлеуметтік мәселелердің ішіндегі ең өзектісі» деген пікірді айта келе, әсіресе ауыл мектебін өркендетуге, ауыл мектебінің жағдайын жақсартуға баса көңіл бөлу қажет екеніне мән береді. Осы тұрғыдан қарағанда, еліміздегі мектептердің, оның ішінде ауыл мектептерінің жұмысын жандандыру, ондағы тәрбие процесінің сапасын жетілдіру, жасөспірімдерге ұлттық, өнегелілік негізде тәрбиелеу бүгінгі күннің басты көкейтесті мәселесіне айналып отыр

Ауыл мектептері әрбір адам, отбасы, ауыл қоғамдастықтары өмірінде маңызды роль атқарады.

Гурьянова өзінің мақаласында ауыл мектебіне мынадай сипаттама береді: Бұл ауыл аймағында орналасқан жалпы білім беру ұйымдар түрлерінің жиынтығы, олардың территориялық орналасуы, әлеуметтік ортасы, ұлттық құрылымы әр түрлі, оқушылардың білім және еңбек дайындығының ерекше міндетін орындауға және балалардың қызығушылықтарын қанағаттандыруға тырысады» делінген.

Ал Л.Ф.Стерлин мен Е.С.Зайцевтің айтуы бойынша «Ауыл мектебі --- ауылда болып жатқан барлық әлеуметтік-экономикалық үрдістердің белсенді аймағы болып табылады. Ол ауылшаруашылық өндірістерінің кадрларын дайындап, өз оқушыларын еңбекке баулып, туған жердегі жұмысқа сүйіспеншілігін тәрбиелейді».

«Ашығын айтар болсақ ауыл мектебі дегеніміз – қазақ мектебі. Ол еліміздің білім жүйесінің түп қазығы. Қаймағы бұзылмаған ұлттық тәлім мен тәрбиенің қара шаңырағы. Осы тұрғыдан келер болсақ, сол ұлттық тәрбиені қазіргі заманға сай ілім мен білімге ұштастыра жүргіземіз десек, ауыл мектебінің жағдайын жасау – кезек күттірмейтін мәселе. Бұл бағытта Үкімет түбегейлі шаралар жүргізетін болады» деп кезінде И. Тасмағанбетовтың өзі айтқан болатын.

Қазіргі кезде білім беру ісінде жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындай керек.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси-мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру- өмір

талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның адамзаттық білім берудегі мәдениеті мен диалетикалы білімі осы оқу-тәрбие үрдісіне тікелей байланысты.

Қазақ халқы – елін, жерін . оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, ұлттық психологиялық ерекшеліктер ескеріле отырып жасалуы керек.

Ата-бабаларымыз ұлан-байтақ елін, байлыққа толы жерін ғасырлар бойы қорғап, халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ел қамын ойлаған батырларын, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын жеген білімпаз шешендері мен билерін мақтан еткен. Шежіреге толы Отанымызды қорғау, шешен де өткір тілімізді, дәстүрімізді сақтау, оны зерттеп, білу --- азаматтық парыз. Әр ұлттың өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан -ұрпаққа жалғасын тауып келген ұлттық, психологиялық ерекшеліктің болғаны. Сондықтан барлық халықтың мақсаты -- өзінің ұрпағына тәрбие беруде күнделікті айналысатын шаруашылығын, шұғылданатын кәсібін, ұлттық психологиялық арнада ұйымдастырып және рухани-адамгершілік тәрбиесімен ұштастыра білген.

Адамгершілік тәрбиесі — белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлық дағдылары мен әдістерін қалыптастырудағы және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуда жалпы адамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің бір бөлігі. Адамгершілік тәрбиесінің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, имандылық негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған .

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарын қарастырады.

---- Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие үрдісінде адамның бойында өнегелілік қасиеттерді қалыптастыру.

---- Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.

---- Салт-дәстүр негізінде ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу.

Ұлттық дәстүр арқылы психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, дүниедегі бағалы рухани байлықты жеке тұлғаға дарыту. Адам - тарихи үрдістің субъектісі. Ол барлық әлеуметтік қозғалыстар мен қимыл-әрекеттердің негізі, өлшемі және мақсаты, жер шарындағы небір ғаламат табыстардың қайнар көзі, ақыл-ой туындыларының құдіретті иесі. Адам дегеніміз еңбек әрекетімен шұғылдана алатын, әлеуметтік қатынастарға түсетін, өзара байланыс жасай алатын тұлға. Адамның төрт түрлі өлшемі бар: биологиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік. Осы төрт өлшемге байланысты адамның бойындағы тұлғалық, кісілік, үш дәрежеге бөлінеді:

-- әр адамның өзіне тән психологиялық ерекшеліктері болады, өмір сүру ортасына байланысты адамдар бір-біріне ұқсамайды.

--- адам әртүрлі елдердің, тарихи дәуірдің материалдық-рухани мәдениеті мен жеткен жетістіктерінен үлгі алады. Оған әлеуметтік этикалық, ұлттық ортасы әсер етеді. Сонымен дәуірге, ортаға, тарихи шежіреге байланысты қалыптасқан



білім мен тәрбие жүйесінен сабақ алады. Осының бәрі адамның жан дүниесіне әсер етеді:

--- адам адамзат қауымының мүшесі. Шыққан нәсіліне, ұлтына, туысына, туған жеріне тәуелсіз, барлық адамдарға ортақ адамгершілік қасиеттері болады: батырлық, ерлік, сатқындық, мейірімділік, қатігездік, әділдік т.б. Осы рухани, психологиялық қасиеттерді адам бойында қалыптастыратын фактор – тәрбие. Халық батыры Бауыржан Момышұлы: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеген, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі ретінде санаған. Батырлық, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүрі болып қала бермек. Өткенін білмеген, онан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық» - деген.

Демек, рухани, өнегелілік қасиеттердің бірі ерлік болса, ол тәрбиеден бастау алады. Әр халық өзінің ержүрек батырларын олардың елін-жерін қорғаған батыл істерін мақтан етіп, үлгі-өнеге қылған. Өлең-жыр, дастандарына, аңыз, әңгімелекріне арқау еткен. Себебі, елін бүкіл әлемге танытатын сол халықтың батырлары. Сондықтан оқу-тәрбие барысында, тәлім-тәрбие сабақтарында халқын, елін қорғап, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін жаудан сақтаған батырлардың ерлігін дәріптеп, құрметтей білуге үйретуіміз керек.

Әрбір халықтың ерте кездерден қалыптасып келе жатқан салттары мен дәстүрлері діни көзқарасқа негізделген ескіліктің сарқыншағы деп саналып, социалистік қоғамға сай келмейтін әдет-ғұрыптар ретінде әжуаланды. Соның салдарынан халқымыздың өскелең ұрпаққа өнеге беріп, тағылым көрсетерлік көптеген қасиеттерін аяқ асты етіп, ұмытып қалуымызға әкеп соқты. Ал шын мәнінде дәстүрлер мен ғұрыптардың көбі халқымыздың тарихи өмірімен, тұрмыстық, әлеуметтік, мәдени салт-дәстүрлерімен тығыз байланыста өзара үндесті түрде дамып, психологиялық астарлары мен мәні бала тәрбиесіне орынды пайдаланылса, өскелең ұрпаққа өнегелі қасиеттерін қалыптастырудың бірден бір дұрыс құралы болары анық еді. 90 жылдардан бастап Кеңес Одағының ыдырауымен, Одақтас Республикалардың тәуелсіздік алуымен байланысты «ұлттық» мәселе мен салт-дәстүрге жете көңіл бөлініп, оларды оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолданудың маңызы мен мақсат-міндеттері ашып көрсетілді. Психология ғылымы саласында ұлттық психологияның тарихын зерттеуге баса көңіл аударып, ұлттық психологияның тірегі болып саналатын халқымыздың бай салт-дәстүрлеріне ғылыми тұрғыдан талдау жасалып, арнайы зерттеулер жүргізілуде. Халықтық салт-дәстүрлердің қоғам өмірінен алатын орнын, оның ұрпақтар өміріндегі маңызын ғылыми тұрғыдан пайымдау жастарды адамгершілік пен мейірімділікке, адалдық пен қайырымдылыққа, үлкенді сыйлап, кішіге қамқорлық көрсетуге, еңбексүйгіштік пен отансүйгіштік қасиеттерге, ержүректік пен батылдыққа тәрбиелеудің қуатты құралы екені анықталды.

Гуманистік педагогиканың негізінде алынатын бастауы гуманистік идеялардың бірі, адам табиғи жаратылысына ерікті, ол Жаратқаннан басқаға тәуелсіз, тек дүниедегі мақсатын саналы іске асыру үшін жаратқанға ұмтылу арқылы ғана өзін бақытты сезіне алады. Адамның Адам болуына, оны өзге тіршілік иелерінен ерекшелендіретін дарыған құдіретті күш бар,

Өнегелілік ---- тәрбие мне оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар. Оларға шындық, қайырымдылық тұлға, пайда, бостандық, махаббат, шығармашылық т.б. қасиеттері жатады. Өнегелілік қасиеттер – идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезім арқылы айқындалып, ақыл-ой, сана арқылы

қабылданады. Өнегелілік құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді. Өнегелілік --- сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді. Тәрбиедегі басты мәселе – балалардың тұлға аралық қатынасын дамыту, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасай білуі, оның өзге адамдарды түсінуі, әр адамның құндылығын және даралық ерекшелігін жасына, ұлтына қарамастан саналы түсіне білуі, сырт көзбен қарап, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға беруі тиіс. Тәрбиені ізгілендірудегі басты мақсат оқушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өзін және өзгелерге жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру назар аударылады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты нысаны баланы құрметтеу, оның рухани бойында жаратқанның ұлы қуаты бар. Адамның рухани мұқтажыды қанағаттандыратын іс- әрекет түрлері, өмірдің мәнін түсіну үшін жасалған іс-әрекет. Өмірдегі мәдени қалыптарға құндылық қатынас орнату, оқушының өзін-өзі күту мәдениетін, экологиялық мәдениетін, еңбек ету мәдениетін, құқықтық-руханилық және адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу арқылы іске асырылады. Жасөспірімдердің бойына өнегелілік қасиеттерді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлы мұратын насихаттауды естен шығармауымыз керек. Демек ата-бабаларымыздың асыл қазыналары арқылы жасөспірімдердің бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастыруға болады. Міне, сол арқылы халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани құндылықтарын бала бойына сіңіріп, өз елінің, Отанының адал азаматтарын тәрбиелей аламыз.

Бұл жұмысты жүзеге асыру аса қиын емес. Себебі ата-бабаларымыздың салып кеткен сара жолы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпқа негізделген жас ұрпақты тәрбиелеу әдісі бар. Жоғарыда атап өткен дана бабаларымыз бен кемеңгер ғұламаларымыздың баға жетпес құнды еңбектері бар. Рухани тәрбиені теориялық тұрғыдан қазіргі заманға сай саралап, қазақ тілінде кемеліне жеткізген кемеңгер А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиев бар. Тек осы қазыналарды орнын тауып қолдана білуіміз керек.

Қоғамның жылдан жылға өнегелілік қасиеттерінің азғындалып бара жатқанының себебі де осы ар ілімінің оқылмай, рухани тәрбиенің берілмей жатқаны. Сондықтан өнегелілік қасиеттерді қайдан аламыз, қалай береміз дегенде, алыстан іздемей-ақ өзіміздің осындай дара ойшылдарымыздың дана өсиеттерін алуымыз керек.

Қазіргі жастарымыз батыстың мәдениетіне бой ұра бастады. Бұған тосқауыл қою керек. Өйткені күнде ұлттық болмысымыздан айырылып барамыз. Тек қазақ халқының қанында бар рухани асыл қасиеттердің өзге халықтарда кездесе бермейтіндігіне жастарымыздың көзін жеткізуіміз керек.

Ендеше егемендігіміз мәңгілік болсын десек, оның болашағы ----- жастардың тәрбиесін, оның ішінде ауыл жасөспірімдердің өнегелілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесін кешіктірмей қолға алуымыз керек-ақ.

Қазір қоғам да, қоғамдық көзқарастар да күннен күнге өзгеру үстінде. Әрі бұқаралық ақпарат және қарым-қатынас құралдарының жұмысындағы барлық шектеулердің алынып, ақпарат тарту еркіндігіне кең жол ашылуы жасөспірімдердің сана-сезімі мен рухына кері әсер етуде. Қазақ бола тұра қазақ тілін ұмытып, ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарынан ажырап қалған, шетелдік компьютер ойындары мен қатыгездікке құрылған фильмдердің

еркінде кеткен жастарымызды қайтсек дұрыс жолға саламыз? Бүгінгі таңда бұл сұрақ ұлтымыздың болашағын ойлайтын санасы сергек барша қауымды толғандыруда.

Біздің педагогика ғылымында тәрбиені бірнеше бағытқа бөледі, олар: Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, зерде мәдениеті, рухани-адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық-экономикалық талғам, этникалық және отбасылық өмір мәдениеті. Көп жылғы педагогикалық тәжірибеден байқап жүргеніміз жоғарыда аталып жүрген тәрбие жүйесімен көптеген ұрпақ тәрбиеленіп жатыр. Дұрыс-ақ. Бірақ бұл тәрбие түрлерінің қарқынды жүргізілетініне қарамастан, ақ жолдан, адал жолдан адасып, азғындаушылыққа ұшырап, жастарымыздың бұзылуы неліктен? Тұрақсыздық көрсетіп, мұз үстінде тұрғандай өмір жолында тайғанақтап құлап жататыны қалай? Бұл сұрақтардың жауабы біреу-ақ, ол ---жастардың өнегелілік қасиеттерінің қалыптаспағандығының нәтижесі. Жоғарыда аталған тәрбиенің толып жатқан түрлерінің нәтижесіз болуы оның өнегелілік мұралармен байланыспауы. Ендеше тәрбиенің барлық салалары бір арнаға тоғысуы керек, ол арна – халқымыздың өнегелілік бай мұрасы. Қазіргі кезеңде ұстаздар қауымының алдында тұрған міндет – жастарға рухани тәрбие беру және осы мақсатта ұлтымыздың ұлы ғұламаларының рухани мұраларын жаңғырту, рухани құндылықтарымызды басшылыққа алу. Қазіргі мектеп жасындағы балалардың шылым шегу, ішімдік ішу, есірткі қолдануы т.б. келеңсіз көріністер жасасырып жататын жағдай емес. Қылмыстың ең ауыр түріне баратын жастар да көбейіп бара жатыр. Осылардың арасында біздің қазақ балаларының үлесі аз емес. Бұл қиындықтан шығудың жолын табу – педагогтардың алдында тұрған шешімі қиын міндеттердің бірі. Осындай түйіні қиын күрделі міндеттердің шешімі жас ұрпақтың өнегелілік қасиеттерін қалыптастыру, рухани тәрбие беру.

Ғұлама ұлы бабамыз Әл Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма» десе, А.Байтұрсынов ағамыз «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелі білімдар... Міне адам! Міне тұлға!» деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын бас көрсеткен. Біз осы қағидаларды әрқашан жадымызда ұстауымыз керек. Ең алдымен, таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлты мен ұлттық құндылықтарды сүйетін тұлға тәрбиелеуге ұмтылуымыз керек.

Белгілі жазушы Ж. Аймауытов өзінің «Тәрбие» деп аталатын еңбегінде «Тәрбие екі түрлі: ал адам баласына дене тәрбиелеумен бірге рухын, ақылын, сезімін, жігері, мінезін тәрбие қылуы керек. Дене мен рухы бірдей тәрбиеленген кісі сынаржақтау болады» депті. Ендеше Ж. Аймауытов айтып отырған тән мен рухты тәрбиелеуге күш салуы керек. Барлық тәрбие мен білім берудің тамыры мен өзегі осы рухты тәрбиелеуде, яғни рухани тәрбиеде жатыр. Адамның ең алдымен өнегелілік қасиетін қалыптастырмай, тәрбиенің басқа салаларын жүзеге асыру мүмкін емес. Өнегелілік қасиеті қалыптаспаған адамға тіпті білім беру қауіпті.

Жан дүниесі өнегелі тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа қауіп әкелуі мүмкін. Сондықтан Әл Фараби бабамыздың жоғарыда айтылған «Тәрбиесіз қолға білім салма» деген сөзі жалпы ұстаздар қауымының негізгі ұсанымы болу керек. Кейбір адамдар рухани тәрбиені дінмен шатастырып, қарсы шығуы да мүмкін. Діни

тәрбие мен өнегелі тәрбие мүлдем бөлек дүние. Дегенмен бүгінгі күні дін мәселесіне жаңа көзқарас керек екенін түсіндік. Кеңес үкіметі кезінде «Дін сананы улайтын апиын» деп келсек, бүгінгі күні дін арқылы тәрбие жұмыстарын нәтижелі жүргізуге болады. Бұған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына сөздері дәлел: «Біз – тегіміз түрік, дініміз –Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек». Демек өнегелі тәрбие арқылы адамның бойында адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастыруға болады. Міне сол арқылы халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани құндылықтарын бала бойына сіңіріп, өз елінің, Отанының адал азаматтарын тәрбиелей аламыз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Лукаш, Елена Юрьевна. Отношение к социальной адаптации у творчески одаренных детей в России и в США //Вопросы психологии. - М., 2004. - N4. - С. 22-30.
2. Лосева, Алла Аскольдовна. Психологическая диагностика одаренности. - М.: Академический проект: Трикта, 2004.
3. Тарасова С.Ю. Опыт консультативного наблюдения одаренных детей / Психологическая наука и образование.- 2002.- N 1.- С. 59-63.
4. Соотношение интеллектуального и творческого компонентов одаренности / Н.Г. Маркова, Н.Н. Бац // Психологическая наука и образование.- 2002.- N 1.- С. 51-58.
5. Одаренность и проблемы ее идентификации / Д.Б.Богоявленская, М.Е. Богоявленская // Психологическая наука и образование.- 2000.- N 4.- С. 5-13.

## **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**

*Кенженова Асем Сериковна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

*Куралбаева Алия Ахметкаримовна- PhD, доцент м. а.*

### ***Аннотация***

*Бүкіл әлемдік қауымдастықты қамтыған қазіргі дағдарыс әртүрлі елдер үшін ортақ белгілермен сипатталады, мысалы, Жастар арасындағы әлеуметтік иеліктен шығарудың күшеюі, балалар ортасында өзін-өзі бұзатын мінез-құлықтың көбеюі, бұл қылмыстың, нашақорлықтың, алкоголизмнің және басқа да әлеуметтік құбылыстардың өсуіне әкеледі. Отбасы институтының бұзылуы барған сайын байқалады; отбасы балаларына жеткілікті қамқорлық жасай алмайды, бірақ көбінесе балалардың өмірі мен дамуына қауіпті жағдай жасайды.*

Балаларды әлеуметтендіру процесін оңтайландыру, олардың әртүрлі білім беру және тәрбие институттарына бейімделуі бірінші кезектегі міндет болып табылады.

Осыған байланысты әлеуметтік-педагогикалық қызмет технологияларын әзірлеу және іске асыру ерекше өзекті болып отыр.

М.в. Шакурова әлеуметтік-педагогикалық қызмет деп әлеуметтік тәрбие және әлеуметтік-педагогикалық қорғау міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекет түсініледі. Сонымен қатар, әлеуметтік тәрбие - бұл қоғамның жас буын тұлғасындағы өзінің ілгерілеуіне деген қамқорлығы; адамның физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуы үшін қоғам, мемлекеттік және жеке құрылымдар жасаған жағдайлар. Әлеуметтік-педагогикалық қорғау-жеке субъектінің (тәрбиеленушінің) физикалық, психикалық және адамгершілік-психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлар мен құралдар жүйесі, оның мүдделері мен құқықтарын қорғау, рухани және физикалық күштерінің еркін дамуы үшін материалдық және моральдық жағдайлар жасау [52, 5-б.].

Сластенин В.А. әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мақсаты халыққа Құзыретті әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету, балаларды, жасөспірімдерді, жасөспірімдерді әлеуметтендіру, тәрбиелеу және дамыту процесінің тиімділігін арттыру болып табылады [44, 265 б.].

Кез-келген Қызмет түрінің мәні мен ерекшеліктерін түсіну үшін оның тұжырымдамалық және процедуралық компоненттерін, ең алдымен оның объектісі мен тақырыбын анықтау қажет.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет объектісінің мәнін анықтауға арналған осы тәсілдердің негізі — XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы педагогикалық дәстүрде пайда болған пікірталас.

И. Г. Песталоцци, П. Наторп және басқалардың көзқарасы бойынша әлеуметтік педагогиканың объектісі жас ұрпақтың әлеуметтік тәрбиесі болып табылады. Әлеуметтік педагогтардың міндеті-халықтың мәдени деңгейін арттыру мақсатында қоғамның тәрбиелік күштерін біріктіру, өмір жолында әр адамның толыққанды қалыптасуы үшін әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық "алаң" құру [52, с.6].

Р.Оуэн, Г. нөл, Г. Боймер және басқалардың педагогикалық идеяларын дамыта отырып, әлеуметтік-педагогикалық қызмет жағдайы төмен балаларға әлеуметтік көмек, кәметке толмағандардың құқық бұзушылықтарын қорғау және алдын-алу, тұрғылықты жері бойынша мектептен тыс жұмыс, балалар үйлерінде, балалар үйлерінде, мектеп-интернаттарда, ең алдымен, мінез-құлқы бұзылған балалармен тәрбие жұмысы ретінде анықталды.

Қазіргі әлеуметтік-педагогикалық теория мен практика осы бағыттар бойынша дамуды жалғастыруда. Біріншісін жақтаушылар Әлеуметтік педагогика теоретиктерінің арасында басым, ал екінші, бейімделгіш тәсіл практиктер арасында танымал.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет объектісінің тағы бір ерекшелігіне назар аударайық. Ю. В. және т. а. Васильковтың пікірінше, бұл қызмет түрі, шын мәнінде, Педагогикалық қызметті қамтитын және балаға (жасөспірімге) өзін-өзі ұйымдастыруға, отбасында, мектепте, қоғамда қалыпты қарым-қатынас орнатуға көмектесуге бағытталған әлеуметтік жұмыс болып табылады [7, с.17].

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тақырыбы бірдей: бұл мемлекеттік органдар, ата-аналар, мұғалімдер және басқа да мамандар, қоғамдық және коммерциялық емес ұйымдар.

Әлеуметтік тәрбие мен әлеуметтік-педагогикалық қорғау мәселелерін шешетін мекемелердің, ұйымдардың, мамандардың үш деңгейі бар:

1. бірінші кезектегі, жетекші (әлеуметтік педагогтар, балалармен, жастармен, отбасылардың түрлі санаттарымен жұмыс істеуге маманданған әлеуметтік қызметкерлер және т. б.; Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік-педагогикалық орталықтары және т. б.);

2. ілеспелі (мекемелер, ұйымдар және денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, әлеуметтік қорғау, Ішкі істер және т. б. мамандары.);

3. басқа мекемелердің, ұйымдардың және мамандардың осы міндеттерді іске асыруына жанама, жанама ықпал ететін (қаржы-экономикалық саланың, тамақ және жеңіл өнеркәсіптің, отын-энергетикалық кешеннің мекемелері мен ұйымдары және т. б.) [52, 8-бет].

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің жетекші субъектісі әлеуметтік мұғалім екені анық. Алайда, әлеуметтік тәрбие және әлеуметтік — педагогикалық қорғау олар бағытталған адамдардың белсенді ұстанымы жағдайында ғана тиімді-адамның өзі, оның отбасы, қарым-қатынас тобы.

Жалпы білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық қызметтің міндеттері:

1. Осы білім беру мекемесінің шағын ауданында тұратын мектеп жасындағы барлық балаларды есепке алу, олардың әлеуметтік жағдайы мен өмір сүру жағдайларын зерделеу;

2. Әлеуметтенудің қолайсыз тәжірибесін және балалар мен олардың отбасыларының қолайсыз өмір сүру жағдайларын өтейтін әлеуметтік жағдайлар жасау.

3. Қауіп тобындағы балалар мен отбасылар үшін әлеуметтік-педагогикалық проблемалар бойынша диагностиканы, түзетуді және консультация беруді қамтамасыз ету.

4. Әлеуметтік тәрбие және қорғау жүйесінің білім беру және басқа мекемелерінде қолайлы әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасауға бағытталған кешенді көмек көрсету.

5. Бейімсіздендірілген және әлеуметтік депривацияланған балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік-педагогикалық алдын алу және оналту.

6. Балалардың, жасөспірімдердің, ересектердің спорттық-сауықтыру, бос уақытты және басқа да қызмет түрлерін ұйымдастыру.

7. Халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау және түсіндіру бойынша мәдени-ағарту жұмыстары.

8. Балалардың әлеуметтік және педагогикалық немқұрайдылығының алдын алу.

9. Ересектердің балаларға теріс қатынасының алдын алу, мұғалімдер мен оқушылар, ата-аналар мен балалар және т. б. арасында туындаған қақтығыстарды шешуге көмектесу. [52, 12 б.]

Біздің әлеуметтік-педагогикалық қызметіміздің негізінде келесі принциптер жатыр:

өзара іс-қимыл принципі-мектептің барлық қызметкерлерімен ынтымақтастық,

баланың проблемаларын шешу бойынша қаланың әлеуметтік институттары; тұлғаның адамгершілік көзқарасына, оқушының, педагогтың және ата-ананың құқықтарын құрметтеуге, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына және әлеуметтенуіне жағдай жасауға негізделген жеке және тұлғаға бағытталған көзқарас қағидаты;

баланы және ересек адамды қабылдауға негізделген және жағымды қасиеттерге сүйене отырып, жеке тұлғаның басқа да маңызды қасиеттерін қалыптастыратын жеке тұлғаның оң қабылдау, толеранттылық принципі; оның негізінде ашықтық, сенім, кәсіби құпияны сақтау жатыр.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет табиғатта процесс болып табылады, оның нәтижелері тез арада қалыптаспайды, мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін уақытты қажет етеді. Даму көзі-әлеуметтік бағдарлану жағдайы, адамның жұмыс істеуі және оның "ізгілендіру" қажеттіліктері мен қоғамдық мүдделер арасындағы қайшылықтар. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет білім беру жағдайының тиісті түрін ұйымдастыруды қамтиды, оның алдында тиісті танымдық-диагностикалық, сондай-ақ әлеуметтік мұғалімнің жобалық-құрылымдық жұмысы болуы керек. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет процесі оның серіктестері жасаған барлық операциялық әрекеттердің жиынтығын білдіреді [8, Б.35].

Білім беру мекемесіндегі әлеуметтік-педагогикалық қызметтің негізгі бағыттары :

1. Аналитикалық-диагностикалық. Баланың әлеуметтік және жеке мәселелерін анықтау мақсатында әлеуметтік педагогикалық диагностика: баланың жеке басын, оның жеке ерекшеліктерін, мектеп құжаттамасын, медициналық картаны, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын, баланың дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктерін, отбасылық қатынастарды, отбасының білім деңгейін, білім беру ресурстарын зерттеу, әлеуметтік диагноз қою үшін алынған ақпаратты талдау, жүйелеу және әр түрлі бағыттар бойынша жұмысты үйлестіру. Баланың әлеуметтік даму жағдайына мониторинг жүргізу

2. Әлеуметтік-құқықтық. Бала құқығын әлеуметтік-педагогикалық қорғау - әлеуметтік-педагогикалық қолдауға мұқтаж оқушыларды анықтау және қолдау.

3. Консультациялық. Қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру, олардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, профильге дейінгі дайындық, баланың әлеуметтік-педагогикалық мәселелерін шешу бойынша ата-аналарға, мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне кеңес беру.

4. Профилактикалық. Әлеуметтік-педагогикалық алдын - алу және түзету-оқушылардың девиантты мінез-құлық фактілерін уақтылы анықтауға және алдын алуға, оқушыларға салауатты өмір салтын ұстану қажеттіліктерін қалыптастыруға, мектепте, қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімінде тіркелген студенттермен алдын-алу жұмыстарын жүргізуге, студенттер мен ата-аналардың құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

5. Әдістемелік. Ұйымдастыру-әдістемелік қызмет - педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында әлеуметтік-педагогикалық қызметті талдау, мектептің педагогикалық кеңестерінің, біліктілікті арттырудың мектеп факультеттерінің, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысу.- педагогикалық мәселелер, әлеуметтік педагогтардың қалалық әдістемелік бірлестіктеріне қатысу, Әлеуметтік педагогика бойынша жаңа әдістемелік әдебиеттерді зерттеу, ғылым мен практиканың жетістіктері, әлеуметтік-педагогикалық зерттеулер жүргізу, Педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысу: қалалық, аймақтық, Бүкілресейлік. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі-адамның және қоршаған ортаның мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік қасиеттердің, өзін-өзі танудың, өзін-өзі анықтаудың және өзін-өзі растаудың, яғни жеке болмыстың белгілі бір деңгейін қалыптастыру. Әлеуметтік дамудың жаңа

деңгейі мен түрі бар сандар санының өсуімен қоғамның дамуы мен дамуы, әлеуметтік өмірдің жаңа формаларын құру үшін жағдайлар жасалады және дамиды.

Осыған байланысты, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелері адамның иесіздену процесін, оның өзінен және қоғамнан иеліктен шығарылуын немесе консервативті сипатта болған кезде, олар тек басым әлеуметтік құндылықтар мен оның мінез-құлық формаларын шоғырландырумен шектелгенде немесе реакцияшыл-гуманистік сипатта болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. - әлеуметтік-педагогикалық қызмет индивидуализацияға емес, адамның "мен" бостандық, әділеттілік пен теңдік, демократия мен гуманизм құндылықтарымен бірлікте дамуына емес, иеліктен шығаруға, оны басу мен қысымшылықтың әр түрлі түрлеріне қарсы тұрады. Осылайша, әлеуметтік-педагогикалық қызмет қоғамның прогрессивті-гуманистік дамуына ықпал ете алады немесе керісінше қарсы тұра алады [46, б.38].

Жобалау (лат. *proiectus* - Алға лақтырылған) - болашақты болжауға, оның идеалды бейнесін жасауға, белгілі бір идеяларды жүзеге асыру мен іске асырудың салдарын бағалауға байланысты адам қызметінің ерекше түрлерінің бірі.

XX ғасырдың басында алғаш рет пайда болған Жоба әдісі қазіргі қоғамға тән болды. Жобалау әдісі белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған қызметті жүйелі ұйымдастыру тәсілі ретінде адам өмірінің әртүрлі салаларына белсенді түрде енгізілуде [58, 6-бет].

Бүгінгі таңда білім алушының өмірі іске асырумен байланысты жобаны, ойды, идеяларды құруды көздейтін жобалау білім беруді дамытудың маңызды факторы және оны ұйымдастырудың тәжірибесі алуан түрлі.

Жұмыстары осы мәселеге арналған авторлардың көпшілігі, дизайн осы қызметті жүзеге асырудың нәтижесі ретінде белгілі бір өнімді құрумен аяқталатын, болашақ имиджін, болжамды құбылысты құру әрекеті ретінде саналы және мақсатты кезең-кезеңмен әрекет ретінде қарастырылады.

Дизайн мәні-болашақтың қалаған күйлерін жобалау. Дизайнер құрастырылған объектіні тұжырымдамалық түсіну және қызметтің ғылыми, трансформациялық, практикалық мәселелерін көру негізінде модельдер жасайды.

Адамның Жобалық іс-әрекеті оның санасында құру, шындықты ішінара көрсететін және адамның субъективті әлемін, оның құндылықтары мен мақсаттарын ішінара көрсететін идеалды модельдерді ойлап табу қабілетіне байланысты.

Н. г. Алексеев жобалауды "не болу керек екенін қысқаша сипаттауда түсінуге болатын қызмет" деп анықтайды [1].

Гурье л. и. жобалау – бұл оны жүзеге асырудан бұрын Болашақ объектінің мінсіз сипаттамасын жасау екенін айтады [9, 7-бет].

Н.П.Сибирская атап өткендей, дизайн адам шығармашылығының бір аспектісі болып табылады және жоспарлауға, болжауға, шешім қабылдауға, әзірлеуге, ғылыми зерттеулерге негізделген [43, 10-бет].

А.в. Хуторский мен Г. К. Селевко жобалаудың қысқаша сипаттамасын береді, оны проблемаларды шешуді және қоршаған ортадағы (табиғи немесе жасанды) өзгерістерді жүзеге асыруды мақсатты қызмет ретінде көрсетеді [23].

Жобалау болуын көздейді проблемалар, ол сипатқа практикалық сипаты мен рұқсат етіледі барысында ұйым қызметінің әр түрлі түрлерін. Н.г.Алексеев "жоба" сөзінің этимологиясында көрінетін дизайнның проблемалық-белсенділік



сипатын көрсетеді: "сөздердің қозғалысы таңқаларлық – "проблемадан" "жобаға"көшу. Мәселе-ежелгі грек тілінде-Алға лақтырылған (лақтырылған) нәрсе, тағы не керек. Жоба сондай-ақ алға лақтыруды көздейді, бірақ материалдық емес, ойлар, идеалды бейнелер" [1, 95 б.].

Бұл тәсілдегі дизайнның мәні адамның өмірлік проблемасын біртіндеп түсінуі және оны шешудің құрылысы болып табылады. Іс – әрекет ретінде жобалау мақсаттарды анықтаудан құралдарды іздеуге, нәтижені және жобаны жүзеге асырудағы ықтимал салдарларды анықтауға көшетін кезде ойлау операцияларының белгілі бір инвариантын қамтиды: позициялық өзін – өзі анықтау – жағдайды талдау – проблематизация – концептуализация (мақсат қою)-бағдарламалау (жоспарға жету үшін іс-шаралар бағдарламасын құру) - жоспарлау (кезендер Н.г.Алексеев, Е.С. Заир-Бек, В. Р. Имакаев, т. и. Шамова сияқты бірқатар авторлардың еңбектерінде осы қызметтің анықтамаларына сәйкес

Кез-келген дизайн бірқатар ұйымдастырушылық міндеттерді шешуді, нақты жобалау іс-әрекетінің стратегиясын, адам (дизайнер) және оның қоршаған ортасының жедел құрылымын қайта құруды қамтиды. Жобалау процесінде мәселені шешудің ұйымдастырушылық және БЕЛСЕНДІЛІК аспектілерін түсіну кезеңі әрдайым жоғарыда аталған авторлар атап өткендей, онтологиялық (бұл мәселені не үшін шешу керек, осы шешімді табу жөніндегі іс-әрекеттің мәні неде) және аксиологиялық принциппен, жобалау субъектісінің құндылықтарымен (бұл іс-әрекеттің жеке маңызды мәні болуы мүмкін) байланысты.жобалаушының одан әрі өмірі үшін және оның жеке өзін-өзі дамыту үшін).

Сонымен, осы мағынада жобаны жүзеге асыру-бұл "адамның айналасындағы әлемге, басқа адамдарға, оның алдына қойылған міндеттерге деген көзқарасын білдіретін" адами құндылықтардың шындыққа енуі.Өмір " [3] және оған сәйкес келеді. жасау қажеттіліктері, және жобаны әзірлеу мен оны жүзеге асыруды қамтитын бүкіл тұтас жобалау актісі күнделікті әрекет жағдайынан құндылықтарға және керісінше қозғалысты қамтиды [10].

Дизайн келесі компоненттерден тұрады:

#### 1. Мақсаты.

Анықтама: мақсат-болашақ нәтиженің мінсіз бейнесі. Мақсат жоғары деңгейдегі құндылықтар, мағыналар мен мақсаттар кіретін кеңістіктен пайда болады. Мақсат кеңістіктік және уақытша сипаттамаларға ие және " не? Қайда? Қашан?». Мақсат келесі өлшемдерге сәйкес келуі керек:

- 1) нақтылық;
- 2) қол жетімділік;
- 3) өлшемдік;
- 4) ықшамдылық.

#### 2. Субъект.

Анықтама: субъект-белсенділіктің тасымалдаушысы, кейбір әрекеттерді нәтижелі орындайды; осы қызметте саналы өзін-өзі реттеу және өзін-өзі дамыту қабілеті бар адам.

#### 3. Объект.

Анықтама: объект - бұл әрекет бағытталған объект.

Нысанды тұтастай жобалау мүмкін емес, бірақ сіз объектінің жеке сипаттамаларын ескере аласыз, атап айтқанда:

- топтың мөлшері.
- композициясын тобы:

- құрамы жынысы бойынша.
- жеке психологиялық сипаттамалардың арақатынасы.
- топтың бейресми жүйесі.
- топтық нормалары.
- топтың бірігу деңгейі.
- топтың қақтығыс деңгейі[10].

#### 4. Мазмұны.

Анықтама: мазмұны-жобаны толтыру, " не істей аламыз?». Мазмұн келесі өлшемдерге сәйкес келуі керек:

- мақсатқа сәйкестігі;
- практикалық маңыздылығы;
- жаңалығы;
- мәселелікті анықтау;
- фактілер мен идеялардың эмоционалды маңыздылығын анықтау;
- қол жетімділік (ұғымдар, көлемдер)
- полимодальдылық;
- фактілер мен идеялардың дәйектілігі[10].

#### 5. Құралдары.

Анықтама: мақсат жүзеге асырылатын құралдар-әдістер; " мұны қалай жасауға болады?». Қаражат келесі өлшемдерге сәйкес келуі керек:

- артық болу;
- полимодальдылық.

#### 6. Өзара әрекеттесу.

Өзара әрекеттесу стратегиясы.

1.Өзіне орталықтандыру. Объективті парадигма. Авторитарлық өзара әрекеттесу стилі.

2. Центрация міндеттерін шешу.

3. Акционалды парадигма. Манипуляция стратегиясы.

4. Басқаларға орталықтандыру. Субъективті парадигма. Серіктестік стратегиясы.

#### 7. Күтілетін нәтиже.

Нәтиженің негізгі өлшемі-оны жүзеге асыру дәрежесі.

Мұндай дизайн құрылымы инвариантты және оны әртүрлі салаларда қолдануға болады. Бұл қызмет функционалды ұйымға ие, ол бір-бірін алмастыратын фазалардың тұрақты тізбегінде көрінеді, көбінесе түзетумен және байытумен қайталады: мотивациялық-мақсатты бағдарлау, іс-әрекеттің индикативті негізін анықтау немесе құру, нақты күтілетін нәтижелер туралы түсініктерге дейін мақсаттарды нақтылау және нақтылау, оларға қол жеткізуді жобалау, процесті бақылау және түзету [12, 84-бет].

Жобалаудың негізгі ерекшелігі-оны жобалау процесінде рефлексия сияқты ойлау әрекетінің осындай кезеңін органикалық тоқу. Егер өзін-өзі анықтау кезеңінен бастап, осы процесстегі "алғашқы әдептілік" ретінде жобалау жоспарды жүзеге асырумен байланысты болса, онда рефлексия осы әрекеттің аяқталуымен, бұрын жасалғанын түсінумен байланысты болса, дәл осы байланыс н.г.Алексеев атап өткендей, рефлексия әдістерін жобалау техникасымен біріктіру үшін негіз, негізгі алғышарт болып табылады.

Рефлексияға шығу "әрекетті" түсінуді қамтиды, рефлексияда ол жергілікті оқиғадан өз іс-әрекетін интегралды қайта қарастыруға ауысады.

Осылайша, жобалаудың бүкіл процесі келесі кезеңдерді қамтиды: проблемалық жағдайдан өз әрекеттерін әлеуметтік (жобаның басқа қатысушыларымен бірге) түзету арқылы және одан әрі өз іс-әрекетінің сыни рефлексиясына дейін. Жобалау процесін жүзеге асыру адам қажетті әлеуметтік тәжірибе ала алатын икемді топтардың, командалардың, қауымдастықтардың пайда болуын қамтиды[15].

Мұндай қарым - қатынас процесінде іс - әрекеттің басталуы екі жолмен жүзеге асырылады: бір жағынан-түпкілікті өнімді құру процесінде нақты ақпаратты, белгілі бір білім мен өз тәжірибесін қолдана отырып, адамдар өз іс-әрекеттерін іс жүзінде жасайды, екінші жағынан-өздерінің практикалық іс-әрекеттерін түсініп, түсінеді, олар белсенді ақыл-ой қызметіне қатысады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, дизайн іс - әрекетінде адамның өмірін қайта ойластыру және қайта құру процесінде рефлексия түрінде жүзеге асырылатын семантикалық және өміршеңдік процестері қиылысатындығын тағы бір рет атап өткен жөн, бұл өзін-өзі дамыту принципіне сәйкес келеді, бұл жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі болып табылады. кейбір мәселелер мен мәселелерді шешу дизайнның жаңа формаларының дамуын ынталандырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ фольклоры мен халық педагогикасының мәселері. /Под ред. Қоңыратбаев А.С. Алматы., 1984
2. Қазақ тілін үйретуде көркем және халық ауыз әдебиетін қолдану тәсілі// Отбасы және балабақша, 2006. - № 57.- 14-15б.
3. Арғынов Х. Қазақ тілінің методикасы. –Алматы, Мектеп, 1974. – 295б.
4. Будницкая И.И. Предметное содержание рисунков и рассказов на заданную тему у учащихся массовом и вспомогательной школы.М., 1961
5. Гнездилов М.Ф. Развитие устной речи у мственно отсталых школьников М., Учпедгиз,1974

## **ЖАЛПЫ ТІЛ КЕМІСТІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Ашкеев Марат Жексенович  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Алметов Нығметжан- д.п.н., профессор*

### **Аннотация**

*Адам дамуының маңызды бөлігінің бірі – тілдің қалыптасуы. Баланың тілінің дамуына алғашқы күннен бастап көңіл бөлу қажет. Бірақ баланың сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуын дұрыс тәрбиелеу үшін оның даму барысындағы физиологиялық, морфологиялық өзгерістерді түсіне білу міндет. Бұл баланың сөйлеу тіліндегі ерте кемістіктерді анықтауға береді, және түзету жұмыстарын ерте бастан қалыптастыруға болады.*

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ойлау қабілетін дамытатын, білім алуға, дағдыларды арттыруға мүмкіншілік беретін құрал. Бала тілінің дамуы оның қоғамда тәрбиеленуі арқылы қалыптасады.

Сөйтіп баланың тілінің дамуы, оның ақауларының ерте анықталуы – ата-анасының, тәрбиешілердің, логопедтердің міндеті. Баланың сөйлеу тілінің дамуындағы жетіспеушіліктердің себебін және деңгейін дұрыс анықтау келешекте дұрыс сөйлей алу мүмкіншілігін туғызады. Жалпы сөйлеу тілі бұзылысының себептері тек ауыр түрдегі бұзылыстардан емес, әр түрлі ұсақ моториканың жетіспеушіліктерінен, өарым-қатынастың дұрыс жүргізілмеуінен де кездеседі. Тіл мүкістігі және оның әр түрлі патологиясы жайлы біршама зерттеулер жүргізілген болса да жалпы сөйлеу тілінің бұзылысы тән балалардың сөз құрам жасау, мазмұндау дағдыларының кемістігі өте жиі кездеседі және ол туралы әдебиеттер де жеткіліксіз.

Жалпы тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері Қ.Қ. Өмірбекова, Қ. Серкебаев, Р.Е. Левина, Н.А. Никашина, Н.А. Чевелева т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты талдау негізінде, дыбыстарды бұзып айту, фонетикалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен сөйлем құрау, сөзжасамының дамыған жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың барлығына тән кемшілік. [1,б.48].

Белгілі психолог ғалым Л.С. Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде балалардың өсу, жетілу, даму ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, балалар жеке заттарды біліп қана қоймай, оларды жіктеп, топтап айта білуге, әр заттың қайдан, неден жасалатынын түсінуге тырысатындығын көрсетеді. Баланың алғашқы сөздерді түсіне бастағаннан-ақ оның ортамен тілдік қатынасы қалыптаса бастайды. Бала тілінің шығуы оның психикалық дамуына күшті әсер етеді. Әрбір сөз - баланың ақыл-ойының дамуына маңызды екенін айтады.

Адам баласы дүниеге келе сала сөйлеу тілін мүлдем білмейтін қалыпта болады. Өсе келе бала қоршаған ортасына сай сөйлеу тілін ие бола бастап, қарым-қатынасқа түсе бастайды. Алдымен ауызша сөйлеу тілін үйренсе, кейіннен жазбаша сөйлеу тілімен ұштастырады.

Бала үшін бұл аса маңызды міндет. Себебі, адам баласы қаншама ұзақ уақыт бойы, ата-бабаларымыз мыңдаған жылдар құрастырған тілді толығымен қамтуға тырысады.

Қазіргі уақытта жалпы тіл кемістігі бар қазақ балаларының сөйлеу тілі бойынша зерттеулер жоқтығын, ғылыми зерттеулер нәтижесінде негізделіп, тәжірибе жүзінде сынақтан өткен, аталған балалардың тіл кемістіктерін түзету әдістемесінің жоқтығын ескерсек, жалпы тіл кемістігі бар қазақ балаларының сөйлеу тілін зерттеу өзекті маңызды мәселе екені анық.

Ұлы педагог Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз ойсыз толық мәнінде ақыл-ой тәрбиесі болмайды» деп санайды. Демек мектеп жасына дейінгі балалардың оқуға, білімге деген ынтасын мүмкіндіктерін толық пайдаланып, оларды оқу үрдесінде үздіксіз дамыту сабақта алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ертегіні қолданудың орны ерекше. [2,б.4].

Мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін логопедиялық сабақтардың өз ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар:

1. Негізгі іс-әрекет түрі өзгереді: оқу негізгі іс-әрекет болып табылады, бірақ ойын элементтері де оқумен бірге жүруі мүмкін.

2. Сабақтың ойын түрі сабақпен алмасады.

3. Егер, мектепке дейінгі жаста барлық жұмыс отбасы, тәрбиешісі арқылы жүзеге асса, онда мектеп жасында логопедиялық әсер ету мұғаліммен бірге іске асады.

4. Мектепке дейінгі жаста сөйлеу тілінің барлық элементтері ойын әрекеті үрдісінде логопедке еліктеу негізінде тәрбиеленеді, мектеп жасында кемістігін жеңуге саналы түрде бағыт беру, өз бетінше сөйлеу тілінің жаттығуларын орындауға үлкен назар аударылады.

5. Көмекші (қосымша) психотерапиямен бірге, рационалды психотерапия кеңінен қолданылады.

6. Сөйлеу тілінің материалдары мен логопедиялық сабақтың түрі мектеп тәжірибесімен жақындайды.

Қазіргі уақыттағы логопедия жетістіктері сөйлеу тілін түзету барысында тек жаттығулармен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар, сабақтар жүйесімен бірге баланы оңалтып тәрбиелеу қажеттілігін көрсетеді [5, б.128].

Сөйлеу тілін тексермес бұрын ата-аналармен әңгіме өткізілу қажет. Әңгімелесудің барысында баланың қандай аурумен ауырғаны, жарақаттанғандығы және сөйлеу тілінің дұрыс қалыптаспауына зиянын тигізетін тәрбие жағдайы анықталады (намнез жинақтау).

Ата-аналарының берген мәлімдемелері баланың сөйлеу тілі бұзылуының көрінісін түсінуге жәрдемін тигізеді.

Сөйлеу тілі ақаулықтарының шығу себептерін дұрыс анықтау үшін, логопед баланың сөйлеу тілінің қалай дамығандығын көз алдына келтіру керек. Сондықтан баланың тілі қай жасынан бастап шыққаны, бірінші сөзді қашан айтқаны және сөздің басын құрап сөйлеуді қашан бастағаны, одан әрі қарай сөйлеу тілінің қалай дамығандығы, мектепке барардың алдында оның сөздік қорының және грамматикалық құрылысының шамасы қалай қалыптасқандығы туралы мәліметтерді ата-аналардан сұрай отырып жинау қажет. Ата-аналармен әңгімелесу кезінде баламен күнделікті қатысып, араласып жүрген адамдардың тілдерінің дамуындағы деңгей шамалары туралы, олардың арасында сақаулары және бірнеше ұлттың тілдерін араластырып сөйлейтіндерінің бар-жоқтығын, сонымен бірге, баланың сөйлеу тілінің дұрыс дамып қалыптаспауына ортаның қандай ықпал тигізетіндігін анықтайды. Ең маңыздысы, бала өзінің сөйлеу тілінің ақаулығын түсіне ме және оған баланың көзқарасы қандай, яғни уайымдамайма соны білу керек. Сонымен бірге ата-ананың логопедпен бұрын дәріс алғанын және қандай нәтиже бергенін анықтау керек.

Егер бала бұған дейін балалар мекемелерінің қайсы біреуінде тәрбиеленген болса, онда ата-ананың берген мәліметтері педагогикалық мінездемемен толықтырылды.

Тексеруге кірісерде логопед ең алдымен баланың сөйлеу тілінің толықтығымен, анықтылығын, ырғақтығын, жатықтығын толығымен түсініп алу керек [2, б.48].

Сұраққа жауап беру, бейнелі сурет бойынша әңгімелеу, ойға тоқыған әңгімесін еркін сөйлеп берукездерінде логопед баланың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуында ақаулықтың бар-жоқтығын және сөйлеу тілінің жалпы анықтылығын, оның шапшаңдығын, жатықтығын, естіген әңгімесін өз сөзімен

қайталап айтып бере алатындығын, әңгімелеу кезінде сөйлемнің қандай түрлерін пайдаланатындығын, сөйлем құрастыруда, сөз таңдауда оларды орнымен қалай дұрыс пайдаланатындығын, сөйлемнің грамматикалық құрылысында сараланбаушылықтың (аграмматизм) бар жоғын, сонымен қатар баланың ой-өрісінің дамуы туралы да, мағлұмат алынып, болжау жасалады.

Баламен алдын-ала әңгімелесу кезінде оның дыбыстарды айтуын қаншалықты меңгергенін және қандай ақаулықтарын бар екенін алдын ала білуге мүмкіндік береді.

Бірақ сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуындағы ақаулар ерекшеліктерін дәл анықтау үшін оларды арнайы және егжей-тегжейлі тексеру қажет. Дыбыстардың айтылуын зерттемес бұрын баланың баланың сөйлеу тілі мүшелерінің жағдайын тексеріп алу керек. Сөйлеу тілі мүшелерінің құрылысындағы немесе қозғалту қызметіндегі болмашы ақаулықтардың өзі сөйлеу тілінің дұрыс қалыптаспауын тежеуі мүмкін. Кейде бұл бұзылулар басқа жағдайларда онша білінбейді, олар негізінде сөйлеу мүшелерінің құрылысын және қимылдарын мұқият тексергенде анықталады [3, б.63].

Баланың ауызекі сөзін бақылай отырып сөздік қорының қаншалықты деңгейде екенін анықтап білуге болады. Бірақ кейбір жағдайларда баланың сөйлеу тіліндегі белсенділігін және сөздің мағынасын түсінудегі енжарлығын арнайы тексеруді керек етеді.

Баланың жас мөлшеріне және сөйлеу тілінің мүмкіндігіне қарай сөздік қорын зерттеу үшін заттардың аттарын атау, жалпы аттарын табу, қарсы мәндес және ұқсас мәндес сөздерді атау, түбірлес сөздерді іріктеу, сөйлемдегі сөздерді ауыстыру сияқты бірсыпыра арнайы тәсілдер қолданылады. Баланың жеке дамуына сөйлеу тілінің тигізетін әсері зор.

Логопед жан-жақты даярлығы мол болуымен бірге, сабақты оқушыларға қалай ұғынықты жеткізу жолын үнемі іздестіріп отыруы қажет. Тілді толық меңгерулері оқушылардың тексті түсініп, әрі мәнерлеп оқи білуіне байланысты. Сонда ғана оқушылар кез келген кітап, газет-журналдарды мәнерлі түрде оқи алатын болады. Мұның өзі – шәкірттің ой-өрісін дамытудың, басқа білімдерді игеруінің де алғы шарты. Бұл жағынан, әсіресе, әдеби шығармаларды оқудың маңызы зор. Көркем шығармаларды оқу арқылы бала тарих пен бүгінгі өмір сырларын ұғынады. Ол үшін оқушыны кітап – көркем шығарма оқуға ыталандыру, оқибілуге үйрету. Ол үшін пәннің ғылымдық түсініктерін оқушыға ұғымды етіп жеткізе білудің зор мәні бар. Сонда ғана әрбір тақырыпты өткен сайын оқушының сабақ мазмұнын меңгеру қабілеті артып, сөз байлығы молаяды және кітап оқуға қызығуы арта түседі. Әрине бұл логопедтің сабақ жүргізу әдістерін әрдайым жаңашылдықпен жетілдіріп отыруын қажет етеді. Оқылған текстің мазмұнды, қызықты, тартымды болуы логопедтің сұрақты шығарманың идеялық мақсатына сай дұрыс іріктеп қоюына байланысты болады. Сұрақ оқушыны ойландырып, әңгіменің мазмұнын, идеясын айқындауға бағыттайтын болуы тиіс. [5,б.48].

Баланың сөздік қорының аздығы әр құбылысты, затты өз атымен атамайтындығы, көбінесе сол зат пен құбылыс туралы ұғымының күңгірт, бұлыңғырлығында. Оқушы бойындағы мұндай кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір ұтымды тәсілі – бала санасының ұғымды нақтылау.

Ертегілерден біздің бабаларымыздың тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін көреміз. Ертегілерде жауыздық пен әділдік, қастық пен достық, жамандық пен жақсылық күресіп, ақыры, соңғылары жеңіп шығады.

Ал қазақ тілінде жиналған ертегілердің көбінде әлі ертекті орны еленбей, ескерілмей, олқы келген. Сол себепті ертегінің мазмұнына, әңгімесіне ғана қарап, тіл, түр өзгешелігінің көбін де елемей келгендік бар.

Мектепке дейінгі жас жалпы тіл кемістігі үшін аса үлкен орын алатын кезең. Осы сәтте тұтығудың теориялық білімін зерттеп, алдын алудың жан-жақты әдістерін қарастырып, жұмыс жасау керек. Қандай болсын ақау ерте түзетіле басталса, солай алдын алу жеңілдірек болады.

Бүгінгі таңда жалпы тіл кемістігі мәселесін көптеген ғалымдар, психологтар, дефектолог мамандар зерттеп келе жатыр, бірақ осы біздің қолданылып отырған әдісіміздің жаңашылдығы ол жалпы тіл кемістігін халық ауыз әдебиеті соның ішінде ертегі арқылы түзету.

Жалпы тіл кемістігін түзету үшін, осы түзету жұмысы тиімді нәтиже беру мақсатында дұрыс тексеру әдісін таңдау тиіс. Біздің зерттеу жұмысымызда қарастырылған Фотекованың ауызша сөйлеу тілін зерттеу әдісі баланың жалпы тіл кемістігін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Логопедиялық сабақта жүргізілген ертегі әдісіне 5 оқушы қатысты, зерттелушілерде жалпы тіл кемістігі диагнозы бар. Бұл әдісте жалпы тіл кемістігі бар баланың сөйлеу тілін түзету ертегі процесі барысында жүзеге асырады.

Эксперименталды жұмыс үш кезеңнен тұрды:

1) Деректеуші эксперимент – біріншілік диагностика.

2) Қалыптастырушы (үйретуші) эксперимент.

3) Екіншілік диагностика (2 срез).

Деректеуші эксперимент (біріншілік эксперимент) Фотекованың тексеру әдістемесі бойынша тексердік:

1) Сенсомоторлық даму деңгейін анықтау;

2) Моториканы тексеру;

3) Дыбыстың дыбысталуын тексеру;

4) Сөздік қорды тексеру;

5) Грамматикалық қатарды тексеру;

6) Байланысқан сөйлеу тілін тексеру;

7) Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру;

8) Ойын іс-әрекетін тексеру;

Қалыптастырушы экспериментте Т.А.Фотекова әдісінің негізінде ертегі арқылы жүзеге асты.

Түзету жұмысы логопедия тіл дамыту сабақтарында жүзеге асты. Осы сабақтар негізінде мақсатымыз бойынша әдістемелік-нұсқауымызды қолдандық.

Жұмыс соңында алдымызға қойылған мақсатымызға жетіп, тұжырымдаған болжамымыз іске асқанын анық көріп отырмыз.

Логопедия дегеніміз - сөйлеу тілінің кемістіктерін, оның бұзылу себептерін, болдырмау жолдарын, сонымен бірге осындай кемістіктерді әртүрлі жолдармен түзетіп жоюдың тәсілдерін зерттейтін арнайы педагогикалық ғылым.

Логопедия пәні сөйлеу тілінің бұзылуы және сөйлеу тіл кемістігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу үрдісі болып табылады.

Логопедия жалпы және арнайы психологиямен, психодиагностикамен тығыз байланысты. Логопед баланың психикалық дамуының заңдылығын және ерте жастағы баланы психологиялық-педагогикалық әдіс-тәсілдермен тексеруді пайдалана білуі керек. Осы тәсілдерді қолдана отырып, әр түрлі тіл кемістіктерінің түрлерін, зиятты бұзылыстар, эмоционалды және мінез-құлықтағы бұзылыстар салдарынан пайда болған сөйлеу тілі кемістіктерін ажыратуға болады.

Психологияны білу логопедке тек сөйлеу тілі бұзылыстарын ғана байқап қоймай, бәрінен бұрын баланың өзін, оның сөйлеу тілінің бұзылыстары мен жалпы психикасының дамуының ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік береді. Бұл білім әртүрлі жастағы балалармен қарым-қатынасқа түсуге, олардың сөйлеу тілін, қабылдауын, есін, зейінін, ой-өрісін, жігер-ерік аймағын тексеруге арналған дұрыс тәсілдерін таңдауға және тиімді логопедиялық жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Тіл кемістіктерінің себебі сыртқы және ішкі зиянды күштері, себептері (факторлары) немесе екеуінің бірдей организмге әсер етуі деп түсінеміз. Сөйлеу тілін меңгеру әр балада әр түрлі кезеңде және әр түрлі уақытта өтеді. Бұл әр түрлі себептерге байланысты жеке үдіріс. Сөйлеу тілінің дамуының кешеуілденің себептері: жүктіліктің кезіндегі және туған кезіндегі патология, генетикалық себептердің ықпалы, есту мүшесінің зақымдануы, баланың психикалық дамуындағы жалпы артта қалуы, әлеуметтік депривацияның себептері

Логопедия ғылымында осы уақытқа дейін шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі жүйелі ғылыми тұрғыдан тіл кемістіктерін топтастыру болып табылады. Оған бөгет болатын жағдайлар, өбіріншіден тіл кемістіктерінің көптеген түрлерінің кездесуі және олардың нағыз күйінде кездеспей, күрделі түрде кездесуі. Осының бәрі тіл кемістіктерін ғылым жүзінде дәлелдеп топтастыруды қиындатады. Бұның қиындығы сол, егер тіл кемістігінің бір түрі бірнеше себептердің салдарынан болса, тіл кемістігінің бірнеше түрі пайда болуы мүмкін. Сонда тіл кемістіктері жеке түрде немесе басқа тіл кемістіктерімен қисындасып, тіркесіп кездесуі мүмкін. Соған байланысты олар логопедияда өзіндік белгілеріне байланысты белгілі терминдермен нақты белгілінеді. Сөйлеу тілінің бұзылу түрлері мынадай:

- Дислалия – есту қабілеті мен сөйлеу мүшелерінің инвервациясы дұрыс сақталғанда кездесетін тілдік дыбыстардың бұзылып айтылуы. Синонимдері: тіл мүкістігі, тіл дыбыстарын айту кемістігі, фонетикалық кемістік.

- Ринопалия – сөйлеу мүшелерінің анатомиялық-функционалдық кемістіктерінің салдарынан дауыс әуезділігінің, тембрінің, дыбыстардың айтылуының бұзылуы. Синонимдері мұрынмен сөйлеу.

- Дизартрия – жүйке тамырларының сөйлеу мүшелерінің жұмысын толық қамтамасыз ете алмауына байланысты сөйлеу қабілетінің бұзылуы. Дизартрияның ауыр түрі анартрия деп аталады. Ондай жағдайда адам дыбыс айту мүмкіншілігінен айрылады.

- Тұтықпа – сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерінің тартылу салдарынан сөйлеудің ырғақтығының, жылдамдығының бұзылуы. Синонимдері: логоневроз.

- Алалия – бас ми қабығындағы тіл аймақтары (зоначының) жастайынан зақымдануының әсерінен балада сөйлеу тілінің жетілмеуі немесе мүлдем дамымауы. Синонимі: мылқау.



· Афазия- бұл сөйлеу тілінің толық немесе жартылай жоғалуы, жойылуы. Ми қорабының жарақаттануы, нейроинфекция, мидағы ісіктің салдарынан адамның сөйлеу қабілетінен айырылуы.

· Брадилалия –сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс баяулауы. Тахилалия-сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс жылдам болуы.

· Дисфония –дауыс шығару мүшелерінің( күші, биіктігі, тембрі) қалыптан тыс өзгеру себептерінен дауыстың жартылай бұзылуы. Афония-дауыстың толықтай жойылуы.

· Дислексия –оқу процесінің жартылай бұзылуы. Алексия оқу процесінің мүлдем қалыптаспауы.

· Дисграфия –жазу процесінің жартылай бұзылуы. Аграфия –жазу процесінің мүлдем қалыптаспауы.

· Жалпы тіл кемістігі– есту қабілеті мен ой–өрісі әдеттегідей дамыған балалардың мағыналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын күрделі тіл кемістектері. ЖТК үш деңгейі бар (1-2-3).

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы алалия, афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологиялардың түрлерінде де байқалады

. Баланың сөйлеу тілінің бұзылуын анықтап, зерттеп отырып онымен түзету –тәрбие жұмысы жүргізген дұрыс. Дәл уақытында қолайлы жағдай жасай отырып баланың тілінің дұрыс дамуына бағыт берген жөн.

Баланың тамаша сезімнің дамуын тек қана дыбыс үндестігін айтуды пайдалана білуімен шектестіріп қоймай, оны мәнерлі сөйлеуге үйретіп отырған жөн. Тіл кемістігі көбінесе мектеп жасына дейінгі балаларда кездеседі. Тіл кемістігін уақытында жоймаса, ол барған сайын ұлғайып, нығаяды да баланың дұрыс сөйлеуіне кесірін тигізеді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде сөйлеу тілі өте –мөте қарқынды дамиды. Бала 2 жастан бастап енжар және белсенді сөздіктерді тез жинайды, дыбыстарды айтуды және грамматикалық құрылымдағы сөйлемдерде меңгереді.

- 2 жасында -300-400
- 3 жасында -1000-1500
- 4 жасында -1600-1800
- 5 жасында-2000-2300
- 6 жасында-3000-3500 дейін сөздік қоры болады.

Бала дүниеге келісімен оны көптеген дыбыстар қоршайды. Олар ән – әуендер, құстардың дыбысы, иттің үруі, ыдыстың салдыры, адамдардың сөйлеуі. Бала түрлі дыбыстарды естісе де ең бастысы сөйлеу тілі қарым-қатынас үшін қажет.

Сөздерді түсініп айтуы үшін бала интонацияға мән береді. Егер балаға сүйсіне қарап, жылы сөздер айтсақ, ол сөздерге мән беріп күлімсірейді. Егер айғайлап, қатты сөйлесек бала қорқады, ренжиді. Біртіндеп бала сөздерді тындап, салыстырып, оларды қайталауға тырысады, сөздердің дыбыстық құрамына көңіл бөле бастайды, дыбыстарды қайталап, ойнайды.

Кейбір кезеңдерде бала үндемейді, дұрыс сөйлемейді. Бұл жағдайда ата-аналар әртүрлі көзқараспен қарайды. Бала сәби кезден бастап ана тілінде еркін сөйлей бастауға дағдыланады. Ал тіл мүкістігі бар бала еркін сөйлей алмай, айналамен қарым-қатынаста көптеген қиыншылықтарға кез келеді. Тіл мүкістігін түзету қазіргі таңда ең үлкен мәселе болып отыр. Оның пайда болу себептері

әртүрлі. Егер тіл кемістігін уақытында мектепке дейін түземесе, баланың айналамен қарым-қатынасы қиынға түседі. Көп жылдық тәжірибе бойынша мектепке дейінгі тіл кемістігі бар баламен күнделікті тұрақты жұмыс жасалса, сөйлеу тілінің жақсаратыны дәлілденген. Сондықтан дер кезінде логопедиялық көмек көрсету қажет.

- Сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегідей сипатталады:
1. өз бетінше пайда болады, жоғалмайды, қайта бекиді.
  2. сөйлеушінің жас мөлшеріне сәйкес келмейді.
  3. баланың одан әрі дамуына жағымсыз әсер тигізеді.
  4. тіл білмейтіндік – диалектизм тіл кемістігі болып саналмайды.

Дыбыстарды дұрыс, анық айту үшін алдымен түрлі дайындық жұмыстары, артикуляциялық жаттығулар, ауа ағымын дұрыс шығару үшін арнайы жаттығулар орындалады. Дыбысты дұрыс айтқызығаннан кейін, дыбыстың айтылу артикуляциясы еске түсіріледі. Дыбысты бекіту жұмыстары сөздер, сөйлемдер, өлең жолдары, мақал – мәтелдер, шағын әңгімелер қолдану арқылы жүргізіледі.

Жүргізілетін жұмыстар барысында артикуляциялық жаттығулар арқылы балалардың тілдерінің, еріндерінің қимылдары жетіледі, ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтып үйренеді. Сөздік қоры толығып, байланыстырып сөйлейді. Сондықтан жоғарыда айтылған жұмыс түрлерін мектепке дейінгі 4 – 7жас аралығындағы балалармен жүйелі түрде жүргізіп отырған жағдайда ғана тіл мүкістігін түзетуге болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ фольклоры мен халық педагогикасының мәселері. /Под ред. Қоңыратбаев А.С. Алматы., 1984
2. Қазақ тілін үйретуде көркем және халық ауыз әдебиетін қолдану тәсілі// Отбасы және балабақша, 2006. - № 57.- 14-15б.
3. Арғынов Х. Қазақ тілінің методикасы. –Алматы, Мектеп, 1974. – 295б.
4. Будницкая И.И. Предметное содержание рисунков и рассказов на заданную тему у учащихся массовом и вспомогательной школы. М., 1961
5. Гнездилов М.Ф. Развитие устной речи у мственно отсталых школьников М., Учпедгиз, 1974

### **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫ**

*Раманкулова Гулфайруз Амангелдиевна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

**Ғылыми жетекшісі:**

*Алметов Нығметжан- д.п.н., профессор*

#### **Аннотация**

*«Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор.*

*Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жасбаланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», - деп атап көрсеткен атақты педагог Сухомлинский.*

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған бұтақ кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына балабақшадан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзінен сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, тәрбиешінің балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, тәрбиеші істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек.

Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен бірте қайнасып жетіледі. Сондықтан да адамгершілік мәнін абстрактылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшелігімен ғана байланыстыруға болмайды.

Адамгершілік тәрбие оқу-тәрбие үрдісінің барлық салаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады.

Адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста баланың бастапқы адамгершілік сезімдері мен ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастармен қарым-қатынастарында көзге түседі.

Мектепке дейінгі балаларға адамгершілік тәрбие беру. Балалар бақшасында адамгершілік тәрбие берудің жалпы сипаттамасы. Адамның моралдық сапа негіздері мектепке дейінгі балалық шағында қалыптасады. Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады. Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама (инициатива) көрсету сияқты адамның маңызды сипаттарын қалыптастырады. Дұрыс тәрбие балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері Мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері – балалардың адамгершілік сезімдерін, мінез-құлықтың ізгі дағдылары мен әдеттердің адамгершілік ұғымдары мен мінез-құлық түрткілерін қалыптастыру. Баланың тәрбиелеуде оның өмірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ адамгершілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады. Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы

көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларға қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі ренішті немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді, ал өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен рақат алады.

Мектепке дейінгі жаста бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады. Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама (инициатива) көрсету сияқты адамның маңызды сипаттарын қалыптастырады. Дұрыс тәрбие балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды.

Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі реніші немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді, ал өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен рақат алады. Эмоциялық әсерлену: жақсы қылықтарына, үлкендердің мақтауына риза болу, өзінің орынсыз қылықтарынан: үлкендердің ескертуінен, наразылығынан ұялады, қапалану, уайым жеу оның адамгершілік сезімдерін қалыптастырудың негізіне айналады. Мектепке дейінгі шақта балада қайырымдылық, жанашырлық, қуанышқа ортақтасу сезімдері қалыптасады. Сезім балаларды белсенді іс-әрекетке: көмек көрсетуге, қамқорлық жасауға, көңіл аударуға, жұбатуға, қуантуға итермелейді. Патриоттық сезімге: туған өлкесін, Отанын сүюге, басқа ұлттардың адамдарын құрметтеуге тәрбиелеудің ерекше маңызы бар. Мектепке дейінгі балалардың ерекшелігі еліктеу қабілеттілігінің айқын көрінуі болып табылады. Тәрбиеші балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді, өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.

Бала ата-ананың қамқорлығы мен махаббатына, олардың қарым-қатынасы мен еркеліктеріне мұқтаж. Ата-ананың балаға деген махаббаты мен олардың қамқорлығы баланың да жауапты үн қатуын шақырады, бала ата-ананың сөзіне құлақ салып, тәрбиелі болып өседі. Егер бала махаббат пен қамқормен бөленсе, ол өзінің қандай екеніне қарамастан жақсы көретінін, өзгелер үшін қажетті де, сүйікті жан екенін түсінсе, ол өзін қорғанған, біреуге қажеттілігін түсінеді. Осының бәрі оның мейірбан болып өсуіне жақсы ықпалын тигізеді.

Қазіргі қоғамда білім берудің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі дамыту болып табылады. Оны ұйымдастыру мен жүзеге асыруда өзінің мақсатының жүйесі бойынша, мазмұны, ұйымдастыру түрі, технологиясы, нақты білім беру жүйесімен басқарылуы, ішкі және сыртқы байланыстары арқылы әрбір адамның және жалпы қоғамның идеясын дамытуы қажет.

Мектепке дейінгі жас – әрбір адамның өміріндегі ең жарқын қайталанбайтын шақ, жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі, баланың өзіндік тануы мен даралағының қалыптасу кезі. Дәл осы кезде әлеуметтену үдерісі басталады.

Бала адамдардың қарым-қатынасы туралы алғашқы түсінікті үлкендердің арасындағы өзара қарым-қатынасын бақылау арқылы қабылдайды. Олардың тәртібі, өзіне деген, оның қылығына қарым-қатынасы бала тәртібінің бағдарламасын құрайды. Үлкендердің осы үлгісі бойынша ол адамдармен қарым-қатынас жасайды.

Нақты осы кезде баланың адамдар әлемімен, табиғатпен, заттармен байланысы басталады. Адами құндылықтарға, мәдениетке тартылуы байқала бастайды. Денсаулығының іргетасы қаланады. Сезімінің дамуы өзінің өмір сүріп жатқан жағдайына байланысты тәрбиелеу әдісі мен құралдарына тәуелді болады. Бұл – отбасы мен балабақшадағы, өзі сезінетін айналадағы қызығушылығы мен істеріне қатысты жағдайлар. Дәл осы мектепке дейінгі жаста балалық қарым-қатынасты дамытуға маңызды мән беретін адамгершілік сезімі қалыптаса бастайды. Осы кезде баланы рухани-адамгершілік аясында дамыту міндетінің жетістікті шешілуі үлкендердің бала тәрбиесіндегі мейірімділігіне, әділдігіне және адамилығына байланысты. Осылар арқылы олар балаға үлгі көрсетеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте – еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т. б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/ тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау/ кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б./ Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани- адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда

«Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасы эксперимент ретінде жүргізіліп келеді.

XXI ғасырда көтеріліп отырған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі – ұлттық құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәні — баланы балабақшадан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді.

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайлық, рақымшылық, жанашарлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету.

Халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті — халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың ақыл парасатта азық ете білуде «Өзін-өзі тану» курсының рөлі ерекше.

Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен балабақша қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің балабақшада ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылу қажет.

Әрбір жеке тұлғаға достық, отбасы, Отан құндылықтары туралы алғашқы қарапайым түсініктер беру; мейірімділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке баулу, құрбы-құрдастарымен,өзінен кішілермен және үлкендермен ізгілікті қарым- қатынас, өзін қоршаған орта ғажайыптарын сезініп, табиғатқа зиян келтіруден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеуге бағытталған. Балабақша тәрбиешісінің алға қойған мақсаты, баланың бойына ұлттық саналық қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан, сымбатты, халықтың тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени —ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. . Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Бала-бақшада толеранттылық тәрбие беру балаларды бір-бірін сыйлауға құрметтеуге үйрету керек-ақ.

«Толеранттылық (ағылш. tolerance — төзімділік, көнбістік) — басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға

төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық — адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық — қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші. Жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол педагогикалық проблема болып табылады. Сондықтан 1995 жылғы 16 қарашада ЮНЕСКО-ға мүше елдер қабылдаған «Толеранттылық принциптерінің Декларациясында» білім беру саласында толеранттылық идеясын насихаттауға басымдық берілген.[1]

Бұл толеранттылық осы адамгершілік тәрбиесімен тығыз қатынаста. Толерантты мінез-құлықты қалыптастырудың маңызды шарты, бір жағынан, бала үшін ортаның маңызын, әр түрлі жақтарына баланың көзқарасын зерттеу болып табылады. Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиешілер тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ патриот тәрбиелесек деген оймен еңбек атқарып, өз үлестерін қосуда. Өзімнің бала-бақшада жұмыс жасап жатқан уақытта көз жеткізгенім. Толеранттылық тәрбие үнемі үздіксіз берілетін процесс. Мысалы: балалар әдебиетіндегі көркем шығармалар «Әке мен бала», «Мейірімді бала», Бақтағы ағаштары атты Ы.Алтынсарин әңгімелерінің көмегімен ынтымақтастыққа, бірлікке, достыққа баулу. Сонымен бірге шетел шығармаларын салыстыру кезінде студенттер бойында бірізділік, сыйластық және шынайы достық сезімдерін қалыптастырамын. Сонымен қатар, бақшада өткен ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіні өтті. Тақырыбы «Достық бірлікте» Мақсаты: достық, бірлік құндылықтарының мәнін түсінуге, бойына қалыптастыруға ықпал жасау. Қамқорлық бірлік туралы түсініктерін кеңейту, достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту, айнала қоршаған ортаға қамқорлықпен мейірімді болуға дағдыландыру[3]

Бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында балаларға қамқорлық қасиеттерін бойына сіңірту мақсатымен ағашқа көмек көрсетеміз, ол үшін бірнеше тапсырмалар орындайтынын айттым. Тапсырмалар барысы: достық, бірлік туралы қасиеттерді анықтайтын ойын, мақал мәтел, тақпақ айту секілді бірнеше кезеңдерден тұрды. Балалар берілген тапсырмаларды ұтымды орындай отыра, ағашқа көмек көрсете білді.

Келесі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті тақырыбы «әдептілік – әдемілік».

Мақсаты: балаларды адамгершілікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, қарапайымдылыққа үйрету, сәлемдесу, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету үрдісін меңгерте отырып, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу. Балалардың дағдыларын тереңдету.[3]

Мақсатқа жету үшін бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында бірнеше әдістер қамтылды. Бастапқысы сәлемдесуден басталып, сұрақ-жауап әдістерімен жалғасты. Қонаққа Дымбілмес келіп, балалар оған сыйластық, сыпайылық секілді бірнеше қасиеттерді үйретіп, тапсырмалар орындап, тақпақтар айтты.

Бұл тақырыпқа Дымбілместің келуі балалар үшін тосын жағдай болды. Себебі балалар қызығушылық танытып, өзге адамға көмек көрсетуге асық болды. Тез арада Дымбілмеспен достасып, бірге тақпақтар айтты, тапсырмалар орындады және де мақал мәтелдерді бірге қайталап, мәнін түсінуге асықты!

Келесі «болашақ ұрпақты Отансүйгіштікке баулып, туған жерін, елін сүйуге, табиғат әсемдігін танып, оны қорғай білуге тәрбиелеу» мақсатымен «Тәуелсіз елім –Қазақстан» атты ұйымдастырылған оқу іс әрекетін өткіздім. Бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің ұлттық киімін киген қуыршақтар көрмесі ұйымдастырылды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Қазақстан-2030 Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. Жастарға отаншылдық тәрбие берудің кейбір өзекті мәселелері //Қ.А Яссауи атындағы ХҚТУ хабаршысы-Түркістан,2006
3. «Отбасы және балабақша» 2005 –№ 1, 15-16 бет.

### **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ КОНФЛИКТІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Қуаныш Лаура Сейітханқызы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

*Майгельдиева Шарбан Мусабековна- д.п.н., и.о.профессор*

#### *Аннотация*

*Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала өмірінде басқа балалар орын ала бастайды. Егер сәбилік кезеңде құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі енді қалыптаса бастаса, ал мектеп жасына дейінгілерде ол ең басты қажеттіліктердің бірі бола бастайды. 4-5 жасында бала өзіне басқа балалардың керек екендігін сезінеді және де құрдастарының ортасын қалайтындығы анық байқалады.*

Бала дамуындағы құрдастарының рөлі туралы мәселелер психологиялық әдебиеттерде кеңінен талқыланған. Бұл мәселені тек баланың үлкендермен және құрдастарымен қарым- қатынастарын салыстыра отырып шешуге болады. Шетел психологиясында компенсаторлық, яғни үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынасының арасындағы өзара қатынастар туралы тезистер талқыланған. Баланың әлеуметтік дамуындағы құрдастарымен байланысының компенсаторлық рөлі, оларға үлкендердің зейіні мен қамқорлығы жетіспеген кезде болатындығын, психоанализдің өкілдері жүргізген жетім балалардың дамуын бақылау нәтижелелерінде дәлелдеген, сонымен қатар жұбайлар Харлоулардың маймылдармен жүргізген зерттеулерінде де көрсетілген. Дегенмен, маймылдармен жүргізілген эксперименттердің негізінде алынған нәтижелер, адам баласының дамуына тікелей әсер етуі екіталай. А. Фрейд пен С. Данның зерттеу жұмыстарында балалардың үлкендерсіз өмір сүріп, жақсы дами алмайтындығы жайлы ешбір деректер келтірілмеген. Кейбір зерттеулердің нәтижелері балалардың құрдастарымен қарым-қатынасы тек үлкендермен қарым-қатынасының негізінде қалыптасып, дамитынын көрсеткен. Ал балалар үйінде



тәрбиеленгендерде үлкендермен қарым-қатынастарының жеткіліксіз болуынан, құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуі өте баяу және бірқалыпты болады. Необихевиористік мектептерде (У. Хартоп, Браян және т.б) үлкендер мен құрдастарының баланың мінез-құлқына әсерлері өзара толықтырушы ретінде қарастырылады. Олар баланың мінез-құлқына әсер етуімен жалпыланады, сонымен қатар баланың құрдастарына қарағанда, үлкендер „күштірек“ атты әлеуметтік бекітулердің бастауы ретінде балалар арасындағы қатынастар мен өзара қатынастарының сипатын өзгерте алады. Дегенмен, алынған нәтижелерде үлкендермен қарым-қатынасы баланың құрдастарымен қарым-қатынасына қарағанда сандық жағынан ғана ажыратылады, яғни әрекет ету күші, байланыстың саны мен жиілігі бойынша және т.б.

Эксперименттерде балалардың үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынасы, баланың жынысы, отбасындағы бала санына байланысты, қарым-қатынас жағдайы сияқты көптеген факторлар бойынша салыстырылады.

Осының арасында, баланың құрдастарымен қарым-қатынасының үлкендермен қарым-қатынасына қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мектеп жасына дейінгілердің қарым-қатынасының алғашқы және маңызды ерекшелігі-оның коммуникативті әрекеттерінің жан-жақтылығында. Құрдастарымен қарым-қатынасқа түскенде, баланың үлкендермен байланыс орнатқанда мүлдем кездеспейтін көптеген әрекеттерін байқауға болады. Құрдастарымен қарым-қатынасқа түскенде, бала олармен бәстеседі, талап қояды, бұйырады, алдайды, аяйды және т.б. Осы кезде балада қырсығу, ренішін білдіру, сыбайласына әдейі жауап бермеу, еркелеу, қиялдау сияқты мінез-құлықтың күрделі формалары қалыптаса бастайды.

Баланың құрдастарымен қарым-қатынасындағы 2-ші бір ерекшелігі - ол оның тікелей анық эмоционалды маңыздылығында. Мектеп жасына дейінгілердің жоғары эмоционалдылығы олардың үлкендермен өзара әрекеттерімен ерекшелендіреді. Баланың құрдастарымен қарым-қатынасынан жоғары экспрессивті – мимикалық көріністерді байқауға болады. Және де олардың құрдастарына қатысты әрекеттері жоғары аффективті бағыттылығымен ерекшеленеді. Мектеп жасына дейінгілер көбінесе өзімен жастыларды жақтайды, сонымен қатар үлкендерге қарағанда 9 есе көп олармен дау-дамайға түседі.

Балалар байланысының 3-ші спецификалық ерекшелігі ол сәйкессіздігі мен регламентсіздігінде. Егер де үлкендермен қарым – қатынаста тіпті ең кішкентай балаға дейін жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын ұстанса, ал құрдастарымен қарым – қатынаста шынайы және күтпеген әрекеттер мен қозғалыстарды қолданады.

Құрдастарымен қарым – қатынасының тағы бір ерекшелігі – жауаптылардан талаптану әрекеттерін меңгеру. Бұл сыбайласының жауапты белсенділігінің болмауынан, төмендейтін диалогты дамыту мен жалғастыру мүмкіндігінің болмауынан анық көрінеді. Бала үшін өзінің айтқандары мен әрекеттері маңыздырақ, ал құрдастарының талаптарын ескермей жатады. Ал үлкендердің қойған талаптарын бала 2-есе жоғары ескеріп, орындайды.

Қарастырылған ерекшеліктер мектеп жасына дейінгі балалардың бүкіл қарым – қатынас спецификасын бейнелейді.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуындағы изоляцияның ролін психологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарынан көруге болады. Бұл тақырыпшада біз психологиялық әдебиеттерге шолу жасау арқылы балалардың мектепке дейінгі

шақтан жеткіншек жасқа дейінгі аралықта әлеуметтік изоляцияны зерттеу мәселелері мен қарым-қатынасында проблемасы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерінің көрінуі мен оның дамуын сипаттайтын мәселелерге тоқталамыз.

Мектеп жасына дейінгі шақта баладағы әлеуметтік изоляция белгілері үлкендердің үрейін туғызбайды. Жеке дара ойынмен ойнап жатқан бала тәрбиешілер мен ата-анаға проблемалы болып көрінбейді. Алайда мұндай балаларды мұқият зерттеген кезде, олардың алдында өз қатары мен қарым-қатынасқа түсуінде біршама потенциалды қиындықтар туындайтындығы байқалған.

Олай болса өз құрбыларымен қарым-қатынас жасау барысында қиыншылық туындаудың негізгі себептерін былайша түсіндіруге болады. Олардың ішіндегі бастылары:

1. Өз құрбыларымен өзара қарым-қатынаста бала инициативасы мен белсенділігі әлсіз болады.

2. Басқа өз құрбы балаларға инициативалық үндеуі құнсыз болады.

3. Тұлға аралық қарым-қатынастағы проблемаларды өз бетінше шеше алмайды. Өз құрбылар арасында болған кішігірім қақтығыстар үшін де ересектер мен үлкендерден көмек сұрап келеді.

4. Өз құрдастарының арасында беделі төмен болады.

5. Вербальді қарым-қатынас деңгейінің төменділігі көрініп тұрады.

Жалпы алғанда мұндай балаларды көнгіш, тыныш және бағынуға бейім деп сипаттама беруге болады.

Жеті жасқа толғанда баланың әлеуметтік және жекелік қиыншылықтары күрт өседі. Оларда ұялшақтық, қорқақтық, жалғыздыққа ұмтылу, жасқаншақтық сезімдері пайда болады.

Жеткіншек жаста әлеуметтік оқшаулану деңгейі өседі. Олардың өзіне деген бағасы төмендеп, өзіне сенімсіздікпен қарайды.

Бұндай қасиеттердің көріну бағыттары психология ғылымында адам табиғатындағы биологиялық және әлеуметтік мәселелерін зерттеуде ерекше орынға ие.

Мектеп тәжірибесінде ең көп кездесетін жағдай – оқушылардың ақыл-ойы мен сабаққа үлгеріміне байланысты балалардың өзара қарым-қатынасындағы ерекшеліктер. Күнделікті мектеп өмірінен белгілі жайттың бірі төмендегіше көрінеді.

Айталық, ақыл-ойы басқа балаларға қарағанда жоғары, сабаққа үлгерімі жақсы, оқу тапсырмаларына белсене қатынасатын оқушыларға балалар үйір болып келеді де, ақыл-ойы біршама баяу дамыған, оқу үлгерімі төмен, оқу тапсырмаларына енжар келетін оқушылармен басқа балалар көп жұғыса бермейді.

Ендігі кезекте осындай балалардың қарым-қатынасы мен психологиялық ерекшеліктерін қарастырып кетейік.

Педагогикалық тәжірибе және психологиялық зерттеулер жалпы білім беретін мектептерде - оқу барысында арнайы бапты талап ететін оқушылар едәуір кездесетіндігін көрсетеді. Денсаулығына, физиологиялық және психикалық функцияларының дамуына байланысты норма мен патология арасында болатын оқушылар да кездеседі. Мұндай балалар оқу үлгерімі төмен, артта қалған, әлеуметтік дезадаптацияланған оқушылар болуы мүмкін. Мұндай балалардың ерекше тобын ақыл-ойы енжар (интеллектуал пассив) оқушылар құрады. Олар біршама ақыл-ойы артта қалған балаларға ұқсас болып келеді. Ақыл-ойы

енжарлықтың себебі көптеген әртүрлі жағдайда олардың дамуындағы ауытқуларға байланысты емес, оларды оқыту мен тәрбиелеудің жеткіліксіздігіне байланысты да болуы мүмкін. Сондықтан ақыл-ойы енжар оқушылар ерекше зерттеуді қажет етеді.

Ақыл-ойы енжар феномені бірқатар еңбектерде корсетіледі. Л. И. Божович, К. Маркова, М. В. Матюхина, Н. А. Менчинская, Д. Б. Богоявленская, Н. С. Лейтес.

Дегенменде бұл мәселеге ең алғаш Л. С. Славина зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Олардың эксперименттік зерттеулерінің нәтижесінде ақыл-ойы енжар балалар төмендегіше сипатталады деп көрсетеді.

1. Ақыл-ойы, дағды мен ептіліктері жеткілікті дәрежеде қалыптаспаған.
2. Ақыл-ой әрекеттеріне теріс қатынас құрады.
3. Шындыққа танымдық қатынастың болмауы.

В. С. Юркевич танымдық қажеттіліктің даму деңгейіне талдау жасай отырып, "ақыл-ой жалқаулық" ұғымына сипаттама береді, яғни ақыл-ой енжарлығы - білуге құмарлықтың балада болмау нәтижесі деп көрсетеді. Көптеген зерттеулерде нашар оқитын оқушылар сипаттамасына ұқсас ақыл-ойы енжар көрінуін түсіндіреді. Дегенмен, "ақыл-ойы енжар" термині жиі қолданбайды және негізгі екпін үлгермеушілігінің себебіне түседі.

Осыған байланысты ақыл-ойы енжар болуының табиғаты зерттеуден тыс қала береді, бірінші кезекке оқуда қиыншылықты жеңу міндеттері қойылады. Психологиялық әдебиеттерге талдау жасай отырып, ақыл-ойы енжар - негізгі мәселе ретінде Л. С. Славина жұмыстарынан кейін зерттеулер жүргізілмеген.

Бұл параграф ақыл-ойы енжар типтері мен себептерін қарастыруға арналады. Мұнда ақыл-ойы енжар деп отырған ұғым ақыл-ойы әрекетінің төмен деңгейі болып табылады. Ал мұның негізі көбіне ақыл-ой ептілігінің жеткілікті дәрежеде көрінетін тәрбие ерекшеліктерінде, ақыл-ой күшіне негативті қатынас құруға, ақыл-ой тапсырмаларын орындау кезінде басқа жолдардың әсер етуіне байланысты. Ақыл-ойы енжарлығы бас миының органикалық өзгерістерден туындайтын дефектологиялық сипатта көрсетілмейді. Аталмыш мәселеге талдау жасай отырып, ақыл-ойы енжарлығының 2 түрі кездесетіндігін көрсетеміз:

1. Ақыл-ой әрекетінің операциялы (тәсілдік) - техникалық механизмінің бұзылуы салдары ретінде ақыл-ойы енжарлығы;
2. Жеке адам сферасының мотивациялық қажеттілігінің дамуының негативті тенденциясының көрінуі ретінде ақыл-ой енжарлығы;

Ақыл-ой енжарлығының көрінуі кеңдігіне орай жалпы және жеке (таңдамалы) ақыл-ойы енжарлығы деп бөлуге болады.

Жеке ақыл-ой енжарлығы - оқу пәні мен іс-әрекет түрлерінің таңдамалы қатынасында көрінеді.

Л.В.Орлова осы мәселеге арнап зерттеу жұмысын жүргізеді. Енді осы зерттеу жұмысын қарастырып көрелік.

Зерттеу бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілді: ақыл-ой енжарлығының бастапқы тамыры - мектеп жасына дейінгі кезеңде басталатын болса да, бастауыш мектеп жасында ақыл-ой енжарлығы айқын көрінеді. Бастауыш мектеп кезеңінің жас ерекшелік тенденциясы бойынша оқушының танымдық сферасына не жағымды және не жағымсыз әсер етуі мүмкін. Бұл әсер ақыл-ой енжарлығын не көрсетпей жіберуі, не ақыл-ой енжарлығын айқын көрсетіп жіберуі мүмкін.

Зерттеу жұмысында ақыл-ойы енжар мотивациялық сипаттамасы адамның мотивациялық қажеттілік сферасының негативті қалыптасу факторы ретінде көрсетіледі - бұл танымдық, оқу және жеке адамның өзінің ақыл-ой әрекетінің негізгі компоненттеріне, мазмұнына әсер етеді. Зерттеу мақсатын жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер қойылды:

1. Ақыл-ой енжарлығының көрсеткіштерін нақтылау;
2. Ақыл-ой енжарлығының әртүрлі сипаты бойынша оқушыларды анықтау және топтарына сипаттама беру;

Эксперименталдық зерттеу 2 жыл бойы Коломна қаласындағы 41 мектепте жүргізілген екен.

1 кезеңде 27 баладан тұратын экспериментті осыған дейінгі белгілі ақыл-ой енжар белгілері бойынша ақыл-ой енжарлар психологиясы сипаттамасы мен таңдау критерийлері анықталды. Бақылау тобында 18 бала іріктелді, бұларда 1 топтағы балаларға сәйкес таңдалды. 2 кезеңде әрбір оқушының түрлі эксперименттік әдістемелерді қолдана отырып, жүйелі, кешенді зерттеу жүргізілген.

Өз балаларының ойындарын бақылай отырып, олардың бір шетте оқшауланып, балалармен араласуға бата алмай, үлкендерден қорқып, сенімсіздік пен ұялшақтық байқатуын көру ата-аналар үшін қандай қиын. Бала әрдайым басқа балалармен төбелесіп, өкпелетіп, таласып ойнауға кедергі жасайды деген сияқты шағымдарды балалар мен үлкендерден есту де оңай емес.

Қарым-қатынастың бұзылуы, жанжалдасушылық пен оқшауланушылық баланың қоршаған ортаға нашар бейімделуінің белгісі. Келешектегі сезімдік-тұлғалық мәселелердің маңызды себептері.

Мектеп психологының қызмет көрсету сферасы оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, әкімшіліктер, яғни кез-келген адамдар арасындағы қарым-қатынас қиыншылықтарын шешу болып табылады. Себебі сыныптағы қарым-қатынас сипаты баланың білім алуы мен тәрбиеленуіне едәуір әсер етеді. Егер мұғалім оқушыларға дұрыс тәрбие беріп, білімдерін жоғарылатамын десе, онда ең бірінші кезекте оқушылардың өзара қарым-қатынасын, сондай-ақ мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты реттеп алған жөн.

Олай болса, біз бұл тарауда балаларды тату болуға, бірігуге үйрететін, басқаларды түсінуге, қолдауға көмектесетін ойындар мен жаттығуларға сипаттама беруге, сондай-ақ оны тиімді қолданудың жолдарын көрсетуге тырысамыз.

Қарым-қатынасты жақсартуға арналған тапсырма мен ойындарға қатысушылардың көп болуы соғұрлым нәтижелі бола түседі. Кейбір жаттығуларды ата-аналар өз балаларымен бірге орындай алса, ал көпшілік бөлігі құрдастары, достарымен бірге ойналатын болады. Сондықтан төменде көрсетілетін ойындар мен жаттығуларды өткізбес бұрын, оны жүртізетін орындарды ұйымдастырып алған жөн. Балаларға арнап мерекелер мен ойын-сауықтарды жиі-жиі ұйымдастырып, оларға көбірек көңіл бөлу -мұғалім іс-әректің жандандыра түседі.

Енді мектеп жасына дейінгі мекемелер мен мектепте сабақ тақырыптарына орайластырып ұйымдастыратын балалардың өзара қарым-қатынасын жақсартуға, топтан оқшауланған баланы топқа әлеуметтендіруге арналған, сондай-ақ қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған бірқатар тренингтерді, ойындарды және жаттығуларды ұсынайық. Әрине бұл психологтың ұжымнан оқшауланған балаға коррекциялық қызмет көрсетуге зор үлесін қосады деп сенеміз.

Қарым-қатынасында проблемасы бар балалардың өзіне тән жеке даралық психологиялық өзгешеліктеріне сипаттама берілді. Ақыл-ойы енжар балалардың психологиясына сипаттама беру барысында расында да бұл балалардың қарым-қатынаста едәуір қиналатынын, өзіне сенімсіздік басқалармен қатынас жасауына кедергі жасайтынын, сондай-ақ ондай балаларды құрбылары шектететіндігін сипаттайды.

Қорыта келе, берілген бағыттардан алынған эмпирикалық материалдар жоғарыда айтылған проблемаларды тиянақты түсініп, оны шешу үшін көптеген жаңа мүмкіндіктер ашады.

Мектеп оқушылары арасында туындайтын оқшауланған балалардың болу себебін түсіндіретін оқушылардың өзара конфликтерін түгелдей болдырмау мүмкін емес. Конфликттерді алдын алу жолында маңызды роль алатын - тәртіп болып табылады. Тәртіп - белгілі бір тәртіптілікке бағыну әрекеті арқылы балаға өзіне қажетті бостандығының толық дамуын қамтамасыз ететін әрекет.

Курс жұмысымызда балалар ұжымында оқшауланған балалардың шеттелу себептерін анықтау мақсатында эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, топтан изоляциялану себептерін анықтап талдау жасалды. Сондықтан біз жүргізген социометриялық әдістеріміздің көмегімен мектеп жасына дейінгі және мектеп оқушылары арасынан оқшауланған балалар іріктелді. Балалар ұжымынан оқшауланған балаларды анықтау ең бірінші кезекте олардың өзара қарым-қатынасы мен бір-біріне деген жұғысуы мен алшақтауын аңғарудан басталады.

Оқшауланған баланың себептері түрлі болатындығын біздің зерттеулерімізден аңғаруға болады. Бірінші кезекте әлеуметтік оқшаланудың бір түрі - балада қорқыныш пен қобалжу кезінде көрінетін ұяңдық. Оның мотивациясы әлеуметтік бағаға деген қорқыныш сезімімен байланысты. Әлеуметтік оқшауланудың келесі формасы - тұйықтық. Мұның мотиві болып жаңа жағдайға және әлеуметтік бағаға деген қорқыныш сезімі табылады. Бұл жақындау және алшақтау мотивтерінің күресі негізіндегі құрылған ішкі конфликт.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Рояк А.А Проблема социальной изоляции детей. //Вопросы психологии. 1996г №3 1016.
- 2 Немов Р.С. Психология. Книга 2. М., Владос, 2000г
- 3 Рояк А.А. Психологический конфликт и особенности индивидуального развития личности ребенка. М., Педагогика 1998г
- 4 Куницына В.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М. Межличностное общение. Санкт - Петербург:, 2001г

### **А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

*Байгазиева Молдир Куатбековна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

*Майгельдиева Шарбан Мусабековна- д.п.н., и.о.профессор*

### **Аннотация**

*Ахмет Байтұрсынов патша мен Кеңестер үкіметі тұсында да қоғамдық және мемлекеттік қайраткер деңгейінде қызметтер атқарған тұлға. Сондай-ақ ол шығарма адамы- ақын, жазушы журналист, композитор. Шығармашыл болған адам, өз еңбегінің қоғамда қандай деңгейде бағаланғанын білгісі келетіні рас. Бұл заңдылық.*

Өз еңбегінің нәтижесін көрмейде талай дарындылар өмірден өтті. Ал, Ахмет Байтұрсынов атамыз халық үшін істеген қызметтерінің, шығармашылығының бағасын өзінің елу жылдық мерей тойы Тәшкенде, Орынборда аталып өткен кезде, қазақ елінің басында жүрген мемлекет және әдебиет қайраткерлерінің аузынан естіп, баспасөз беттерінен оқыды. Той кезінде айтылған бағалы, құнды пікірлер осыған дейін орыс патшалығы тұсында екі рет сотталып, Кеңес үкіметі тұсында өкімет басындағылардан психологиялық қысым көріп келе жатқан Ахаңның мерейін көтерді. Сонда С.Сейфуллин «Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам кулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі... Қалай болсада жазушысы азғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу- тіл құралдарымен қылған қызметі таудай» деген-ді. Мұқтар Әуезов пен Смағұл Садуақасовта Ахаңның халқына сіңірген қызметтеріне жоғары деңгейде баға берді. Бұл 1922-23-жылдың арасы еді. «Ол кезде ауылдағы есі кірген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін Ахметтің есімін білуші еді» деп айтып отыратын үлкендер. Олай дейтіні, ол уақытта қыстық қант- шәйін қамдау үшін шыққан базаршылар, ауқаттылар мен саудагерлер қалаға барғанда басқа қажеттерімен бірге Ахаңның «Қырық мысалын», «Масасын», «Әліпбиін» алып қайтады екен. Кешке отбасында ағайындар жиналғанда немесе ораза кезіндегі ауызашарда үй ақсақалы сауатты балалардың біріне Ахаңның мысалдарын, «Ерсайынын» оқытып, жиналғандар керемет рухани рахаттанысып қалады екен. Үлкендері «осының бәрін қалай біле берген» деп, мәз болып, бастарын шайқасады. Мысалдардың мәнін түсінгендері «Данышпан екен, ә» деп таңданысады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деп айтушы еді данышпан қазақ, сол «қазанымыз» осы біздің заманымыз шығар. Ахмет Байтұрсынов есімі халқымен қайта қауышты. Оның артында қалған орасан зор мұрасы халқына таусылмас қазына. Ұлы тұлғаның әліде ашылмай, көрінбей жатқан қырларын зерттеу ғалымдардың міндеті. Жиырмамыншы жылдардың бас кезінде Ахаңның еңбектері туралы ең алғаш ғылыми пікір жазғандар-М.Дулатұлы, Шонанұлы, І.Омаров «Ученая деятельность Байтұрсынова. 19227ж) және т.б.

... А. Байтұрсыновтың өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады... А. Байтұрсыновтың арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, ... өз ағаттықтарын түсіне бастады...

Міржақып Дулатов

Ахмет Байтұрсынұлы (15.1.1872, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8.12.1937, Алматы қаласы) – қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының

негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895–1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде менгеруші қызметін атқарады. Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрменкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Байтұрсыновтың Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынов 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ к-ттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынов пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсыновты бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-рев. к-ті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Байтұрсыновтың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И.Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын катал сынға алған хатын жолдады. Қазревком

мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. [2]

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пашкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 қазанда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеум. сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсынұлының тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп,



тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсыновтың Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, тенеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді. Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми- зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеум. мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. [3]

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында,

мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М.Баталов пен М.С.Сильченко|Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің

очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-тың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қауіпіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсыновтың толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсын есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті Байтұрсыновтың есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп Алматы қаласынданда республика ғылыми конференция өткізілді, Байтұрсыновтың мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.[4]

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.-Алматы,1991ж.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Алматы «Ана тілі» 1992ж.
3. Этнопедагогика ( оқулық) – С. Қалиев, Ж. Ж. Молдабеков,
4. Б.І. Иманбекова. Астана: Фолиант, 2010

### **МЕКТЕПТІҢ АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМДІК ОРТАСЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ТИГІЗЕР ӘСЕРІ**

*Құлжан Әсия Шалхарқызы*

*Жетекшісі: Сугирова Бахтигуль Анарбековна*

*Т.Тәжібаев атындағы №81 орта білім беретін мектеп*

#### **Аннотация**

*В этой работе говорится о необходимости использовать передовые технологии информации в воспитании и обучении детей в общей образовательной школе. Но, несмотря на то что в этой сфере проделана огромная работа в педагогической системе часто возникают трудно разрешимые проблемы. Педагогические исследования последних лет доказали что появление новых средств получения новой информации мало связаны с психологией и педагогикой.*

Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында отандық білім беру жүйесін модернизациялаудың басымдылығы қатарында білім беруді ақпараттандыру міндеті қойылады.

Жалпы білім беретін мектептерде ақпараттық білім беру технологияларын кеңінен пайдаланудың басауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттырудағы оларды тәрбиелеу және дамытудағы маңызы зор екендігіне қарамастан бұл бағыттағы педагогикалық жұмыстарда көптеген мәселелер туындап отыр. Атап айтқанда мектеп оқушыларына білім беруді ақпараттандыру техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілгенмен оны психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жеткілікті дәрежеде еместігін соңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижелері дәлелдейді [1].

Педагогикада білім беруді ақпараттандыру мәселелерін Я.А.Вагаменко, А.А. Кузнецов, Е.И.Машбиц, Е.С. Полат, И.В. Роберт, В.В. Рубцов, О.К. Тихоморов және тағы басқа педагог тұлғалар қарастырған. Сонымен қатар Ақпараттық-білімдік ортаны қалыптастыру келесі аталатын ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. (М.И. Башмаков, С.Г. Григорьев, А.А. Кузнецов, С.В. Панюкова, С.Н. Поздняков, Е.С. Полат, И.В.Роберт, А.П. Тряпицын және тағы басқалар).

Дегенмен мектепте білім беруді ақпараттандырудың жаңа тұжырымдамалық міндеттері мен қазіргі мектептің ақпараттық білімдік ортасында оқушыларды тәрбиелеу мәселелерін шешу арасында қарама қайшылық туындайды.

Қоғам дамуындағы жас ұрпақты тәрбиелеудің құрамды бөлігі білім беру болып саналады.

Білім беру деп – табиғат және қоғам жайында ғылымда жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуін айтады. Білім беру мен оқыту мәселесі әрбір қоғамның даму дәрежесіне байланысты.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғарғы тиімділік технологиясына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсатын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Қазіргі заманда адамзат дамуының ерекшелігі – ақпараттық өркениетке көшу, адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын есептеуіш техника мен ақпараттық технологияның жедел қарқынмен дамуы болып табылады. Жаңа технологиялар өсіп келе жатқан ұрпақтарға білім, білік және дағдыларды сапалы әрі нақты алуға мүмкіндік береді.

Жалпы оқытудың типтерін, технологияларын таңдап алу білім беру парадигмасына, дидактикалық тұжырымдамаларға, оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне, жеке тұлғалық және кәсіби мүмкіншіліктерге, ұстаздың білімі мен жоғары бағалауына байланысты. Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру және олардың білім алуға деген ынтасын дамыту үшін жаңа технологиялардың маңызы үлкен. Сабақты мұғалімдердің әр түрлі әдіс – тәсілдерді пайдаланып өтуі жас ұрпақтың өз бетінше ізденіп жұмыс істеуіне, ойының дамуына, айналасындағы жолдастарымен дұрыс жұмыс істеуіне үйретеді. Сондықтан да ұстаздардың жаңа технологияларды игеріп, әр сабақты түрлендіріп өтуі білімді ұрпақтың өсуіне және еліміздің болашағының жарқын болуына бір себеп болады [2].

Қазіргі заман даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқу процесін ақпараттық технологияландыру мәселесін алға қойып отырғаны барлығымызға белгілі. Бұл мәселені ел президенті де өз жолдауында айтып өткен болатын. Сондықтан да оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелеріне енуде. Жаңа технологияны меңгерту оқушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді.

Білім беру саласын ақпараттандыру жағдайында кез – келген тұлғаға ақпараттық білім негіздерін игерту, ақпараттық – коммуникациялық технология

құралдарын білім алуда қолдану мен оның мүмкіндіктерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру қажет екені сөзсіз. Мемлекетіміздің білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттары болса, білім беру саласындағы педагогтардың басты міндеттері оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу.

XXI – ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Орта білім беру жүйесінде ақпараттандыруды дамытып, АКТ құралдарының жыл сайын динамикалық түрде ауысатынын, жеке тұлғаның компьютерлік сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеттілігі ілгерлейтіндігін, яғни әрбір оқушы ақпараттық технологияларды үйреніп қана қоймай, оны пайдалана білуі, интернет, электронды почта, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Кез – келген пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді тереңдетіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануы мен проблемалық жағдайлардан шыға алуымен айқындалады.

Ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту төмендегідей мақсаттарды көздейді.

1. Ақпараттық технологияны білім деңгейін тексеру мақсатында қолдану.
2. Мұғалімнің оқытушылық мақсатында қолдануы.
3. Компьютерді мультимедиялық мүмкіндіктер арқылы көрнекі құрал ретінде пайдалану.
4. Электрондық оқулықтар мен интернетті пайдалану.

Ақпараттық технологияның тағы бірден бір ерекшелігі: оның анықтамалық немесе кез келген басқа түсіндірмелі, яғни визуалды ақпараттың тез алынуы. Бұл мүмкіндікті көбінесе, мектеп компьютер сыныптарында интернет желісі арқылы алуға болады. Оқушылар да өздеріне қажетті материалдарды кез келген уақытта ғаламтор желісінен алып пайдалана алады.

Қазіргі кезде қоғам өмірінің ақпараттануы және компьютерлік техника құралдарының кеңінен таралуы білім берудің мазмұнына ғана үлкен әсерін тигізіп қоймайды, ол оқу-тәрбие үрдісінің нысандары мен әдістеріне де ықпал етіп отыр. Мұндай оқыту әдістері мен нысандары «білім берудегі АКТ» (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) деген атау алды. Дәстүрлі оқытудың репродуктивті-иллюстративті технологиясы үш маңызды құраушыдан тұратыны белгілі. Олар: үйретуші, үйренуші және оқу материалы. Осы үш құраушының өзара іс-әрекеті педагогикалық үрдісті айқындайтын болса, оның негізіне осы жүйедегі үш құраушының арасындағы ақпаратпен алмасу алынады. Алайда мұндай оқытуда оқытушы оқу үрдісінің барысы туралы шағын ақпаратты ғана иеленеді де, оны жедел түрде басқара алмайды.

Себебі мұндай педагогикалық жүйеде құраушылар арасындағы кері байланыс өте әлсіз немесе ол мүлдем болмайды.

Оқу барысында техникалық құралдарды оқыту әдістерімен ұштастыра білу керек. Техникалық құралдардың түрі көп және әрқайсысының пайдалану мүмкіндіктері алуан түрлі. Дегенмен компьютер көмегін пайдалану ерекше маңызды екені белгілі. Қазіргі технологияның прогрессивті дамуына орай, оқушыларға білім беруде тиісінше жаңаша тәсілдер қажет. Бүгінгі күні компьютер адам өмірінің барлық сферасында айқын орнын тапқан. Компьютер көмегімен оқытудың тиімді әдістерін пайдалана білу керек. Қуантатын жайттардың бірі бұл оқытушылардың басым бөлігі сабақ өту барысында интерактивті тақтаны қолдану ауқымының кеңейгені. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану мынадай педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға

мүмкіндік береді:

- оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;
- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын қолдану;
- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және моделдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;
- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуалды орта және мультимедия-технология) пайдалану арқылы оқу үрдісінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Қазіргі кезде барлық мектептер компьютермен қамтамасыз етілген. Сондықтан да компьютерде электронды оқулықтарды пайдаланып оқытудың маңызы зор. Оқушыларға техникалық білім беріп, техникалық мамандыққа оқыту – заман талабы. Сондықтан да компьютер көмегімен оқытудың тиімді әдістерін қолдана отырып жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру педагог мамандарының негізгі мақсаты болса деймін. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Электронды оқыту

- Білім беру ұйымдарының 90 %-ы кең жолақты интернетпен (4-10 Мб/сек) Wi-Fi, Wi-Max локальды желісімен қамтамасыз етілген.
- Электронды жоспарлау, журналдар, күнделіктер, кітапханалар.
- Барлық оқушылар мен оқытушылардың әлемдік білім ресурстарына қол жеткізуі.

Күтілетін нәтиже:

- Білім алуға қол жеткізудегі теңсіздікті азайту.
- Мұғалімдердің біліктіліктерін қашықтан арттыру.
- Оқушылардың оқу материалдарын меңгеруін жақсарту.
- АКТ арқылы әлемдік білім кеңістігіне кірігу.
- АКТ арқылы білім беру ұйымдарын басқару, мониторингілеу, талдау, бірыңғай орталықтандырылған статистикалық деректер базасы.

Жасөспірім тұлғасының дамуы мен қалыптасуы қашанда қоршаған ортамен қарым – қатынаста болудың жемісі. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ақпараттық бақылау қажеттілігі туындайды. Бұл мәселенің күрделілігі соншалық, дамуы жағынан артта қалған мемлекеттер үшін көкейкесті болмағанымен, батыс Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде педагогиканың басты міндеттеріне жатады. Бұл мәселе бізді, яғни педагогтар қауымы мен білім – тәрбие саласында жүрген мамандарды ойландыруы қажет. Қазіргі таңда ақпараттық технологияның жоғары жетістіктерге қол жеткізіп отырған заманда оқушылардың көпшілігі теледидар көру, ұялы телефонды пайдалану, видеоны пайдалану мүмкіндігімен қатар, көптеген балалар компьютерлік ойындарды ойнауға бейім. Ал БАҚ-ның бағдарламаларының көбісі бала дамуына кері әсер етеді [3].

Педагогика және психология түсіндірме сөздігінде: «Адамгершілік тәрбиесі тұлғаның сана – сезімін, іс – әрекетін қалыптастырып, құндылық бағдарын айқындайтын тәрбие түрі. Адамгершілік тәрбиесі білім, білік,

дағдыларды игертумен бірге, тұлғаның ар – ұжданын, танымдық қызығушылығын кешенді түрде дамытады» деген түсінік берілген. Осы тұрғыда ақпараттық технологиялар осы талаптардан шыға ала ма? Деген сұрақ туындайды. Теледидар, ұялы телефон, видеоларда, компьютерлік ойындардағы атыс, шабыс, су тасқыны, қар көшкіні т.с.с жан түршігерлік көріністерден кейін тұлғаның психологиясы мен танымдыққызығушылығы артады деп айту қиын. Осы мәселелердің бүгінгі таңға дейін дұрыс жолға қойылмағандығына барлығымыз куәгерміз.

«Мектеп – жеткіншек ұрпақтың ойын қалыптастыратын шеберхана, егер болашақты қолдан шығарып алғың келмесе, оны берік ұстау керек», – дейді француз философы Анри Барбюс. Қазіргі педагогтарға қойылатын талап, ол оқушыға сапалы білім, жүйелі тәрбие және де саналы ойлау мен қабілет, түйсігін дамыту. ХХІ ғасырда оқушылардың жанын рухани жағынан азықтандыратын, қызығушылығын арттыратын ақпараттық техникалық құралдар екені бәрімізге мәлім. Қорыта айтқанда, баланы рухани дамытуда айналамен таныстыру, яғни ақпараттық құралдардың жақсы жағын тиімді пайдаланып, күрделі, қыр сыры көп әлеуметтік ортаға оқушыны бейімдеп тәрбиелеу психолог – педагог қауымының еншісінде екенін назарда ұстауымыз керек. Оқушы ақпараттың жақсы жетістіктерін бойына сіңіріп, рухани бай тұлға ретінде әлеуметтенуі заман талабы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Б.Ибраимова. Ақпараттық технология – нәтижелі білім берудің көзі. Қазақстан мектебі №6, 2012 жыл
2. Г.Сұлтанова . Жаңа технологияларды ұтымды пайдалану. Бастауыш мектеп №12 2005 жыл
3. А.Ерболатов. Жаңа ақпараттық технология – мектепте. Информатика негіздері №2, 2010 жыл

### **А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЙЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ**

*Бакенова Акмарал Тогатаевна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

*Куралбаева Алия Ахметкаримовна- PhD, доцент м. а.*

А. Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде:

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,  
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.  
Өзіне біткен түрі өзгерілмес,  
Дегенмен қара я қызыл маса.  
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса белмес пе екен  
Қоймастан құлағына ызындаса,

деп, білім-ғылымнан кенже қалған мал бағып марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан маса болып ызындап оятып, алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды. Бұл мақсатын өлеңдерінде де, публицистикалық мақалаларында да бей-нелі тілмен жақсы білдіреді: «Надандық, өнерсіздік аға жол-дасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ор-далы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» деп тіпті батыра айтады.

Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, тіпті қоғамдық-әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – өзі диттеген ағартушылық мақсаты деуге болады.

А. Байтұрсыновтың ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқу-білімге шақырумен тынбайды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайын бала оқытудың қолдарын газет-журналдар беттерінде нақтылы сөз етеді, әсіресе бұл реттегі Қазан революциясына дейінгі хал-жағдайды жақсы көрсетеді. 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Оқу жайы» деген бас мақала жарияланады. Мұны жазған А. Байтұрсынов болатын. Бұл мақалада оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді 2-3 есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік», - дейді. «Надандық» деп отырғаны, әрине, білім-ғылымнан қалыс қалушылық. Ал қалыс қалуға үлкен себеп – қазақ жерінде мектептер өте аз дейді. Оның үстіне сол мектептерде бала оқытатын мамандардың да өте тапшы екенін ашып айтады. Оның тапшы болу себебінің бірі – оқытушылар даярлайтын оқу орындарына, мысалы, Орынбордағы Учительская школаға қазына есебінен (яғни стипендия алатын) 7-8 орын ғана берілетіндігі, оқуға түскісі келген балалар өз қаражатымен оқуға тиіс болатындығын айтады. Қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?» деп келісті сауал қояды.

Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мек-теп. Сондықтан А. Байтұрсынов оқу-білімнің осы бірінші саты-сына қатты назар аударады. 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды. («Қазақ», 1914. № 61, 9 мамыр). Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы мәз емес екендігін оларда программа, оқу құралдары дегендердің, жоқтығын мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болуы керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп бес жылдық болсын алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыстану пәндері жүретін болсын дел нақты айтады.

Міне, бұл айтылғандардың барлығы А. Байтұрсыновтың оқу-ағарту жайындағы ой-пікірлерін көзқарасын тілек-талаптарын танытады. Өткен ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәндегі үлкен проблема болса, оны іс жүзінде қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин екендігін білеміз. Осы салада одан кейінгі нақты іс істеген екінші адам («екінші Алтынсарин») Ахмет Байтұрсынов болды.



Міне, осы орайда Ахмет Байтұрсынов қазақ мәдениеті көгін-де жалаң ағартушы болып қана емес, ғалым-ағартушы болып та көрінді. Ол қазақ тілі мен әдебиетін пән ретінде қазақ тілін-де тұңғыш баяндаушы ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлы араб таңбаларын қазақ тілінің заңдылықтарына бейімдей отырып, тұңғыш әліпбиін жасады. Себебі, әркімнің тіліне еріп, адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» тайға таңба басқандай жасап берді. Қазақ елін сауаттандыруда тарихи рөл атқарған. Араб графикасына бейімделіп, бар болғаны 28 әріптен тұратын бұл әліпби әдістемелік оқулығымен бірге 1912-жылы елдің қолына тиіп, ауылда балалардың сауатын ашу үшін сол жылдан бастап қолданыла бастады. Аталмыш оқулықта оқыту әдісі көрсетілгендіктен бір жағынан оқытушыларға да жеңіл болды, екінші жағынан оқушы балалар бір жылда хат тану мүмкіндігіне ие болды. Бұл оқулық 1912-1925 жылдар аралығында жеті рет басылып, оқу-ағартушылық салада біраз уақыт қолданылады. Әліппеде дыбыс пен әріпті оқыту дидактиканың «жеңілден қиынға қарай» қағидасы бойынша жеке сөздерді оқытудан басталады да, кейін қысқа-қысқа мәтіндер алынады. Ал жеке сөздер алынғанда, екі дыбыстан тұратын қысқа, жеңіл сөздерден басталып, бірте-бірте күрделенеді. Мысалы, бал, бала, балалар, ас, аса, асар т.б. Бұл қағида оқушының оқуды, жазуды, сөйлеуді тез үйренуін қамтамасыз ету, оқыту үрдісін жеңілдету жолдарын іздеуден шыққан.

Ахмет екі сөзден тұратын сөйлеммен жаттығулар беріп, оларды түрлендіріп, тіпті жаңылтпашқа айналдыру сияқты тапсырмалар арқылы бала тілін дамытудың түрлі әдістерін қолданған. Олар күрделене келе мәтіндерге айналған. Ол өте кіші мәтінен басталып, ары қарай күрделене береді. А.Байтұрсынұлы әдістемесінде аз дыбыстан тұратын сөзден бастау, жаттығуды аз сөйлемнен, мәтінді өте шағын түрінен бастау, оларды біртіндеп қана кеңейту, күрделендіру тәсілі айрықша орын алады.

А.Байтұрсынұлы «Оқу құралының» алғашқы бетін балаларға арналған өлең жолдарынан бастайды.

Балалар! Бұл жол басы даналықа.  
Келіндер, түсіп, байқап қаралық та!  
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,  
Соларды көре тұра қалалық па?  
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,  
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

Осы өлең жолдарын оқи отырып А.Байтұрсынұлы сауат ашуға шақыратындығы көрінеп тұр. Жасаған істерінің барлығы болашақ жас ұрпақтарға қалдырған үлкен ерең еңбегі десек қателеспейміз. Ол сонымен бірге – қазақ тілі грамматикасын яғни, фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін және терминологиясын жүйелі түрде ғылыми түзеген. Қазақтың дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін, терминологиясын толық зерттеп, қазақ тілі грамматикасының негізін салды. Ахмет Байтұрсыновтың лингвистика саласындағы бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия, бүкіл түрік әлемі мойындап, қолдап және Ахаңның лингвистика саласындағы зор жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайдаланды. Сондай-ақ қазақ тілінің шамын жағып, тіл заңдылықтары мен грамматикасының негізін қалап кеткен Ахметтің үш бөлімнен тұратын «Тіл құрал» атты үлкен оқулығында ал-ғаш рет фонетика, морфология, синтаксис ұғымдарына кеңінен талдаулар берілген.

Әліпби - тек сауат ашу ғана емес, ғылым-білім үйренудің баспалдағы. М.Әуезовше айтсақ, Ақаң ашқан қазақ мектебінің ұстанымы - қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның танымдық талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстағы оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен өз тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да ағартушы қазақ ұлтының табиғи қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды.

А.Байтұрсыновтың еңбектерінде оқушылардың сөз байлығын молайту мәселесі арнайы сөз барысында, оқушылардың сөздік қорын жетілдіруге арнайы бірнеше жұмыстарды жүргізгені байқалды.

Ә.Садуақасовтың: «Адамды бір – бірімен қоғамдастыратын басты құрал – тіл болып табылады», - деген.

Бастауыш сыныптарда балаға тілдің фонетикалық құбылыстары, лексикалық ерекшеліктері, грамматикалық заңдылықтары үйретіледі. Мұнда мұғалімдердің алдында екі міндет тұрады. Бірі – оқушыға сөздің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуын үйрету. Екіншісі – сөз қорын молайту, оларды дұрыс қолдану.

А. Байтұрсынов бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім ғылымының дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу тәрбие жұмысын жетіліру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. А. Байтұрсынов өзінің ұстазы ұлы Абай салған жолмен орыс әдебиетінің мысалшыл классигі И.А. Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петерборда бастырып шығарып, оқулық ретінде ұсынды. Аудару кезінде ол белгілі ағартушылық мақсат көздеді.

А. Байтұрсыновтың ағартушылық ой пікірлері 1911-1915 жылдары шыққан «Айқап» журналы мен 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастады. Ол туған халқының ғылым – білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім сондай керек», - деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал күйі оның қабырғасына қатты батты.

А. Байтұрсынов қазан төңкерісіне дейінгі ауыл мектебінің кемшіліктерін де дұрыс көрсете білді. «Бұлардың кемшілігі сол, - деді ол - бала оқыту ғылымын меңгергендер оқығандар ішінде кем болады. Дыбысты жақсы білмей тұрып, усул төте жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендіктен, я білсе де істеп көрмегендік – тәжірибесіздік». Осылайша оқытудың әдістемелік мәселесін қазақ топырағында тұңғыш рет сөз еткен де Байтұрсынов болды.

Ахмет 1912 жылы тұңғыш қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазды. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3 бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып, пайдаланылып келді.

«Тіл құралы» - қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс еді. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екенін оқулықтың кіріспесінде

автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдер ұсынды. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, бастауыш, т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы а. Байтұрсыновтікі. Оқулықтың тағы бір құндылығы – қазақ грамматикасының басты салалары: Фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттейтін ғылым, ал синтаксис – сөйлем құрылысын зерттейтін ғылым деп, тұңғыш рет қазақ тіл білімін ғылыми зердемен саралап берді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазып, «Тіл жұмсату» деген атпен екі бөлімді кітап етіп ұсынып, 1928ж. Қызылордада шығарған.

А.Байтұрсынов қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін қарастырумен бірге, ол пәндерді оқыту әдістемесінің де іргетасын қалаушы болды.

Ол балаларға жылдам хат таныту үшін дыбысты ажырататын жаттықтырудың әдіс тәсілдерін терең қарастырады. Сауаттылықтың негізі – жазуға жаттықтыру деп қарады, сауаттылықты оқу мұқтажы емес, жазу мұқтажы тудырған. Жазу білуге үйрету әдісі, оқи білуге де үйрету әдісі болады. Жазу дегеніміз - әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы- қаріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін, оқу, жазу, жұмыстарының бәріне сол тіреу болады. Жазу да, оқу да бір істеліп қана қоятын іс емес, мектепке күнде керек болық, күнде іске асырылатын жұмыс. Сондықтан мектептен шыққанша жазу мен оқуға балалар төселмек түгілі барған сайын қайсысын болса да өнерге айналдырып, әдістемелеп жазуға, безендіріп оқуға төселіп алады. Көркем жазу мен мәнерлеп оқу дегендер жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген қорытынды жасайды.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынов 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының №11,12 сандарында «Жалқылау (индукция) және жалпылау (дедукция) әдістері» деген көлемді мақала жазды. Жәнеде Ахмет өзінің «Баяншы» деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құралында, мұғалімдерге «Әліппені» оқытудың, сауат ашудың әдістерін ғылыми тұрғыда көрсетіп берді.

Ол оқытудың білімдік – танымдық жағымен бірге, тәлімгерлік жағына да баса көңіл бөлді. Оның жазған «Әдебиет танытқыш» атты оқулығы көркемсөз өнерінің қисыны әдебиет теориясының негізін тыңнан тұңғыш салған, жүздеген әдеби білімдік терминдерді негіздеді. Мысалы: көрнек өнері, сымбат өнері, айтыс, кескін өнері, саз өнері, т.б. тұңғыш тілімізге енгізген аса құнды ғылыми еңбек болды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ауылында мектеп ашу, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, мұғалім кадрларын даярлау істері шешуін таппаған аса күрделі мәселелердің бірі болатын. А.Байтұрсынов бұл мәселелерге де ерекше көңіл бөліп, оны шешудің жолын көрсетіп берді. «Қазақ байлары өркениетті елдердің байлары сияқты ұлт намысын қорғап, оқулық шығарушыларға бәйге жарияласын. Бәйге берілетін кітаптарды бі-екі рет ақы иесі бастырып шығарып, ақшасын өндіріп алатын болсын» деді.

Ахмет мұғалімдерге педучилищелерді ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келеді де, ондай оқу орындарының әзірге қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерін, не қазақ медреселерін бітірген жастардың талаптыларын таңдап алып, мұғалімдік жұмысқа қоса

пайдаланайық деген ұсыныс жасады. Олардың білімін жетілдіру мақсатында жаз айларында бір-екі айлық қысқа мерзімді курстар ашуға ұсыныс жасайды.

Қазақ халқының асыл азаматтарының бірі және бірегейі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократтық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшы-көсемі А.Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениетіне, оның ішінде ұлттық педагогика мен оқу ағарту ісіне сіңірген өлшеусіз мол еңбегін М.Әуезовше бағаласақ, көптеген қан жылаған еңбегі, өнер –білім, оқу ағарту, саясат жолындағы қажымас қайраты... тарих ұмытпас істер болмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.-Алматы,1991ж.
1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Алматы «Ана тілі» 1992ж.
2. Этнопедагогика ( оқулық) – С. Қалиев, Ж. Ж. Молдабеков,
3. Б.І. Иманбекова. Астана: Фолиант, 2010
4. Этнопедагогика ( оқу құралы) – Б.Мұқанова, Р. Ильясова, Астана: Фолиант, 2008

## **ӘЛЕУМЕТТІК ПАТРОНАЖ БАЛАЛАРДЫ ОТБАСЫНА ОРНАЛАСТЫРУ ТҮРІ РЕТІНДЕ**

*Боранбаева Жадыра Муқановна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Искакова Парида Қуандыққызы - к.п.н., доцент*

### ***Аннотация***

*Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.*

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты – баланың тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдай (әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) тудыру, кешенді әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету, сонымен қатар баланы оның өмірлік кеңістігінде қорғау. Әлеуметтік педагог бала мен ересек, бала мен оның ортасында дәнекер, сонымен қатар бала және оның ортасымен тікелей қарым – қатынас жасай отырып, кеңесші де болады. Әлеуметтік педагогтың отбасымен қызметіне әлеуметтік-педагогикалық көмекті құрайтын үш негізгі құрамдас бөлік кіреді: білім беру, оқуға көмектесу және тәрбиелеу.

Қолайсыз отбасы – бұл өмір сүрудің белгілі бір бағытында немесе олардың бірнешеуінде қатар әлеуметтік статусы төмен, оларға артылған қызметтерді атқара алмай отырған отбасылар, олардың бейімделушілік қасиеттері біршама төмен, баланың отбасылық тәрбиесінде үлкен қиындықтар бар, нәтижесі аз.

Бұл жұмыста қолайсыз отбасы ұғымында біз мынаны меңзейміз, бұл отбасында құрылым бұзылған, ішкі шекара байқалмайды, басты отбасылық қызметтер ескерілмейді және құнсызданады, тәрбиеде айқын немесе жасырын

ақаулықтар бар, осыған сай ондағы психологиялық климат бұзылады және «қиын балалар» пайда болады.

Қолайсыздығы айқын көрінетін отбасының ерекшелігі – отбасы өмірінің бірнеше саласында бірдей ашық көрінетін сипаты бар (мысалы, әлеуметтік және қаржылай деңгейде), немесе тек қана тұлғааралық қарым-қатынас деңгейіндегі сипаты айқын, бұл отбасылық топтағы қолайсыз психологиялық ахуалға әкеледі.

*Жайсыз отбасы мүшелеріне көрсетілетін әлеуметтік-педагогикалық көмектің түрлеріне тоқталатын болсақ.* Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмысының бір түрі – әлеуметтік патронаж, алдын-алу, бақылау, бейімдеу мақсаттарымен отбасының үйіне бару, бұл отбасымен ұзақ мерзімді байланыс ұстауға мүмкіндік береді. Оның проблемалық жағдайы дер кезінде анықталып, уақтылы көмек көрсетіледі.

Қолайсыз отбасының түрлерін атап өтетін болсақ:

*Алкогольге тәуелді отбасылар.* Психологтар көрсеткендей (Б. С. Братусь, В. Д. Москаленко, Е.М. Мастюкова, Ф. Г. Углов и др.), мұндай отбасындағы ересектер ата-ана жауапкершілігін ұмытып, алкогольдің жалған өміріне толығымен беріліп кетеді, бұл кезде қоғамдық және адамгершілік құндылықтар жоғалады.

*Даулы отбасындағы келеңсіз жағдай* (жоғары дауыста сөйлесу, ашушандық жұбайлардың арасындағы қарым-қатынастың нормасы боп есептеледі) немесе, тыныш (жұбайлық қарым-қатынастар бірін бірі елемеумен ерекшеленеді, өзара қатынастан аулақ болуға тырысады) баланың тұлғасының қалыптасуына кері әсерін тиізеді және ауытқушылық мінез- құлықтың пайда болуына жалғасып, әлеуметтік және рухани құлдырауға әкеледі.

*Сенімсіз отбасы.* Оның басым белгісі – қоршаған ортаға (көрші, таныс, жұмыстағы әріптестері, отбасы мүшелері араласатын мекеме қызметкерлері) асқан сенімсіздік. Отбасы мүшелері алдын-ала барлығын жақсы ойламайды немесе мүлдем селсоқ, ал олардың отбасына деген қарым- қатынасқа түсу туралы ойларын қауіпті деп қабылдайды.

*Педагогикалық дәрменсіз отбасы* – жалпы мәдениет деңгейінің төмендігі және психологиялық-педагогикалық мәдениеттің болмауынан жасөспірім отбасындағы алған тәрбиесі қалыпты деп ойлап ортада мәдениетсіз әрекет етеді.

*Әлеуметтік емес отбасы* – көпшілік мақұлдаған әлеуметтік нормалар мен талаптарды елемеу жағдайы. Осы отбасыларда баланың психикасы мен тәртібінде (ерте жастан басталған алкогольдік, нашақорлық, үйден қашу және қаңғыру, жезөкшелік, суицид және девианттық тәртіптің басқа да түрлері) ауытқуды қоздырып бала дербестігін өзгертеді.

Миға шабул әдісі (топтық жұмыс)

Топқа бөлу: фигуралар беріледі (фигураға сәйкес топ құраылады).

Қатысушылар үш топ («Әлеуметтік педагогтар мен психологтар», «Сынып жетекшілер, тәлімгерлер», «Қоғамдық органдардың қызметкерлері») құрайды. Әр топқа тапсырма беріледі. Олар ватман қағазға өз ойларын ортаға салып, жазады. «Әлеуметтік педагогтар мен психологтар» тобы "Қолайсыз отбасыларға кімдер жатады? Олардың пайда болуының себептері" тақырыбы бойынша жұмыстанса, ал «Сынып жетекшілер, тәлімгерлер» тобы "Қолайсыз отбасы балаларымен бойынша әлеуметтік педагогтар мен сынып жетекшілер қандай жұмыс жүргізу керек?", «Қоғамдық органдардың қызметкерлері» тобы «Мәселені шешу жолдары. Отбасыны дұрыс жолға қою мақсатында бірлесе қандай жұмыстар жүргізу керек?» тақырыбын ашуға тырысады. Әр топ жұмыс жасап болған соң, өз

жұмыстарымен таныстырады. Кейін әр топ жұмыстарын алмастыру арқылы толықтырады

Пікір - талас

Әр топқа осындай сұрақтар қойғым келеді:

- Сіздің мектебіңізде осындай балалар бар ма?
  - Осындай балалармен жұмыс жасауда қандай мәселелер кездеседі?
  - Жұмыс жасауда немесе істеген кезде проблемалар болды ма?
  - Сіздер осындай мәселелерді шешу үшін қандай әрекеттер жасадыңдар? Кімдермен бірлесіп бұл проблеманы шешуге тырыстыңдар? т.б.
- " Білемін, Бүгін не білдім, Не білгім келеді"

«Қолайсыз отбасы балаларымен жұмыстануда әлеуметтік педагогтың атқаратын рөлі» тақырыбы бойынша әр топ кесте толтырады. Кесте үш бағаннан тұрады. Олар 1-сі "Білемін", 2-сі "Бүгін не білдім", 3-сі "Не білгім келеді".

Қатысушылар тақырыпқа байланысты бүгінгі күнге дейін «Білемін?» Бүгін «Не білдім?» Кейін «Не білгім келеді?» деген сұрақтарға жауап береді.

Қорытындылай келе, елімізде қолайсыз жанұялардан шыққан жетім балалардың саны жылдан-жылға өсуі өзекті мәселе болып тұр. Сонымен бірге, әсіресе соңғы кезде жиі кездесетін жағдай ата-ананың бала өмірге келген соң, тіпті одан кейін де нәрестеден бас тартуы. Мұның барлығы да тұрмыс пен адам баласының санасына байланысты екені белгілі. Дегенмен, «тәрбие басы – тал бесік» деген халқымыздың ұлағатты сөзіне бұл іс, әрине қарама-қайшы әрекет болып табылады.

Кейбір адамдар сана-сезімі, ақыл-есі дұрыс бола тұрса да, бауыр еті баласына қолйлы жағдай жасай алмайды. Мұндай әрекеттер дәл осы тұста бой көрсетіп те қалады. Осындай жағдайдағы балаларды балалар үйіне өткізуден басқа лаж жоқ. Ал, мұндай іске бару – қиянаттың қиянаты.

"Қолайсыз отбасы балаларымен жұмыстану үшін ұсыныстар"

1) Баланың қоршаған ортасында, ұжымында, тобында өзіндік орны бар екендігін сезіндіру.

2) Егер бала қандай–да бір ортаға бейімделе бастаса, оның да жақсы жақтарын ала білуін ұғындыру. Әр баланың міндетті түрде ұжым мүшесі болуын күштеу қажет емес, себебі, әрбір жеткіншектің өзімен – өзі жеке қалуды ұнататын сәттері болатынын еске сақтау керек.

3) Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыруына көмектесе отырып, әрқашан мадақтау, қолпаштау.

4) Өзіне деген сенімін арттыру үшін баланың жұмыстарынан (суреттерінен, шығармаларынан т.б.) көрме ұйымдастыру.

5) Өз ойын ортаға салып, ашық пікір білдірген шақта баланы мақтау сөздермен көтермелеу маңызды.

6) Баланың қызығушылық танытатын пәндері бойынша жұмыстануына көңіл бөлу шарт.

7) Өз сезімдерін білдіруіне жағымды жағдай жасап көмектесу. (сурет салу, ағашпен жұмыс жасау, қуыршақ әзірлеу, дауыстап әңгіме оқу, музыка тыңдау, ән айту т.с.с.)

8) Баланың тұлға ретінде ашылуына жағдай туғызу. (мысалы, кейбір мәселені шешу үшін баланың көмекгіне жүгіну, т.б.)

9) Баланың кім болғысы келетінін, айналасындағы достарының әсерін білу мақсатында өз теңі ретінде қабылдап ашық сөйлесу немесе белгілі жұмысты атқаруда бірлесе отырып жұмыстану.

10) Әр күн сайын баламен атқарған жұмысыңды талдап, есепке алып отыру.

Өзімнің жұмысымды жағымды көңіл күймен аяқтау мақсатында тренинг өткізгім келеді. Осы жерде отырған әр педагог, мұғалім балалармен жұмыс жасайды. Келесі орындайтын жаттығуымыз «Бала - өмірдің гүлі». Бұл ұғыммен барлығымыз келісеміз бе? Мұғалімдерге алдын ала дайындалған түрлі түсті қағаздар үйлестіріп беріледі, гүлдің суретін салып, қиып алады. Содан соң олар барлық балаларға немесе мектептің оқушыларына жүректерінен шыққан жақсы тілектерін жазып, тақтадағы ватманға жапсырады. (Ватманда даланың суреті, гүлдердің талдары салынып тұрады). Гүлдерін талдардың үстіне жапсырып, плакатты «гүлдер әлеміне» айналдырады. Медициналық-әлеуметтік –педагогикалық патронаж- балаға, оның ата-анасына, күрделі проблемаларды шешуде мұғалімдерге, емдау, арнайы оқыту мен тәрбиелеу, әлеуметтендіру, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы ерекше көмек түрі деп түсіндіріледі. М-Ә-П-лық патронаж комплексті реабилитациялық көмектің кең спектрін болжайды. Ол жанұядағы баланың дамуына және әртүрлі профильді мамандардың жұмысымен бірге жүзеге асуына бағытталған. Ол алғашқы жоспарларды, индивидуалды реабилитациялық программаларды, білім беру маршрутын таңдауда ақпаратты ізденіс бірлестіктерін диагностикалауды анықтайды.

Кешенді медициналық-әлеуметтік-педагогикалық патронаж психолого-педагогикалық медико-әлеуметтік мекемелермен, мемлекеттік жүйе қалыптастырған әлеуметтік қорғаныс, сонымен қатар барлық мүмкіндікті қолға алған мемлекеттік емес секторлар қоғамдық бірлестіктер, ассоциацияла, қайырлымдық қорлары арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік құрылым жұмысын толықтыра отырып, олар дамуы шектелген балаларға әлеуметтік кеңістікті ұйымдастырудағы жаңа қадамдарды қалыптастырады және дисциплинарлық негізде олардың жанұяларына әлеуметтік көмек етеді, МӘП патронажының негізгі базасы болып психо-медициналық-педагогикалық кеңес беру, психо-медициналық-әлеуметтік орталықтар, реабилитациялық және диагностикалық орталықта, логопедиялық бөлімдер, ерте оқыту орталықтары табылады, МӘП- патронаждың жүйесі дамуы шектелген балалардың мүмкіндіктерін жағдайларын жақсарту мақсатындағы арнайы білім беру жүйесінің бөлімі ретінде қалыптасады. Кешенді медициналық-әлеуметтік-педагогикалық патронаж өзінің әрекеті ғылыми методикалық мекемелер басқаруда білім беру құрылымдарымен сонмен бірге халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау жүйе мекемелерімен бірлесіп, орындайды. МӘП-патронаж жүйесі өзінің қызметін келесі бағыттары бойынша қалыптастырады. -арнайы білім беру жүйесі бойынша жаңа педагогикалық психологияларды жүзеге асыру -баланың мүмкіндіктеріне сай еркін дамытуға бағытталған қоғамдық-педагогикалық инициативаны қолдау

Елімізде МӘП патронаждың қалыптасуы арнайы білім беру жүйесінің дамуы, жанұя жағдайындағы мүмкіндігі шектелген балаларға жаңа кешенді модельді қолдап жүзеге асырудың белгісі

МӘП патронаж жүйесінің негізгі тиімді әрекеті мынадай

-ата-ана, педагог-бала жағынан патронаж көмегінің қажеттілігі

- мамандандырылған көмекті қажет ететін проблемалардың өсуі.
- баланың мүмкіндігі шектелген деңгейіне тәуелсіз даму көрсеткішінің сапалы өсуі.
- ішкі жанұяның қатынастарды нормалау.
- педагогтармен басқада мамандардың жаңа балалық жау проблемаларын шешудегі шеберліктерінің сапалық өсуі.

## 2. Медициналық-әлеуметтік профилактика және ерте кешкенді көмек.

МӨП патронаж процесінің негізі болып ерте диагностикамен ерте комплексті көмек болып табылады. ООН ассамблеясының 1993ж 20 желтоқсанда қабылданған мүгедектер үйіне мүмкіндіктерді қамтамасыз ету ережесінде мүгедектер профилактикасының комплексті құрылымын анықтау көзделген.

Мүгедекті алдын алу тек медициналық мінездемеге алғашқы медициналық-санитарлы көмекке тән емес, сонымен қатар бала дамуын ерте қарастыру, психо-физикалық функцияларының қалыптасуында екінші ақаулықтың пайда болу мақсаты мен профилактикалық жұмыстарға тән. Бұл программаның негізгі теоритикалық базасын қалаған Л.С.Выготскийдің ойлау процестерін қалыптасатыруға арналған практикалық әрекет түсінігі туралы жұмыстары. Оның теориясындағы даму зонасы және екінші деффект профилактикасы арнайы білім берудегі жаңа зерттеулерге маңызды әсер етуде.

3. Ерте көмек көрсету /программалары. Дүние жүзі практикасына белгілі ерте көмек көрсету программалары. Коннектикуттық тест «Жаңа туылғандармен 3 жасқа дейінгі балалардың дамуын зерттеу», /Туғаннан 5жасқа дейінгі балалар үшін Каролиндік оқыту жоспары, Ерте оқытудың, Мюнхендік функциональдық диагностика, Ерте даму диагностикасының «Тандем» программалары, Дамуы шектелген балаларға ерте педагогикалық көмек программалары. Егер біздің елімізде ерте диагностика және түзету жүйесі даму үстінде болса, онда шет елде «ерте ароаласу» программасы бойынша ғылыми практикалық тәжірибе молаюда. Олар жоғары тиімді нәтижені шығарады. Оған куә ең алдымен адамдардың өмір деңгейінің өзгеру процесі. Отандық тәрізді шет елдік тәжірибе көрсеткендей толық дамыған балаға арналған ситуация оның жанұя жағдайына келуі болып табылады. Мамандардың жанұяға белсенді қатысу процесінде бала және ата анамен арнайы сабақтар жүргізіледі. Біздің елімізде ерте диагностикалық және ерте комплексті көмек көрсету жүйесінің қалыптасуы медициналық –психологиялық-педагогикалық патронаж жүйесі арқылы жүріп, ПМС орталықтарымен ПМП консультациялары базасында жүзеге асады. Ресейдегі ерте диагностика және ерте көмек көрсету мекемелері өте аз. Олар жиі экспериментальды аймақтарда ғана жұмыс жүргізеді, бірақ олардың шынайы нәтижелері эксперименттен әлеуметтік-педагогикалық практика өтетінін болжайды.

Жалпыресейлік ерте диагностикалау және комплексті көмек көрсету жүйесі жанұя жағдайында өңделіп сонымен қатар жаңа программаларды жүзеге асырып, мамандарды дайындап, білім беру мекемелеріндегі бірегей ақпаратты жүйені қалыптастырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.



2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТ-ТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Мархабаева Айгул Курбанбаевна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:  
Кабекеева Кымбат Калиевна – PhD доктор*

### **Аннотация**

*Бұл біздің жас мемлекетіміздің аяғынан қаз тұру жолынан да жақсы байқалады. Тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғам өміріне өту қажеттілігі айқын болған күннен бастап-ақ Қазақстан тұрғындарының алдында ең алдымен Қазақстан мемлекетінің егемендігі мен тәуелсіздігін қорғау міндеті тұрады.*

Бұл орайда демократияны дамыту – меншік қатынастарын реформалау мен нарықтық экономикаға өту экономиканы тығырықтан алып шығудың, ұлттық мемлекеттің қалыптасуына қолайлы жағдай туғызудың толассыз жолы. Саяси саладағы басты мақсат – жас егеменді мемлекетті қуатты президентті республика етіп қалыптастыру. Біздің мемлекетімізде барлық азаматтардың теңдігі барлығының заң алдындағы бірдей жауапкершілігі, кімнің қай ұлтқа жататындығына қарамастан, бірдей екендігі әуелден-ақ нақты көрсетілген. Әрине, кейбір жағдайда жергілікті ұлт – қазақтардың мүддесі ерекше ескеріледі. Мұндай жағдайға ұлттық мәдениетті, тілді өркендету, қазақ диаспорасының рухани-мәдени және басқа да байланыстарын қалпына келтіру, олардың өз Отанына қайтып оралуына қолайлы жағдайлар туғызу жатады.

Басқа елдер деңгейімен салыстырмалы түрде алғандағы экономикалық байлыққа қол жеткізудің алғышарты – бүкіл қоғамдық өмірді демократияландырған тұрақты құқықтық мемлекет құру болып саналады.

Құқықтық демократиялық мемлекетте Конституция, яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі Заңы аса жоғары мәнге ие. Конституция жобасы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап жасалына бастады. Конституция қабылдаудан бұрын бүкілхалықтық талқылаудан өтті.

Біздің Конституциямыз бойынша Қазақстан халқы егемендіктің иесі, республикадағы мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі болып табылады. Республикада тек қазақтар ғана емес, басқа ұлт өкілдері де тұрады. Сондықтан саяси ымыраға келу қажет болғандықтан қазақ халқы өз қамын күйттеумен қатар, жас мемлекетіміздің тыныштығын, оны одан әрі нығайтуды ойлауы керек.

Құқықтық мемлекет құру, қоғамдық өмірді демократияландыру, жалпыұлттық келісім мен ынтымақ Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың лайықты толық мүшесі болып енуінің басты шарты болып табылады.

## 2. Қазақтың ата-заңы

### *2.1. Конституция – Қазақстан республикасының негізгі заңы*

Республиканың президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы қысқа мерзім ішінде әзірленді. Ол халық талқылауынан өтіп, референдум арқылы өз күшіне енді.

Жаңа Конституцияның өмірге келуі, жан-жақты сараптамадан өтуі Н.Назарбаевтың атымен тікелей байланысты. Конституцияның бас авторы – Назарбаев Н.Ә деп толық сеніммен айтуға болады.

Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр.

Еліміздің бұл Негізгі Заңы бірінші рет Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етті. Бұл мемлекеттің құзырына өз аумағының тұтастығын, сырттан қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз ету толығымен жатқызылады.

Конституцияда демократияның түпкі мәні ерекше айқындалады. “Демократия” деген грек сөзін өз тілімізге аударсақ, халықтың билігі деген мағына шығады. Осы тұжырым қағида Негізгі Заңның үшінші бабында нақты бейнеленген. “Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық” нақты жазылған.

Конституцияда республикадағы мемлекеттік билік біртұтас деп жарияланған. Бұл билік Конституция бойынша үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі болып болып дараланған. Мұндағы мақсат билікті біржақты иемденіп кетушілікті болдырмау үшін олардың аражігі ажыратылып, әрқайсысынан конституциялық өкілеттіктері айқындалған. Олар бір-бірінің ісіне қол сұқпайды, әрқайсысы өз құзырларынша қызмет етеді.

Негізгі Заңда саяси бостандықтарға кең кепілдік берілген. Саяси қозғалыстар Конституция шеңберінде емін-еркін өмір сүріп, қызмет ете алады. Оған ешқандай қысым жасалмайды.

Жаңа Конституцияның тағы бір басты артықшылығы – меншіктердің әралуандығын мойындап, оны заң жүзінде бекітті. Енді Қазақстан республикасында мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншік те өз күшіне еніп, заңмен қорғалады.

Негізгі заң меншіктің қызмет аясы мен мақсатын да айқындап берді. Меншік атаулы қоғам игілігіне ғана жұмсалуға тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы қызмет етпеуге тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы қызмет етпеуге тиіс. Сонда ғана меншік иесін қорғауға кепілдік жасалады.

Демократиялық принциптер Конституцияның арнайы “Адам және азамат” атты екінші бөлімінде айқын көрініс тапқан.

### *2.2. Мемлекеттік саяси биліктің Конституциядағы саяси көрінісі*

Мемлекеттің саяси жүйесі Конституцияда нақты көрініс тапқан. Саяси жүйенің негізгі тұғыры – президенттік басқару жүйесі Конституцияда алғаш рет заңдастырылған. Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы

мемлекет болып жарияланған. Президентке елдің ішкі және сыртқы саясаттарын анықтау міндеті жүктелген. Ол мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және олардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Президент заң шығарушы, атқарушы, сот жүйелерінің бәріне бірдей қатынаста болады. Бәрінің жұмысын үйлестіріп, мемлекеттік биліктің дұрыс жүргізілуінің кепілі болып танылады.

Біздің президентіміздің Негізгі Заңда көрсетілген конституциялық ауқымда жемісті жұмыс істеп отырғанына бүкіл ел куә. Еліміздегі саяси тұрақтылық, орын алып отырған үлкен қиындықтарға қарамастан макроэкономикалық деңгейдегі ілгерілеу, отандық өнеркәсіпті жандандыруға шетел инвестицияларын көптеп тарту, шикізат көздерін игеріп, жер асты байлықтарын экономиканы аяққа тұрғызуға пайдалану, алыс-жақын шетелдермен оңды қатынастар орнату, ұлттардың татулығын қамтамасыз ету, еліміздің руханиятын, қорғанысын дамытуға күш салу және басқа сан-салалы қызметтерді құптауға әбден тұрарлық.

Президент ел халқына “Қазақстан-2003” атты Жолдауын жариялады. Алда тұрған дамуымыздың басты бағыттарын көрсетті.

Жаңа Конституция елімізде екі палаталы тұрақты жұмыс істейтін Парламентті заңдастырды. Ол республиканың заң шығарушы ең жоғарғы өкілетті органы болып табылады. Парламентіміздің жаңа демократиялық сипатта дамуына конституциялық негіз қаланды. Парламент өз жұмысын саясаттандыруға бейімдемей, экономикалық және саяси реформаны елімізде жеделдетуге қажетті заңдарды қабылдауды алдына негізгі мақсат етіп қойды.

Конституцияда Парламент депутаттарының құқықтары мен міндеттері нақтылап көрсетілген. Конституциялық шеңберде әрбір депутаттың жемісті жұмыс толық негіз бар.

Парламент Елбасының ұсынысы бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізеді, республикалық бюджетті бекітіп, оның орындауын қолдайды, бұл туралы Есеп комитетінің есептерін бекітеді. Үкімет басшысының бағдарламасын тыңдап, оны мақұлдайды немесе қабылдамай тастайды. Соғыс және бітім мәселелерін шешеді. Республиканың халықаралық шарттарын қадап бекітеді және олардың күшін жояды.

Республика Үкіметі Конституция белгілеп берген өкілеттіліктерінің негізінде экономикалық-әлеуметтік дамудың барысына басшылық жасап, ұйымдастыруға, ең алдымен жауапты.

Парламент депутаттары да атқарушы органға шексіз билік берілген деген пікірден құралақан емес. Шындығына келгенде, Үкімет те Конституцияда көрсетілген мөлшерде ғана өкілеттікке ие. Президенттің алдында есеп береді, оның үнемі бақылау-назарында болады. Бюджет жүйесі жөнінде Парламентке тікелей тәуелді.

Жаңа Конституцияда биліктің үшінші тармағы – сот жүйесіне ерекше маңыз берілген. Елімізде құқықтық реформа жүзеге асырылуда. Бұл салада жаңа Конституцияға негізделіп қайта жасалған “Азаматтық кодексі” пен “Қылмысты істер кодексінің” қабылдануын ерекше атап өтуге болады.

Мемлекеттің республика деңгейінде ғана емес, жергілікті жерлердегі басқаруы мен өзін-өзі басқару тәртіптері де Конституцияда айрықша дараланған.

Облыс пен аудандарда, қала мен селода мемлекеттік басқаруды өкілді дегендер – мәслихаттар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

### *2.3. Конституциядағы көрсетілген ҚР азаматтарының міндеттері мен құқықтары*

Республика азаматының негізгі құқықтарымен қатар міндеттері де 1995 жылдың 30 тамызындағы бүкілхалықтық талқылаудан өтіп қабылданған Конституцияда анық тұжырымдалған.

Адам тумасынан өзіне қажетті құқықтар мен бостандықтарға ие. Ал ол өз мемлекетінің азаматтығын алғаннан кейін азаматтық құқықтарға ие болып, тиісті міндеттерді қоса атқаруға тиіс. Конституцияда адамды қастерлеу, құрметтеу, адамгершілік сезімдеріне үлкен маңыз берілген. Әркімнің өзінің жеке басының бостандығы заң жүзінде қорғалған. Заң бойынша адамның жеке басының қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Конституцияның 19-бабында “Әркімнің өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы” деп жазылған. Адамдардың ар-ождан бостандығына заң жүзінде толық кепілдік берілген.

Республика азаматтарының заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстауында, оны мұраға қалдыруына конституциялық кепілдік жасалған.

Конституцияның 39-бабында адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қоғамдық тәртіпті, адамның құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығын қорғау мақсатында ғана шектеу қойылуы мүмкін екендігі көрсетілген.

39 баптың 3 пунктінде азаматтардың құқықтарын, яғни азаматтық құқығы, өмір сүру құқығы, жеке өміріне, өзінің және жанұясының құпиясына қол сұғылмауына, мемлекет органдары мен лауазым иелерінің кінәсінен шеккен зиянды қайтарып алуына т.б құқықтарын тіпті ең төтенше жағдайлардың өзінде де шектеуге рұқсат бермейтіні айтылған.

Конституцияда жеке, азаматтық және саяси құқықтарға, осы құқықтардың кепілдігіне айтарлықтай көңіл бөлінеді.

Жеке меншік құқығы заңмен қорғалады (6 бап.). Жерді меншіктеу құқығы бекітіледі (21,25 бап.), сонымен қоса өзінің мүмкіндіктерін және мүліктерін кәсіпкерлік қызметте және заңмен тыйым салынбаған экономикалық қызметте еркін пайдалануына құқықтары бар. Бұл нарықтық экономиканың тұрақты дамуы, экономикалық реформаның алға жылжуы үшін сенімді конституциялық негіз жасауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13 бабында әр адамның өзінің бостандығы мен құқығын сот арқылы қорғай алатыны көрсетілген. Әр адамның заң мамандарынан көмек алуға, үкімді Жоғары сотқа қайта қаратуға, жазаны жеңілдетуді сұрауға құқығы бар.

Азаматтардың медициналық көмек алуына, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Ал орта білім алу Конституция бойынша міндетті деп табылған.

Республика азаматтарының құқығы мен міндеттерін сөз еткенде, екі мәселені ерекше атап өтуге болады. Бірі – заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады, екіншісі – Отан қорғау әрбір азаматтың қасиетті парызы және міндеті. Азаматтардың құқығы мен міндетін сөз еткенде бұл талаптардың адамдардың өз құқықтарын көбірек біліп, міндеттерін орындауға келгенде ұмытшақтық танытатыны жиі кездеседі.

Әлеуметтік әріптестік дегеніміз атқарушы билік органдары өкілдерінің, жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерінің мүдделерін келістіруді қамтамасыз етуге бағытталған қатынастар мен тетіктер жүйесі. Әлеуметтік әріптестік әріптестер арасындағы жасалатын өзара келісім арқылы жүзеге асырылады. Келісім (бас), салалық (тарифтік), аймақтық — республикалық, салалық және аймақтық деңгейде қызметкерлердің еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтылуын және әлеуметтік кепілдіктерін белгілеу мазмұнын және тараптардың олар бойынша міндеттемелерін анықтайтын, әлеуметтік әріптестер арасында жасалатын құқықтық акт.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік мынадай негізгі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) әлеуметтік және еңбек қатынастарын және соларға байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді тетігін жасау;

2) қоғамдағы барлық жіктердің мүдделерін объективті түрде ескеру негізінде әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

3) қызметкерлердің еңбек құқықтары кепілдіктерін қамтамасыз етуге жәрдемдесу, олардың әлеуметтік қорғалуын жүзеге асыру;

4) барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестер арасындағы консультациялар мен келіссөздер процесіне жәрдемдесу;

5) ұжымдық еңбек даулары мен жанжалдарды шешуге жәрдемдесу.

Әлеуметтік әріптестік мынандай қағидаттарға негізделеді:

1) тараптар өкілдерінің өкілеттігі;

2) тараптардың тең құқықтығы;

3) талқылау үшін енгізілетін мәселелер тізбесін таңдау еркіндігі;

4) міндеттемелер қабылдаудың еріктілігі және тараптардың оларды орындауға міндеттілігі;

5) тараптардың мүдделерін құрметтеу;

6) әлеуметтік әріптестердің Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен міндеттемелерін сақтауы;

7) тараптардың, олардың өкілдерінің келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді өздерінің кінәсінен орындамағаны үшін жауаптылығы болып табылады.

Әлеуметтік әріптестік тараптардың өзара іс-қимылы нысанында әлеуметтік әріптестіктің:

1) республикалық деңгейдегі;

2) салалық деңгейдегі;

3) аймақтық (облыстық, қалалық, аудандық деңгейдегі органдары арқылы қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік әріптестікті республикалық деңгейде әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үш жақты комиссия (бұдан әрі республикалық комиссия) қамтамасыз етеді. Республикалық комиссия әлеуметтік әріптестердің мүдделерін үйлестіруді тиісті шешімдермен ресімделетін консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен қамтамасыз ету жөнінде тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, қызметкерлердің республикалық бірлестіктерінің және жұмыс

берушілердің республикалық бірлестіктерінің өкілетті өкілдері республикалық комиссияның қатысушылары болып табылады.

Әлеуметтік әріптестікті салалық деңгейде әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялар (бұдан әрі — салалық комиссия) қамтамасыз етеді. Салалық комиссия әлеуметтік әріптестер мүдделерін үйлестіруді тиісті шешімдермен ресімделетін консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен қамтамасыз ету жөнінде тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Тиісті атқарушы органдардың өкілетті өкілдері, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілдері салалық комиссиялардың қатысушылары болып табылады.

Әлеуметтік әріптестікті аймақтық деңгейде әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық қалалық және аудандық комиссиялар (бұдан әрі – аймақтық комиссия) қамтамасыз етеді. Аймақтық комиссия әлеуметтік әріптестер мүдделерін үйлестіруді тиісті келісімдермен және шешімдермен ресімделетін консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен қамтамасыз ету жөнінде тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Жергілікті атқарушы органдардың тиісті өкілетті өкілдері, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілдері аймақтық комиссиялардың қатысушылары болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. — Алматы, 1996.
3. Мухина В.С. Детская психология. — М., 1992.
4. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольников. - М., 1999. - с.34-44, 76-79.

## **ПАНАСЫЗ ҚАЛҒАҢДАР ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ**

*Мошкалова Гульнур Жолбарысовна*

*Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

***Ғылыми жетекшісі:**  
Арымбаева Кулимхан Маликовна – д.п.н., профессор*

### ***Аннотация***

*Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде, мемлекеттік органдардың да, жалпы жұртшылық үшін алаңдаушылық балалардың өмірінің негізгі бағыттары бойынша күрделі проблемалар бар, шешімі арнайы күш-жігерін деп күтілуде.*

Бірінші кезекте әлеуметтік кемшілігі балалардың денсаулық, тамақтану, проблемасы болып табылады.

Балалар арасындағы ең маңызды мәселелердің бірі болып - ұзақ уақыт отбасылық байланыстарды тыс болған, жасөспірім құқық бұзушыларды мектеп және басқа да әлеуметтік мекемелерден шет қалған, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуын, олардың құқықтарын қорғау, өмірге бейімделу және оңалту болып табылады.

Оның пайда болу және таралу себептері мемлекеттің құқықтық және әлеуметтік-саяси аспектілерінің жұмыс істеуінің және қоғамдық мораль даму деңгейінің, ұлттық отбасылық салт-дәстүрлерді, сондай-ақ әлеуметтік отбасы институтын қорғау мемлекетке және әр азаматқа байланысты. Балалардың қараусыз қалуы әлеуметтік құбылыс ретінде жетім балалар санының артуына әкеледі.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бейбіт уақытта Қазақстанда жетім балалардың саны көп болуы, балалар үйлерінің толы болуы, әйелдер мен балаларға қатысты ерлердің мүлдем жауапсыз көзқарас танытатындығына алаңдаушылық білдірді. Бұл тек Қазақстандық мәселе емес, сол сияқты жаһандық тенденция. Бірақ біз бұл үрдіске қарсы тұруымыз керек. Мемлекет басшысы «Балалар- ең осал және біздің қоғамның ең қорғалмаған бөлігі, және олар азаматтық құқықтарды айрылмауға тиіс» деп атап өтті [1].

Кәмелетке толмағандар арасындағы теріс құбылыстардың алдын алу мәселесі, олардың әлеуметтік бейімделуі, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау деңгейін арттыру, отбасылық мәселелерді алдын алу, әлеуметтік жетімдік, балаларға қатал қатынас өткір әлеуметтік мәселелердің бірі болып қалып отыр.

Балалар қараусыз және панасыз қалуы - қазіргі заманғы әлеуметтік экономикалық және рухани адамгершіліктік дағдарыс әсері ретінде тек Қазақстанда емес, сол сияқты әлемде әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың болуы, олардың өмір сүру деңгейі төмендеуі, жасөспірімдердің қылмыстық деңгейінің өсуімен сипатталады. Балалар қараусыздығы балалар мен жасөспірімдерді бақылаудың болмауы немесе жеткіліксіздігін қалыптастыратын, ата-ананың тарапынан тәрбие әсерінің болмауы негізінде қалыптасатын әлеуметтік және педагогикалық құбылыс ретінде саналады. Қадағалаусыз қалу балалар отбасынан, балалар ұжымынан, бала тәрбиешісінен шет қалу арқылы көрініс береді. Көптеген елдерде балалар қадағалаусыз және панасыз қалуының ұлттық қатер төндіретін фактор ретінде бағалануы кездейсоқ емес. Осы әлеуметтік құбылыстардың таралуы, мемлекеттің қалыпты дамуына айқын қауіп туғызады, себебі, ол қылмыстың ұлғаюына ықпал етеді, нашарлық және қоғамның адамгершілік негіздерінің бұзылысына әкеледі. Панасыз және қараусыз балалар Қазақстанның болашағы үшін қауіпті, себебі, мемлекеттің даму перспективаласы тікелей физикалық денсаулықпен, адамгершілік тәрбие және өскелең ұрпақтың білімімен тығыз байланысты. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Балаларды тәрбиелеу - бұл болашаққа үлкен инвестиция» деп айтты.

Еліміздегі әлеуметтік мәселелер мен проблемаларды бірнеше бөлікке бөліп қарастыруға болады. Барлық маңызды салалар - білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, азаматтық қоғам институттарының қызметі және т.б. - арнайы заңнамалық актілермен реттеледі. Енді еліміздегі барлық әлеуметтік мәселелерді мына проблемалар бойынша жіктеуге болады. Оларға: орта тап өкілдерінің аздығы, маскүнемдік, қарақшылық, баспанасыздық, жұмыссыздық, жоғарғы өлім көрсеткіші, қоршаған ортаның ластануы, мүгедектер жағдайы, сыбайлас жемқорлық, нашарлық, балалар құқығының бұзылуы, төменгі туу көрсеткіші,

кәрі кісілер жағдайы, өзін өзі өлтіру, діни келіспеушілік, терроризм, жезөкшелік және т.б. жатады. Осы аталған проблемалардың Қазақстан қоғамына және әлеуметтік өміріне әсері жайында толығырық айтасак.

Бірінші мәселе – маскүнемдік. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстан маскүнемдікке салынған азаматтар санының көптігі жағынан әлем бойынша алғашқы ондықтың қатарында тұр екен. Әрине, бұл - дабыл қағатын жағдай. Осыған қарап, егемен елдің ертеңі үшін алаңдауға негіз бар. Себебі, мамандардың пікірінше, алкогольдік ішімдіктер адам ағзасын улап қана қоймай, түрлі ауруларға шалдығуына себепкер болады. Статистикалық деректер бойынша елімізде ішкілікке салынудың салдарынан жыл сайын 28 мыңға жуық адам бауыр, жүрек-қан тамырлары, асқазан жарасы, ми инсульті тәрізді дерттерді асқындырып алып, жарық дүниемен қоштасады екен.

Арнайы зерттеулер маскүнемдер отбасында туған балалардың басым бөлігінің денсаулығы нашар, қабілеті төмен болатынын дәлелдеген. Мәселен, француз дәрігерлері маскүнемдікке салынған он отбасында дүниеге келген 57 балаға зерттеу жүргізген. Нәтижесінде, 25 бала сәби кезінде шетінеген, 5 бала тырысқақ ауруына, 5-уі ауыр ми ісіктеріне шалдыққан. Сондай-ақ, 12 баланың ақыл-есі кем болып туса, қалған 10 баланың ғана денсаулығы салыстырмалы түрде дұрыс дамығандығы белгілі болған. Мұндай жағдайдан кейін маскүнем адамы бар отбасында дүниеге келген бейкүнә сәбилердің болашағына үмітпен емес, күдікпен қарамасқа амал жоқ. Әсіресе, «ұрпақтың саулығы – ұлттың саулығы» деген қағиданы ұстанған елімізде бүгінгі күні маскүнемдікке салынған жастар қатарының жыл сайын көбейіп бара жатқаны өкінішті. Отандық наркологтардың айтуынша, соңғы үш-төрт жылда маскүнемдікке бет бұрған балалардың саны 10 есеге артқан.

Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстанда бір жыл бойы сатылатын арақ-шарап өнімдерінің мөлшері жан басына шаққанда әрбір адамға 12 литрден келеді екен. Халықаралық сараптау нәтижесі бұл көрсеткіш 8 литрден асқан жағдайда, ондай елдің болашағы қауіпті екенін алға тартады. Мамандардың сөзіне қарағанда маскүнемдікке салынатындардың үштен бірін психологиялық ауытқуларға ұшырағандар құрайды екен.

Екінші мәселе - қарақшылық, қылмыскерлік. Қазақстанда қылмыс жасаушылардың саны артып барады. Ресми мәлімет қылмыскерлердің көбі жұмыссыздар екендігін айтады. Әйелдер мен кәмелетке толмаған балалардың арасындағы қылмыс да көбейген. Қазақстан статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, 2011 жылдың қаңтар-шілде айларында қылмыс жасаушылардың саны өскен. Осы уақыт ішінде республикада 97 692 қылмыс тіркелген. Яғни өткен жылдың осы кезімен салыстырғанда 19 550 қылмыс артық тіркелген (25 пайызға көп). Қылмыс жасаудан келген материалдық шығын - 158 516,3 миллион теңге. Оның 61,6 пайызы экономикалық саланың үлесіне тисе, 25,3 пайызы жеке меншік мүлікке қатысты жасалған. Елдің құқық қорғау орындары 47 620 заң бұзушылықты анықтаған. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда 2,5 пайызға аз. 30 227 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған (өткен жылғы көрсеткіштен 8,8 пайызға аз). Қылмыстың 91,2 пайызын жасаған – бірінші рет мұндай іске барған адамдар. Қайтара қылмыс жасағандардың үлесі 8,8 пайызды құрайды. Ал қылмыстың 78,6 пайызын жұмыссыздар жасаған. Қылмыстың әлеуметтік құбылыс екендігіне дәлел – қылмыс жасаған азаматтардың негізінен жұмыссыз екендігі. Әрі олардың саны аз болса да, үздіксіз артып келе жатыр. Егер 2006 жылы



олардың үлесі 72,7 пайызды құраса, 2007 жылы 73,3 пайыз, 2008-2009 жылдары 74 пайыздан, 2010 жылы 75 пайызды құраған. Өмірден өз орнын таба алмаушылық та адамды қылмыстық әрекеттерге баруға итермелейді. Өз есебім бойынша, соңғы бес жылда Қазақстанда 370 мыңнан астам адам (жалпы халықтың 2,3 пайызы) қылмысты бірінші рет жасаған.

Қылмыстың артуының негізгі себептері – шешімін таппаған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, идеологиялық және тәрбие жұмыстарының жүргізілмеуі. Қазір әйелдер мен балаларды құрметтеудің дәстүрлі шығыстық үлгісі еленбей қалып барады. Сол себепті әйелдерге қатысты жасалған қылмыс 147,5 пайызға, ал кәмелетке толмаған балаларға қатысты істелген қылмыс 125 пайызға өскен. Тұтастай алғанда барлық қылмыстардың төрттен үші әйелдерге қарсы жасалған. Халықтың нақты ақшалай кірісі 2011 жылдың шілде айында өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 1,4 пайызға азайған. Халықаралық еңбек ұйымының есебі бойынша, 2011 жылдың тамыз айында жұмыссыздар 461,2 мың адам, ал жұмыссыздық 5,3 пайыз болған. Өмірдегі түрлі жағдайлар, баспана мәселесі, жұмыссыздық, қолдау мен келешектің жоқтығы, тығырыққа тірелу адамды қылмыстық жолға итермелейді.

Қазақстандағы жұмыссыздық мәселесіне тоқталатын болсақ. Егеменді Қазақстанда жаңа экономикалық жүйенің қалыптасуымен, нарықтық қатынастарға көшумен байланысты еңбек ресурстарын жана талаптарға сай пайдалану маңызды және күрделі мәселе болып табылады. Әсіресе, алдағы уақытта демографиялық процестердің біршама шиеленісуіне байланысты және еңбек сапасына деген талаптар дүниежүзілік бәсекелестік ортада күнен күнге артуына байланысты, бұл проблеманың өзектілігі де арта береді. Қазақстанда еңбек нарығындағы жұмыссыздық - еңбек ресурстарын жұмыспен қамту, нақты бүгінгі күннің талабына сай, еңбек нарығын қалыптастыру – өзінің шешімін күтіп тұрған мәселелердің ең бір бастысы. ҚР Статистика агенттігінің мәліметіне сәйкес, 2011 жылы ҚР-да жұмыссыз тұрғындардың жалпы саны тұтастай 473,0 мың адамды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 23,6 мың адамға (4,7%-ға) аз. Жұмыссыздар деңгейі – 5,4% ( 2010жылы – 5,8%). Жұмыссыз ер адамдардың үлесі 43,3%, әйелдердің үлесі– 56,7%. Өткен жылы жұмыссыз жастардың (15-24 жастағы) жалпы саны 12,2%-ды, немесе 57,9 мың адамды құраған болатын. Жұмыссыздық қай мемлекеттің болмасын ұлттың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін №1 әлеуметтік дерт болып табылады. Қылмыс пен кедейшіліктің, жезөкшілік пен қайыршылықтың түп-төркіні жұмыссыздыққа келіп тірелетіні анық.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын. Тәуелсіз Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрестің даму тарихын жалпылай төрт этапқа бөліп қарастыруымызға болады. Бірінші этап – 1992-1998 жж. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің бастапқы кезеңі және нормативтік-құқықтық базаның қалыптасуы. Екінші этап – 1998-2000 жж.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты құқықтық және әдістемелік негізі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы туралы заңнаманың пайда болуы.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың ең көп тараған түрі бюджет қаражатын ұрлау (19), қызметтік жалғандық жасау (16), парақорлық (8), қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану (5). Барлық анықталған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жартысына жуығы Ақтау қаласында, 40 пайызы Жаңаөзен қаласында, қалған 12 пайызы басқа аудандарда жасалған. Сыбайлас жемқорлық бойынша: ауыл әкімдеріне қатысты-3, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне қатысты-16, мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты-7 қылмыстық іс қозғалған. Мемлекет басшысының және Агенттік төрағасының тапсырмалары бойынша Маңғыстау облысы бойынша Қаржы полициясы департаментінің жедел-қызмет құрамы азаматтар мен кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Елбасымыз атап айтқандай, «сыбайлас жемқорлықпен күрес қылмыскерлерді жазалау жөніндегі табанды шаралар ғана емес, бұл – мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының тұтас кешені» болып табылады. Сол себепті әрбір Қазақстан Республикасының азаматы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың халықаралық тәжірибесі мен барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Қазақстан қоғамында соңғы жылдары етек алып кеткен әлеуметтік мәселе – өз өзіне қол жұмсаушылық. Қай дінде болмасын, өз өзіне қол жұмсайтын адамдар жайында жақсы нәрсе айтылмайды. Исламның өзінде мұндай жандарды Құдайға қарсы шыққанмен бірдей деп есептейтіні белгілі. Содан да болар, тура жолдан таймаған ата-бабаларымыз өзінің өмірін өзі қиғандардың жаназасын шығармаған. Жерлейтін кезде де ауыл моласынан тысқары жерге апарып, жалғыз жерлеген. Алайда, қазір ондай емес, қазақ қоғамында суицидке баратын "жанкештілердің" саны тым артып кеткеннен кейін бе мұндайлардың жаназасын да шығарады, жұртпен бірге жерлейді де. Тым артып кеткен деп бекер айтып отырғанымыз жоқ. Қазақстан суицид көрсеткіші бойынша әлемде ең алғашқы орындардың бірінде. Ал, Орта Азия елдері арасынан біздің алдымызға түсетін мемлекет жоқ. 2010 жылғы мәлімет бойынша бүкіл Қазақстанда 145,9 мың адам қайтыс болған екен. Оның ішіндегі үш мыңнан астамы өз-өзіне қол жұмсағандар. Алаңдататын тағы бір нәрсе, осынау індет салдарынан көз жұмып жатқандардың арасында жастардың үлес салмағы артып кетіпті. Олардың басым бөлігі ер азаматтар дейді статистика мамандары. Бұл жағымсыз құбылыстың себебін әркім әрқалай түсіндіріп жүр. Жалғыздық, ішкі күйзеліс, өмірдің қиыншылығын көру, жіберілген қателіктер және тағысын тағы. Әсіресе, соңғы кезде сүйіктісімен ренжіскендер арасында суицидке жол беретіндердің қатары артып кеткен. Мұндайлардың кеселін медициналық аурулар қатарына жатқызу қиын, әрине. Мұны бір сөзбен рухани азғындау дер едік. Азып-тозбаса дәл мұндай оқиғалар күн сайын тіркелмес еді.

Қазіргі таңда бүкіл әлем ғалымдары суицидтің алдын алу үшін де, себебін анықтау үшін де барын салып жұмыс істеуде. Түрлі деңгейдегі іс-шаралар күніне қаншама рет өтіп жатыр. Алайда, еш нәтижесіз. Көрсеткіштер қысқарудың орнына жылдан жылға артып барады. Және мұндай шаралардың күніне мыңдағанын

өткізсеңіз де бұл цифраларды қысқарта алмайсыз. Өйткені адамзат баласы рухани тұрғыдан келгенде әбден азып-тозды.

Әлемді кезіп жүрген терроризм елесі елімізге де жетті. Астана, Атырау, Ақтөбе мен Тараз қалаларында жарылыстар мен қанды оқиғалар ретінде бой көрсетті. Жалпы, сарапшылардың пікірінше, еліміздегі терроризмге қарсы күресті шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады. Бірінші кезең – шетелден келген діни радикалдық ұйымдарға және экстремистік пиғылдағы азаматтарға қарсы күрес. Ол кезде күштік құрылымдар оларды ұстап, жазалап, ың-шыңсыз, дабыра етпей елден шығаруға ұмтылды. Террактілердің жасалуына алғы-шарттары бұрыннан болғанын қазір арнайы қызмет өкілдерінің өздері де мойындай бастады. Екінші кезеңде діни экстремистік ұйымдардың мүшелері болып табылатын қазақстандық азаматтар ұсталды. Мұны жасыру мүмкін емес еді. Бұл сырттан келген бұзық пиғылды ұйымдардың жұмысының әрекедік нәтиже бере бастағанын көрсетті. 2011 жылға дейін арнайы органдар діни радикалды топтардың жоспарларын бастапқы кезеңде болдырмай келген көрінеді. Былтыр 11 күш көрсету акцияларының алды алынып, 18 экстремистік топтың заңғы қайшы әрекеттеріне тосқауыл қойылған. 11 мыңнан аса осал нысандардың қауіпсіздігі күшейтілген. Үшінші кезеңде бірнеше дүркін жарылыс бүркеулі жатқан қазанның қақпағын ашып берді. Өзін «тұрақтылық пен келісімнің аралы» ретінде көрсетуге ұмтылған Қазақстанның шынайы бейнесі көріне бастады.

Жоғарыда айтып өткен әлеуметтік проблемалардың барлығы да қазіргі кезде зерттеліп, өз кезегінде шешімдерін тауып немесе таппай жатқандары да бар. Дегенмен де, өз басым әлеуметтік топтың бір мүшесі, болашақ жас маман, жас тұлға болғандықтан, жалпы жастар проблемаларына ерекше тоқталғым келеді. Жастар саны, әлеуметтік жағдайына байланысты статистикалық мәліметтерге сүйене айтуға болады. Жастардың жағдайы туралы 2005 жылғы бүкіләлемдік баяндамада келтірілген мәліметтер бойынша, 1995 жылға қарағанда 2005 жылы жас адамдар (15 пен 24 жас арасы) саны 1,02 миллиардтан 1,15 миллиард адамға дейін өскен. Қазіргі кезде жастар дүние жүзі халқының 18 пайызын құрайды екен.

Жастарға қатысты мәселелерді зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сүйенер болсақ, олардың алдында шешуді қажет ететін көптеген проблемалар бар. Осылардың ішінен бесеуі ерекше бөліп аталған. Сөз ретінде Қазақстанда жастар проблемасына арналған зерттеулердің жеткіліксіздігіне байланысты көп жағдайда ресейлік мамандардың мәліметтеріне сүйенуге тура келетінін ескерте кетпекпіз.

Олардың біріншісі “Қайда тұрамын?” деген проблема. Мұның, яғни пәтер мәселесінің бірнеше қырлары бар. Біріншіден, жастар барлық уақытта және барлық жерде бірдей қоғамның қамтамасыз етілген бөлігі бола бермейді. Өйткені, олар өмір сүруді енді ғана бастаған, негізінен ата-аналарының табыстары есебінен күн көріп жүрген қоғамдағы жеке тап болып табылады. Ал ата-ана өмірге деген көзқарастарына немесе материалдық жағдайларына байланысты балаға, үйленгеннен кейін жас отбасына жеке пәтер керек пе деген мәселені үнемі оңтайлы шешіп беріп отыра алмайды. Көптеген жағдайда ата-ананың өз балаларының талаптарын қанағаттандыруға қауқарлары да жетпей жатады. Жастардың өзінде боса-болмаса ақша жоқ. Ал несие алайын десе, бір жағынан тұрақты жұмысы, қомақты табысы болмағандықтан оларға банктер несие бере қоймайды, екінші жағынан, амалын тауып несие алған күннің өзінде жастардың аса жоғары ставкамен берілетін кредиттерді төлеуді қалталары көтермейді.

Екінші проблема “Қайда және қалай оқимын?” деген сауалға келіп тіреледі. Жоғары білімсіз, кәсіби даярлықсыз табысы жақсы жұмыс табу мүмкін емес. Сондықтан жастардың дені, дәлірек айтқанда, өз ертеңі туралы ойланғандары білім алуды мектептен кейін де жалғастыруға тырысады. Бірақ бұл ретте де ақша мәселесі алдан шығады. Өйткені, жоғары оқу орнына тегін түсу үшін тума талант болу керек. Ал ондай ерекшелік екінің бірінің маңдайына жазыла бермеген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1.Тетерский С.В. Введение в социальную работу. – М., 2000. [1]
- 2.Теория социальной работы/ Под ред. Е.И.Холостовой. – М., 1998.
- 3.Благотворительная деятельность императорского «человеколюбивого общества» в XIX веке /А.Р. Соколов //Вопросы истории.- 2003.- №7
- 4.Теория социальной работы / Под ред. Е.И.Холостовой. – М., 1998. [2]

### **ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ**

*Нурабаева Шуга Турмаханбетовна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі:*

*Кенжебекова Рабига Ибрагимовна - д.п.н., профессор*

#### **Аннотация**

*Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұрғандай, оқушының ақыл - ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің, негізгі ерекшелігі. Білімді меңгеру және оны бекіту үшін, дағды мен әдет қалыптастыруда оқушыға қайталау және жаттығу қажет. Егер оқушының ойлауы образды, эмоциялық әсерде болса, ол соғұрлым жақсы нәтиже береді, сондай - ақ білім қызғылықты әрекетпен байланысты болса, оқушының іс - әрекетімен іштей қабысып жатса, ондай білімді оқушы дұрыс меңгереді.*

Оқушы әрбір затты ұстап, дәмін татып, сан рет байқап көреді. Оқушыбақшада оқушы психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар (Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров, Т. Тәжібаев т. б) өз еңбектерінде айтып кеткен. Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Ойын оқушы үшін еліктеу, инстинкт күнделікті негізгі іс - әрекет және өмірі деп дәлелдеген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатқа пайдалану – болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген.

Оқушының тәрбиесіндегі мектепке дейінгі мекемелердің, әсіресе дидактикалық ойындар арқылы оқушының математикалық қабілеттерін оятудың әсерін Ресей ғалымдары Т. В. Лодкина, А. И. Захаров, В. С. Мухина, А. М. Леушина, Е. И. Щербакова, Е. О. Смирновалар атап көрсеткен. Дидактикалық

ойындардың ықпалын оқушының сезініп, түйсінуі және сөз түрінде бейнелеуінің маңызын А. В. Запорожец, А. Д. Кошелева және т. б. белгілеген. Бір нәрсе жасауға тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де оқушының жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте - бірте қалыптастырады. Дидактикалық ойын оқушының қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі. Оқушы бақылау, оқыған кітап, естіген ертегі арқылы айналасын таниды. Олардың түсінігі алғашқы кезде айқын болмайды. Тәрбиеші оқушының түсінігін дидактикалық ойындар арқылы нақтылап, дамытып саналы түрде түсінуін өрістетеді. Мысалы, бір заттың түсін атаңдар? Бояудың қандай түрін білесіңдер? Үй жануарларының үшеуін атаңдар. Оқушы дидактикалық ойын арқылы әр затқа байланысты жаңа білімді меңгеріп, түсінігін тиянақтайды. Әрбір дидактикалық ойын ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл - ой қызметін қалыптастырады. Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеудің құралы болып табылады. Дидактикалық ойынмен ұйымдастырылған сабақ оқушыларға көңілді жеңіл келеді. Сондықтан дидактикалық ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескертуге ерекше назар аударған жөн.

Дидактикалық ойын – оқушылар үшін оқу да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол оқушыларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз – оқушыларға белгілі – бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс - әрекет.

Дидактикалық ойындардың мақсаты:

1. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру;
2. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;
3. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тиянақтау және бекіту;
4. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қайталау және пысықтау;
5. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тексеру

Дидактикалық ойынның міндеті:

1. Оқушының қызығушылығын туғызу;
2. Оқушының белсенділігін арттыру.

Оқушыбақшадағы тәрбиелеу - оқыту жұмысында оқушылардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Ойын - оқушы өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Оқушы өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп ұғынады.

Белгілі психолог Е. А. Аркиннің пайымдауынша, ойын және ойыншық оқушылар өмірін сипаттайтын бірден - бір жалпы ұғым: «Оқушықай өсімдік сияқты өз ішінен өсіп жетіледі. Және бұл үрдіс катал түрде әр жеке оқушының өзіне ғана тән. Оқушы тіршілігінің негізгі заңдарының бірі осындай».

Кезінде К. Д. Ушинский, В. А. Сухомлинскийлер оқушыбақша тәрбиеленушісі – оқушылық үшін оларды тәрбиелейтіндей орта туғызу, жағдай жасау керектігін атап көрсеткен болатын. Оқу мен тәрбиеге байланысты жұмыстарды үйлестіруде іздестіру барысында С. Т. Шацкий қазірге дейін маңызын жоймаған мынадай пікір айтқан еді: «Біздің қолымызда күш пен қаржы болғандықтан, біз тек арнаулы мектеп ғимараттарындағы емес, одан тыс жерлердегі педагогикалық үрдістерді зерттеуіміз керек».

«Оқушылардың ойын әрекетін ұйымдастыруды қалай жақсартуға болады? Бұл мәселе педагогикалық үрдісте қандай орын алады?» деген сұрақтарына жауап іздеп көрелік. Ойын әрекеті оқушылардың бағалы өмірінің алғашқы күнінен бастап – ақ маңызды орын алады. Алайда жақсы, дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Ойын мектепке дейінгі тәрбиешілердің бірден - бір көмекшісі болуы керек деген.

Дидактика - термині гректің «дидактос», яғни үйрететін деген сөзден шыққан. Дидактикалық құралдар оқу міндеттеріне сай арнайы әзірленеді. К. Д. Ушинский мектеп жасына дейінгі оқушылардың ерекшеліктерін ескерсе, былай деп жазады: «Оқушы табиғатты көрнекілікті аса қажетсінеді. Оқушыға өзіне белгісіз бес сөзді жалаң үйрете бастасаңыз, көп уақытты зая кетіріп, босқа қиналасыз. Ал енді жиырма сөзді суреттермен байланыстыра үйретсеңіз, оқушы оны лезде қағып алады. Сіз оқушыға қарапайым ғана ойыңызды қанша түсіндірсеңіз де, оңай ұға қоймайды. Дәл сол ойды күрделі суреттер көрсете баяндасаңыз, ол сізді тез түсінеді»

#### **Дидактикалық ойынның түрлері:**

**1. Экспресс - опрос - Жылдамдата сұрау немесе Жылдамсұрақ** – Мұғалім сұрақтар тізімін жасайды. 1 оқушыны секундант етіп сайлап алады. Мұғалім сұрақтарды оқығаннан кейін, оқушылардың біреуі 3 секунд ішінде берілген сұрақ жауабын тез айту керек. Секундант уақытты қадағалап тұрады. Жауап қайтарылмаған сұрақтарды соңынан қайта қояды. Онда да жауап берілмесе мұғалім өзі жауап береді.

#### **2.Компакт опрос – Біртұтас сұрақ**

Әр қатарға немесе топқа 1 немесе 3 сұрақтан беру керек.

Қойылған сұраққа 1- қатар оқушылары - 1 сөйлеммен ,

2 -қатар - 3 сөйлеммен, 3-қатар - 10 сөйлеммен жауап беру керек. Кейде 2- қатардағы 1 оқушы кіріспесін, 2-сі негізгісін, 3-сі қорытындысын айтуға болады. Ал 3- қатарда 10 сөйлемді 10 адам немесе 1 оқушы айтуға да болады.

#### **3.«Цепочка» - «Тізбек» .**

Бұл ойында соңғы сөз, әріп немесе сөйлеммен келесі сөз, сөйлем басталу керек. Тізбекті үзген оқушы айыпты болып, конверттегі сұраққа жауап береді яғни орнында отырып өзі орындай береді. Ойын әрі қарай жалғасады. Соңынан бағаланады. Бұл ойынды терминдермен жұмыс кезінде, есептер құрастыру кезінде, атаулармен (номенклатурамен) жұмыс жүргізу үшін қолдануға болады.

М: Вулкан – Нивелир – Рельеф – Фация – Ядро – Оазис - ...

#### **4.«Вертушка общения»-Айналмалы қарым –қатынас.**

Бұл ойын 90 минутқа лайықталып жүргізіледі.

4-5 партаны қойып, оқушылар дөңгеленіп отырады. Ортасына тапсырмалар жазылған карточкалар (парақтар) қойылады.

Алғашқы 20 минут осы тапсырмалармен жұмыс болады. Әркім өзінше таза параққа төбесіне фамилиясын жазып қояды да тапсырмаларды орындайды. 20 минуттан соң «Орындарыңнан тұрындар» деп оқушыларды бір мезгілде орындарынан тұрғызады. Олар сағат тілінің бағытымен орындарын ауыстырады. Жауап парақтары өз орнында қалу керек. Сағат тілінің бағытымен 1- оқушы 2-оқушының орнына, 2-оқушы

3-оқушының орнына ауысып отырады да, сол оқушының жұмысын тексереді. Әркімнің қаламы өзінде болуы қатаң ескеріледі. Тексеріп болған соң орнынан тұрып, тағы ауысады

( бәрі бір мезгілде).

Ең соңында әрбір оқушы өз орнына отырады. Соңғы

5 минут қатемен жұмыс болады. Сыныпқа бір тапсырма беріледі. Сабак аяқталған соң парақтарды жинап, немесе сол парталарға барып тексереді.

### **5. Аукцион.**

Жүргізуші сыныптағы барлық оқушыларға өткен тақырып бойынша сұрақтар дайындайды. Ойынды өткізу үшін ағаш балғаша керек. Жүргізуші аукционды жүргізеді: сұрақтар қояды, оған комментарий жасайды және жауаптарды бағалайды, жеңімпаздарды анықтайды. Дұрыс жауаптарына байланысты көп фишка жинаған оқушы жеңіске жетеді.

### **6. «Ораторлар турнирі».**

Алдын –ала берілген тақырыпқа бірнеше оқушы хабарлама жасайды. Байқауды жүргізуші мұғалім немесе әділқазылар бағалайды. Олардың білімдері ғана емес, дәлелді және 1-1 мен байланысқан сөздері яғни сөйлеу шеберлігі де бағаланады.

### **7.«Тірек сигналдары».**

Мәтін оқылады, оқушылар оны жақсы түсініп, конспектілеуге тырысады. Конспектіде сөз және сөйлем болмау керек. Мәтінді бөлімдер бойынша бейнелеуге болады, схемалар ретімен демонстрацияланады, түсіндіріледі, барлығы бағаланады және бейненің басқаға ұқсамайтын, өзіне ғана тән өзгешеліктері есепке алынады.

### **8 .«Басқатырғылар базары»**

Оқушылар үйде кроссворд, чайнворд, домино, хронологиялық лото, викторина, ребустар т.б. жасап келеді, ал сабақта оларды шешеді. Жекелей де, топпен де жұмыс істеуге болады. Оқушыларға оқулықты, карта, көмекші және құжат материалдарын пайдалануға рұқсат беріледі. Жүргізуші ең белсенді, іскер, пысық, жігерлі, тапқырларды анықтайды. Үйде және сабақта оқушылардың қалай жұмыс істегенін атап өтеді. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» -деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алды. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Балалар ойын арқылы тез табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады.

Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын

технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын- дегеніміз не? Ойын дегеніміз — халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, денешынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын. Соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым –қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады.

Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек. Кейде ойынның мазмұны, ережесі балаларға дұрыс түсіндірілмейді де, балалар оған қызықпайды, зейін қойып тындамайды. Оның үстіне дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар-дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.
2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар- «Лото», «Домино», т.б.
3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінде оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ. Ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар оқушылардың ақыл ой белсенділігін маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау, зерді үрділерін дамытады. Міне, сондықтан да ойын оқу әрекетінде жетекші рөл атқарады. Дидактикалық ойындар оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Дидактикалық ойындар дегеніміз оқыту мақсатын жүзеге асыруға арналған ойындар. Дидактикалық ойындар оқушының байқампаздық, елестету, есте сақтау, сөйлеу, ойлау қабілеттерін, сенсорлық бағдарын дамытады. Ойын барысында балалар да жаңа білім мен әдістерді үйрену керек екенін түсінеді. А.Құнанбаев айтқан: «Балалар өздігінен кішкентай кезінен оқуға ұмтылмайды.



Балаларды білімге деген құштарлығы артқанша оларды күштеп тарту арқылы үйрету керек деп» Ойын барысына қызыққан бала, ол өзі де үйреніп жатқанын байқамай да қалады,бірақ та бала іс-қимылдарды қайта құрылымдаған кезінде қиналады. (автодидактизм құбылысы) Ойын барысында бала өзінің қолынан келетінін жасауға ұмтылады. Дидактикалық ойын - бұл оқу құралдарымен немесе оқу іс-әрекеті барысында қолданылатын әдіс емес. Дидактикалық ойын көп жоспарлы, қиын педагогикалық құбылыстар, ол балаларды ойын әдісі арқылы үйрету болып табылады, білім беру нысаны және өзіндік ойын ойнау,балаларды жан-жақты дамыту болып табылады. Дидактикалық ойын, ойын әдісі ретінде екі жақты қарастырады. Ойын-оқу іс-әрекеттері. Бұл ойында басты рөлді педагог басқарады, педагог әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып , ойын жағдайын туғызады, жарыс элементтерін қолданады. Педагог ойын барысында тек қана ойнатып қоймайды балаларға белгілі бір білімді береді, ойнау дағдыларын қалыптастырады. Егер де оқу барысында қоршаған орта туралы білімдерін дамытуда тереңдетілсе, дидактикалық ойында балаларға тапсырмалар жұмбақ ретінде,ұсыныстар, сұрақтар ретінде қолдануға болады. Дидактикалық ойын жеке ойын қызметі осы ойын әрекетін сезіну ретінде қарастырылады. Ойынның бала тәрбиесіне маңыздылығын бұрынғы және қазіргі педагогикалық әрекеттерде қарастырады. Педагогикалық ғылыми жүзінде ойынның екі жақты маңыздылығын көрсетті: жан-жақты даму үшін және шағын дидактикалық тәртіп бойынша.

Ян Амос Коменский чех педагогы (1592-1670) ол ойынның бала өміріне ең керекті жағдай деп есептеді,ойын арқылы ақыл-ойы дамиды,ойын барысында балалармен араласады қоршаған орта туралы түсініктері қалыптасады деген.

Фридрих Фребель: «Ойын барысында баланы дене қимылы, тілі, ойы, ойлауы қалыптасады» - деген.

Константин Дмитриевич Ушинский орыстың педагог демократы, Ресейде ғылыми педагогиканың негізін қалаушы - ол ойын туралы балалардың ойынының мазмұны қоршаған ортаға байланысты деген. Егер де бала ойын барысында кейбір балалар нұсқау беруді, кейбірі соған бағынуға дағдыланса, ол сол істен болашақта қайтуы қиын деп есептеген.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Адамтаева Г. «Білімді тиянақтау». Бастауыш мектеп 10-2004ж.
2. Асқарова Ж. «Интеллектуалды ойын». Бастауыш мектеп 2-2002ж.
3. Ақбаева «Дидактикалық ойындар». Бастауыш мектеп 3-2000ж.
4. Әбішева А. «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері». Бастауыш мектеп 4-2003ж. 17бет.

## **В. СУХОМЛИНСКИЙДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖҮЙЕСІН САРАЛАУ**

*Сайдаева Меизкуль Умиралиевна  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі*

**Аннотация**

*В.А.Сухомлинскийдің өмірі мен педагогикалық қызметі туралы бүгін де біршама әдебиет баршылық, әдебиеттердің үлкен бөлігі В.А.Сухомлинскийдің ағұмырнамалық деректерін және педагогикалық көзқарасын талдауға арналған.*

Сырт қарағанда, В.А.Сухомлинскийдің өмірі көптеген оның құрдастары мен замандастарының өмірбаянының айырмашылығы өте аз сияқты көрінеді.

Василий Александрович 1918 ж.28 қыркүйекте Васильевка селосында Херсон жерінде (қазіргі Кировоград облысы). Осында оның балалық және жастық шағы өтті.

В.А.Сухомлинский, В.Г.Короленко атындағы Полтава педагогикалық институтында оқыды. В.А.Сухомлинский педагогика ғылымының негіздерінен білім алғаны балалармен жұмыс істеу ептілігіне, қарым-қатынас мәдениетіне, ғылыми ізденіске ұмтылуды қалыптастырғаны үшін Полтава педагогикалық институтына қарыздар. Бұл институттың қабырғасында оның есімі мәңгі қалды.

1982 жылы В.Г.Короленко атындағы Полтава педагогикалық институтының ғимаратында Василий Александровичтің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында мемориалдық тақта орнатылды.

1938 жылы институтты бітіргеннен кейін, В.А.Сухомлинский өзінің туған жеріне оралады, Онуфриев орта мектебінде украин тілі мен әдебиетінен мұғалім болып қызмет атқарады.

1941 жылы өз еркімен майданға аттанады. 1942 жылы қаңтар айында Москва ерлікпен қорғау кезінде Сухомлинский ауыр жарақаттанады. Уралда әскери госпитальде ұзақ емделгеннен кейін, сол кезде неміс басқыншыларынан азат етілген туған жеріне қайтадан оралды.

1948 жылы В.А.Сухомлинский Павлыш орта мектебінің директоры болып тағайындалды және үзбестен оны өмірінің соңына дейін, 22 жыл бойы басқарады. Соғыстан кейінгі тұрмыстың барлық қиындығын басынан кешуге тура келді. Соғыстан қираған Украина селоларында алғашқы соғыстан кейінгі жылдарда өмір сүрген қиын болғандығын жақсы біледі, соғыс қаншама балаларды анасынан, әкесінен және ең жақын бауырларынан айырды. Мектепке тек ғана қарапайым мұғалім ғана емес, балалардың жаралы жан дүниесін арашалай білетін, соғыстың құрбаны болған ата-аналарының орнын толтыратын ұстаздар қажет болды. Осындай мұғалім өз шәкірттері үшін әкесі және тәлімгері, әр күн және әр сағат сайын өз жүрегінің жылуын арнаған В.А.Сухомлинский болды.

Педагогке философ сияқты, оның танымдық қағидалары, педагогикалық сенімдерін қалыптастыру үшін ондаған жылдарды қажет етеді. В.А.Сухомлинскийдің көптеген жылдары осыған кетті. В.А.Сухомлинскийдің рухани күш-жігері мен талантының шарықтаған кезінде 1970 жылы 2 сентябрьде дүниеден озды. 1942 жылы Москва маңында алған ауыр жарақаты із-түссіз кеткен жоқ, кейін ол біліне бастады.

Өзінің педагогикалық еңбегі үшін ол екі рет Ленин орденімен марапатталды. 1957 жылдан В.А.Сухомлинский РСФСР Педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі, 1958 жылдан УССР-нің еңбек сіңірген

мұғалімі. 1968 жылы оған үкіметтің ең жоғарғы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сол жылы СССР Педагогикалық ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесіне сайланды.

В.А.Сухомлинский – 41 монографиялар мен жекеленген кітаптардың, 600 астам ғылыми мақалалардың, 1200 әңгімелер мен ертегілердің авторы. Оның еңбектерінің жалпы таралымы біздің елімізде және шет елдерде әртүрлі тілдерде 4 миллионға тарта данаға жетті. 1970 жылдың сәуір айында ол еңбектерінің жиынтығы бойынша докторлық диссертацияны қорғау үшін “Жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу мәселелері” тақырыбында баяндамасын аяқтады.

В.А.Сухомлинскийдің еңбектерінің ішінде еліміздің педагогикалық жұртшылығы мен көптеген шетелдерде белгілі және кеңінен тараған “Балаға жүрек жылуы”, “Азаматтық қалыптасуы”, “Коллективтің құдыретті күші”, “Павлыш орта мектебі”, “Мұғалімдерге жүз кеңес”, “Мектептің жас мұғалімімен әңгіме” т.б. кітаптарын ерекше атауға болады.

А.С.Макаренконың идеясының белсенді ізбасары және жалғастырушы В.А.Сухомлинский ұжыммен және жеке оқушымен жұмыс істеу әдістемесіне көптеген жаңалық енгізді. В.А.Сухомлинский дәстүрлердің, фольклордың, табиғаттың және т.б. тәрбиелік ықпалы мәселелерін терең және жан-жақты талдады.

Оның қызметінде әрбір педагогтың өзінің кәсіби қызметіне шығармашылықпен қарау мәселесі басты орынды алды. Өзінің “Мектептің жас директорымен әңгіме” еңбегіне былай деп жазды: “Егер педагогикалық еңбек мұғалімі қуаныш әкелсін десеңіз, егер күнбе-күнгі өткізілген сабақтар жалықтыратын, бірсарынды қайталанып отыратын жұмысқа айналмасын десеңіз, әрбір мұғалімді зерттеудің бақытты жолына жетелеңіз”.

Бүкіл әлемге ерекше танымал болған В.А.Сухомлинскийдің “Балаға жүрек жылуы” еңбегінде ол балаларды үйлесімді дамытуға бағытталған тәрбиешінің жұмысының жемісті болуы әрбір баланың рухани өмірі мен даму ерекшеліктерін тек ғана терең білгенде ғана мүмкін екендігін анық та және айқын көрсетіп берді.

В.А.Сухомлинскийдің көзқарасының қалыптасуына Я.Корчактың әсері ерекше болды. Белгілі поляк педагогының тамаша еңбектерімен, атап айтқанда “Баланы қалай сүйеге болады” (1920), “Қашан мен қайтадан кішкентай боламын” (1926) В.А.Сухомлинский соғысқа дейін таныс болған еді. Я.Корчак гитлер конц-лагерлерінің бірінде 1942 жылы тамыз айының бас жерінде. Жетімдер үйінің тәрбиеленушілерімен бірге қайтыс болды. Өзінің өмірін сақтауға болар еді, оған бірнеше рет қашуға ұсынған болатын-ды. Бірақ ол өзіне шексіз сенген адамдарды сатып кете алмады. Көргендердің айтуына қарағанда, достарының геттоны тастап кету және өзін аман сақтау туралы ұсынысына, өз ісіне берілгендігімен жауап берді. Я.Корчак газ толтырылған камерада өлім азабының соңғы минуттарының алдында қолынан ұстап, балалары мен бірге болды. Бүкіл өз өміріне терең адамгершілік мән бете отырып, өз борышын балаларының алдында аяғына дейін орындады.

Адамгершіліктің ең жоғарғы өлшеулі болып табылатын Я.Корчактың ерлігін В.А.Сухомлинский соғыстан кейін білді. “Януш Корчактың өлімі – деп жазды “Балаға жүрек жылуы” кітабында, - оның ерлігі ерекше адамгершілік күш пен тазалықтың мен үшін жігерлендіретін шабыт болып табылады”.

Балаларды мадақтау және жазалау идеясы тәрбие құралы ретінде кездейсоқ пайда болған жоқ. Оның көп жүйелерде қызығушылық танытты.

В.А.Сухомлинский – гуманистік дәстүрлердің лайықты ізбасары болып табылады. Павлыш мектебінде жазалаусыз тәрбие бүкіл педагогикалық ұжымның педагогикалық қағидасы болып табылады. “Он жыл мен, - деп жазды В.А.Сухомлинский,- өзімнің тәрбиеленушілерімді жазалаусыз тәрбиеледім және олар белгілі адамдар болып шықты”.

В.А.Сухомлинский баға туралы жазалау құралы ретінде айта келіп, оны тек ғана жоғары сыныптарда қанағаттанғысыз баға қою баланың жүрегін жаралайды, психологиясына әсер етеді, өзіне деген енімі жоғалады. Сухомлинскийдің айтуынша, барлық балалар I сыныпқа бір ғана мақсатпен жақсы оқу үшін келеді.

Тек ғана баланың оқудағы 7 жетістігі, оның әрбір күн сайын алға басқан қадамы оған күш-жігер береді. В.А.Сухомлинский төрт жыл бастауыш сыныпта оқығанда бірде-бір қанағаттанғысыз баға қоймапты. Бірде бір бала екімен жазаланбапты.

Баға В.А.Сухомлинскийше, жазалау емес, жалқаулығы үшін жазалау емес, әруақытта да оптимистік түрде еңбегі үшін марапат деп түсінді. Көрнекті педагог Василий Александрович Сухомлинский (1918-1970) өзінің педагогикалық жүйесінде әрбір оқушының басынын жан-жақты дамуының, дара ерекшеліктерінің, бейімділігінің, қызығушылығының, тағы басқа қабілеттерінің жетілуіне бағытталған оқу-тәрбие процесін ұйымдастырды. «Павлыш ортамектебі, «Балаға жүрек жылуы», «Ұжымның құдіретті күші», «Мектептің жас директорымен сырласу», «Ұлыма хат», тағы басқа құнды еңбектері арқылы В.А.Сухомлинский жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудің ұлы ісінің жалғастырушысы болды.

В.А.Сухомлинскийдің шығармашылығы әрбір жыл өткен сайын біздің елімізде, сол сияқты шетелде ғылыми және педагогикалық жұртшылықтың тарапынан бірден-бір ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл кездейсоқтық емес. Оның талдаған педагогикалық жүйесі педагогика ғылымын жаңашылдық идеялармен және қағидалармен тек ғана байытып қойған жоқ, теорияға, сонымен қатар білім беру және тәрбие тәжірибесіне ерекше үлес қосты және отандық педагогикалық ой-пікірдің дамуына белгілі реваолюциялық кезең болды.

Василий Александрович Сухомлинский мектеп коллективінің мәні мен оны тәрбиелеудің принциптерін терең ашып көрсетеді, идеялық-азаматтық мазмұнды коллективтің өмірі мен дамуының негізі деп белгілейді. Бұл кітаптың ерекше құндылығы кісіге коллективтік тәрбиенің ықпалын терең ашып көрсетеді. Осы бөлімді оқи отырып, автордың адамдық өзара қарым –қатынастың аса нәзік қырларына соншалық бойлап енуіне, педагогикалық бақылауларының байлығы мен сан алуандығына таң қалмасқа болмайды.

В. А. Сухомлинский «Жастарды адамгершілікке» тәрбиелеудің проблемаларын» зерттеді. Сухомлинский еңбектері басты да күрделі міндеттерді шешу — барлық жастарға орта білім беруге арналған. Педагогиканың мұндай күрделі де маңызды міндеттері — комплексті түрде, мектеп практикасы арқылы, мектептің қазіргі жағдайына байланысты шешіліп, нәтижесі тез арада тарап кетті. Ол халықтық педагогиканың үлгісіне сүйенеді. Ол халықты нағыз тірі құрал ретінде педагогикалық даналықтың көзіне айналдыра отырып зерттеді. Ұжымда тәрбиелеу принципін кеңірек және сенімді түрде іске асыру ұлы педагог В.А.Сухомлинскийдің еңбектері мен тәжірибелерінде орын алған. Ол бұл

принциптің методологиялық мөнін түсініп, тәжірибеде балаға ұжымның әсер ету күшін дәлелдеді. В.А.Сухомлинский ұжымның нақтылы әдісін зерттеді және ол әдістерді қолданудың шарттарын анықтады, ұжымның даму заңдылықтарын және құрылысының ерекшеліктерін ашты.

Мектеп тәрбиесін ұйымдастырудың топтық формасы ұжымдық деп аталады. Тек ұжымда ғана тұлға өзінің жан-жақты даму мүмкіншілігіне ие, сонымен бірге тек ұжымда ғана жекелей еркіндік болуы мүмкін. Ұжымдық рухта тәрбиелеу педагогикалық тәрбие мақсатындағы негізгі принцип. Бұл мақсатқа жетудің жолдары мен формалары ұжымға байланысты.

Шетелдік жүйе тәрбиесінен өткен кеңестік жүйе өзгешелігі — тұлға дамытудағы ұжымның атқаратын қызметі жетекші болып белгіленуінде. Кеңес мектебі әлемде бірінші болып, жеке тұлғаға бағдарланған тәрбиеден бас тартып, тәрбие іс-әрекетінің негізіне ұжымды қалады. Сөйтіп, тәрбие тәжірибесі мен теориясының дамуына деген көз-қараста үлкен қадам жасады. Ұжым тәрбиелік талпыныс-тар орталығына айналды, оны қалыптастыру мектептің негізгі міндеті ретінде қабылданды. Жаңа қойылған мақ-саттар кіші және үлкен мәселелерді теориялық үйлестіру мен талдауды қажет етті. Оларды шешуге А. С. Макаренко, Н. К. Крупская, В. А. Сухомлинский және т. б. атақты педагогтар күш жұмсады.

Бірақ, кең көлемде көзделген тәрбие жұмыстары жақсы нәтиже бере қоймады, жақсы ойлар іске аспады. Көптеген жылдар бойы үстемдік еткен ұжымдық тәрбие біздің мектептерде адамды жаңаша тәрбиелеуге өзінің елеулі үлесін қоса алмады. Бұл нені көрсетті — идеяның нашарлығын ба, әлде оның өмір қажеттігіне сай келмегенін бе? өткенді ойлай келе, бүгінде адамның жеке табиғатын жасау идеясы нақты да қарапайым болып шықты. Бұдан мынадай қорытынды шығады: жекелей дамуды кемсіте не ұжымдауды әсірелеп, тәрбие ісін біржақты қателікке апаруға болмайды. Ұжымдық және тұлғалық үйлесім көп жағдайда тәрбие туралы дұрыс көзқарастар негізіне алынуы шарт.

Білім беру мен оқыту органикалық талдаудың көзі, дамыған сезім мен ақылдың бірлігі, халық пен адамның үзіліссіз білім алуының қалыптасқан сұранысы. Сухомлинский өзінің көптеген еңбектерінде ең маңызды ой-пікірі — педагогтың мынадай екі мәселені шешуіне арналады. Біріншіден, оқушыларға білім қорын жинақтауға мүмкіндік беру. Екіншіден, оқушыларды ұдайы, барлық өмір бойы өз білімін толықтырып отыруға әсіресе, адамзат мәдениетінің қазынасын тиімді пайдалануға үйрету. Оның айтуынша, білім беру творчестволық процесс — адамның, жеке тұлғаның қалыптасуы өмірлік толастамайтын ағынды, тасқынды процесс. Оқыту, білім беру, тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып, кезекпе-кезек жалғасып отыратын тарихи процесс. Сухомлинский: «Адам білім арқылы жұмыс істеуге үйренуі — адамгершіліктің ең жоғарғы мұраты» — деп тұжырымдады.

Қазіргі Қазақстан Республикасында кәсіптік даярлыққа асқан қызығушылықпен талаптар қойылуда. Жаңа типті оқу орындары ашылып, оған жаңа оқу-құралдары жасалуда, гимназиялар, колледждер, лицейлер, жоғары кәсіптік училищелер, жекелей кәсіптік авторлық мектептер ашылып өз концепциясын жасау үстінде. Инженерлік — педагогикалық институттар, индустриальдық-педагогикалық техникумдар, педагогикалық колледждер көптеп ашылуда. Кәсіптік білім беру ұдайы дамуда. Бұл басқа ғылымдар мен ұдайы байланыста дамып, білім берудің комплексті жүйесін іске асыруда, жаңа теория мен концепция жасауда, мұның барлығы практикада сыналу үстінде.

Адамгершіліктің ең жоғарғы өлшеулі болып табылатын Я.Корчактың ерлігін В.А.Сухомлинский соғыстан кейін білді. “Януш Корчактың өлімі – деп жазды “Балаға жүрек жылуы” кітабында, — оның ерлігі ерекше адамгершілік күш пен тазалықтың мен үшін жігерлендіретін шабыт болып табылады”.

Балаларды мадақтау және жазалау идеясы тәрбие құралы ретінде кездейсоқ пайда болған жоқ. Оның көп жүйелерде қызығушылық танытты. В.А.Сухомлинский – гуманистік дәстүрлердің лайықты ізбасары болып табылады. Павлыш мектебінде жазалаусыз тәрбие бүкіл педагогикалық ұжымның педагогикалық қағидасы болып табылады. “Он жыл мен, — деп жазды В.А.Сухомлинский,- өзімнің тәрбиеленушілерімді жазалаусыз тәрбиеледім және олар белгілі адамдар болып шықты”.

Балаларды мадақтау және жазалау идеясы тәрбие құралы ретінде кездейсоқ пайда болған жоқ. Оның көп жүйелерде қызығушылық танытты.

В.А.Сухомлинский баға туралы жазалау құралы ретінде айта келіп, оны тек ғана жоғары сыныптарда қанағаттанғысыз баға қою баланың жүрегін жаралайды, психологиясына әсер етеді, өзіне деген енімі жоғалады. Сухомлинскийдің айтуынша, барлық балалар I сыныпқа бір ғана мақсатпен жақсы оқу үшін келеді.

Тек ғана баланың оқудағы 7 жетістігі, оның әрбір күн сайын алға басқан қадамы оған күш-жігер береді. В.А.Сухомлинский төрт жыл бастауыш сыныпта оқығанда бірде-бір қанағаттанғысыз баға қоймапты. Бірде бір бала екімен жазаланбапты.

Баға В.А.Сухомлинскийше, жазалау емес, жалқаулығы үшін жазалау емес, әуақытта да оптимистік түрде еңбегі үшін марапат деп түсінді.

В. А.Сухомлинский балалар ұжымын дамыту теориясына айтарлықтай үлес қосты. Оның терең ойлары бірсыпыра ғылыми еңбектерінде «Коллективтің күдіретті күші», т.б. баяндалды.

Ұжымдық шығармашылық іс мына кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

1-кезеңде ұжымның атқаратын жұмыстары әңгімеден басталып, шешуге тиісті мәселелер ұсынылып, талқыланып, міндеттер белгіленіп, сұрақтар қойылады. іс жобасы жасалады.

2-кезеңде ұжымдық іс жоспарланып, жалпы жиналыста талқыланады. Әр ұжым мүшесі өз пікірін айтып, мәселеге байланысты сұрақтар қойып, ұсыныстарын кіргізеді.

3-кезеңде ұжымдық шығармашылық іс анықталады және дәлелденеді. Іс жобасы әр бөлімде талқыланып, жұмыс басталады.

4-кезеңде ұжымдық шығармашылық іс өткізіліп, дайындық қорытындысы шығарылады. Мұны барлық ұжым мүшелерімен бірігіп, жетекшілері, тәрбиешілері ұйымдастырады. Бұл іске қатысушылар үшін ең бастысы — сергектік, өзі үшін, қабілетінше, жолдастарына және адамдарға қуаныш әкелуге сенімділік.

5-кезеңде ұжымдық шығармашылық іс аяқталып, қорытындысы шығарылады. Ұжым: «Қандай жұмыстар жақсы атқарылды? Себебі неде?» «Не істелмеді? Неліктен?» «Келешекке нені ұсынамыз?»- деген сұрақтарға жауап алады.

6-кезеңде ұжымдық іске қорытынды жасалғаннан кейінгі жиында айтылған ұсыныстарды жүзеге асыру, келешектегі іс-әрекеттерінің мақсатын, мазмұнын және бағыттарын белгілеу.

Белгілі педагог В. А. Сухомлинскийдің еңбектерінде «мектептік-отбасылық тәрбие» ұғымы кең қолданылады. Оның пікірінше тәрбиені мектептік немесе отбасылық деп қарастыруға болмайды, өйткені бала тұлғасы біртұтас және оны қалыптастыру процесі де біртұтас сипат алады. Міне, осындай біртұтас тәрбие процесінде мектеп жетекші рөл атқарады.

В.А.Сухомлинскийдің пікірі бойынша әрбір бала тәрбиесі ұжымдағы негізгі тәрбие құралы болады. Балалар мен тәрбиешілер арасындағы рухани қарым-қатынас ұжымдық қатынастың даму процесі, В.А.Сухомлинскийдің қарым-қатынас жайындағы идеясы жаңашыл мұғалімдердің идеяларымен ұштасып жатыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығар-машылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030. – А.: 1997.
- 2.Занков В.В. Избранные педагогические труды. – М.:1990.
- 3.Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.:1980.
- 4.Сухомлинский В.А. Коллективтің құдіретті күші. Алматы. Мектеп. 1979.
- 5.Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. -Алматы, 1992.- 418б.

## **НЕГАТИВНОЕ ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА ГРАМОТНОСТЬ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ**

Маматова А.  
научный руководитель: Рахманова Ж.Р.  
преподаватель Проффессионального колледжа  
Кыргызско-Узбекского международного  
университета им. Б.Сыдыкова

### ***Аннотация***

*Данная статья рассматривает актуальную на сегодняшний день проблему – проблему неграмотного общения молодёжи в соцсетях. К сожалению, для русского языка сейчас настало трудное время. Стремительные негативные изменения, которые происходят в нём, заставляют многих учёных, исследователей всё чаще и чаще говорить о том, что он теряет свой блеск и свою глубину*

Грамота.  
Ведь люди совсем ее позабыли.  
Поддавшись лени своей, сокращая слова,  
пренебрегая грамотностью, почитая  
сквернословие, все дальше отдаляются от нее.

Над темой своей работы я задумалась давно, поскольку сама являюсь пользователем сети Интернет. Мне далеко не безразлична судьба русского языка, так как культура общения на нем уходит на второй план. Отчасти это связано с появлением новых технологий. Раньше люди вместо Интернета общались через письма, поэтому старшее поколение не так пострадало от этой проблемы. Современная молодежь старается общаться на более упрощённом языке. В дальнейшем всё это может отразиться на речевой культуре подрастающего поколения, поэтому мы не должны этого допустить.

Мы живем в интересный период, в век, когда то, без чего мы вполне могли обходиться еще вчера, сегодня становится необходимым не только для удовлетворения личных потребностей, но и для развития общества в целом.

Интернет сейчас превратился во всемирную сеть обмена информацией. Это всемирная паутина, объединяющая более 1.5 миллиардов человек: именно столько людей постоянно используют Интернет. И с каждым днем количество пользователей увеличивается. Вся наша культура становится более зависимой от этой технологии, и неудивительно, что у некоторых людей возникают проблемы в связи с тем, что они много времени проводят в Интернете. Посещая различные сайты, общаясь по электронной почте, нельзя не заметить, что в виртуальном пространстве слова русского языка часто употребляют без соблюдения норм орфографии. В чатах, на форумах тексты пишутся без знаков препинания, часто без прописных букв, с многочисленными сокращениями и опечатками. Я считаю, что в настоящее время проблема чистоты современного русского языка актуальна, поскольку мы сами являемся активным пользователем социальных сетей. Современная молодежь старается общаться на более упрощённом, чаще безграмотном языке. В дальнейшем это может отразиться на речевой культуре целого поколения: 1) сетевой язык уже превратился в новый стиль онлайн-общения, и правописания на сайтах, наличие орфографических ошибок входит в привычку и становится причиной падения грамотности; 2) сетевой язык наступает теперь не только из виртуального пространства, но и с экранов телевизоров, со страниц печатных СМИ; 3) невозможно постоянно выражать свои мысли и эмоции с помощью сленга, а потом, когда того потребуют обстоятельства, заговорить красиво, грамотно, свободно.

Интернет как особая коммуникативная среда и как ранее не существовавшая сфера реализации языка принесла с собой новые способы общения, стереотипы речевого поведения, новые формы существования языка.

В школе мы изучаем русский язык с первого по одиннадцатый класс. Это один из богатых и удивительных языков мира.

К сожалению, сейчас для русского языка настало трудное время. Стремительные негативные изменения, которые происходят в нём, заставляют многих учёных, исследователей всё чаще и чаще говорить о том, что он теряет свой блеск, глубину.

По статистическим данным к 1990 г. количество владеющих русским языком в мире достигало 350 млн. человек. В 2010 г. оно сократилось до 278 млн. человек. А по прогнозам на 2018 год это число может упасть до 160 млн.

Проанализировав примеры из языка интернет-сообщений на фонетическом уровне, можно сделать вывод, что процессы, идущие в устной литературной речи, в интернет-языке закреплены в письменности. Наблюдается тенденция к



сокращению слов, в языке интернет-сообщений наблюдается растягивание ударных гласных, также мы видим включение в русский текст фрагмента на иностранном языке.

Проанализировав примеры из словаря сокращений, используемых в языке Интернет-сообщений на уровне лексики, можно утверждать, темп современной жизни настолько высок, что люди передают друг другу большое количество информации и, чтобы делать это быстрее, используют сокращения, но при этом стараются не утратить смысл своего высказывания. Такие сокращения сможет понять не каждый: они понятны только пользователям социальных сетей.

Пользователи Интернета лишены возможности выражать свои эмоции и чувства с помощью тембра голоса, интонации, жестов и мимики. Это они компенсируют, вводя в текст своих сообщений смайлики (от английского "smile" - "улыбка" :-). Значок похож на изображение улыбки или грусти на лице человека, и передает настроение пишущего. Например: **радость – грусть.**



Наиболее распространенными вариантами смайликов являются сочетания двоеточия, точки с запятой со скобками, открывающимися или закрывающимися. В переписках по электронной почте или ICQ, когда обмен сообщениями занимает секунды, общение посредством письменной речи происходит так, как если бы мы видели собеседника. Общаясь в сети при помощи коротких фраз, емких и сжатых выражений, обозначая эмоции картинками-смайликами, подростки вырабатывают свой новый язык общения, построенный на графических символах и словах. Смайлки получают все большее распространение, становясь практически общепринятым интернет сленгом. Было бы странным думать, что выражать эмоции при помощи знаков стали только с появлением Интернета.

#### **Наблюдается тенденция к сокращению слов.**

Если литературные предложения осложнены, развернуты, эмоционально окрашены, в них используются инверсии, то предложения из языка Интернета часто сводятся до границ одного слова, звучат примитивно и грубо, хотя и очень эмоционально. Таким образом, обеднение синтаксиса приводит к обеднению речи, а речь связана с мышлением, значит, и мышление человека становится неразвитым.

Таким образом, мы отметили тенденцию к сокращению слов, которая проявляется в языке Интернет-сообщений абсолютно на всех языковых уровнях, что отрицательно влияет на практическую грамотность подростков.

## **Уровень лексики.**

### **Словарь сокращений.**

**ВК** – «В Контакте»: взяты первые буквы.

**Личка** – личные сообщения. «Личка» – имя существительное. Это *личное* место, куда присылают *личные* сообщения.

**ЛС** – личные сообщения. Также **ЛС** имеет следующие значения: локальная сеть, личный состав.

**Лю** – люблю.

**Мя, мну** – меня: взяты первая и последняя буквы.

**Об** – обиделся (обиделась)

**ОК** – от английского «о\*кей», переводится как «хорошо»

**Пжл, плиз** – «**плиз**» происходит от английского «**please**», что переводится как «пожалуйста», **апжл** – это набор согласных букв из слова «пожалуйста».

**Поч** – почему. Взята первая часть слова.

**СП** – семейное положение (женат, замужем).

Раньше аббревиатура СП имела другое значения, нежели теперь. Совместное предприятие, СП — предприятие любой формы собственности, созданное на основе объединения имущества учредителей (юридических и физических лиц, в том числе иностранных).

Сейчас же СП – это аббревиатура, созданная для пользователей сети «В Контакте». Означает семейное положения какого-либо пользователя. Например : встречается с..., или замужем за...

Многие пользователи не используют эту аббревиатуру по причине нежелания всемирного восприятия имени своей второй половинки. СП нужно обязательно согласовывать со своим возлюбленным или возлюбленной, т.к. если у вас обоих будет стоять разное СП, то на ваших страницах имя второй половинки высвечиваться не будет.

**СПС** – спасибо.

**Тя** - тебя: взяты первая и последняя буквы.

**Фоты, фотки** – фотографии.

**ХД** – аббревиатура пользователей социальных сетей, обозначает и заменяет смешливую реплику или слово. Часто вставляется в тех местах сообщения, где пользователю становится смешно.

**Чо, чё, што** – что. Как слышим, так и пишем.

### **"Олбанский" язык**

В жизни мы используем два языка – сложный письменный и простой устный. Интернет породил третий язык – промежуточный. Он соединил в себе точность первого и краткость второго. Неграмотность нарочитая, или «олбанский язык». «Под "олбанским" мы имеем в виду не язык албанцев, а наш родной, русский, но – своеобразный», - говорит академик В. Костомаров о новом веянии в молодежной речи. Костомаров связывает это явление с поиском новых возможностей русского языка. Он полагает, что действующий свод правил орфографии и пунктуации, утвержденный в 1956 году уже не удовлетворяет сегодняшнюю молодежь. "Она и выдумала своеобразную лингвистическую игру, построенную на эпатаже - "смеховую лабораторию опробования возможностей языка", как выразился один лингвист.

Основой «олбанского» языка является возведение ошибок в правило, говоря иначе, своеобразный культ ошибки, которая превращается в единственно

признаваемый принцип. К нему, в свою очередь, присоединяется несколько технических приемов, обеспечивающих в случае необходимости «перевод» с русского языка на «олбанский». Это, во-первых, кредо «пиши, как слышишь», во-вторых, написание в конце слов тех шумных звонких согласных, которые в произношении невозможны (классические образцы — «превед» вместо «привет» или «красавчег» вместо «красавчик»), и, в-третьих, использование буквосочетания «сч» на месте буквы «щ». Слова печатаются так, как они слышатся и произносятся («дефачка»), звонкие согласные меняются на глухие, А на О, и наоборот (например, «кросафчег», «с празднегом», «превед»). Все это называется «олбанским языком».

Следование этим «правилам» привело к таким повсеместно известным чеканным формулам, как «Аффтарвыпиййаду» (= данное произведение никуда не годится), «пешиесчо» (= радуй нас новыми творческими успехами). Если текст понравился, его награждают типовой похвалой "Аффтаржжот!" Если пост показался скучным - "Низачот", "Ацтой", «Неасилил". Такое откровенное коверкание языка - отнюдь не признак тотальной безграмотности посетителей блогов и чатов. Чаще всего это способ передать нюансы своих эмоций: иронию, сарказм, удивление, негодование. Поэтому этот язык становится проводником хамства. Так как стихию интернета невозможно обуздать, нужно воспитывать людей быть вежливыми.

Среди всех сообщений, участвующих в исследовании, не более 10% пользователей намеренно допускают ошибки, применяют этот язык как средство общения в Интернете. Судя по всему, это говорит о достаточно высоком культурном, нравственном и интеллектуальном уровне поморов, отсутствии негативных эмоций, на взаимоуважении, доброжелательности, терпимости друг к другу. О чём же пишут архангелогородцы? Что волнует жителей нашего города? Конечно, на первом месте стоят сообщения личного характера ( их около 80 %): одиночество, желание обрести друзей, семью, о любви к родителям, Сообщений, посвященных социальным темам, гораздо меньше – всего 20 %. благоустройство города, проблемы общественного транспорта, отношение к пожилым людям)

### **Заключение**

Благодаря развитию информационных технологий возможности современного человека значительно расширились. В последнее время виртуальное общение вытесняет личное. В русском языке, который постоянно развивается и обновляется, появился новый стиль речи - язык интернет-общения. В связи с этим противники интернет-сленга бьют тревогу, утверждая, что интерактивное общение представляет серьёзную угрозу грамотности подрастающего поколения. Опираясь на результаты исследования, которые были проведены научными исследователями, можно утверждать, что наша гипотеза нашла объективное подтверждение:

- Внедрение в повседневную жизнь практики обмена короткими интерактивными сообщениями через социальные сети приводит к снижению орфографической и синтаксической грамотности.
- Также мы увидели, что в интерактивном общении отражаются многие негативные процессы, произошедшие с культурой нашего общества за последнее время: падение интереса к чтению хорошей литературы, понижение требований к знанию русского языка и литературы.

- С одной стороны SMS - причина неграмотности современной молодежи, а с другой - зеркало общего уровня образованности и культуры адресанта.

Если подумать, то быть грамотным сегодня не так уж и сложно. В наши дни нет необходимости стоять в очереди в библиотеке, чтобы узнать о правописании того или иного слова - сегодня ты можешь повысить уровень своей грамотности, не выходя из своей комнаты, используя интернет. В Интернете существуют электронные версии всех словарей, создаются специальные справочно-информационные порталы, например, такие как «ГРАМОТА.РУ – русский язык для всех». На нем предусмотрена программа проверки правильности написания слов. Также на этом портале можно задавать специалистам вопросы о происхождении того или иного слова, о правилах пунктуации и о многих других вещах, касающихся русского языка..

Хотя исследование показало, что «сетевой язык» употребляют большинство пользователей, в том числе и ученики наших школ, мы полагаем, что этот сленг скоро выйдет из моды, но совсем не исчезнет. Безграмотность в современном информационном обществе все же должна признаваться пороком, а писать и говорить правильно, должно считаться престижным. Нужно повышать культуру речи и овладевать нормами языка.

### Библиографический список

1. Академики не считают, что русский язык за последнее время сильно деградировал. // *Режим доступа:* [kam.ru>news\\_russia\\_3778](http://kam.ru/news_russia_3778) (дата обращения 12.01.2015 г.)
2. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е., Смыслова О.В. Интернет: воздействие на личность. - М.: Можайск-Терра, 2000
3. Бергельсон, М.Б. Языковые аспекты виртуальной коммуникации / М.Б.Бергельсон // Вестник МГУ. Лингвистика и межкультурная коммуникация. - 2002. - №1. – С.55-67.
4. Великий и могучий «олбанский» язык. [Zachem\\_nam\\_olbanskiy\\_yazyk.html](http://zachem_nam_olbanskiy_yazyk.html) // Режим доступа: <http://oddom.ru/psiholog/525635> (дата обращения: 13.11.2014 г.)
5. Гусейнов, Г.Г. Заметки к антропологии русского Интернета: особенности языка и литературы сетевых людей / Г.Г.Гусейнов // Новое литературное обозрение. – 2000. - № 43. – С.56.
6. Копыл В.И. Общение в Интернете. Изд-во: АСТ. 2005.
7. Российская газета // Федеральный выпуск №5517 (141). // *Режим доступа:* <http://www.rg.ru/2011/07/01/yazyk.html> (дата обращения: 30.01.2015 г.)
8. Грамотность общения в интернете. Наш Форум. // Режим доступа: [62live.ru>threads/1597/](http://62live.ru>threads/1597/) (дата обращения: 12.12.2014 г.)
9. Подслушано Архангельск .ВКонтакте. // Режим доступа: [vk.com>best\\_arhangel'sk](http://vk.com>best_arhangel'sk) (дата обращения 25.01.2015 г.)
10. Ищу тебя. Архангельск .ВКонтакте. // Режим доступа: [vk.com>arkha.search](http://vk.com>arkha.search) (дата обращения 18.01.2015 г.)

# ТҮРҒЫНДАРДЫҢ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ТОПТАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Самұрат Әсел Кенбабақызы  
Шымкент Университеті  
«педагогика және психология»  
мамандығының 2-курс магистрі  
**Ғылыми жетекшісі:**  
Кабекеева Кымбат Калиевна – PhD доктор

## **Аннотация**

*Қайырымдылық - көмекті қажет етушілерге (адам және барлықжандыларға) білдіретін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады.Қайырымдылық— адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар.*

Бірі — рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау).

Екіншісі — іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге үмтылу).

Қайырымдылық іс-әрекет – ерікті іс-әрекет. Оған ақысыз-пұлсыз көмек көрсетудің түрлері жатады. Мысалы, ғылымның белгілі – бір саласын дамыту мақсатында, жекелеген өнер адамдарына көмек көрсету үшін өз қалтасынан көмек көрсету жатады сол сияқты өз қаражатына ауруханалар, түрлі интернат үйлерін ашып, ақысыз-пұлсыз көмек көрсету.

Қайырымдылық іс-әрекеттің мақсаты - әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған халықты, түрлі саяси т.б. Шиеленістердің зардап шегушілерді қорғау, ана құбылыс – мен баланы қорғау, қоғамдағы отбасы рөлінің маңыздылығын қалыптастыру.

Қайырымдылық құбылысы – социология ғылымының бір саласы. Ол қала өмірімен де, бос уақытты тиімді пайдаланумен де, қылмыстық істермен де тығыз байланысты. Социология ғылымының негізгі объектісі – қайырымдылықтың қоғамдағы дамуы, орны, рөлі, мәні мен мазмұны және өзінің актуалдығын жоймаған құбылыс – қайырымдылық. Яғни, қайырымдылық қоғамның, әлеуметтік топтардың, жеке тұлғалардың мінез-құлық нормасына айналу процессін зерттейді.Қайырымдылық проблемасының өзіндік тарихы,зерттелу принциптері мен теориялары бар.Ертедегі ғалымдар Платон ,Аристотель қайырымдылықты қоғамдық пайда контекстінде қарастырған.Олардың айтуынша қайырымдылық бұл-жеке адамның емес ,мемлекеттің ісі болып табылады.Қайырымдылықтың теориясы мен практикасының болашақта дамуын Римдік католик шіркеулер қолға алған. XVII ғасырда шіркеудің позициясы жойыла бастады,қайырымдылық қайтадан мемлекеттің құрамына енді.Азаматтық қоғам өзінің міндеттеріне барлық адамдарға көмек көрсетуді мойнына алды.Қайырымдылық әлеуметтік феномен ретінде әртүрлі нысандарға қайыр садақа беруден қоғамдағы адамдарға қамқор болуға ,әрі қарай әлеуметтік қорғаудың ұйымдастырылған мемлекеттік жүйесін

қамтыды. Сондай-ақ, қайырымдылық этикалық және интеллектуалдық болып та бөлінеді. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. Ал ешкімге жаны ашымайтын, жүрегінің жылуы жоқ, қатыгез адамды қайырымсыз деп атайды. Қайырымдылықты - мүсіркеушілік және жарылқаушылық деп те түсінуге болады. Ол кейде кедейкепшік, жарлы-жақыбай жандарға көмектесумен, қайырсадақа берумен де көрініс табады. Қазір біздің елімізде түрлі қайырымдылық қорлары ұйымдастырылған, қайырымдылық іс-шаралары өткізіліп тұрады. -қайырымдылық - ауқатсыз азаматтарға немесе заңи тұлғаларға мүлік, соның ішінде ақшалай қаражат нысанында, сондай-ақ бейкоммерциялық ұйымдарға олардың жарғылық қызметін қолдау мақсатымен тегін әлеуметтік қолдау (көмек) көрсету. Біреуге жақсылық жасау, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау-қайырымдылықтың көрінісі. Рақымды мейірімді жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейміз. Қайырымдылықты-мүсіркеушілік және жарылқаушылық деп те түсінуге болады. Ол кедей көпшік, жарлы жақыбай жандарға көмектесумен, қайыр садақа берумен де көрініс табады.

Қайырымдылықтың дамуына Ресейдің христиан дінін қабылдауы игі әсер етті. Өйткені христиан дінінің басты тағылымы жақын адамға жақсылық жасау. Шіркеулердің маңында қайыршылар мен кедейлерге арнап тұрғылықты жерлер ұйымдастырылып отырды. Оларға баспана, азық-түлік және медициналық көмек көрсетілді. Жүзжылдықтар бойы орыс халқының қайырымды істері шіркеуер маңында орын алып, христиандықтардың рақымшылығына байланысты болды.

Уақыт өте келе кедейшілік одан әрі ұлғая берді. Соғыстың, көшпенділер шапқыншылығының, су тасқындарының, эпидемиялардың құрбандары ірі қалаларға ағылып, қайыршылар мен панасыздардың қатарын толтырып отырды. Соның салдарынан қайыршылардың қатары кеңейіп, олардың қоныстанған жерлері қылмыс, ауру, маскүнемдіктің ортасына айналды. Олар жұмысқа жарамды бола тұрып, өзінің қайыршылығын тек тіршілік көзіне ғана емес, сонымен бірге табысқа айналдырып алды.

XVII ғасырда кедейшілікпен күрес бірқатар алға жылжыды – оған мемлекет араласа бастады.

Қайырымдылық әлеуметтік жұмыстың алғы шарты ретінде-Кедейлерге көмек көрсету-ежелгі тарихқа ие дүние. Әлеуметтік қамту процесіндегі идеялар мен бағалаулар бүгінде қолданылады. Бұрынғы кезде религиялық дактринада келісе отырып әртүрлі дәстүрлерді ұстана отырып бай болсын, кедей болсын тең дәрежеде қолдан келгенше қорқытып емес, махаббатпен көмек беруді үйренді. Рақымшылдық парызы-барлық уидеохристиан өкілдерінің тұрақты принципі болып табылады. Олардың түсінігінше Алла жаратқан әрбір адамға рақым көрсету парыз. Бұл түсінік батыс адамдарына адамгершілікті ұйымдастыру мен негіздеуге себепші болды. Қайырымдылық ұйымдарында бірінші мәселе тұрғын үй мәселесі, содан соң жұмыс орын шарттары негізде болды. Қайырымдылық бір мезгілдік қана саясат болып отырған жоқ, ол мақсатты саясатқа айналуға. Оған кәсіпкерлер мен бизнесмендер өз үлестерін қосуда. Қоғамымызда қайырымдылықтың кең етек алуы нәтижесінде тұрмыс жағдайы төмен азаматтардың қоғамның әлеуметтік саясатына сенімі молая түсуде. Қайырымдылық қоғамдық-әлеуметтік құбылыс ретінде белгілі қызметтер атқарады. Олар:

1. Байланыс қызметі (коммуникативтік). Елімізде құрылған қайырымдылық ұйымдары мен қорларының қоғамның әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарына, зейнеткерлерге, мүгедектерге, тағы басқа көрсеткен көмектері арқасында олармен байланыста болуы.

2. Қоғамдағы әлеуметтік сананы қалыптастыру қызметі. Қайырымдылық ұйымдары мен қорлары мәдени іс-шараларды ұйымдастырып, еліміздегі білім, ғылым, мәдени орталықтарын, дарынды балаларды қолдап, жеке өнер адамдарының көрмелерін ұйымдастырып өткізуге көмектесу арқылы қоғамда беделге ие болуы.

3. Қайырымдылықтың әлеуметтік «есте сақтау» қызметі. Қазақ халқының тереңде жатқан тарихынан тағылым алып, жас ұрпақты Отанын, елін, жерін сүйуге шақырып, аталар дәстүрін үйренуге баулу, ұлтаралық үйлесімділік пен жарасымдылықты насихаттау, халықтық мәдениетті жаңғыртуға көмектесу т.б. Қайырымдылық әлеуметтік проблемаларды түгелдей шешіп тастайды деуге болмайды. Бірақ, ол белгілі бір мәселелерді шешуге, адамдардың қоғамның саясатына деген сенімінің артуына, өмірге тез қарқынмен бейімделуіне, жастардың болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан қазіргі кезде қайырымдылық сияқты ұлы қасиеттің қоғамда алатын орны ерекше. [1]

## 2.1 Қазақстандағы қайырымдылықтың қалыптасуы.

Бүгінгі күні Қазақстанда қайырымдылық қорларының, ұйымдарының, ассоциациялардың жүйесі белсенді қалыптасуда, және халықты әлеуметтік қорғау шараларына олардың қатысуының активизациясы көрініс табууда. Республикада қайырымдылық ұйымдары туралы заң әлі де жоқ, алайда қоғамдық және қайырымдылық ұйымдарының белсенді әрекетіне арналған ұйымдастырушылық-құқықтық алғы шарттар бар. Қайырымдылық ұйымдарының, қоғамдық ұйымдарының қайырымдылық әрекеттері Қазақстан Республикасының Конституциясымен және мемлекеттің «Қоғамдық бірлестіктер туралы» (1996 ж.), «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» (2001 ж.) заңдары реттеледі. Бұл құжаттарда қоғамдық ұйымдардың әрекет формалары мен олардың мемлекетпен арақатынасы анықталады. Осылайша Қазақстан Республикасының Конституциясының 28 статьясында, мемлекет әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша формаларын және қайырымдылықтың формаларын құруды қолдайды.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңына сәйкес қоғамдық ұйымдарға саяси партиялар, кәсіби одақтар және басқа да республика азаматтарының бірлестіктері жатады. Олар қоғамдық ұйымдардың коммерциялық емес бірлестіктері болып табылады және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, патриоттық және гуманистік тәрбиелеу, қайырымдылық әрекетінде қатысу мақсатында құрылады.

Қазақстан Республикасы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңы, әлеуметтік және қайырымдылық мақсатында құрылған коммерциялық емес ұйымдардың әрекетімен байланыста пайда болатын қатынастарды реттейді. Заң коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдастырушылық құқықтық формаларын, оның ішінде қоғамдық бірлестіктер мен мекемелердің және т.с.с. формаларын бекітеді. Мекеме – коммерциялық емес сипаттағы басқарушылық, әлеуметтік – мәдени және т.б. функцияларды жүзеге асыруға арналған демеушінің қаржыландыруымен құрылған ұйым. Қор – әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және басқа мақсаттарды көздейтін, еркін мүліктік салымдар негізінде азаматтармен немесе жеке тұлғалармен қаржыландырылатын коммерциялық емес

ұйым. Мемлекет коммерциялық емес ұйымдардың қалыптасуы мен белсенді әрекетін қолдайды. Оларға салықтық және кедендік льготалар берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленгендей, Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет. Яғни мемлекет өзінің бар мүмкіндігін, қамқорлығын өз қоғамының дамуына, ондағы азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге міндетті. Бүгінге дейінгі қол жеткізген табыстарымыз-егемендік, тәуелсіздік бізге тек қана ілгерілеуге және өркениетке қарай жол ашты. Дербес мемлекетке айналған тұста біздің Республика аграрлық ел еді. Енді халықтың жартысына жуығы қоныстанған жерлердегі ұжымшарлар мен кеншарларға қажетті қаржы тауып беруге жас мемлекеттің шамасы келмеген. Содан үкімет амалсыздан ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендірді. Нәтижесінде жұмыссыздық басталды. Халық әсіресе, жастар үлкен қалаларға көше бастады. Қазақ халқында қайырымдылық қанына сіңген. Арғы тегі сақтардан бастау алып, түркі тілдес тайпалардан бөлініп, қазіргі заманғы рулы ел, ұялы ұлт болғанша қазақ халқы ең кем дегенде бес-алты мың жылдық тарих талқысынан өткен халық. Қайырымдылық қазақ тіршілігіне түрліше іске асырылып отырған. Әлеуметтік қолдау ең алдымен халықтың онсыз өмір сүре алмайтын тобына мақсатты әрі нысаналы сипатта көрсетілуде. Оған дәлел Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылы шілдеде Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңын 1997 жылы маусымда Мүгедектігі бойынша асырауынан айырылу жағдайы және жасына байланысты берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы заңы осы жылдың 20-шы маусымында Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңы және 1997 жылдың 10-шы желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентінің Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпы ұлттық қор құру туралы жарлығы қабылданып, онда Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөнінде, яғни әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру қаралған. Қазақстан экономикасы баяу дамығанымен дұрыс жолмен келеді, оған қолдан келгенше үлес қосып жатқан қайырымдылық қорлары, шетелдік компаниялар. Ғасырлар бойы ауыл-ауыл, ата-ана, ру-ру болып қауымдаса тіршілік кешкен қазақ қоғамындағы әр ауыл, әр ру белгілі батырлардың беделді билердің маңында топтасқан. Сол дара тұлға өзіне паналаған елді жауға алдырмай, аштыққа ұшыратпай, аман есен өсіріп өрбітуді парызы деп санаған. Тәуелсіз қазақ мемлекетінің жүріп өткен жолын зерттесек, соңғы жылдар ішінде қазақстандықтардың тұтастығын мақсат ете отырып, күш жігерді нақты экономикалық және қоғамдық өмірді жақсаруға бағыттау бет бұрысын байқауға болады. Қазақ халқының өткені бай. Соңғы жылдары халқымыздың өміріндегі шарықтау мен құлдырауы қуанышы мен жеңісі тарихтың жарқын беттерінен орын алған тарихи құнарға бай топырақтан өнікі дәнді баба білу-жалпы өркениеттің дамуында жаңа белестерге жетудің алғышарттарын құрары белгілі. [3] Қазақстандағы қайырымдылық және әлеуметтік бағдарламалар- тек қана экономикалық ынтымақтасу саласында ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік саладағы түрлі мемлекеттер арасындағы интеграцияның қажеттілігін растайды. Осы секілді бейресми кездесулер ресми іс-шараларға қарағанда анағұрлым маңыздырақ болатыны бізге мәлім. Біздің елімізде де қайырымдылық жасау қазақ қоғамының тұтасқан бір бөлшегіне айналуы керек. Қазіргі заманда қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға үлкен күш-жігер қажет. Кәсіпкерлерге қайырымдылық іс-әрекеттерінің қоғам үшін маңызы зор екенін түсіндіру өте қиын. Дамағын елдерде кәсіпкерлердің өздері қайырымдылық



іс-шараларын ұйымдастыруға мүдделі болып тұрады. Өйткені, оларда қайырымдылықпен айналысқан кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Жалпы мұндай үрдіс бізде де бар. Мәселен Қазақстанда игілікті шараларға атсалысқан компаниялардың мемлекетке төлейтін салығының 3 пайызы шегеріледі, мөлшерлемені бұданда азайту керек. Айталық, Америкада қайырымдылық істерін қаржыландырған компания жалпы төлейтін салығының 10 пайызынан босатылады. 3 пайыз ғана салықтан босатылу ірі компаниялар үшін қомақты қаржы болып саналады. Ал шағын және орта бизнес үшін бұл соншалықты қомақты сомма емес. Сондықтан шағын және орта бизнес өкілдері мұндай жеңілдікке қызыға бермейді. Ал 10 пайыздық жеңілдік болса, олар қайырымдылық істерімен айналысатына сенімдімін. Болашақта біздің билік орындары да осындай деңгейге жетуі керек. Біздің қауымдастық алдағы уақытта осы мәселе бойынша тиісті орындарға өз ұсынысын жасайды. Қазіргі таңда еліміздегі қоғамдық қорлар мен үкіметтік емес ұйымдар халықаралық гранттар мен мемлекеттік тарсырысын алуға күш салып жүр. Қауымдастық құрылғанда Алматы қаласындағы 18 қайырымдылық қоры мүше болды. Алдағы уақытта мүшелеріміздің санын арттыруға күш салмақ ойымыз бар. Бұл үшін біздер мүшелікке қабылданған қорлар мен үкіметтік емес ұйымдарға заңдық және бухгалтерлік қызметтерімізді ұсынып, қатарымызға тартатын боламыз. Қоғамдық қорларда көптеген адамдар жұмыс істемейтіні белгілі. Өйткені, олардың көптеген мамандарды ұстап отыруына мүмкіншілігі жоқ. Дәл осындай кезеңде қорлар мен үкіметтік емес ұйымдардың насахат, заң мен есеп-қисап жұмыстарымен айналысатын қауымдастықтың қажеттігі туындайтыны белгілі. [3]

1.3 Әлеуметтік жұмыс жүйесіндегі қоғамдық және қайырымдылық ұйымдар.

Қоғамдық және қайырымдылық ұйымының қызметі - қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде болып жатқан оқиғалардың жауабына жеке азаматтардың, әртүрлі топтағы адамдардың әлеуметтік ынталарын білдіру, азаматтардың әлеуметтік қорғау жағдайы, қиын өмірдің оқиғасына душар болғандарға көмектесуге тырысуы болып табылады. Қазіргі уақытта “қайырымдылық” түсінігінің түрлі анықтамалары мен жолдары бар. Бірқатар ғалымдар қайырымдылықты қоғамның, ұйымның, жеке адамның гуманитарлық іс-әрекетінің жиынтығын қосатын жалпы адамдық қозғалыс ретінде қарастырады. Олардың негізінде – тек жақын адамға ғана емес, сонымен қатар бөтен адамға, әлеуметтік жағынан қорғалмаған азаматтарға және көмек қажет ететіндерге тегін материалдық-қаржылық көмек көрсетуге талпыныс жатыр. Басқа зерттеушілердің ойынша бүгінгі күнде қайырымдылықтың екі жақты түсінігі бар. Негізі қайырымдылық түсінігі көмек қажет ететіндердің нақты жағдайына байланысты көмек көрсетуді білдіреді. Әлеуметтік жұмыстың анықтама-сөздігінде қайырымдылық 1-ден, пайдалы жақсылықтың іс-әрекеті мен қасиеті ретінде, яғни басқаларға жақсылық жасау, кедейлерге көмектесу; 2-ден, жеке меншіктің және ұйымдардың (өнеркәсіптердің, фирмалардың, қорлардың және т.б.) қайырымдылықтағы кедейлерге материалдық көмек көрсету; 3-ден, өмір деңгейі күн көріс деңгейінен төмен адамдарға мемлекеттік көмек көрсетумен анықталады. Дегенмен, барлық анықтамалардың мәні қайырымдылықты әлеуметтік феномен ретінде ең алдымен, еңбекке деген қабілеттіліктері жоқ адамдардың субъективті және объективті себептерге байланысты өздерін тұрмыстық шарттармен қамтамасыз ете алмағандығымен сипатталады.

Әлемдік тәжірибеде қайырымдылық пен қоғамдық ұйымдары үшінші сектор деген атқа кіреді. Бұл сектор үшін жалпы ұлттық азық-түлікте, мысалы, 4%-ды АҚШ құрайды. Сонымен қатар Батыс Еуропа елдерінде мемлекеттік емес сектор дамуда. Мемлекет көбіне қайырымдылық ұйымдарды субсидарлы принципін негізінде немесе әлеуметтік бағдарламалардың жүйесі арқылы қаржыландырады.

“Үшінші сектор” түсінігі жақында ғана пайда болды, оның құрылуы экономикалық нарықтың дамуымен байланысты. Бүгінде қазіргі азаматтық қоғамды үштік ажырамас құрам түрінде көрсетуге болады:

бірінші сектор – мемлекеттік: барлық деңгейдің мемлекеттік күш органдары, мемлекеттік кәсіпорынның барлық түрлері;

екінші сектор – коммерциялық; үкіметтік емес табыс ұйымы;

үшінші сектор – мемлекеттік емес, үкіметтік емес, коммерциялық емес, қайырымды ұйым. Үкіметтік емес ұйым азаматтық қоғамның негізгі элементі болып табылады, себебі оның белгілеуі – мемлекет пен қоғамның өзара байланысын қамтамасыз ету, көмек қажет ететіндерге көмек көрсету, азаматтардың инициативаларын қолдау, адамдар мен азаматтардың құқықтарын қорғауда жатыр. Қазақстанда үкіметтік емес ұйымның құрылу процесі көрсеткен үшінші сектор бірнеше кезеңдерден өтті. Бірінші кезеңде (1991-1994ж.ж.) құқық қорғау бағыты негізінде үкіметтік емес ұйымдар құрылды. Екінші кезең (1994-1997ж.ж.) өсу санымен (400-ден 1600-ге дейін), және қызмет түрлерінің дифференциациясымен сипатталады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер .**

- 1.Тетерский С.В. Введение в социальную работу. – М., 2000. [1]
- 2.Теория социальной работы/ Под ред. Е.И.Холостовой. – М., 1998.
- 3.Благотворительная деятельность императорского «человеколюбивого общества» в XIX веке /А.Р. Соколов //Вопросы истории.- 2003.- №7
- 4.Теория социальной работы / Под ред. Е.И.Холостовой. – М., 1998. [2]
- 5.Гаврилова Н.М., Пономаренко Е.В. Третий сектор: механизм некоммерческого хозяйствования. – М., 1999.
- 6.Демедова М.Е. Дети как объект благотворительности. СОЦИС, 2001. №12.

## МАЗМҰНЫ

### 5 СЕКЦИЯ. «ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ»

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ, <i>Рахманбердиева А.О., Бектаева Н.Т.</i>	4
ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ, <i>Азатова Д.И., Атемова К.Т.</i>	7
ЖАСТАРҒА ДІНИ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ АТҚАРАТЫН РОЛІ, <i>Азбек А.С., Кенжебекова Р.И.</i>	17
ОЙЫН - ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕҢ ТИІМДІ АМАЛДАРЫНЫҢ БІРІ, <i>Артықбаева Е.П., Молдахмет Қ.</i>	20
ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТИМІЗДІ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ СІңІРУ, <i>Серікбай А.Ф., Ұ.С. Асантаева</i>	27
ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, <i>Ахимова У.Д., Керимбекова А.</i>	33
БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТИ БАЛАЛАРДЫҢ ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНДАМЫТУ, <i>Байгелова Д.М., Рысбаева А.К., Оразметов М.У.</i>	37
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРЛЕРІ, <i>Г.Т. Мұқажан, У.С. Байзакова</i>	43
ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ, <i>Борибаев Н.Н., Арзымбетова Ш.К.</i>	48
ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПЛЮСЫ И МИНУСЫ, <i>Гулжигит к. Сезим, Рахманова Ж.Р.</i>	53
АЛТЫ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТЕРІН ДАМУ ТҮРЛЕРІ РЕТІНДЕ, <i>Джалиева Д.Б., Артықбаева Е.С., Базарбаева К.К.</i>	57
ОРГАНИЗАЦИЯ ВНЕКЛАССНОЙ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ШКОЛЬНИКОВ В НАЦИОНАЛЬНОЙ КАЗАХСКОЙ ШКОЛЕ, <i>Джусупов У.С.</i>	63
ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУЫ, <i>Досова А.С., Рысбаева А.К.</i>	68
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ, <i>Авазхан Ж.О., Есжанова Г.С.</i>	74
ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ҚОЛДАНУ, <i>Әбілқасым Г.Ж., Артықбаева Е.С., Алметов Н.</i>	79
ҰСТАЗ БЕДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ, <i>Әріпова Р.Қ. Көшербаева Г. Н.</i>	85
МАРИЯ МОНТЕССОРИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУ ТҮРЛЕРІ РЕТІНДЕ, <i>Жолдас Ж.М., Атемова К.Т.</i>	89
БОЛАШАҚ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДА ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ ОРНЫ, <i>Медеубекова Ж.Т., Ильяс М.М.</i>	95
АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ	101

ҚАЛЫПТАСТЫРУ, <i>Иманбердиева М.С., Атемова К. Т., Оразметов М.У.</i>	
АРХИТЕКТУРА ЯПОНИИ (ЯМАДЗИРО И ХИРАДЗИРО), <i>Исаева Е.Е</i>	107
ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ, <i>Оразәлі Н.С., Исмайлов Е.О.</i>	110
ӘЛЕУМЕТТІК ӘРЕКЕТТІҢ ТЕХНОЛОГИЗАЦИЯСЫ, <i>Қаныбек А.А., Алипбек А.З.</i>	117
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, <i>А.С. Тойлыбай, Е. Н. Жолбарыс</i>	122
ОТБАСЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР, <i>Кенжесенова А.С., Куралбаева А.А.</i>	125
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМ-ДЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ, <i>Кушербаева У.Б., Алипбек А.З.</i>	132
ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМДІКТЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ, <i>Курманбекова Ұ.А., Бектемирова С.</i>	140
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН АРТТЫРУ, <i>Жолдасова У., Куатова Ж.Ж.</i>	146
ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГ ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ, <i>Балтабай А., Д.Б.Тавбаева</i>	148
ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, <i>Б.Т.Әкім, Г.Е.Дильдабекова</i>	150
ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ, <i>А.Тұрсынбай, А.Е.Мамаева</i>	156
БАЛАЛАР ҰЖЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚАЖЕТТІ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ МАҢЫЗЫ, <i>Мергенбай Т., Рысбаева А.К.</i>	161
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ БАЛАЛАРЫН АЛУЫН ДАРАЛАНДЫРУ, <i>Мусаева Н.Б., Атемова К.Т.</i>	167
СТУДЕНТТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ, <i>Мұратбек К.И., Алипбек А.З.</i>	173
ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, <i>Нурлыбаев Г.К., Көшербаева Г.Н.</i>	177
БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ, <i>Нурметова А., Толысбаева Ә.</i>	183
АДАМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, <i>Нуртаева Д.И., Кенжебекова Р.И.</i>	186
ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖАСӨСПІРІМНІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ПРОБЛЕМАСЫ, <i>Оспанова А.Т., Атемова К.Т.</i>	191
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, <i>Ә.Б.Мауилова, Г.К. Оспанова</i>	194
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҰРЫС ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ, <i>Оспанова К., Амангельдиева Ж.</i>	200
ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ, <i>Отарбаева Ж.К., Базарбаева К.К.</i>	205
ДЕВИАНТТЫҚ ТӘРТІП ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ, <i>Райсова М.А., Арзымбетова Ш.Ж.</i>	210
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҒАШЫЛДЫҚ, <i>Каміл А.Н.,</i>	217

<i>Ұ.Н.Сәрсенбай</i>	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ, <i>Абдуллаева: В.И. , Куатова Ж.Ж.</i>	222
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ, <i>Нарзуллаева У.Б., Айтқулова Г.А.</i>	225
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ, <i>Тайғулова А.У., Алметов Н.</i>	230
ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ АЯСЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА БІЛІМДЕРІН ТОЛЫҚТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР, <i>Талас А.С., Усенова А.М.</i>	237
МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӨЛЕУМЕТТІК РЕАБИЛИТАЦИЯЛАУ, <i>Талатбек А.Е., Арзымбетова Ш.Ж.</i>	244
БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ПСИХОТЕРАПИЯ ЖҮРГІЗУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ, <i>Турмаханбетова Г. М., Көшербаева Г.Н.</i>	250
АУЫЛ МЕКТЕБІ- АШЫҚ ОРТАДАҒЫ ӨЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС-ТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ, <i>Умбеталиева З.К., Кабекеева К.К.</i>	254
БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫ Л.В.ЗАНКОВ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, <i>Ахмет С.Ы., Бектаева Н.Т.</i>	260
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ПЕН ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ, <i>Жылкыбаева Г.Б., Базарбаева К.К.</i>	265
АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨНЕГЕЛІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСУЫ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ МӘСЕЛЕСІ, <i>Сейтов Е.М., Арзымбетова Ш.Ж.</i>	270
БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ӨЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, <i>Кенженова А.С., Куралбаева А.А.</i>	276
ЖАЛПЫ ТІЛ КЕМІСТІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЛОГОПЕ-ДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, <i>Ашкеев М.Ж., Алметов Н.</i>	283
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫ, <i>Раманкулова Г.А., Алметов Н.</i>	290
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ КОНФЛИКТІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ, <i>Қуаныш Л.С., Майгельдиева Ш.М.</i>	296
А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ, <i>Байгазиева М.К., Майгельдиева Ш.М.</i>	301
МЕКТЕПТІҢ АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМДІК ОРТАСЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ТИГІЗЕР ӘСЕРІ, <i>Құлжан Ә.Ш., Сугирова Б.А.</i>	307
А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ОҚУ-АҒARTУ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЙЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ, <i>Бакенова А.Т., Куралбаева А.А.</i>	311
ӨЛЕУМЕТТІК ПАТРОНАЖ БАЛАЛАРДЫ ОТБАСЫНА ОРНАЛАСТЫРУ ТҮРІ РЕТІНДЕ, <i>Боранбаева Ж.М., Искакова П.К.</i>	316

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТ-ТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ, <i>Мархабаева А.К., Кабекеева К.К.</i>	321
ПАНАСЫЗ КАЛҒАНДАР ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ, <i>Мошкалова Г.Ж., Арымбаева К.М.</i>	326
ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ, <i>Нурабаева Ш.Т., Кенжебекова Р.И.</i>	332
В. СУХОМЛИНСКИЙДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖҮЙЕСІН САРАЛАУ, <i>Сайдаева М.У., Искакова П.К.</i>	337
НЕГАТИВНОЕ ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА ГРАМОТНОСТЬ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ, <i>Маматова А., Рахманова Ж.</i>	343
ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ТОПТАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ, <i>Самұрат Ә.К., Кабекеева К.К.</i>	349

**«Қазіргі заман жағдайындағы ғылым мен білім»  
тақырыбындағы Халықаралық  
ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

## **ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

### **СБОРНИК ТРУДОВ**

**Международной научно-практической конференции  
на тему  
«Наука и образование в современных реалиях»**

**V том**

Басуға 04.05.2021 қол қойылды.  
Қалыбы А4. Қарып түрі «Times New Roman»  
Ризографиялық басылым.  
Көлемі 22,5 шартты баспа табақ. Таралымы 100 дана.

«Нұрлы бейне» баспасында басылды.  
Тапсырыс №0406

Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 15 Б  
e-mail: nurly-beine@mail.ru  
+7 701 77 97 167; 8(7252) 50 16 21  
+7 775 389 18 28; +7 771 144 46 30

